

Сабыр АДАЙ

АЛТЫНЗЕР

(ҰЛТ ПЕН ҰЛ)



Алматы, 2016



ӘОЖ 821.512.122-1
КБЖ 84 (5 Қаз)-5
А 24

*Атам мен Әжемнің,
Әкем мен Анамның
рухына, құрметіне бағыштадым!*

Автор

Адай С.

А 24 **Алтынзер:** Өлеңдер /С.Адай. – Алматы: «Арыс» баспасы», – 2016. – 776 б.

ISBN 978-601-291-303-3

Сабыр Адай – 1960 ж.т. Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Президент сыйлығының және Махамбет сыйлығының иегері. Ақтау қаласының тұрғыны. «Таңғы нөсер», «Кетемін көкке жұлдыз боп», «Жұмбақ түннің жылуы», «Әр Қазақ – Менің Жалғызым», «Қазақстан – Жалғыз Ұлы Қазақтың», «Серттесу» (таңдамалы) атты жыр-жинақтарымен оқырман қауымға таныс. Қаламгердің «Алтынзер» атты жаңа жыр-жинағына енген өлеңдердің көпшілігі байтақ еліміздің әртүрлі деңгейдегі мерзімдік ақпарат беттерінде жарық көріп, үлкен сұранысқа ие болғанымен жеке жинаққа алғаш рет енгізіліп отыр. Ақынның соңғы жылдардағы шығармашылық жұмысының жемісі болып табылады. Сәт-сапар тілейміз!

ӘОЖ 821.512.122-1
КБЖ 84 (5 Қаз)-5

ISBN 978-601-291-303-3

© Адай С., 2016
© «Арыс» баспасы, 2016



АЛТЫНЗЕР

Алтынзер – қазақы жыр, қама бөрік.
Жатырмыз алтындығын жаңа көріп.
Ішінде мың өлеңнің бірі алтын
Сезім – бақ, сенім – байлық, сана – көрік.

Алтынзер – асау өлең, бар асылым,
Асаудың соры қалың, жарасы мың.
Көзімнің ағын ойып ас қыла бер,
Сөзімнің оймашы тек қарашығын.

АҚ КИІЗ, АЛТЫН ТАҚТАН-ДЫ

Құба жырым аттанды, құлан ішкен қақтан-ды,
Құрға ұран жаққан-ды.
Құл көңілі – мұнарлы, ұл көңілі – ұранды,
Құдайдың өзі бұйыртты құба жырға ақ таңды.
Бесқаруым берен-ді,
Тағынайын кел енді,
Тағасыз өскен тарпаңмын, жусанды қырда жатқам-ды.
Біз айтпаймыз өлеңді,
Көмейден өзі көгерді,
Қайырлы болсын қазаққа, халал да өлең Хақтан-ды!
Бетінен қағып қайырма,
Бөле де қырқып айырма,
«Өлең – сөздің патшасы», ақ киіз, алтын тақтан-ды!..

Желіде ботам жырлап көр, күміспен күптеп сырлап көр.
Жел менен мойын ырғап көр.
Өзекке тепсе кетпеген өзіңнен туған құлын ем,
Іркіліп бір сәт тыңдап көр?!

ЕНДІ ЖАР БОЛ, БІР АЛЛАМ!

Жал-құйрығы жібек пе, ақ парақта құла жыр,
Құлагер тағдыр бұ да бір.
Шыңырауда мен тұрмын, шың басында өлең тұр,
Бұл неғылған бұла жыр.

Шұбалаң құйрық шұбарым, көмейі коңырау күміс-ті,
Құлан да танау тынысты.
Қаламым найза, халық жыр, қаптың суы шабытым,
Қаратау бізден ығысты.

Күйме тартсам күренмін, күйге бассам «Адаймын»¹,
Пернемде жатыр талай мұң.
Көкмойнақтың құлыны ем, үркерден саяқ шығып ап,
Маңғыстауға қараймын.

Ат дүбірі тұяқтан, ер дүбірі намыстан,
Найзаласып алысқан.
Құйыны бөлек құла тұз, мұнартып қанша тұрасыз,
Ай шығынып үркінді,
Ақындар салған дабыстан.

Кірпігі найза кер құла, кемелге келген жыр-дағы,
Ашылар оның бір бағы.
Тұяғы болат құрғырдың, шабыссыз күні жоқ білем,
Тұсауға салсам тұрмады.

Таңдайын таңға тілдіріп, оқыранып тынбайды,
Сыбызғы самал сырнайлы.

¹ «Адаймын» – Құрманғазының күйі – «Адай».

Қамыс та құлақ қасқаның, қолтығынан үрлейді,
Ел жайлы айтып бір қайғы.
Жал-құйрығын күн тарап, шаршыға шықты шамырқап,
Жасырмақ болдым жаным сап.
Дұға қылдым содан соң, Құдайдан тілеп құлаға,
Білгенімнің бәрін сап.

Қос жанарын төңкеріп, батар күндей қызарған,
Жал-құйрығы ұзарған.
Ордаға жапқан жібектей есілді жырым есілді,
Енді жар бол, Бір Аллам!?

ХАҚ БЕРДІ

Жан қақпасын қағып кірген кім жаным,
Өзіңсің бе сырғалым?!
Көздеріңнен тамшылап тұр көрдім мен,
Көк жаңбырға есе бермес жырларым.

Ақтылы қой аспан кезген бұлттарым,
Маңырайды, маңыстайды ұққаным.
Жыр иесі жүрегімнің төрінде,
Таң асырған құтпаным.

Шың басынан езу тартып күн батты,
Күн басымен жүрегімді тыңдапты.
Інілер мен ағалардан аманат,
Іздеп келем бір бақты.

Қыдыр жетті, қырсық кетті, бақ келді,
Қара өленді Хақ берді.
Сөз атасы Майқы бидің елінде,
Өзіме сай орын берді, тақ берді.

* * *

Өлеңсіз тірлік болар ма!?
Сарқылмай ақсын сол арна.
Қазаққа біткен сауап бар,
Өлеңге біткен обалда.

Шер-шыңырау шығыр-ды,
Шығырдан байғұс ығыр-ды.
Халалдан болған қара нар,
Ыңырсып барып жығылды.

Ала бұлт торлап аспанды,
Ауылға дауыл бас салды.
Қара нар жырдың көзінен,
Кірпігін бойлап жас тамды.
Жүректің тұсын сыз еттім,
Жасайды нарға ізет кім!?
Шығырдан нарды босатып,
Шырағын жағып күзеттім.

* * *

Аранға түспей жүрмісің, ақбөкен жырым жылап қал,
Өмір – парак, жыр – ақпар.
Ай көзінде бір тамшы, күн көзінде күміс шық,
Сырнайлы кеуде сыр ақтар.

Сыбызғы сазың төгілсін, еркелесін тал шыбық,
Есі кетсін алқынып.
Ер көңілі үмітті, ел көңілі ынтызар,
Тәй-тәй басқан сәбидей таң келеді талпынып.

Уыз таңдай дүние, бесігінді бер маған,
Бұрыла берме кер заман.
Ұраншыл туған ұл едік, ұлағат көрген бабадан,
Еңкейіп жерге қараған егесті жерде ер жаман.
...Бесігінді бер маған!

ЖҮРЕКТІ ЖҰЛЫП БЕРГЕНБІЗ

Бас сүйек көрдім бақаннан, төс сүйек көрдім төрінен,
Ойылған қара көз көрдім, Отырардың көрінен.
Шыңғырып Абай шақырды, айтпағым бар әлі деп,
Шыңғыстаудың өрінен.

Сарайшықта сайғақ тұр, самсаған сары айғақ тұр,
Айға үміт байлап тұр.
Адырнасы мөңіреп, мөлтілдеп жасы еңіреп,
Өзегі оның қайнап тұр.

Қар жамылды Алатау, Жетісу жердің жұмағы,
Көмулі сандық бұл әлі.
Басын ұстап батар күн, Маңғыстауға сүйеніп,
Отпаннан¹ от сұрады.

Қалауын тапса қар жағып, сөзге тоқтар елденбіз,
Айналып Сауран² келгенбіз.
Антқа тұрар ер болса, от дегенің немене,
Жүректі жұлып бергенбіз.

ҰЛЫТАУ

Ер қалқанын тағынған,
Ер шекпенін жамылған,
Ел көрмесе сағынған,
Ұлытау деген бұл дейді.
Ұмытпай бәрін тұр дейді.
Ақтарылған ағынан,
Құланның ішкен қағынан,
Ұлытау деген бұл дейді!
Ұмытпасын ұл дейді.

¹ Отпан – Маңғыстаудағы ұранот жағатын орын.

² Сауран – Оңт. өңірдегі тарихи орын. Адайлар осы Сауранды екі ай-налып Маңғыстауға қайта келген дейді бұрынғылар.

Көкжалдың ізі бар дейді,
Көктастары қан дейді,
Көп күттірген таң дейді,
Ұлытау деген бұл дейді.
Ұмытпай бәрін тұр дейді.
Заманым құрсау тар дейді.
Естілмек әлі зар дейді.
Ұлытау деген бұл дейді.
Ұмытпай бәрін тұр дейді.
Ұмытпасын ұл дейді!
Ұлт намысын ұмытар,
Күң менен тексіз құл дейді.

БЕЛГІ БЕР

Шекпенін сүйреп шеттеді,
Қазаққа біткен қара жыр.
Іздемең енді тек деді,
Жанымда содан жара жүр.

Жарасын жазар өлеңнің,
Жан көрсең бізге белгі бер.
Өлеңсіз өрде сөнер күн,
Өлетін жерге келді дер.

Қызғыштай қорып қырылған,
Жайраған анау жырым ба?!
Шаршадық торғай шырылдан,
Жыр жазып көріп ырымға.

АҢДАТПА

Бабамды көрген бастас жыр,
Басыма өлең жастап тұр.
Келелі мая кер үлек,
Қатепті нар мен ақ бас жыр.

Шағылды кешіп шандатқан,
Боздаған Сарша¹, Сам² жақтан.
Бұйдасыз бура өлең бұл,
Атасын айтпай аңдатқан.

Бұйдасын түптен шайнаған,
Бұйдалап жүрген қай надан!?
Қайыртпай басын бос кетті,
Жабылып бәрі байлаған.

Сенбесен сертшіл Пірге бар,
Періште салмақ тілге нәр.
Кер Үлек пенен Бура-жыр,
Бізден де басқа кімде бар!?

* * *

Танауынды қуырған,
Тал өзекті суырған,
Ақ нөсер жырды селдетіп,
Жусанды белде жуынғам.

Жұпарға жусап жұтынды,
Жұлқынып бура құтырды.
Шап етінің шайыры,
Шаңқай көкке тұтылды.

¹ Сарша,

² Сам – Маңғыстаудағы жер атаулары.

Қолаңсасы бұркырап,
Қолды болған бұл тұрақ.
Нар қомында барады,
Бозторғай өлең шырқырап.

* * *

Көгенді жырды көп шештім,
Өлеңді жерді жайладым.
Күн сөнбей мен де өшпеспін,
Айдан да алыс айлағым.
Орман да болып сыңсыдым,
Өзен боп астым кемерден.
Жүрекпен осы бір сығым,
Әлемге қуат берем мен.

Тәңірден алған бал-көзін,
Тәп-тәтті уыз мына жыр.
Кім көріп жатыр жан көзін..
Жарқырай шапсын құла жыр.

* * *

Жетімді көрсе жемдейді.
Еміркеніп емдейді.
Сен өзің де жетімсің,
Десем де жырым сенбейді.
Жетілген еді апанда,
Ай үріккен жапанда.
Қол беріп уақыт іркілді,
Қосылған күні қатарға.

* * *

Көңілі пәсік ез кімнің,
Таптайды содан жан алып.
Кәрі қой сынды – мезгілдің,
Тістерін тісеп санадық.

Ардың туы – ақ өлең!
Үміттің туы – үркер-ді.
Әміршіл неткен әлем ең,
Бұзбақсың көңіл-күркемді.

КҮМІС ТЕ БЕДЕР ЖЫР ЕДІ

Күміс те бедер жыр еді, күймесі алтын зерден-ді,
Зеңгір де көктен берген-ді.
Кіршіктен зият кіл таза, иманды құлдың жанындай,
Батасы асыл ерден-ді.

Берекет іздеп шөл астым, Бекетті іздеп бел астым,
Ен жайладым ел астым.
Жерұйық іздеп өлеңнен, жеті қат жер мен аспанның,
Босағасын тел аштым.

Сыңғырап аққан бұлақ бұл, сырлассаң үнсіз кемді күн,
Сұрайды Хақтан теңдігін.
Қызғыш кетті қиылдан, бозторғай ұшты бозаңнан,
Жыр іздеп жүр ме ел бүгін?!

Балбал да, бәдіз, бесіктас даланың бойы тылсым-ды,
Тамшылап жанға жыр сінді.
Шымылдық-шілтер жамылған, хан қызындай қара өлең,
Іздеумен өттім бір сізді.
Өлеңнің иін қандырып, теріден шелін айырдым,
Оюлап шетін қайырдым.
Ордаңызға жыр келді, озалдан асыл ботасы
Аруана менен айырдың.

Не болмаса кісінеп, көмейі толған сыңғырға,
Атасы асау құрғыр ма!?
Жібектен жабу жабар ма, жіліктеп, әлде, алар ма,
Бақ сынап, міне, тұр бұл да.

Алтынды қазық алқада, жарқырап, өне, жүр жалғыз.
Көкмойнақ шапқан құрданбыз.
Сәріден жемдеп баптаған, жақтауын тартып дүлдүлдің,
Кермеге басын бұрғанбыз.

* * *

Ақкөз құм шідер шешіп бұрканады,
Қуырылып қу даланың тұр танабы.
Сорғалап жадау бұлттың арасынан,
Талықсып таңдайыма нұр тамады.

Кез мая, келіншек тал, боз бұйырғын,
Мен сенің қобыз сарнау, өз күйіңмін.
Салмағын жапқан білмес, артқан білер,
Арнасы ала шаңдақ сөз-құйынның.

Қыл өзек, қырық қабат сыр-қайнарым,
Шағылға өлең бағып, жыр жайладым.
Тауларға бір ескертіп дала барын,
Кермеге тігіп кеттім қыр байрағын.

Алтын қыр, кеңістіктің сайранымыз,
Жым-жылас жығылған тау, қайдағы құз?!
Тас ғалам білсе білді, білмесе сол,
Қазақтың салт-салтанат қаймағымыз!

ҚАСҚАЖОЛ¹

Қарасаң биік аспан ол,
Қаралы парақ дастан ол.
Төбесін қасып Түбек тұр,
Қашанғы сүрлеу Қасқажол.

Қасқажол саған таныспыз,
Жақын да болсақ алыспыз.
Қылышты білек, қырғын сай,
Қылша да мойын намыспыз.

Қоғалы қолат мекенің,
Қорғаштап үнсіз кетемін.
Өзі де келіп тұртпесе,
Дау-дамайдан шет едім.

Қасқажол маған қарайсың,
Қадамымды санайсың.
Мен кеткем қызыл қан болып,
Жараңды сен де жалайсың.
Екі де бауыр
Егестік..,
Не таптық, содан, қалайсың?!..

ТҮН БАСТЫ

Көкжөтел болып күркілдеп,
Көрінген тауды бір тілдеп,
Аруана бұлттар
Көшіп жүр,
Ақ ботасы үлпілдеп.

¹ Қасқажол – жол атауы. Орта Азия мен Маңғыстау халқын байланыстырған, сүргін сүрлеу, дабылды даңғыл, сауда-саттық пен ғапыл жалғанның тін-таспа тарауы.

Боз мамықтай боз жүні,
Аспанның ақ бұлт тозғыны.
Ата да жұрттан адасып,
Алты да қырдан озды үні.
Төбешік жатыр күңкілдеп,
Төрімді берер кімсің деп.
Төбе де, бұлт та жоқ болды,
Түн басты бәрін біртіндеп.

Осы ма сонда жеткенің!?
Өш пенен тұрған кек пе едің!?
Таласып күнге жүргенде,
Түнді ұмытып кетпегің.

* * *

Түйе жүн шекпен екен жамылғаны,
Түйдек сөз, өлең екен сағынғаны.
Елесі естен кетпес дәуренім-ай,
Ол да бір аққан судай сағым-дағы.

Жұпары жусандының мастандырды,
Төгеді төрге моншақ аспан қырды.
Қасқаның сыры берік, ділі қатты,
Киесін қына басқан тастан қырды.

Тарихын ақтарады сұғанақ жыл,
Көз жасын көптен зият бұламақ жыр.
Дәмелі әлде неден дәруіш қыр,
Ырсиған қабыртқасын құрап ап жүр.

ҚОРҚЫНЫШТАН ШУЛАП ТҰР

Солай шығар... Соны мен де біліп ем,
Айла қашып құтылған ба тіріден.
Жаз-жапырақ сарғайыпты күз келіп,
Дірілдейді бірі қорқып бірінен.

Тіл берсеңіз сөйлеп кетпек қалтылдап,
Күз болған соң, көзінде шық, салқын бақ.
Ажал келіп алдап жатыр барлығын,
Еппен ғана етектерін алтындап.
Қамыс біткен қылыштасып жататын,
Бір-бірінің қызыл қанын тататын.
Енді, міне, қорқыныштан шулап тұр,
Осындайлар орманымды сататын.

* * *

Қалы да басқұр, терме ши, қазақтың жаны сәулет-ті,
Сәулелі күнге тәубе етті.
Көтерді сосын көп ғасыр қиылған желке, бас пенен,
Тәңірім салған нәубетті.

Қыш құмыра қылтиып, шашылған сүйек шаңдатты,
Шарғасын елдің аңдатты.
Шарайна көңіл жасаурап, кірпікке моншақ шық байлап,
Қара сұр түзде қан жатты.

Сағана тамдар сарғайып самсаған ерді күзетті,
Бұл да мейір ізет-ті.
Шілденің күні тоңазып, толарсақтан ой кешіп,
Жүрегіме сыз өтті.

Өнерім – ұлттың сәулеті, өз бейнемді таппадым,
Тәңір бізді сақтағын.
Жат қолында жыртылып, жалау болды жүрегім,
Сақау болды тақ-тағым.

АЛМА АҒАШЫ

Алма ағашы көп талқыға салынды,
Жемісі жоқ, бермегінен жаңылды.
Кеше ғана қарашығы бағбанның,
Енді, міне, кер есекке таңылды.

Есек жатыр саясында ырымдап,
Қайғылының тыңдамайды сырын жат.
Қора салды шауып тастап ақыры,
Бақыт солай бастан ауды қырындап.
Отқа жақты омырды да дүр білек,
Тал-шыбықтар соны көріп тұр жүдеп.
От болған соң, шоқ болды да, жоқ болды,
Кім айтады алма өмір сүрді деп.

* * *

Маңғыстау-шалқыған жыр, батпан мұңым.
Мысалы: Нұрым¹ – бота, Ақтан² – құлын.
Сұраған өлең өріп Хақтан құнын.
Қара өлең күйме жегіп күлімдейді,
Хан ұлы қол созғандай тақтан бүгін.
От-Ман тау ордалы ел, Ман-Аталы,
Сәл өзге сіздегіден дала таңы.
Баласы Ер Адайдың Пірім Бекет,
Алашқа нұрдан шашу таратады.
Жырлаған соның бәрін
Көзбен көріп,
Біз де бір дегелектің³ балапаны.

¹ Нұрым,

² Ақтан – Маңғыстау өлкесінің атақты ақын-жыраулары.

³ Дегелек – құс атауы.

ҚАҒИДАЛЫ ҚАРА ШАЛ

Даланың әні дамылсыз, көмейі күміс сыңғырап,
Барады солай жылжып-ақ.
Сексеуіл, селеу, ақ сора, шағылдың бойы сағым-ды,
Жетімек бота жүр жылап.

Даланың әні бағзыдан, жел басар-да желігін,
Кезеріп кепті ерінім.
Жүректің көзін ашарға жырдан болсын құбылаң,
Тәуекел етсең сен інім.

Бетеге бойлап биік бол, жусанды бойлап аласар,
Жан берісіп талас ал.
Батасын беріп қол жайған, біздің де дала – қара өлең,
Тері де тымақ қара шал.
Даланың ұлы біз деген, өрісі бірге нарлармен,
Астасқан биік заңғармен.
Сырласуға қалайсың, қағидалы қара шал,
Батаңды алған балдармен?!

* * *

Алтын-ды сарай, ақ сарай, алдыңнан ашты қақпасын,
Жаңылса енді жаққа сын.
Гауһарлы жүзік маржан тас, хан тағында өлең бар,
Төрелік айтар таққа сын.

Хан салтанат жырларым, адалдан болсаң дәмдісің,
Сайратып жанның ал құсын.
Батаңды бер де, қолды жай, бағзының сөзі өлмесін,
Баһадүр шалдар бармысың!?..

* * *

Желтоқсан боп, қаңтар болып жалмайды,
Құлдың сөзін құлағына алмайды.
Жазғы дәурен жанның нәзік сәулесі,
Енді оның елесі де қалмайды.

Тарыққанға таңның нұры балдай-ды.
Үркер туды маған көзін салмайды.
Жел жеңешем атымды айтпай түрткілеп,
Құлағыма сыбырлаудан талмайды.

Мен қайтейін шарам бар ма үгілдім,
Кешегіден сәл салқындау бүгін күн.
Жолым үйдің босағасын қайта ашып,
Ақ паракқа жүгіндім.

Жанған отпыз, балауыз шам, білтеміз.
Шалықтаңыз, оңды-солды сілтеңіз.
Жазды күтпей жүр дейсің бе мен де бір,
Амал қайсы айтып өлтір білсеңіз!?

ӘКЕМНІҢ СӨЗІ

Кімге керек кіммен қалай жүргенің,
Қанша ғұмыр, қайда барып сүргенің.
Қара суды қай күн ішсең қайғысыз,
Сол күн сенің ең бақытты күндерің.

Кімге керек кіммен қалай жүргенің,
Қанша ғұмыр, қайда барып сүргенің.
Сауап алсаң сау күніңе тәуба ғып,
Сол күн сенің ең бақытты күндерің.

Кімге керек кіммен қалай жүргенің,
Қанша ғұмыр, қайда барып сүргенің.
Бір адамға қайыр қылып үлгерсең,
Сол күн сенің ең бақытты күндерің.

АНАМНЫҢ ҮНІ

Жан тілегім, жан шуағым, көгершін.
Көгерерсің, мамығыңды төгерсің.
Төрт құбылаң
Түгел жыр мен өлең-ді,
Сенің көзің содан басқа не көрсін?!
...Өлеңсің!
Бал құлыным, бағым менің, бөбегім.
Бір тыныс ал, қалғыды ма өлеңің?!
Маңдайыңнан бір сүйейін жан ботам,
Мен өзіңе өмірден де шөл едім.
Құлынымның естіледі жыр-үні.
Анасына болса болды құлыны.
Өлең қуып бара жатыр өртеніп,
Қазағымның қара көзді бір ұлы.
Бұла күннің тұлымы,
Омыртқамның жұлыны.
Көп қарадың, көзің талып қарықтың,
Қарғам менің сонша неден тарықтың!?
Ту сыртыңнан тұрған анау барып кім!?
Жаным қалмай қамықтым.
Жамыратып көгенінен көңілдің,
Қошақанын қоңыр жырдың ағыттың.
Шырақ жағып күзетіп тұр алып түн.
Еркелетіп ән-бесікпен тербейін,
Көбелегін өлең деген шалықтың.
Алтын арқау жарықпын.
Көгершінім!.. Көбелегім!.. Бөбегім!
Құтты болсын, Қыдыр баққан өлеңің!
Тәңір өзі жаздырады ақынға,
Жыр құндаққа жүрегінді бөлегін.
Жүрегімсің бүлкілдеген, бүрлеген,
Көзімді ашсам күнмен бірге көремін.
Бөбегім!..
Бөктер асып кетсем дағы шалғайға,
Сені тербеп кету үшін келемін.

Бөбегім!..
Бөбегім!..
Көз қуаныш, жан шаттығым Сен едің.
Бөбегім!.. Бөбегім!..
Құтты болсын Қыдыр баққан өлеңің!
...Бөбегім!
Ертең тағы ертелетіп келемін.
Жырдан уыз беремін.

* * *

Ұл өсірді, қыз өсірді қанықты,
Өткіншісін адам білді, жан ұқты.
Анау жанның қабағы тым салыңқы,
Мына жігіт егделеніп қалыпты.

Әр кеудеде бір-бір арман, күдік-ті,
Не боларын пенде қашан біліпті.
Бір демдік кеш, түс тағылым, таң үміт,
Қақпақылдап доп қылады жігітті.

Әрі теуіп, бері теуіп даң қылып,
Дүниені домалайды шаң қылып.
Елесінді ел ұмытып әп-сәтте,
Жоқ қылады, азғантай күн бар қылып.
Барлығыңа сенесің бе, барсың ба?!
Өмір мәңгі ойсыз, мұңсыз, зарсызға.
Әке кетер ұрпақ қалар сол даңғыл,
Жүк қалмайды жол үстінде нарсыз да.

* * *

Ақ самалым, ағып өткен, ақ нұрым,
Көздеріңнен көрем сенің бақ құнын.
Күлген жақсы аз тірлікте орнымен,
Ортаймасын бала-майса шаттығың.

Күлші көкем, үйренейін күлуді,
Күліп өмір сүруді.
Мен өмірді қайта сүйіп келемін,
Лебізіңе құлағымыз тұрулі.

Жүрміз, міне, бір ұтылып, бір ұтып,
Көп үміттің көкбөрісін ұлытып.
Сен күлдірдің, мен балаша қуандым,
Күлкіні де қалған екем ұмытып.

АЙ МЕН КӨЛ

Көктем өткен,
Көгілдір көл жайғасқан,
Елшілікке жіберіпті айды аспан.
Көл мен айдың бір табысып тағдыры,
Уәде беріп байласқан.

Ішіп алған ай сұлудың жанарын,
Көлдің қара көзайым көк қабағын.
Ай бейшара неғылғалы жүр екен,
Қара жердің қанға бөккен танабын.

Есі кетіп сүйіп жатыр көл бетін,
Құдай басқа айдың күнін бермесін.
Не дейсің бұл сүйген көңіл, дерттіге,
Көкті тастап бір көлшікке келгесін.
Солай қалқам сезім деген соқыр-ды,
Көрмейді ол қазулы көр, отыңды.
Естімейді не десеңде өзің біл,
Елемейді қағида мен сотыңды.

Ғашықтардың сезіп жатыр жайын кім!?
Жүрек жасы шырынындай қайыңның.
Көп жұлдызды көрмей келген ғарыштан,
Күшті болсаң айды көлден айырғын.

Жасай берсін!.. Жанның ізгі сезімі.
Махаббаттың бар өзгеше, өз үні.
Шөлмек сынды жайрап өлер әп-сәтте,
Жеткен күні ажалы мен төзімі.

Біздің көңіл көл секілді ай қайда!?
Не бұйырса, сол қонады маңдайға.
Тағдыр деген пішулі тон әу баста,
Бұйрық болса су ішінде жанбай ма!?

Ай жанып тұр ару көлдің ішінде,
Оған мейлі түсін оны түсін бе!?
Көл құрғаса, ай өледі ақырын,
Жаралған ғой бірге өлу үшінде.

Көл жылады құрғайтынын білгесін,
Ай жылады тағарсың деп кімге сын.
Екі ғашық аймаласты, сүйісті,
Қара түнмен қымтап алып іргесін.

* * *

Шыңыраудан шыңғырды,
Сүйегін санап сындырды.
Көр қылып көзін ойдырды,
Төр құрып көрге қойдырды.
Төлежіп төбе, қыр мұңды
Аяғын топтап байлады.
Асырмақ болып айдады
Итжеккенге бұл жырды.
Төбесінен ұрдырды.
Отқа да салып өртеді,
Суға да салып батырды,
Өлмейтін бұл да құрғыр-ды.
Құшақтап әне тұр күнді.
Жез киік жырым шұбырды,

Жел айдап қайта бұрылды.
Алқымында арыстан,
Желкесінде жолбарыс,
Бұл өлең неткен ғұмырлы.
Сексеуілдей сіңірлі.
Апан да сүрлеу, ор қабақ.
Айықпас дерттей торламақ.
Заманның көзі шел еді,
Қазақ пен өлең келеді,
Шекеден қаны сорғалап.
Әділдік қашан орнамақ!?!..

* * *

Елгезегім, елігім-ау, еркешім,
Таңнан ала, жаннан нала шертесің.
Ащы дәмін татқан сайын өмірдің,
Қонағысың өзің жатқан төріңнің.
Өз босағаң қимастықпен қарар-ды,
Баба кетті, бала келді жанарды.
Жолаушысың өз отыңды сүйе біл,
Жан Тәңірлік, тек, тәніне ие құл.

* * *

Сол ауылда баба тірлік, бал ғұмыр,
Құшағына алды іңір.
Ауыл көшті, азынаған құм қалды,
Сосын тағы жалғыз ұл.

Бір сағыныш ауыл көрсем дірілдер,
Саған мәлім сырым дер.
Бесігімнің қоңырауын жел қағып,
Келді қайтып бір ұл дер.

Ауыл еді аңқылдаған ақ тілек,
Аңқасынан шағыл көшіп жатты кеп.
Құлындарым құрсағымнан шыға сап,
Қала жаққа қашты деп.

Қара торғай қайдағыны жыр қылды,
Түсінеді кім мұнды.
Сол торғайдан үйреніп ем бір кезде,
Өлең деген құрғырды.

ҚАРА БИЕ

Құлын екен күміс тұяқ, алтын-ды,
Кім біледі нарқынды.
Шабыс тілеп кісінейді тектім-ай,
Иесінің қабағы тым салқынды.

Бітпес жанға біткен екен асылым,
Жандың-күйдің, шұрқырадың, жасыдың.
Жыл өткен соң тулақ болды терісі,
Ал иесі жалап отыр қасығын.

Қайда барсаң әділетсіз бөлісің,
Тарылады, таусылады өрісің.
Қара бие тағы туды дүлдүлді,
Бірақ енді бәрібір ғой сен үшін.

Дір-дір етті енесіне тығылды.
Ол да сосын қанды қолдан жығылды.
Жабы тусам жаны қалар бәлкім деп,
Қара бие қара айғырдан шығынды.

* * *

Қанағатсыз ыңдын көрдім терең-ақ,
Ала бермек одан түйе, сенен ат.
Ит көзіне – бұл дүние қу сүйек,
Иесіне жілік майы керек-ақ.

Жыр оқып ем күбір-күбір күлісті,
Безіп кетті, жыр ұшты.
Таңқы ниет тарылтып-ақ барады,
Ұлтқа біткен тынысты.

* * *

Жеп біткен-ді жүйкем менен етімді,
Өлең жаздық содан енді не тынды?
Жыр найзағай күміс бұтақ, қара бұлт,
Қара көздің қан тамыры секілді.

Нөсерлетіп, сел қаптатып, тасынды,
Тау толқындар тауға барып асылды.
Жүрегімді жүз періште ұрлап ап,
Келер күннің кеудесіне жасырды.

* * *

Алтын әдіп, қызыл барқыт киінген,
Батар күнге сүйінгем.
Асық атсам алшы түскен кездерім,
Күміс сақа иірген.
Бір сыз алып бара жатыр бүйірден,
Жүрек ысып күйінген.
Жалғыз тал тұр үкісіндей арудың,
Адасқан мен жол асқанға иілген.
Күн маңдайы күреңітті, қызарды,

Қонақпыз ғой біз әлгі.
Шаңқай түстің көлеңкесі өзгеше,
Батар сәтте жанталасып ұзарды.

АДАМЗАТТЫҢ АҚЫРЫ

Адамзаттың ойыны жүр осылып,
Ақылынан отыр, міне, тосылып.
Буаз бұлттар іш тастап жүр айналып,
Келедегі кер маяға қосылып..

Өз-өзінді жұтып жатсың ұлы жұт,
Өз қанына алды адам құнығып.
Бізге артатын қандай кінәң бар дей ме,
Қыр басында көкбөрілер тұр ұлып.

Жер үстінде күнәліміз баршамыз,
Күні келсе сазайында тартамыз.
Бізді қоймай кезегі мен шақырған,
«Өркениет» осы ма, әлгі, алқаңыз?!..

* * *

Біздің жанның босағасы жырдан-ды,
Ақ ордада кім қалды?!
Жан төрінде жадау көңіл өлеңім,
Керегенің көздерінен ұрланды.

Кірпігіне күміс моншақ зерлеген,
Ат қазықта мүлгиді әне кер дөнен.
Үйір басы қара айғыр-қара түн,
Қоштасып жүр елменен.

Кісінейді күміс көмей жан бұлақ,
Сен де қалқам ал жылап.
Ұсынады орамалын сарғайған,
Күзгі талдар жапырағы жалбырап.

* * *

Аққу кетті, шағала тұр жағада,
Құс қатары ерді бұл да қараға.
Аққу кетті кімге керек киесі,
«Бағаласаң, шағаланы бағала»

Кіммін дейді бәрі болмақ қарашы,
Қанып-ақ тұр табасы.
Жағадағы жан біткенге қажетсіз,
Аққу менен шағаланың арасы.

* * *

Күй шанақтың бөбешігі дір қағып,
Ғасырлар тұр киіп алған кіл қамыт.
Күй бастауы ноғайлының көшімен,
Бара жатыр ырғалып.

Өрнегіндей қалы басқұр, кілемнің,
Осы күйдің құнын кәне, білер кім.
Тиегің – сыр, ішегің – тіл, пернең – бал,
Қамыс құлақ шідерлім.

Домбырам-ай!..
Сөз бастаған ділмарым.
Сендік үнді сертке балап тыңдадым.
Қолын бұлғап шақырады мені де,
Көмейіңе тығылып ап жырларым.

КИЕЛІ ТҮС

(М. Мақатаев түсіме енген таң)

Жұмақ қой жаның кәусар сыңғырағын,
Сыңғыра, сырлы өзен, жыр бұлағым.
Поэзия-пырағым амансың ба,
Аққу мойын қайшылап тұр құлағын.
Мұқаң болып
Жаныма періште кеп,
Мұнар болып содан соң бұлдырадым.

Дүлдүлім-ай, пырағым, кермедегім,
Жыр оқып дүлдүліме бермек едім.
Жаныңның жайлауынан
Жұмақ көрдім,
Жүрегіңе салып ап тербеп едің.
Ізіңнен шырақ жаққан
Құлының ем,
Жан отыма жылыншы сенде менің!

Сергек едің, сенделген шерден едің,
Сенімім мол, серттескен ерге менің.
«Күпі киген қазақтың қара өлеңін»,
Қайта зерлеп, қастерлеп берген едің.
Сен күрсінсең
Дүние бірге жылар,
Табан ет және аппақ терден едің.

Жалынмын, жанған оттан арылмаспын,
Санамды сары жібек сағым бассын.
Бар әлем бауырыңа сыйып тұрған,
Сайраған сандуғашсың, қарылғашсың!
Ақ қарсың, ақ бас таусың,
Хан Тәңірі,
Дәл сендей жанартау боп жарылмас шың.

* * *

Күндерді кара, күндерді.
Түндерді кара, түндерді.
Аманат жанын кім берді,
Аллалап тағы кім келді.
Қарашы түріп іргенді.
Сахардың таңы атты ма?
Қарасы түннің батты ма?
Біреуге соры жолдасы,
Біреуге мәңгі бақ мұра.
Несібе бұйрық тағдырын,
Тәңірден әркім тапты ма.
Шешімі солай Иеңнің,
Шерлене берме жақсы ма?

* * *

Гүл берейін, атқан таңға гүл бердім.
Жарқыраған іргем күн.
Менің жаным қауыз жарып бүрленіп,
Жырға айналып жүргенмін.

Сәулесін-ай,
Атқан таңның ақ мамық,
Жүрегіме нұры сінді, бақ дарып.
Күн дидарын көз бен ішіп алған соң,
Ай қарады ажарыма сақтанып.

Күлкім менің,
Күнге айналған пәктігім,
Жарық күннен, жалғаншыдан тәтті кім?!
Өмір жайлы жыр жазамын тағы да,
Сәулелі таң сәтті күн.

* * *

Ерді көрдім,
Елге сүйеу жалын-ды,
Сонадайдан сұңқар көзге шалынды.
Па, шіркін-ай тусаң ту деп ел-халық,
Ақыл-естен жаңылды.

Таңдайын-ай!.. Туды екен қалай, кім!?
Ақ маңдайын күміс күнге балаймын.
Иесі ғой адам таныр жан болса,
Алтын тақты сарайдың.

* * *

Ақ сәулесі ай көзінен мөлтілдеп,
Түн үңілді өз қолыңмен өлтір деп.
Таңнан қашып тастап кетпек тағы деп,
Ай мен түнді жатты жалғыз көл тілдеп.

Ай қамалды бұлт ішіне кілттеніп,
Түн сейілді атар таңнан жіктеліп.
Шырын бұлттар шауып өткен тұсынан,
Кәрі айғыр-тау оянды тіктеліп.

Тау тұлғасын таң мүсіндеп жаңарды,
Түнге жарық батыр деді қараңды.
Бозторғайға боз ала таң дем беріп,
Айтып жатыр бар әнді.

* * *

Осы күшік оқсатады талайды,
Неде болса біздің ит қой жарайды.
Қалтамызға басын тығып үңіліп,
Қолдарымды жалайды.

Осы бәле жемқор болып жүрмесін,
Байқасын ел, жүре қарап күлмесін.
Сырттан болмақ енді бұған қайдан-ды,
Сүйек-саяқ жинап өмір сүргесін.

Бәрі көрсет бөлтірігін жемдеймін.
Мынау ит қой ар-ұзданы кем деймін.
Елге күзет, малға құтпан дейсің бе,
Мақтамашы!?! Осы итіңе сенбеймін.

Қарғы тағып шекіреймек көп күшік,
Ғұмыр нама жазып алған тектісіп.
Өңкей күшік ырылдасып жүргенде,
Бар жиғанын қара мысық кетті ішіп.

Бұл неғылған тоқтығы жоқ тобыр-ды,
Сезген көңіл, көреген көз қорынды.
Қабыртқанды омыртқаннан сөкпей жеп,
Итке сенсең қайнатады сорыңды.

* * *

Арғымақтың шабысын-ай, шабысын,
Тұяғы мен толғап келді дабысын.
Белден асты, елден асты, жел-жүйрік,
Бермеу үшін намысын.

Арғымақтар, міне, солай өледі,
Тербетеді сосын оны жер өзі.
Текті туған жануар ғой дерегі,
Оған намыс керегі.

Жұлдыз болып ағып өтті кермеден,
Нені білдің!?!... Хабарлысың сен неден!?
Арғымақтар жеңіс үшін туады,
Жарысады желменен.

* * *

Сөйледің аға, сөз бердік,
Сенімен бірге өзгердік.

Бастасаң қайда аттандық,
Ағамыз бар деп мақтандық.

Бәрі де шындық деп көрдік,
Келмейді аға тектен құт.

Біз деген өзі аңғалмыз,
Оранып отқа жанғанбыз.

Күл десең күлдік, жыладық,
Шүкірлік қылдық шыдадық.
Қимадық аға жаманға,
Аудардық бәрін заманға.

Солай да-солай күн өтті,
Жүректі уайым жүдетті.

Уәденің арты болмады,
Антыңыз қайда сондағы.

Ағалар кетті алыстап,
Біз қалдық түнде шам ұстап.

Мен өзі тұрмын қай маңда!?
Кемедей қалдық қайранда.

Адаспа жаным сен менен,
Көрерміз бірге елменен.

* * *

Оранып ап көк бүлдірген көктемге,
Сығалайсың терезеңнен өткенде.
Бұйымтайшыл ер көңілі аруға,
Неге қаштың қолым әрең жеткенде.

Төстеріңнен көктем бүрі бүршіктеп,
Терезеңді телмеңдейсің сүртіп кеп.
Ақын байғұс жырға айналар ақ парак,
Сөзбен зерлеп кірпігімен жыр түптеп.

Сен күлесің көктем болып жымыып,
Мен қараймын батар күндей қиылып.
Періштеге айналасың содан соң,
Жүрегіме жыр жазуды бұйырып.

АРҚА ЖАҚТА АПТА ЖАТТЫҚ

Сары-арқа, омбы қар,
Ақ бас төбе, сорлы жар.
Атқа тисе тақымы,
Азат жүрек орнығар.

Құлан дүбір тұқым-ды,
Құл-құтаннан ұтылды.
Ержекең¹ сол шер айтып,
Көзі күндей тұтылды.

Арқа-дөңім ақ самал,
Қала қақпан тас қамал.
Кіл алшаңы Алаштың
Тартты қырға бастап ал.

¹ Ержан – Ержан Әбенұлы Сәрсембаев. (Арқаның азаматы)

Тарих талдап ұлықтап,
Жылға кешіп, жыр ұрттап,
Жанға алдық бостандық,
Қайғы-дертті құлыптап.

* * *

Кер үлек
Кемел басып күркіреді,
Аяғын басар-баспас іркіледі.
Құйрығын көп көтерді қара мая,
Кер үлек тұмсығымен түртіп еді.

Қайыған қаймалшасы, кәрісі де,
Берісі, жақсылықтың әрісі не!?
Қара шал
Кер үлекті мақтайды кеп,
Бағзыдан баға беріп әр ісіне.

Кер үлек
Қара шалға қарамады,
Келесі келер жылы жаңарады.
Күлімдеп кемпір отыр
Сонадайда,
Ойнап жүр қара шалдың балалары.

АҚЫНДАРДАН КӨРЕТІН БОЛДЫ ЕНДІ

Андрей Белый:
«Кюри тәжірибесінде бұл әлем,
Атом бомбасы болып жарылды» – деп,
1921 жылы жазған.

Автор

Өлдің бе, өрттей лаулап зарлап болып,
Ескертіп, арашалап қалмақ болып.
Адамзат атомдарын жастанып жүр,
Бір-бірін сәті түссе жармақ болып.

Көрмедім әлеміңнің жаңарғанын,
Әрине, мұның бәрі саған мәлім.
Адамдарды адамдар қорғау емес,
Қорлаудың көп іздеп жүр амалдарын.

Мынау әлем азаптан арылған ба!?
Жан алғыш бар, әрине, жаның барда.
Ақындардан көретін болды енді,
Ақымақтар атом боп жарылғанда.

ҰЛ ҮШІН

Бостандық дедім кім үшін?
– Бар болса деді ұл үшін.
Бостандық дедім кім үшін?
– Айтқанмын деді дұрысын.
Қолғанат¹ ағам ұрысты
– Қай жерден оны көрдің деп.
Қозғама деді бұл істі,
Қорланып менде көндім деп.
– Солай ғой аға білгенбіз,

¹ Қолғанат – Қолғанат Нұржаубай.

Қанағат түбі қайырдан.
Кем едік тегі кімнен біз,
Сенімнен кімдер айырған?!

* * *

Жыр тамып тұр сенің қара көзіңнен,
Не табасың сөзімнен.
Сезесің бе сенде бәрі байлықтың,
Ізде жырды жүрегіңнен өзіңнің.

Сенде бәрі асыл арман, үміттің,
Ұлт санасы – ұлықсың.
Не таппақсың мендік жырдан таста әрі,
Сенің өзің сырға толы құлыпсың.

Сен бар жерде ортаймаған көңілім,
Өлең менің – өмірім.
Қайтесің сол мендік жырды парақтап,
Өз үніңнің қыздыр жағып көрігін.

* * *

Сағы сынған сөз көрдің бе, сарғайған,
Арлы жанның көмейінде қан майдан.
Құлыптаулы сөз көрдің бе, кісенді,
Бағы тайған маңдайдан.

Сөз көрдің бе адалдықтан көмілген,
Құшақтасқан, пышақтасқан өліммен.
Сөз көрдің бе дарға асылған далада,
Ту сыртынан өз иттері көп үрген.

Сөз өлмейді түн тізерлеп, ай құшсын,
Бүтін дейсің ақ қанаты қай құстың.
Сөзді көрсен зындан кезіп, сенделген,
Обалына дұға қылғын байғұстың.

* * *

Сенің үнің күміс сынды сыңғырап,
Бір күледі, бір жылап.

Сол ғұмырың аққан жұлдыз, аппақ таң,
Сұлу бар ма бақ тапқан?!

Көз қызығы көңілдерге жұбаныш,
Жыр-жұлдызым тұр алыс.

Менің қолым – тал бұтағы дір қаққан,
Шырақ ұстап жыр жаққан.

Сен сөндірме өзі жанып өртенсін,
Жанбай қалса өртерсің.

Ақын едім – алтын шуақ күнің ем,
Өмір ғой бұл, бірі кем.
(От ішінде айтып тұрмын мұны мен)

* * *

Дәл осылай өте бергін, елеме,
Өткен қайтып келе ме.

Дәл осылай мұңсыз болып көрінгін,
Өзі солай өмірдің.

Дәл осылай танымаған бол жаным,
Мен тағы да жолдамын.

Дәл осылай жылап жүріп күле біл,
Қасындағы кім еді ұл?!
Құтты болсын, міне, өлең, міне, гүл!

ҚАЗАНҒАПТЫҢ КҮЙІ – «ҚҰС ҚАЙТАРУ»

Жерің қалды қайда кеттің қыраным,
Қайт, Қайт!?
Елің қалды қайда кеттің қыраным,
Қайт, Қайт!?
Қиту-киту, қайт-қайт,
Сыңарым,
Қыраным, Қыраным!..
Алтыннан бау тағып ем,
Аялап-ақ бағып ем,
Тұмар байлап тіл мен көзден сақтадым,
Тұғырыңа күміс шеге қағып ем,
Тоятатып сәріден.
Қиту-киту, қайт-қайт!
Қанжығаңды қандатып,
Қан соқтаны жегіздім,
Жембасарға бұлттан бұлақ еміздім.
Сылап бақтым,
Сұрап бақтым Тәңірден,
Сыңарындай сырлас едің егіздің.
Қайт-қайт,
Қиту-киту,
Қайт-қайт!..
Қара шыңға кеттің бе?!
Құз басына жеттің бе?!
Бостандықтан қымбат не бар шынында,
Бәрін құрбан еттің бе!?
Бар, бара ғой,
Бар ендеше – Беренім!
Сен құлдыққа көнбейтұғын ер едің.
Бәрін тастап
Мен де ұшқым келеді,
Аспан бірақ жақтырмайды Жер Елін.
Кетті қыран,
Кең сарайлы зеңгірге,
Қолын жайды жылаулы жан, ер кімге!?

Бар, бара ғой,
Бостандықтың – Патшасы,
Қанатыңды емін-еркін кердің бе!?
Бар!.. Бар!..
Қыран үшін Қыдыр Ата бар құзда.
Құдай өзі жар болсын, тек, Жалғызға!
Бар!.. Бар!..
Бостандығың – бар бақытың, байлығың,
Бар, бара ғой, бәрі сендік,
Ай, күнің.
Жұбатудың керегі жоқ,
Күй тартқын,
Өмір қалай, соған, міне, сай жырым.

* * *

Билесіз бе қыдыр баққан қыр барын,
Жүресің бе бір жаным.
Айыл қияқ, ақ бас жусан, ақ жүзген,
Аппақ дала, аппақ менің жыр бағым.
Сүт секілді бұлағы да, қайнары,
Тамып кетсе тастың өзі жайнады.
Жұмақ жырға,
Құрақ жырға аунадым,
Жел құндақтап, сары самал байлады.
Қаңбақ түртіп қаша түсіп ойнамақ,
Тау маужырап, талықсиды ой-қабақ.
Сонау тұрған
Құлпытасқа тіл бітіп,
Тірілермен ол да бір сәт тойламақ.

* * *

Қозы құйрық қоңыр төбе бұлтиған,
Жалғыз үй тұр құнтиған.
Қара бала жолаушыға күледі,
Екі көзін күннен алмай жыртиған.

Серек құлақ секемшілдеу сұр қаншық,
Үріп көрді ғазиз жаннан құрбансып.
Үй иесі ат тізгіндеп көп жүрді,
Бізді көрмей тұрғансып.
Бір мезетте бота қашты, бақырды,
Есер бура құйын қылды тақырды.
Қаңғып келіп қайдан жүрген бұлгін деп,
Үй иесі қатынына ақырды.

Бура кетті... Біз де кеттік тұрмадық,
Шөліркедік, құрғадық.
Жәутеңдеген қабақтар мен қастарға,
Үйден шықса жолаушы да бір ғаріп.

* * *

Ат-көлігің аман екен, кезіктік, мәлім маған сырыңыз,
Жылдағыдан жаз ұзақтау, жылы күз.
Күні кеше кетіп едің елден жат,
Қызық екен мұныңыз.
Ат ұстарға бала шықты, аға деп, пиғылыңды білместен,
Сен жөнелдің ақ ордаға кірместен.
Әу басында бір семірген жан едің,
Өсек-аяң, арыз-шағым ірмектен.
Батар күн де басын тығар жер таппай, ақ шағылды
кім кешкен!?

ҮШ ЫРЫС

Жақсы ой – ширек ырысың,
Жақсы сөз – жарым ырысың.
Жақсы іс – бүтін ырысың.
(Тылсыммен бірге тынысың.)
Үш ырысты сүйген жан
Қуантады Алласын!
Үш ырысты іздеуден
Ақыл-ойың талмасын.
Таза ниет жүректен
Үш ырысың бүрлейді,
Тілегіңді періште Тәңіріңе жалғасын!
Үш ырыспен нұрландыр
Жан бақшасы гүлденсін.
Шақыра біл бақытты
Бал пернесі тілге енсін.
Сен өзің де содан соң
Сәуле шашып жүресің
Қусандағы кетпейтін,
Құтқа айналар іргең шын.
Тәтті арман, үмітің,
Айналады шындыққа.
Тұрғызбайды қайғы-мұң,
Қапияда бір жықса.
Хақтан сұрап қайыр күт,
Кедергіні жолдағы
Кемелдікпен сырғыт та.
Сырғанасын, сырғысын,
Жолдан кетсін кедергі.
Маңдайыңды тасқа ұрып,
Жылағанда не берді.
Сырлы сарай көңілің
Сұлу болсын күннен де.
Қалай болса қалауың
Солай тағдыр білгенге.

Алла бәрін көруші
Және шексіз шебер-ді!
Күлді сүйген – көмілді.
Күнді сүйген – көгерді.
Шер-шеменді ұмытып,
Қуанайық, кел, енді!

* * *

Қалы кілем қара нарға мап болды,
Бір азғантай, мақтау-мадақ бақ болды.
Желкесінен пышақ қайрап тұрса да,
Көңілінен қайғы-уайым жат болды.

Көп күлісті, көп әңгіме жаңғырды,
Түнді түріп босағадан таң кірді.
Пәленшекен сөйлеп жатып кетті деп,
Ауыл-үйді суық хабар шаң қылды.

Кімнің қандай маңдайында сызық тұр,
Қалағанын ажал апам үзіп тұр.
Қатар теңнің барған емес біреуі,
Адам деген қызық бұл.

* * *

Жалғыз ердің аты шықпас жаһанда,
Жалғыз ерді кім қосады қатарға.
Айға сеніп басын салар базарға,
Күннің өзі ұясына батарда.

Жалғыз ерге жан шуағын төге біл,
Сен білмесең, ол білмесе сөнер ұл.
Жақсы жалғыз қалып қойса обал-ақ,
Жан біткенге көңіліңді бөле жүр.

Ер мұнайса, ел бағыттан жаңылар,
Рәсуа болса қайдан табылар.
Ел байлығы – ер жігіттің ниеті,
Сол халықтың бағы бар.

ҚОҒАМ ЖӘНЕ ӨНЕР

*«...Ағылшынның ақын-драматургы
Бенджамин Джонсонды құрметтеп-ақ
жерлеген. Бірақ жарлы ақын молалық-
тың ақишасын төлеп үлгермей кетіпті...
Безбүйрек иелері ақынның сонысын ке-
шірмей, біраз уақыттан кейін моласын
қазып, жерін басқа біреуге сатады. Ал
өзін сол зираттың аяқ жағына тігінен
тұрғызып жерлейді».*

(«Ж-и» 56 б)

Өзге құрлық... Мендік сана жат бұдан.
Ойдың бұлты ақ тұман.
Өмір кіршен, өнер таза арпалыс,
Қайнай-қайнай сарқылғандай ақ құман.

Ақша жеген ардың құны көк тиын,
Жер тозақ та, көк құйын.
Шешілмейді бұл тірліктің жұмбағы,
Токсан тарау, тоғыз күрмеу, от түйін.

Құдай тегін жасап берді ғаламды,
Сәл өлермен қылды бірақ адамды.
Қайран өнер көрден орын таппадың,
Тік тұрғызып сұрап жатыр бағанды.

Қайта сатты сен жатқан көр басқалық,
Сатып алды ақшалысы бассалып.
Қайран өнер тік тұрып тұр молада,
Әлі күнге әлдекімге ақталып.

Өркениет орын беріп жатты ма!?
Табан орнын әлде тағы сатты ма!?
Өнерліге өлім жоқ деп айтатын,
Әділ Құдай солай шешім тапты ма?!

Солай шығар Хақ біледі шындығын,
Өнер деген өлімі жоқ сырлы мұң.
Біздің қорым даласындай басқаның,
Тфә!.. Тфә!.. Бұл да бақыт, құлдығым!

Сауда сайрап, иман-әдеп шегінген,
Шеген құлқын, шемен ниет не білген!?
Есіріктер бәрін сатпақ әлемде,
Есек миын тиын тісі кемірген.

Сорлы қоғам өз бейнетін іздеген,
Қатігезсіз сіз деген.
Сен қайда да жатып жегің келеді,
Өнерпазбыз тік тұрамыз біз деген.

* * *

Сен өзіңнің жүрегінді қарап көр,
Ақ босаға, азат төр.

Өз жаныңнан бақыт іздеп таптың ба!?
Жұпарын жұт бір ирани бақ қыл да!
Өз кеудеңнен құлақ түріп, сыр анды,
Алтын сандық бұл әлгі.

Өз рухың күннен ыстық, нұрдан-ды,
Нұрсыз болса, жер жұтады құр жанды.

ИМАН КҮЗЕТ БОЛМАСА

Иман күзет болмаса,
Әлдекімдер әлемінді ойнатар.
...Қайдағыны ойлатар.
Не боларын білмей кетер адамзат,
Қайғы да тар... Той да тар.

Иман күзет болмаса,
Өлеңнен де әдеп кетер, сыр кетер.
...Жыр бекер.
Адал сөзден айырылса пендеңіз,
Қала бекер...Қыр бекер.

Иман күзет болмаса,
Көктің төрін шайтан басар, жын басар.
...Тыңдатар.
Иман ғана – бар бақыттың бесігі,
Адамды адам сүйген жерде – гүл баһар!

Адамды сүй,
Тәңір сүйіп жасаған.
Адамзатқа махаббат бер Жасаған!
Жаныңызға иман күзет болмаса,
Тәніңізді шайтан ұрлар тасадан.

Мұхит елі, теңіз елі, көл елі,
Шалғын аймақ, шың мен құзар, шөл елі.
Өз-өзіне сенген халық оянар,
Бір-біріне сенбеген ұлт өледі.

Алақанда мөрі бар-ды Алланың.
...Жасырады жалғаның.
Ұлт жүрегін иман-әдеп жалғаса,
Озбырлардан онда аман қалғаның.

Ортақ сенім, ортақ намыс, ортақ ар,
От ішінен жол табар.

Бірін-бірі алдаған ұлт, ұл мен қыз,
Қайда барса қайғы төсеп, сор табар.

Өтірікке Құдай қорған болмайды.
...Сорлайды.
Алтыннан тау жасап алып жатса да,
Бақытсыздық бастарын кеп торлайды.

Иман күзет болмаса,
Өлең сөздің базары не, бағы не?
...Алдамшы ғой бәрі де.
Менен кеттің, көпке жеттің өлеңім,
Дұға қылдым ақ жол тілеп сәрі де.

АЛТЫҚҰЛАШ¹

Аспан да есеп, жер есеп,
Ел санаулы, ер есеп.
Алтықұлаш Әулием,
Есебі Хақтан – берекет!

Жалбарынбас құл бар ма!?
Жаратқан Ием тұр жанда.
Алладан бұйрық болмаса,
Әулие жатпас бұл маңда!

Құл шығар қайыр еселі,
Ел айтпас бекер деседі.
Әулие жатса іргенде,
Алланың қалау-есебі.

Құбыла іздеп құла құл,
Дәстүр мен салтты мұра қыл.

¹ Алтықұлаш – Ақтау қаласындағы «Алтықұлаш» қорымы. Хақтың сүйген құлы, Әулиенің құрметінен Алладан ғана бақ-береке сұрап дұға қылатын халықтың иман-әдеп, көңіл жұбатар құт-мекені.

Алладан жалғыз бақ тілеп,
Әруақтарға дұға қыл.

* * *

Жүрек – гүлім,
Тілек – шырын, сыр – жалын.
Бал-шырыннан жасап алған жыр да мұң.
Түн бақшаның жұлдыздарын жайнаттым,
Сорым егіз, бір бағым.
...Жырларым!

Шырын жақтым езуіме, ерінге,
Кербез әлем керіл ме.
Табан етін бабалардың жастандым,
Сонау тамшы сорғалаған терің бе!?

Бабаларым бақ-тілектің арнасы,
Біздің тұрақ құз бен құлау, жар басы.
Жүрегіме қонақ қылдым бәріңді,
Бұл ниеттің бірақ қанша бар бәсі?..
Өгіз өлді,
Енді сынбақ арбасы.

* * *

Адамзаттың санасында у бар-ды,
Ие болып қу қалды.
Ескі құрлық, жаңа құрлық бір құрлық,
Қолдарында таңбасы жоқ ту қалды.

Жады шалыс, ал санасы алжыған,
Қан-қан әлем қанжыған.
Батар күн мен атар таңның құрбаны,
Айтатының жалғыз ән.

Таңнан кешке, кештен таңға сырғанап,
Жолың тұман шырғал-ақ.
Аманат жан кеудеңізден шығарда,
Дүниеге үлгересің бір қарап.

ҮШ МҮЗҒАЛДАҚ

Көк малта, көк езулі желдің үні.
Сендірмек несіменен ендігіні.
Қайырсыз туған жаннан төрелік жоқ,
Желтоқсан көрт үлектің келді күні.

Жын шашып жылдағысын қайталады,
Қыс қатты қылауынан байқалады.
Есесін жауға алдырған көрт үлектің,
Қай адам шын бағасын айталады.

Желтоқсан ақбас боран алжыған ба,
Тірелді ізі сорға, алды жарға.
Барады қайран жылдар көкпар болып,
Тұяғын бір серіппей қанжығаңда.
(Араша түсетұғын арлы бар ма!?)

Қар жауды есік алды ақ қалашық,
Қалжа жеп қалашыққа жат бал ашып.
Көктеп тұр қар астынан үш мұзғалдақ,
Екінің бірін беріп бақ таласып.

ҚАРАКӨЗ ЖЫР

Өлең қосып басымызды жырладық,
Атасы бір, анасы бір, бір халық.
Бір түп ағаш секілденген жапанда,
Жалғыз-жалғыз жан кешеміз ырғалып.

Тамырым бір, тағдырым бір ұлығым,
Жүрегіңнен естіліп-ақ тұр үнің.
Күміс жалын күнмен тарап, ай тұяқ,
Өлең болып келді саған құлының.

Маңдайымнан сыйпа менің аймала,
Өз ұлың ғой, өз тілекшің қайда да.
Сені жырлау менің жалғыз арманым,
Тұсау салма, шідерлеме, байлама.

Өз құлының сендік арды даулайды,
Сары самал, жел боп есіп саулайды.
Сен жатсың ба, өрісімді өгейлеп,
Қаракөз жыр қазағымнан аумайды.

АЖАЛМЕН АҢДЫСҚАНДАР

*«...Ақынды көбіне-көп заманы,
қоғамы, ортасы өлтіреді»
Қадыр Мырза Әли*

Білмеймін кімнен кінә, неден міні,
Құтылар сенен кімі?!
Саған, сірә, бәрі бір сұмдық ажал,
Құзар шың мен құрдымы, тереңдігі.

Орман өлді, өртенді, күлі қалды,
Кеудесінен көк жанын жұлып алды.
Ақын өлді кебін қып ақ паракты,
Ақ қағаздың бетінде мұңы қалды.

Қу тірліктің көп көрдік талапайын,
Қалай сені қарғам-ау талатайын.
Руми¹ боп у ішкен, отқа түскен,
Ақындықты қайтесің балақайым.

¹ Руми – Ибн ар-руми араб ақыны.

ҰМЫТТЫ ҰЛТЫ

Жамандар жолдан жалтарсын,
Азамат ерге артар сын.
Шыдамай айтқан шындықтан,
Шыдатпас қайғы тартарсын.

Сананы уайым билейді,
Қолыңа шындық тимейді.
Жағасы жайлау өтірік,
Өлсең де мойын имейді.

Ақиқат іздеп өлгендер,
Жүрегін турап бөлгендер.
От ішінен бақ іздеп,
Өздерін-өзі көмгендер.

Құлпытас дұға сұрады,
Моласы мүлгіп жылады.
Ақынның аппақ есімі,
Қапа-қара таста тұр әні.

Қалжырап қасқа талыпты,
Құлапты құшып табытты.
«Елім» – деп шауып жүретін,
Ертерек кетіп қалыпты.

Шаршатты дала, жол жүгі,
Аядым аңғал сорлыны.
«Ұлым» деп өлген бейбақты,
Ұмытты ұлты сол күні.
(Білмейді бірақ, Ол мұны)

АҚЫРДАН ЖЕТКЕН БІР ҮН БАР

Шығыстың қолы шырмаулы, батыстың басы даңғырап,
Қай жерде қарғам қалды бақ?
Әр шөңгеге бір табан есесі кетіп егілген,
Толқыны толғау қанды жап.

Қанжапқын болған дүние көзіңді сүртер кімің бар,
Көзіңде сора, ірің бар.
Құл біткенге естілер араша бермес ашулы,
Ақырдан жеткен бір үн бар.

Қайырып жырды толғадық, көңілге басу айтарға,
Қаһардың беті қайтар ма?..
Айласын басқа тауысып дұшпандық шықты даңғылға,
Адамзат соны байқар ма?!

Бейбіт те күннің қақпасын өздері жатыр бұзғылап,
Соқырмыз енді біз бірақ.
Адамзат деген көк мұхит, тасыса мұхит жан қалмас,
Кетеді толқын сізді де ап.

АСПАНҒА САУҒАН ҒҰМЫР СҮТ

Жон арқасын қарашы, айырар айғақ тобаңнан,
Түйе де шекпен оранған.
Түймелі басқа не келмес, өткенді сұра түбектен,
Өзеуреп соққан бораннан.

Қаралы мойын қасқалдақ, аруана бауыр ыңырсып,
Айналған заман бір ұршық.
Ай жүзінде жүз ноқат, күн жүзінде қылау бар,
Аспанға сауған ғұмыр сүт.

Боз қурай сайда безілдеп, тіл кезеп жатыр жел үрлеп,
Көрген жоқ бақыт тегін кеп.

Қолыңда барға қанағат, тістеулі кеткен бармақты,
Болдың ба өзі кебіндеп?..

Маңғыстау саған не дейін, қаныңмын тамған тамырдан,
Сөз алдым сәре-сарымнан.
Келемін жортып бұл жолы кер бестіге қамшы сап,
Жем-Сағыз бенен Нарыннан.

АТАСЫ МҰНЫҢ АЛТЫН ДҮР

Қайың құрық, қаз бас ер, қос таралғы, бір жүген,
Бапкерсіз, бапсыз тұр білем.
Ат әбзелі не керек,
Жабыға жайдақ мүлгіген.

Күміспен зерлеп күлдірген, сегіз өрім қамшым дүр,
Атасы мұның алтын дүр.
Бедерлеп іліп сәндікке,
Бітік көз неме шалқып жүр.
Бұған да қылдық шүкірлік, табанға таптап жатпаса,
Тапсырып жатқа сатпаса.
Құлыннан шығар бір дүлдүл,
Құдайдың өзі сақтаса.

ЕЛ АУҒАНДА..

Заманға салсаң зар асау.
(Қаңтарға салсаң қар асау)
Қобылап мыстан жасаған,
Барсың ба Балқан, Қаратау!

Асаулы көңіл тұсаулы,
Төбемнен төстеп құс ауды.
Сәскелік тұста сәнді едім,
Мән кетіп міне тұс ауды.

Ақшамның жүзі қызыл-ды,
Іріді сүттей бұзылды.
Тұрмыстың қамы езгілеп,
Мойынға тұмар тұз ілді.

Балқан да, Балқан, Балқан-ай,
Күн кештік кеше әрқалай.
Қаратау көсік шайнады,
Қара жау қылыш сайлап-ай.

Найзамен жығып орданы,
Жау жаланып торлады.
Ман-Атасын тербеткен
Маңғыстауды қорлады.

Кебенек киген өлең бұл,
Бастасам екен неден жыр.
Қаратау басы қара бұлт,
Бауырын шықтап не деп жүр?!

Қаратау қардың тұтқыны,
Ұланы болсаң ұқ мұны.
Қан сиіп көзден тұрмасын,
Жасқа айналып шық түбі.

Ай сәулесін тыныс қып,
Ел ауып бір кез жылыстық.
Көзіңнен заман жас сауар,
Еліңнен кетсе тыныштық.

ЖОЛЫМ ҮЙ

Жол үстінде жолым үй жолдан қалсаң кірерсің,
Тілегін сосын тілерсің.
Тілінген тірсек еліңнің,
Тірлігін көріп, білерсің.

Ақжарқын жеңген пәк күліп, көжесін берер көңілмен,
Бермеген бір күн өмір дем.
Қанағат-шүкір жайлаған,
Көп ыстық осы үй төріңнен.

Шығарып салар шырылдап, шаршасаң тағы келгін деп,
Керегем кербез кеңмін деп.
Ауылға барам мен жиі,
Ертеңгі күнге сенгім кеп.

* * *

Отпан тауым есіне алып тұрарсың,
Есі кетіп сені сүйген балаңды.
Сен де бірақ тарқамайтын мұнарсың,
Кім біледі бағаңды?!

Туыс қылып көрмек болдық Алашты,
Тұғырыңнан ұран жағып, шақырдық.
Қыран шыңға, қырсық жынға таласты,
Тау астында жатыр құт.

Бабам тұрды балдарынан үміт қып,
Анам тұрды уыз салған таңдайға.
Ер мен елді танытсақ деп ұлық қып,
Талай соққы тиді біздің маңдайға.

Бердік, міне, тауларды да, тастарды,
Қай қадеге жаратады қарасын.
Ата салттан айырмандар жастарды,
Отпанға кел, қайда кетіп барасың!?

ҰЛЫ ЖОҚТАУ

Өз білгенін жастан кәрі жасырмас,
Өзі көрмей жас көңілі басылмас.
Өз еліне бақ іздеген жігіттің,
Тірлігінде сордан көзі ашылмас.

Ақтан күйіп сағы сынып шағылар,
Отқа түсер, шокқа айналар, жағылар.
Ұстаған ту ұстараның жүзіндей,
Сен құласаң жат қолынан табылар.

Талай қарсақ, түлкі шығар жолына,
Жау жасанар солы менен оңына.
Жігіт солай бар қызығын ел үшін,
Өмірімен қоса берер қолыңа.

Лактырған соң тиер жерін тас табар,
Таба қылар есіл ерді басқалар.
Кетер сосын орны толмас ерлердің,
Сонда біліп ұлы жоқтау басталар.

* * *

Құйын шауып барады, дүрмек қозып дүбірден,
Тілдеспейді біріңмен.
Ашулы дауыл аламан,
Шап айылы үзілген, төс айылы түрілген.
Кекіл мен жалын от тарап, ойрандады, шелденді.
Есі кетіп ел келді.
Ермек қылып ауылды,
Есерге дауыл жел берді, желігіп салды шеңгелді.

Адырна сазы аңырап, егілме күйі езіліп,
Ел отыр бәрін сезініп.
Кесіртке құйрық кез құйын,
Мың асқанға бір тосқан, тынарсыңыз кезігіп.

* * *

Ен Түлей, Есен-қазақ қырда қыдыр,
Жыр-дағы бір.
Отырып сөз тыңдарға уақыт бар ма,
Айтатын бұрынғыны кім қалып жүр?

Үнсіз қыр, бізде енді үндемелік,
Айтармыз кімге келіп?
Бәрі де шулап кетті дұрыс қой деп,
Қайтайық қала жаққа жүр деп едік.

Жел жекіп бар кетіндер, жөнел деді.
...Не көрмеді?!
Күйігім аз болғандай ішімдегі,
Күн тесіп бара жатыр төбемдегі.

* * *

Жұтынтып жұлдыз шамын аспан жақты,
Жүзінде ай арудың дастан жатты.
Бұл өлке туысқа жат,
Жатқа туыс,
Бастан қатты.
Ен қазақ, Алтай асу, Жайық жаным,
Жаныңдамын.
Бұл өлке туысқа жат,
Жатқа туыс,
Бізді де бар ма екен сағынғаның?!
Түн күліп,
Ай мазақтап қылжақ қылды.
Қаны бар қазақ көрсе кім жақтырды!?.
Мысығы алауыз бен
Керауыздың,
Есігін киіз үйдің тырнап тұрды.

* * *

Қайнаған тірлік, қайыр қош,
Білер ме жанның жайын дос.
Сүрінген сәтте сезілер,
Ер ауған күні айыл бос.

Кіжің-кіжің керілдек,
Кіжініп шығар тебіндеп.
Кешегі жүрген көп жолдас,
Көңілмен сүйіп теңім деп.

Буынсыз жерден кілтілдер,
Суытып түрін тілсіз кер.
Адал ерде аңғал көп,
Достарым бар деп жүрсіздер.

Сүрінген күні ұтылды,
Сүйенер жан жоқ тұтылды.
Мың жігіттен бір жігіт,
Қасында қалса шүкірлік.

* * *

Қырғидың кату қабағы,
Қалт етсе елге шабады.
Әспеттеп жүрген әтешті,
Кекілден ұстап сабады.

Ата қаз қашып алқынды,
Қырғи салды жарқылды.
Біз сенің сонда көргенбіз,
Кер әтеш көтеу артыңды.

Өзіңді дара сезінбе,
Әдептен аттап безінбе.

Көктен қырғи келмесін,
Көсемсіп тұрған кезінде.

Алтынмен аптап қарадық,
Күміспен күптеп тарадық.
Қадірін соның білдің бе,
Суыды көңіл, аражік.

* * *

Қардың басын бұрыннан да қар алған,
Ақ пен қара, бақ пен сордан таралған.
Күштілердің ақыл айту міндеті,
Әлсіз байғұс тыңдау үшін жаралған.

Мінбесінен көкек сайрап жұлқынар,
Ала қанат, кекілі де бір тұмар.
Қарқылдасып қарға тыным бермейді,
Қараниет көмейінің құрты бар.

Өзі біліп арыстан жүр, пілменен,
Үрейленіп есігін еш ілмеген.
Азулылар ақылдасып кеңеспек,
Бүгін тағы кімді жейді, кімменен?!

Пілге барсам өз тұмсығын бұлдайды,
Кімге барсам ақиқатты тындайды?!
Ей, қара жер, қайда алып барасың,
Ұрыс-керіс, кіл дұрдараз, қырбайды?!

* * *

Сенің жаның, ақ ниетің мөп-мөлдір,
Көздерінде көктем жүр.
Ақша бұлт боп аспан жақтан қараймын,
Біздің көңіл шеттеп жүр.

Сен іздесең мен тұрармын күн жақта,
Нұрға шомыл, үн қатпа.
Кірпігіңе ақ сәулемді моншақ қыл,
Көңіліңді, көз жасыңды құрғат та.

Сен өзінді ай тербеген самал де,
Алтын тектес бағам де.
Бұлбұл торда, мың құл жолда, сапарда,
Өмір солай, амал не?!..

Қара тобыр өзгертеді сүр-өңін,
Әлдекімнің олжа қылып шүленін.
Күн де біреу, мен де жалғыз, ал жерде,
Сен де жалғыз жүр ме екенсің, жүрегім!?!..

АЛАШ

Бұл да бір,
Ақ берен бе, көк берен бе,
Мұндай ер өткен тарих, көп көгенде.
Желіден құлын көрсе басын шапқан,
Кермеден өлген өгіп, өтпегенде.
Қызыл қан
Қылша мойын, көкмайнақ-ты,
Жау аңдып, жер бетіне көп қоймапты.
Нарлардың жанын алып
Тік тұрғызып,
Қайтесің бармақ шайнап, өт қайнапты.
Өт қайнапты,
Өксігін жұтқан тұлып,
Салыпты жүрек тұрған тұстан құлып.
Ту жасап терісінен
Ұлттығыңның,
Тау жасап сүйегіңнен ...Стан құрып.
Зәр қатып санамызға, ділімізге,
У жетті ұраны жат түбімізге.

Біз сонда
Ұзақ жылдар өліп қалдық,
Ал, қазір тіріміз бе!?!..
Білмеймін!..
Өлгендердің біріміз бе?
Өлген болсақ
Неге біз, мал-жандымыз,
Үңіліп өліктерге таң қалды құз.
Біз бұрын:
Ұлтпен өлшеп ғұмыр кештік,
Ал, қазір ақша дейміз – жалғанды Біз!..
Қызыл сөз,
Қызыл жала, Алаш Орда!
Қаңқасы қансырайды қара сорда.
«Қазаққа тойдым» – дейді ажал байғұс,
Сонда да талас көрге, талас орға!
Алаш тор да, Алаш сор да, Алаш Ор-да!
...АЛАШОРДА!
Ол Алаш баяғыда өткен Алаш!
Ажалды өзі барып өпкен Алаш.
«Өз иттері» жабысып
Сіңірінен,
Сілкілеп қызыл қанын төккен Алаш!
Бүгінгі Алаш:
Ертеңгі жоқтауымыз.
Бір жылсақ мүмкін бе тоқтауымыз?
Ал, жақсы,
Шыдамдымыз, Біз – мылқауымыз,
Мылқауды да заңды ма, соттауыңыз!?

АҚ КЕЛІНШЕК ЖӘНЕ ҚАЗ ЖҮРІСТІ ҚАРТ

Ілесіп мыңы келді бір дұшпанға,
Шоқ шайнап, қалың елім күл құсқанда,
Бірігіп кәпірменен жанымды алған,
«Банды» боп біздің шалдар жұлқысқанда.

Анау қарт
Қаз жүріске салып-ақ жүр,
Күнінде көсем болған құл-құтпанға.
Көрмепті бір қақалып
Қылқанына –
Ауылды аймағымен қылғытқанда.
Әлі де «АҚ ҮЙ»
Көрсе көлеңкесін,
Жылқыдай үйездейді шыбындаған.
«Ақ үй»-де ақ келіншек сияқты ғой,
Көз тартып көлденеңдеп жымындаған.
Сары үстел,
Сары табақ,
Мөршіл билік –
Ашпауға тырысады сырын маған.
Өтті өмір,
Жоқ заманың екі келмек,
Қолына мақтау қағаз тие қалса,
Келеді кемпіріне кекіреңдеп.
Қара мөрді
Ақ саусақ аялайды:
«Бұл өзі жоғарыдан бекіген» – деп.
Бізде де
Бір кемпір бар мақтаналық,
«Ақ Үй-жан» –
Ақ келіншек, ал, неңіз бар,
Ақынға бөлек қойған, сақтап, алып?!

СЫРТ КӨЗ

Қашанда достан тілек, жаудан жарак,
Мал бағып несібесін сауған қазақ.
Көзіне көк аспанды
Қонақ қылып,
Қонысын күн жаңартып ауған қазақ.
Ақ бота,

Желі құлын,
Көген қозы,
Ақ шұбат, құнан қымыз, саумал қазақ.
Сталиннің мұртындай –
Бір қара бұлт,
Манадан тұр көз алмай таудан қарап.

* * *

Ақ қанат жырым, ақ парак,
Құлайсың тәй-тәй аттап ап.
Арулар сені мақтап жүр,
Алқымы мамық, ақ тамақ.

Көгершін жырым, көктегім,
Айтады саған өкпе кім?!
Жүрегім менің – жұмыр жер,
Жеті қат жырды сөкпегін.

Аспанмен туыс бұла жыр,
Құласаң көктен, құла жүр.
Мұқала қоймас дегенмен,
Мұң айтып өскен мұнар ұл.

Шарғанды біл де шаптықпа,
Не жетсін салқын сақтыққа.
Біздегі намыс – отты өлең,
Өлесің отқа бас тықпа?!

* * *

Кінәліні іздеушіміз әлі біз,
Кінәліміз шындығында бәріміз.
Оған куә жанымыз бен тәніміз.

Ақылдымыз өзгелерді сынағыш,
Жалғыз ескек, жамау желкен, сыңар іс.
Шындығында ақыл бізден тым алыс.

Өкпеліміз шыдамаймыз шыртылдап,
Екі иықта періштеміз тұр тыңдап.
Табалауға шеберміз-ақ жырқылдап.

Өзімізді кешіргіш-ақ жандармыз,
Кешіп-кешіп кенжелеп-ақ қалғанбыз.
Талапсызбыз, бірақ таудай арманбыз.

Сан қиялды жастап алып қалғыған,
Сенің биік ұшарыңа бар күмән.
Білетінің «білем» деген жалғыз ән.

Тылсым әлем тырнағын да жасырмақ,
Білген елдер жоқ іздеп жүр ғасырлап.
Елге қара етегіңнен басыңды ап.

Кінәліні іздеушіміз әлі біз.
Шындығында кінәліміз бәріміз.
Оған куә жанымыз бен тәніміз.

* * *

Ақтылы қойдай төбешік,
Алдымнан менің өре шық.
Жабырқау көңіл мысалы
Момақан мола, көр есік.

Аңқасы кеуіп шөлдеген,
Көр ішінде көлденең,
Шейіттер жатыр ыңырсып,
Шемені қоздап өлмеген.

Бабамнан қалған алтыным,
Бағзының зауал-зарпымын.
Құлының едім Маңғыстау,
Құрсауда жүріп тарпыдым.

БІЗГЕ БІТКЕН БОЗ ЖУСАН

Бәйгі берді шабанға,
Төр сыйлады наданға.
Бізге біткен боз жусан,
Тапталып жатыр табанда.

Құрағын іздеп көл келді,
Өзімшіл кілең өр келді.
Бізге біткен боз жусан,
Боз төбеде өлген-ді.

Аяққа солай басылды,
Өз бойын өзі жасырды.
Бізге біткен боз жусан,
Бағасын білсең асыл-ды.

Бұл неғылған құрғыр-ды.
Тұлымдыны тұл қылды.
Өзіне біткен жусанды
Өкшелеп жүріп құм қылды.

* * *

Бодан болдым, сен айырдың еркімнен,
Селбесіп-ақ күн кешіп ем сертіммен.
Өгіздеймін қамытбауым қан сірке,
Соқа сүйреп тер сіңген.

Ыңырандым, ыңырсыдым, ықтадым,
Оңашада себездедім, шықтадым.

Ақ жаңбырдың арасынан жол көздеп,
Ақ туымды жықпадым.

Жасын ойнап жанның оты күйдірді,
Шыдам берді, тағдыр солай сый қылды.
Тәуелсіздік іздеп келді құштым мен,
Маңдайынан сүйдірді.

Сүйдім бе өзі, шыныменен маңдай ма?!
Қайда кетті?.. Көз алдымда қалмай ма?!
Қой шын шығар!?..
Шыныменен сүйдім мен,
Алдамайды!.. Алдай ма?!..

ЕСКІ ҚАЗЫҚ

Ойылған көздің жасы дүр,
Ой жеген ердің басы бұл.
Қашаған¹ айтқан асылдың –
«Өл-тіріде бәсі бір»

Көшкен жұртта қазық тұр,
Көргенін жерге жазып тұр.
Іздеген жанға мың дерек,
Із кескен жанға азық бұл.

Ат байлады кім келді,
Үнсіз... бәле тілден-ді.
Қазыққа қатқан қан көрдім,
Кім екен шапқан іргемді!?

Қайғыдан қазық талғандай,
Үзілген арқау жалғанбай.
Қадалып жерге қазық тұр,
Жүрекке қанжар салғандай.

¹ Қашаған – Қашаған жырау.

* * *

Ғапыл көрдім айтарының бәрі нық,
Күрсінеді ақиқатқа шағынып.
Көз алдымнан өмір өтті дастан боп,
Шексіз арман, ақ үміт.

Ғапыл көрдім сағым сынды шілдеде,
Өмір сүрмек, кім, неге?!
Неге жүрміз не бітірдік, не бітпек,
Өлім шындық, өмір түспен бірге ме!?

Бар шындықтың сол қазығы ақырғы,
Жалғаншыңыз ғапыл-ды.
Сүйіп үлгер құлға құлша құшақ аш,
Алыс пенен жақынды.

ҚАЗАН ҚАЛАСЫН КӨРГЕНДЕ

Самсаған мешіт сары алтын,
Жаңарсын Қазан, жаңарсын!
Жиғаның болса базарың,
Иманың болса адамсың.

Намазға салған гүл-тамыр,
Шақырып азан шырқа бір.
Әруақтар рух жайласын,
Қиылған мойын қылша бір.

Еңбек пен атқан таң алып,
Ебімен келген жаңалық.
Келеді Қазан¹ бой түзеп,
Тоты да құстай таранып.

¹ Қазан – Қазан қаласы.

Туысқа бізді теңеңіз,
Желкені бірге кемеміз.
Екі де жарты бір бүтін,
Сүйенісіп келеміз.

КӘРІ ҚҰРЛЫҚТЫҢ МҰНАРАСЫ

Өректіп өзін қорлайды
Керексіп жатты толғайды.
Өзге де жақсы дегенмен,
Өзіңнен артық болмайды.
Парижге барсаң сұлу-ды,
Сұлудың торы құрулы.
Көңілім шықтап елді ойлап,
Көкбөрі болып ұлулы.

МЫҢ АЛҒЫС ДӘМ-ТҰЗЫҢА

(Әмудің гөзелдері)

I

Мынау тұс біз көргенде өзен бе еді,
Өзен бе еді, өзгерген, не көрмеді.
Қош енді қоңыр қаз бен ақ шағала,
Әмудің гөзелдері.
...Гөзелдері.

Жасыл бақ қайда кеткен орманы жоқ,
Орманы жоқ, ол енді сорлады көп.
Ұсынды ақ парақты ару келіп,
Әмудің қолыменен дәру беріп,
Қалдырған жырың еді сондағы деп.
...Сондағы деп.
Сыңсыды селдіреген орманы көп.

Әмудің гөзелдері,
Гөзелдері.
Қайда әлгі өзендері?
Таранып тоты құстар,
Сәнденіп сәмбі талдар,
Неліктен безенбеді?..
Әмудің гөзелдері,
Гөзелдері.

II

Сайраған сандуғашым, ән – бесік, жыр – құндағым.
Жабырқап тұрмын жаным.
Құрбымның құм бетінде оймақтай ізі жатыр,
Өзі жоқ құрғырлардың?!..
...Гүл қыздардың.

Әмудің гөзелдері, гөзелдері,
Бар еді балдан тәтті сөз өрнегі.
Маңырап жан жүрегім, маңыстап елжіредім,
Қозыдай көгендегі.
Әмудің гөзелдері.
... Гөзелдері.

Ойнаған мекенім ең, ой кезіп кетемін мен,
Қалдырма жетегіңнен.
Тербеткен сағым белім, Әмуім әнім менің,
Мың алғыс дәм-тұзыңа қара нан шекеріңмен.
...Қара нан шекеріңмен.

Ел ауып тарыққанда, құшаққа алған едің,
Өртенген тағдырлардың өзегін жалғап едің.
Жан туыс көңіліңе, ән туыс өңіріме,
Саз шертіп салған едім.
Сарғайған таңнан едім,
Жанкешті арман едім.

Бас идім барлығына, кіндіктің қаны қалды,
Қария кемсеңдейді әкемді танып әлгі.
Көз көрген көп жақсының еріні маңдайымда,
Селдетті жаным әнді.
...Ел кетті, әні қалды.
Бәрі қалды... жалған екен..., ештеңе емес мәңгі!

ИЕ МЕН КИЕ

Бабасыз болмас баласы,
Бірі тон, бірі жағасы.
Жер иесі – Ер Адай!
Ел киесі – Пір Бекет!
Адайдың алтын сағасы.
Атасы – Ұлық,
Ұлы – Пір,
Үш жүз алпыс Әулие,
Тайдырмас тірек, тағасы.
Иман-әдеп, салт-дәстүр,
Маңғыстаудың бағасы.
Алласы сүйіп
Бақ берген,
Құр емес шығар шамасы.

ТАМШЫЛЫ

Ақсақал анау бас болып,
Артынан ердік жас болып.
Біздің тарих жылап тұр,
Тамшылы тауда тас болып.

Көзімнің жасы ұласты,
Ұл серуендеп қыр асты.
Ақкетікте Тамшылы¹,
Там-тұмдап маған сыр ашты.

¹ Ақкетік, Тамшылы – қала, жер атауы (Маңғ-да).

Тістеді қанды ерінін,
Жас жуып тұрды көрігін.
Ботадай боздап емгенмін,
Аруана қырдың желінін.

Таңдайымда нәрі тұр,
Тамшылы тарих – кәрі сыр.
Көп тілінген маңдайда,
Көрер жанға бәрі тұр.

ҚОЛЫҢА ҚАРА!

Өлтіріп жатыр,
Өрт іліп жатыр, дерт іліп,
Тел шыбық жатыр мертіліп.
Қай жаққа алып барады
Оқ жылан жолдар серпіліп.
Ажалдан алған сыбаға,
Қан құсып жатыр мына ара,
Қарауыл төбе мұнара.
Жағадан қолы кетпеген,
Бұл әлем солай тұра ма?
Естісі қайда, данасы,
Адамның азды баласы.
Жазылмай кетті жарасы.
Адамзат қолың қызыл қан,
Қолыңа бір сәт қарашы?!..

АДАММЫН ДЕЙСІҢ

Адаммын дейсің ал жақсы,
Арыңның бетін шаң басты.
Ісіңіз қандай бар жақсы?!..
Ашылды әлем етегі,
Ойнадың біраз жетеді,

Шындық пен шырғал қалжасты.
Түңіліп сенің түріңнен,
Дүние іздеп жүгірген,
Шегініп орман, тал қашты.
Жауызға дауыл жалғасты.
БІндының сенің тоймады,
Бірқыңмен шайтан ойнады.
Құрлық пен құрлық соғысып,
Қан төккен күнін тойлады.
Ұймаға батты бойлады,
Ұятсыз-арсыз ойлары.
Жасынан көздің бақ іздеп,
Жасырын жүріп тақ іздеп,
Көсеуге шокты көрсетті,
Көбірек қанын ағыз деп.

* * *

«Елміз» дедің, сосын, мен де «ел» дедім
Соны айтқан сен бе едің?
Шапан киіп, бата алғансың білемін,
Көп кешірдім, көкірегім кең менің.

Қаһарлансаң опырылып жер түсті,
Ел көзіне қайғы қатып, шер түсті.
Саған сеніп келем еріп ізіңнен,
Кешіп өтіп Еділ менен Ертісті.

Ой-жасаған!..
Мырзалығың тым бөлек.
Бізге осы бұйырғаны жыр демек.
Қара мысық қалғып отыр ойланып,
Ошақ түбін іргелеп.
Мен де қалғып қоса қабат мүлгідім.
Сырын білер кім мұның?!
Есінеумен өтті менің өмірім,
Құдай өзі білер-дағы құл мұңын.

* * *

Жетектей бер біз бұйдалы түйеміз.
Жердегі Сіз-Иеміз!
Күліп тұрып айта білсең өтірік –
Жылап тұрып өзіңізді сүйеміз!..

Біз тауыстық бұл көңілдің шарасын.
Не дегенмен дарасың.
Ағажан-ау, алдың тұман, артың шаң,
Қайда алып барасың!?..

Мезгіл қандай?..
Таң ба, түс пе, сәрі ме?!
Адасып жүр жас, жасамыс, кәрі де.
«Қайда алып барасың» – деп қақсаумен,
Келер жердің келіп болдық бәріне.

Мың адасқан жолаушы едік,
Жолы жұт.
Қалдық көштен қол үзіп.
Үркер болып көшіп кетті аспанға,
Көңілдегі толы үміт.

Үш ай тоқсан, үркеріміз шалғайда,
Оны білер шал қайда?!
Қарияңыз өз қорасын көрсетіп,
Дей береді мал қайда?!
(Мал құрыды.. Онша емес, хал-жай да.)

* * *

Қара шалдың бір қайғысы
Кер үлек,
Мақтайды жоқ теңі деп.
Бір тұмсаны қосты әкеліп қасына,
Осы еді бір кемі деп.

Тұмса білді бұл жүрістің мәнісін,
Өмір сүрді кер үлек пен шал үшін.
Адамдардың түсінбеді бірі де,
Туған жанды мал үшін.

Бір келеге ана болды тұмсасы,
Кер үлектің жоқ, сірә да, құлтасы.
Бірді біреу түсінуге келгенде,
Адамдардың малдан төмен ынтасы.

Шал өлгенде,
Тұрды онсан нар жылап,
Зар дауысы құлағымда қалды ұзақ.
Өмір бойы бірге жүрген достары,
Күліп тұрды ал бірақ.

ДҰРЫСЫН БІЛ

Төтен ерлік ер жігітке не берген,
Әлін білмей ажал құшты, жастанды.
Жолбарыстай туысы бар дегенмен,
Мысық иттен жөн көреді қашқанды.
Кім айтады ойсыз пенде оңған деп,
Есер көрсен: «Атаң Ер» – деп есіртпе.
Менің бабам динозавр болған – деп,
Бүгін кімді қорқытады кесіртке!?!
Текті болсаң әкелерге сай болғын,
Ісін жалға, ерге серік ар-намыс!
Хақтан тіле дұрысын біл қай жолдың,
Ақ арманын алыстарға жалғап ұш!

КІМ ЕКЕН!?!..

Тіріміз ғой,
Ал, ойналық, күлелі.
Ілбіп басып жүрелі.
Тыныштық пен арасынан соғыстың,
Саясаттың саудагері күледі.
Анау орда құл қалған,
Мынау сорда ұл қалған,
Қара шыбын қайғы айтады ызындап,
Өрмекшінің торына кеп шырмалған.
Шындық емес!..
Шыңғыр!.. Егес!..
Бұл жалған –
Елес сынды нұрлы арман!..

УАҚЫТ ПЕН БАҚЫТ КІМДІКІ!?

I

Су астына ау құрған,
Су үстіне тау құрған,
Түленге табан тіреген,
Терінді тұзбен іреген,
Желкеңе мініп түлеген,
Түлкі құйрық қарсақтай,
Жымиған жуас күлеген,
Қолында кімнің дүние!?!..
Қолында кімнің дүние!?!..

II

...Уақытты да,
Бақытты да иелеп,
Дүниені күйе жеп,

Аярлардың аспан бетте тұрағы,
Шындық жатыр үйелеп.
Төбе құрбан, тау құрбан,
Мүддесіне жау бұрған.
Мәнсіз әлем,
Заңшыл әлем,
Зорлықшыл,
Біз шаршадық қарарың мен қаулыңнан!
Сол бір арна, сол ағын.
Сен сергелдең, мен пұшайман боламын.
Ғылымменен уақытты да тоқтатып,
Қол жетпейді деп жүргенде жоққа түк,
Оқсатып:
Бір мезгілде Өткен.., Бүгін.., Ертеңнің..,
Кілтін алып кетпесін де Соларың!..

ҚАНСОНАРДЫҢ ҚАҢТАРЫ

Таусылмайтын қансонар,
Қансонар емес жан-сонар,
Қаныңмен бояп тон жуып,
Көз жасыңмен қол жуып,
Бармағын жалап бал сорар.
Кім екен, сонда, ал солар?!
Көңілі көптің қылаулы,
Әлемің, әне, жылаулы.
Тәлкектің мына шешімін,
Тәңірден ғана сұраулы.
Қан-қан да болған әр таңы.
Қаншама сұмдық бар тағы!?!
Желтоқсан өтті, алда тұр,
Қансонардың қаңтары.

ЕР ГӨКЛЕНДІ АҢСАДЫҢ

Мақтымқұлы гөклен қайда, гөкленің?!
Қайғы айтқаның қапаланып неткенің.
Мен өзімде өкпелімін заманға,
Осы болды жеткенім.

Мақтымқұлы ер гөкленді аңсадың,
Шерттің шерді, шемен ойды тамсадың.
Тағдырыңды Түрікменіңнен бөлмедің,
Көңіліңде кетті сенің қанша мұң?!

Мақтымқұлы гөклен қайда, гөкленің!?
Онсыз сенің келмей қойды көктемің.
Менде жүрмін сайғақ санап моладан,
Ерен қылыш, ерлерімді көкседім.

Гөклен қайда таптыңыз ба бабасы,
Көңіліңнің басылды ма сабасы.
Мен де жүрмін ұран күтіп, ұл күтіп,
Ұлттың солай таусылды ма шарасы.

Мақтымқұлы гөкленіңді жырладың,
Мен де жырды үмітпенен сырладым.
Сыншыл ақын, міншіл ақын жөнелер,
Сен аман бол, туған елім, қырларым.

Тынышпын мен, тұнжыраған көлдеймін,
Күн туысым, көкке қарай өрлеймін.
Қазақпын Мен сексеуілмен тамырлас,
Өртесең де, шапсаңдағы өлмеймін.

Мақтымқұлы жан күйіңді сезіндім,
Келмес енді кемел күннен шегінгім.
Мен көтермей кім көтерер көк туын,
Қазақ деген қасиетті Елімнің!..

Мақтымқұлы сенің үнің шамшырақ,
Таңдайыңнан сүйген болар таң шылап.
Топан суға тоғытып ап жырымды,
Өзімді-өзім өрге жүздім қамшылап.

Мақтымқұлы маған жақын қайғыңыз,
Сары дала, кәрі мола, айлы күз.
Бұлт боп көшіп бара жатсың төбемнен,
Шың басына дастарханын жайды күз.

«Ұл сүйінсін, ұлтын ойлап зар болсын,
Жүрегінде Тәңір аты бар болсын»
Екі халық қазақ-түрікмен ер туған,
Ер халыққа енді құдай жар болсын!

Деп тіледің, мен де соған тілекші,
Дау тұқымын, жау тұқылын кім екті!?
Ер туған ел екі халық дос-тамыр –
Бірге түріп шыға келсін білекті.

ОҒАН ҚОЛЫ ЖЕТПЕДІ

Ойсыз надан ойнап өлер жалғанмен,
Жә, ойнасын, ерікті.
Күнді көрмей көзін жұмып алғанмен,
Құрдымға кеп құлап түсті, не бітті?!

Күн күлімдеп сол баяғы тұрысы,
Жарқырайды, жанады.
Күн екенін мойындау ғой дұрысы,
Көзін жұмған өз шекесін жарады.

Қызғаныштан күннің бетін тырнамақ,
Оған қолы жетпеді.
Көзін жұмды көрмейін деп бір қарап,
Сорлы неме сорға батты, неткені?!

.....
Күнді сүйсе,
Менше сүйсін, бұл Қазақ!
Бірін-бірі: – «Күнім!..» – десін шын Қазақ!

ПІЛ МЕН ТЕБЕНТҰМСЫҚ

*Пілдің бойындағы арам қандар мен ірің-жараларды тазалап,
шыбын-шіркей дерт көздерінен сақтандырып отыратын өзі бар-
мақтың басындай ғана, бірақ тұмсығы тебендей өткір де ұзын бір
құс бар көрінеді. Пілдің жон арқасына қонақтап алып бірнешеуі
іске кіріскенде, Піл есі танып, ашуланып, аяусыз жауласып, сол
құстарды жанынан аластау үшін барлық амал-айлаға барады
екен. Бірақ тебентұмсық құстар болмаса, Пілдер қанға түсетін
жұқпалы мерездерден қырылатынын және болашақтарының жоқ
екенін білмейді. Кейде, қоғам, ресми билік иелері де сол ашулы Піл
сияқты, сөз иелерінің, тілшілердің жанайқай парыз-тілектерін
жау ісіндей жатсынып, тулап жатады. Әрине, тұмсықтың бә-
рі бірдей пілдің болашағын ойлайды деуден де аулақпыз.*

Ақпараттық естіміштерден

Мынау Піл ғой бәрі осының қолында,
Өлім құшпақ жатқан жандар жолында.

Қаншама күш, тал бойының тұрысы,
Бұған енді жоламаған дұрысы.

Өтіп жатыр төбесінен залым күн,
Тұмсығы мен арасында қарынның.

Өңкей Піл боп қауымдасып жүреді,
Патша өзі, Патшайым да бір өзі.

Тамшы суды тартып ішіп алдыңнан,
Бір күніңе, тірлігіңе зар қылған.

Сан Серкені жерге аунатып шаң қылған,
Не бір көкжал қашып-пысып қаңғырған.

Піл артылса түйені де майырған,
Талайлардың таңын солай айырған.

Өзі білмек, қандай бағыт ұстанбақ,
Тек қасында тебентұмсық құс қалмақ.

Құс байғұстың бар білері тазалық,
Оғанда Піл жатыр әне, жаза ғып.
Піл аунаса мың қоғаны жапырмақ,
Тамырымен қопарады тақырлап.

Тебентұмсық тазаламақ дертінен,
Піл алыспақ ашу-ыза өртімен.

Пілге бірақ ақыл айту мүмкін бе?!
Жылағым да келер менің күлкім де!

Басын көрсең жұмыр жердің жартысы,
Ісін көрсең кара орманның әртісі!..

Жылап-күліп, күліп-жылап тұрамыз,
Неге олай Піл-Көкемнен сұраңыз!?..

Сен қайдасың Тебентұмсық түстің бе!?
Жүрсің бе, әлі, Піл-Дәдәмнің үстінде.

Піл болмаса, иесіздік орнайды,
Иесізді ит пенен құс торлайды.

Басы үлкен болғанымен бұл Пілдің,
Ақылы аз, соған енді шыр-пырмын!..

Біздің билік сол ашулы Піл сынды.
Піл болсаң да тыңдап үйрен ұлтыңды.

* * *

Ұяң сәуле – ұяң жүндей үлпілдек,
Ұяңсың-ау шіркін, көк.
Ұясынан күн төгіп тұр ақ нұрын,
Біздер өмір сүрсін деп.
Сәулесін-ай жарық күннің тәп-тәтті,
Жастығыма жарық нұрын жастапты.
Біз өмірді рәсуа қылған соң,
Күн де қаша бастапты.
Батқалы тұр, өкпе-назы бар сынды,
Ақ сәулесі сарқылды.
Ал содан соң бұқа мүйіз кара түн,
Қаратауға артылды.

* * *

Желбегей қыр күміс түйме, шашбаулым,
Шыңырау көк, астау күн.
Қандай ауыр білесің бе екенін,
Өзің жайлы бастау жыр.

Қылау құмның ақ тозаңы бүркініп,
Кезбе құйын жер жыртқығын жүр тігіп.
Көшкен сағым, өшкен жалын аңызак,
Қарап қалған іркіліп.

Мен бір жүрген жолаушымын дедім де,
Сорды сығып, тұзын жақтым ерінге.
Сорлы ақыным жалғыз қайда барасың,
Еліңе қайт, – деді маған, – елірме!

Содан бері қайта жүріп келемін,
Сен де бір сол таптырмайтын ел едің.
Мен өзіңді іздеуменен шөлдедім,
Саған бірақ жоқ та шығар керегім.

* * *

Қарабарқын сорға біткен бұтадай,
Бұлттан шықты жұтап ай.
Қара кемпір от жақпақшы ошаққа,
Ол да қойды тұтамай.

Түннің көзін қап-қара жас торлап-ты,
Қалжырапты, сорлапты.
Таң иегін тауға сүйеп егілді,
Содан басқа жанашыры болмапты.

Қап-қара түн қара қоға секілді,
Түршіктірді етімді.
Жарық күтіп жағаласып келеміз,
Мен білмеймін не тынды!?

* * *

Шая болды, ежегейлеп, кенжелеп,
Өспеген ұлт, дерт жеген деп жел-кебек.
Дәні жоқ-та қауызы бар
Бос кеуде,
Кімге сондай ел керек!?
Жатып алған мен де жалқау, шегіншек,
Кел екеуміз енді бірге егілсек.
Бұл дүние қалтамызда тұрғандай,
Дұрыс болмақ не білсек!?
Білгеніміз алты қырдан аспады,
Сосын тоза бастады.
Талайларды өткіншісі жылатқан,
Өмір ғой бұл, қасталы.

* * *

Шырша торғай жаңғақ көрсе тамсанар,
Әркімге бір қансонар.
Бір Тәңірдің апарады алдына,
Сансыз сұрлеу, бар сонар.

Шыртылдатып қоңыз біткен қанатын,
Ескі әдет, жаңа түн.
Адам отыр құбыласын ұмытып,
Бақытына баратын

Бір қарағай сұлап барып жан берді,
Мұны орман сан көрді.
Ішіңе тарт қайғың болса көрсетпе,
Сен де суық ал демді.
Солай... Солай...
Орманеке, орай жұрт,
Кімге қанша қалды енді!?!..

* * *

Ұзақ сапар ереуіл ат ентіккен,
Ұзақ күй ғой, шертіп пе ең!?

Неде болса келмей кетті бұрауы,
Қиын енді шыдамы мен шыдауы.

Жан байғұсың шүберекке түйілген,
Жанып-күйген, сүйінген.

Құрсауынан құтылмаған азаптың,
Жаны қандай сірі еді қазақтың.

ҚАСҚЫРДЫҢ СОРЫ

Бөксесін заман күйлетпек,
Көкбөріні-ай сүйреп кеп,
Атасыз анау көп итке,
Талатып ерді үйретпек.

Талап та жатыр таңсыққа,
Әлде бір, төбет, қаншық па.
Байлапты есіл бөріні,
Аунатты иттер шалшыққа.

Шаттанды шулап үрісті,
Иесі иттің күлісті.
Көкбөрі жалғыз иттің көп,
«Көптің ісі дұрыс-ты»

Жабыла талап арланды,
Қыңсылап иттер зарланды.
Өлтірді бөрі бір итті,
Өлгенше бәрі таң қалды.

Байлауда бөрі алқынды,
Қуаты иттің сарқылды.
Әділет болса майданда,
Көрер ем сенің артыңды.

Жалғыз да бөрі жан берді,
Жабылған иттер қан көрді.
Көкбөрі тектес ерлерім,
Иттерден қорлық сан көрді.

Көңілге мұнар орнап жүр,
Көзімді бұлт боп торлап жүр.
Киесін өзі қолымен,
Талатып итке қорлап жүр.

Біріксің ерлер алысса.
Жаманмен жалғыз табыс па.
Иттердің бағы – арсыздық,
Қасқырдың соры – намыста!

* * *

Өмір сол өткен күнді жетелеген.
Жетер өлең
Жазбаймын жаңылыстым,
Жазықсыз жарылыспын,
Өлеңмен қандай тағдыр некелеген.
Бермеймін көңілімді, пейілімді,
Мен саған өрт ішінен бекер ерем.
Жанымды жеп біттің ғой, жетер өлең!
Сенімен қандай тағдыр некелеген!?
Әжемнің қошақаны ем
Жаным жайлау,
Әкемнің балапаны ем көкелеген.
Сарылып сау басыма
Жыр шақырып,
Осылай мен өмірден өте берем.
Қалсайшы көке менен!?.
Қалмайсың қалыбымды мекен қылып,
Алдайсың мекер күліп.
Жандайсың от ұсынған,
Шоқ сыйлаған,
Адастым ақылымнан есен жүріп.
Оңаша от ішінен жаным күйіп,
Білдірмей жан біткенге кетем күліп.
От көрсең көбелек боп ұрынғайсың,
Шоқ көрсең сорлы ақын деп жылынғайсың.
Кет енді жігіт күнім,
Желең күнім,
Бәрібір енді маған бұрылмайсың.

Біз кеттік жанып-күйіп өлеңменен,
Өзіңе мұңым айқын, сырым да айқын.
Бұрылмайсың!...
Ақынбыз не көрмеген!?

* * *

Қайда анау қазақы жыр, көңілім,
Сенің неге жасқа толған өңірің.
Саған берсем болар ма екен бір жамау,
Жүрегімнің қырық тілік бөлігін.

Өмір деген осы енді қайталау,
Біліп тұрып, көріп тұрып байқамау.
Туғаныңнан өлгеніңше дүрелеп,
Ал соны да өмір деп жұрт айтады-ау.

Күн батты да қараңғылық басталды,
Жел іңгәлар бала сынды тастанды.
Домбырамның қағып едім бауырын,
Бал ішектен жас тамды.

* * *

Өңіржиек өзге қыр, әдіптеген,
Қара бау, қара қозы, таныс көген.
Қайғысы ортақ болса да қайран ауыл,
Неге қашып барады алыс менен.

Көгенінде көп тұрған қозың едім,
Мойынымды үрпіңе созып едім.
Сен тағынған орама білезікпен,
Жібек шапан, ауылдың тозығы едім.
...Қозың едім.
Сусар бөрік киінген төбем менің,

Жер нақышын, салыпты көк өрнегін.
Қозы-лақ боп алдымнан маңырайды,
Көгенінен ауылдың өлеңдерім.

Осы менің бал-тамыр елім еді,
Балдан тәтті уызы желін еді.
Бота болып боздайды өлеңдерім,
Құлын болып кісінер желідегі.
...Елім еді.

* * *

Құнан қымыз сапырған, сары қымыз,
Әжемнің әлдилеген жарығымыз.
Тұла бойы құйыннан жаратылған,
Ауылдың жүрек пенен тамырымыз.

Күрең шәй, күлге көмген күлшесіміз,
Бір шамның сөнер-сөнбес білтесіміз.
Қазақ керек болғанда бізбен жүріп,
Құлынға құйын болып ілтесіңіз.

Ботаның қара көзін жайлап алған,
Арманым анау менің айда қалған.
Бар еді бір тұлпарым елден ерек,
Ішінен көп шыбықтың сайлап алған.

Мініп ап сол шыбыққа жөнелгенбіз,
Қозыдай ағытылған көгеннен біз.
Өмірге мынау жарық келіп едік,
Өлшемі, өрнегі жат өлеңнен біз.

* * *

Қызарып батар күннің алмалығы,
Төгілді тауға мұны, талға жыры.
Атар таң не береді,
Не келеді,
Кім біліп жатыр дейсің алдағыны.

Бат енді, сірә, солай, батасыңыз,
Қалғыды төбе біткен атасы құз.
Күн өтті,
Қайта келіп түнің басты,
Ақ төсек, өлі ұйқыда жатасыңыз.

Содан соң таң бұйырса жанығамыз,
Сүрініп көлеңкеге шалынамыз.
Өмір сол – көп орылған алқап сынды,
Мысалы: бидай масақ, тары қабыз.

* * *

Шығыршық сырға салдырған, шырын қыз қайда
шырын қыз,
Сарғайып сені іздеумен, сарқындық білмей сырын біз.
Самаурын тектес сезім бұл, қайнауы жетсе төгілген,
Сағынып өткен ғұмырмыз.

Қаусырма бешпент тағынған, желекті қырдың жайнағы,
Қырмызы қызыл гүл еді, гүлімнің баяу қайда әні!?
Жыр деген боздау ботам-ды, қызылдап оны бір мұң кеп,
Қып-қызыл жүрек жайрады.

Ал, енді көркем көңілім, не десең де сенбес-ті,
Қызғалдақ күннің құлағын, қып-қызыл қанжар жел кесті.
Жер тарпып жүрген құла жыр, құлазып көкке қарайды,
Өткенді ешкім бермес-ті.

* * *

Сен енді, бұл қазаққа қара да тұр,
Ниеті Нілді кешіп бара жатыр.
Сені ойлап таң атқанша тілек қылар,
Кеткенше жұлдыз біткен тарап ақыр.
Тапсырар тағдырыңды желге жылап,
«Аһ» ұрар төбе жайлап, белге құлап.
Еліне аман барсын дейді сосын,
Ал өзі жете алмай жүр елге бірақ.

* * *

Бұлтты емген қошақаным қоңыр кеш,
Сонау асу, жолың көш.

Қас пен көзің нұрлы шуақ,сырдан-ды,
Қозы көште жыр қалды.

Жетті ақын, енді біраз дем алғын,
Жырдан шаршап, тағы содан ем алдым.

Таста деді қаламымды тастадым,
Анам ғой ол, аспаным!

Енді біраз еркелейін еліме,
Еркелетсе Мені де.

Сәби болып жетегіне ерейін,
Құшағымды күнге алыс керейін.

Еркелейін елім ғой деп тынбастан,
Жүрепін Мен, күй керуен, жыр дастан.

Жұлдыз болып, аймен бірге өрейік,
Ата жұртқа біз де еркелеп көрейік!

Жат өлкеден уыз емген ұлыңбыз,
Алақанға зәру болған тұлымбыз.

* * *

Жақын жанға, бауыр көңіл шыдар ма?!
Елді аман қыл, бір Алла!?
Шыңның басын шыр айналар қоштасып,
Ұясынан ұшар сәтте қыран да.
Біздің халық, бізге ғана қандас-ты,
Бауыр ашып құшақтаудан талмас-ты.
Өз елінен өзін қойса жоғары,
Сол бір жанды дей беріңіз алжасты.

* * *

Саз келеді, сағыныш боп, сағым боп,
Жаз дегенде жаным жоқ.
Сүйем оның гүл жазира бақтарын,
Жайқалады аппақ бидай, тарым боп.

Қоғалы көл, қолым жетпес сұлу-ды,
Қаз бен үйрек солай мойын бұрулы.
Құс базары қайнап жатыр беткейде,
Ақ қайыңнан алтыбақан құрулы.

Жер кеземін, ел кеземін, кербезім,
Көкке қадап күрсінеді ер көзін.
Қиқулайсың жүрегімде көп өлең,
Бар, бара ғой, аралашы жерді өзін.

* * *

Алақаны анашым боп үлпілдеп,
Ай сәулесі аялады бір түн кеп.
Қайран анам сені ойлап қамықтым,
Қанды өзегім бүлкілдеп.

Сендей мені кім біледі, түсініп,
Кеттің мені көкке шалғай ұшырып.
Алабұртып көп қараймын бейнеңе,
Батар күндей тұтылып.

Түн көзінен жұлдыз тамып алқынды,
Осы менің жан сусарым әр түнгі.
Анам менің – ақ тілектің уызы,
Желеп-жебеп жата көргін халқыңды!

БІРІН ДЕ КӨРМЕЙ ОСЫНЫҢ...

Жарық күн жаным жарқыра,
Бал бұлақтарым сарқыра.
Шыңдардан шынар еңкейіп,
Саянды түсір халқыма.
Ақша бұлт көшкін, ақша бұлт,
Ақ жаңбыр болсын тасқа құт.
Мал баққан елдің баласы ем,
Жанымды зеңгір аспан ұқ.
Ақ уыз арман
Көп үміт,
Ақ еділ таңнан басталып,
Қайғыны қайтем тасталық,
Сүйінші сұрап
Ақ самал,
Базарын күннің бақша ғып,
Жатайық сырды ақтарып.
Бал шыбық тербеп бойларын,
Балғындар салсын ойнағын.

Жарық күн деген – жан нұры,
Нұрланып жаным тойлағын.
Бұр жарып тұрсын көк орман,
Көп арман күтіп көп алдан.
Бірін де көрмей осының,
Қаншама тағдыр жоғалған.
Қауырсын қанат арманмын,
Қайыра толғап самғармын.
Кұлынды сүйді қария,
Еншісі деп қарғамның.
Мал көрген
Елдің баласы ем,
Сәулесі ырыс таңнанмын!
Ақ уыз аппақ арманмын!
Кіршіксіз таза
Көңілмін,
Жарқыра көкте жанған күн!

* * *

Тал мүсінін жасырғансып иілмек,
Сүйер болсаң, сүйін деп.
Бал құраққа бәрі қызық елпілдеп,
Көңіліңнің біле бермес күйін көп.

Бала ғой ол, бал құрағым желкілдек,
Алтын нұрын берсін көк.
Көктем келді көкорай бел гүлдеді,
Жалғаншыны, жарық күнді көрсін деп.

Тал сүйенді ақ қайыңға шырынды,
Сүрмек жаңа ғұмырды.
Қара орманға бата беріп бақ тілеп,
Бір қарағай көз алдымда жығылды.
...Өмір солай,
Бұл да енді бір үлгі.
Құлағанда бір білерсің құныңды.

ЖЫР-ТҰЛПАР

Тер қатты ма
Тұлпарым?
Жарғақ тоным бар менің жауып көрсем бола ма!?
Көңіліңіз тола ма!?
Неге көкке
Көз тігесің дүлдүлім,
Қара жерден ыңғайлы ма сол ара?!

Тұлпарым-ау,
Жалықтың ба, шабыстан?
Ала байрақ, кара байрақ, көп байрақ,
Өмір-дүбір,
Өтті күндер, өтті айлап.
Сәтті күні
Есеп алар жалғаншы,
Сағат тілі тоқтай қап.
Қайран Тұлпар,
Ентігеді кара тер.
Олжасына иесі мас, есірік,
Мақтанып тұр дәрежесін өсіріп.
Есіл тұлпар
Өлді ақыры тер қатып,
Ит пенен құс жеді сосын көсіліп.

Есек пенен
Жабы біткен күлісті:
«Осы ма деп оза шауып көргенін»,
Енді, әрине, тұлпар күткен ерде мін.
Жырдан қанша
Алып келдім
Мен бәйгі,
Жамылайын тоным қайда, бер менің!?

Ит пенен құс
Біздерді де аңдып жүр.

Омыртқанды онға бөліп кеміремек,
Кім айтты, сол, ақын болу жеңіл деп.
Сөз атасы –
Майқы биден сұраңыз,
Өле білу ол да бақыт елім деп.

Өлеңім тұр,
Құйрық-жалы күмістен.
Жүрегіммен, бауырыммен жылыттым.
Сақта-сақта жыр-тұлпарды ұлық күн.
Кісінейді
Көкке қарап
Ол да, әне,
Кілтін сұрап құлыптың.
Таң мәзірі – Тәңірден,
Не болары Хаққа аян жігіттің!..

* * *

Ұстаттым қылыш ұстадан, кесілгір мынау кескек жыр,
Еселеп кеспей не істеп жүр!?
Екі де көзде бір бұлау, есесі кеткен қан жүрек,
Еңбегім менің еш деп жүр.
Ұстаттым қылыш ұстадан, желменен жемсеп суардым,
Жең түріп енді туар кім?!
Нар қомында жыр қалды, жоқтаулы көзде жас бар ма,
Қан шықты көзден суалды.
Нар шөгеріп жүкті алар, нар ұлдар қашан туар-ды!?!
Қаптаған қара дүрмек тұр, қазақ па мынау, бұлар кім?!
Нар қомында жыр жазып,
Көз жазып қалған шығармын.
...Бұлар кім?!..

* * *

Қазбауыр бұлт боз төбеге айналды,
Қарай-қарай қалтарыста ай қалды.
Үркер үркіп бір қуысқа тығылды,
Бір зобалаң байқалды.

Түн суыды қар қаптады жерінді,
Ер маужырап қарауға да ерінді.
Мұның өзі үш ай тоқсан басы деп,
Кәрі серке мүйіз жанып керілді.

Бүрсеңдеді таң асырған торғайым,
Туған елдің торғайында қорғайын.
Сорлы торғай менен басқа кімің бар,
Сен өзің де білесің ғой ол жайын?!

* * *

Таң нөсерлеп ақ сәулесін ақтарды,
Аққа жуып бақтарды.
Ақ тілегін нұрға шайып үмсынған,
Қайта көргім келеді сол шақтарды.

Айға жұлдыз серік болып жарқырап,
Бақ гүлдейді уыз нұрға малтып ап.
Еріндерін қызыл гүлдің күн сүйді,
Аш белінен тартып ап.

Қалтырайды, діріл қағып, көп гүлдер,
Күнді сүйіп, арманыма жеттім дер.
Аман болсын ауылымның ақ таңы,
Ақ сәулесін жырлайтұғын тек, тіл бер.
(...Бегім-бикеш, шаһзадалы, Бек күндер.)

* * *

Мұражайда мұралар тұр қан-қатты,
Көзінде жас, көңілінде шаң жатты.

Періштесі тіл қатады кім білді?!
Кіл қызықтап жүрген жанбыз бір күнді.

Еріндерін көп шайнаған қара мұң,
Біздер жайлы не білдің дер карағым!?

Не білейік, білгізді ме біздерге.
Санада көз болмағасын іздерге.

Жел желкемнен үзбе деді үмітті,
Үмітсіздік өлтірер деп жігітті.

Қара тасқа қайрап алып жанымды,
Жырлап өтем сорың менен бағыңды.

АЛТЫН ҰЯМ (Ұстаздарға)

I

Сен менің алтын ұям шамшырағым,
Сәулең боп тамшыладым.
Өмірдің өзің бердің жан сусарын,
Көктегім, көк зеңгір мен ғарышдағым.
Бұр жарған бұтағыңнан бүршік едім,
Арманым ең, ақ уыз күлкім едің.
Көргенде мектебімді алтын ұя,
Көзімнің жасын сүртіп іркілемін.
(Бұр жарған бұтағыңнан бүршік едім.)
Тебіскен тай-құлындай мектебім-ді,
Көремін сені көрсем өткенімді.

Жетпегенім өз мінім жалғандағы,
Сенен ғана іздеймін жеткенімді.
Сезім қалды бұл жерде, сағым қалды,
Сағынады сол күнді жаным мәңгі.
Қайран өмір қайтейін қатты екенсің,
Саған пенде бәрібір бағынады.
Тыңда мені біткен жоқ әнім әлі.
Есімде сол күндердің бәрі-бәрі.

II

Ұстазым, ұстазым-ай ұлы даңғыл,
Жанымның саған айтар сыры бар бір.
Шәкірт боп дегенінді жасар едім,
Келмейтін қайта айналып ғұмыр-ау бұл.
(Ғылым ба?!..Ғылым деген шыңырау бір.)
Алтыным, алтын ұям, жұмақтан нұр,
Аумайсың алтын өзен бұлақтан бір.
Түнекті түріп тастап жол көрсеткен,
Шашылған сәуле сынды ұзақтан бір.
..Жұмақтан нұр!
Көзімнің қарашығы, жанашырым,
Кім білер сенен артық бала сырын.
Мен сені сүйіп туғам шаранамнан,
Себебі, мен ұстаздың баласымын!
...Дара шыңым!

III

Қайнарлы білім бұлақ, зәмзәм дедім,
Шуағың нұрдан зият, таңнан керім.
Тылсымның тынысынан ләззат алғам,
Тал бойым тұнып тұрған арман менің!
...Самғар көгім!

Сен деген сағынышсың алтын бесік,
Ер шығар есігіңнен халқым десіп.
Келеді саған қарай алғыс айтып,
Шашу ғып жұлдыздарын бар түн көшіп.
...Алтын бесік!

Кеш мені алтын бесік, ұлағаттым!?
Қол жайып мың кешірім сұрамақпын.
Кеш білдім қадіріңді алтын ұям,
Мен де бір бүршігі едім мына бақтың.
...Кешірім сұрамақпын!?

* * *

Жол ақысы жүрген екен, ал жүрдік.
Сөз ақысын шырын төлеу бал қылдық.
Жол шетінде жалғыз мола, жалғыз үй,
Кеміріпті екеуін де жалғыздық.

Үнсіз мекен, тілсіз бөтен жандарға,
Үндемеді мен үздігіп барғанда.
Үмітінен үкі тағып алыпты,
Тұғыр жасап қолын созды арманға.

Жалғыз үйдің үміті зор әлі де,
Қыс қаһарын тіккенменен кәріге.
Шүметегі шүріппедей шолтиып,
Қара бала қарап тұрды бәріне.

* * *

Ескі керек білу үшін жаңаны,
Жаңа керек жамау үшін ескіні.
Бұл тірліктің қос жағалау танабы,
Міне, солай кескіні.

Жаңаны біл, таңдап алып қарағын.
Ескіні біл тамырыңнан адаспа.
Жарқырайды жаңа күн,
Жарық қой деп жанған отпен таласпа.

От сөнеді жаңа сосын күл болмақ,
Ескінің де елмен бірге құндысы.
Жаңа таңсық жас өрендер жүр қолдап,
Тарих болса – ұлт қуаты, ұл күші.

ҚАЙДА ЖҮРСЕҢ..

Өмір сүрсен жау табылар жан-жақтан,
Қанатына періштенің қан жаққан.
Тәтті сөз бар ішін ашсаң уы бар,
Ащы сөз бар ішін ашсаң бал жаққан.

Сөз тыңдасаң асығыстық қылмағын,
Тарата біл тоқсан тігіс, сырмағын.
Аңсыз болсаң аранға кеп түсерсің,
Салып қояр сау басыңа шырғалын.

Өзіңнен көр, кімді түзеп алмақсың,
Жең ұшынан неге білмей жалғастың.
Және тағы, адал сөздің құнын біл,
Ащы екен деп қапияда қалмассың.

Таразысы таза болсын сананың,
Ит тісінен босамайды балағың.
Асықпағын, ақыл-ой мен сарала,
Қайда жүрсен сабырлы бол, қарағым!..

* * *

Екі әйелдің әңгімесі тым жатық,
Еркелейді бір-біріне сыр қатып.
Көмейінен көмбе сөзді ақтарды,
Сүт сұрауға келгенменен бір қасық.

Еріндері көп түріліп, басылып,
Көп сыр айтты көптен бір сәт жасырып.
Әңгімеден бұзау жасап емізді,
Бір-бірінен қыза-қыза асырып.

Ант ішкен-ді сыр сақтауға ғұмырлық,
Мың ұрлықтың артын ашты бір ұрлық.
Ертесіне елді айналды екеуі,
Естігенін өсегіне жұлын ғып.

* * *

Шеменін шермен қозғап нар келеді,
Айдады сары бура бар келені.
Елпілдеп етегінен құйын тұрып,
Ізінен сол бураның шаң келеді.

Жаулығын түзеп алып қыр қарады,
Түрулі боз төбенің бір балағы.
Күн батты түс ауды да, бәрі өткінші,
Қара түн ай құлағын сырғалады.

Түнімен сары бура күркіреді,
Үркер тұр гүл секілді бір түп өлі.
Шаншылды бір найзағай көкке барып,
Бураның қатып қалған кірпігі еді.

Жөнелді ертесіне бәрі қырға,
Не зауал жоқ дейсіңіз кәрі құмда.
Келесін иесіне тапсырды да,
Белгісіз өліп кетті сары бура.

* * *

Қайран менің есіл елім, зарығым,
Бабалардың сыбызғы саз сарымын.
Сарнау белдің сәресінде бір зіл бар,
Кеткен кектің кім қайтарар қарымын!?

Біздің тарих көк мес болған көн сынды,
Терімізден тірі айырып өлтірді.
Уыз тарих ұлттан шалғай тығулы,
Көрер екем сенің қашан көркінді?!..

Сарғайыпты қанды ноқат парағың,
Қан шеңгелден босамапты тамағың.
Қызыл шақа жүрек көрдім шыңғырған,
Арасынан азап пенен жараның.

* * *

Ақша қардай аппақ жырды бораттым,
Босқа күйген, тасқа тиген болатпын.
Қара шаштан ұстап алып уыстап,
Өмірімді жатыр менің тонап түн.

Құбыласы өлең болған торғаймын,
Несін айтам ол жайдың.
Менің өзім өрт ішінде жүрсем де,
Қолыңды соз оттан сені қорғаймын.

Жүрегіммен, тілегіммен тербеймін,
Сені сүймек мендей кім?!
Білсем дағы көңіліңді көзіңнен,
Үндемеймін, тілсіз қара жердеймін.

Менің ұлтым, менің жеңіс байрағым,
Жүрегімнің төріне әкеп байладым.
Біздің жүрек өлең айтсын, өртенсін,
Тыңдайтын жан бар ма өзі, қайда, кім?!

* * *

Ақ төсін шағыл ағытпақ,
Ақ шамын жатыр жағып бақ.
Ақ көйлек киген ару жүр,
Ақ түннен олжа алып қап.

Ағарып барып таң күлді,
Арудың сырын тал білді.
Ауылдан ұзап жөнелген,
Айтпайды ару жалғызды.

Ақ сәуле шуақ шашқан-ды,
Ақ уыз көңіл мастанды.
Аттанған әлгі жолаушы,
Арудан шырын татқанды.

Айналып ізге қарады,
Аймалап көзбен барады.
Ақырын сүйді жүзінен,
Ақ күннің аппақ самалы.

* * *

Тау мен тасқа қазекеміз үңіліп,
Бәрінен де түңіліп,
Шөп іздеп жүр тасбақаның ұртынан,
Бұл да енді бір үміт.

Тасбақа да тас бүркеніп қырсықты,
Бере қоймас майлы кемік, іркітті.
Бітей алса болар еді-ау тасекем,
Бізге біткен жыртықты.

Тасекең де шындығында тас екен,
Қазекеңе қас екен.

Алтын-күміс зәулім үйлер немді алған,
Арпа-бидай ас екен.
Жат біткенің пайдасына жетікті,
Құны қанша, не тікті?!
Қазекеңнің тасбақасын аңқитып,
Ауызынан шөбін алып кетіпті.

Несі барын, несі жоғын білмеген,
Жөн сұрайды кім менен?!..
Қазақ қашан болар екен бақытты,
Бір тасбақа шөбін беріп тілменен.

Тау мен тасқа қазекеміз үңіліп,
Бәрінен де түңіліп,
Шөп іздеп жүр тасбақаның ұртынан,
Бұл да енді бір үміт.

* * *

Қара шекпен жамылып ап кәрі түн,
Жоғалғандай тіршіліктің мәні шын..
Таң асыра түсті торғай тұзаққа,
Бір-ақ жұтым дән үшін.

Мен де тұрмын шырғалында өмірдің,
Ой түбіне көмілдім.
Өксігімнің күрек тісін ақситып,
Бармағымды кемірдім.

Түн шағынып айды құшып жығылды,
Қимайды ол да ғұмырды.
Өмір жұмбақ бәрі елес өткеннің,
Өлең жұмбақ айналасы жұмыр-ды.

* * *

Шаранасы шырылдаған бесік күн,
Құндағыңда өсіппін.
Ескі мола ауыл жаққа қарайды,
Бара жатыр солай қарай көшіп құм.
Сағым қашты сонадайдан солқылдап,
Жолаушының жатыр мұңын жол тыңдап.
Не ойлап тұр күміс түйме, зер шапан,
Қара түннің бұйра шашы толқындап.

Қара түнге қарай-қарай сүйінгем,
Ай-ана қаз балапанын иірген.
Езуінен сілекейі тамшылап,
Уақыт маған қарап тұрды бүйірден.

* * *

Жабағысын тастамаған даланың,
Күзеу жырын теріп жүрмін қарағым.
Міне тағы сары қарын күз келді,
Жапырақтар қашты түріп балағын.

Сартап сүрлеу ескіліктің бедері,
Құлағының кереңі.
Өзге айтпаса өзінікін жөн көрмес,
Бір қызықтау ел еді.

Жабағысын жел үптеген боз қырат,
Өлең өксіп, сөз жылап.
Ей, жарық күн, сен де таныс бикешсің,
Тоймайды ғой көз бірақ.

* * *

Сен басқаның етегіне оралдың,
Тозып біттің, тоналдың.
Еріген мұз секілденіп сәлден соң,
Көшкен бұлттай, өшкен оттай жоғалдың.

Рәсуа, зая болған жан едің,
Бір кездері жарқыраған таң едің.
Менен басқа еске алар қай пенде,
Көрсетші, қане, кім!?

* * *

Көңіліңнен көктем көрдім, гүл көрдім,
Мен де сосын қауыз жарып үлгердім.
Жанарыңда ақ сәулелі арман тұр,
Гүлге ғашық күндердің.

Жапырақтан сорғалайды таңғы шық,
Таңғы гүлді қал құшып.
Бар сұлулық бал шарапқа айналды,
Сол шарапты қанжүрегім алды ішіп.

Ер құшағы жалын атты, нұрланды,
Күн болды бұл бір мәнді.
Қуә таңның көмекейі бүлкілдеп,
Күн торғайдың тамағында жыр қалды.

* * *

Жерде қазақ Шыңғыс ханға таласты,
Көкте бабам ұрпағынан адасты.
Менен биік болып көрсін осы деп,
Екі жусан бетегеге қарасты.

Бетеге де бетін тырнап шыңғырды,
Иелемек бір қырды.
Молдаторғай айдар тағып айшықтап,
Соның бәрін сорғалатып жыр қылды.

Жол құйрығын бұлғап ала жөнелді,
Мен білмедім не көрді!?
Абайсызда төгіп алдым ақыры,
Көңілімнің тостағынан өленді.

Самал сүйіп, жел қасыды желкемді,
Кім ойламақ ертеңді?!
Соның бәрін көрмейін деп бір шоқ гүл,
Жылдағыдан кештеу бүрлеп, ерте өлді.

* * *

Сенің көзің маған айтып тұр бәрін,
Түсе қоймас шырғалың.
Сен алдадың, мен алдандым күлдім де,
Жүрегіңді тыңдадым.

Қарпып сөйлеп, көрініп тұр қарлығың,
Арқалағың келіп жүр ме нар жүгін?!
Мен осыдан құтылмақпын қашан деп,
Сендік жүрек маған шақты зарлығын.

Сен кеткесін үш күн жаттым ауырып,
Жүрмесем де жауығып.
Енді қайтып сен бар жерде тұрмаспын,
Осы жолы кетсем егер сауығып.

ҚОС ҚАБЫРҒАМ БІРГЕ СЫНЫП КЕТЕРДЕЙ

Бұлақ көрсең – қазақ көрдің түп-тұнық,
Шырақ көрсең – ол да соның сәулесі.
Дала жатыр байтақ елін ұқтырып,
Жүрегінде көп шүкірлік, тәубесі.

Тауды көрсең – менің халқым еңселі,
Көлді көрсең – менің шалқар көңілім!
Көктем келді – қаз бен үйрек келсе еді,
Ол да менің шат-шадыман өмірім!

Шыңға барсаң – шын арманы жұртымның,
Құзға барсаң, алыс емес аспаным.
Жанартаулар – жан шуағы ұлтымның,
Жел тербейді, ел толғайды дастанын.

Шолпан жұлдыз, темірказық, үркерім,
Мерейімнің көрсетеді асқағын.
Жұлдыздармен менің асыл бір тегім,
Көкпен көшіп, құстарға жол тастадым.

Даңғыл көрсең – ұлы көштен мені көр,
Жаз жайлаған, жанның таза мөлдірі.
Жерін сүйген, елін сүйген Серілер,
Түмен Түрік, алты Алаштың өндірі.

Бір сағыныш, мың арманмын шаршыда,
Ақбөкеннен алдым жолдың үлгісін.
Қарай-қарай бабам кетті артына,
Бізге тастап ет жүрегін бір қысым.

Туған елді баба-жүрек тербетпек,
Бал береді, уыз қатып жырлайды.
Арманына елі менен Ер жетпек,
Елі барда шегер енді кім қайғы?!

Ел тірегін – бар бақыттың ордасы,
Аман болсын алашымның бөбегі.
Алашымды – Тәңір-Алла қолдашы,
Атажұртым – әз жұмаққа төр еді.

Білімді бол, бірлік жеңер сайысса,
Туған елсіз ер бақыты бекердей.
Жалғыз жусан жат қолында майысса,
Қос қабырғам бірге сынып кетердей.

* * *

Ақ шағылға, аппақ сағым ілесіп,
Сай қолаттан сайран көңіл тұр өсіп.
Кез құйынның жылдам екен саусағы,
Арқан өрмек, құм есіп.

Атамекен алты қырдың патшасы,
Қажеті жоқ алтын сарай бақшасы.
Құлын болып құлдырайын мен де енді,
Ауыр ой мен қалың мұңды тасташы.

Елдің қамы берен қылыш ер ісі,
Туған елге ердің байрақ, жеңісі!
Өзіме бер, өзім ғана сүймекпін,
Жүрегім ғой, бұл Маңғыстау, менікі!

* * *

Тастап келген киіксіңіз қай белді,
Дәл қасыма ару емес, ай келді.
Шалқар шабыт шаттық көңіл дос-жаран,
Іздегенге сұраған жан сай келді.

Ақ балтыры ақ қайыңды шеттетті,
Біздің көңіл бек кетті.

Сусын шалық сұрқай сері ер едік,
Шарап келді, шаратабақ ет жетті.

Содан соң ба?! ...Таң асыпты белгісіз.
Ауырған бас, қос бүйірден келді сыз.
Арғы жағын арулардан сұрарсың,
Менен басқа не білмексіз, енді, Сіз!?..

* * *

Аққу іздеп «аһ» ұрады сынарын,
Кімдер осы махаббатты жоқ деген.
Сен де қалқам ағыл-тегіл жылағын,
Ойнай бермей ішке салып от пенен.

Жыла жаным көз жасыңды бұлақ қыл,
Махаббаттың тал-құрағы сімірсін.
Босап алшы, бордай езіл жылап бір,
Сосын қалғып, кірпігіңіз ілінсін.

Көз жасыңмен бір жуып ал көңілді,
Қасірет пен қайғысынан тазарсын.
Сүй бірақ та жарық күн мен өмірді,
Аттай берсең асқар шыңға барарсын.

Тағдыр да сол бір Алланың жарлығы,
Өзгереді мәңгі емес ештеңе.
Сүйе білген жүректердің барлығы,
Бақыттырақ жалғыз ғұмыр кешсе де.

* * *

Періште емес пендеңізде мін болмақ,
Жан шыңғырар, жақ ішінде тіл қоздап.
Ым-жымы бір халық қана ұлт болмақ,
Ырылдасқан иттен басқа кім болмақ!?

Ниет бірге, жүрек бірге, намыстым,
Үнсіз ұғып, тілсіз жүріп табыссын.
Ордаңызда ортақ мүдде болмаса,
Егіз туған ер болсаң да алыссың.

Көздеріне қалам қылып кірпікті,
Қарашығын түртіпті.
Бата қалды, бақ тарады, сөз арзан,
Көп халықты көзсіз надан құртыпты.

ЖАЗАСЫН ЖАМАН АЛАР ТІРІСІНДЕ

Көрініп күндікшінің тілден мүгі,
Байқалды бақай есеп жүргендігі.
Әруағы өлілердің кешірмейді,
Жаласын тірілердің білген күні.

Көкбөрім азуыңды қайрадың ба?
Ит пен құс сен кеткен соң ай қабуда.
Сөз тиіп ас пен тойда құл-құтанға,
Бар шындық өтірікке айналуға.

Ерлердің күйе жақпа ерлігіне,
Кесірі тиіп жүрер кер күніңе.
Әруағы көрініп кеп атқан күні,
Ішқұсаң ағып кетер терлігіңе.

Батырдың өзіне бер сыбағасын,
Хақ куә, дала куә, құлама шың.
Жазасын жаман тартар тірісінде,
Әйтеуір сыбағанды бір аласың!

Өшті өлер, өре тұрған кекті өлер.
Ер өлер, ел жолында текті өлер.
Тарихқа қиянатшыл өзімшілдер,
Тарихтың қанжарымен кескіленер.

Ар-ұят иманына құлып болар,
Қаны су, жүзі қара тұлып болар.
Рухы көрден шығып күнде қашып,
Есігін ұрпағының ұрып болар.

Тартып ап талақ ойдан дара көген,
Не деп жүр қу надандар қара керен.
Өсекші туысының етін жейді,
Немене өсек емей жала деген.

* * *

Бауырмын оттай қызынған,
Дәуірмін оқтай ізім қан.
Жауырмын заман кемірген,
Ауылмын айдай сызылған.

Бәрін де көрген аймақпын,
Тәлімге көген жайнақпын.
Тәрбие-тәлім иманнан,
Иманның құлы – байрақтым!

Апарды көрге табыттап,
Сыпырып бәрін алып қап.
Иман мен сауап жетектеп,
Жаның бір ұшты қалықтап.

Тепкілеп көміп жөнелді,
Дұғадан басқа не берді.
Алладан сауал болған күн,
Ақ сөйлеп пендем көр енді.

ӨЗ ТӨРІНДІ ҚАДІРЛЕ

Айдың көркін күн біледі сен емес,
Күннен басқа тең емес.
Өз шарғаңнан өріс тауып қам қылғын,
Елес қуған ер емес.

Жел базарлап ақ қанатын сыланар,
Қауырсынын сұрап ал.
Өз туыңа тұғыр жасап мерей қыл,
Ту түбіне тұра қал.

Шың басында шынар барын білгенмін,
Сұрамақсың кімнен құн.
Өз биігің асқар ала айбының,
Босағаңнан кірген кім?

Аяласаң өз төрінді қадірле,
Осы сөзім кәміл ме?
Өз төрінде бақ-береке қыдыр бар,
Өзің бірақ білесің ғой бәрінде.

* * *

Кеудені кербез жыр қысып,
Көрінген жерден гүл құшып,
Бұлбұл да жырым бұлағай,
Бұрқанып көкке тұрды ұшып.

Айды да берсең тербеттім,
Күнді де берсең өрлеттім.
Именбей бастым алшаңдап,
Иесі мендей жер-көктің.

Шалқыған шалқар жырданбыз,
Қыдырға қоныс қырданбыз.
Таңдайдан дәмі кетпейтін,
Татқан да жанға бір дәмбіз.

* * *

Түн бесіктеп, ай бағам,
Жарты әлемді жайлағам.
Батыр сынды жатырмыз,
Бес қаруы жайраған.

Нар қомында жыр кетті,
Жар көзінде сыр кетті.
Ала таңнан шу қылып,
Қара тағы кім кетті?!

Жүк ауған күн керексіз,
Ер сүрінбес себепсіз.
Аз ғана күн бой салып,
Жайқалған біз терекпіз.

* * *

Айтылмасын өкпе-сын,
Бұрқанып бура шөккесін.
Аунаса бура өз жері,
Аяғы тиіп кетпесін.

Әр нәрсеге негіз бар.
Ерге де серік егіз бар.
Бұтына тығып бураның,
Басыңызды неңіз бар!?!..

Ақ көбігін шашып жүр,
Аңқасын желге ашып жүр.
Аунаса бура өз жері,
Аяғы тисе қашып жүр.

* * *

Жапырақ жасыл, күн күміс,
Сырласқан жанға түн біліс.
Жаныңды жанып шуаққа,
Қанағат қыл да, жыр ғып ұш.

Алтыннан асыл кемері,
Табан ет, маңдай тер еді.
Бақыттың баян бесігі,
Бабамнан қалған жер еді.

Жаратқан Хақтың жарлығы.
Даламның тау мен нар құмы.
Атамнан қалған мұрам-ды,
Осынша бақтың барлығы.

* * *

Қауызын жарып тірліктің,
Бұр күттім жаннан жыр күттім.
Жапырақ күннен шық тамды,
Жаныммен ұрттап қылғыттым.

Бал-шырын гүлдер жоғалды,
Баянсыз өмір сол әлгі.
Ақ түсіп қара бұрымға,
Ай менен күнге тоналды.

Жан едік жақсы із көрген,
Қайдасың гүлзар қыз керуен.
Қолаң шаш соңғы сонау жыл,
Қоштасып кетті біздермен.

ТЫҒЫЛАРДА ТАУ ТҮСЕДІ ЕСІНЕ

Сөз обалын жүрек білмес құлақсыз,
Ер обалын елі білмес құлықсыз.
Шыңды құшар қар жамылған жылап құз,
Тау жағдайын біз сұрамас, бұзықпыз.

Тығыларда тау түседі есіне,
Шөлдегенде бұлақ қайда деп сұрар.
Пендеміз ғой жасырамыз несіне,
Құзды қажап, шыңды шырғап жеп тынар.

Құс болсаң да Алла қабыл еткен күн,
Талап бітсе, қанат бітсе самғайсың.
Төбе көрсең төбесіне тепкенсін,
Сен өзің де тау боп кете алмайсың.

Көңіл асса көлеңкесін жау көрер,
Аз ақылын шыртылдатып түкірмек.
Түлен түртіп төрт жағынан дау берер,
Бір қанағат қылмай кетер «Шүкір!..» – деп.

Тау қорқады бізді көрсе қашқақтап,
Дау қорқады бізді көрсе дірілдеп.
Пенде кетіп бара жатыр асқақтап,
Ниетінің екі көзі іріндеп.

МЕНИҢ ЕЛІМ – МЕНДІК ОЙДЫҢ АСЫЛЫ

Не жазбағы бар дейсің бе мұның да.
Тонды пішсең, сырттан пішпе ғұмырда.
Дүниеге ат ойнатқан ел едік,
Бұл қазақтың кім жоқ дейсің ұлында.

Әр жусанның өз түбінде сыры бар,
Әр дәуірдің өз күнінде жыры бар.

Әр халықтың хақысы бар Ер тумас,
Әрбір таудың өз биігі, шыңы бар.
Мендік елді мен танымын бастысы!..
Әрбір қазақ – бір Алланың ақ құсы.
Әр халықтың кеудесінде намыс бар,
Ешкім келмес табан асты жатқысы.

Менің Елім – Мендік ойдың асылы!
Бұла сезім буырқанды, тасыды.
Апанында мен бір жатқан көкбөрі,
Әлдекімнің деп жүрмеңдер жасығы!

КІРПІГІ ОНЫҢ БОЗ ҚЫРАУ

Көңілді көрген кімің бар, жағасы жайлау көл сынды,
Кетірді менің көркімді.
Көмейі құрғап ес танып,
Ер мұңайып, ел сынды.
Азаптың бәрі көзінде, қазақтың бәрі шөл сынды.
Базарлы көлде сайран жоқ,
Барады өмір майдан боп,
Босаға тимей ұлына, дұшпанның орны төр сынды.
Шырыл да торғай, шыр қақты,
Бір тамшы қанда жыр жатты,
Торғай да тағдыр ел едік, өлтірді, ойбай, өлтірді!..
Көңілді көрген кімің бар, боз бота сынды боз бұлау,
Кірпігі оның боз қырау.
Бодан да болған заманға,
Сөзімді бекер создым-ау.
Бүр жарып едім сәл ғана, жап-жасыл күйде тоздым-ау.
Орманың ойсыз қалғыған,
Қандай ем енді бар бұған.
Күресін болған күздегі, жапырақ сынды сөз мынау.
Қалғиды сана есінеп,
Нар қомында көшіп ек,
Ұлтының жайын көрмеген, ұйқыдан іскен көз мынау.

Оятар мені қайсың бар, көзімді ашып үйреткін,
Бұйдасын жаттың сүйреттім.
Қалғыған күйде жатсын деп,
Ұйқыны маған үйреттің.
Елімді қалай сүймекпін!?
Күлкілі мендік тірлікке, қарайды көктен күйреп күн.
Таң атты бірақ тұрмадым,
Тұр десе басты ырғадым,
Ай қадап кетті басыма найзасыменен түйреп түн.
Оятар мені қайсың бар, көзімді ашып үйреткін!?.
Атажұрт анау ақ бесік, қарайсың жолға не тілеп,
Ауыл тұр анау жетімек.
Жел үрлеп көрді санамды,
Аранның мынау шеті деп.
Айдамай түсіп аранға, құлауға біз де бекіп ек.
Даланың өңі күл сынды,
Көзіне жас кеп іркілді.
Етегі елпең қалаға, ауылды тастап кетіп ек.
Жусаны қырдың жоғалған,
Жоқ жерден жауға тоналған,
Төс етін жатыр құзғындар бір қарап сосын екі жеп.

ЗАМАНЫ БҰЛТАҢ, ЗАҢЫ ЖАТ

Тобылғы сайда тоным бар,
Тораңғыл сайда жолым бар.
Тоз төбеде ізім бар,
Торшолоқ күнде сорым бар.

Тепендетіп терлетіп,
Торшолоқ жүрмес кер кетіп.
Сүңгілі қалам қолға алдық,
Сүрініп жүріп ер жетіп.

Көп күннің жыртып парағын,
Көп іркілді талабым.
Заманы бұлтаң, заңы жат,
Түсінбей түкте барамын.

ЗАМАНЫҢА ТІК ҚАРА

Үргектейсің, тірек таппай сен неге,
Кімге барып тығыламын мен деме.
Заңды біл де, заманыңа тік қара,
Жерге қарау жеңіс емес пендеге.

Білгендерден біліміңді артық қыл,
Өз орныңа тартып кір.
Өзін-өзі қорғамайтын халықтың,
Несібесін ит пенен құс қарпып тұр.

Қорғансызды басып-жаншып бастайды,
Бір-бір құзғын қолтыққа сап жастайды.
Ең соңында ел болмасын бұлар деп,
Санасының көзін ойып тастайды.

* * *

Ай көрінбес, күн көрінбес түн басты,
Тасқа ұрып, тауға ұрып бір басты.
Айдын көлдің еңсесінен қыр басты,
Төбе біткен түнмен үнсіз жымдасты.
Тау мүжіліп, еміс-еміс бұлдырап,
Бір шалғайдан жетім бұлақ тұр жылап.
Тал иілді тасқа басын ұрғылап,
Көк жапырақ аша мойын құр құлақ.
Қара түннің қарашығы еңсер-ді,
Қара жер де қалыбында теңселді.
Жанға серік жан бар еді құшақтап,
Тас түнектен қорғаштадым еркемді.
Құшақтай түс...
Қалқам мені сен де енді!..

* * *

Таныс көше, тар көшелер талаңғыр,
Кеңдік болмас саған бір.
Батпақтардан бас көтеріп тұра алмай,
Екі етек, бір жаға мен заман жүр.

Бағаналар бәрі таныс үңілді,
Алмақ менен бір үлгі.
Мен байғұс та білмей келгем қай тұсқа,
Қойсам екен жүгімді.

Шал болыпты анау ағам ер еді,
Бір ауылдың сүйеніші, терегі.
Қаласынан моласы көп мекен бұл,
Жолға шықсаң қабаттасып ереді.

Сонау аула мына кемпір жеңешем,
Енді бұған не десем?!..
Аққу еді, сыры да жоқ, сыны да –
Енді сені қандай құсқа теңесем!?
...Жеңешем!
Қайран өмір болар екен не десем!?!..

* * *

Өмір сенің қойыңыңда мұз бар-ды,
Содан, міне, сыз қалды.
Мен сезбейді деп жүрсің бе қарағым,
Қыраулаған, жылаулы аран ызғарды.

Дірілдесем сен тоңасың үнсізбін,
Қытығыма тиіп-ақ жүр қырсыз күн.
Өмір деген сен іздеген осы ма,
Тілдемеймін, тәубе еттім, мұңсызбын.

Не бітеді мұн айтқанда мұндыға,
Екі жылау, бір бұла.
Көз жасыңды неде болса көрмесін,
Ұраншылдау ұл мына!

* * *

Мың жыл өтер, сосын тағы сан ғасыр,
Өмір жұмбақ, тау да тұнжыр, тал да сыр.
Мағынасы жоққа айналған тірлікте,
Жоқтан басқа бар ма сыр?!

Сен де жоқсың, мен де жоқпын, жоқ болған,
Бір атылған оқ болған.
Аққу өлді айдын қалды көрдің бе!?
...Күлді қарға, ол сол күні тоқ болған.

* * *

Тау екенсің, биік екен, тұлғаңыз,
Біздің жүрек жыр қабыз.
Қабыздадым, қауызынан жыр көрдім,
Таң нұрымен сырлаңыз.

Тау екенсің таңның емген үрпісін,
Көрдіңіз бе аппақ уыз жыр түсін.
Жүрегіммен келем саған арқалап,
Осы жырды ұлт үшін.

Тау екенсің бұлағың көп, бұлтың аз,
Өлеңімнің іші жалын, сырты наз.
Тыңдамауға шебер бәрі шетінен,
Сөз тыңдайтын жұртым аз.

Тау екенсің көпті көріп, күрсінген,
Жырлап берем саған келіп бір күн мен.

Аспан жақтан ай көрінді, түн бе бұл,
Тау басында тұрғам шығар кім білген!?!..

* * *

Әлем сенің жүзің неткен жылтырақ,
Лақтайсың секеңдеген шымқып ап.
Көрінгенге ере түсіп маңырап,
Сөзінде жоқ бір тұрақ.

Сен білесің, не сұмдықты жасырын,
Бүк түсті ме асығың?!
Жүрегіңнің сүртіп алып көз жасын,
Қалтырадың, дірілдедің, жасыдың.

Білдірмейсің күнің жақын құрықты,
Бірақ оны кім ұқты?!
От үстінде ойын ойнап, базарлап,
БІндын-құрдым дүниеге құнықты.

Қайда барып мән табасың, күңгіртсің,
Ғасыр өтіп бара жатыр сырғып күн.
Қан тамбаған жері бар ма зорлықсыз,
Қабағында құрлықтың.

* * *

Ой-хой, шіркін, бұл енді төбет болды,
Білмеймін кімнен қандай көмек болды.
Қасқыр алып жарытпас енді, әрине,
Дегенмен күшігінен бөлек болды.

Күшігінде тістейтін балағыңнан,
Мұндайға сөзің шығын, сана құрбан.
Тфә!.. Тфә!.. Құрығыр көзіңді аудар,
Иттерден хабары жоқ қарағымнан.

Бұл өзі қарамайды ақ-қараға,
Сақ болғын, саққұлақтан қасқа бала.
Сөз айтып түсіндіріп әлек болма,
Токтайды сүйек пенен асқа ғана.

Иттен де озар-кетер дәуір дейді,
Өмірін қаңтар қажап, сәуір жейді.
Көк төбет өле қалса біз бармыз деп,
Шәлекей «шәкірттері» шәуілдейді.

ДОСТАР

Есігімді қағып тұрған періштем,
Сен дегенде көкіректе өріс кең.
Сен боп келіп еркелейді достарым,
Тай-құлындай тебіскен.

Босағамнан қыдыр кетпей шалқыдым,
Достарыммен күлкім күміс, бал шырын.
Кем жерімді кешіріммен толтырып,
Елемеген артығын.

Есігімді періштелер қағып тұр,
Төрелесіп, төрге шықпай нағып тұр.
Дос көңілі мейірім мен шапағат,
Қабағымды бағып тұр.

Қарыздармын тең-құрбыға, достарға.
Қарамаған жетер-жетпес, жоқ барға.
Дос қадірін қайдан білсін долы жан,
Өз-өзіне тоқ қарға.

ЕЛЕУСІЗ ҰЛДА АРМАН КӨП...

Опынып ойдан шаршадық, кеш кемел де, таң шалық.
Кім жазар жырдың жалғасын?!
Ешкіге біткен сақал мен мүйіздің құны қаншалық,
Отарды қырып алғасын.

Ауылдың іші мың күбір, сыр аңдысқан сырғақтап,
Үміттің шоғын үрлемек.
Елеусіз ұлда арман көп, ескінің жырын жүр жаттап,
Оны да біреу күндемек.
Көк бас серке бұл жолы оралмады өрістен,
Құр қалды байрақ, туынан.
Қойдың көзі азайды, қойшының көзі боз-бұлау,
Маңдайын ұрып суыған.

* * *

Нұрлы кітап, жырлы кітап, көп кітап,
Ой орманын орап алар от құсап.
Ал содан соң
Өзегінді өртейді,
Жүрегіне түсіп кеткен шоқ құсап.

Еңкілдейсің, елжірейсің жын қағып,
Заман өтер көз алдыңнан ырғалып.
Шындық іздеп шыркыраған дәуірдің,
Шырмауынан қолын созар жыр налып.

Дүниені, сан ғасырды шарлаған,
Үн қатады, ақ парактан бар ғалам.
Тұңғыыққа бара жатыр сүйрелеп,
Сөресіне қаштым қойып жалма-жан.

Ер болмасаң ен паракты ақтарма,
Тап боларсың асу бермес шатқалға.
Төрде кітап, босағада мен тұрмын,
Дұға қылдым даналарға жатқанда.

ҚҰРМАНҒАЗЫ

Ей, Көшеке¹,
Бұл Құрекен² біздің елді сай көрген,
Жыл жайлаған, апта жатқан, ай көрген.
Анау Отпан, мынау тұрған Ман-Ата,
Қарасаң да бой көрсетер қай белден.
Қаратау тұр қара түнге шам іліп,
Бұлттар көшті жанығып.
Ай күледі аппақ шәлі жамылып,
Ай бетінде сұлу ноқат, қара мең,
Қандай тойға бара жатыр малынып.
Ай менен Күн көшкен бұлтқа еріп жүр,
«Адай»-күйін тартып бер» – деп жалынып.
Еңтігеді етегіне шалынып.
Бұл не деген сиқырлы саз мәңгілік,
Санаң жетсе ал ұғып!..
Ай күледі: Құрекенді білем деп,
Айтпай оны жүр ем деп.
Күй дегенің көк аспан мен тылсым ғой,
Құс сайрады күйге біткен тіл ем деп.
Құрекенді
Ай менен Күн бермеді,
Қалай қалқам күйсіз өмір сүрем деп.
Көкте сосын көк найзағай ойнады,
Жалын шашты, от бүрікті, тойлады.
Ақша бұлттар күміс сақал желбіреп,
Бір тылсымға бойлады.
Сосын бұлттар Құрекен боп, құрсанды.
Аспан жақтан шал көрінді бір сәнді.
Күйдің аты: «Адай» болсын» – деп қойды,
Ел еді деп ұлтанды.
Ақ жаңбыр боп, ақ нөсер боп телегей,

¹ Көшекең – Қ.Байғазыұлы.

² Құрекен – Құрманғазы Сағырбайұлы. (Ақтау қаласының орталық алаңына Құрманғазы Сағырбайұлының ескерткіш-мүсіні орнатылды. Мүсінші: Көшер Байғазыұлы ағамыз)

Күй төгілді жебедей.
Содан бері «Адай» – күйі көшіп жүр,
Нұх Пайғамбар тастап кеткен кемедей.
Нұр төгілген, жыр төгілген кеме жүр,
Күй сазына көңіліңді бере жүр.
Құрманғазы «Адай» –күйін селдетті,
Күй болмаса неге жүр!?
Жасындардан жаралған ғой,
Осы бір күй оттан-ды.
Күй балқытып көк жүзінен от тамды.
Жұлдыз қылып тағып алды қара түн,
Біздің күйден шашыраған шоқтарды.
Ай күледі: Құрекенді көрдім деп,
Күн күледі: Осы күйге шөлмін деп.
Жай түсті де жасын жерге құлады,
Кесір күймен кескілесіп өлдім деп.
Жел жемсенді адырнасы мөңіреп,
Тегі нұрдан, көкті сүйген өңір ек.
Бәрі бірдей күйге айналып кетіпті,
Өңкей ерге сайғақ қадап көміп ек.
Дұға қылып тау жүгініп талықты,
Тау тілегін жан ұқты.
Ей, Көшеке,
Құрекенді есіне сап еліңнің,
Ояттың ба алыпты!?!..
Көк төрінде көк найзағай –
Біздің күйдің дабылы.
Наркескендер найзағайдың жарығы.
Жеті қат көк еншіңізге тисе де,
Құтылмайсың!.. Сол бір күйдің бар үні.
«Адай», «Адай»-күйдің аты, сол, «Адай» –
Күн көтерген көк аспан, тау көтерген Толағай!
Жарқыратып арасынан мың күйдің,
Сәулесіне алып кетті орап ай!
Біздер қалдық көкке қарап қол жайып,
Қара түнде шырақ жаққан моладай.
Өлі десең – ұшқан жанбыз көктегі,

Тірі десең – бір қамалмыз шеттегі.
«Адай»-күйі ен Алаштың ерлігі,
Ерлік деген – елдігіңнің мектебі.
Күймен бірге
Көкке кеткен нұр болып –
Күйден туған халқым қандай текті еді!..

ҚҰЙЫЛМАҚ СОЛАЙ КӨЗГЕ ҚҰМ

Жоғарыда аспаным,
Ортасында кара жер,
Жер астында кара көр,
Үш өмір де, үш ғайып,
Ажал ғайып – алған соң,
Дидар ғайып – кеткен соң,
Несіп ғайып – өткен соң.
Ғайыпты тастап шалдарым, ғарышты кезіп жүрсіз бе!?
Періште көңіл кірсіз бе?!
Атажұрт қалды
Ендеше,
Саңырау менен тілсізге.
Санамның керең құлағы,
Сан айтсаң да ұқпаспын.
Ой тұрақтар зерде жоқ, жанарыма жұқпас мұң.
Соқыр көзге бәрі бір,
Береке кетіп, құт қашсын.
Қайратсыз болса – ашу тұл,
Тұрлаусыз болса – ғашық тұл,
Шәкіртсіз болса – ғалым тұл, – деп зарлаған Абай да,
Соқыр мен саңырау қарай ма!?
Ол күндегі – он надан,
Бұл күндегі – мың надан,
Абайды сүйсе сабай ма!?
Жан тәттісі – Иманнан,
Мал тәттісі – жиғаннан,
Жар тәттісі – сүйгеннен,

Халық айтты қаладық, үш тәттіден алалық,
Алғанның несі жаңалық!?
Хақты ойласаң бере біл,
Кеудеңнен анау кеткенше, кесімді күні жан алып.
Ырыс, бақ, дәулет кімде жоқ,
Оның да болар сұрауы,
Елге келген Қыдыр-ды, ерге малды құрауы.
Ұйқы, тамақ, күлкі арсыз,
Жігіттің бір сәт құлауы.
Бұрыннан қалған қағида,
Азамат болмақ – бесіктен.
Балапан ұшпас қияға, мезгілінен кешіккен.
Кәне, қайда,
Кімің бар,
Атадан қалған мұраны, арымен мөрлеп бекіткен?!
Қалам алды даналар, қалдырды бізге сөздерін.
Босатпайды, мінеки, мақтан құмар өз демім.
Рәсуа жалғаншы-ай!..
Құйылмақ солай көзге құм.

ЖОЛАУШЫНЫҢ ОЙЫ

I

Қақ жарып кара түнді шырақтары,
Ақ қала алыс қалды, жырақтады.
Жалғаған жез бұйдасын бір-біріне,
Бағаналар еріп жүр бірақ-тағы.

Кері толғап саранау сары қырат,
Мұнаралар мұң айтты кәрі құлақ.
Көкірегін көк бұршақ тесіп кеткен,
Көгілжім тал иілді бәрі жылап.

Сол көрініс, сол әлгі терістігім,
Иелеп алған мынау өрісті кім?..
Сыңар аяқ сезіммен елге қайттым,
Жеке меншік бәрі де жер үстінің.

II

Жолаушымын!..
Жол менің сырласым-ды,
Құйып тұр құймақ бұлттар жырға сырды.
Жаныма медет таппай жайсызданып,
Жартылай кешіп келем бір ғасырды.

Саудасын сарттан сұрап келіндер жүр,
Боз шилан бос жүрістен желіндеп жүр.
Төменде төрт құбыланың бәрі құрдым,
Тәрдегілер несіне «Елім» – деп жүр.

Түн қарынын таң жарып қанжарлады,
(Шәйға жұмсап кемпірін шалдар жағы.)
Атқан таңым қайтадан батты сосын,
Дүниенің қып-қызыл қан бармағы.

Темір жолдың тел тарап қос бұрымын,
Жол жүріп келем міне жоқ тынымым.
Әр төбенің тұсынан шырақ жағып,
Қол бұлғап қалып жатыр отты күнім.

* * *

Жастар қайда!?!..
Аппақ жалын, ақ жалын,
Шүкір етпес барға кім!?!
Жас дегенің – жасыл бақша екен ғой,
Бірі үміт, бірі асқақ арманым!

Жүздерін-ай,
Ай қарығып, күн күлген,
Сәулелі өмір сүрдім мен.
Жас дегенің – аппақ ту ғой, аппақ шың,
Шың басында жүрмін мен.

Көздерін-ай,
Бар жұлдыздың баяны,
Кіл періште саялы.
Күнді алып бер, жарық керек оларға,
Жапырағын осы қазір жаяды.

ГҮЛ ҚУРАСА

Шебер көктем гүл ұсындың алмақпын,
Гүлді құшып қалмақпын.
Сен көтеріп қолтығынан сүйедің
Жүректегі салмақтың.

Жадыраған аспан нұры қуатым,
Жылынып жүр бір ақын.
Көктем келіп жүрегінен ақынның,
Білмегенін сұрасын.

Көктеміне көп сыр айтып жеңілдер,
Жүрегіме өмір бер.
Көктем келді біздің үйге гүл алып,
Жұпар сүйген жандар болса келіндер.

Гүл беремін, жүрегіңді тербетер,
Гүлсіз болса жер бекер.
Гүл қураса сары қарын күз келіп,
Көздің жасын селдетер.

ІЗДЕРСІНДЕР

Шіркін-ай,
Ауыл біткен бауырмал-ды,
Жә, солай жаннан зият дәуір қалды.
Кіл жақсы
Жаны жалын, жүзі нұрлы,
Бәрі де ауылдан ба, ауылдан-ды.

Түлігі жамыраған сәнім менің,
Шарлайтын шаңқай түсте әнім менің.
Ауылды іздерсіңдер
Әлі талай,
Күн болса күрең бұлтты әлім-берім.

ЖЫР БІЛЕР СЕҢІҢ ЖАЙЫҢДЫ

Ер қаруы – бес қару, алтыншысы үнсіздік,
Тілсіз ғұмыр бір сіздік.
Сөзіңді сөйлер өлең бар,
Жаратса қайттің жырсыз ғып.

Қазаққа біткен өмірдің өзегі жырдан жанып тұр,
Жұмаққа жырды алып кір.
Анасы бұлақ ару жыр,
Қабағын елдің бағып тұр.

Барасың қайда құлыным жыр мәзірі дайын-ды,
Жыр білер сенің жайыңды.
Қалың қазақ – қара орман қайыра шақыр өлеңге,
Қарағай менен қайыңды.

* * *

Сонау бір жылғы дауыл ма,
Қан шашып тиді бауырға.
Құс ойнақ құйын желкілдек,
Желпілдеп соқты ауылға.

Түндігін түріп турады,
Іңірде шайтан тулады.
Бейқұт та жатқан берен жұрт,
«Бекет!..» деп жылап шулады.

Содан да бері өкпелі,
Өкпеден қаны кетпеді.
Көп қырылды мекеннің,
Көгершін қанат кептері.

МЕН ТҮСІНДІМ

Қабағынан қату күннің сыр аңды,
Қанша өмірді жыр алды.
Бақыт маған көрсеткен-ді төбесін,
Сәлден соң-ақ уақыт тілін шығарды.

Мен түсіндім,
Түсіндім де жыр жаздым.
Қауырсынын ұрлап алып бір қаздың.
Ол байғұс та қаңқылдайды күнде кеп,
Арасынан сұлу менен сырбаздың.

Қаз боп ұшып, қауырсын боп үлпілдеп,
Өлең мені мазалайсыз бір Сіз кеп.
Аспанымды айналады аққу жыр,
Бізбен бірге неге ұшпай жүрсіз деп!?

ТЕҢІЗ КӨШП БАРАДЫ

Біздің теңіз – біздің көңіл толқыған,
Үнсіз Шығыс, сол Тұран.
Буға айналып көтерілді көк теңіз,
Теңіз көшті ортаймайды ол тұман.

Тұман іші тұралаған көп үміт,
Бүйірінен ойып жатыр жел үгіп.
Көшкен теңіз, өшкен үміт, қашқан бұлт,
Заман кейін бара жатыр шегініп.

Ақ жаулығын ақ шағылдар тартынып,
Құз басынан қолын созды жарты үміт.
Көштің басын қайда бұрды білмедім,
Көшті бұлттар артынып.

Көк теңізім көзін көрген бабаның,
Түріп алып толқындардың балағын,
Көк мұнардың арасынан қол бұлғап,
Көшіп бара жатырмын деп қарадың.

Бәрі көшпек құрлықтар да, теңіз де,
Қарамайды бір толқыса ел ізге.
Мен де кеттім бір толқынға жармасып,
Басқа-басқа, мені бірақ, Сен ізде?!

Туған елдің қабағында бір мұң бар,
Таулар қалқып, басын ұстап жүр құздар.
Көк теңіздің жағасында кез құйын,
Астан-кестен ала дауыл тұрғызды ал.

Ал аттандық, теңіз қайда құр-башы,
Кімнен болмақ сөз басы!?
Қара қаңбақ қашып ала жөнелді,
Оған енді аман болсын өз басы.

ТОЙЛЫ ТҮННИҢ СҮРГІНІ

I

Ағажан деп өлеңімді ескердің,
Деп қояды кеш келдіңіз... Неткен мін!..
Талай тойдың өзім қадап үкісін,
Бұрын келіп, ең соңынан кеткенмін.

Жас түлегім, той үстінде құлпырдың,
Бүршігінен жұпар шашып күлкінің.
Бұрым көрдім бұлғақтаған сан тойда,
Шырын көрдім шыр айналып іркілдім.

Мұнды жырға бірте-бірте таңылдық.
Тағдырға сәл шағым қып.
Сақал-мұртқа аппақ қылау кіргелі,
Жастық шақты сағындық.

II

Сендер бар да, жас түлектер, жас қыран,
Мендік өмір – өздеріңнен тапты мән.
Көзде мұнар, мынау самай – ақ тұман,
Аман болсын, жас түлектер, басты ұран!

Сағынышпын, сары сүрлеу самалмын,
Келмес енді таланғым.
Кәрі қасқыр апанына жөнелсін,
Ұран салсын көкжалдары заманның!

III

Айды сүйді бұлт – төсекте түн жатып.
Бейбіт аспан, бір бақыт.

Үйге келсем жазылмаған бір өлең:
– Қайда жүрсің деп қояды үн қатып!?!..

Жас мұңдыны, қарт күлкіні жақтырмай,
Қос жағаға лақтырды-ай.
Кезіп жүрміз қас пен қабақ арасын,
Көңілдердің қойды бабы таптырмай.

Жарым күлді қайтесің деп тұншығып.
Өлең жаздым, тұр күлімдеп күн шығып.
Жаңа туған шаранасы өлеңнің,
Таң үрпісін еміп жатты ұмтылып.

ЕР ҒҰМЫРЫ

Ел жасарса, ер көгеріп бүрлейді,
Ел еңкейсе, ер де өмір сүрмейді.
Қара бақыр қайғы болып жаманға,
Қара халық ерге батып жүр дейді.

Ел көркейсе, ер бақыттан жарылар,
Ондай ердің Құдай берген бағы бар.
Ел еңкейсе ер өлгені қайғыдан,
Қырық бәле, қырдан келіп жабылар.

Ел мақтанса, ерін айтып сілкінер,
Жастап өлер шын бақыттың кілтін ер.
Ел еңкейсе ер ғұмыры түк те емес,
Дүниені тісін қайрап бір тілдер.
(...Неге тудым, неге жүрмін шіркін дер!?)

АЙҒЫРДЫҢ АЖАЛЫ

Шашау шықпас үйір алды бар айғыр,
Құлыныңды қарай жүр.
Жол үстінде жоқ деп пе едің дұшпаның,
Жолды бағып талай жүр.

Кісінейді құлақ жарып жарықтық,
Мал киесі, анық құт.
Төрткүл елге төрден тұрып көз салды,
Құз басына барып тік.

Шіренеді ата басы тарпынып,
Шырын байтал шыр айналды алқынып.
Үйір үркіп не ойлап тұр білмеді,
Іштерінен тартынып.

Көп қарады көкті кезген қыранға,
Екі жолдың енді бірі тұр алда.
Аманат қып бір бәйбіше биеге,
Құлындарын кетті құздан құларда.

* * *

Жәудіреп отыр жан жүректерім, жан халқым,
Тамыры бірге талдансың.
Тағдыры бірге армансың,
Тал қармап жүріп, талай зауалдан қалғансың.
Жалғансың өмір, жалғансың.
Кеудеңнен жаның үзілсе, кемді күн сосын самғарсың.
Күле сал, қалқам, күле сал,
Өмірдің бәрі күрес, ал,
Шықпаған жанда қайғы көп, дегенмен бір сәт алдансын.
Алданған жақсы шаттанып,
Адалға қыдыр, аққа құт,
Күле сал, жаным, күле сал, жүрмегін мұңға тапталып.
Тәттісің өмір, балдансың,

Сезімге сенім ұя сап, септесіп бір сәт жалғансын.
Қол жетпес биік, заңғарсың.
...Армансың!

ЖОЛАУШЫҒА ҚЫРЫН ҚАРАП

Ақ қары, Алатаудың аппақ қары,
Жаныма шипа болған аппақ дәрі.
Шыршасы шыңға құмар мекен еді,
Көз алдымда асқақтады.

Селдетіп ақ жаңбырын нөсерледі,
Қазақтың шүкір, Алла, есен жері.
Жазбасын тыныштық пен берекеттен,
Ай жатып кетер ме еді.

Қызыл гүл еріндері қызыл далап,
Қарағай құлама күз ұзын қабақ.
Қара орман қара көрсе үркеді екен,
Жолаушыға қырын қарап.

* * *

Қаройдың сайы қалың жым,
Мен де бір сенің талыңмын.
Жырымнан уыз қаттырып,
Жылуын бердім жанымның.

Маңғыстау сені қамдадым,
Шарайна шағыл шаңдағым.
Өмірді мынау өткіздім,
Өзіңнен іздеп бар мәнін.

Қабырға бойлап кеңестім,
Бекіре жалды белеспін.
Айдынға шыққан аңғал ем,
Ескегімді сен естің.

Жеңісімді ел сүйіп,
Келемін шемен шер түйіп.
Өзінді іздеп өттім мен,
Желкенімді жел сүйіп.

БІРЛІКТІҢ БҰЛАҒЫ

Сен күйініп даттадың,
Мен сүйініп мақтадым.
Сүйегің суса босқа өттің,
Даукескен қамал – қасқа күн.

Жыртылды балақ жылдардан,
Шындықтың жолы шырғалдаң.
Кінәмшыл туыс – кіл қонақ,
Ырыққа көнбей ырғалған.

Мен аунадым түнмін деп,
Сен аунадың күнмін деп.
Ойқанып сосын ол келді,
Көкті тіреп жүрмін деп.

Демедік бауыр, туыс-құт!..
Кеудені өстік қуыс қып.
Кереге бойлап кер жылан,
Уықты бойлап у іштік.

Кімдердің несі кеткен-ді,
Қабырға бойлап жеп келді.
Бірің де өліп, бірің қал,
Бітіспес жау бол, – деп келді.

Бұл қалай енді тұр әлі?
Баяғы мақам құл әні.
Отпан тау сені қайтейін,
Бірліктің қайнар бұлағы.

ЕСКЕ АЛЫП ЖАТЫР..

Еске алып жатыр естінің бәрі елжірек,
Етектен қарап сен жүдеп.
Босағадан именіп кірді бір шындық,
Қараған жоқ келді деп.

Еске алып жатыр естінің үні сыңғырлақ,
Қаттырақ жылап шыңғырмақ.
Босағадан именіп кірді бір шындық,
Тастады оны шынжырлап.

Еске алып жатыр естінің сөзі тәп-тәтті,
Есіміз кетіп бас қатты.
Босағадан именіп кірді бір шындық,
Аяққа таптап тастапты.

Еске алып жатыр естінің көзі жастанып,
Ар-имандардан басталып.
Босағадан именіп кірді бір шындық,
Өлтірді үнсіз, өкпелік тұстан ақтарып.

Тағы да тобыр жеңіске жетті мүнәйым,
Келтіріп сөздің шырайын.
Сен қашан орын бересің енді шындыққа,
Бәрін білуші Құдайым!

Бір Алла ғана шындығын сүйер жүректің,
Келмейді жанды кір еткім.
Ақырғы демің қалғанша күрес дейді, әне,
Көгінен қарап Түбектің.

Еске алып жатыр естілер майдай жағымды,
Көргісі келмей тұрса да бір сәт сағынды.
Шындығы жоқ Ес пен Ақыл мұп-мұздай,
Бастарын иіп табынды.

ЕКІ ПАРАҚ, БІР ҚАЛАМ

Заманның жүзі сазарды,
Айлаққа бермек азарды.
Ит құтырса иесін,
Балақтан тістеп бағар-ды.

Елден басқа жауың жоқ,
Инелі-сабақ дауың көп.
Екі парақ, бір қалам,
Арызға жатқан бауыр көп.

Бәле іздеген жақыннан,
Жаттан көмек шақырған.
Құтылмақпыз біз қалай,
Шулаған шұнақ пақырдан?!

* * *

Жәутендеп жамағаттың қарағаны.
Барады байғұстардың тарап әні.
Некесіз заман бұзық,
Адам қызық,
Төсегін қайта салып жаңалады.
Мен өзім өзгермеген түбектемін,
Басым даң, бауырым сыз, жүрек кебін.
Ғайыпқа тартып кетсем тауып алып,
Бақиға барар жолдың бір өткелін.

Қимайсың өлең сөздің шаранасын,
Ағам жүр хан көтеріп қара басын.
Ұрпаққа не қалдырып кетер екем,
Базары барымтаның тарағасын.

ҰЛ БОЛСА...

Өзін-өзі табаға сап қуырған,
Қызғаныштан буынған,
Қыл көпірдің ғалам көрдім үстінен,
Қызыл қанға жуынған.

Бермесінді жолдан торып аңдыған,
Қарақшылар қалғыған.
Жасыл орман – асыл арман секілді,
Қарға-құзғын саңғыған.

Бәс қалды ма құны қанша тірінің,
Үзілді ме жұлының.
Ұлы дала мұрагері мен едім,
Сенесің бе ұлы құм?!..

Кешіп келем керең тарих арнасын,
Жер астында қалғасын.
Жеңгелердің құрсағында ұл болса,
Жеңіс туын жалғасын!

ЖЕЛ ЖОРЫҚ (Сарайшық)

Құлжасын құзар шыңның үркітпегін,
Әруағым әу басынан бүркіт менің.
Киесі киігімнің жаннан қымбат,
Өртендім сексеуіл боп бүршіктедім.
Сахарда саз да қалды, сағым қалды,
Ордасы алтын күмбез шағым қалды.
Құдайдың қалауымен құт дарыған,
Салтанат сап түзеген бағым қалды.

Сарайшық¹ салған әнім, сері күнім,
Сартап жол, сайғақ қырдың елігімін.

¹ Сарайшық – Сарайшық қаласы.

Бұл күнде тесік сауыт, кетік қылыш,
Жел жорық жеңістердің желігімін.

Ақ құмдар ақ парақ боп ашылып жүр,
Аяққа аяусыз-ақ басылып жүр.
Шашылған көп сүйекті бір тасбақа,
Қарашы қайта көміп жасырып жүр.

БҮЛГІН

Бір ит үрсе екеу болар бөрлігіп,
Талтаңдайды тұрған жерін төр біліп.
Сосын бәрі шулап кетер бір кезде,
Ит-бүлгінге ауыл алған көндігіп.

Төрт аяғын қадап үріп табандай,
Жатып үрер, тұрып үрер жақ алмай.
Көрмесе де үріп қалу міндеті,
Білмесе де сөз айтатын надандай.

Өліп болдық ит балағат өсектен,
Кімдер екен итті сонша өш еткен.
Бір ауылға керек екен бір қасқыр,
Ит үргінсіз тұру үшін төсектен.

* * *

Ақ сойыл болған жол екен, сүйреткен сансыз табандар,
Ақ тозғын шаңға қараңдар.
Айықпас дертке шалдыққан заманның жүзі салыңқы,
Адамның жауы надандар.
Ақ сағым толқып кемедей, желкенін керіп ығысты,
Айласы құрып құнысты.
Асқанға тосқан жолығар, жыртық үйге бір Алла,
Сақтасын ұлт пен ұлысты.

Есте жоқ ескі жол екен, бастауы мұның көрінбес,
Өлім – нүкте, өмір – көш.
Өз дегені болмаса, адамның жаны бүлікшіл,
Жын мен жырғал көңілдес.

Жол жатыр ескі табанда, кезерген қыр мен төбешік,
Ескі күмбез, көк есік.
Қорымның тілі байлаулы, құлпытас құлап қалыпты,
Ескегін елдің көп есіп.

* * *

Тобылғы күрең торы ат тұр,
Бал құрақ, майса қолат қыр.
Батар да күннің жаулығы,
Ақ тауымды орап тұр.

Ал күрең сәуле қызыл-ды,
Айтпай-ақ көңіл бұзылды.
Күрең де
Ақ бас тауларым,
Ақ бұлттар сүйді жүзіңді.

Аспанның көркі ақ торғын,
Ауылдан кеттім жат болдым.
Қала деген қара тас,
Қамаулы үйге тап болдым.

Көкті сүйген күреңмін,
Ақ бас тау неге шірендің.
Тар бөлмеде ту ұстап,
Өзімше жатқан бір елмін.

* * *

Қағанатсыз қаған бұл,
Маған қайғы, саған жыр.
Күйек-қошқар секілді,
Заңы зая заман бұл.

Мекіреніп артылмақ,
Кәрі қошқар қалтылдап.
Тұсақ біткен алыпты,
Құйрықтарын алтындап.

Қозылайтын түрі жоқ,
Үміт етіп жүріп ек.
Өсіп жатыр өзге отар,
Көктеменің күні кеп.

Айналасы көп тұсақ,
Алтын құйрық, от құшақ.
Кейде қошқар кетеді,
Отарымен жоқ құсап.

* * *

Күз жасырып сарғаяды сырқатын,
Қыс күтіп-ақ қылыш ұстап тұр сәтін.
Мылтық аузын қандамаған аңшының,
Ашуындай бұрқасын.

Соқты солай терістіктен бір дабыл,
Мезгіл ауды, соқтығысып жылға жыл.
Төс сүйегі тасқа тиген бүркіттей,
Қапы жалған бұл да бір.

Құйын есіп
Айды іздеп жүр түнгі.
Мені көріп іркілді.

Күз тамырын ұстап едім емшідей,
Үш ай тоқсан!.. Болашағы бір түрлі.

* * *

Құлан қашса, мылтықтың басуымын,
Құлама күз, шыңдардың асуымын.
Күзем алған шаруаның шаттығындай,
Алғауы жоқ көңілдің тасуымын.

Құшағыма еніп көр, еркелегін,
Өбінсем, өбектесем өртер едім.
Онымен тілдесуге шамаң бар ма,
Қолыңа жүрегімді берсем елім.

КӨГЕРШІН КӨКТИҢ ҚҰРБАНЫ

Қанатыңның қауырсынын көрдім мен,
Түстес екен зеңгірмен.
Көгершін деп ат қойыпты жан бабам,
Көкпен туыс екеніңді ел білген.

Бейбіт күннің тұмарындай қадірлім,
Бөлшегіндей бүлкілдеген жанымның.
Тереземнен телмеңдейсің не біліп,
Мен де сені сағындым.

Үнсіз қарап қалғып кеттің тұнжырап,
Мен бармын ғой біл бірақ.
Көкті тіліп бір қаршыға келеді,
Жанталастым терезені ұрғылап.

Оянбадың,
Сені ояту қиын-ды.
Көк қаршыға көктен төмен құйылды.
Кеш оянды кетті іліп қаршыға,
Көк желкесі көкпарша боп қиылды.

Мен кінәлі,
Кім кінәлі тағы да?
Кімге барам зар-күйіктен шағына.
Көгершіннің кесті үкімін қаршыға,
Қарамай-ақ қарасы мен ағына.

* * *

Жол жаңылып, табан естен танған-ды,
Талпынды да алданды.
Суға кеткен жан екен ғой сұм тағдыр,
Жан ұшырды, қарманды.

Сен де солай келесің бе көркемім,
Бітпеді ме ертегің!?
Бүкір айға сүйеу болған кірпікпен,
Кінәратшыл жанның сазын шертемін.

Қолын бұлғап жағалауда үміт тұр,
Ұлықтайды ұлып қыр.
Жердің шетін арман қуып іздеген,
Жел шапанды жігіт тұр.
(...Алданғанын біліп тұр)

* * *

Алладан сұрап жыр жаздық,
Ақ уыз, аппақ сыр жаздық.
Өмірміз өртке шалыққан,
Гүл секілді бір жаздық.

Сағынып жаздық өлеңді,
Сарғайтып таңды төл өрді.
Тасқыны таудай дария,
Біздің жыр қашан бөгелді.

Кемерден асып керілді,
Керімсал сазға телінді.
Өлеңді солай жаздым мен,
Қалай сүйсем елімді.

* * *

Көл түбіне ай жатты,
Көңілдің түбі тұңғиық.
Жұлдызын аспан жайнатты,
Жұмбақтау жанға жыр құйып.

Сұлудың көзі мұнарлы,
Ер түнеп кеткен төсіне.
Қайырып әрең құмарды,
Қарайды бұлттың көшіне.

Бал құрақ сайдың сыры бар,
Бал ерін ару күрсінді.
Ән айтты сосын тұрып ал,
Көзіне жасы іркілді.

Ұмыт боп қалар ол түнің,
Олжасыз емес тағдырың.
Қыздырған ердің қолтығын,
Сәтінді еске ал күнім.

Ай жатыр көлдің түбінде,
Құлаған көктен, ғарыштан.
Сұғына жаттың ілінбе,
Тар жерде жан ең танысқан.

Көйлегің қызыл гүл екен,
Көңілің айды тербеткен.
Өсірген сені кім екен,
Ер үшін жансың ержеткен.

Қызыл гүл көрсең таптамаң,
Қызғалдақ екен ол да бір.
Ер едік еңку ақтабан,
Азығы ердің жолда жүр.
(...Дәурен ғой, шіркін, сол да бір)

* * *

Қошақанын қоңыр тоқты жалады,
Бауырынан уыз сүті тамады.
Мекіреніп, мерейленіп анасы,
Сосын үркіп ит пен құсқа қарады.

Иттің тісі көзінде тұр ілулі,
Сұқ қарғаның қос қанаты түрулі.
Қамарынан сыйпап көріп қозының,
Қара шалдың бір саусағы бүгулі.

Қошақанын қолтығына тығады,
Сол ажалың жетсе саған кім әлі.
Қой өзінен тұңғыш рет іздеді,
Әлсіз болып туғаны үшін кінәні.

Кер тоқтының бал үміті еш еді,
Соры қалың қой біткеннің бес елі.
Бүгін міне жаға болды бір тонға,
Тәй-тәй басқан қошақаны кешегі.

ЕҢСЕЛІ ОТАН – ЕРКІН КҮН

Өлең – өрнек, ән – талап.
Халқың келді алқалап.
Ұлтқа құнар, нәр берсін,
Ұландар құрған салтанат.

Жан гүлім – менің жастарым!
Жаңаша бүршік – жас талым.
Шынарлы құздың шырқауы,
Асу да бермес асқарым!

Ән салып құлын желпін-гін.
Еңселі Отан – еркін күн.
Сезімге түсіп бір шуақ,
Сендерді көріп серпілдім.

Күлкісін қара, бөбектің!
Өзендей толқып –
Өр екпін.
Сендермен қалың орманмын,
Самсаған жасыл терекпін.

Бозбала жанның мақтаны.
Бойыма бақыт шақтады.
Құлдыраған құлынның –
Ашық та болсын ақ таңы.

Қайғыны бір сәт жат қылдым.
Жайнаған жанды бақ қылдым.
Шүкірлік саған, бейбіт таң,
Сәулесін сүйдім ақ күннің!

КӨРШІ ҚАРИЯ

Қыңыр сөйлеп қылтияды шалыңыз,
Самайы қар, сақалының бәрі мұз.
Түсінбедім түн көзінде көп мұң бар,
Не тілейді жаныңыз?..

Қария тұр, қақпанында тоқсанның,
Барайын деп оқталдым.
Көп сырластым көргеніне шерік боп,
Көңіліме от салдым.

Омырауын күнге тосып шектелді,
Есігіне еппен басып жетті енді.
Әр жастықты – бір қарттық бар аңдыған,
Сәл мұңайып кеткем-ді.

* * *

Бір шамы сөнді міне азаматтың,
Хабарын таңға жалғап ғазауат түн.
Өмірге бірді әкеліп, бірді алып,
Саудасын тіршіліктің бағалаттың.

Бағасы алыс-беріс жан кепілім,
Жалғадым болашаққа ән көпірін.
Барады біреу мініп түн табытқа,
Тербейді іңгалатып таң бесігін.

Өлең бер, өзегімді құрғатпағын,
Көп сездім көкте жұмбақ ырғақ барын.
Саусағы жүрегімнің дір-дір етіп,
Таласып таң мен жырды құндақтадым.

ӘЗ ЖАНЫМ – ӘСЕМ ГҮЛ БАҚША

Тағдырдың бұл да айдауы,
Ғазиз де басты байлауы.
Жаралы жырды ұшырды,
Жанымның жазғы жайлауы.

Қаңқылдап қаз боп барады,
Қатарға енсе жарады.
Қайырлып ұшып төбемнен,
Моншақтап көзі қарады.

Қауырсын қатты, жыр ұшты,
Тәңірім берген ырыс-ты.
Күн артына күн салып,
Бұл өмір солай жылысты.

Қаз-қанат жырым жөнелді,
Жүрекке мұнын шөгерді.
Қауырсын қанат бір тал гүл,
Жанымнан тағы көгерді.

Гүлімді кімге берермін,
Жұпарын жырдың себермін.
Тылсымға тамыр салдырған,
Құдайдан басқа шебер кім?..

Тамыры тылсым бағым бар,
Мұнарлы мұнды сағым бар.
Әз жаным – әсем гүл бақша,
Әддилеп жырмен алыңдар!

БӘРІ ТАНЫС

Сылбыр жаңбыр,
Сыңғыр-сыңғыр келді күз,
Сарғаямыз енді біз.
Осы күзде қоштаспақ боп ауылмен,
Естелікке орамалын берді қыз.

Сары бәрі,
Жапырақ та, бау-бақ та,
Сары торғай із суытқан аулаққа.
Сары сағым көзден ғайып көрінбес,
Бұлттар көшіп бара жатыр тау жаққа.

Сарғайғаны,
Көрініп тұр алқаптың,
Бәрі таныс, ортақ мұң.
Содан кейін шекпенімен бүркеді,
Езуінен ұйқы аққан сортап түн.

Түн жарылды,
Күздің таңы күркілдеп,
Көк көйлегін орман шешті біртіндеп.
Шыр айналған шығыршыдай дүние,
Менің саған қарап тұрмын күлкім кеп.

ҚАЗАҚПЫН ҒОЙ

Қазақ деген ел едім мен, асылмын!
Асылдардың білер бірақ бәсін кім?
Топқа түскен тұлпар сынды тегінде,
Тектіліктен мүсінімді жасырдым.

Тарихымды таразылап көр менің,
Білерсіңіз тұрғандығын өрде кім.
Өркениет, ғылым-білім, кісілік,
Менің салған ғасырларға өрнегім.

Мен жатырмын ұлылықтың түбінде,
Көзді жұмып, сөзді бүгіп күбінбе.
Жер астында том-том болған кітаппын,
Жер үстінде көрінбейтін бүгінде.

Ай бетінде арманым бар нұрланған,
Күн бетінде күміс найза ұл қалған.
Бұлт пен бірге көшіп бара жатырмын,
Көп дұшпаным қолын созып құр қалған.

«Мен Қазақпын!..»
Желге біткен қанатпын.
Таңмен бірге тұлпарымды жараттым.
Кеңістікпін!.. Келешекпін!.. Кемеңгер,
Жігерлімін, таусылмайтын талаппын!

Қазақпын ғой,
Қалы кілем, ақ басқұр,
Ұл-қыздарым дала тектес асқақ кіл.
Ат дүбірін ұран қылған ұрпаққа,
Ұлы жолға ұлы тұран бастап тұр.

Қазақпын мен,
Саф алтынның сынығы,
Маған қара, көргің келсе ұлыны!
Көкті жарып жерге түскен тамшымын,
Махаббат пен мейірімнің тұнығы.

Қазақпын мен,
Ғарыштардың қақпасы,
Иба-әдеп, имандының тақтасы.
Жер жұмағын көргің келсе мені көр,
Неге керек сөздің артық басқасы.

Бабам маған бар мекенді қалдырды,
Қансырады, сосын қанша таң күлді.
Сүйгендіктен жаным күйіп жыр жаздым,
Қайран елім қанды өзекті талдырды.

Жатсам-тұрсам жаным шөлдеп деміктім,
Жанарымнан жұлдыз жырды теріп түн.
Сенен басқа сүйерім жоқ Туған Ел,
Сені жырлап өту үшін келіппін.

Қазақ деген халық едім қыранмын,
Қырға біткен қырық қабат шыдаммын.
Күллі әлем күліп тұрып шырқайтын,
Бірлік атты, достық атты бір әнмін!

Қазақпын мен, гүл қауызы шықтанған,
Елін ойлап, ер бойынан шыққан жан.
Қызғалдақ боп мендік тарих көктеп тұр,
Қара көздің қарашығын сыққаннан.

Сенен басқа сүйерім жоқ серігім,
Сүйе-сүйе күлбіреді ерінім.
Сені маған тұра ала ма сүйгізбей,
Жырдан мұңды, күннен нұрлы елібің.

Жастанайын әр тасыңды мамық қып,
Өз ұлыңды өгейсіме танып күт.
Менің аппақ жүрегімнің құбыласы,
Келем сені темірқазық бағыт қып.

Адаспайын,
Адастырма жан-телім!?
Сен қаласаң өз жанымды ал тегін
Жүрегімнің әрбір тамшы қанында,
Қуаныш пен қасіретің бар сенің!

Дұға қылдым,
Хақтан тілеп қамықтым,
Жандым-күйдім, жан күйзеліп арыппын.
Саған деген махаббаттан өртеніп,
Өлең деген дертке міне шалықтым!..

* * *

Сұлу екен,
Қарашығым қарықты.
Көңіл ұқты, көңіл сырын жар ұқты.
Мына сұлу қайда барса сол жұмақ,
Мейлі, тіпті, мекен қылсын тамұқты.
Жұпарын-ай гүл шырынын сіңірген,
Жын жетелеп, көбелек боп жүгіргем.
Көз қамасты,
Сөз адасты, жаңылдым,
Енді оны сұрамақпын кімімнен?

Оймен кезіп от көседім шарладым,
Ой-хой тірлік мені қанша алдадың.
Қырау мұртқа қылаң сақал ұйысып,
Өткен күнді талдадым.

* * *

Шалқыдың, шарықтадың есінде ме,
Желкенін жел тоздырған есіл кеме.
Өмірдің толқынымен көп ойнадық,
Қарамай сәскеге де, бесінге де.

Мен содан ғайып болдым бір күндері,
Қаншама жыр бүрледі, қыр гүлдеді.
Жел болып келіп едім, бір жапырақ:
Жаным-ау, сені күтіп тұрмын – деді.

Жас парлап қара көзің тұнжырады,
Қиялап ақша беттен жыр құлады.
Жүрек боп жанарыңнан шыңғырып тұр,
Жаныңның жалындаған шын құмары.

КҮН

Күмісін шашқан күн анам,
Көгімде менің тұр аман.
Ебімен қозғап ерінін,
Есендік-саулық сұраған.

Күн менің – күміс жүзігім,
Көрерміз жүрсек қызығын.
Қарап қой балам күніңе,
Көзіңді жұмба бұзығым.

Жарық күн – жанның ырысы,
Жарқырар жанып кім үшін.
Осының бәрі бір бақыт,
Ұғып қой қалқам мұны шын.

Күніңмен бірге көгергін,
Сылайды сырлап шебер күн.
Қоштасып кетсем шалғайға,
Сәуле боп саған келермін.

* * *

Қалдың ба қоғалы көл, бел-белесім,
Ен жайлау көз алдыма сен келесің.
Өзім де көкке кетем құсқа айналып,
Өлеңнің қаршығасын жемдегесін.

Өлеңнің қаршығасын қалықтаттым,
Мен оны отқа күйіп, жанып таптым.
Көз тиіп кетпесін деп көк беренге,
Халықтан қанаттымды алыс бақтым.

АҚЫННАН АҚЫЛ СҰРАМА

Ақыл жоқ енді, басқаның бізде бәрі бар,
Бұл сөздің, қалқам, жаны бар.
Ақыннан ақыл сұраушы болма адасып,
Есіңе мұны салып ал.

Қайдағы ақыл, сезіммен бірге түнемек,
Сөзімді жатыр кім елеп.
Ақыннан ақыл сұраушы болма адасып,
Алжасып көңіл жүдемек.

Маңыстап жүрген марқасқа жанның бірімін,
Жырымның сыйлап тұнығын.
Ақыннан ақыл сұраушы болма адасып,
Сұрадың екен құрыдың.
Өртенгің келсе жақында бізге өртелік,
Семсерге аян серт едік.
Ақыннан ақыл сұраушы болма адасып,
Өлгің келмесе дерт еміп.

БАБАМДЫ КӨРГЕН ТЕҢІЗ ДҮР

Көгілдір қанат көк теңіз,
Жағалап жүрміз текке біз.
Кемерлеп жарды кестелеп,
Толқынын тоқсан дестелеп,
Салып жүр мырза, бектер із.
Ағытып төсін ай қарап,
Ақ төсін айға сайламақ.
Күрсініп келіп бассалмақ,
Көз жасын сүртті қай қазақ?!
Сұңқылдап ұшты қасқалдақ.
Сұр мерген көрсе бассалмақ.
Қара бауыр-қара бұлт,
Айтарын бүкті аспан жақ.

Толқындар жылап солқылдар,
Жыласа теңіз қорқындар.
Бабамды көрген теңіз дүр,
Бар болса Құдай болсын жар!
Қайғысы судың басым-ды,
Ашуға мінді ашынды.
Сол бойда шайнап тастады,
Сорғалап келген жасынды.
Еркелік қылар кімі бар?
Ер болсаң тілін біліп ал!
Жағаға келіп көп пенде,
Жарасын сығып шіріді ал.
Теңіздің жаны сіріден,
Түңілген білем тіріден.
«Адамбыз!» – деген жандардың,
Адалдық күтпес бірінен.
Толқындар қашып жөнелді,
Көк балдыр үзіп көгенді.
Ай құшақ
Салып сүйердей –
Адамнан теңіз не көрді?!..

ҚАЛАМ

Парақты аппақ сырлаған,
Армысыз қара қыл қалам.

Жақсыға бақса: парыз-ды,
Жаманға бақса: арыз-ды.

Сүймесінді сүйдірген,
Күймесінді күйдірген,

Иманды жазса таң қылған,
Имансыз жазса қан қылған,
(Дүниені шаң қылған)

Қаламның күші пірден-ді,
Қайырсыз болса зілден-ді.

Қаламға жолдас ой ғана,
Қаламмен халқым ойнама!

Жеткізер қалам күніңе,
Жетеді тағы түбіңе.

Қылпыған алмас қылышым,
Тәңірден тіле дұрысын.

Ғаламға қалам тірек-ті,
Ұстасын иман-жүректі.

* * *

Ақ сәуле күннен нәр алдың,
Ақ гүлмін дейсің адалмын.
Астында қалып табанның,
Гүл болып неге жаралдың?..

Табандар таптап құлшынды,
Құтқарам қалай бір Сізді.
Жамағат кешіп барады,
Жаралған нұрдан кірсізді.

Сұлулық жатыр құрбан боп,
Жаралған тегі нұрдан боп.
Екі табан, бір бас-ты,
Жоқ екен сірә құлдан көп.

Құлқынның қамы айдаған,
Қу тірлік сендік қайда мән?
Гүл түгіл, гүлзар бақша жоқ,
Бұлбұлы кеше сайраған.

* * *

Қақ жарылған қақпа көрдім аспаннан,
Даңғыл жолы күн нұрынан басталған.
Қанат байлап ұшқым келді амал жоқ,
Тірлік атты босамадым шатқалдан.

Қарай бердім, қақпасына зеңгірдің,
Тебірендім, телмендедім, телмірдім.
Сағым мініп сар жүріске түстім де,
Қош айтысты қоңыр дала, тең-құрбым.

Содан бері жүріп келем тынбадым,
Тұсау салсын, ессіз өлең, жырға кім.
Боз жусан мен бал құраққа сыр айтып,
Бозторғайды боз далада тыңдадым.

Қақпа көрдім, ашылмады, ашпады,
Күннен шалғай, айдан алыс тастады.
Ай далада құшып жүрмін мен әлі,
Өлең деген өлімі жоқ қасқаны.

ҰЙҚЫСЫЗ ТАҢ

Алақаның оймақтай ғой бүлдіршін,
Түннен кара, гүлден сұлу тұнжырсын.
Көздерінде күміс сәуле күн жатыр,
Тәй-тәй бассын, қыз-қызғалдақ, ұл күлсін.

Құлыным-ай құлдыраған тай сынды,
Құздан қарап сығалаған ай сынды.
Көкірегін желге ашып қунаған,
Кіл періште сүйсем екен қайсынды.

Жүрегім ғой, бүлкілдеген қызығым,
Тентегім-ай, тебегеншіл бұзығым.

Көп қызықтың баянын бер жан Аллам,
Болмасын тек, бояу сіңді ізі мұң.

Тәңірімнің мырзалығы бұл деген,
Бақытты екен, осы қазір кім менен.
Таң болды ғой тамаша бір шаттанған,
Күліп-ойнап, бақыт терген іргеден.

* * *

Рақым қыл жан Алла, біздің мынау жүріске,
Қайда барып қара өлеңді айтармыз,
Таңдай құрғап, тіл іссе.

Рақым қыл жан Алла, сарсаң кесек санамыз,
Қайда барып қара өлеңді айтармыз,
Сана сарсаң, сақауланып барамыз.

Рақым қыл жан Алла, өксігі көп өмірміз,
Қайда барып қара өлеңді айтармыз,
Жаңбырлымыз, жаннан ада көңіл мұз.

Рақым қыл жан Алла, құлың нұрға зарықты,
Қайда барып қара өлеңді айтармыз,
Шаранамыз.., ая біздей ғаріпті.

* * *

Жарасынан қан бүркіп,
Жанарынан жан бүркіп,
Ескі тарих, қу мола,
Қу далада қалды іркіп.

Шашылған-ды сан ғасыр,
Айтып түн мен таңға сыр.

Түгел тылсым төрт құбыла,
Бітті тас пен талға тіл.

Бәрі сыңсып сырласты,
Қаңбақ болып жыр қашты.
Қан-қан болған көрсетті,
Көр ішінен мың басты.

Түпсіз екен қайғыңыз,
Шырақ қылды айды күз.
Қонып қалдық дұға ғып,
Мекен етіп сайды біз.

КӨЗ ЖАСЫҢЫЗ ҚАЛДЫ МА!?

Жылағанда не тұр дейсің, ал, жыла.
Көз жасыңыз қалды ма?!
Көз жасынан жақыны жоқ көрдің бе,
Жалғыз бенен жарлыға.

Жылағанда не тұр дейсің, ал, жыла.
Көз жасыңыз қалды ма?!
Көз жасынан жақын ешкім көрмедім,
Жетім менен зарлыға.

Жылағанда не тұр дейсің, ал, жыла!
Көз жасыңыз қалды ма?!
Жыр үшінде бір жылап қой қарағым,
Қара өлеңді жайып қойып алдыңа?!

* * *

Өз елесің өз сананды өкшелеп,
Өмір сүрдің.., күлемісің текке деп.
Көрген шындық, өлген мұндық айтпадық,
Кеше де сол тілді тістеп шеттеп ек.

Ары қайда заманыңның көрмедім,
Етекте ез, езіңнен без, төрде кім?!
Кезген тарих кер маядай боздайды,
Сол бір боздау бар көрсеткен өрнегім.

Қазақпын ғой таныдың ба момының,
Менікі еді бересің бе орының?!..
Тарихымның тал бесігі жылаулы,
Ақ сорасы сорғалайды сорының.

...Шатыр тіккен сонау кімнің сарайы,
Қу шатырдың құл мен құтан маңайы.
Бостандыққа басын берген боздақтың,
Обалына шомылып жүр талайы.

* * *

Қайда барсаң ер көңілі құсалы,
Көріп жүрген жан секілді түс әлі.
Ұлы дала ұйқың қандай қатты еді,
Санамызды тұсады.

Шырақ жағып дұға қылдым тұрмадың,
Шығар-шықпас тұр жаным.
Қыңыр тартып, қыдыр қашып барады,
Құдай жолы мен болайын құрбаның.

Тұршы далам!?..
Тұғырыңнан тіл қатып.

Оянайық кіл жасық.
Көкбөрінің сүрлеуіне түсіп ал,
Бұл далаға болсаң егер шын ғашық.

* * *

Ыпыны кеткен жұрттанмын,
Ылдидан көзді сыққанмын.
Сырма бешпент жамылып,
Сығалап бұлттан шыққан кім!?

Бұршақтан моншақ тағынды,
Ботадай боздап шағынды.
Желіден бұлтты ағытып,
Жел жеңгем бүгін қағынды.

Жыланып күздің аспаны,
Көңілі көктің қасталы.
Көкезу самал сымпылдап,
Көп сырын айтып тастады.

* * *

Тұрмыстың қамын ұран ғып,
Қаралы керуен, Тұран жұт.
Айналып аспан түссе де,
Уақыт жоқ бізде тұрарлық.

Найзағай жатыр кескілеп,
Кеудесі мұның өсті деп.
Боз-бота бұлттың көз жасын,
Көп бейбақ сосын кешті кеп.

Бұршақ пен жаңбыр аралас,
Өлшеулі өмір жағалас.

Өзекті жанда қайғы көп,
Өртенсе аспан қарамас.

Селдетіп, сермеп қылышын,
Ойнады жасын кім үшін?
Аспаным өртшіл, жер дертшіл,
Жанымның алды тынышын.
Жау-жағалас
Өмір-ай,
Қанша бар әлі, құрысын!..

* * *

Саудыраған сақал-мұртын мүк басқан,
Түнереді түкті аспан.
Бұл неғылған өлке еді өлермен,
Өзегінен құт қашқан.

Ақ самайы ала қырау мың қырат,
Жылғасында жыл жылап,
Келе жатқан сонау кімнің міскіні,
Қара тасқа өз маңдайын ұрғылап.

Ақ сағыммен желбірейді тұлымы,
Кім де болса осы елдің бір ұлы.
Ай мен күннің аманында жылап жүр,
Неге мұнша көкмойнақтың құлыны.

Жалы жібек күміс еді тұяғы,
Айдың асыл қияғы.
Текті көрсе теріс қарап қалатын,
Қайдан келген бұл қорқаулар ұялы!?..

СҮРІНБЕ

Әкем жоқ қой сүрінбейін, сүрінбе.
Анам жоқ қой сүрінбейін, сүрінбе.
Кеше солай ойлап шыққам үйімнен,
Құлағымды тосып шыққам бір үнге.
...Сүрінбе!

Әкем барда еркелігім қалмапты.
Анам барда тілегімен бал қатты.
Қос тірегім қайда менің, қос арыс,
Ажал келіп екеуін де жалмапты.

Әкем барда алтын тұғыр хан екем,
Тал бойыма қорған болды жан әкем.
Анам менің ақ бесігім әлдиім,
Күміс сәуле күлім қаққан таң екен.
Жетім жанның енді білдім телмеңін,
Шүкір Алла, елдемін.
Күрсінейін, жыр тілейін, жазайын,
Көз жасымды сүртпе жаным сен менің.

Құлазыған дала сынды санамыз,
Келді, міне, жаңа күз.
Анау жолы әкем кеткен аттанып,
Қош айтысты енді, міне, анамыз.

Әкем жоқ қой сүрінбейін, сүрінбе.
Анам жоқ қой сүрінбейін, сүрінбе.
Кеше солай ойлап шыққам үйімнен,
Құлағымды тосып шыққам бір үнге.
...Сүрінбе!

КҮН КЕШСІН ЕРЛЕР БІТІММЕН

Біз өкше қайың бұраң бел,
Сұлуға енді шыдам бер.
Сыңсыған қайың, сырлысың,
Маған да сазды бір ән бер.

Көңілім күпсіп қағынды,
Аралай келдім бағынды.
Сездің бе менің сұлу тал,
Сенделіп жүрген шағымды.

Саяна құлап салқындап,
Мұңайдым үнсіз ән тындап.
Ер жолдасы шүкірлік,
Өмірдің дейді артын бақ.

Қанағат қайыр шүкірмен,
Аттандым асыл пікірмен.
Кейінгіні жау қылмай,
Күн кешсін ерлер бітіммен.

Сыңсыған орман солай деп,
Түнедім тауға жолай кеп.
Тау айтты: – «Кешір бәрін де,
Жау болу деген оңай» – деп.

Өсиет сөзді мұра ғып,
Өзіңнен есеп тұр алып.
Жақсылық тілеп баршаға,
Кешірдім сосын дұға қып.

Сайғақты мола құлазып,
Сығалап сайдан тұр азып.
Бітімсіз елден бақ қашпақ,
Мақтаншыл, кекшіл құл азып.

Саялар талды таң бар ма,
Аялап жанды барғанда.
Пенденің жеке дауы үшін,
Түспесін сызат балдарға.

Іздемең адал құлдан мін,
Жаманның бойы тұрған жын.
Орынсыз ашу, қызғаныш,
Өзімен кетсін Мұңдардың.

Иманның ісі дау басу,
Имансыз келсе аула шу.
Ер еліне бітімшіл,
Ессіздің ісі жауласу.

Сыңғыр да сыңғыр бұла бақ,
Сыр айтып үнсіз жыламақ.
Көркеуде көрге кіреді,
Көрінгенді кінәлап.

Біз өкше қайың көк орман,
Көкталдан бірлік жоғалған.
Бірлігі кеткен орманның,
Жері жоқ, сірә, оңалған.

* * *

Өлеңнен қашқын сақтан да!
Өзге бір өріс, бап таңда.
Көрсеңіз інім өлең сол –
Қасқырды жатқан қақпанда.

Табаға салып қуырған,
Тағдыры солай туылған.
Тірілей іреп терісін,
Азуын сосын суырған.

Тағдыры тәлкек талайлы,
Өз қанын өзі жалайды.
Көкбөрі жырды көргем жоқ,
Жағалап жүрген сарайды.

Жыр жазба дедім кектедің!
Жанған да отқа беттедің.
Махамбет¹ өлді бұл жырдан,
Сені де аяр деп пе едің?!..

* * *

Толмайды көңіл, толмайды,
Торықтым айтып ол жайды.
Жеңіліс ащы болмаса,
Жеңіс те тәтті болмайды.
Жұмылса саусақ қол мықты,
Жөніңмен сөйле орнықты.
Ауырған білер саулықты,
Әлсізден сұра зорлықты.
Сөз шықпас ердің тісінен,
Адаспа аршыл кісіден.
Болашақ жаудың көптігін,
Жалған дос айтар ісімен.
Намыстың құлы ер жігіт,
Сыйласар сырттай тең жүріп.
Көргенсіз жанға сенсеңіз,
Сыртыңнан жүрер жем қылып.
Жаманға қандай баға бар,
Жармасып иттей абалар.
Дос көріп ашқан сырыңды,
Жауыңа айтып табалар.

¹ Махамбет – М. Өтемісұлы.

ОТЫМНЫҢ УЫЗ АНАСЫ

Қауызыңнан нәр көрдім,
Нәрлендім, сосын әлдендім.
Іңгалауға жарамай,
Құлаққа ұрған танадай,
Жатыр едім жан жарым,
Жетім де көңіл баладай.
Сәбидей сүйіп сән бердің.
Тілегіңменен тербеттің,
Ләззатын беріп жер-көктің.
Түрегеліп гүлдендім,
Жүректен жұлып жыр бердім.
Ордамның асыл панасы,
Отымның уыз Анасы,
Болсын деп сүйеу ақынға,
Жаратқан сені шамасы.

САУРАН МЕН САМНЫҢ АРАСЫ

Ақ өлең, ақ жыр бар мұным,
Боздаттық Самның¹ нар құмын.
Өрелесіп сөз айтар,
Өзімсінген бар кімің?

Тебінгісі күмістен,
Терлігі қатқан жүрістен.
Ақ өлең айдын сахара,
Ел көріп ермен біліскен.
Хан Шаһарлы бау қалды,
Қан сасыған жау қалды.
Жол салып Қыпшақ, Қиятқа,
Айналған елмін Сауранды.

¹ Сам – жер аты.

Көмілді құмға із демде,
Көңілім қалды Сізден де.
Мына бір итің не демек,
Алартып көзін біздерге.

Жақтырмай өстім жанжалды,
Ар кетер жерде ал жанды.
Қанымен бірақ сақтадым,
Атамнан қалған қанжарды.

Өлеңмен қосып нұр іштім,
Ұраны Бекет ұлыспын.
Ғарыштан орын іздеп жүр,
Кеудемде жатқан бір ұшқын.

Қайғыма ортақ қара шың,
Айтпайды жанға жарасын.
Қоңырда самал қосып жүр,
Сауран мен Самның арасын.

* * *

Қажет пе сөздің балдайы,
Дертіңе шипа қандайы?..
Ойнаушы болма біздермен,
Бесқару берен-тандайы!

Дүңкіл де дүңкіл дүбірден,
Қаймығар деп-ең кіміңнен?!
Қылыштай біздің жыр-азу,
Қыл сағақтан ілінген.

Құба арланнан қалғанбыз,
Сағымы сары шаңнанбыз.
Қашаған менен Қалнияз,
Абыл мен Ақтан, Нұрымның,
Батасын көрмей алғанбыз!

Өлеңнен зәмзәм татасың,
Шүкірлік қылып жатасың.
Берен де Шалдар аянмен,
Беріп те кеткен батасын.

БІЛГЕНГЕ АЙТТЫҚ КӨП БАЯН

*«Сәке, мен мал көріп өстім. Біздің Маң-
ғыстаудың асыл тұқым қойлары боранды
күндері желге қарсы өрістейі... Адай жыл-
қысының айғырлары көбіне үйірін қасқыр-
ға бермейді».*

Дәулет Нұржанның әңгімесінен

Үкілі бөрік сусар қыр, елтірі ішік ен далам,
Есепсіз сүйген мен балаң.
Бадана көзді сауыттты, асыл да таспен айшықтап,
Керілген кербез кең далам.

Құмбетеге, бидайық,
Құраса басын сыңсыған,
Кетпейді елден бір тұман.
Қурай, жусан, құрақ сай, қыналы қызыл тастары,
Қарайды күліп мұртынан.

Құланқұйрық, құба тал, жағалай өсер көлі жоқ,
Сиреді түлік төлі жоқ.
Көкзапыран қансигек, қаралы бұлттың көшін-ай,
Барады жанның шөлі боп.

Атжалман тышқан секілді, санамды сұрақ кемірмек,
Санасыз, тексіз не білмек.
Ит ала қаздың қаңқылы – иесіз сөздің киесі,
Кеудеге жидық кебіндеп.

Дуадақ тектес безгелдек, даладан тұрақ таппай жүр,
Бауырын басып жатпай жүр.
Бауыздау өңеш қасқа дөң, бағасын кімге бұлдамақ,
Есіңе інім сақтай жүр.

Ақ езу болған жағынан, өлеңін көрдім өткеннің,
Өрнегі асыл неткен күн.
Өрісін салған боранға, үйірін бермей қорғаған,
Атасы нұрлы тектенмін.

Жабағы жүндей жұлынған, жанымның аппақ мамығы,
Көңілдің көк су зар үні.
Тоты құстай таранған, салтанат пенен сән қайда,
Таусылған білем жарығы.

Қой да болса намысын боранға жанып ұмтылған,
Мекен ғой кәусар ұл туған.
Кәлима тілі намыстан, шығарда жанға ақ тілеу,
Көкмойнақ едім жұлқынған.

Үйірін бермей бөріге, құлынын сақтар құрбан боп,
Ажалға көңіл бұрған жоқ.
Кемелге келген кер айғыр, жау жағалас тарпынып,
Жанын да бағып тұрған жоқ.

Боларма өрге жайылмай, үйірін қорғап пірленбей.
...Пір келер тілін білгендей.
Қызыр да бабам тілекте, қылыштың ізі жүректе,
Табаннан таспа тілгендей.

Тулақ қатса құн кетер, тулаған ерден күн кетер,
Үйелмен жұртқа үн жетер.
Білгенге айттық көп баян, білместің жайы қараңғы,
Маңғыстауға кім жетер!..

* * *

Сәлем айт, сән түзеген таңға менен,
Қарыз боп қара өлеңге қалған емен,
Ырсиған қалың ойдың қабырғасын,
Бұтарлап бара жатыр қанжар өлең.

Жаланып жүзі жырдың өткірленген,
Өмір ме өмір солай тек бір керуен.
Құм кешіп құлық жағып табаныма,
Анау жыл ақ сағымға жеткім келген.

Көрсетіп азу тісін бөрілі қыр,
Даланың жемсауы дерт, желіні жыр.
Шаршаған сағым қуып сері-жырдың,
Жыртылып иығында кебіні жүр.

* * *

Іріксе тәңір бармассың,
Іздесе тәңір қалмассың.
Сағыныш деген бір от бар,
Күйерсің, бірақ жанбассың.

Тірінің жаны күйгелек,
Өртеніп күй де, сүй демек.
Жез тырнақ өмір желкеннен,
Барады білсен сүйрелеп.

Сағынған жақсы сарығып,
Талмау да түсте тарығып.
Кездесу деген бір бақыт,
Жүрегің сосын жарылып.

* * *

Біреудің біреу білмес жан-шырылын,
Көзіңнің қарашығын алшы күнім.
Алдымнан жүрсем-тұрсам кетпей қойдың,
Сен менен не тілейсің тал шыбығым?..

Самайым қырауланып қар жамылдым,
Ақ киік құрбанысың алда кімнің?..
Ұшымен өлең жазып бердім саған,
Тістеулі бара жатқан бармағымның.

* * *

А, шіркін, жалған құбылған,
Мән таппай кеттік ғұмырдан.
Құлағым сенің дұғанда,
Құлаған күні тұғырдан.

Саусағың аппақ дірілдеп,
Оқырсың дұға біріндеп.
Жырларын білем дей салғын,
Сұраса біреу кімің деп.

Көзіңнің жасын іріккін,
Іргені енсе түріп мұң.
Қайтесің сұрап іңкәрін,
Күнінде болған жігіттің.

Шырынды гүлде дәру бар,
Дәруге дертті зәру бар.
Ерінін тосып еліткен,
Қош енді, көркем арулар!

* * *

Табанның еті күлбіреп,
Тамақтан қамыс тілді кеп.
Ошаған¹ шашқа жабысып,
Балақтан шеңгел² ілді кеп.

Балалық солай көбең-ді,
Көлгейлеп түске көп енді.
Асығушы едік өссек деп,
Өскенде жаным не көрді.

Күлбірек табан күндерім,
Жүзімді көрші бір менің.
Батып та болмас көп күнді,
Балалықпенен тілдедім.
Таққанбыз күн мен айға сын,
Тарығып көңіл сайрасын.
Бәріне сенген үміттің,
Үлпілдек күнім қайдасың!?..

АРАНДАҒЫ ЗАМАН

Сен қарама, мен қарайын аранға,
Анау біздің арандағы заман ба?
Ақбөкендей қансыраған қалжырап,
Басын иіп, ия деді тал жылап.
Аран іші көк запыран көгерген,
Ердің бегін, елдің нарын шөгерген.
Бұрымына буынып тұр дәстүрің,
Кетпес бәле, кеміріпті тасты мұң.
Ұлт көзінде үрей жатыр үркіншек,
Ұл сұрайды өз-өзінен кімсің деп.
Шығар менің арандағы жұртымды,
Үндемейді үйелмен ел бір түрлі.

¹ Ошаған – өсімдік атауы.

² Шеңгел – өсімдік атауы.

ҚҰС БАЗАРЫНДАҒЫ ОЙ

Семіріп қара қарға бүркіт болды,
Жегені жез табақтан іркіт болды.
Қарқылдап қаз-үйрекке ақыл айтып,
Қасқаны жолдан қағып іркіп болды.

Жемсауы шеңбіректеп шер-күптенді,
Кім бұған әу басында теңдік берді.
Атынан құс біткеннің сөз айтып жүр,
Аралап алты құрлық, ендіктерді.

Қаз-үйрек қақалады қауырсындап,
Қайтеміз жүрек күйіп, бауыр қызбақ.
Қарға мас, құс біткеннің шекесінен,
Қарайды шүршүт шертіп, кәуір сыздап.

БАБАДАН ҚАЛҒАН ЖАЛҒАНШЫ

Інілер кекшіл, аға арзан,
Заманның заңы жаңарған.
Сүрінген жанда есеп жоқ,
Тағдырын іздеп табаннан.

Безенген тілің тақылдар,
Безбенді сөзде нақыл бар.
Желкеден ұрып жан досың,
Жерге де тығып сақылдар.

Ит оралып балаққа,
Айқай да салар алапқа.
Ездері күйе жағып жүр,
Ерлерге біткен талапқа.

Дуасын малып қараға,
Сынасын қағар араға.
Бабадан қалған жалғаншы,
Балаға солай бара ма!?!..

ҚАНДАСЫМ...

Өз елім деп келген екен, өзім деп,
Сарғайған ғой төзім жеп.
Енді қайтсін туған елге жетті ғой,
Бір жыласын, мауқын бассын, езілмек.

Қан жүрегі қанша жылап ер жетті,
Қолы жетпей қанша асыл ер кетті.
Қанша жанның қалды сонда қимасы,
Өксік өртеп жанға азар бермек-ті.

Жұбанбайды үнсіз ғана тұр қарап,
Не көрмеді бұл қазақ.
Бірін-бірі сүймеген ел бақытсыз,
Қызың да жат, ұл да жат.

Өз қаның ғой жылап аққан жылғадан,
Қашан сені аяп еді бұл ғалам?!
Қандасымды жаман десем, жат десем,
Жақсыларын берер сонда кім маған?!..

* * *

Маужыраған күзгі талдың сұлбасы,
Көл шетінде, жалғыз ағаш бір басы.
Қиын екен қасқа талдың тағдыры,
Жоқ екен бір, сырласы.

Желмен бірге жеңін түріп жылайды,
Ес көреді жалғыз күн мен бір айды.
Енді өмірі қалды екен қаншама,
Ерке тал да құлайды.

Орман еді көл жағасы көк тал-ды,
Көктей шапты көп талды.

Бұл да созып айбалтаға мойынын,
Өлейін деп оқталды.

Ажал оны таңдамады, тастады,
Алып кетті қатар-тең мен басқаны.
Жалғыздық пен буып тастап тал бойын,
Қорлаған кім, қасқаны!?

КӨРСЕТ МАҒАН НАРҚОСПАҚТЫҢ БАЛАСЫН

(*Апаға Хат*)

*«Білмек болсаң ер жігіттің асылын,
Қимылын көр алқалы топ ішінде,
Ойламайды қамын жалғыз басының,
Айтқан сөзі қалар мәңгі күшінде»*

Мақтымқұлы

I

Ер жігіттің елді ойлары нардан-ды,
Ата дәстүр нардан-нарға қалған-ды.
Жаман байғұс елді ойлап не қылсын,
Жалпағынан кешпек болар жалғанды.

Нар боздайды жүк қалды деп тағы да,
Нар туады нағыз елдің бағына.
Жаман байғұс өз тірлігін қызықтар,
Қарамайды елдің намыс, арына.

Нар өледі мойын созып белеске,
Ер риза алмаса да ел еске.
Жаман байғұс талтаңдайды кісімсіп,
Қатынымен тиын санап кеңесе.

Нардың жолын нар басады өскесін,
Нар тумаса көпке сын.
Жамандардың қысыр келер көңілі,
Әйел сынды қанатпаған өкшесін.

Мақтымқұлы, Абай айтқан кезінде.
(Абыздарым әлмисақтан егіз бе!?)
Бір құрсақтан жаратылған даналар,
Нардан қалсаң нағыз ерді Сен ізде!

Нағыз ерлер сөз қалдырған нар-мүсін,
Қайталайды қабақ шытып қарлы шың.
Шалдарымның ізін басар нар туған,
Нағыз ерлер бармысың?!

II

Нар боздайды қарпып сүйіп халықты,
Қайғы семіз, жан жабырқау арық-ты.
Ұл өсірсең – ұлтын ойлар нар өсір,
Елін ойлап іздеп өтсін жарықты.

Міне, солай, мінсіз тусаң нарларым!..
Елдің ойла, арманын.
Жарты құртты жамағатпен бөліп же,
Жалай берме балға тисе бармағың.

Жалаңаш жүр, ұлтыңменен бір жатқын.
Әрбір ісің көздің жасын құрғатсын.
Жұлдыз болсаң ағып түсер сәт келер,
Күн болсаң да бір орнында тұрмассың.

Қайда бармақ жалғыз тапқан жолыңыз.
Нар адасса сорымыз.
Жаман деген жанын ойлар, ар емес,
Арсыздардан туған елді қорыңыз!?.

Нарлар жайлы жазылады жыр алып.
Нардың сөзін – ұран ұқ.
Жамандардың көзін ойған дүние,
Құмарпаздар ел болмайды құралып.

III

Нар шөлдемес қанағаттың зарлысы.
Шүкір еткен қане, қайда, нар кісі!?.
Халық деген бір атауы – Алланың,
Ел қарғаса, ол Құдайдың қарғысы!

Ел бақыты – ер бақыты ырыс-бақ!
Ұлт жанына ұлы келер тыныс сап.
Жамандардың жиған малы харамнан,
Өз сүйегін шабар көрде қылыштап.

Жүрегіңе салып алғын ұлтыңды!
Жалғастырып жан бабадан бір тінді.
Жаманды қой, қараниет сұғанақ,
Ұлтын тонап, ұрлап алған күлкіңді.

IV

Жаным менің, нарым менің – бозжайнақ!
Тілек сүт те, сөз қаймақ.
Нарды көрсең тілеп өткін тілегін,
Сүріндірме көз байлап.

Нағыз нардың өз жолында жүк қалмас!
Ұл адал ма!?!.. Ұлт қолынан түк те алмас.
Нар тудың ба – уыз бер де аяла,
Тасқа шапсаң бітті алмас.

Есіміңді ел құндақтап сүйінер,
Елесіңе иілер.
Сен жоқ күннің барлығын да еске алып,
Сүйінер де күйінер.

Ел мақтаса, Алла сүйер алдыңнан.
Сол үшін де нар құрбан.

Сахабадай иман жина тіріде,
Адамзатқа тек өнеге қалдырған.

Нарлар қайда!?!.. Боздау көңіл ботамыз.
Ботам қайда!?!.. Шоқтай шындық, от аңыз.
Жаман құрсын несін айтам жан құса,
Ал, жайсаңнан кімді жырға қосамыз!?!..

Қайран менің Сәуле апам¹, жан апам!
Нар көрінер қайсы тұсқа қарасам?!
Азын-аулақ жанға шипа табамын,
Жан жарасын жыр тілімен жаласам.

Көз талады сахараға қарасам.
Ал, көңілім ала шаң.
Көрсет маған Нарқоспақтың баласын,
...Жан апам! ...Жан апам!

БІР КӨРІНІС

Шашын жайып қап-қара түн, қара түн,
Аш бүйірін аймен ілгеп таңатын.
Күн шықты ма күбір-күбір тіршілік,
Ұйқылы-ояу еппен демін алатын.

Шүкір қылып түннен таңға жеткенін,
Сүйретеді шаруа шалғы, кетпенін.
Шәкірт бала бетке алады амалсыз,
Көп жақтырмай «алтын ұя» мектебін.

Бітіп болмас ұстаздардың ақылы,
Қу тірліктің таусылмайды мәтіні.
Малды сабап айдап жатыр өріске,
Момын шалдың зәр-көгала қатыны.

¹ Сәуле – С. Мешітбайқызы.

Мосыдағы шәйнек қайнап түкірді,
Жанды-күйді түкірінді, ұтылды.
Сөйтіп жүріп түс ауды да кеш болды,
Түпсіз түнге тағы ауыл жұтылды.

НЕГЕ КЕРЕК ТІЛІН ҰҒЫП ҒАЛАМНЫҢ

Жыр жазғанның көңілінде мұнар-жас,
Жырдан қашып жүре көргін ұлан жас.
Өзіңді-өзің отқа салып өртенбе.

Пәк жаныңды кеміреді кер жалған,
Жанып-күйіп жана беру неңді алған.
Өзіңді-өзің отқа салып өртенбе.

Керегі не тілін ұғып ғаламның,
Мұқтаж болмақ оның үшін саған кім?..
Өзіңді-өзің отқа салып өртенбе.
Сорың қалың жан екінсің жатпайтын,
Көңіліңе көшкен бұлтты сақтайтын.
Өзіңді-өзің отқа салып өртенбе.

Қаңбақсың ғой жел айдаса сырғыған,
Өз қағынан үркіп қашқан жыр құлан.
Өзіңді-өзің отқа салып өртенбе.

Қара жерден тұрақ таппай тұншығып,
Көк аспанға көп қарайсың құлшынып.
Өзіңді-өзің отқа салып өртенбе.

Жүрегінді құрау-құрау жамаған,
Жамылады, жастанады бар адам.
Өзіңді-өзің отқа салып өртенбе.

Аппақ самай қара тірлік, қам тірлік,
Қайдағыдан көңіл қалып сарқылдық.
Өзіңді – өзің отқа салып өртенбе.

Әуезін-ай бал шығыстың жырдағы,
Жырлағым кеп, жылағым кеп тұр-дағы.
Өзіңді-өзің отқа салып өртенбе.

Қайдан қалам ұстап жүрсің қарағым,
Қарай-қарай қайғы ойлаумен барамын
Өзіңді-өзің отқа салып өртенбе.

Көңіліңнің запыранын көз құсып,
Ақ парақтан әріп теріп, сөз жұтып.
Өзіңді-өзің отқа салып өртенбе.

Өз басыңның бостандығын кеміріп,
Елестерден есің кетер жеңіліп.
Өзіңді-өзің отқа салып өртенбе.

Қайда кетіп бара жатсың қарғашым,
Құдай басқа ақындықты салмасын
Өзіңді-өзің отқа салып өртенбе.
Онсызда бұл жаһаннамның жалыны,
Бастан ауып басылмаған зарығы.
Өзіңді-өзің отқа салып өртенбе.

Өлеңсіз-ақ сүйе бергін ғаламды,
Жырдан іздеп жын қақты ма бағанды.
Өзіңді-өзің отқа салып өртенбе.

* * *

Көзіңнен көктем бүр жарған,
Жүрсің бе есен нұрлы арман.
Ай болып қарап өткен күн,
Жұлдыз боп тамып тұр жалған.

Жалғанның жарық нұрлысы,
Көңілдің көркем бір құсы.

Мұқаңдар¹ айтқан «Валеттей»,
Қасыңда жүрген кім кісі?!

Үнсіздік деген ұлылық,
Үмітсіз көңіл тұр ұлып.
Ерінін тістеп бір бейбақ,
Еріксіз кетті бұрылып.

Сағымға сінді сарғайды,
Ұқтырды үнсіз бар жайды.
Көзіммен іштім елесін,
Көңілдің шөлі қанбайды.

БІТКЕНІ МЕ ОСЫМЕНЕН ЕР ІСІ

Көп күн өтті көңіл шіркін елемей,
Жалындаған жігіт едік жебедей.
Енді орын жоқ бұрылармыз қай жаққа,
Жағалауға шығып қалған кемедей.

Қорқаулардың қоян сүрлеу желісі.
Өткіншінің сырпылдайды кебісі.
Саған енді не демекпін жалғаншы,
Біткені ме осыменен ер ісі.

Кімге қайыр қылатындай іс қылдық,
Өтті өмір, көрген бейне түс қылдық.
Бес саусақты бірге бүгіп көрмей-ақ,
Бетегеге шығып алып ысқырдық.

¹ Мұқаң – М. Мақатаев.

* * *

Билік айту несін алған бәлсіну,
Болмағасын тән Тәңіршіл, жан сұлу.
Желкесінде арам байдың түлені,
Қанды қолын жумаса да хан сұлу.

Әміршілер қырғи тектес қырағы,
Әлсіздердің өшті мәңгі шырағы.
Аңызакқа аңқа кеуіп уілдеп,
Паналайды жылға менен жыраны.

* * *

Кеуде қуыс, шығар-шықпас жан қайда.
Жыр кәусарым ішсем шөлім қанбай ма?..
Қайда менің бал сыбызғы әуезім,
Таң сәулесі тамшылаған таңдайға.
Көмейім де көлім бар-ды шалқыған,
Өзегім бе, өзегімде бар тұман.
Не жазса да көрем енді маңдайға,
Бәрі бір де осы жалған қалмай ма?!
... Несіне Мен, тартынам!?

ЖАЛҒЫЗ АУЫЗ СӨЗ

Ер үзілді шарасында кек қалды,
Жалғыз ауыз сөзін айтты тек, мәнді.
Дүниеге келмеген жан шынында,
Келгендерден бақыттырақ деп қалды.

Неге тудың гүл көктемнің бүршігі,
Деп едім Мен, көзінен жас ыршыды.
Шарап сынды ақыл-естен айырар,
Бұл өмірдің у-ләззаты бір шыны.

Ал, ішіп қой, өміріңді сіміргін.
Достан дұшпан жасап ал да, ілінгін.
Өмір-ай деп запыранды құса сал,
Күбірле де ұшыменен тіліңнің.

Қандай қызық, базар көрдің, бақ көрдің?
Ауызына ұя салдың нақ көрдің.
Арты айқас, алды шайқас бүлінгі,
Ала майдан дүниеге тап келдім.

ҰМЫТТЫ ОЛАР..

Қарқылдайды ала қарға, сұм қарға,
Ал күліңдер, кімдер құзғын, кім қарға.
Қой сияқты қоңыр еті қоңсыған,
Қораңызда қойдан жуас біз барда.

Қой болған соң қоңыр кеште жем болмақ,
Қасіретке қара көзі тең болмақ.
Өз Отанын өліп-өшіп кемірген,
Өңкей ұры енді қалай ел болмақ?!..

Қайран елім сенің көзің жылаулы,
Ұмытты олар ұлттан оны сұрауды.
Сен әзірше тірі жүрсің аяқтай,
Аякасты ұят көріп құлауды.

Құламашы, сәл шыдағын, құлама.
Өрт ішінде өлі кезең бұл ара.
Өлме енді өрт ішінде шыдап бақ,
Құлаған жан қайта сосын тұра ма?!..

* * *

Шаншылып көк найзағай көктен келді,
Ойқастап ойран қылды тепсең белді.
Шалғыны шаршы топтың отқа оранды,
Ақ жалын жалмап жатыр жеткен жерді.

Етегі елпілдеген күйікті қыр,
Өзгеше өрттен ыстық күй ұқты бір.
Кемсеңдеп келер жылдан бақ күтіп тұр,
Құдайға қолын жайған сүйікті құл.

Бір Алла қорған болсын пендесіне,
Қол жетпес Тәңір-Хақтың бермесіне.
Мысалы: өмір – жасыл, өлім – жасын,
Кім кепіл тас төбеңнен келмесіне.

Жан Алла, жамағатты сақта Құдай,
Жақ дейді қашаннан да аққа Құдай.
Құдайға мың да шүкір бұйырған дәм,
Ақ адал маңдай термен тапқаным-ай!..

* * *

Ер көңілі езіркеу,
Жар көңілі жабырқау.
Жанның да мұнар көшкіні,
Жаныштап бітті естіні.
Білгеннің көзі жылаулы,
Өлшеулі өмір, сынаулы.
Білместің жүзі жарқын-ды,
Қайғысыз қайтсін халқыңды.
Білгеннің күні құрысын,
Тарылып бітер тынысын.
Білмеген жандар бақытты,
Бақ іздеп алға асықты.

СӘУЛЕЛІ ШЫҒЫС

Ерлері ерен үндемес,
Сыртыңнан сымпып күндемес,
Сәулелі Шығыс, Отаншыл!

Ұланы сенім ақтаған,
Жастарын жастай баптаған,
Сәулелі Шығыс, Отаншыл!

Еңбектің отын маздатқан,
Аз сөйлеп және аз жатқан,
Сәулелі Шығыс, Отаншыл!

Ғылым мен білім жүрегі,
Ой сатып үнсіз жүреді,
Сәулелі Шығыс, Отаншыл!

Сыйласық нәрін шырын ғып,
Күлгені қандай уылжып,
Жапондар неткен Отаншыл.

Гүлдей боп әсем иілген,
Гүл көрсе болды сүйінген,
Сәулелі Шығыс, Отаншыл!

Отаны үшін жан берген,
Ойсыз жұртты таң көрген,
Сәулелі Шығыс, Отаншыл!

Дәстүр мен салтын сақтаған,
Болса да қанша ақ табан,
Сәулелі Шығыс, Отаншыл!

Халқына ханы ұл болған,
Ұлықтап ұлтын құл болған,
Сәулелі Шығыс, Отаншыл!

Қазына ұрлап жемеген,
Қамықсаң сүйеп демеген,
Сәулелі Шығыс, Отаншыл!

Намыс пен ардан нәр алған,
Ант пенен серттен жаралған,
Сәулелі Шығыс, Отаншыл!

Отаны үшін туылған,
Ойланбай қылыш суырған,
Сәулелі Шығыс, Отаншыл!

Әлемге тілеп тыныштық,
Ұрпақты өсір құрыш қып,
Сәулелі Шығыс, Отаншыл!

БІЛМЕЙТІН ЖАЛҒЫЗ БІЗ ҒАНА

Ақ самайы – ақ шағыл, ақтылы құмға түстендім,
Көктен сонау түскен кім!?
Періште мекен перделі,
Пері де мекен жердегі,
Болған істе болжау жоқ, бор төбеде тістендім.
Жерден шығып көртышқан желкелігін қасынды,
Көр тышқан білді, жасырды.
Білмейтін жалғыз біз ғана,
Білесіз оны Сіз де аға!
Құшаққа пышақ жасырып, ауыртып жүрсің басымды.

* * *

Мамыр мен келді маусымы, Маңғыстау неге түнермек,
Қыр түрленіп гүл өрмек.
Майда сөйлеп самалы, мамырлап шөгіп мұнары,
Ер тұлпарын жүгендеп.

Сапар алды жұмбақ-ты, сардардың жүзі тұнжырап,
Бармағын тістеп жүр жылап.
Өксігін басып жүректің, өзінше күлген болады,
Созылмас көпке бұл бірақ.
Сатқындар нұсқап көрсетті, дұшпанға түріп жырмасын,
Сақтаған иттер бір басын.
Қазақты бермес ешкімге, қайраулы қылыш көкбөрім,
Жаралған нұрдан текті едім.
Құрмалы ердің жиыны, құрсақтан шыға көргенім,
Маңғыстау – менің мектебім!
Ерлік пен елдік біздікі, қазақтың қайсар ұлымыз,
Жорықпен айттық мұны біз.
Аялап ұста ақ жүзін алашқа біткен намыстың,
Ағайын сөзді ұғыңыз?!

ЕСІРДІҢ КҮЙІ – «АҚЖАРМА»

Ақжарма күйдің ағыны, ойнаған от пен жасыннан,
Сарқырап саумал қасымнан,
Саусаққа көзім маталып, сағыныш толған кеудеммен,
Көңілім күпсіп тасынған.
Епіршік үріп нұр іштім, сабасын күйдің сапырып,
Ақжарма көңіл жасымнан.
Ойрандап Патша¹ орданы, әлсіздің күні сол-дағы,
Дұшпаным болды олжалы.
Құрымға орап құл қылып, күлге итеріп күң қылып,
Жол бастатып зорлады.
Атанның жүгін арқалап, атамның мұңын дерттедім,
Жан сазымды шерт менің.
Үдекке толы үстіртім, қан жалаған қасқа жол,
Келді ме қайта кеткенің?!..

¹ Сібір мен Орта Азия елдерін барлау мақсатында Маңғыстау жеріне келген кезекті бір экспедицияның жау-жарағын қамтамасыз ететін отрядқа тоқсан түйе, тоғыз түйеші алынған. Олардың арасында әйгілі күйші Есір Айшуақов та болады. Сол сапардан аман оралған соң «АҚЖАРМА» күйін шығарады.

Толды ма орны ерлердің, бесқару қайда белдегі,
Қарусыз қаңбақ ел ме еді.
Ақжарма күйді тартайын, ағытып сырдың түймесін,
Ақ жаңбыр күйім сел ме еді.
Алашқа біткен бұл күйді, Алланың өзі берген-ді,
Атасы күміс зерден-ді.
Сазға да толы сандығым, айналсаң мұны таппассың,
Шеңберлі қара жерді енді.
Маңғыстау ғана туады дәл мұндай күйдің төресін,
Өрнекті күйдің өресін.
Етегі жайлау мекенім, екі де көзде бір бұлау,
Күй болып боздап келесің.

* * *

Жайнаған жарық күннің самалы ма,
Жел қанат жыр біткен-ді қаламыма.
Керелеп кезіп жүрмін жалғаншыны,
Үңілдім ғасырлардың аранына.

Тулаған, турап түскен көрінгенді,
Дүние өзің жайлы не білгем-ді?
Сүйретіп өткендердің елесі жүр,
Ағытып үш байлаған кебіндерді.

Самал боп, сағыныш боп, жел келіп жүр,
Жел жемсеп жер түбінен ел келіп жүр.
Кеткен соң көзден жарық, жаннан тұрақ,
Рухы ұлы көштің сенделіп жүр.

Өтеді көз алдымнан сан ғапылдар,
Қол беріп қоңыр көшке жалғасындар.
Келеміз сыңар аяқ соқпақ пенен,
Артта өрт, ал, алда ма, алда сын бар!

КӨШ ТІЗГІНІН ҰЛ АЛДЫ

Жер астында мың арман,
Жер үстінде шығар жан,
Солардың айтып баянын ескіден қалған мешіт тұр.
Ай жаңасын көп көрген,
Жыл ескісін өткерген,
Өкірген күннің өзенін толарсақтан кешіп тұр.
Құлпытас қарап құнтыып,
Бесіктес жатыр бұлтиып,
Жабырқау қырдың көңілі жаназа күйді есіп тұр.
Бабамнан қалған мұрам-ды, бұйырса мәңгі тұрар-ды,
Өткенді жалғап ертеңге,
Шерлінің күйін шертерге,
Еппенен кейін шегініп, көш тізгінін ұл алды.

МАЙЛЫБАЙ АҒАҒА¹

Таң атты бірақ күні жоқ,
Біреулер бар да, бірі жоқ.
Өлінің елі тұрақты,
Өмірден көшпес тірі жоқ.

Таң менен талас құлапты,
Алладан иман сұрапты.
Азамат ердің сойы еді,
Біздерден ол да ұзапты.

Елесі қалды санада,
Қош енді, қош бол, жан аға!
Сырласып жүріп сыйластық,
Шайтан да түспей араға.

Білмедік қанша таң барын,
Білеміз шығар жан барын.
Сауапты жерде көп жүрген,
Құлы едің адал Алланың!

¹ Майлыбай аға – Майлыбай Әминұлы Аймағанбеттегі.

ЕР ХАФИЗДІҢ ЕРМЕГІМІЗ

Талайдың таңдап сүйдік еркелерін,
Күй едім күмбірлеген серпер едім.
Немерем енді ойнап жүр ат қып міне,
Керімсал кербездердің кертөбелін.

Шу дейді атанақтап шапқан болдым,
Әлдилеп әнге салып баққан болдым.
Өткеннің бәрін кілттеп сандықшаға,
Көңілін болашақтың тапқан болдым.

Бұл күнде Ер Хафиздің ермегіміз,
Рас па алпысқа да келгеніміз.
«Мың алғыс мырза құдай немерені,
Атасын ат қып мінер бергеніңіз!»

Бұл өзі Пайғамбардан қалған бақыт,
Болармыз болашаққа таңнан ғашық.
Келеді жақсы үміт пен тәтті қиял,
Жетелеп жең ұшынан алдан қашып.

АЛТАЙ ТАУЫНА БАРҒАНДА

Алтайдың тауы ақ бесік,
Бұл күнде жүрген жат көшіп.
Ту ілген жерге қунап көп,
Ту биесі тулақ боп,
Қонысым саған зарықпын,
Қазақ та деген халықпын.

Алтайым – аппақ жөргегім,
Өріден салған өрнегім,
Шаршыңа шығып өрледім,
Шатыр да тігіп төрледім,
Қонысым саған зарықпын,
Қазақ та деген халықпын.

Түп атасы тұлпардың,
Дүбірлі күнге іңкәрмін.
Қайғы боп бастан бұлтардың,
Қайырып үнсіз ұлтардым.
Қонысым саған зарықпын,
Қазақ та деген халықпын.

Алтайдың тауы аршалы,
Арбайды сұлу баршаны.
Жанымның ару аңсары,
Жау құшып сені тамсады,
Қонысым саған зарықпын,
Қазақ та деген халықпын.
Қар жамылған ала шың,
Алаштың білдің шамасын.
Көзіңнің сүртіп қарасын,
Көңілге бұлау саласың,
Қонысым саған зарықпын,
Қазақ та деген халықпын.

Жәудіреген ақ марал,
Ақ маралдан жоқ халал.
Халалды сүйсең ақтап ал,
Қапыда салды жат қамал.
Қонысым саған зарықпын,
Қазақ та деген халықпын.

Дегені болмас пенденің,
Айналса көктің шеңберін.
Кербез де керік кермелім,
Сен шүбәсіз, мен де мін.
Қонысым саған зарықпын,
Қазақ та деген халықпын.

Көкпенен шалғай таластың,
Көп сорлаған алашпын.
Қаншама жаумен жанастым,

Қаншама жолдан адастым,
Қонысым саған зарықпын,
Қазақ та деген халықпын.

Қош аман бол, ақ шыңым,
Жоғалтып білдік бақ құнын.
Терең бір ойдың тап түбін,
Тебіреніп жат күнім!..
Қонысым саған зарықпын,
Қазақ та деген халықпын!

КІМ ҚАТАРҒА АЛАДЫ!?!..

Мен саған сендім, сенем жыр,
Наркескен қылыш, берен-жыр.
Қазаққа біткен сөз өлмес,
Өлді деп тілді не деп жүр.
Салтанат кетпес төр ем бір,
Төріңді берме, өрен жыр!
Өрелі майдан, қызыл тіл,
Айдыны шалқар, көл ем бір.
Өлді деп тілді не деп жүр?!
Өлімнің өзін өлтірген,
Мәңгілік тірі кемел жыр!
Үмітім көп-ті сенен жыр.
Өлді деп сені не деп жүр!?
Қасыдым білем жараны,
Жаралы көңіл, налалы.
Өлтірсе тілді бұл Қазақ,
Ту ұстап қайда барады!?
Кім қатарға алады!?

НЕГЕ КЕРЕК ӨЛЕҢ СӨЗДІҢ КҮЙІГІ

Неге керек өлең сөздің күйігі,
Шешілмейтін көп күрмеудің түйіні.
Өлең деген тарпаң сынды таудағы,
Кіл асаудың үйірі.

Неге керек жырдан шырақ жаққаның,
Барар жері бақытсыздық қасқаның.
Тағы бір у қосылсын деп тостаққа,
Көңілімнің бір тамшысын тастадым.

Неге керек, неге келдің оқырман,
Жол сұрамақ болдыңыз ба соқырдан.
Қанша күннің кетті өртеніп парағы
Менің жанған рәсуа отымнан.

Неге келдің у ішкелі келдің бе?!
Ақын құйын, ақыл айтпақ жел кімге?!
Жанған отты жандарына салып ап,
Ақындармен өмір сүрмек ел бірге.

Неге келдің зәрін ішіп бұл жырдың,
Тәттісін-ай құрғырдың.
Өлең деген желідегі бота ғой,
Көздерінен сорғалаған тұнжыр мұң.

Жаңғырықтар мекенінде жаным бар,
Сағымдардан іздеп мені табыңдар.
Мен осынша арпалыспен күн кештім,
Тірі жүрмін от ішінде бағым бар.

* * *

Көп қиындық тартып жүрсің көркемім,
Сағанда бір қонар бақыт бар шығар.
Жылай білсе намыстанып ерте кім,
Сол ертерек от боп қайта шарпынар.
...Бақытыңды тартып ал!

Көп күйіндің, көп жазықты болдың да,
Шыда бірақ, бақыт сені табады.
Ішке салып өз отыңнан толдың ба,
Күресе біл, сырттан қыдыр бағады.
...Сені бақыт табады!

ДҰШПАН ДАЙЫН...

Сары сандық боз құмдар,
Боз құмда жатқан боз мұндар.
Жусан болып шықтыңдар,
Жуасып қолды созыңдар.

Бетеге болып бел астың,
Ебелек болып ел астың.
Қан шеңгел қара саусақпен,
Жүрегінді жеп астың.

Қаңбақ та болып домалап,
Тағдыр айдау, жол азап.
Қайырған малдай тобымен,
Қайғыға салды қоралап.

Маңғыстау қалды шалғайда,
Шаттанып айтар ән қайда?..
Атажұрт көзден кеткен соң,
Әдіра бәрі қалмай ма!?

Сорасын қара жанардың,
Сонасын қара ажалдың.
Соғады жүзі дауыл боп,
Соңыңнан ерген хабардың.

Босаға қалды жат кірді,
Тістеулі тілмен жақ тұрды.
Бақайдан дұшпан өрмелеп,
Басыма арқан лақтырды.

Желкесін қиды үміттің,
Желеңін тауып жігіттің.
Тағы да заман бір түрлі,
Маңдайын тасқа ұрып түн.

Қол жайдық Бабам Сіздерге,
Көптің көзі – біздерде,
Аздың көзі – Аллада,
Дұшпан дайын тіздерге¹.
Тізгіндеп жүріп іздерге.

БІЛЕРСІҢ ҚАЛҚАМ СОЛ КҮНІ

Құлжаның алып мүйізін,
Қыранның тағып қанатын,
Шудалы мойын шұбар бұлт қай жакқа кетіп барасың!?
Таласың бітпей қара шың,
Жаныңның тұздап жарасын,
Ел менен жерге қош айтып есіңнен жылап танасың.
Көлденең шығып ірікпе,
Үдере көшіп үріксе,
Қансыраған бөрідей жарасын өзі жаласын.
Тал бойыңнан әл кетсе,
Таңдайыңнан нәр кетсе,
Білерсің қалқам сол күні көшкен де бұлттың бағасын.

¹ Тіздеу – байлау, шідерлеу мағынасында.

* * *

Не болып кеткен саз-әнім?
Бұл да бір түрі жазаның.
Атасы менен келіні,
Ағасы менен қарындас,
Биші екен мына қазағың!?.
Жалаң күлкі, ырғыған,
Өкшелер өңкей сырғыған.
Иелеп алған жан сайын,
Ішектің бойын бір жылан.
Көйлегін шешіп бұлғады,
Айқайдан тамақ құрғады.
Қасқада болған қазақтың,
Күйі мен қашты жырлары.
Шабын тайдай тепсініп,
Ел болған түрім, ес біліп.
Жаңаның бітеу құлағы,
Есіктен қашты ескілік.
Шайнайтын бармақ кез болар,
Осының бәрін кеш біліп!...

ТҰЛПАРЛАР ҰМЫТ, ТҰҒЫР ШАТ

Жараулы тұлпар жан көрік,
Жабыға қарар таң көріп.
Сұлу да баққан мін болмас,
Сұлы да шекер бал беріп.

Кермеге салар кербездеп,
Көрімдік сұрап жел кезбек.
Жақсыны көріп қалмаққа,
Жапырып солай ел кезбек.

Айдарын мақтар алтын деп,
Құйрығын мақтар күміс деп.

Шаппай-ақ берсін бәйгесін,
Ия бұл, солай, дұрыс – деп.

Тұлпардан қайғы, шер келді,
Кермеге жабы келген-ді.
Құлагер тағдыр қасқаның,
Сазайын жолда берген-ді.

Сымбатың көздің құрты деп,
Сіңірін тістеп сілкілеп,
Бәйгіден келді кіл жабы,
Дүйім де жұртқа дүркіреп.

Тұлпарды халық қаралап,
Білгенбіз дейді шамалап.
Тұлпарлар ұмыт, тұғыр шат,
Атағы кетті аралап.

Ақ-қарасын кім білмек,
Әлі күнге жүр күндеп.
Сеніп едік біз соған,
Селеу де құйрық құрғыр деп.

* * *

Сүйіншілеп таңның алтын нұрлысын,
Сен білесің жанның нарқын жыр құсым.
Күн секілді, гүл секілді жайқалған,
Ару қыздар қолтықтайды құрбысын.

Сонау тұста жігіт сымақ керілдек,
Ойлары жоқ оңайлықпен берілмек.
Ұшып келіп гүлге қонды көбелек,
Мынау енді маған тиіс ерін деп.

* * *

Сағыныштың көзін қара күлпілдек,
Жылағаны бір түн кеп.
Етек-жеңін ай паршалап лақтырды,
Ерке қыздың қара көзін сүртің деп.

Жігіт едім сауық пенен сайранды,
Сол бір түнгі жанарымда ай қалды.
Сағыныштың қандай тәтті көз жасы,
Ай аяды, біздің көңіл жайланды.

ТУ КӨТЕРІП КЕЛЕМІЗ

Мен қырылдым қанжап болдым қансырап,
Мен қырылдым жанарымды қан шылап.
Қайта тұрдым табыт үсті тағдырдан,
Сүйегімді қатқан қаннан аршып ап.
Кім сұрайды енді менен кешірім,
Кескен қылыш Бізден Сізге бар сұрақ!?
Көрдіңіз бе,
Қансыраған денеміз!?
Қансырадық неге біз!?
Біз өлімнің өзін тұрдық өлтіріп,
Біз өлмейміз!.. Ту көтеріп келеміз!
...Бір Аллаға сенеміз!

ҮМІТСІЗ ҚЫЛМА

Жан Алла жанды жараттың,
Жан бердің бойға тараттың.
Сүрініп басып келеміз,
Тәубасы қабыл қазақпын.

Құлыңбыз біз де үмітті,
Үмітсіз қылма жігітті.
Сағыныш бар-ды кеудеде,
Іздеген шексіз Ұлықты!

* * *

Қадіріңді ел білмеген ер едің,
Сұладың ба терегім!?
Сенің кеудең алтын сандық еді ғой,
Әркім алды керегін.

Құның қанша Құдай білер жаратқан,
Жетті саған азат таң.
Өзі туып өзі сені өлтірген,
Құтылдың ба қазақтан!?!..

Тыныстағын, енді жүрек тоқтайды,
Қазекенде қан қақырып жоқтайды.
Сонда да сол өздерінен көрмейді,
Бірін-бірі соттайды.
...Бір байғұсты нысанаға іліп ап,
Соған қарай мылтықтарын оқтайды.

* * *

Кімдер шындық, кімдер өлі, кім елес,
Өтіп жатыр бір елес.
Күн қашады бетін басып батысқа,
Кірпігінді түн созғылап ілегеш.

Қалғып тұрып, мүлгіп күліп, аттанып,
Бір-біріне үрке қарар, сақтанып.
Тақ қасында, бақ басында жандар жүр,
Маңғазданып, мақтанып.

Бір сорлының көз жасы да сарқылған,
Қайыр сұрап қол созады артыңнан.
Қайран өмір ала-құла кіл ғапыл,
Адастың ба пайым менен парқыңнан.

ПЫШАҚ АЛДЫ ТОҚТЫДАЙ

Сымпылдаған уақыт тілі міндегіш,
Жазалағыш, тілдегіш.
Ойран болған
Ой мен сана бәрі де,
Бүтінделмей екі жетпес, бір кеміс.

Сапар алды сансыз сұрақ көк тұман,
Өзін-өзі өртеп құртты отты жан.
Қанағатсыз қу дүние аумайды,
Пышақ алды күйсеп жатқан тоқтыдан.

БІР ЖҰМБАҚ

Омыртқа бойлап ор қазған,
Шеміршек бойлап шер қазған,
Шыңырауға түскен шалдардың,
Шырағын ұстап қалғанмын.
Бауырға бойлап наз қылған,
Жүрекке бойлап жаздырған,
Өзегі өрт арманға,
Өлеңнен шеген салғанмын.
Жеті қат көктен күн алған,
Жеті қат жерден күн алған,
Маңғыстау деген бір жұмбақ –
Тамыры тылсым талданмын.

* * *

Шұбалаң құйрық шұбар күн,
Кіндігін кескін бұл әннің.
Сұлудың жүзін ашады,
Көзіне біткен мұнар-мұң.

Жаратқан Хаққа жалынып,
Сарғайсын мұңға салынып,
Жыласын кейде арулар
Шықтаған гүлдей малынып.

Жылатып келер бақ тегі,
Бұл өмір неткен қатты еді.
Жылай да білген арудың,
Күлгені қандай тәтті еді.

* * *

Адам да аңыз, Түлкі де аңыз, аң да аңыз,
Орға түсер тұсыңызды таңдаңыз.
Түлкі ісін құйрығымен ойлайды,
Қапияда қалмаңыз, Һәм, аңдаңыз!/?
Түлкі ғой ол, тумысынан солай-ды,
Күліп тұрып тонайды,
Аузыменен алып берер ол айды.
Ақылынан адасқан жан болмаса,
Түлкіге кім жолайды.
Момақансып түлкілігін жасырған,
Сабақ алғын ғасырдан.
Өз құйрығын түлкі қымбат көреді,
Сенің анау басыңнан.

* * *

Гүл бақшаның жұпарындай аңқыған,
Айнымаған салтынан.
Мына сұлу қай халықтың құлыны,
Ақ сағым боп қалқыған.

Көздерінің жәудір қара тұнбасы,
Хан қызындай бір басы.

Пернеңізден кетті басып періште,
Жырла жүрек, жырлашы.

Көз қанбаған шөліркеген, шөлдеген,
Жалынмын мен сөнбеген.
Сақал мен мұрт ақыл айтып көргенмен,
Асау көңіл көнбеген.

* * *

Гүлдер жатыр бал арасын меншіктеп,
Шығарып тұр жаназасын көлшік көп.
Өзін-өзі отқа әкеліп тастады,
Өлең-жырдың шаранасы өршіп кеп.

Саған айтып көңіл сырын еліттім,
Маған айтты өмір шынын желіп күн.
Екі көзі боталаған өлең тұр,
Лағындай еліктің.

Маңыстайды маңыраған шерліміз,
Не айтамыз енді біз!/?
Көңілімнің айнасынан үңіліп,
Кемсең қағып келді күз.

* * *

Ер жүрген жерде ез болар,
Заманға зауал тез болар.
Қанатын керген қасқа жыр,
Қай жерде ажал кез болар.

Қаңқылдап ұшып көліңнен,
Ойнайсың отпен, өліммен.
Шырғалға салар басыңды,
Шыңғыртып ұстап төріңнен.

Адымда сайын сорың бар,
Соны айтып жатқан қорым бар.
Әр төбенің астында,
Бір мергенге орын бар.

Қан жұққан қолда шайтан бар,
Бас тіккен ерлер байқандар.
Құл нәпсісін аздырған,
Дүние-машық сайқал бар.

* * *

Жан ақысын төлерсің,
Жан тозып барып өлерсің.
Қараның аппақ болғанын,
Ағарса көзің көрерсің.

Кеудеден шықса аманат,
Сонан соң енді жан азат.
Сонда да дұшпан табылып,
Артыңнан тұрар абалап.

Күрмеуі жырдың шешілсін,
Кіндігі сырдың кесілсін.
Күнәмыз бастан асады,
Бар Құдай өзі кешірсін.

* * *

Туыстығын бұлдаған,
Туғанға біткен ұл жаман.
Ел үшін сертке тұрмаған,
Атасы тексіз құл жаман.

Тоқпақтап жүріп тойлаған,
Қарынның қамын ойлаған,

Қанағатсыз хан жаман,
Қан сүліктей тоймаған.

Бағытсыз, бақсыз жол жаман,
Қаралы болса қол жаман.
Соныңда бәрін көргенмен,
Шарасыз болған сол жаман.

Осылай шалдар жырлаған,
Өртеңгір өлең жыр жаман.
Өзгерген жоқ ештеңе,
Зауалы бөлек бір заман.

* * *

Еркесің көңіл, еркесің.
Кемерден асты кер төсің.
Надандық пенен қызғаныш,
Ерлердің қиған желкесін.

Әр көңілде бір қанжар,
Қапыңды іздеп шырғалдар.
Армысың арыз-атасы,
Бірін де бірі қырғандар.

Көзінің кетіп шырымы,
Ездердің жаман ырымы.
Абай болсын алтынның,
Қолда қалған сынығы.

Құйрығын майлап құмарлап,
Алдыңа түсер ұрандап.
Екінің бірі сұғанақ,
Ақылмен қарап жүр аңдап!

* * *

Береке-ырыс шашылып,
Жараны жүрміз жасырып.
Ерлердің ісі біткен бе,
Ездердің бағы ашылып.

Білдірмей елді тартып ап,
Аждаһа жұтты жартылап.
Құзғынның салған әніне,
Құл біткен күліп шалқымақ.

* * *

Қайда барсаң қаңқу тірлік кезенген,
Айтпасаң да сезем мен.
Бетпақ күннің еріндері шүртііп,
Бедеу құрсақ көкбет неме безерген.

Шапылдасып ниеттердің майданы,
Қан-қан болған айдары.
Қан жылаған қаракөзді тепкілеп,
Озбырлардың қолында жүр байрағы.

Күллі әлемнің талапайы даңғырап,
Ар-иманың қалды ұзақ.
Екі көзін дүниемен тығындап,
Ойлайтыны ақша болды жалғыз-ақ.

ЕР ШАБАЙ¹

Оба төбе онсанды,
Қара төбе мыңсан-ды,
Айқайлап едім қыраттан, шыңғырып айқай шың салды.
Түсімде маған көрсетті,
Ер Шабай деген бір шалды.

Құрсанып алған сауытпен,
Қатер де кешкен қауіппен,
Батасын беріп бүгінге, кешегі күнді толғады.
Таң атқанша сол үннің,
Тарқамай кетті толғағы.

Атажұртты сақта деп,
Таптата көрме жатқа деп,
Көкмойнағын көсілтіп, ғайыпқа сіңіп жөнелді.
Ер тұрған жерден еңкейіп,
Алдым осы өлеңді.

* * *

Пайдасы не,
Дана тудың данышпан.
Ит көп болса данышпанмен алысқан.
Өзің туған адал ұлды қорлатып,
Меншіктесең мекерлерді алыстан.

Жақсыға сөз жаннан дәру, тілден дем,
Өз жақсысын өзгелерге кім берген!?
Иттен сіздің айырмаңыз қай жерде,
Бір жүрсеңіз иттіктерін білгенмен.

Талап жатса,
Жазықсызды дананы.

¹ Ер Шабай – Халық батыры, тарихи тұлға.

Бірге жүрген көп иттерің манағы.
Салпаң құлақ қоғам құрып алдық біз,
Қабылдаймыз деп жүргенде жаңаны.

Ескі деген ескі бесік секілді,
Талай ұлды ер жеткізген кекілді.
Тамырыңа балта шаппай гүлденгін,
Есті ұлттар міне солай жетілді.

ҚОС ҮРЕЙДІҢ ҚАҢБАҒЫ

Кім намыссыз
Арба жеккен есектей,
Лақтырылған қара жолдан кесектей.
Желкесіне жентек қылып мініп ап,
Ноктасынан жетектей бер, жетектей.

Ұлға керек, ұлтқа керек сол намыс,
Арлы болу, намыс қорғау ол да күш.
Өмір деген өзен сынды өршіген,
Қайда салсаң сонда ағады сорлы ағыс.

Ағыспенен кетіп жатыр кемді күн,
Бұрынғыдан көп өтірік ендігің.
Арсыз халық болмақ емес бақытты,
Ар-намыстың қаныңменен бер құнын.

Жаныңды түй,
Ұрпағыңды арлы қыл.
Арсыздықтан бодан болып қалды құл.
Арлысың ба, зарлысың ба білмедім,
...Ар-иманнан жүрегіңе жарлық іл.

Қайталадым,
Осы сөзден танбадым.
Қуып келем қос үрейдің қаңбағын.

Жаратылған күдік пенен үміттен,
Суға кеткен жандай талды қармадым.

Батыр бабам,
Қорым біткен ерлерім.
Дүниенің дүбірлеткен шеңберін.
Жүрегімде әр қазаққа орын бар –
Жан отымсың жарқыраған сен менің.

Намыс бакқан елден сұра бақытты.
(Жолдас қылма жолға шықсаң жасықты.)
Ұлтқа тұлға қылғанменен оңбассың,
Уызында жарымаған пасықты.

* * *

Дамылдап дауылдан соң бағбан қалды,
Бұйыртпай бұл күздегі талдан дәмді.

Үңіліп сығалайды қатын-бала,
Қарамай өте шықты әкім ғана.

Бай-манап дауылдан соң қарқылдады.
Бағбанның бар үміті сарқылды әні.

Құшақтап көк төбетін күбірледі,
Селкілдеп екі иығы дірілдеді.

* * *

Күйікті жан көзін сығар жер тапса,
Күйікті ел шағынады ер тапса.

Ер намысын суарады қанына,
Елдің мұңын құйып алып жанына.

Шырақ жағып шындық іздеп ұмтылар,
Ақиқаттан тағып алып бір тұмар.

Ел еңсесін ерге еріп тіктейді,
Заман ауар күтпе мейлі, күт мейлі.

Ер қалады бір қуыста қансырап,
Келмес оның хал-жағдайын жан сұрап.

Қайран ердің сосын көзі жұмылар,
Бірақ елден басқа оның кімі бар!?

Елің үшін отқа басты сала жүр,
Дегенменен кебініңді ала жүр.

Жеңіс туын алып бер де көрінбе,
Өлгің келсе абырой мен төрінде.

Ерлер керек жау кеудесін кергенде,
Жау кеткесін Ерлер де бір шерменде.

Қайыр жаса, қайғың болса жасырғын,
Көрінбеуі асылдығы асылдың!

Күн жанады өзгелердің бағы үшін,
Туған елдің бере көрме намысын.

Ай кезеді қара түнді жарық қып,
Көрер көзге жүрер жолды таныс қып.

Ер намысы елге шырақ жарық-ты,
Пайғамбар да үмбетім деп қамықты.

Сүйегіңді суса қылса көнерсің,
Ер болған соң еліңді ойлап өлерсің.

Торғай байғұс кер бұтақтан таң асты,
Ұясы үшін қорғайды ол ағашты.

Ұлың аман болсын десең қасында,
Ұлт бақыты болсын дей гөр, басында.

Ұл-жолаушы, ұлт-кемесі сапарда,
Кеме батса ұлдың таңы атар ма?!

* * *

Бас мұңымыз өлең болды, жыр ғапыл.
Жыр ішінде жыртық шапан тұр ғасыр.
Ұлтым менің қара өлеңнің құлыны,
Өлең мұра, қызға сырға, ұлға сыр.

Арбашыдай қалғып-мүлгіп қартайған,
Жау жағалас қу тірліктен әр тайған.
Өлең ғана жанға шуақ қарағым,
Шыныменен енді одан тарқай ма ән.

Құлап жатыр, өліп жатыр, өкіріп,
Өгіздейін өз қадірін кетіріп.
Уақыт деген жан алғыш қой жаным-ау,
Бізді айдап келе жатыр жекіріп.

ДӘРУІШТЕЙ КӨЗ ІЛГЕН

Табанында өткен күннің езілген,
Жол үстінде дәруіштей көз ілгем.
Қу дүние қандай болсаң қарашы,
Мен де сондай аумай қалдым өзіңнен.

Шекпенімнің жыртығынан тұр ұлып,
Жел түйеді жұдырығын ұрынып.
Артқа қарар уақытым жоқ көрдің бе,
Ақиқатты іздейтұғын бұрылып.

Жетегінде желпілдеген сорлымыз,
Көктем өтті, көкек кетті болды күз.
Келер жылды сәл қартайып қарсы алып,
Сәл көңілсіз отырамыз енді біз.

* * *

Қар жамылған гүл екенсің міскінім,
Қабағыңның асты жылау, үсті мұң.
Өткіздің бе өксігіңмен бұйдаалап,
Базарлы шақ бал күніңнің түстігін.

Қара шашқа қылау түсіп ағарған,
Құдай берген құн кетті ме бағаннан.
Қаламсапқа қамсау қылған парағын,
Қарағым-ау, не күтесің ағаңнан.

Жаным менің жанған оттың күліндей,
Өшіп бара жатыр әне білінбей.
Сумандайды сұр жылан жол жетелеп,
Таналардың танау құмар тіліндей.

* * *

Уәделі сөзін бақ қылар,
Жаманнан басын жат қылар.
Халыққа керек бір тұлға,
Қайдасың, қайран жақсылар?!

Шаршады жұртың шалдығып,
Ұлты жоқ жиһаз, мал-мүлік.
Адасқан бағыт, ақыл тоз,
Иесіз арман, қалды үміт.

* * *

Көш келді ме!?!.. Көңіл зарық, жан зарық.
Қараңғыны кешіп өтіп, қарманып.

Көш келді ме!?!..Сырлы ғайып, сапары.
Күткен жанға бақыт таңы атады.

Көз моншағын кер жусанға тақтырып,
Ару келді қос бұрымын лақтырып.

Құлын келді ай төбелі, алтын-ды,
Мен білемін, өзге білмес нарқыңды.

НИЯЗ ТОБЫШҚА

Асылын сөздің сайладың,
Түйіндеп ойды байладың.
Жүрекпен кездім ардақтап,
Жаныңның нұрлы аймағын.

Әлем бар сенің жаныңда,
Иманның гүлі бағыңда.
Ел үшін еткен еңбегің,
Халқыңның тұрар тағыңда.

Құдайды сүймек құлдан-ды,
Алғанша Алла бұл жанды.
Қанағат, қайыр, мейірім,
Ұлт бақыты – ұлдан-ды.

Кемедей кезіп біліммен,
Ер едің көзге ілінген.
Кеудемнің қозғап қалыбын,
Бал тамады тіліңнен.

Жат жерде өстің құрақ боп,
Ел менен жұртты сұрап көп.
Қосынды тігіп сен келдің,
Қосылған қайнар бұлақ боп.

Өнегең өріс қарашы,
Парасат-пайым сағасы.
Сендей-ақ болар туғанмен,
Иманды құлдың баласы.

Самалдай сазды үніңнен,
Естігім келіп жүгіргем.
Елімнің алтын жағасы,
Естелік болсын ініңнен.

* * *

Арымен сөйлеп күйінер,
Сақасын сөздің иіерер.
Бар болсын жұрты дей бергін,
Бағасын біліп сүйінер.

Ер жігіт алды ырыстың,
Ерлерсіз алар тыныс кім!?
Жауға салсаң жүзі жоқ,
Тасқа шапқан қылыштың.

Көмгенбіз қанша көп ерді,
Жарбайлар нарды шөгерді.
Соқыр да тиын бәсі жоқ,
Сорлы да ерлер не көрді?!

Қайтесің жаттың данасын,
Елжіреп естен танасың.
Аз тусаң да көп сүйгін,
Азамат ердің баласын.

* * *

Болар енді өлең жаздым, өксідім,
Сөзін айттым ескінің.

Ескі мені естен алып тастады,
Еркімізді езгіледі, жастады.
Қара таудай қалың тарих багпан-ды,
Көңіл қанша тапталды.

Соқа сүйреп өгіз өлмек алқапта,
Біздің тағдыр сол өгізбен ортақ па!?..

ИМАНДЫ КӨҢІЛ – АТҚАН ТАҢ

Айдары алтын құлын бұл,
Құлдырап ойнап ұлым жүр.
Тәңіріне қол жайып,
Тәлімге мойын бұрып жүр.

Алланың құлы арлы дүр,
Алласыз кеуде жарлы дүр.
Құдайын іздеп жылаған,
Заманға тұлға зарлы құл.

Ой кезіп бойын талдырар,
Ойынды ізге қалдырар.
Иманнан уыз емген күн,
Ибадан төсек салдырар.

Танымның іздеп тақтасын,
Тағдырдың табар бақшасын.
Құранға сүйеп арқасын,
Құрмаға бұрар ат басын.

Иманды ерлер табысар,
Иманын іздеп жан ұшар.

Жақсылық іздеп халқына,
Уақытпен үнсіз жарысар.

Тыныштық тілер еліне,
Тіл тигізбес тегіне.
Құдайдың құлы бауырмал –
Қыстырмас шоқпар беліне.

Әр жүректе бар шырақ,
Кетпесе шайтан тартып ап.
Иманды көңіл – атқан таң,
Сәулелі күндей жарқырап.

ӨЛШЕУЛІ ӨМІР

Жүрегім жаным күйгесін, отымды бастым жырменен,
Жарамды жаздым тілменен.
Халықты сүйдім жаным деп, жан болып көшкен сағым деп,
Хал сұрап жатыр кім менен.

Қансырап жатыр жан-мұңым, хал сұрап келер бар кімің!?
Хабарсыз кетіп қалды інім.
Ағаның алды тас түйін, достың да көрдік шарғасын,
Жырлашы жүрек зарлығым.

Елесі қайда бал күннің, енесіз қозы мен бе екем,
Өткенге барып келмесем.
Сен де есен болғын жан елім, жанымның мөлдір тамшысы,
Тағдырға болмас ермесем.

Болмаймын дедік тағдырға, асаудай жұлқып тарпындық,
Қайнай да қайнай сарқылдық.
Жазмышын көрмес жан болмас, озмышын көрмей ер өлмес,
Өлшеулі өмір бар сіздік.

Жүмекен¹ менен Мұқаннан², мұң қалған дейді көңілім,
Кезерді, кепті ерінім.

Келмеске кеткен ақындар, керелеп ішіп қайғысын,
Сезімі кімге керек-ті сергелдең болған серінің.

Ай батып кетті ақырын, күн шықпақ, міне, таң асыл,
Жаңа күн деген жаңа сыр.
Сәулелі күннің жарығы, оны да бізге көп көріп
Бұлт қаптап алды қара сұр.

Қап, қара бұлттың көзінде, ақ күміс жасын ойнамақ,
Озмышын ол да тойламақ.
Төлеген кеткен Төлешім³, Махамбет⁴ кеткен маздағым,
Аспанға бір сәт қой қарап?!

* * *

Жанып түсті көктен ғайып бір жасын,
Тосады енді кім басын!?
Бұлт ыдырап қашып ала жөнелді,
Неде болса шыңға сын.

Шың құлады шыңғырысып тастары,
Құз жарыла бастады.
Ай күлшесін түн қолтықтап шығынды,
Тураған ет туған елдің аспаны.

Барлық бұлақ желінен сарқылмақ,
Жанартаулар жарқылдап.
Жәй оғындай көк найзағай бұл ғұмыр,
Сәл аялда, ғұмырыңның артын бақ.

¹ Жүмекен – Ж. Нәжімеденов.

² Мұқаң – М. Мақатаев.

³ Төлешім – Т. Айбергенов.

⁴ Махамбет – М. Өтемісұлы.

Тас төбесін балғалады тас қырат,
Шықылықтап асты бақ.
Маңыратып көз көрекі жөнелді,
Қозы күннің сирағынан қасқыр ап.

Ала теңбіл, қара жолақ барыс түн,
Сенің бейнең таныс тым.
Арыстанның ауызына түскендей,
Тағдырыммен тажал сынды алыстым.

Барлық аза жырға айналып төгілді,
Таң күледі не білді?!
Көңілімнен мың шағала шулады,
Кірпігіне тамшы жасты ер ілді.

Қызыл қиғаш, қызғыш күннің айдыны,
Келсеңіз де қай күні.
Қанағаттан қайыр іздеп өлу ме,
Не сонда, ал, бұл тірліктің байлығы!?

КЕШ

Кеш жасап жатыр бір ақын, бауыздап жырдың лағын,
Босатшы, босат, шырағым.
Ақ киік тағдыр бұла жыр, бұрымы қан-қан өлеңім,
Есімнен кетпес мына мұң.
..Босатшы, босат шырағым?!

Обалын қара қан сиген,көз жасын қара көбеңнің.,
Бақыртып нардай шөгердің.
Араша сұрап өлең тұр, алайын десем некелі,
Ақ төсі ал-дұл өлеңнің.
..Маңырап жатыр көгендім.

Қанатын бүктеп қайырды, қарғадан аққу тумайды,
Көнбейді өлең, тулайды.

Қанымен қашты құла жыр, құлағын жымып құлдырап,
Көрермен, сірә, шулайды.

Жөнелді өлең шығынды, қайыртпай қашты жабыға,
Кең еді аспан бағына.
Жарасын жалап жыр жатыр, жамағат көзі жарбайда,
...Кеш жасағалы жүр тағы да!

СҮЛІК ТҮННІҢ СУРЕТІ

Қара түннің көзінде қара сүлік,
Қарайды аласұрып.
Шолпан жұлдыз күзетке тұрып көрді,
Таң асырып.
Ай жастанып қалғыды алтын мамық,
Осылай қоштасады бар түн налып.
Ұйқыдан оянуды ұят көрді,
Қабағын әлдекімнің халқым бағып.
(Ашулы күннің көзі жалқынданып)
Оянған өлең ғана шырыл қағып,
Бағзыдан бір үн қалып.
Ескіден қалған сүрлеу бізге мұра,
Жыр жаздық, жазбасақ та, ырымдадық.

ХАЛҚЫҢДЫ СҮЙ, ҚҰЛЫНШАҚ!

Қария қалды,
Қарғашым деді,
Арманың неткен биік деп,
Қаусаңдап келіп қапсыра құшты сүйіп көп.
Содан да бері,
Қаншама сапар шектік біз,
Қураған мола,
Құба дөң,
Басымды тұрмын иіп кеп.

Иманы кәміл,
Қарттарым,
Туған ел еді көрмегі,
Заңғарларым-ай қайтейін заманның болған ермегі.
Мойынға құрық ілдірмей,
Жер асып шалғай,
Тарпындың,
Құрсаған оттың құшағы бостандық бірақ бермеді.

Ақ батаң қалды есімде,
Атажұрт шалғай,
Көңіл дерт,
Бала едік балғын, сәби ек, ер жеттік жүрек егілмек.
Ауылдың іші абыздар,
Сағыныш толы,
Сары мұң,
Әкеммен бастас шалдарым дұға ғып келдім Сені іздеп.
Қағида көрген қарттарым,
Халалдан сөйлеп,
Шын жылап,
Сарқылды қанша жат жерде, сағадан өліп мың бұлақ.
Жалғанға біздер өгейміз,
Не дейміз,
Басқа, не дейміз,
Шідерлі шалыс тұсаумен бір тұрып келем, бір құлап.

Көріп те тұрып көрмедім,
Естіп те тұрып,
Естімей,
Жүректі кетті жазықсыз жан алғыш сөздер кескілей.
Қаншама «дүрлер»
Ұрынды,
Сақалы менен су жағып, мүйізбен түрткен ешкідей.

Молаңа келдім,
Түнедім,
Ауылдың қарты Абызым!

Түн ауды салып таң ізін.
Анаммен бастас ақ жаулық,
Аналар жатыр,
Ақ уыз,
Өмірден мынау өткенше өлең қып кету парызым.

Солай да,
Солай,
Соқпақ жол,
Созылған сіңір Шерліміз!
Қол жайып бата бермекпіз, құлыншақтарға енді біз.
Жалаң да қылыш
Жау менен
Айқасқан арыстандарым –
Төлежіп шетте төбе боп, жастанып жатыр жерді құз.
...Қанағат барға қыларсың, бата бермекпіз, енді Біз!

Құлыншақ қайда!?!
Құлыншақ!
Арманшыл, қане, қайсың бар, шалқыған отқа жылынсақ.
Дәуірдің сыйы
Қаншалық,
Заманның тілі не деп тұр?..
Күн менен түндей ауысар, бола да бермес ғұмыр шат.
...Қазақты қазақ құшақтап, ақ тілектерден жылынсақ.
Халқыңды сүй, Құлыншақ!!!

ҚАНЫШ¹

Шекелігі –
Таудың бұжыр тасындай,
Ақ маңдайы – алапат бір құрлықтан, бізге жеткен асылдай.
Әр сөзінде:
Заман тулап,
Жер қайысып ыңырсып,

¹ Сәтбаев Қаныш Имантайұлы.

Өтті ғұмыр, ұлтқа ұран боп жасындай.
Біздің Қаныш!..
Қаныш енді,
Біздікі!..
Алтын әдіп, күміс оқа жан еді, ердің қымбат қасындай.
Қазиналы,
Қара жердің,
Бағбаны,
Жалғыз өзі жарқыраған ғасырдай.
Тау тұлғасы,
Ерен екен
Есіл ер,
Қалай жатыр жанартау боп атылмай!?..
Міне, Қазақ!
Біздің халық,
Біздің ұл!
Өзің жайлы көңілде көп жүрді жыр.
Жан Алланың
Бізге берген
Бақыты,
Тек мақтансын, мақтай білсін, құлды құл!
Әр тал шашы,
Ер Қаныштың,
Елдікі,
Болмысына салып алған қазағын,
Күн секілді жарқырайды, өзі тартып азабын.
Сен Қаныштай ұлды тудың
Ер Алаш,
Алтын кұрсақ – қазағым, қазағым!
Қаныш Атам!..
Ұлтың үшін қара таспен тілдестің!
Білдің бәрін, білместің.
Жаудың көзін
Жақұтпенен байладың,
Заман салса зауал кешіп жүрмес кім?!
Дүниеге
Қазақ барын ұқтырып,
Біліміңмен мыңды жықтың тік тұрып.

Аз халықтың
Қаныш тектес ұлдарын,
Жаным Алла, жарата гөр мықты қып!?..
...Есімінді
Тағып өстім жүрекке,
Қыдыр баққан құт біліп.

АҚ ТӨР

Мынау мінбер әркім мінген ат сынды,
Кімді, сірә, жатсынды.
Талай шешен шер-қалтасын арқалап,
Төрге шықты, ақыл айтты тапсынды.

Мынау мінбер нысанасы елдіктің,
Барлық жанға жол бересің, сендік мін.
Тұғырына айналатын күн бар ма,
Ерлік пенен Елдіктің!

Мынау мінбер біздің асыл ұлттан-ды,
Шығармашы құлдар менен құтпанды.
Осында әкеп түнетсең де өзің біл,
Ұлттың жанын ұққан-ды.

Қыдыр баққан төр киесі сүттен-ді,
Төр иесін күткен-ді.
Ауыздының бәрі шықпақ төріме,
Әдеп-иман, ар-намысым үптелді.

Ауыздының бәрі бірдей адам ба!?
Сөз не керек наданға.
Адал сөздің алқымында көп пышақ,
Ал құшақтар жайылады жаманға.

Мінберіңді, ақ төріңді бастырма,
Жаудың жағын аштырма!

Өгей ауыз өлтіреді сөз берсең,
Жақтыр, мейлі, бұл сөзімді жақтырма!
...Ақ төріңді бастырма!

* * *

Сен тұрған жер күннің шығар тұсындай,
Сегіз жұмақ құсындай.
Қандай жанның алақаны өзінді,
Ұстап жүрген ұшырмай.

Сен тұрған жер бақшасындай бар гүлдің,
Алғысымды ал құрбым.
Қарашығым ішіп алды жүзінді,
Жүрегіме елесінді қалдырдың.

Сен тұрған жер кіндігіндей бақыттың,
Сұлуларға ғашықпын.
Сен бар жердің барлығында жанартау,
Жалынына күймек болып асықтым.

* * *

Шөгермесін киіп алған бөктер-қыр,
Жанарымнан өпкен нұр.
Осы бір жыр шықпай қойды кеудемнен,
Қырды аңсап көптен жүр.

Сағынады сары құмды, ақ сорды,
Шемен болды, шерлі жырым тас болды.
Мен барып ем бөктерлерім бөледі,
Әлдиледі екі көзі жас болды.

Жылап тұрды өз құлынын таныды,
Іздейтұғын бар ұлы.
Мен өзінді іздеп өтем жалғаннан,
Екі көздің жабылғанша жарығы.

* * *

Көк аспанның айтары бар толғатпақ,
Қара бұлт боп қабағына сор қатпақ.
Жұлдыз түйме, күннен шашбау тағатын,
Енді, міне, айдан сайғақ орнатпақ.

Сайғақ қылып айды тағып жастанып,
Оның сырын, таудан сұра, тастан ұқ.
Аспан көшіп бара жатыр алыстап,
Бір құпия асығыстық басталып.

Аспан көшіп бара жатыр тарылып,
Кендігінен, өрлігінен жаңылып.
Соның бәрін жатыр айтып сыр қылып,
Бізден басқа мақұлықтың бәрі ұғып.

* * *

Ақылдырақ болшы дейсің жан ағам,
Ескіліктен іздеп тұрмын жаңа мән.
Осы қырат, осы белдеу, таз төбе,
Дәл осылай бабам жұлдыз санаған.

Үркер көрген, құс жолымен аяндап
Бізге кеткен баяндап.
Есі кеткен ұрпағы тұр мінеки,
Таз төбеде иекке қол таянбақ.

Таз төбеге талай шығып ойландым,
Ойлай-ойлай ойлауды да қойғанмын.
Таң да қиял, күндіз ұйқы, кеш те мұң,
Өзгермейтін қу тірлікке тойғанмын.
...Ойланғым келмейді,
Ойланғым!

* * *

Не табасың ақ парактан жан кештім,
Өлең тыңда, жанарыңнан ән көшсін.
Не бермегі бар дейсіңіз ұрпаққа,
Мәңгі жады, мәңгі естің.

Адамзаттың жалғыз соғыс жадында,
Ақ парактан қайғы жұтып қағынба!?
Бекіредей бел шешпексің ғылымға,
Қарсы жүзіп ағынға.

Жан кештілеу сапарыңның нұрлысын,
Ардың ісі азапшыл ғой, біл құсым!?
Бар, бара ғой, бата бердім аттанғын,
Неде болса аттанғалы тұрмысың?!

Мұхит кешіп бара жатсың қайықсыз,
Алақанын берді бата жайып құз.
Сен құрбандық біздер тойдың иесі,
Тойсыз мұңды, ал ғылымсыз майыппыз!

* * *

Есігімнен қыдыр қарап көлбеді,
Іздеп келдім мен деді.
Кел, келе ғой, бақытымның бұлағы,
Аңқам кепті, шөлдеді.

Маңдайымнан нұр боп келіп аймала,
Тәңір қолдап жүріп келем қайда да.
Қыдыр Бабам өлеңімнің парағын,
Орап алып кетті күліп жәй ғана.

Біздің жырда қыдыр да бар, қыр да бар,
Сыны кетсе, сырлап ал.

Әләй қазақ әз дәмінен мастанар,
Біздің жанда балдан тәтті жылға бар.

Ат арытқам, тон тоздырғам, ел көргем,
Басылған жоқ дос-дұшпаннан өр кеудем.
Өр Қазақтың жүрегінде Мен бармын,
Менің жаным тумай тұрып Сендермен!

ҚҰЛЫН МЕН ҚҰЛА БИЕ

Құлын шапты құла бие зірледі,
Не істерін білмеді.
Әй, құлыным, алыс барма, кері қайт,
Қыр астында қырық бәле жүр деді.

Құлын шапты құлын шақ-ты, аңғал-ды,
Көрмек болды бар маңды.
Ана байғұс жүрегімен сезеді,
Қырық бәле қыр астында жалманды.

Құлын шапты, құлын шақ-ты, бөбек-ті,
Құлдырады табанынан жер өпті.
Қырық бәле қыр астынан ұстап ап,
Қызыл қанын құлыншақтың көл етті.

Құла бие құлап түсті шырылдап,
Қайғысынан қара қарға жүр ұрлап.
Барлық бәле осыменен кетсін деп,
Биені де сойды Иесі ырымдап.

* * *

Ұл өсірдік, қыз ұзаттық жат болды,
Жат есікке бақ болды.
Қонақ қой деп қан жылайды жүрегім,
Қанша маңдай кер тоқпаққа тап болды.

Ойлай берсең бұл дүние кем күндік,
Ару кімдік, біле алмас ер кімдік!?
Айналайын, аман жүрші құлыншақ,
Бола көрме, сен мұндық!

* * *

Қоңыр үн, қоңыр қобыз көргеніміз,
Көп алған төрдегіден өрнегіміз.
Жөн болар біздің сөзге құлақ асып,
Көңілді біразырақ бөлгеніңіз?!
Тіл қатты қара қобыз қамыққандай,
Тарлығын заманының танытқандай.
Бұл күнде қобыз да жоқ, қоңыр үн де,
Адамды адам сыйлап жан ұққандай.
Өткенді шаммен іздеп жүрміз міне,
Кезінде кешіп жүріп алып қалмай.

* * *

Қабағында мұз жатты, төбесінде шың жатты,
Кеудесі де бір қап-ты.
Өңгімесі тым әріден ырғақты, сымбат жатты, сыр жатты,
Төбелеске бергісіз әзілі де тым қатты.
Сақалында күннің күміс табы бар, намыс пенен ары бар,
Сөздерінің бірі шекер, бәрі нәр.
Біздің елде құлжа тектес құздағы, жан бақшасы-жыр бағы,
Өмір сүріп келе жатқан Кәрі бар.
Сол кәрінің айтқаны хақ, сөзі нық, батасында шуақ бар,
Ниетіңмен құлап бар.
Адастырмас алты алаштың баласын, ескісін де жаңасын,
Сөнбейтұғын шырақ бар!

АРАМ НИЕТ АЙЫРМАСЫН ҚҰРЛЫҚТЫ

Бақыттысың атамекен жұртыңмен,
Оятады ойлы жанды махшарда –
Құдай берген дінің, салтың, ұлтыңмен.
...Ұлтыңмен!

Адамзаттың жаттығы жоқ Тәңірлік,
Құдай берген құт-береке тыныштық,
Қойса қайттың тозақ отын жалын ғып.
...Жалын ғып.

Адам Ата қанымыз бір көппенен,
Бәрі туыс имандының ақ тілек,
Көп гүлдерміз бір тамырдан көктеген.
...Көктеген.

Жер жетеді ой асылы дамыса,
Арам ниет айырмасын құрлықты,
Ел бүлінер Ер иманнан арыса.
...Арыса.

Арқа тосар абзал іске, кім жүкке.
Адамзатқа бірлік, білім, иман бер,
Бірін-бірі қадірлесін тірлікте.
...Тірлікте.

Жетті бәрі қан төгістік, ұрыстық.
Адастырды, айдап салды, тоздырды,
Таптық содан қане қандай ырыс-құт.
...Ырыс-құт.

Өлтірді ғой ақыл-есті тұмшалап,
Азғантай топ айға қала салып жүр,
Терімізден теңге сауып жұрқалап.
...Жұрқалап.

Таң болмайды күте білсек атпайтын.
Біз бауырмыз!...Ал шайтандар құрысын!...
Алла бар ғой адамзатты сақтайтын.
...Сақтайтын.

* * *

Орман өлді өрт ішінде шуласып,
Аңқау өлді, арам менен қу қашып.
Өрт пен құйын жасап жатыр дегенін,
Өзімшілдер туласып.

Кәрі қайың бұл қайғыдан сұлады,
Тал шыбықтар жармай кетті бүр әлі.
Бала құрақ басын тығып жылғаға,
Жанға пана сұрады.

Қамсыз орман қабырғасы ырсида,
Кім тиді!?...
Менен басқа кім сұрасын обалын,
Ақ жағашыл қарын мен бас шыртиды.

Бнжықпын ғой үнсіз қалдым оқталып,
Шындық іздер жоқ халық .
Орман өлді, орманшыны қаралап.,
Ол байғұс та кетті сосын сотталып.

КӨЛЕҢКЕНІҢ КӨРДЕН СУЫҚ ПИҒЫЛЫ

Тамыр сатты талдың бойын суалтып,
Жау біткенді қуантып.

Жапырақтар сатып кетті бұтақты,
Жел қанатын тұсапты.

Бұлттар сатты тау шыңдарын талақ қып,
Қырттар сатты адал ерді мазақ қып.

Көктем сатты жазға қарай емініп,
Көк бел сатты гүл қауызы төгіліп.

Жаз да сатты күз қолтығын өріс қып,
Анау сатты сылтау іздеп керіс қып.

Жан ауыртып сенген жандар ойнады,
Мынау бұлдап жолдастығын қоймады.

Себеп тауып бір сатуды ойлады,
Сырық бойы сұм ниетке бойлады.

Бірі келіп, бірі кетіп жатады,
Асыңды ішіп ту желкеңнен атады.
(Сыр айтысып, сосын жауға сатады)
Бұлдап көрмек өз бағасын кенеттен,
Талай надан бірге жүріп жер еткен.

Қызық шығар осынысы тірліктің,
Мен болмасам берер енді жыр ғып кім?!

Бәрін көрдік, бәріне де шыдадық,
Әлсіресең досты кетер жын алып.

Тең сөйлессең бір мәміле құрмайтын,
Надандар көп нар көңілін ұрмайтын.

Бір күн бірге жүргендігін бұлдайтын.
Көп алдында көк тиынға тұрмайтын.

Жау жағадан, ит етекпен алғанда,
Көлеңкеге сене көрме жалғанда.

Көлеңкенің көрден суық пиғылы,
Бұл да енді Хақтың сынақ, бұйрығы.

* * *

Ұл туған екен қолдасын,
Қолдай да білу ол да сын.
Сырынды бермес дұшпанға,
Сыйласық болсын жолдасың.

«Демегін қазған көрі жоқ,
Жар астында бөрі жоқ»
Сыйласығы жоқ елдің,
Босаға менен төрі жоқ.

Әркімдер келіп басынар,
Қотырын сүйкеп қасынар.
Елде ойласа сыйлассын,
Еңкейген қарт пен жасы бар.

* * *

Тамыры шіріп тал құлап,
Аядым үнсіз жан жылап.
Еңкілдеп үнсіз өксіді,
Етекте аққан бал бұлақ.

Шіріді неден тамыры,
Таусылды өмір жарығы.
Отын да қылып отады,
Жабылып елдің бар ұлы.

Бар еді жаңа жоқ болды,
Аз ғана жанып шоқ болды.
Сүйегін күйсеп кер ошақ,
Керелеп жұтып тоқ болды.

Күл қылып сосын шығарды,
Талсыз да қалды қыр әлгі.

Тағы да соқты сұрша жел,
Қайталап айтып бір әнді.

Ендігі кезек кімдікі,
Талдардың кетіп тұр құты.
Қыдырдың орны босаға,
Қырсықтың төрде бір бұты.

Ауады екен бақ бұлай,
Ерлерге керек сақтық-ай.
Қыдырды шығар төріме,
Мырза да Құдай, Ақ Құдай?!..

* * *

Ақ қанатым, ақ періштем, ақ гүлім,
Сен бар жерде сағыныш пен тәтті мұң.

Сағым болып кеттің көшіп тұрмадың,
Тұрлаусыз бақ көзден көрік ұрладың.

Бар сұлулық кетті саған бұрылып,
Ескі жұрттай біздің көңіл ұлы жұт.

Дұрыс болды кеткеніңіз, шалғайға,
Татпайтын бал неге керек таңдайға.

* * *

Шағаласы қарқылдап,
Бақа біткен барқылдап,
Жалаңаш жалпы қу надан,
Күледі суда тарқылдап.

Бақаның тойы батпағы,
Батпаққа батып жатқаны.

Шағала жемшіл, ал надан,
Белгісіз нені тапқаны.

Аққулар ұшты түңіліп,
Үркітті ит-құс шұбырып.
Бақаға барып бас иді,
Надандық деген ұлы жұт.

Киесі кетті айдынның,
Бақаны сонша бай қылдың.
Наданның жүзі шат-шәлкей,
Қадірін білдік қай күннің?!

* * *

Жүрегіңе сыбырласа періште,
Құдай бар ғой шығармағын теріске.
Жақсылыққа жаның толсын жалғанда,
Жамандармен уәде байлап келіспе.

Жаман қайдан бағаласын сертінді,
Алып бітер аяр неме еркінді.
Сау күнінде саудаға сап сатады,
Қайтеді ол қайғы мұң мен дертінді.

Жүрек досың тыңда оның дегенін,
Біледі ол жанға ненің керегін.
Бір Алладан пәрмен алған періштем,
Сен сыбырла саған ғана сенемін.

* * *

Кеше солай, бүгін, міне, қайталау,
Ең қызығы байқамау.

Өтті күнің өтсін мейлі тұрмасын,
Әкел бері, бал шараптың тұнбасын.

Өтсін сосын, көңіл оты шалқысын,
Фәни жалған, арты шын.

Шын өмірден дәм татармыз шырынды,
Бұл өмірден жүрек шошып тығылды.

БОЛАШАҚТЫҢ ЕСЕСІНЕН ТОЙЛАМА

Намыс бізді осы күнге жеткізген,
Ажал бізді көгендеген, көп тізген.
Тірі көрген тозағынды ұлт едік,
Аршыл Алаш соның бәрін өткізген.

Өз еліңнің тағдырымен ойнама,
Есің барда еркелікті қой бала.
Өткен күннің төбесіне шығып ап,
Болашақтың есесінен тойлама.

* * *

Бурыл шашым самайымнан гүлдеді,
Қыздың демі үрледі.
Жиын-тойдан жинақталдым амал жоқ,
Сәл ертерек жүргелі.

Тойла-тойла, кезек енді сендерге,
Бір билейін кел, мен де.
Сенде мені түсінерсің бір кезде,
Самайыңа қырау бұлттар енгенде.

Жібер енді қалқам мені ірікпе,
Бұл да қызық жігітке.
Өртенеді жастық жалын лаулайды,
Не боларын біліп пе!?

* * *

Әй, кара жер, теңселдің бе, теңселдің!
Тауларым-ай түскені ме еңсеңнің!?
Арқасынан таспа тілген ала қыр,
Тағарсың ба келсем мін!?

Жүзін неткен жабырқаулы, аймағым,
Қайда сенің жеңісті жыр, байрағың!?
Сағыныштың көлі қалған сарқылып,
Ұмытқан ба?.. Ұлы дәурен сайранын!?

Белесіңе бел жазуға келіп ем,
Бота боздап көп шағынды желіден.
Есі кетіп ерлер үнсіз қарайды,
Тілдесетін уақыты жоқ менімен.

Мен де сақау, үнім біткен қарлығып,
Тамағымнан арман шайнап, алды үміт.
Өзін-өзі қазақ алдап барады,
Жіліншігін жегідей жеп жарлылық.

* * *

Сүт бетіне қаймақ бітті тәп-тәтті,
Бөліп бердік болдық сосын жақсы атты.
Сүттен аппақ Атамекен, баба жұрт,
Ұстағанның қолында жүр бас қатты.

Қырдан астым қызыл керуен көрінді,
Ойға келдім ойым тоқсан бөлінді.

Босағадан басым шықты өксініп,
Әлде біреу алып алған төрімді.

Ұрпақ тұрды көздің жасын жасырып,
Дұшпан жүрді иесініп, масығып.
Қыдыр көрген ауыл едік әу баста,
Жұрдай болдық соның бәрін қашырып.

Қайран менің баба жұртым керегем,
Шыдам біткен шалғайыңа не деген.
Сенің аппақ рәсуа көңілің,
Кім бар оны елеген?!..

* * *

Көк найзағай – дойыр қамшы ет тілген,
Кімдер қалды тектіңнен?!

Жасын түсті ақ қайыңға, терекке,
Түспегенде... Бізге қайың керек пе?!

Қай жақсысын қорғап еді орманның,
Шығып еді сен қол беріп, сордан кім?!

Батырғаның, шапқандарың бар, білем!..
Қарағай мен қайың өлді алдымен.

Сенің қолың тек өзінді өлтіргіш,
Жүрегің тас, көркің қыш.

Жағаласып ауыр оймен жемсеніп,
Алпысқа да аяқ бастық, еңсеріп.

Бұрынғыша өзгермедік, ұмтылып,
Қойынына әркім қанжар жүр тығып.

Бұрылдың ба көк желкенді қандайды,
Аяғыңнан шалмай тыным алмайды.
Көк найзағай сенің ісің, қимылың,
Дауыл менен жел қолында құйрығың.
Орындайсың жаттың ғана бұйрығын.

* * *

Түн серісі едік біздер ай бакқан,
Езуінен сорғалаған қаймақ таң.
Күз келгесін бұлт қақалып жататын,
Май қапқан.
Ән салғанбыз әндемесін қайырып,
Әнім кетті жайылып.
Бізден қалған ән сарқытын ішіп ап,
Таулар жатты ақ жаңбырға шайынып..

* * *

Қырау қатқан тереземнің өрнегін,
Өз көзіңмен көр менің.
Қаңтар келді ақ кебінін төсемек,
Қара боран буындырды өлмедім.

Тентек екен қыс бораны бұрқылдақ,
Үй сыртынан тұр тыңдап.
Бұл неғылған өзімшілдік, өктемдік,
Сақалың мұз, мұртың жат.

Кең дүние қатып қалған сіресіп,
Аяз апам жүр есіп.
Жалғыз жортып жолбарыстай айқасып,
Жолға шықтым күресіп.
(...Туған елде ашылар деп бір есік)

* * *

Біздің мекен құла түзде, құм белде,
Құм басады бір демде.
Мендік жанның жұмағы еді бұл дала,
Ұнамайды кімдерге?!

Біреу үшін жанған от қой түз мекен,
Қайдан табам іздесем.
Құйын болып еркелейді құмдары,
Тілін нең бар білмесен.

Құмдарын-ай, тұздарын-ай бал сынды,
Күлшесін-ай шаң сіңді.
Қалай салам табаныңның астына,
Києм ғой ол, қан сіңді.

Жүрегім ғой, бүлкілдеген қан тамыр,
Тамыр салды қанша гүл.
Ай жырласам айтқан сөзім жетер ме,
Жетпейді оған барша жыр!

* * *

Жерге сап бал жанарын бар білері,
Кешеді көздерінде зар жүр еді.
Бармағын бал ұстаған сорып отыр,
Жоқ жылап, жоғарыда бар күледі.

Шыдамның шырылдаған торғайлары,
Кіршіксіз кірпігіне сор байлады.
Бәрі де өзіңе аян жұртым менің,
Тірліктің таусылмайтын сол майданы.

* * *

Киік көрдім кірпігінде қаны бар,
Тек әйтеуір жаны бар.
Көзін қара жанарына жас толған,
Сахараның сары қауыз таңы бар.

Үміт өлмес, шығар жанға асылып,
Тағдыр жатыр басылып.
Қара қанжар алқымынан алғанда,
Қызыл моншақ кетті өмір шашылып.

* * *

Аққулар қайда кетті сұңқылдасып,
Аққусыз айдынымды тұр түн басып.
Қайтесің сұрай беріп, жылай беріп,
Аққуға болған жандай бір Сіз ғашық.

Әркімнің өз қызығы, өз кемелі,
Осыны жастай жаным сезген еді.
Қаншама айдын болып шалқысаң да,
Аққусыз қалатұғын кез келеді.

* * *

Өз елімді қызғанды да сұм атты,
Ту желкемнен құл атты.
Қанша жанды тағдыр құрсап жат жерде,
Қанша жанды қайғы шалып құлатты.

Өз бауырың, өз қандасың, жақыным,
Атқан құлдың аты кім!?
Көкаттымен көкек түріп көріп жүр,
Атажұрттың тақымын.

* * *

Көз аласын көңілінен көргенбіз,
Көріп тұрып, бәріне де көнгенбіз.
Етегінен ит тістеді екен деп,
Құламайды өрден құз.

Таласпасын, өз тағдырын тыңдасын,
Өлеңім өрт, өзегім дерт, жыр жасын.
Ақын деген періште ғой алғаусыз,
Сыршыл жүрек сырласын.

Асыл жанды ай тербетіп, күн бағар,
Кеудесінде бір Тәңірлік үн болар.
Талай жібек шұлғау болды табанға,
Талай жібек жүн болар.

Құрбандығы, барлық бақыт, қайғының,
Тарылмасын ақыл-мұхит, айдының.
Өз итің ғой енді амалың жоқ күнім,
Ит те болса – байлығың!..

* * *

Жел бастанған ырық бермес ындыным,
Өлең іздеп шөлдедің бе шын бүгін.
Көңіліңнің көпке көрсет шырайын,
Құдай өзі біле жатар құл мұңын.

Ет желіні сарқылғандай даланың,
Есі кетіп езгілейді қара мұң.
Сағым қысты, жалын құшты бір торғай,
Әнмен буып өлтіріпті тамағын.

Жаназасын жан құсымның салдырып,
Торғай мұңнан қан қауырсын қалды үміт.

Алда абыз, ізде ізетшіл көп іні,
Өз сорына келеді әне шалдығып.

Күзем келді күздің басы сары алтын,
Бозторғай мұң, боздау ғұмыр жаңарсын.
Мені тастап қаздар қайда барады,
Мергендерден сыбағанды аларсын.

СОКРАТ

Сократқа ажал ұстаз болыпты,
Дүние бос, адам қуыс соны ұқты.

Білмейтінін білген қандай даналық,
Мойындаудан басталады жаңалық.

Бар шындығын айта білді Сократ,
Білген жанға жалғыз шындық, осы бақ.

Өлмей тұрып мойындағын елесті,
Қайран жүрек қара тасқа теңесті.

Уын ішіп ғұмырыңның тым ащы,
Қанша тағдыр қайғы жұтты қыр асты.

Етегінен тістеп тартып сор күні,
Кетті езіліп кесек тектес бор мұңы.

Маңдайында қу тағдырдың оқ тұрды,
Із тастады... Оны уақыт жоқ қылды.

* * *

Сен күлесің... Мен де күлдім теңселіп,
Жүзің нұрлы – нұрлы жырдан бер теріп.
Енді, міне, моп-момақан жан болдық,
Бір ауылға сыймай өскен ерке едік.

Жанарыңда күн бар еді көктемгі,
Сол күңіңе қолым жетпей кеткен-ді.
Сол жырың ғой қанатымды күйдірген,
Жақындама, қош бол, аға, жетті енді?!

Деп арудың кетті жүзі бұлттанып,
Есепшіл күн бір саусағын бүкті алып.
Ең соңғы рет бір бұрылып қарады,
Кірпігінен шық тамып.

* * *

Еркем менің күлгенің-ай, жүргенің,
Ерте көктеп бүрледің.
Үнсіз ғана еркелетіп жүруші ем,
Елігімді ұрлап кетті кім менің?!

Аға деген үнің қалды құлақта,
Кеттің шалғай, жыраққа.
Бір ауылдың көркі еді көздегі,
Көкем енді жылатпа?!

Тоңып кеттім, суық ойдан толғатып,
Болмағандай жүрген шығар ол да түк.
Ерге лайық ару еді шіркін-ай,
Алып кетті сорлатып.

* * *

Жүрегіне көп қорқыныш орныққан,
Біздің халық
Сыңар қанат құс сынды,
Жаратылған үрей менен қорлықтан.

Жүрегіне көп қорқыныш орныққан,
Біздің ұлтқа,
Мұның бәрі түс сынды,
Жаратылған үрей менен қорлықтан.

Жүрегіне көп қорқыныш орныққан,
Менің елім
Көз жұмады бәріне,
Жаратылған үрей менен қорлықтан.

Жүрегіне көп қорқыныш орныққан,
Біздің қазақ
Жетім көңіл әлі де,
Жаратылған үрей менен қорлықтан.

* * *

Аман атты
Тағы бір таң бал шуақ,
Бал шуақтан сімірейін тарту ап.
Көктеп жатыр, көк көрпеше, көпшік боп,
Көкорай көл, тал суат.

Жарық таңның жылуын-ай бөлек-тін,
Далам – анам, Мен дегенің – бөбекпін.
Ақ жанымнан ақ қауырсын жыр ұшты,
Еркелетті!.. Ендеше, Мен керекпін!

* * *

Мен жыр-жұмақ, Сен жайнаған үр едің,
Күй едің Сен күміс тиек күреңім.
Енді маған
Неге тыным бермейсің,
Не демексің, не берейін жүрегім?!

Сыбырлайсың сырың қанық, мұңдасым,
Көкке теңеп жүр дейсіңіз кім басын?!
Жүрегіме демеу болшы
Сен менің,
Өзім құйын, сезім күйін жырласын.

Қанатымнан қауырсын жыр үзіліп,
Дүниені болдық білем біз ұғып.
Көңіл қалған,
Өмір жалған өртеңгір,
Өкпелімін, қарамаймын қызығып.

Дедім дағы қылдым сосын шүкірлік,
Ия солай, ұттық, тағы ұтылдық.
Көрген көсем,
Білген есен жыр жазсын,
Соның бәрін, қанағат пен пікір ғып.

ШЕКШЕК АТА

Ешкілердің пірі едің ғой жан баба,
Әр отарда бір-бір серке бар жаңа.

Кеміріп жүр ел мен жерді тал мүсін,
Шек десейші Шекшек ата бармысың?!..

Мүйіздерін өз еліне жаныған,
Көп ешкіден көңіліміз арыған.

Өңкей ешкі бау-бақшаны отады,
Мүйіздіден бата алып тоқалы.

Маңырайды, ашпын дейді сонда да.
Қараорманды жеп алса да ол жаңа.

Текесі бар, ұрғашысы, шыбышы,
Тал кеміру таң атқаннан бір ісі.

Мекіреніп шебер бәрі ұранға,
Шекшек ата қой десейші бұларға?!..

Ойсырады ешкілерден ортамыз,
Сасық Теке, мүйіздіден қорқамыз.

* * *

Тегене құйрық ақтылы қойдың,
Қасқырлар үшін барлығы жақсы.
Ащысын айттым қас қылып ойдың,
Сарнайды саз бен жалғыз үй бақшы.

Бақшылар сайрап, дәруіш жылап,
Бастағы заман өтеді күліп.
Заманға көңіл бағыныштырақ,
Бақшының сазы жетеді ұлып.

Қой мінез жұрттың жылауы қалмай,
Бөріден шошып бөрілігіп өлді.
Қылшықты билік қылауы бардай,
Үркініп жүріп жер қылды елді.

ӨЗ ДАЛАҢНЫҢ ЖҰПАРЫ

Шерқала¹ бойы самал-ды,
Қайнарлы бұлақ, бақ алды.
Сонау жерде Тұқаң² тұр,
Ақ уыз дәмі адал-ды.

Қызыл қала қырлан-ды,
Қыр астында жыр қалды.
Далап жағып батар күн,
Күміс пен таңы сырланды.

Ақтылы қойы бұландай,
Ай серкесі құландай.
Ақ шілтер бұлттан ай қарап,
Жанарын бізден тұр алмай.

Кірпікке жұлдыз қададық,
Кіршіксіз түнге қарадық.
Әңгіме шертті әділ қарт,
Біз тындауға жарадық.

Құс жолымен қалықтап,
Қаздар ұшты қалып бақ.
Қырықтың бірі қыдыр деп,
Ағамыз жатыр алып қап.

Аумаған екен құт әлі,
Ұшқыннан өлең тұтады.
Жұмақтан білсең кем бе еді,
Өз далаңның жұпары.

Сергідік семсер ілгендей,
Абызға келдік білгендей.
Туған ел тұтас ауылым,
Сүйеді сені кім мендей!

¹ Шерқала –жер атауы.

² Тұқаң – елдің абыз ақсақалы – Тұқымбай Түйебайұлы.

* * *

Кежегесі кертiп қойған тас сынды,
Не сұмдықты көрген сiрә бас сынды.
Бастан құлақ садақа боп кеткен бе,
Құлақсыз-ақ осы күнге жеткен бе?.

Төбесiнен шандақтапты шаршылап,
Мынау тегi көптен берi бар шырақ.
Тiлiнiң де айыр екен ұштары,
Тым ерсiлеу дем алғаны, жұтқаны.

Шағыстырып бiрдi-бiрге тырқыды,
Қара есекке жүк болғандай кырсығы.
Шайтан шалыс
Бәле сынды кеспiрi,
Елестеттi қой iшiнде ешкiнi.

* * *

Кәрi де түйе бақырып,
Иесiн жатыр шақырып.
Жел-құздан бойы сыздаған,
Қара шал шықты қақырып.

Жас бура шайнап желкесiн,
Пышаққа түстi ертесiн.
Қаймалша бiткен көз тiккен,
Келенiң сойды серкесiн.

Жүзiнде шалдың кек тұрды,
Бураны солай жеп тынды.
«Кәрi түйе мал құты» –
Тимендер оған деп тұрды.

Кәрiнi кәрi ұғынды,
Түйеге бура ұрынды.

Асқанға тосқан тап болып,
Бураға ажал бұрылды.

Толтырып жанды дәмеге,
Жарамақ болып қадеге,
Жазықсыз жанға ұрынған,
Кез болды бура бәлеге.

* * *

Атаның жолы ақ мұра,
Иманды ұлға мирас-ты н.
Жаманға мұра жат сiрә,
Елжанды ермен сыйласқын.

Ат тұлдаған ерлердiң,
Қайғысын шегiп күзенген.
Құтылар қайғы шерден кiм,
Келесiң кешiп тiзеңмен.

Ұлт болмағың салтыңнан,
Ата көрген оқ жонар.
Ата бiр жолдан тартынған,
Алты алашқа сор болар.

* * *

Дәм ауыз тидiк өлеңнен,
Сөз атасы Майқы би.
Өлеңмен бәсi төленген –
Көгi де күмiс алтын үй.

Алтын-ды ордам, жiбектiм,
Дауылдан қанша шайқалдың.
Сүйегiңдi күзеттiм,
Оны кiмге айтармын.

Дауылдан қалған дабылмын,
Дәуірден қалған ұранмын.
Бастауы сенсің бағымның,
Бауырға басып құлармын.

Тынысы қалған бабамның,
Мың ісін жалғап анамның.
Ескіріп бірге жаңардым,
Жаныма салып алармын.

Ырзалық қылдық ырысқа,
Өлеңмен самғап өрледік.
Тәу етіп аз күн тынысқа,
Алқалы топта төрледік.

Сөз сөйледік бал қатып,
Түсінген жанға шырын-ды.
Жүрекке уыз ән қатып,
Ұсындым ұлтқа жырымды.

Халқыммен бірге гүлдендім,
Қаралы тұста қамықтым.
Артық та дейсің кімнен кім,
Ер болса елін танытсын.

* * *

Көрікті еді бұл дала,
Көргенде пенде шаттанған.
Гүл көрдім енді бір ғана,
Өткенге өксіп ақталған.

Құнысып байғұс зірледі,
Жазықты болып жандыға.
Тағдырын жалғыз тілдеді,
Көз салар жан жоқ зарлыға.

Ит сарыды үстіне,
Мысық аунап кеткен-ді.
Қор болған жерім тістіге,
Жылаумен ғана шектелді.

Гүл тамырын жел қырқып,
Ұшырды дауыл шалғайға.
Гүл іздеп жүрді ел тырқып,
Даланы қорғап қалмай ма!?...

Есеппен келіп еліме,
Қадамын сұрап баспай ма!
Кім білген әлі сені де,
Жеміріп жерге жастай ма!?

Табанды қара қаралы,
Өкшені қара қадалған.
Ол қашан елге санады,
Ата бір дұшпан жан алған.

Күлте бұтақ жыңғылдар,
Шаң қауып үнсіз қақалды.
Жерімді жемсеп кіл мұндар,
Жағамнан менің жат алды.

КҮС-КҮС АЛАҚАН

Шел майын алып терінің,
Жер майын алып жерінің,
Төбесін ойып құлданып,
Сазайын берді ерінің.

Патшалы жұртың асқақ-ты,
Әлсіздің көзін жас қапты.
Сүйегін тізіп сүрлеуге,
Басынан елдің аттапты.

Қараның соры надандық,
Қонар ма сосын саған құт.
Талапсыз елдің баласын,
Табады іздеп жамандық.

Күс-күс те болған алақан,
Жоқтықтан талған қара сан.
Сен көрген қорлық өлшеусіз,
Жетпейді сөзім санасам.

АРДЫ ҚОРҒАП, АЖАЛ ІЗДЕП БАРҒАНДАР

Өңкей ерлер біздің елдің шалдары,
Жан ұлтына жанын түйіп жалдады.
Еркек тоқты құрбандық деп әу баста,
Туғаннан-ақ Ту көтеру арманы.

Өңкей ерлер ер болғанда дүрлері,
Жауға бермес іргені.
Елді қорғау.., жан Отаны.., жан жұрты..,
«Елім!..» – дейді сөзге келсе тілдері.

Қайран Шалдар қара нардан қалғандар,
Намыс болып жанғандар.
Ойланбай-ақ отан үшін от кешіп,
Арды қорғап, ажал іздеп барғандар.

Біздің шалдар иман-шырақ жаққандар!
Иба қылып үнсіз ғана жатқандар.
Ұлтқа қорған ұрпақ болар ертең деп,
Ұл-қыздарын үміт етіп баққандар.

Біздің шалдар ерлігіңнің мектебі,
Алтын сүйек, текті еді.
Тәуелсіз Жас – Сен ұмытпа бабаңды,
Шындық іздеп шың басына беттеді.

Біздің шалдар қарлы сүргін көкбөрі.
Азуына айнала жау өкпелі.
Ер Шалдарым – Елдігімнің Атасы,
Көкбайрағым көктегі.

Есіміңнен айналайын Ерлерім!
Жолға шықтым ақ батамды бер менің!?
Атамекен!.. Атадәстүр!... Атажұрт!..
Саған жетер жерде кім?!

* * *

Тауды көрсен, аспанды да көресің,
Аспаның мен тауларыңа сенесің.
Сен адассаң ол шырақшы жолыңа,
Сұрай-сұрай тауға қайтып келесің.

Тау шығады атаң сынды алдыңнан,
Қандай мұра қалдырған.
Мынау дала сенің жерің қарағым,
Сен осыны жаныңмен сүй балдырған!?

Сен қаламай іс қылмасын жат жүріп,
Бозжайнағым, ботам менің ақ түбіт.
Ұры-қары ұялайды төрінді,
Дүние мас дертті болма асқынып.

Тау болсаң да көкке қарап басылғын,
Елді сүйю – жан сусары асылдың.
Елсіз болсаң айға қолың жетсе де,
Иттен құнсыз екенін біл, бәсіңнің!

СӘЛЕМ БЕРУ

Сайран дәурен сан гөзелдің қызығы,
Сайын қырдың біз ұлы.
Әке болды, аталыққа жол бастап,
Күні кеше бір-бір үйдің бұзығы.
Кім біліпті қандай тағдыр күтулі,
Кімнің қанша маңдайының сызығы.
Жатыр дала құрсағындай заманның,
Ізі жатыр саздауында табанның.
Мен танымай сәлем бердім бір қартқа,
Сен үлкенсің деп тағады маған мін.
Сақал-мұрттың
Санап көріп қарасын,
Үйге келіп мен айнаға қадалдым.
Құм-белесті кезіп кетем сағына,
Оралмақ боп ойнап-күлген шағыма.
Сәлем беру қиын боп жүр көшеде,
Үлкен болып шығам ба деп тағы да.

* * *

Көзін тіктеп, сосын қайта сынықсып,
Көктем келді бірде суық, бір ыстық.
Жасаруға талмен бірге бүр жарып,
Біз де, міне, тырыстық.
Көктем күлді қайтесің деп өткенді,
Осы күнге жеткем-ді.
Гүл бақшаға алтын сәуле қонақтап,
Бізден қашты бүр мен талға бет берді.
Сәулесіне әуре болып жүгірдім,
Көктем келді, көппен бірге күбіндім.
Байқа! – деді, кім айтқанын білмеймін,
Тұрып қалдым... Мойындадым, үгілдім.
Қабырғамнан сыздап өтті бір сұмдық,
Дегенменен көктем келді, құлпырдық.
Еппен ғана естегіні малданып,
Өмір!.. Өмір!.. Өмір саған ұмтылды.

* * *

Шал-шауқанның әңгімесі мал жайы,
Кәрі түйе, жас тайлақ пен жарбайы.
Кемпір сыпсың, келін тып-тың, сәби шат,
Ала таңның аппақ уыз таңдайы.

Қара төбет қайдағыны аңғармақ,
Ит қой енді итаяққа жалданбақ.
Кәрі мысық тышқан жайлы сөз болса,
Тұра қашар табанымен шаң қармап.

Өкірініп өгіз жатыр қорада,
Туды бітті көрген жері сол ара.
Қазық түбін қазып өткен өгізге,
Айтсаң ақыл қона ма!?

Бір сұлулық, бір ғапылдық, бір елес,
Дүние бұл кіл егес.
Қалай өмір.., солай енді сөз ләмі,
Жалғаншыда ештеңе де мін емес.

ЖЕТЕП ДЕП...

Даттадың ба,
Даласындай сорлы деп,
Далаң қағып болды деп.
Енді отырсын босағада обалсыз,
Ісіне сай орны деп.

Даттадың ба,
Даласындай қамсыз деп,
Қырылғанды малсыз деп.
Жалғаншыға келді-кетті несі бар,
Жатсын енді жансыз деп.

Даттадың ба,
Сондай халық, мекен деп,
... Маңдай тері бекер деп.
Атып тұрсам қайтесіңіз ұрандап,
Желкеледің жетер деп.

Даттадың ба,
Тілдің салып шаңбағын,
Бұдан өткен бар ма мұң.
Байқа, бірақ, басынғаның жөн емес,
Қасқыр жасап алмағын!..

ШАРУА

Дуылдаған тоқ қарға,
Дуалы іске жоқ қарға.
Қызылдап жатыр астықты,
Дауласып міне топ қарға.

Торғайға жетер мысы бар,
Үрпиген үрей тысы бар.
Шаруаның маңдай терімен,
Қарғаның қандай ісі бар.

Қарқылдайды қағынып,
Астықтан моншақ тағынып.
Құзғынға шаруа жем болды,
Көз алдымда бағынып.

ТӨС ПЕН БАЛҒА

Е, жалған-ай, мынау, әлгі, ұста шалдың
төсі менен балғасы,
Енді қандай бар бәсі.
Кемпірауыз жатыр, әне, қысқашы,

Өгіз өліп, сынып біткен арбасы.
Бөлек жатыр құрсауы,
Шеңберінен сөгілген,
Қалған куә не күннен?!
Қақпағы жоқ бүкір шеге қобдиша,
Иесі жоқ аяқасты төгілген.
Бір ауылдың бүтіндеген
Жыртығы мен жетпесін,
Ұста шалды көп іздеді кеткесін.
Бала күннен
Бұл да қалған бір елес,
Неге айтты деп таға көрме текке сын!
Біз есейдік!..
Балға болдық, төс болдық.
Кетті анау көріп байғұс көп қорлық.
Өмір деген
Жарты күлше нан екен,
Қашты-куды ойнап жүріп
Жеп болдық.
Ұста шал да ұста еді,
Уақыт, шіркін, бәрінен де
Ұстарақ,
Қайта соқты мына бізді ұстап ап.
Көз алдымда
Балалық шақ, жаз-дәурен,
Ал, жүрекке бір өкініш қыстамақ.
Ұста шал жоқ,
Ұста өмір желкемде,
Желкелейді аяқ бас деп ертеңге.
Соның бәрін
Еске алып жатамын,
Домбырамды шертем де!
От жылтылдап көмейінен ошақтың,
Таранды да, сыланды..
Мен жәй ғана салып көрдім бір әнді.
«Өмір» – деген төс темірдің үстінде,
«Өлім» – деген қара балға тұр, әлгі!

БОСАҒА – БАҚ, ЕСІК – ҚҰТ

Шағыл кешіп келіп ек,
Сағым кетті салып із.
Егіз құдық, тел үдек,
Сонда біздің жанымыз.

Тоғыз сандық ішінде,
Тоқсан толғау сырым бар.
Түсін, мейлі, түсінбе,
Түпсіз терең жырым бар.

Құм астында құнымыз,
Жер үстінде жем болдық.
Білдік енді мұны біз,
Артық туып кем болдық.

* * *

Сахарада мұндық бар,
Сары бидай алқабым.
Санамызда құлдық бар,
Жатып алып тартамын.

Жеті өзен жібектім,
Жерім шалғай намыс бір.
Түлек едім Түбекте,
Азынайды алыс қыр.

Оңтүстігім безенген,
Айтар өзі бағасын.
Жүрек айтқан сезем мен,
Біздің елдің шамасын.

Жез қоңырау көмейім,
Көнбесіме көндірдің.
Болашаққа сенейін,
Көп өртенген өндірмін.

* * *

Қандай жақсы талаптыға нұр жауған,
Менің елім бақыт іздеп барады,
Өмір атты гүлзардан.

Жолын ашып сақта Құдай қазақты,
Бойға намыс, жүрегіне жігер бер,
Арлы құлдар азат-ты.

Бір оянса менің елім қалғымас,
Темірқазық сені алдым бағытқа,
Азат ғұмыр мәңгі жас.

* * *

Кемерін кара кетілген,
Кім екен сәнін кетірген.
Әр дәуірді оқыдым,
Әжім басқан бетіңнен.

Селдіреп шашы сеңгірдің,
Айтады аза жел бір мұң.
Тойғанға мәз торғаймыз,
Не дейін саған тең-құрбым.

* * *

Еңку де еңку төбе қыр,
Жазмыштан бәрін көрер ұл.
Өтсе де жаздың дәурені,
Шіренген шілде неге жүр.
Шаш алсын десе бас алған,
Жаз өтті сосын жасанған.
Әуреміз біздер жырменен,

Ақымақ ақын қашаннан.
Көргеннің бәрі күледі,
Халыққа біткен тіл еді.
Жанары үнсіз шықтанған,
Жүрегі оның гүл еді.
Қазаққа пана
Болмақ боп,
Кеп-кеше ғана жүр еді.

* * *

Мертілді тұлпар шабыстан,
Жүрегін жеді ауыр мұң.
Езілді жаны намыстан,
Ермегі болды ауылдың.

Ел ұмытты күн өтті,
Жабымен бірге байланды.
Қорада қоймен түнетті,
Аптада менен ай қалды.

Ет боларлық жөні жоқ,
Таралған сымдай көк сіңір.
Айдаған үйір төлі жоқ,
Кермеде өтті көп ғұмыр.

Қаншыр да қатын қақандап,
Қайырсыз мал деп сынады,
Қасынан өтсе бақандап.
Көк сау шал үнсіз жылады.

* * *

Жүйрікті Тәңіріміз жылатпасын.
Тұлпардан тұяқ қалды керегі не,
Жабы менен тұғырға сынатқасын.

Мүсіні ақбөкеннің елібіндей,
Қарайды тұғыр бірақ өз көзімен,
«Тұлпарға тұрсың ба» – деп – Мені білмей»

Шамданар жабы да сол мазақ қылып,
Сыншы екеу, тұлпар жалғыз, жаза біреу,
Қол соқты «О, дұрыс!» – деп қазақ күліп.

ПЕРІШТЕНІҢ ТІЛЕГІ

Біздің жырды біздің тілмен қанып іш,
Онда жатыр жарылыс.
Жырдан жұмақ жасап алып жатар ең,
Мөлдір сезім, төрт құбылаң сағыныш.

Құлын болып, қозы болып желіден,
Маңыраса жүрегіңіз еріген.
Гүл дүние бау-бақшасын ақтарып,
Бар қызығын бөліседі сенімен.

Өз қолыңмен ұстап көріп жүрегің,
Жылар едің бір өзің.
Тек қазақтың өлеңінен табасың,
Періштенің аппақ болған тілегін.

* * *

Алдымнан күлім қағып аяулым тұратын-ды,
Ауыл тұр қаңыраған.
Қажетсіз анау айың, қайтемін мына түнді,
Қарап тұр бәрі маған.

Сен жүрген мекен еді, сен көшіп бара жатыр,
Ағыстан теңселемін.
Телмірді темірқазық, жұлдыз боп қара да тұр,
Билесің сен себебін.

Үкілі қамыс көлде, үміттің назы қалды,
Жол түсті келіп кеттім.
Жалғыз тал өзің болып, жырымды жазып алды,
Қош айтып желіп кеттім...

* * *

Ұйқышыл көңіл қалғып жүр,
Оятып жүрген жалғыз жыр.
Емеген бұзау секілді,
Түртіншек неткен тағдыр бұл.

Маужырап жаның қалжырап,
Қартайтып көрге салдырап.
Іздемей кетті өзін деп,
Саялы бақ пен тал жылар.

Сүйегін тірі қақтады,
Сүйретіп міне тастады.
Жатақшыл көңіл жалқау-ды,
Тағы да қалғи бастады.

* * *

Қосынды сайлап қол бастап,
Көктемгі бұлттар жөңкілді.
Бұдан да артық болмас бақ,
Қаһарлы қысты өлтірді.

Қабағы жібіп тоң еріп,
Шапанын қағып ел тұрды.
Қосынды бұлтқа қол еріп,
Ұран да салып жел тұрды.

Ауылын жаздың сығалап,
Гүл майса көктем күлген-ді.
Қызғалдақ қырдан шыға ғап,
Бойжеткен қыздай түрленді.

Жанарды өңір, жасыл-ды,
Мөлдіреп аспан тұр айна.
Қарашыл қаңтар басылды,
Шүкірлік қылдым Құдайға!

* * *

Тобылғы торы төбел күн,
Төбемнен қарғып көп өттің.
Өртенген мен бір өлеңмін,
Тағарсың маған не деп мін.

Ұштың да кеттің пырақ боп,
Жеті қат көкті аралап.
Мен қалдым жанған шырақ боп,
Жанымды үнсіз жаралап.

Күмбір де күмбір күймелі,
Күйікті күннен шаң қалған.
Көктоғай арман сиреді,
Аса алмай асқар заңғардан.

* * *

Айдарын тарап жел ескен,
Ай күнім қош бол, дүлдүлім.
Шығармас бізді ел естен,
Арқалап өткен жыр жүгін.

Күрең нар мен қылаң нар,
Сою да кірпік қап-қара.
Нарларда қанша шыдам бар,
Сүрінсек кінә тақпа аға!?

* * *

Бірлікті ойлап дұға қылса құрлықтар,
Жаратқаным жан тілегін бір құптар.
Бірлікті ойлап таң атырып, күн батса,
Қолын жайып, көздің жасын құрғатса.
Ақ тілекке
Ақ періште гүл егіп,
Кең дүние жайқалып-ақ тұрмас па?!..

* * *

Не тілемес жамандардың ындыны,
Жазықсыз жан күйе берме біл мұны.
Талайлардың ақтан күйіп өртенді,
Әлпештеген құлыны мен құлдығы.

Жаман деген күліп жүріп өлтірер,
Тал бойыңа күйе берсең дерт ілер.
Жүрегінді жүз парша ғып лаптап,
Көкті айғыздап, тіліменен жер тілер.

Олар солай жамандықтан күш алар,
Сөздеріне жын мен шайтан тұсалар.

Жамандардың жүрген жері күнде өсек,
Қараорманды қара жағып бұталар.

Сен күйінбе Құдай берсін жазасын,
Тартқызады тексіз иттің сазасын.
Шаттана бер бір Алладан тіле де,
Істің қайыр, сөздің таңда тазасын.

* * *

Сайратса деймін тіл беріп.
Пенденің сыры әшкере,
Кім кетпей жатыр кім келіп.

Көлденең көрге тығылды.
Өзімшіл өңкей тағдырмыз,
Өкпесі ісіп сығылды.

* * *

Ай қайда мына түннің түрі сынық,
Қарайды қара шалдың ұлы шығып.

Түнеріп түннің көзі тұралады,
Қадалып қара көзден құн алады.

Жылтырап қоламтадан от қарықты,
Жанбыз ғой барға бейқам, жоққа күпті.

Ал міне, ай жоғалды көрінбеді,
Өткен түн
Өрттей жанып төрімде еді.

Бағасын білсем еді ай-көріктің,
Енді тұр айсыз қара қайғы өріп түн.

Білмеппін қолда барда ай бағасын,
Көңілім енді қалай жайланасың?

Тілейін неде болса есендігін,
Ертерек неге айтпадың көсем күнім.
Жоғалтпа қолда барда жарығыңды,
Жарықсыз жан біткеннің бәрі мұнды.

АЛҒАУСЫЗ СҮЙДІК ОТАНДЫ

Сөйлеген сөзім мірден-ді,
Атылған оқтай пірленді.
Алғаусыз сүйдік Отанды,
Оны айтар тағы тіл берді.

Атадан қалған бағытпын
Айдан шырақ жағып түн.
Қайнарлы бұлақ қара өлең,
Өзекті жарып ағыттым.

Дегенін өлең жасады,
Өлеңнен көңіл мас әлі.
Абыз да жырға сүйедік,
Бекеттен қалған асаны.

ЕСЕЛЕП МАҒАН НҰР ҚҰЙДЫ

Ал, енді, баста ерейін,
Ізіңнен боздап желейін.

Күміс те сыңғыр үніңіз.
Жол бастап дәйім жүріңіз.

Еселеп маған нұр құйды,
Кеселеп жүрек қылғиды.

Жолаушыдан бұйым бір,
Тастама жолға құйын жыр!?

Өзегім өрт боп күйіп жүр,
Өгейсіп кетпей сүйіп жүр.

Іздемес, сірә, құлды – құл,
Іздесін бірақ жырды – жыр.

* * *

Көк үйрек ұшты көл қалды,
Көңілде ыстық шөл қалды.
Ұялы үйрек, қаз кетті,
Жамырап қырда төл қалды.

Балапан көкте шаттанды,
Байыздады, баптанды.
Бабасы салған сүрлеумен,
Қош айтып сосын атанды.

Мамығын тастап қатайды,
Сап түзеп, міне, сақайды.
Өткінші жалған дүние,
«Өмір» деп мұны атайды.

ТОЙЛЫ АУЫЛ

Той болды тоғыстырған ақ арманды,
Ақ жаны алты алаштың жаңарған-ды.
Домбырам төрден орын босатайын,
Сөз сөйлеу бұл алқада саған қалды.

Алты қыр, жеті белес, аспаным нұр,
Таусылмас атамекен дастаным бұл.

Басына әр жүректің ту қадаған,
Бек сауыт, берен қылыш жастарым жүр.

Өңкей бір қарлығаштар қара қанат,
Сайрайды сары белді аралап ап.
Ескінің аман болсын дәстүр-салты,
Жасарып жарқырай бер, жаңа қазақ!

* * *

Бір жүрген пәкті қолда, ақты ұмытпа,
Елді ойлап, ерте оянған жасты жықпа.
Қасында ер жігіттің періштесі,
Періште семіреді жақсылыққа.

Елді сүй, ер екенің мәлім болсын,
Іздеген іздегіге тәлім болсын.
Жас болсын жанып күйген Отаным деп,
Баталы бағыт берер кәрің болсын.

* * *

Жүрегінді сазбен тербеп шайқадым,
Әлдиімді әнге қосып айтамын.
Жел боп сені құшқан жаңа мен едім,
Байқадың ба?!..Енді, әрине, байқадың.
Күліп қойдың,
Біліп қойдың, бәле қыз,
Сұлулардан бар ендеше дәмеміз.
Тілек бірге,
Жүрек бірге, ән егіз.

* * *

Жер сырына жел жеңешем қанық-ты,
Боз төбеден боздау әнге салыпты.
Кеше ғана бірге жүрген ағаның
Кесенесін құс мекендеп алыпты.
Міне жаным, біздің көңіл көктемгі,
Өксіп айтып қайтем енді өткенді.
Қызғалдаққа қызыл көз бұлт бұршақтап,
Оны да сол отап кетті, көп көрді.
Құз басынан жалғыз марқа маңырап,
Таңғы бұлттар бара жатты жамырап.
Түсінбейсің, түк бітіре алмайсың,
Қайран өмір әрі сор да, әрі бақ.
Күн күліп тұр
Көктен қарап бәріне,
Көктем-қыздың көз жасына қанып ап.

* * *

Менің жұртым,
Менің ұлтым тым асқақ,
Шындары тұр, растап.
Болашаққа бел шешіп,
Ұлы көшке ұласпақ.
Менің халқым,
Менің сертім айқын-ды,
Қанағатшыл, қайтым-ды.
Көңілінде көктем тұр,
Жанарына ай тұнды.
Менің халқым,
Бар халыққа бақ тілер.
Жақын білер, жат білер.
Босағасы періштелі елімнің,
Қара кетіп, есігінен ақ кірер!

* * *

Ақ қағазға өлең қонды аппақ боп,
Сарымайдай жүрген сырым сақтап көп.
Ерінімнен ерке қыздар гүл терді,
Жыр кәусарын татпақ боп.

Айдын көрсен біздің көңіл шалқыған.
(Тағдырымыз шықты талай талқыдан.)
Біздің мұңның жаратылған демінен,
Қыр астында бар тұман.

Бірде күліп, бірде үнсіз телмірген,
Егеуліге найзасы сай ермін мен.
Батар күн боп жырым аунап барады,
Қырық азу сеңгірден.

Жайлауында арман жатыр ақ күннің,
Бұрымыңды неге серпіп лақтырдың?
Саған алғыс сардар құмның белесі,
Перизатқа тап қылдың.

Өліп-өшіп сүйдім оны лапылдап,
Уыз емген қошақандай тақымдап.
Қара өлеңге жайдақ мініп жөнелдім,
Әр төбеде атым қап.

Өлең ұқты, саз тербеді, ән ұқты,
Нұрмен шылап жүрек деген қалыпты.
Қара өлеңнің жағып өткен шырағын,
Қара бала сүйеді сол халықты.

* * *

Қарлығаш бауыр ақ тілек,
Тұмарын маған тақты кеп.
Дидарын көзбен аймалап,
Жөнелдім: «Жаным, жақсы!» – деп.

Еселеп жылап еңкілдеп,
Тағдырды жатты жел тілдеп.
Қол бұлғап тұрды түндігі,
Қоңырша үйдің желпілдеп.

* * *

Жүректің тіліп таңдайын,
Жырлайын, жырсыз қалмайын.
Хан-Тәңірі өлең жүр,
Халықтың сұрап хал-жайын.

Жағаластым жандастым,
Батпақ та кешіп, шаң бастым.
Алла бір ілсе мойынға,
Аманатты алмас кім?!

Аманат-жырдың құрбаны,
Кеуденің қалды құр жаны.
Тәңір сүйіп жүк артса,
Бақыт қой енді бұл-дағы.

* * *

Сары да жібек салқам қыр,
Сері де болсаң ән сал жүр.
Алладан тілеп
Ақ сөйлеп,
Аяғын басты алшаң құл.

Шартабақтай күміс күн,
Күн сүйген көктен ұлыспын.
Сайғақты сайға дұға ғып,
Сүйегім сыздап құрыстым.

Шешілген күміс белдігі,
Тағдыры күмән ендігі.
Ерлердің ары қаншалық,
Дәл солай болмақ, Ел құны!..

* * *

Бейбіт күн деген балапан,
Қазекең біздің қаз сынды.
Бауыры суық ала таң,
Қазақ пен қазға жаз сынды.

Бағзының сапар-намасын,
Баянын тауып жеткіздім.
Қазақ Атамның баласын,
Ақындай сүйер шексіз кім!?

Сағымға мініп ен далам,
Үндемей қашты мыстан құм.
Не демексің, Сен, маған?!..
Мен деген – Қазақстанмын!

* * *

Сыңғырайды әз жанымның сарайы,
Жүрегімнің аша көрме қақпасын,
Сығалаған сұқты көздің талайы.

Кір жұғады қарашықтан қараса,
Жүрегімнің аша көрме қақпасын,
Ниетіңнің уы қайттім тараса.

Өлең сүйген, өмір сүйген байқар жан,
Жүрегімнің аша көрме қақпасын,
Көз тиеді көркем жырға жайқалған.

* * *

Жүрегімнің кара бұлау жанары,
Жыр боп міне тамады.
Елжіредім, мөлдіредім, тозындым,
Көгендегі көп байланған қозыңмын.
Естисің бе, күңіренген үнімді,
Жасырмашы алақанмен күнімді.
Жыр боп ұшып кеттім тағы дүркіреп,
Тілегімді отыр менің кім тілеп?..
Көресің бе
Мені айналып қалқып жүр,
Ақша бұлттар өлең болып сіркіреп.

* * *

Жаз өтті деп жаны қалмай безілдеп,
Торғай біткен бір сұмдықты сезінбек.
Қанатының қауырсыны дірілдеп,
Тұмсығымен тарап жатыр біріндеп.
Білмедім мен түсінбедім мұң-зарын,
Тор ішінде менің де сол тұр жаным.
Қайда кетпек, неден қашып құтылмақ,
Өткен күннен өмір солай ұтылмақ.
Секем алып, өз-өзінен үркініп,
Сосын байғұс жем іздеді түртініп.
Мен де кеттім тұрмыс қамы желкелеп,
Кешегіден тұрып сәл-пәл ертерек.
Көңілімнің босатайын күбісін,
Жаратылған жан едім ғой жыр үшін.
Жыр-жапырақ сарғайдыма сарқынып,

Өмір деген бүтін қайғы, жарты құт.
Бейкүнә жан, адал шырыл ақ торғай,
Келіп жүргін сорлы ақыннан жат болмай.
Тереземнен қара да тұр үңіліп,
Сені көрсем қуанамын жүгіріп.

* * *

Көрген түстей көңілімнің елесі,
Көп тағдырдың көрінбейді кемесі.
Батар тұсым анау дейді құба таң,
Қорымдардан қолын бұлғап тұр атам.
Мырза күннің дастарқаны тарылды,
Қонақ қылсам деп едім бір бәрінді.
Аяныштың ақ кірпігі жаңбырлы,
...Көңілімді қалдырды.

* * *

Саған тілеп сәттіліктің сапарын,
Көңілімнің көзін сүргіп жатамын.
Менің жаным сыр сандықтай құлыпты,
Жырдан басқа ол байғұсты кім ұқты.
Жүрегімнің алақанын жайылған,
Қандай сұмдық ақ құсынан айырған.
Неде болса аяқтадық ғұмырды,
Ару қайда ағалаған бұрымды.
Лебізінде көктем бар-ды гүл еді,
Қандай күйде екен оның жүрегі.

БІР СӘТТІК ҚЫНЖЫЛЫС

Өлең-ару: «өмір бер» – деп қиылды.
Кітап құны: тиын-ды.
Өлең байғұс
Туған елді сүйеді,
Соны елге жеткізуің қиын-ды.
Шыда жырым!..
Оқырманға барарсың.
Ұлт рухы жаңарсын.
Сені де бір
Күткен жүрек бар шығар,
Іздеп жүріп табарсың!..
Байларыңның екі көзі ақшада,
Байғұсыңның екі қолы шақшада.
Таусылмайтын
Бәсекеден
Шаршап тұр,
Қан жүрегі тас қала.
Кімге керек
Осы сенің өлеңің,
Ақын деген ақымақ қой, маскара!..
Кешір Абай!?!..
Сіз басқасыз, данасыз!
Ал, Шәкәрім,
Қалды ақыры қарасыз.
Итжеккенде
Ақындардың сүйегі,
Елің бар ма ерге пана киелі?..
Кімге сеніп, қайда кетіп барасыз?..
«Тақ-тақ болсаң, арты тақ-тұқ» –
Деген бар,
Бірақ мұны түсінбейсіз Аға, Сіз!..

ІЗДЕГІМ КЕЛМЕЙ ТҰРҒАНЫМ

Іздемей кеттің сен мені, сергелдең қылып құлаттың,
Жазылмай қалған жырымсың, жағылмай қалған шырақсың.
Осылай қалқам, осылай,
Қайғыңды жыла, қосып-ай,
Табытқа салып өлтіріп тағы бір күнді ұзаттым.
Жорытқан біз бір бөріміз, жолымда қалған құрбаным,
Іздемей кеттің дегенім, іздегім келмей тұрғаным.
Көкбөрі көрсен көлденең,
От кешіп жүріп өлмеген,
Сен мені еске алғайсың, көкке бір ұлып тұр жаным.

* * *

Сіміріп айдың сәулесін,
Түн кезіп жүріп жұтқанмын.
Тағдырдың тәлкек әуресін,
Тәу етіп жүріп ұққанмын.
Шабыттың керіп желкенін,
Желіккен күндер қалған-ды.
Өткенім менің ертегім,
Өлшеусіз биік арман-ды.
Қан-жоса болған жорықпын,
Көкбөрі тектес ғапылмын.
Шулаған иттен торықтым,
Арыстан көрсем атылдым.

АҚ КИІЗ

Ақ киіз аппақ әжем білектеген,
Оюлап безендірген жүрекпенен.
Ши тоқып,
Басқұр салған қайран ауыл,
Мен сенің көп түніңді күзеткен ем.
Маңырап қошақаным көгендегі,

Кеудемде көген-күннің көп өрнегі.
Аққу боп мамырлаған ауыл қайда,
Бұркырап ақ төсінен өлендері.
Жұлдызы жымың қаққан бал белесім,
Тербеткен бала күннен жан кемесін.
Естімей өскен жаннан өлең күтпе –
Саз сырнай, сарнау қырдың әндемесін.
Ақ жаулық
Әжем менің – қарлы шыңым,
Ауылдың жетім көңіл, зарлысымын.
Кеудемді
Кер қалаға сүйреп келдім,
Ауылда жан жүрегім қалды шыным.

* * *

Көзіңнің мөлдір қарасын,
Көзмоншақ қылып барасың.
Елпілдеп гүл боп жайқалып,
Шықтанып көктен тамасың.

Тамшыдай ғана мөлдірім,
Таңдайға салар енді кім?
Көзімде қалды дидарың,
Құлақта қалды сендік үн.

* * *

Момақан ғана мойыл-ды,
Көркіңнен көзім тойынды.
Күнге де ұя кеудең бар,
Өрттен де ыстық қойын-ды.

Сұлу бір таңның жұпары,
Кетпепті бойдан күт әлі.
Көргенде сенің көркіңді,
Көңілдің оты тұтанды.

ҚАЗЕКЕҢЕ

Ақылды кім, ақымақ кім кеш білер,
Білсе-дағы үндемейді естілер.
Мүйізі мен бұлдап-бұлдап сақалын,
Қой бастайтын болып алды ешкілер.

Қойлар солай жолын беріп жеңілді,
Жат билесе жарға жығар елінді.
Төбе сайын бүйен қатып Серкелер,
Семіздіктен бір басуға ерінді.

Қасқыр келді қашып ала жөнелді,
Қасқа қойлар жол бастатты не көрді.
Ит аулада, мысық үйде бұлданып,
Кешіп бітті, тесіп бітті төбемді.

ДАНАЛЫҚ

Дана болсаң, ойбай, онда сабалық,
Абайды да орға жыққан даналық.

Бұл бір енді таптырмайтын жаңалық,
Балағың мен жағаңыздан алалық.

Өсек пенен өлшеп-пішіп таңалық,
Өрден ойға сыпсың қағып шабалық.

Тырнақ асты бір кір іздеп табалық,
Көк желкеңнен, ту сыртыңнан қадалып.

Теспей сорып қаныңыздан алалық,
Бар күйені үйіп-төгіп жағалық.

Андып жүріп андағайлап шам алып,
Әр сөзіңе ши жүгіртіп бағалық.

Көзге күліп, аяғыңнан шалалық,
Дана болсаң обалың жоқ сабалық.

Ұрындырып қазған орға тап қылып,
Өп-өтірік алдарқатып бап қылып,

Ит сүйреген терідейін лақтырып.
Жөнелейік жын-періге қақтырып.

Ақ ісіңе қара жағып көрелік,
Жауға барып жасатайық төрелік.

Дұшпаныңды тауып алып ымдасып,
Жеткізейік бар сырынды жымдасып.

Күйдірейік, бар уақытың өртенсін.
Өз қолымен өлтіргенше өлкең шын.

Біліп тұрып, сезіп тұрып сезбелік,
Жақындама ол бір жүрген ез делік.

Дана болсаң кешірмейміз кескілеп,
Тепкілейік есер менен есті кеп.

Елім деген шын сөзіңді көмелік,
Жүре тыңдап, күле тыңдап өлелік.

Қайда барсақ қара сөзді тулатып,
Құлағыңды жатқызбайық шулатып.

Ескі менен қатар жауып жаңаны,
Ес тандырып өлтірелік дананы.

Өлгеннен соң біз бірінші мақталық,
«Аһ» ұралық аламанға ақталып.

Саралайық оның аппақ сүйегін,
Алып тастап қошқар сөздің күйегін.

Мақтау менен марапат көз ілмесін,
Қайсы дұшпан, кімдер сатқын білмесін.

Дана болып туылғаның жазығың,
Дана болсаң қайғы сенің азығың.

Қай халық бар бақ сыйлаған данаға,
Даналыққа бір жаулық бар санада.

Жан сарайы жанып біткен күлміз бе,
Даналықты таптап кешіп, жүрміз бе!?

Бұл надандық бітпес, сірә, бір бізбен,
Даналықты арашалар кім бізден!?

Әділ Құдай, тек өзің бар жаратқан.
Жер бетіне даналарды таратқан.

Біз наданбыз – кара түннің қақпаны,
Даналар күн ақыл-ойдың ақпары.

Біз білмейтін дана болса айтыңдар,
Көзге түссе көзін ойып қайтыңдар.

Даналардың бар міндеті – даналық!
Біздің міндет: – дер кезінде сабалық!

Өз міндеті, өз парызы әркімнің!..
Оған куә күміс ай мен алтын күн!

Дана – суат, ұл қызымыз – мың құрақ,
Құрақ сүйсін даналықты шын жылап!

ЖАҒЫМПАЗҒА ӨМІР ЖОҚ

Жол бергенді, төр бергенді білді ме,
Төбемізге қамшы үйірді күлді де.
Жата жастық бола қалу әркімге,
Атамыздан қалған әлде үлгі ме?

Сұрап кірсін босағадан қонағың,
Бастан кетпес сонда сенің оралың.
Дұға қылып жақындайсың қасына –
Тірі түгіл иесіне моланың.

Өзіңді өзің сыйлаттың ба, жарадың!
Ұясындай айбатты бол араның.
Жағымпаз бен надандарға өмір жоқ,
Кімді алдап күн көрмексің қарағым.

Жәреукеге, жәдігөйге бар ма сын.
Әдет қылма, Құдай басқа салмасын.
Кім мінбейді мойыныңды тосқасын,
Кім кірмейді қойыныңа алғасын.

* * *

Мен болып сүйсін мекенді,
Отансыз күнің бекер-ді.
Қалдырдық шетте біз байғұс
Ойнаған қатар, не теңді.

Балалық шақтан із қалмай,
Жүректің басы қызғандай.
Шет жерде өскен мұңдықпын
Өткеннің бәрін сызғандай.

Екінің бірі паршалап,
Келеміз мұңды арқалап.

«Ұлым !..» – дерсің атажұрт,
Құлаған күні шалқалап!..

Сөзден де күйе жаққанмен,
Желкеден жемсеп атқанмен,
Күн туса бізден жақын жоқ,
Ит-құсты басқа баққанмен.

Тәңірім салса не дерсің,
Қайғы мен мұңды шегерсің.
Шетте өскен жанның жүрегін
Шет жүрсең ғана сезерсің.

* * *

Болады күйші деп күліп,
Жетпесін жатар жеткізіп.
Шаттанған сол бір күйімнің
Ішегін кімдер кетті үзіп?!
Шүкірміз әсте аманбыз.
Асуын бермес заман құз.
Өнерге құштар ауылым
Біз мәңгі саған адалмыз.

* * *

Ел керек бізге, ел керек,
Ер керек бізге, ер керек.
Жең түріп асыр салатын,
Жер керек бізге, жер керек.
...Ел керек!

Бауырым қайда, бауырым?!
Өтті ме, әлде, дәуірің?!
Жат пиғыл мынау неғып жүр,
Жанымның қасып жауырын?!

Көрмегім келді, көз жұмдым,
Көңілдің отын сездірдім.
Жаныма менің тұз құйған,
Жаманын мына мезгілдің.

КЕТУІМ СОЛ АЗАП БІР

Төбе бар-ды көп ойнаған бал күнде,
Сен де бізсіз қалдым де.
Көрші кемпір сонау жылы жылаған,
Сол төбеге бармайды деп жан мүлде.

Тарап кеткен тағы сынды айлақтан,
Қайран күнім ай баққан.
Маңдайыма шаңбақ салып есейтіп,
Қайда алып бара жатыр жайлап таң.

Саз төбеде жалғыз кемпір қосын-ды,
Қабағымнан шошынды.
Саз төбеден топырақ ап ұшықтап,
Жолға салды көңілі сәл бос ұлды.

Саз төбеден жалғыз кемпір қарап тұр,
Жалғызына балап тұр.
Туған жерге баруына барам-ау,
Кетуім сол азап бір.

* * *

Есалаң күз жапырағын күзеді,
Бұл бір дерт қой, бұрынғыдан із еді.
Орман іші
Құрақ көрпе секілді,
Қыс қырындап басып көрмек тізені.
Жалаңаш тал,

Сыптай болды дiрдектеп,
Төбесiнен құйын көшiп жүр көктеп.
Жапырақтар жаннан безiп ұшады,
Бiздiң жайды ендi кiмдер бiлмек деп.
Бүкiрейген кәрi ағаштың сұлбасы,
Оған қайғы бiр басы.
Бастарынан таяқ кетпес сорлының
Көктем келiп басталғанша жыл басы.
Өттi-кеттi
Жаз жұпары аңқыған,
Қаптап алды көк аспанды бар тұман.
Көк құрақтың жыртық-жыртық етегi
Күнi кеше самал желмен шалқыған.

* * *

Дарияның өткел бермес қарқыны,
Өтемiн деп өлiп бiттi бар тiрi.
Пенде байғұс
Не бiледi ұрыншақ,
Құлдың құлдан жоқ қой ешбiр артығы.
Тау мен тасқа ұрды сосын толқындар,
Қақ шекемiз қан-қан болып солқылдар.
Бар ақылын
Көздерiне жинаған,
Қайран пенде қашаннан да қорсындар.
Ағыс алып жағамыздан аунатты,
Таспен сыбап тағы сосын жау жатты.
Су iшiнде
Сұқ саусақпен түрткiлеп,
Құл мен құтан бiр-бiрiмен дауласты.
Өңкей құлдар
Дау-дамайдан қалмады.
Бiр-бiрiнiң қабыртқасын талдады.
Дарияның жетпедi ме төзiмi,
...Шеттерiнен жалмады.

* * *

Жауыр болды жаным аға, құлағым,
Ұланым!..Бұла мұң!..
Жо-жоқ ендi сұрағым.
Атса таңым, батса болды мына күн.
Қалды көке құр әлiм,
Қайда менiң, жанға дәру құраным!?.
Тау басында адастырды шынарым,
Жау қасымда қайда мойын бұрамын!?
Тек құлдықтан шыдадым.
Сарқыт бермек
Бас табақтан көсемдер,
Саясаттың тағып алған тұмарын.
Шаршадым ғой
Кiмге барып айтамын,
Тыңдай-тыңдай көкектердiң бұл әнiн.
Қайырмасы
Неткен ұзақ құрығыр,
..Жарты жолда құладым.
Өтiрiктен
Iшi кеуiп заман тұр,
Ештеңе де айтпай-ақ қой шырағым?!..
...Құлағым.
...Құладым.

* * *

Құлайсың қанатыңды самғай қағып.
Ерисiң әндей налып.
Көзiңнен үмiт гүлiн терiп отыр,
Мендей гәрiп.
Сен де бiр батар күннiң арайысың,
Жанымның сарайысың.
Бiз үшiн өткен күннiң қызыл шоғы,
Бiреудiң бал-айысың!

..Бал-күнісің!
Жүреkte қауырсының қалды құсым.
Кеш мені, барлығы үшін!?!..

* * *

Іңгәлап жылағаны еркелігі,
Қайтесің ер жеткізіп ерте мұны.
Бөбегім, бүлдіршінім күлімдеген,
Ойнашы күн батырып, түніңменен.
Бала қыл, құлынымды еркелесін
Есейіп болмады деп жер тебесің.

* * *

Сенің жерің – сенің атаң, анаңмен,
Өзгелерге бір жайылған дастарқан.
Білсін мұны, мырза жігіт, жас, – тарпаң!
Сенің жерің – қарашығы көзіңнің,
Өзге үшін – жаудың малы ол деген.
Ата-анаңды сатқанмен бір, қолменен.

* * *

Көктемің қайда көздегі,
Сұлуды өртер өз демі.

Өргеніп оттан киіндің,
Күйінген жанға үйір мұң.

Сүйеніш болар шамам жоқ
Аядым, қалқам, амал жоқ.

СӨНГЕН ШАМ

Балауыз шамды жақтың ба,
Жалыннан сырға тақтың ба?!
Тығылып жарық сәулеге,
Жат мында, жаным, жаттың ба!?
Шам солай жанып кетпекші,
Түбіне өзі жетпекші.
Азырақ жарық шашты да,
Содан соң бәрі еш кетті.
Сорғалап ағып біткен-ді,
Өзі де соны күткен-ді.
Бір сөнгесін жарығы,
Кім қайда, қашан тіктелді!?

* * *

Бозторғай не деп отыр боз құмдағы.
Даланың дамыл таппас өз мұндары.

Біледі кер даланың кемеңгері,
Үркінді, үлпілдеді, елеңдеді.

Қырғидай қылыш тұмсық тірлігіңіз,
Бірінен бірі катал кіл күніміз.

Барамыз қызыл шеке жағаласпен,
Қарайды қорқау қорым, қара бас дөң.

Қолыма түсерсің деп кеңкілдейді,
Таспа алып табаныңнан ел тілдейді.

Жалған-ай от пен судан жаратылған,
Бір суып, бір өргеніп барасың жан.

Түтіні бұрқыраған өкпе-назбын,
Өлең жыр кімге керек, текке жаздым!

* * *

Еліңді сүйдің әлің жоқ,
Сүйгенде жанда қадір жоқ.

Өртеніп-жанып таусылып,
Құларсың көрді қаусырып.

Сүйген де елің қашақтар,
Алыста жүріп бас сақтар.

Ақылсыз санап кемсінер,
Аяқтан салар жер шідер.

Бұлт үйіріп аспаның,
Табасы қанар басқаның.
Торығып жалғыз жүдерсің,
Алданып өмір сүрерсің.

Бәрібір тәтті өз елің,
Бар енді оған не дерің.

Сүйгеннен табар ажалын,
Сүрінген күні қазағым!

Сен жұттың жалған, әлайым,
Сүйген де ердің талайын.

* * *

Уақыт өлді көз алдымда қадірсіз,
Сезесіз бе ал осыны жаным сіз.

Есем кетті жас көңілдің өртіңде,
Үміт алдап тұрмай кетті сертіңде.

Шашылыпты рәсуа жылдарым,
Біліп жатыр өткен күннің кім мәнін.

Қарғап-сілеп қарға ұшты ғұмырын,
Бұлт боп көшіп бара жатыр ұлы мұң.

Құм шағылдан торғын сағым бұлдырап,
Өткіншісі әрбір жанның жүр жылап.

Боздай көшкен бота бұлттар жәудіреп,
Түсініксіз айтады сол әнді кеп.

Қайран уақыт желкенінді түресің,
Пенде байғұс жимай кетер бір есін.

Езгілейсің бәрі сенің қолыңда,
Қанша тағдыр қалды зая жолыңда.

Себездейді күн сәулесі, таң нұры,
Енді қанша адамзаттың бар күні!?

АНА МЕН ШЫДАМ

Қыз қадірін қызды болсаң білерсің,
Қызғыш құстай қорып сосын жүрерсің.
Қабағынан кірбің көрсең үндемей,
Жүрегінді жүз ит талап жүдерсің.
(Қыз қадірін қызды болсаң білерсің...)

Қызыл гүлім,
Қыр бағасын асырған,
Жан періштем, жан жарасын жасырған.
Қазағымның – қарлығашы ақ бауыр,
Не өтпей жүр сенің ғазиз басыңнан.
Кешіріңдер,
Барлық ана, барлық жар?!
Шаршадыңдар, шалдықтыңдар, талдыңдар.

Тірі тозақ көріп жүріп кейбірін,
Тастай батып, судай сіңіп қалдыңдар.
Қара қайғы,
Қара көзде сұр қайғы,
Сырғып тамып омыраудан тұрмайды.
Соны ойласаң өзек өрттен құрғайды.
Ұрпағыма сала көрме бұл жайды.
Жер бетінде бар еркектің төзімі
Бір ананың шыдамына тұрмайды.

ТУМАЛАС

Сағынып ұяласын бөбек күнім,
Көп сездім тумаластың керектігін.
Алтындай азбайтұғын қайран тума,
Сендермен жемістімін, желектімін.

Жандарын үзіп бермек жаным кілең,
Сеземін жауһар көңіл, лағыл кілең.
Құрғатпай Құдайымнан тілек тілеп,
Құшақтап сүйіп жүрмін бәріңді Мен.

ШАҚПАҚТЫ¹

Қанжар тас сойып түсер қылпылдаған,
Жүздері күміс сынды жылтылдаған.
Маңдай жоқ соғылмаған сонау тауға,
Табан жоқ тілінбеген мынау тасқа,
Еңкейіп
Есі кетіп қалыпты әне,
Айғыр топ жаңа ғана жырқылдаған.

¹ Шақпақты – Әулие, жер атауы.

* * *

Пышақтарын қайрап алған күншілдер,
Қайда, қалай жүргендігін білсін дер.
Алаламай алты алашты сүйейін,
Жаным Алла, жақсылықтың кілтін бер.
Жау үшін де
Көп қызмет жасап жүр,
...Құзғын тектес, Шіркіндер!

* * *

Ер көңілін жабырқатып, жасытқан,
Мынау өмір неткен ағыс, асыққан.
Ай шыңғырып
Түн ауғасын жылады,
Ақ төсінен басып таң.
Сұлу күннің көз алдамақ көрігі,
Өз Отаным, төр-Ұлы!
Сұлу көрсе сұқты көзін қадаған,
Сері шалдың жерде жатыр бөрігі.
Талдың белін жел қысады жеміріп,
Тал бұлқынды жерініп.
Уақыт деген – тоқал ешкі зар қылды,
Сол бір сәтке ерке талды кеміріп.

* * *

Жырым менің қорған болды Тәңірлік,
Жалын берді әмір ғып.
Өлген артық ұлы майдан күресте,
Ардың туын тәлім ғып.

Тұр қарғашым, жеңілмегін таң атты,
Мұңнан басың азат-ты.
Сыны кетіп қалама деп қорқамын,
Сынай-сынай қазақты!..

АҚ ТАЛ

Сүйеніш қылып көрейін,
Сағынышыммен келейін,
Жағада тұрған жалғыз тал,
Жалғызсың білем, не дейін?!

Мен сені ақ тал түсіндім,
Бұтаңа қонған құсыңмын.
Кеудемнің ашып сандығын,
Керелеп жырды ұшырғын.

Түсінгін мені ақ талым,
Сырымды мәңгі сақтағын.
Адалдық көріп өзіңнен
Саяңа келіп жатқаным.

БІЗ БОЛМАҚ БОП

Біз болмақ боп шығар ұрпақ ақ берен.
Салмасын деп жат көген.
Тілін тапсаң
Бар қызығын сыйлайтын:
Ару сынды бақ деген.
Алақанын жүрегіңнің тос күнім,
Саған айтар достығым.
Бақыт деген арыстанның жалында,
Ер жігіттің жаратпайды бостығын.
Еріккеннен
Мен өзім де жырладым,
Керек емес ешкімге де Қо-о-ош мұным.

* * *

Ертеңімді еліркедім елең ғып,
Тұнжырайды биіктік пен тереңдік.
Доп тағдырды
Домалатып тепкілеп,
Кеттік сосын соның бәрін өлең ғып.
Тамшылайды батар күннің сілесі,
Бірде кіріп, бірде шығып тұр есі.
Батар күннен,
Атар таңға көп сәлем,
Болашақтың амандығын тілеші.
Түн жамылды бірте-бірте жабы қыр,
Тек қыбырлап кеудесінде жаны жүр.
Өлмек жанның
Өз білері ішінде,
Оған енді айтты-айтпады бәрі бір.
Қырау қатқан қазан сынды қара түн,
Жұлдыздарды қайда алып барасың?..
Еңірейді ерке бұлақ
Тал құшып,
Жүрегімнің қан талау ғып жарасын.
Ай қарады ақымағым жат деді,
Әлдилейін әннен ләззат тат деді.
Бар мен жоқтың арасында
Жан создың,
Осы қалқам сен іздеген бақ деді.

* * *

Жебесін өлең сөздің таңнан алдым,
Ақ күнге адырнамды жалғап алдым.
Өлсем өрт,
Жансам жалын қайран өлең,
Мен сені тумай жатып таңдап алдым.
...Ту ұстап, тура сөйлеп ханға бардың.

САРҒАЛДАҚ

Сарғайдың білем сарғалдақ,
Сағынған жаннан ән қалмақ.
Сарғайған үміт үзілсе,
Саз болып қайта жалғанбақ.

Сарғалдақ қырдың белі дүр,
Сарғайған үміт елі жүр.
Сарсаң да кесек қу тағдыр,
Сананы жеген жегі дүр.

Сары да уыз күндерім,
Салтанат көріп жүргенім.
Сарғайып өскен гүлімді,
Сартап та қылды кім менің?

Сайлаулы уақыт беренім,
Сарбазсып саған келемін.
Сыбанған елге оқ болған
Сары да жебе мен едім.

Сарғалдақ қырдан жөнелді,
Сағынды байғұс не көрді?
Сегіз де өрім сабаумен,
Салт жүріп айттық өленді.

Сағана тамдар түнемел,
Сәйкі мен қайқы кілең ер.
Сүрлеуі даңғыл бөрі едім
Салтымды менің біледі ел.

Сарғалдақ өлді, сағым бар,
Сайраған тіл мен жағым бар.
Сорға бір салған тамырын,
Сораңнан ащы бағым бар.

СЕЗІМНІҢ САУЫСҚАНЫ

Күле біл жылап тұрып жеңілмегін,
Жеңілсе жермен-жеркесен тегінде кім.
Аттайды ақ-қараңа
Қарамастан,
Қажетсіз на айтпағың, не білгенің.

Кеміріп өзіңді-өзің тауыспағын,
Бақ ізде, батпан ойдан ауыс жаным.
Қайырды Хақтан тілеп
Тұр орныңнан,
Сезімнің қуа бермей сауысқанын.

БАБАҢНАН ҚАЛҒАН ЖОЛ КӨРСЕҢ

Барасың қайда жан құсым?
Сарықты кеудем бар күшін.
Өткенге енді өреуіл,
Өмірдің мәңгі алды шын.

Байлауда бермей қағындық,
Асаусып, тарпаң шабындық.
Ақыры орға құладық,
Содан да басқа нағылдық.

Көн шықпайды қалыптан,
Ер шықпайды халықтан.
Адаса көрме азамат –
Баяғы сүрлеу бағыттан.

Өзіңнен ізде сор көрсен.
Құрулы құрсау тор көрсен.
Басыңды бұрмай соған түс
Бабаңнан қалған жол көрсен.

ЕЛЕСІМДІ ТАСТАЙЫН..

Қалы бауға түр салдырған шеберім,
Саусағың бал, не дерім?!
Жүрегімде жүз құбыла жыр-дастан,
Жүзік қылып беремін.

Қара да жүр, мендік жырға үңіліп,
Кірпігіңе күн іліп.
Айдын көлден аққу мойын толғаса,
Сені іздермін жүгіріп .

Қалы басқұр, қалы кілем, қара нар,
Қандай біз де шама бар.
Көз жасынан жылға салған қолаттың,
Қоңыр үні бағалар.

Қайран шебер, қалы баудың сырласы,
Жолым үйде бір басы.
Екеу болсын елесімді тастайын,
Есіл жүрек жырлашы.

Қасың қандай жаңа туған ай сынды,
Құлын төбел, тай сынды.
Сұлу мүсін сұқты көзді байлады,
Басқа салмақ қай сынды.

Жез құманың еңкілдеді еріксіз,
Жез орамал беріп күз.
Ақ түбітке орап мөлдір сезімін,
Кеттік бірге еріп біз.

Қандай ғажап, мына сұлу тазалық,
Тал бойымды наз алып,
Маңдайынан таң мен талас көп сүйдім,
Қара түнді қаза ғып.

* * *

Әкенің көзі балада,
Белінен шыққан шарана.
Айдыннан ұшқан атақаз
Жеткізбек ұлын қараға.

Табаны тастан тілінер,
Талауға түсіп ілінер.
Әке бір деген асқар тау
Құлаған күні білінер.

* * *

Ындын ызғын, ызылдай ма, толмай ма,
Қанағатсыз өмір деген құрық бір.
Тау болған соң қанағатшыл болмай ма,
Төбе көрсе, төбесінен ұрып тұр.

Күшті болса қолын берсін аспанға,
Етектегі төбешікте несі бар?!
Неде болса көз шығарып, бас жарма,
Тау едің ғой, есі бар.

Сорлы төбе көрінгеннің ермегі,
Жарық-жарық маңдайы.
Ей, Тау-Ата, қорлай берме, Сен мені,
Төбелердің жан төзгісіз хал-жайы.

НЕГЕ ЖЫЛАП БАРА ЖАТЫР?!..

Атажұртым мұнар көрдім көзіңнен,
Жат боп бара жатыр менің өз іргем.
Ей, Атажұрт!..
Маған боздап
Мұң шақты,
Жүрегіңнің дәл тұсынан боз інген.
Кімге қарап,
Ертеңіне ел сенбек?!
Жау семірді құйрықтары керсендеп.
Ақша бұлттар
Әжем болып
Қол бұлғап,
Неге жылап бара жатыр кемсендеп?!

ҚАБЫРҒАМДЫ ҚАУСАТТЫ

Көрсең ая өз ұлтынан шет ұлды,
Шетте өссең қайғы жейді етіңді.
Елің болса тақ қадірлі төрінде,
Халықсыз хан, табытсыз тән секілді.

Хан болсаң да халықпенен хансыңыз,
Елмен қымбат нарқыңыз!
Ұлдың мәні – ұлттың қамы, жер қамы,
Ойланбаңыз, Туған елге тартыңыз?!

Аз халықты бөлшектеді, жау тапты,
Тілді тігіп, кесті қол мен саусақты.
Жалғыз-жалғыз жау күлімдеп құшақтап,
Қабырғамды қаусатты.

* * *

Аға көрдім кеттім оған сүйіне,
Көп дұшпаны үнсіз қалды түйіле.
Ақылдасу – бәрін айту емес ол,
Білмесіңді біліп қайту үйіңе.

Білген айтсын білмегендер тындасын,
Халық-мұхит, неге жетер бір басың.
Ашылады ақиқаттың парағы,
Тап келгенде шынға-шын мен, сынға-сын!

АДАСУ

«Көшпендісің» – деп үйретті,
Негізінен қой баққан.
Халық емес едің дейді ой баққан.
Сосын оны
Өзімізге айттырып,
Жалған тарих тереңіне бойлатқан.

Қалаларды:
Жер жұтыпты шетінен.
Тіл қатпайды ет кессең де етінен.
Біз қалайша
Осы күйге тап болдық,
Түртті қырсық, не түлен!?

Бір тұман бар санамызды қаптаған,
Жау аяусыз таптаған.
«Сен атасы мәдениеттің білсең» – деп,
Бұлттар көшіп бара жатыр қақсаған.

Қалғып кеттік жол үстінде адасып,
Қаңғып кеттік таң асып.
«Осы халық кетпесін» – деп – оянып»,
Сыртымыздан дұшпан отыр бал ашып.

БАУЫРЫМЕН ОЙЛАЙДЫ

Көкаттыға құшақ ашып тойлайды,
Қонақ үшін қой жайды.
Қазақ өлсе бауырынан өледі,
Себебі Ол: Бауырымен ойлайды.
Қазақ көрсең дос қылып ал қол берде,
Тілегінді тастамайды ол жерге.
Қонақ болып қазақ барса бір үйге,
Үй иесін қонақ қылар сол жерде.
Қарамайды жанның қара, ағына.
Қонақ күтер таңнан кешке сағына.
Қазақ өлсе жолға қарап өледі,
Келмеді деп қонақ болып тағыда.
Мал семірсе қонақ келер деп күлді,
Өз жүрегін бірге турап ет қылды.
Мың қонағын азырқанып төрдегі,
Пәленшекең қалып қойды деп тұрды.

АЛҒЫС ХАТ

(Ойламаған жерден ауырдым... Сол күндері рухыма тірек болып, жүрегіме жігер беріп, тәніме шипа іздеген азаматтарға ризашылығымды білдіремін! Осы өлең: айтқан алғысым, естелігім болсын! Өздеріңізге деген аса құрметпен, туыстық ізгі тілекпен – Сабыр Адай. 15.01.2016 жыл)

Мен айықтым,
Жазылдым да, аттадым.
Жаным Алла бұл жолы да сақтадың.
Өлең болды сол күндердің ермегі,
Өткендердің өсиетін жаттадым.

Сабыр қылдым, шыдамменен таң атты,
Жез қоңырау сыңғыратып сағатты.

Бар Пайғамбар, Әулие – Пір, Періштем,
Қыдыр дарып бойға қуат таратты.

Түс көремін тауда жүрем, шыңдарда.
(Құс боп қондым алтын алқап, қырманға.)
Бір ғаламат өмір барын сезінгем,
Жанға шипа жарық күндей жыр барда.

Жан бауырым, туыс-тума, отбасым,
Тақпай шапты тарлық пенен жоққа сын.
Ақ тілегін орап алып жетеді,
Мен деп кілең жүректері соққасын.

Жолдас-жора тілек тілеп, ерледі.
(Дұға қылды дертке мені бермеді)
Айтқызбай-ақ қысқа қолды ұзартып,
Тілегімен, жүрегімен емдеді.

Бұл тірлікте сүріну көп, сүргін көп,
Барлығыңа бақыт тілеп жүрмін көп.
Уақыт мені қолдан тартып тұрғызды,
Сендер болып бір күн кеп.

Жыр жазамын бүгін тағы жаңаша.
Таңмен бірге таласа.
Сол Алғысты айттым, міне, Сендерге,
Көкте Тәңір қандай сөзді қаласа.

* * *

Бір бозторғай сайрап отыр сахардан,
Баршамыздан бақытты.
Кеше байғұс ажалына қақалған,
Бүгін қайда асықты.

Боз қанатын күміс таңға таратып,
Өз бақытын толғады.

Болмағандай, көрмегендей қара түк,
Торғай-тірлік сол-дағы.

Ән бесіктен жан маужырап тыныстар,
Сайран көңіл құбылды.
Сахарда бір сарқылмайтын ырыс бар,
Сүйдім мен де ұлымды.

Жырла торғай, таң-сахардың баяны,
Жыр жаттаған жұмақтан.
Сенің әнің гүлзар бақтан саялы,
Ес тандырып құлатқан.

* * *

Кім күтпейді
Атар таңнан жақсылық,
Қара көздің үсті күдік, асты үміт.
Ару отыр
Терезеге үңіліп,
Жанарына жас тұнып.

Кім күтпейді
Атқан таңнан бір ырыс,
Өмір деген мың құпия бұрылыс.
Бізді өмірге
Әкелген де бір Алла,
Тағдырыңа мөр басқан да ұлы күш.

Кім күтпейді
Таңнан үміт, мұратын,
Қолын жайсын Хақтан бақыт сұрасын.
Бір қайғының –
Бір шаттығы болар да,
Тиме, Аруға: Тәңіріне жыласын!..

ТАБЫТ КӨТЕРГЕНДЕР

Көше бойлап келе жатыр кіл мұңдық,
Өліге де, тіріге де бір құлдық.
Көз жасына орап алған шындығын,
Құл жүзінен бара жатыр жыр жылжып.

Жапырақтай селдіреген күздегі,
Солғын екен сорлы жұрттың жүздері.
Мен отырмын тасқа айналған жан сынды,
Жалғыз мола секілденіп түздегі.

Аспан қашып бара жатыр алыстап,
Неткен өмір бір сүреңсіз ағыс жат.
Толқындармен жағаласқан құрбандық,
Ағыспенен бара жатыр маңыстап.

Енді кімге қол беремін жағада,
Іні інде, жүрек қатты аға да.
Домбыраның қос ішегін бауырлап,
Жүрегімнің саусағы жүр сағада.

* * *

Шапағат Пайғамбардан үмбетіне.
(...Жалғады мырза Құдай бірді екіге)
Бесігін жырмен тербеп құлынымның
Қол жайдым құран жастап іргесіне.

Әндетті, әлем бір сәт, жырым қалып.
(Өскенбіз дәстүр сыйлап, ырым бағып)
Әулие-әнбиелер желеп-жебеп,
Ер жетсін, періште мен қыдыр дарып.

Жаратқан жалғыз Алла құлдарыңды,
Жайнатып, өсіре бер, гүл бағымды!
Ұл болсын – ұран салып ту көтерген,
Қыз болсын – әлпештейін сырғалым-ды!

* * *

Қамығып қараша ауыл бүріседі,
Қазақтың қайнар бұлақ ырысы еді.
Тырайды жетім күшік босағасын,
Бұл күйін көрмегенім дұрыс еді.

Шудасы желкілдеген нарлар қайда,
Қиялым енді менің самғар қайда.
Көңілдің жайлауында өлең қалды,
Бұл ауыл бұла жырға алданбай ма?!

Тербетіп жүрегіммен мекенімді,
Көсем ел көп көріп ем жетегінді.
Бейкүнә кірпігіңнен сорғалаған
Көз жасың толтырыпты етегінді.

* * *

Ақ орда таңдап жатқанбыз,
Ақ торғын жібек, ақ таңбыз.
Жымыып тұрып қарсы алған
Мінезі жұмсақ мақпал қыз.

Арулар қайда ақ жібек,
Ақ сағым күндер қалды көп.
Атқа мініп алпыс тұр,
Елу де өтті жанды жеп.

Қырықтан қашан өткелі,
Ол да бір ердің көктемі.
Шағала дәурен шарқ ұрып,
Біздерді тастап кеткені.
...Неткені?!

* * *

О, тірлік қандай ғажап көкте күнің,
Тереміз тірі күнде текке мінін.
Хан тағы
Алтын сарай құлазиды,
Ізі жоқ беглер менен бектерінің.

Бәрі де көрінгеннің жұмбақ сынды,
Күзгі бұлт өткіншісін жырлап тынды.
Таянып қос бүйірін жетім терек,
«Аһ» ұрып желге басын ырғап тұрды.

Желтоқсан жең түреді келемін деп,
Жазасын жан біткеннің беремін деп.
Мен тұрмын қолды жайып Тәңіріме,
Қараған көк аспанға ел едім – деп.

ШҮКІРЛІК ҚЫЛСАҢ НЕҢ КЕТТИ

Шашынан жұлып боз құмның,
Тойлап жүр, міне, тозғын күн.

Тамырын турап теректің,
Желкесін үзді желектің.

Түліктің басын даң қылды,
Түндікті түріп шаң қылды.

Ит қыңсылап тығылды,
Иесі аунап жығылды.

Келеден қашты кәрі үлек,
Құрбандық жаннан бәрі деп.

Зэнталақ әңгі ақырды,
Зэрезап әтеш шақырды.

Көк серке қашты бақылдап,
Көк дауыл қуды тақымдап.

Қой бастаған сорлының,
Біз көрдік сондай қорлығын

Ошақтың күлі көкте жүр,
Тарқамай көкте өкпе жүр.

Қамшылап жатыр желменен,
Жазықты болдың сен неден?

Есепсіз сөйлеп қам қылдың,
Етегін түріп бар күннің.

Құйынды дауыл құтырды,
Төбеден ұрып тұқырды.

Шүкірлік қылсаң нең кетті?
Жыртылып жаға, жең кетті.

Шалдарым беріп батасын,
Садақа шалып жататын.

«Аллажан» – десең алғыс бар!
Қанағат кетсе қарғыс бар.

Ниетің таныс Аллаға,
Өзінді-өзің алдама.

* * *

Жан еді жарық күндей бір,
Арнадым әппақ тілдей жыр.
Ескі де қоныс, ел қайда,
Не дерін көңіл білмей жүр.

Адасып қалдым өр елден,
Жерім бір болды бөгелген.
Саңғытып аттап басымнан,
Сауысқан күлді төбемнен.

АЛДАНЫП ӨЛГЕН КӨП АРТЫҚ

Алданыш жатыр алда мың,
Аямай салар қармағын.
Тілекші шығар кім білген,
Жау көріп жүрген жандарың.

Мәніне бардың сен ненің,
Жоқ дейсің жаным елде кім.
Жүрегін ашып көрдің бе,
Дос санап жүрген пенденің?

Адалдық сұра Құдайдан,
Көңілім міне – жыр айнам.
Бақытты болған жері жоқ
Біреуді сүйіп құлай жан.

Келеміз жанға жоқ артып,
Жанарға жас боп толар шық.
Дегенмен сенбей өткеннен,
Алданып өлген көп артық.

* * *

Көктей жұлып алып еді анау жыл,
Кім түкіріп тастап кеткен өрікті?!
Қандай жанның баласы сол қарау бір,
Көміпті ғой, көрікті.

Жылдар өтті, көрмеп едім, кезікті.
Өз қайғысын жамылды.
Тұрмыс турап, өмір Оны езіпті,
Кетпеші деп жалынды.

* * *

Жауың жоқ болса кедейсің,
Намысты қайда егейсің?!
Он сегіз мың ғаламда –
Жауы жоқ кім бар, не дейсің?!

Жауың жоқ болса құрыдың,
Өзіңе түсер құрығың.
Тарыдан көп-ті дұшпаны,
Таудан да биік ұлының.

Ақылға білім мол артып,
Артыңнан ерсін қол артық.
«Дұшпаным әділ болсын» – де,
Надан да дастан сол артық.

Сыныққа сылтау болмашы,
Ащы да болса қолдашы.
Досым көп дейсің мақтанып,
Жауым жоқ деме ондашы.

Өгізге өлім «өк» деген,
Өзімшіл қашан көктеген.
Жамағат пенен жолдас боп,
Сыйласқан жақсы көппенен.

Не дерсің біздей аңғалға,
Алдамай кеткен жан бар ма?
Қалыпты қоңыр бірліктен
Бақыт жоқ мынау жалғанда.

Жасырмас қайда жау ізін.
Байқап аш гүлдің қауызын.
Дос болсаң сәл-пәл әрі тұр,
Көп күйген менің ауызым.

Келеді жанның сенгісі.
Сенеді аңғал ер кісі.
Дос екенін білмеген
Шын достықтың белгісі.

* * *

Кеудеме қанша сыр құйдым,
Сағымдай көшіп жылжимын.
Торғайдан басқа жауы жоқ,
Ашыққан көкте қырғидың.

Түн өтті қанша жасытқан,
Атып та болмай ғашық таң.
Біз де бір торғай көктегі,
Заманым қырғи ашыққан.

Тұмсығы оның қанды зіл,
Суырып жанды алды бір.
Торғай да күннің төсінен
Қан-қан да болып қалды жыр.

ДОП ПЕН ДОПШЫ

Күштіге елім таланба,
Айдамай түсіп аранға.
Алпауыт пенен аз ұлттай –
Доп пенен допшы алаңда.

Доп байғұс кетер домалап,
Көргенде көзге обал-ақ.
Алпауыт айқай салдырар
Көп тобырды қоралап.

Мысал ғой енді жәй ғана,
Дегенмен ойлан, әй бала!..
Доп өледі тепкіден,
Допшыға мадақ қайда да.

* * *

Қарайды теңіз телмендеп,
Теперіш көрген елден көп.
Қашады толқын жақындап,
Жан ұлына сенген жоқ.

Үркітіп бәрін тастаған,
Тауларды бүктеп жастаған,
Қанағатсыз қалың жұрт,
Алудан ойы аспаған.

Тісінің ізі ақтаңдақ,
Тілгілеп жерді ақпар жат.
Сананың көзі байлаулы,
Кеткендей ауып бастан бақ.

Жарып бір тастап қарынын,
Заманның қара нарығын.
Жағадан толқын қашады,
Кім естір оның зар үнін.

МОЙЫНДАМА

Өргенейін жалыныңнан бер тегі,
Түс пе, әлде, ертегі?..
Қоңыр қобыз менің кеудем зарыққан,
Заман күйін бәлкім бірге шертеді.
...Табылғандай ер теңі.

Қайда кетіп бара жатсың тоқтамай,
Аянышың жоқ қалай.
Жүрек көрсе шокқа басқан маңдайын
Күн күмілжіп, өтуші еді тоқтап ай.
...Тентегім-ай, сотқар-ай!

Төрт құбыла, түгел бердім қағанды,
Тұрғыза кет, ағанды.
Тоқтама сен, қайырылма қарағым,
Біл осылай өз құның мен бағанды.
...Мойындама заманды.

Сұлу қайда, дәл сол жерде тұр бакыт,
Жанарыңды бұр ғашық.
Көркін кетіп көңіліңді мұң басса,
Жырымды оқы, көз жасыңды құрғатып.

* * *

«Елім» деп бәрі емпілдер,
Мақтанса түндік желпілдер.
Уәделі іске келгенде
Антынан безіп, сертін жер.

Көзбенен айға барған ер
Сөзбенен жұмақ салған ер.
Ауыл-үйге айқайшы
Бармысың ай-хой жалған ер.

* * *

Аймалап таңды шаттандым.
Күнненмін, жұлдыз жақтанмын.
Мамырлаған маусыммын,
Шырыны бал шілдемін,
Әтірлі жұпар бақтанмын.
Әйтеуір шалқар шақтанмын.
Ата ғой таңым ақ мүсін,
Құлпыртып жердің жат түсін.
Шарайна тірлік төрінде
Шалқитын менің нақ тұсым.

АЙ САЛЫП БЕРСІН СЫРҒАСЫН

Өзіңді сүйген жандардың жазығы қандай бар еді,
Төгілген жас пен зар еді.
Ол сені сүйді жанымен,
Жанында не мін бар еді.
Төгілген қайғы зар еді, қаңтарда жауған қар еді.
Қарғам да не мін бар еді!?
Ақынға ғана зар еді, айтпағы оның бар еді.
Тал бойы тұнған ар еді.
Сен мені сүйдің тұнжырап, жанарың менен жаныңмен,
Өзегің өрт, жалын дем.
Әлдилеп жүрдің әніңмен,
Сәулелі шуақ сәніңмен.
Жаныңмен сүйдің жалын дем,
Жайнаған гүлдей шағыңмен,
Сонан соң кеттің көп жылап,
Көрінбей мәңгі сағыммен.
Жаныңды өртеп күйдірген, ортайған болар жалын дем,
Біргемін ару бәріңмен.
Аспаным куә, дастаным,
Өзіңдей сүйді басқа кім!?
Аспаным куә, дастаным,
Жырымды қанша жастадың,
Тамшылап сіңді тасқа мұң.
Көңілің көшті мұнар боп, өмірің өшті құмар боп,
Ернімнің табын сақтадың.
Аспаным куә, дастаным,
Өзіңдей сүйді басқа кім!?
Басқаның бәрін тастадым.
Ауысты бізден сан құшақ, бәрінде кетті бір жүрек,
Сегізде қырлы сырлы деп,
Сұлулар сүйер ұл-ды деп,
Сыр шерткен бізге мұңды көп.
Жыр жүрек қайтем мен сені, мерейі асқақ ерке еді,
Еркемнің сөзі зер тегі.
Зерліні сүйер ер тегі.
Еркелеп тағы келсе еді.

Қауызын ашқан гүлдей боп, ерінін үнсіз берсе еді.
Аттанған біздің құшақтан арулар өкпе қылмасын,
Тақпасын жыр мен сырға сын.
Сырласын көздің жасымен,
Содан соң үнсіз жырласын,
Кеудесін тіліп жыр жасын,
Керімсал көңіл тыңдасын,
Тыңдасын жүрек, жырласын, иелеп асқар шын басын,
Құз болып бойын ырғасын.
Ай салып берсін сырғасын,
Мен болып жаным сол бір сәт, күн келіп құшып тұрмасын.
Жырымды үнсіз тыңдасын!..
Самсаған ару көп жұлдыз – бәріңді сүйді бір басым.
Көңілдің бұлтын серпіген,
Өртеген бізді өртімен,
Найзағай тектес жыр жасын.

* * *

Өмірді жатыр күзеп күн.
Күзеулі күнді күзеткін.
Жыр болып ақты жылғасы
Мендегі шексіз ізеттің.

Мейірім менен игілік,
Шертермін сені күй қылып.
Өмір бер маған осылай
Ерніңнен өлең сүйдіріп.

* * *

Ай ару күледі алыстан,
Күн менен күміс табысқан.
Жұлдызды ноқат түнгі аспан,
Аумайды теңбіл барыстан.

Түн сұлу шашын тарап тұр,
Күнге бір бойын балап тұр.
Жеті бірдей қарақшы
Желкемнен төніп қарап тұр.

Сезімнің оттай әлегі,
Сергтескен жанға нәр еді.
Тау біткен мойын созып тұр
Күн менен айдан дәмелі.

ДӘУРЕН-АЙ

Қар басты кенет шаңдақты,
Қар жамылып тал жатты.
Таң ата тағы бұршақтап
Шайнады бағбан бармақты.

Кеудемді кетті сыз алып,
Қарайды шың мен құз арып.
Қан құсып өлген гүлдердің
Қауызы жатыр қызарып.

Астан да-кестен не бүлік?..
Қыз көктем қашты шегініп.
Кәрі қыс басын көтермек
Кәрі айғыр сынды тебініп.

Өлгісі келмей кәрі қыс,
Көрсетпек бізге тағы күш.
Дәурені өткен қасқаның
Бұл жолғы ісі жаңылыс.

Шыққысы келмей шыбын жан,
Көрсетті мінез қырыннан.
Шудасы аппақ қарт бура
Шыңғырып барып жығылған.

Жылымсып көзі жастанып,
Күн шықты көктем басталып.
Қарымен қосып бір қысты
Ауладан күреп тастадық.

СӘУЛЕЛІ ЖАНҒА БАСТЫ ҚОС

Жалғыздық деген жаман ба,
Көңілің күнсіз қараң ба,
Кірдіме солай көп шөңге
Маңдайың менен табанға?

Қарайсың үнсіз қарғашым,
Жалғызға енді бар ма сын.
Көктемнің жырын ұсындым
Көңілің бізге қалмасын.

Не дейсің маған мұнды жан.
(Өлеңім жалғыз – бір мұрам.)
Сәулелі жанға басты қос
Нәр алсын кеудең нұрлыдан.

* * *

Жанымның жарқын алауы,
Бақыттың өзге балауы,
Атасы нұрдан аруым
Көңілдің сенсің қалауы.

Жанымды қара, жанымды.
Сазыңды сенің сағынды.
Айнадай менің кеудеме
Ай сәулең келіп шағылды.

Бар болсын сендей гүл-бағым,
Жүзінді бізге бұр жаным.
Жаныңа келіп тұр міне,
Жолыңа болған құрбаның.

* * *

Қыран қайда сары балақ, мұз балақ,
Жігіт қайда деп шығатын Біз қазақ!

Бір құлазу қоғамыңды меңдетті,
Ел түбіне мансап пенен шен жетті.

Салпаң құлақ болып алдық қарашы,
Керегі жоқ ескісі мен жаңасы.

Таң атты ма күн батқанын тіледік,
Біз ұмыттық кеше, қайда, кім едік!?

* * *

Дала да бар, мына бізде қала бар,
Жан даламды жүрегіңе сала бар.
Ат кекілін кескен дұшпан көзінде,
Қара мысық балалар.

Өгіз өлмес, арба сынбас жол қайда,
Ұлы жолда бізді Тәңір қолдай ма!
Өз жағамнан қолым кетсе балақ бар,
Өзіңді-өзің жау көрмесең болмай ма?!

Өгіз өлмес, арба сынбас өр едік,
Өрлік өлді, адым сайын шөгеріп.
Неде болса бір жағаға шығып ап,
Жау мен жауша, дос пен досша көрелік.

* * *

Кенезесі кепкен жерден гүл шықты,
Дала сүйіп жалғыз гүлді тыншыпты.
Жалғыз тал гүл жаны қалмай ұрттады,
Таң сәріде тамып кеткен бір шықты.

Бойын созып көрді сосын жайқалып,
Күн күлімдеп, басын иді ай танып.
Іңір салып ажал келді жел болып,
Берген жанын гүл бойынан қайта алып.

Солай шығар сұлулықтың жазасы,
Бұған енді кімнің болмақ таласы.
Рәсуа оңды-солды сапырған,
Уақыт деген бес биенің сабасы.

Гүл ұмыт боп, жер қайыды жаңбырға,
Қырға жалғыз бардың ба?!
Өкпелеме жалғыз тал гүл – жан мұңым,
Өмір деген бұл әдіра қалғырға.

* * *

Өкшелесіп аға ғұмыр кәріге,
Таң асырып отыр, міне, сәріде.
Көкірегі алтын сандық шалдарым,
Сөз асылы дәрі ме!?

Бірін-бірі қимай отыр асылдар,
Кеудесінде күміс сыңғыр ғасыр бар.
Бойға сіңір, ойға сіңір сөздерін,
Бозбала мен жасың бар.

Аққан жұлдыз секілденіп тарады,
Қош айтысып қарады.
Қарттарыма көлеңке боп еріп жүр,
Өткіншінің өңеші мен араны.

* * *

Гүл болып жырым өсіп жүр,
Жұлдыз боп ағып, өшіп жүр.
Ботаның боздақ жүніндей,
Ақ ұлпа бұлттар көшіп жүр.
Ақ бесік-аспан құндақ-ты,
Күзетіп айды түн жатты.
Сағыныш толы құшақпен,
Самал боп келіп тіл қатты.
Балқыдым солай, ерідім,
Жіберген маған сені кім!?
Жанартау жыр боп жандым мен,
Кеудемді қысып керім үн.

* * *

Көктем келді бақ құрсап,
Іздесең болмас нақ бұл шақ.
Көбе бұзар жебедей,
Атылды көктен ақ бұршақ.

Шашуын қара шаттықтың,
Ақ бауырсағы ақ құттың.
Ауыл іші көп күлкі,
Жалынын қара жастықтың.

Бұршақтың өзі ереді,
Бұлттардың өзі тарады.
Жастардың жалын күлкісі,
Жаңғыртып көкті барады.

Еріксіз мен де жымыдым,
Құт құйып солай тұр Игім.
Қарлығаш ұя салғандай,
Киесі бөлек бұл үйдін.

* * *

Сардар қайың көл жағалай сап құрған,
Саясында кімдер анау жат тұрған!?
Жат қолында сардар кетсе сап құрған,
Онда енді арман – ада, бақ құрбан.

Кімдер анау төресінген, төстеген,
Жусан болып жұпар шашып өскен ем.
Енді, міне, жапырағым тапталмақ,
Жатқа біткен өкшеден.

Жоғалдым ба, өз бейнем бар, өмір ем?!
Қолды болдым қонысынан көрі кең.
Тамыр бойлап қанға өтсе жат пиғыл,
Жүрегіңнің қоныс тебер төрінен.
Сардар қайың
Саяңызда кімдер тұр,
Сен де өзі тең екенсің өлімен!..

* * *

Қайран көңіл қоштасарда босаған,
Шет елдік боп қол бұлғады қос ағам.
Оянғанмын өз Отаным, төрімнен
Бар бақытым, туған елім, босағам.
Жер бетінде
Бақыт барма дәл мұндай,
Отанға тарт, ойға қамшы салдырмай.
Жаным Алла
Отан берді, ел берді,
Жат өлкеде сүйегінді қалдырмай.

* * *

Көктем деген
Көгілдір таң, көп қызық.
Сеңдей тасып, қамалдарды өт бұзып.
Жақсылықтың жолын іздеп жағалас,
Содан өзге соқыр тиын жоқ қызық.

Бұр жарып тұр
Бала шыбық, бал шыбық.
Жарық күнге қол созады талпынып.
Қара қыстың құрсауынан құтылған,
Құлын бұлақ шапқылайды алқынып.

Қара тастың
Жылу бітіп бойына,
Қара орманның не түсіп тұр ойына.
Он сегіз мың ғалам жатыр боянып,
Тіршіліктің дайындалып тойына.

Мен отырмын
Жалбарынып Тәңірге.
Жалғыз Алла, жырым солай, әнімде.
Алла сүйіп ақ нұрынан жаратқан
Дүниенің сүйіп өттім бәрінде!

ЗАЯ ДҮР

Ел есімі уыз-атау, бал-атау,
Жетпейді оған жер жүзінде бар атау.
(Әрбір шыңым – бір-бір аңыз, дара тау)
Елге деген махаббатым, қарашы
Анау Отпан, мына тұрған Қаратау!

Жыламаған жетімі мен жесірі,
Сары самал – Абыл менен Есірі.
Қарашаңырақ, бейбіт аспан, бірлік пен –
Ер Адайдың бірге айтылсын есімі!

Отпан тауым бақ-береке бірлігім!
Адай Ата – ардың туы кіндігің!
Қарашаңырақ қазақ үшін жауапты,
Адай болсаң сен осыны біл күнім?!

Күн көзіне күміс сәуле тұр тұнып,
Азамат бол, асқар шыңға ұмтылып.
Көк Тәңірге құлшылығын жасасын,
Көкбөріден сабақ алсын ұл тұрып.

Әр Қазақты бесігінде тербеткін.
Ұран Оттан жылу алып ер жетсін.
Қалың қазақ – міне, біздің ақ құшақ,
Жүрген болсаң «ЕЛ» – деп шын!

«Оян, Қазақ!..» – өзіңді-өзін ая дүр,
Бір-біріңе құшағыңды жая жүр.
Ел санасы оянбаса, қалғыса,
Мырза Құдай не берсе де зая дүр.

* * *

Омпы түсіп ойран болған орныңнан
Шыға алмаған торыңнан,
Жұмбақ жанар сығалайды қорымнан.
Қандай жанның балапаны екенсің,
Бақ-берекең аздау болған сорыңнан.
Жоқ кешіргін,
Сен бақытты шығарсың.
Солай дейді қоңыр төбе, сыңар шың.
Қорым деген қонысың ғой мәңгілік,
Ал, жыласаң «тірімін» – деп жыларсың.

КӨШТІҢ СӘНІ

Неге айтпадың
Мұны маған ұлы шың?!
Қызық екен үнсіз мына тұрысың.
Қара түнде қалғып кетпеу үшін де
Көштің сәні ит екен ғой құрысын.

Үріп-үріп
Оятып жүр барлығын.
Тағы көш бар, енді ізімнен қал күнім.
Ит байғұстың жоқ екен ғой қадірі,
Еңбегіне не береміз ал мұның?!

Әуілдейді әудем жерден күңкілдеп,
Ырылдайды тілін шайнап, ұртын жеп.
Ит байғұсты жаратқан ғой сол үшін,
Көшкен елге көмек беріп тұрсын деп.

«Өз итім» – деп кетті мені талаған» –
Байтұрсынның Ахметі жан ағам.
Көшіп бара жатқаныңның белгісі,
Үрген итке тап болсаңыз даладан.

Қайта көшпек болашаққа бұл халық,
Қозғалды сең, жау қызғанып тұр налып.
Жолға шықты әдеп-ғұрып, салт-дәстүр,
Үреді иттер қоймау үшін құр қалып.

Азан-қазан үріп көріп тарқасын,
Шаң қаптасын, ыза керген аңқасын.
Сен асықпа болашақтың керуені,
Хақ қолдаса көкке қарай тартасың!

Қазақ көшті қалы кілем қара нар,
Мақсат айқын, намыс түгел, адал ар.
Өз итіңнің үргені де сүйкімді,
Сыр алдырсаң, сырттағы жау табалар.

Адал болғын қайран алаш антыңа,
Бүтін болсаң қолыңды соз жартыға.
Көштің басын түзе енді тіке тарт,
Иман-әдеп, дәстүрменен салтыңа!

Обыр-жебір,
Сатқындар да жөнелер.
Жөргегінен адал ұлдар көгерер.
Иесіне қайтар сосын бәрі де
Итке тұрақ болып жүрген төбелер.

Неге айтпадың
Мұны маған ұлы шың!?
Қызық екен үнсіз мына тұрысың.
Қара түнде қалғып кетпеу үшін де,
Көштің сәні ит екен ғой құрысын.

* * *

Бабыр керуен,
Баба керуен Тұраным.
Саған тостым жүрегімнің құлағын.
Сансыз бабтар сазын шертіп тұр міне,
Ақсақ Темір, Құл Ахмет қожаның.

Сахабалар сайран бақтың бұлбұлы,
Көп іздеген Көк Тәңірі нұрлыны.
Үш жүз алпыс әулиені тербеткен,
Біздің елдің жанарында тұр мұңы.

Сайғағына құзғын қонған сұңқылдап,
Өлген ерлер жатыр әне «Ұлтым»-дап.
Ғасыр өтіп бара жатыр тұсынан,
Еркегі ез, ұрғашысы бұлтындап.

Жел азынап Асан қайғы ымдады,
Қобыз сазын Қорқыт келіп тындады.

Шын ақындар шырылдайды от кешіп,
Маңдайының ашылмаған бір бағы.

Махамбет тұр найзасына сүйеніп,
Қос ішекке қоңыр сазбен күй өріп.
Өз отыма жылынамын мен қашан,
Қазақ деген бір қараша үй едік.

Әбілқайыр, Абылаймен сырласты.
Көңіл гүлдеп, көкті жасыл жыр басты.
Ай мойынын жұлдызбенен моншақтап,
Аспан мен жер құшақтасып жымдасты.

Қанша тасқа қалай тимек маңдайым,
Қарақтыға аян менің хал-жайым.
Боз төбенің бота боздап астынан,
Тарих маған көрсетеді таңдайын.

ҚАНСОНАР ТІРЛІК

Бұрқырап міне жел тұрды,
Жер таянып ел тұрды.
Жұтып алды ақ кебін,
Қарғанған қара кемпірді.

Даланың түсі өзгерді,
Боларын солай сезгем-ді.
Безілдетіп зіл басты
Жүрек те деген безбенді.

Ажалдың күміс шынжыры,
Үзеді үзе жыр мұны.
Қансонар қара тірліктің –
Бұл да бір аппақ шындығы.

* * *

Немере сүйдім сүйіне,
Тербеліп Тәңір күйіне.
Үйіріменен үш тоғыз,
Олжа бір келді үйіме.

Көңілім көктен түспеді,
Өңім бе, әлде, түс пе еді.
Санаулы досым шаттанып,
Дұшпаным саусақ тістеді.

Інгалап жатыр жүрегім,
Төгілген сәуле, нұр едің.
Бас идім саған болашақ,
Мен сенсіз жаным кім едім.

ЖИЕНДЕРІМЕ

Айтарға қалай тіл жетсін,
Күміс бір қасты ілгексің.
Жарға ойнаған жиеннің
Тәтті екенін білмеппін.

Моншаққа толды өңірім,
Бетінен кетпес ерінім.
Ұл – мұрагер, қыз – өріс
Шөлімді басқан жерігім.

Әлдиін айтып келгенмін.
Әулие-Пірге сенгенмін.
Рулы ел боп ұл-қызым,
Бір Алла өзің дем бергін.

Жан Алла өзің жаратқан,
Ұрпақты сансыз таратқан.
Көркейте бер ел-жұртты –
Көзіңді алмай қазақтан.

АЛАШ

Қашанғы жас
Бола бермек алашым.
Қағанатшыл хақтың төрі қара шың.
Қой көзінің жасыменен сүртеді,
Қарсақ тістеп қалып қойған жарасын.

Алашымнан анау қалған даңғыл-ды,
Күзеткен қол, жібектен жол қалдырды.
Жеңіс туы жер түбінен мұндалап,
Желпіндірді сан ғасырды, бал қырды.

Көз қамасып ару дала жүзінен,
Қоштасқанмын көктемімен, күзімен.
Күлтегінді көрдің бе деп сұрады,
Алтай асып бір тал гүлді үзіп ем.

Жас Алашым – жан шырылым, шындығым.
Шындарыңда қалсын менің бір жырым.
Жүрегінің қанын сығып параққа
Тәңіріне жалбарынды құл бүгін.

НАРТАЙ¹

*«Әділдік қайда, ар қайда,
Жемтікпен бәрі жабылды.
Бұтты-шатты тарады,
Құзғынға қоқыс табылды»
Нартай Бекежанов*

Әділдік пен ар қайда?..
Ақын бабам оны іздеп жоқтағалы қанша жыл.
Іздеп жатыр: Мырза төбе, ханша қыр.
Бәрінен де
Шыдам бітіп

¹ Нартай Бекежанов.

Таусылды,
Кім естиді боздағанда нарша жыр.
Нартай ақын,
Ол да іздеп бұл шындықты таппапты,
Біздің де сол, бас қатты.
Анау ағам
Бір күн жаман атанды,
Шыдап-шыдап болып жүріп жақсы атты.
Сол шындықты іздеп шыққан
Біреулер,
Көз жасы мен тамшы қанын тастапты.
Қайран Нартай!..
Сіздің дәуір, сәл, аңғалдау кез еді.
Дегенменен жау жарағын безеді.
Біздің ғасыр:
Ақ-қараңа қарамай,
Зәр құстырған жыландай,
Желкенізден езеді.
Бір патшаны –
Бір патша кеп асқанын:
Күллі әлем көріп болып қалғыған.
«Соғыс, сойқан» – бір қайырма, жалғыз ән.
Нелер күтіп,
Кімдер күтіп тұр екен,
Болашақтың алдынан?!
Құзғындар ма?!..
Үрікпеген Нартайдан.
Талай ақын, үркітпек боп қартайған.
Біз де оның
Көріп жүрміз талайын,
Көк желкеңе мініп алып талтайған.
Нартай ақын –
Әнің қайда, жырыңмен!?
Жүрегіме әнің – шырын, жырың – дем.
Кейде, тіпті,
Кездер сондай болады:
Өлі жандар бақыттырақ, тіріңнен.
...Ән тыңдағым келіп отыр, бүгін Мен!

ЕНДІ, ӘРИНЕ, ҚАЗАҚПЫЗ!

Ақыл берді, сана берді Хақтан-нұр.
Ойсыз елді опасыздар таптап жүр.
Ұлт боп тұтас
Бірге ойлауды ұмытқан,
Әр қазақтың аяғында қақпан жүр.

Қазақсың ба!?. Енді, әрине, Қазақпыз!
Дұрыс!.. Дұрыс!.. Таудай ұлы талаппыз!
«Ұлт боп қалсақ» деген сөзге шеберміз,
Ұлт боп бірге арлануға салақпыз.
...Қазақпыз!
...Қазақпыз!
...Азатпыз!
Қазақсың ба!?. Енді, әрине, қазақпыз!

* * *

Сен осынша кір ме едің!?.
Қарға-құзғын қайдан келген білмедім.
Аққулардың ақ төсіне таласқан
Жер қауырсын, шаң аспан
Жаңа ғана ілдіріп тұр ілгегін.
Ыңырсыды
Ырыс алды арулар,
Ұйқы сұрап қара көзі қамасқан.
Жатыр төсеп, жаулар менен жанасқан,
Үндемейді тістеп алып тілдерін.
Адасқан!.. Адасқан!..
(...Ел болдық қой, не десенде жарасқан)

* * *

Ақыл сұра көпті көріп жүргеннен,
Жаман жақсы бола қоймас күлгенмен.
Балағыңда қанша иттің ізі бар,
Үрмегені жаманырақ үргеннен.

Бұрынғының нақылы ғой бұл дағы,
Бұлдай-бұлдай нақыл сөз де құрғады.
«Өлең-сөздің» – деуші ме еді – Патшасы»,
Патшаның да шығар шықпас тұр жаны.

* * *

Хан жылайды: «Еңбегім еш, сормын» – деп.
Қара жылар: «Қасқа болдым, қормын» – деп.
Шекарадан шетсіз дұшпан үнілмек:-
«Кәне, көрсет, қайсы менің орным» – деп.

Бесігіңнің қоңырауы сылдырлап,
Әр қазақты «емізіп жүр» бір-бір жат.
Көк аттының көрпесінің астынан,
Жесір көңіл, жетім қазақ шыңғырмақ.

* * *

Дауылпазын даңғыратып мақтанның,
Ештеңені естімей-ақ ақталдың.
Мен отырмын сая таппай ішінде,
Ұят қысып солып қалған бақтардың.

Бар, бара ғой,
Дабылыңды даңғырат.
Болсын дей бер ұлы көштің алды бақ.
Қалай көшпек ғасырлардан ғасырға,
Бір көпірде, мың қазаққа жалғыз ат?!..

* * *

Өмір сүрдім оның несі жаңалық.
Әрбір таңда, ескі сырқау, жаңа жүк.
Уақыт сорды рухымның дәрменін,
Таскенеше қадалып.
Қара бұзау – қара тұрмыс санамыз,
Мөңіреп жүр, екі көзі аларып.
Еміп жатыр,
Жүрегімнің түбінен,
Жан берісіп, жан алып.
Мына халық талай көрген сұмдықты.
Жыр мен туыс мұңдық-ты.
Өлең сенің бірақ енді не теңің,
...Жоқ, жазбаймын, жыр бітті!

* * *

Ел сіңгесін санаға,
Ер жолынан танама!?
Ұлыңыздың бойында,
Қазақ бар ма, жан аға!?
Осы сөзім ойын ба!?
Тұрмыз, міне, тойында.
Қалай саған ұл болмақ,
Ұлт болмаса бойында.
Ұл ұжданың, арың да,
Ұлт бойында барыңда!
Ұлт болмаса жаныңда,
Тек бір бас пен қарын да.

* * *

Шөлдедім саған сазды жыр,
Өрілген өлең наз ғұмыр.
Қамшыдан қысқа өрімі,
Тамшыдан мөлтек аз ғұмыр.

Арпалыс пенен аңдысып,
Қыңсылап өтер жан күшік.
Ындындар жатыр тойымсыз,
Ылдиға құлап қан құсып.

Балағын жыртып жабысып,
Мың бәле жатыр табысып.
Сүйеніп отыр балдаққа,
Иманның іші қабысып.

Тірліктің сәні кеткен бе,
Ойлайтын солай тек мен бе?
Артыңа бір сәт қарарсың,
Алдыңнан ажал жеткенде.

* * *

Көпті жұтқан бұл аңғар,
Шыңғырысқан құлан бар,
Шын тектіден ұлан бар,
Соның бәрін білетін,
Алып біткен жыр есін,
Таңдайында торғайдың,
Біз білмейтін бір ән бар.
Сорлы торғай сорлады,
Өледі енді ол дағы.
Елдің сырын сұраңдар.
Ердің құнын сұраңдар.
Қырдың есін шығарды,
Қызыл-жасыл ұрандар.
Таңдайында торғайдың,
Біз білмейтін бір ән бар.

* * *

Алтын-ды дәндей қырманьң,
Алғаусыз мөлдір сырларың.
Жетім де менен жесірді
Жебеп жүр сенің жырларың.

Жүктесең маған жыр жүкте,
Жыр күтер бізден бір күтсе.
Мұқандар¹ барда бұл Қазақ,
Панасыз болмас тірлікте!..

* * *

Тұңғыыққа кірпік қадап алқындым,
Жұлдызынан сәлем айтып әр түннің.
Мен басқаша тілек тілей алмаймын,
Көп сұрадым бақ-баянын халқымның.

Айды көрдім, есен көрдім еліммен,
Төрт құбылам, ұлан-байтақ жеріммен.
Сені сүйген жан ләззатын кім білер,
Айырмашы сезімім мен сенімнен.

Танды қара тамашасы нұрында,
Туған елсіз ғұмыр ма!?
Кесілген бас, төгілген қан тым қымбат,
Тұр ма туым тұғырда?!

Жаным менің ұлан-асыр мақтаныш,
Көрсетпедім жатқа күш.
Табан ет пен маңдай тердің өтеуі,
Кім болсаңда адал сөйлеп, ақтан іш.

Отаным ғой, қалың қазақ егізім,
Тай басады, тұлпар туған ер ізін.

¹ Мұқандар – М. Мақатаев.

Түп тамырым ұлы Тұран-Ақ Ордам,
Қалың Түркі қағанатшыл негізім.
Ордам менің алтын зерім, ақ тілек,
Өттік-кеттік, міне, біз де бақ тілеп.
Өз даласын сүйіп өскен сүрлеуде,
Итаяққа құл болмаған қасқыр ек.

* * *

Кім береді өткен күнді қайтадан,
Жөн болады байқаған.
Жөткірініп көксау бұлттар мұң шақты,
Күбі қарын шайқаған.

Ол есесін таңнан алмақ жаңбырлы,
Жан тамшысын қалдырды.
Тәңір шебер уысында тағдырын,
Жоқ кезіңнен бар қылды.

Бар күніңнің бағасын біл, құнға-құн,
Иман айтып, ұят меңзеп тұр мәнін.
Отанды сүй, ел дегенің бір жұмақ,
Тек сонымен баяндысың ұлдарым!

* * *

Бір жақсылық күтіп тұрмын
ақ таңнан,
Күдік қылып, сақтанғам.
Жапырағы
Жылда қайта көгерген,
Үміт деген аумайды екен ақ талдан.

Бір жақсылық,
Бір қуаныш кешкім кеп,

Арман қуып ақша бұлт боп көштім көп.
Қайран ақын
Аңқаусың-ау, аңқаусың,
Тілегінді кім Тәңірге жеткізбек?!
Жыр жазайын,
Жырым ғана жанашыр,
Мынау өмір мізбақпайтын қарасұр.
Етегінді
Түріп ала қашасың,
Саған айтсам аға сыр.

Тегін ақыл –
Теке сынды сасыған,
Селкеу сақал, мүйіз шыққан басынан.
Жүрегіңді жібереді
Айнытып,
Өтсең болды қасынан.

* * *

Көшіп жүрміз,
Есіп жүрміз самал боп,
Есіркеуге, есінеуге шамаң жоқ.
Қайдағыға
Қолын созып жүгірмек,
Енді, қайтсін, туылған соң адам боп.

Жүгіріп жүр,
Әр қиялға қонақтап,
Маңдай терін майдан кешіп сораптап.
Қайда барса
Қара түнек қаптаған,
Дүниеде бар ма өзі жол аппақ?!

Әне, анау,
Жүгірді де құлады,
Есі кетіп тұр әлі.

Ал, ананың,
Еңбегі еш, тұзы сор,
Жаңбырлатып бұлтпен бірге жылады.

* * *

Әлсіздерге атқан жоқ-ты таң әлі,
Құрбан болар әлсіздерің сан әлі.
Пілдің жолы –
Түссе үстінен илеудің,
Құмырсақаға көшу ғана қалады.

Қара байғұс
Хан мен жолдас болмайды,
Естігем жоқ ондайды.
Қой дос болып
Жарытпайды қасқырмен,
Қазаққа айтып керегі жоқ ол жайды.

Хан туласа қан шашылып тынады,
Қабыртқаңыз сынады.
Жер бетінде
Құмырсканың барлығын,
Білмейтін де болар, тіпті, піл әлі.

Билік барда болар оның бір зілі,
Ақиқатпен өлшенеді тіл құны.
Халық – шыдам!..
Шыдамда да шек болмақ,
Бір асқанға, бір тосқан бар шындығы.

ЖАРАСЫМ

Мұрагер жүрсе ізінде,
Тілегің қабыл болғаны.
Тіл қатпайсыз, Сіз мүлде
Тек Сізге аян, ол жағы!?

Амандық-саулық , ел тыныш,
Айтқанға оңай бәрі де.
Ағатай алғын кел тыныс,
Сол жарасар кәріге.

ЖАЛҒЫЗ ЖАМПОЗ

Ата қаздың қойқандауы көбейді,
Балапанға не дейді?!
Мама қаздың жақпай қойды жүрісі,
Өзін кімге теңейді?!

Ұясының кетті солай бірлігі,
Түлкі-қарсақ есепке алып жүр мұны.
Жем саларға шығып едім аулаға,
Жайрап жатыр бір күні.

Асқан састы, аңдыған жау келісті,
Ынтымақсыз ұя сәні теріс-ті.
Ата қаздың әулетінен бақ ұшты,
Тойлап жатыр түлкі-қарсақ жеңісті.

Өз бағыңды өзің қорлап тепсінбе?!
(Түлкі-қарсақ кетсін де)
Өз бағыңды қорлағаның тексіздік,
Бақыт құсы тұрақтамас тексізге!
(Баққа лайық жалғыз жампоз, тек, Сіз бе!?)

* * *

Алғау қоғам,
Ала-құла, сұр күнім.
(Қарақшының халық сүймек ұрлығын)
Ән тілесең әз жырымды саяла,
Сәуле іздесең нұрлымын.

Шық жамылған шың басында бір шынар,
Соның өзі жыр шығар.
Өлең-жырды қазақ тастап кетті деп,
Екі бетін жел-жеңешем шымшылар.

Поэзия – періштелі таныс бақ,
Өсіп едің қарыштап.
Парасаттың падишасы, сұлтаны –
Барасың ба қазағымнан алыстап?!

СЕКСЕУІЛ ТЕКТЕС ҰЛТ ЕДІК

Жақсының бойы-жан ізгі.
Жаныма нұрын тамызды.
Айбалта бірақ неғылсын,
Атадан қалған аңызды.

Қабыртқа тұсы ашылып,
Ақ құмдар қалды басылып.
Тамырдан шауып талқан ғып,
Сексеуіл жатыр шашылып.

Бел берді міне беріктім,
Күлі де шықты көріктің.
Боз қаңбақ боздап жөнелді,
Үстінен аттап өліктің.

Сексеуіл сертке құл еді,
Сертгесіп мың жыл тұр еді.

Тамырын шапқан ай балта,
Өзінен туған ұл еді.

Сексеуіл өлді селдіреп,
Өлгенім дұрыс енді деп.
Өзімнен шыққан мәңгүрттер,
Балтасын қайрап келді деп.

Қайдағы ойға берілдім,
Белімді жазбай егілдім.
Ауылға шауып қу надан,
Атаңа нәлет не білдің!?!..

Надандар қаузап іргеден,
Болмадық жолдас кімменен.
Сексеуіл отқа құлады,
Жанарын алмай бір менен.

Наданның көрдік қорлығын,
Қазады бұған орды кім?!
Сексеуіл тектес ұлт едік,
Балташыл болды ол бүгін.

Жақсының бойы-жан ізгі.
Жаныма нұрын тамызды.
Айбалта бірақ неғылсын,
Атаңнан қалған аңызды.

ЖАУДЫҢ МАЛЫ СЕКІЛДІ

Қар жамылып қайысады күркешік,
Шатырлары қырық құрау, мың тесік.
Бай баласы
Балпаң-балпаң күледі,
Қарды анау келе жатқан кім кешіп.

Сирағынан аяз жалап шыттанған,
Тайқы мандай бір татпаған құттан дәм.
...Маскүнем боп кетті – дейді, көрген жұрт,
Осы бала заманды ерте ұққаннан.

Құрбандығы әділетсіз майданның,
Көкірекке көріп тұрып қайғы алдым.
Шыныменен біз «жетіскен» екенбіз,
Жеткен жері осы болса байламның.

Қарға күлді,
Қара суық есірді,
Намазшам мен күтіп алдым бесінді.
Төрт құбыла түгел обыр, жебірмен,
Қазақстан –жаудың малы секілді.

* * *

Мамығын бұрқыратып мама қаздың,
Бұл жырды қалам қандап жаңа жаздым.
О, дәурен айтарыңды бізге айтқын,
Сағымы сайран көңіл ала жаздың.

Желбіреп жер түбінен ебелектім,
Еркемді аптап соқты, төбелеп күн.
Бақшасын баһар жырдың іздеп өткен,
Мен де бір қоңыр қанат көбелекпін.

Ер жеттік, етек жиып сырыңменен.
Салт-дәстүр, дінім таза, ырымменен.
Бұл күнде етек басты елім мынау,
Шаруасы бола қоймас жырыңменен.

КӨБЕЛЕКТЕР ШАМ ТҮБІНЕН ТАРАЙДЫ

Ал, айтпадым көргенімді жарайды.
Нұсқамадым алтын күмбез сарайды.
Түн көзінен
Ірің аққан көшеде,
Көбелектер шам түбінен тарайды.

Етегінде елдің ары былғанған,
Бикеш-тағдыр билігі жоқ шырғалдаң.
Қолтығында тұмсықтының тулайды,
Жем іздеген торғайдай боп қырманнан.

Көбелек-күз,
Ебелек-қыз намысым.
Жаратылған жан періштем жар үшін.
Құрсағыңды құрт жеп жатыр көрдің бе,
Қайда әлгі, «Самұрық пен Барысым!?!»

Қазақстан етегіне ие бол,
Құрсағыңа кірін жақпақ, күйе қол.
Адал бақан ақ төріннен құламақ,
Жүгір-жүгір, жұмыл-жұмыл сүйе бол!

Ағалаған, жағалаған елігім,
Күннен көрік, гүлден жерік ерінің.
Өз төрінде жауға төсек болдың ба,
Келімсектің керімін!..
...Елігім, елігім!
Елің менен қоса шайнап тастапты,
Қансырап тұр ерінің.

ҰЛЫҢДЫ КӨРСЕТ

Отырар¹ ойдың қазығы,
Жемсеген желдің азығы.
Неден де болды қасқаның,
Жайраған сүйек жазымы.

Бабтардың бабы Арыстан,
Түркістан түпсіз ғарыштан.
Пердесін түріп тылсымның,
Періште менен жарысқан.

Дін араз, міне, ұлты дау,
Рухың лас, құлқы жау.
Тарихтан алған тағылым,
Ұлыңды көрсет, Жұртым-ау!?!..

* * *

Өлеңім үлбіреген гүлім сынды,
Ғайыптан келіп жеткен бір үн сынды.
Көңілім көпке жайған алтын базар,
Кешегі керуен сарай Үрім² сынды.

Жалғаған жаңа күнді ескіменен,
Талмау қыр, таранған күн, кешті көрем.
Жанымның жайлауында қалың қазақ,
Келемін күйме тартып бесті менен.

Ақ тілек, ақ арманның бәрі міне,
Елімнің көп бөлендім тәліміне.
Батаңды берші қазақ: «Құлыным!» – деп,
Бағанды жеткізейін Тәңіріме.

¹ Отырар – Ескі Отырар қаласы.

² Үрім – ежелгі керуен сарайы.

* * *

Қара дүрсін,
Қоңыр тірлік, көз торлады мұнары,
Есіл жігіт құлады.
Қауырсынын жастап жатыр табытқа,
Ата қаздың айдындағы сыңары.
Жоқтық деген
Керегеде кер жылан,
Мойын толған тұр әлі.
Қайран жеңгем қайғы шекті бұралды,
Жарық болсын жанын берген құл алды.
Хақтың құлы,
Аманатын тапсырды,
Әке орнына ер жеткізбек ұланды.
Шөгip кетті
Қайран жеңгем қаралы,
Әне, тағы, қорым жаққа барады.
Жетімдерге
Көз сала жүр дегендей,
Маған үнсіз мейіріммен қарады.
Қайран жеңгем,
Белiңді бу, бекемден,
Хақ қаласа су астынан жетер дем.
Кімдер қайда
Айырылмай жүр дейсіз,
Жар мен туыс, не теңнен.

* * *

Не бітірдік!?!..Ұят қысты, бет қызды.
Алдады ма тек бізді?!
Өз құйрығын көрмек болып бір тістеп,
Бала мысық таңды кешке жеткізді.

Көп елесті қуып келе жатырмыз,
Сарғайды, әне, тақыр күз.

Аппақ тірлік – аппақ қардай құбыла,
Қансонарға шақырды із.
Қансонарда бірді-біреу аңдымақ,
Мен де шықтым, жалғыз ат.
Бірін-бірі келеді аңдып дүние,
Арасында қалғып ап.

* * *

Көкектердің көмейінде сұмдық бар,
Бір-біріне сыбырлайды сыр ғып тал.
Безгек тілдің
Берен қылыш кескегі,
Бейкүнәні қылғытты ал.

Қалтыратып буындарын қарағай,
Құлап түсті жарамай.
Көкектерге ол да қызық айтарға,
Шулап кетті обалына қарамай.

Қарқылдады қарға құзғын жиналды,
Жинап қойды обал-сауап иманды.
Патшасы да тым «ақ көңіл» орманның,
Көкек айтса болды соған иланды.

* * *

Күннің іздеп бүр жарады жарығын.
Гүл толғайды – ар үнін.
Бүлкілдеген жүрегiнің дүрсiлi,
Дүниенің солқылдатты тамырын.

Бал бақшаның шырын дәмі таңдайда,
Кер жусан мен тал қайда?
Тағдырға мөр басылады бір рет,
Осы шығар жазылғаны мандайға.

Алыс барып маңырады қыр үркіп.
Түсінбедім сырын түк.
Дүмше мысық
Ін түбіне көз сатқан,
Неге маған еріп келіп тұр ұрсып.

Қазақстан тереземнен үңілді,
Үнсіздіктен түңілді.
Тышқан қашты,
Мысық қуды, мен күлдім,
Сол бір күлкі жеңілдетті жүгімді.

* * *

Жасап алдың шоқтан мұң.
Сұра, енді, оттан күн.
Өз оғыңа қанатыңды қақтадың,
Сойыл ұстап келе жатыр сотқар күн.

Ашып қара жүрегімді сенбессің,
Керегі жоқ енді ешкім.
Өмір жасап сезімдердің күлінен,
Және, оны ешкімге де бермеспін.

Өртенбесең, қайтер едің күймесең,
Өліп-өшіп сүймесең.
Салып алып бір бақыттың сұлбасын,
Көңіліңнің күймесімен сүйре, Сен!

* * *

Өлең іздер,
Өлең іздер өзгеше,
Бұл қазақтың ауруы бар сөз десе.
Өлең іздер
Жан біткеннен түңіліп,
Қу тірліктен қурап көңіл, төзбесе.

Өлең іздер,
Жыр жазайын, соларға,
Өлең өлсе, оның орны толар ма?!
Өмір деген
Жылатпайды кімдерді,
Жалғыз қалған жолаушыдай боранда.

Өлең іздер,
Өртін басып көрмекке,
Өлең өлсе, тірлік болмас жер-көкте.
Төрт құбыла
Түгел болмас ешқашан,
Мың күн тұрып, бір күн сынар шөлмек те.

Осы жырды,
Жастанып жат, тілекшің,
Жыр ішінде бүлкілдеген жүрекпін.
Тәңірімнен
Тілегінді тілейін,
Сен өзің де бақытыңды күзеткін?!

* * *

Өте арзан өргеу пенде нарқыңыз,
Оған куә анау бүкір қартыңыз.
Базар шығып болған болсаң саудалап,
Қорымдарға тартыңыз.

Бәсін айтар тірлігіңнің махшарда.
Тауып алар тығылсаңда Қашқарға.
Желмаясы жетер бір күн ажалдың,
Таң сәріде, ақшамда.

Атақоныс – ақ парактың бедері.
Ақ сөйлесін, десін жылап: «Ер» еді.
Дұға қылса шын пейілмен бір Қазақ,
Жалғыз сол ғой, керегі.

* * *

Ару елдің деп ем шашын өрген кім?..
Ауызыма құя салды өрден құм.
Тақуаға таяқ сілтеп күледі
Іңір салып, ібіліс пен төрден жын.

Жол-жөнекей құлап жатты нар талап,
Тына қалған, бұла жалған шар танап.
Мынау елдің обалы мен ырысын
Біреу алып бара жатыр арқалап.

Тәуелсіздік келіп еді қайда жүр!?
Жұлдыз біткен айға құл.
Хан-Атама айтып берем мен енді,
Мүмкін болар пайда бір!..

* * *

Дәл осылай талай ақын жырлаған,
Жырмен жырғап, мұңмен ырғап сырлаған.
Көк аттыға ермек болған ауыл тұр,
...Енді әрине, біздер жаман, кім жаман.

Тағы бізді тарпаң тарих жығып па!?
Ұлық қайда!? ...Қойшы!..Ол да ығып па?!
Жарғақ тон мен жауып қымтап кетіп ем,
Ауыл қалай?!...Қыстан аман шығып па?!

ҚАҚПА МЕНІҢ ҚОЛЫМДЫ

Жаңа өлең,
Ескі жоқтау ермегім,
Естігім кеп елеңдеймін ерден үн.
Жанартауын жайлап алдым өлеңнің,
Екіталай бермегім.

Жыр өртенсе,
Ізде мені сол маңнан.
(Өмір-базар арба сүйреп толған жан)
Қақпа менің өлең өрген қолымды,
Сәл былай тұр, олжамнан.

Базар батпақ
Жинатпайды ел есін,
Енді амал жоқ, келер күнге сенесің.
Бір бұрышта өңештер мен қарын тұр,
Ішіп алған атау менен кересін.

СОТТАЙМЫН

Мөлдіретіп жыр жазғанды қаладың,
Өмір анау, қара балшық нала-мұң.
Безілдейді қоңырауы қор күннің,
Бермесіне қолын салып сананың

Тартып алды бар құны мен құнарын,
Құлақ кесті құлға айналды Тұраным!
Сайқымазақ саясаттың құрбаны,
Тәй-тәй басып, бір Алла – деп құладым.

Көз жасыммен жүрегімді көп шайдым,
Қу күнімді қуырады оттай мұң.
Шемен-шермен шокқа басып кеудемді,
Өзімді-өзім соттаймын.

* * *

Тау жамылды қара бұлтты қалқалап,
Күй күмілжіп, болды сосын ән талақ.
Тар төсекке төсін басып жылады,
Жатқан ару шалқалап.

Ай жеңгесі төс түймесін ілгеді,
Бикешім-ай бұл да бақыт біл деді.
Тор ішінде екі торғай сүйісті,
Иелеп ап іргені .
(...Ғашықтардың білгені мен білмегі)

* * *

Алда мені, тағы аз күн алдағын,
Болса тағы алмағың!?
Үміт еткен қандай жақсы тірлікте,
Армандайық, кел ендеше, ал, жаным!
Мынау ғалам сенің тұтас арманың,
Шарықтағын, шарлағын.
Саған ортақ қара жер мен көк аспан,
Хақтан ізде бар мәнін.
Ақ жанымның азығы сол, Арманым!

* * *

Есенбісің ерке бұлақ сайдағы,
Құрақтардың қайда әні?
Құдайым-ау көрінбейді үкілі
Сыбызғылы, кер қамыстың айдары.

Есенбісің жалғыз ағаш жетімек,
Сені қимай кетіп ек.
Қабығыңнан бір қара бас құрт көрдім
Қабырғаңыз тұрған білем сетінеп.

* * *

Қай халықтың Құдай сүйсе қылығын,
Көп қылады білімін.
Кеудесіне шырақ жағып иманнан,
Тыныштығын күзетеді Ұлығым!

Ой кезеді орман сынды ұлдары,
Ашылады жыр бағы.
Мойынына бақыт келіп асылар,
Дүниенің құшақ жайып сырлары.

Аппақ уыз, аппақ арман адалым.
Иесі бол уақыт пенен жаңаның.
Өткеніне арқа сүйеп алға бас,
Білім – Хақтан, қарағым!

ҚАНЖАР ДАЙЫН ДҮШПАНҒА

Сұлап жатыр бір сұңқар,
Қарасына Сіз де келіп тұрсыз ба, ал?!
Өлім барын біледі екен бұларда,
Иман ада нұрсыздар.

Әңгіме еді ұзақ бір,
Жүрегімде тоқсан тоғыс сызат тұр.
Тірісінде бәрі бірге кесектеп,
Өлгеннен соң жылап тұр.

Аяр сөзбен шаңытты,
Көз жастарын көп көрсін деп ағытты,
Ел Тұлғаны тұрмастай ғып табытқа,
Үш жерінен таңыпты.

Құспын дейді ұшқанға,
Құзғындарға құрсау салар күш бар ма!?
Сөзбен атты!..Түкіргенім бар менің!
Қанжар дайын дұшпанға.

* * *

Аттанайын өлең менен құйып ән,
Жүрегінді бер елім.
Күміс сәуле дір-дір етіп ұйыған,
Тәңірімнің қарашы енді шеберін.
Жан сәулесін жүзік қылдым қолыңа,
Таңмен талас сұлу-ды.
Ғұмырымды арнап өттім жолыңа,
Алтын шатыр құрулы.
Алтын шатыр, өлең-өрнек күміс-ті,
Безенгенім, таққаным.
Суарылған ақ қаламым-қылышты,
Шарға салмай жатпады.
Қызыл тілдің бас кеспегі бар сынды,
Тіл кеспегі жоқ дейді.
Көрдік өмір заманың мен зарпыңды,
Табан асты шоқ дейді.
Жан қайтсада райлап,
Сөз қайтпайтын – оқ дейді.

* * *

Дидарымнан самал өпті еппенен,
Осы ерін, ыстық сезім жетпеген.
Көзін алмай қарап қалған әлемге
Мен де сіңіп кеткен ем.
Сорғалайды уыз арман, бал үміт.
Үміт нұрын кірпігіңе қал іліп.
Сәлден соң– ақ күн шығыстан таң атты
Оята алмай жалынып.
Әз жаныңды әсем гүл мен тал ұқсын,
Тегің сұлу, өзің ару халықсың.
Бұлақтардың бұрымынан сүйрелеп,
Қайда кетіп бара жатыр алып кім?!..
Жүзімді кеп
Сүйіп жатыр аппақ таң,
Жүрегімнің лүпілінен танып күн.

ІЗДЕР

Сұлусиды судан өзін тал қарап,
Сыңғыр-сыңғыр су күледі алдамақ.
Кәрі ағаштың кеңірдегі сорайып,
Күреңітті күнге біткен аңғалақ.
Селдірейді жапырақтар біртіндеп,
Жұлып алған кім күндеп?.. Өсіп еді үлпілдеп.
Анау жолы
Отап шықты бәрінде,
Сасық теке діңкілдеп.
Көк күледі күншіл неме шіркін деп.
Жел жеңешем жолаушыны жүр тілдеп.
Аспан көзін
Шел қаптапты қызарып,
Батар күннің бұғақтары іркілдеп.
Арпалыстық,
Арман қуып алдандық,
Енді соған отыр менің күлкім кеп.
Сайқал самал
Қолтығымнан түртеді,
«Тұр!.. Тұр!..» – деп.
Барсыңыз ба жалғаншыда сіз деді,
Көшкен бұлттар жоқпыз мәңгі біз деді.
Қарғыс атқан дүниенің көзінде
Жоқ пен бардың сайрап жатыр іздері.

ОЙНАП ЖҮР...

Көрмедім көңіл алдар бүтін жалған,
Жұтаған бақ сұрап жүр жұтылғаннан.
Көк аспан көзін соқыр, тілің мылқау,
Үндемей құтыласың құтырғаннан.

Тау біткен асқақтығын сатып жеген,
Біледі құл мойынның бәсін көген.

Босқа өткен қайран уақыт
Қалғып-мүлгіп,
Ойнап жүр біздің қазақ ғасырменен.

Жалқаудың мен де бірі желідегі,
Желігіп жел сөз айттық «Сері» деді.
Баласы ендігінің бізден де өткен
Оқуға жазған жырды ерінеді.

Одан соң кім туылмақ алашыңнан
Рухың құлап жатыр қара шыңнан.
Көк туды көкке қарай көтереді
Ақ үйлер ауызы май дарасынған.

* * *

Жан Алласын жаным тапсын, іздесін.
Жан жүрегім сізге сын.
Халық байлық – халал ерген ізінде,
Алып кетіп жатыр дейсің кім несін!?
Халық қалар сен кеткенде үзіліп,
Алды иман, ізі құт –
Болсын дейді тізіліп.
Тән шіриді бұзылып,
Жан мекенін тапқан-ды,
Шынтағынан шың сүйеп, қолтығынан құз іліп.
Елің сенің ертеңгі күн жоқтаушың,
Дүниені қуа берме қызынып.

КИІКТЕР

Қу таяқ қара сырық,
Қу тақым дала шіріп.
Өліпті ақ киіктер,
Күйе мен қара сіңіп.

Киесі кеткен-дағы,
Өлді ме тектен бәрі.
Айдамай аранға кеп,
Ажалы жеткен дағы.

Тылсымның сыры-дағы,
Бірі сән, бірі нәрі.
Ниетің ластанса,
Киігі қырылады.

Қан болдық қара талақ,
Кім қалды арашалап.
Сен де бір ақ киіксің,
Басыңнан тараса бақ.

БІЗДІҢ ҚҰСТАР

Мен ердім,
Құс атарым жақтырмады.
(Ақынды аңшыменен тап қылғаны)
Кесек боп маған тиіп жатыр әне,
Үркітіп қырғауылға лақтырғаны.

Аядым дегелегін, боденесін.
Құл мезгіл құсшы даттап не демесін.
Қонысын сайдан сайлап өңкей мерген,
Қосынның жайып қойған керегесін.

Көлден қаз
Көңілден саз жымға қашты,

Көл көзін көрмейін деп тырнап ашты.
Топ торғай тонын киіп,
Әлін жиып,
Тасалап тал біткенді зырлап асты.

Шөл дала,
Анау тұста айдыны бар.
Болармыз құс біткенге қай күні зар!?
Ұлт едім ұя басқан аққулар кеп,
Бұл күнде айдынға да қайғы құмар.

Бір-бірін тасалайды шіл мен шілік,
Болады қатер содан, кімнен күдік.
Не дейсің иесіз ел,
Киесіз көл,
Кеткесін тілден тінің, ділден ғұрып.

Есемнің есебі жоқ, құны қараң,
Өңкей жат құрып алған ұлы қаған.
Құстардың түймешедей жүрегі айтты,
Мергеннің қазанынан мұны маған.

Мені де сыйлаған боп бауырсыды,
Ұйқыда...Белгілі ғой ауыл сыры.
Мергендер кетті ертесі елдеріне,
Ал, маған, қалды құстың қауырсыны.

ҚОНАҚПЫЗ

Сұлу жыр іздеп шөлдедім,
Сыланып шықты өрге күн.
Көлеңке тектес көп үйік,
Отырған анау төрде кім!?!..
Төрдегім менің – өр дедім,
Өр жаным толған мөр менің,
Аңқасы кеуіп аңырап,

Су сұрап тұрған шөлде кім!?
Шөл менің – қансыз тамырым,
Алтыннан еді әдібім.
Жемсауға түскен жемітпін,
Табанға түскен тарымын.
Өр дедім – олай болмады,
Өлекшіндерді қолдады.
Дәмелі жұрттың – үміті,
Дәруіш көрсең жол дағы.
Қонақпыз мынау жалғанға,
Жалғанға көңіл қалған ба?!
Көп үйік көрдік дейміз бе
Махшарға ертең барғанда.
Үйік те сайын бір қарға
Жалықтық сосын жырдан да.
Өкпеміз біздің көп айтар
Өзіңмен өткен жылдарға.
Құдайдың бізде пақыры,
Ағайын ала, жат ұры.
Қонақ боп келіп отырып,
Қой болып кеттік ақыры.

* * *

Қарғам-ау неге жыладың
Әлемнен қымбат бір әнің.
Ағаның жаны – ақ жайлау
Жылама менің шырағым.

Бағалар жан жоқ басыңды,
Даттауға дайын асылды.
Тек өзім сүртіп берейін
Көрмесін өзге жасыңды.

Жаным бір сендік күзетте,
Шомылдым кәусар ізетке.
Тәңірдің өзі зәру-ді
Жылайда білер жүрекке.

ТАУ БОЛУ ДЕГЕН

Қабырғасын кескілеп қалжа қылған мың ғасыр,
Қыран шертер шыңға сыр.
Шырқыраған тау көрдім келеді көкке кеткісі,
Бұйдасын бермес бұл да сыр.
Әдіра қалғыр тірліктің тау көрген білем қорлығын,
Жылауын қара сорлының.
Жарықтық қайтсін көп тұрды жасыннан сайлап қанжарын,
Жан пида болмақ ол бүгін.
Тау болу деген оңай ма, етегің ел де, төбең бұлт.
Төзімді өтер көген қып.
Алатау – анау ақ самай, Қаратау – мынау қайғылы,
Көргенін жатыр өлең ғып.

* * *

Ауыл қайда ақ көңілі нұрланған,
Күлкісінен бау мен бақша бүр жарған.
Сен оны да жермен жексен қылдың ба
Әділетсіз сұм жалған.

Көген қайда қозыларым байланған,
Уыз еміп ұрты ақ пен майланған.
Тәуелсіздік алды дейді біреулер
Көрдіңіздер қай маңнан?!..

Бота қайда желідегі үлпілдек,
Күбі қайда шұбат толы күрпілдек.
Қазағымның көңіліндей далам-ау
Құлазиды біртіндеп.

Қайтем енді көп қатырып басты кеп,
Өксігіммен кеміремін тасты жеп.
Қурай жастап қу төбеде қалғимын
Сырласуға жақсы деп.

* * *

Шағыл кешіп бара жатыр сорлы күн,
Кімге айтады,
Кім байқады қорлығын.
Жылай-жылай жылға асып кетпекші
Ол бүгін.

Айдан қайғы,
Күннен қайғы жер талақ,
Қыдыр күтіп, қылмайды енді, ер талап.
Жаназасын шығарайық бір күннің
Шер жалап.

Ноқталы бас көнер-көнбес байлаулы,
Кімдер әділ шешіп жатыр қай дауды.
Бұлбұл көңіл бұрынғыдай қойыпты
Сайрауды.

Ақ шағылдың ақ самайы күмістен,
Әрең-әрең әлін жимақ тыныспен.
Кенезесі кеуіп өлді жолаушы
Шығып еді бір іспен.

ӨЛЕСІҢ ҒОЙ БАЛАПАНЫ ҚАСҚАНЫҢ

Жел ұлиды жер мен көктен түңіліп,
Жаңғырады ескі жұрттан ұлы жұт.
Бір қария көзін сұртті кемсеңдеп,
Үні шықпай құмығып.

Таралғысын тартып көріп ғұмырдың,
Маңдайыма қамшыменен бір ұрдым.
Жетім көңіл жесір бұлақ сыңсыған,
Желідегі құлынмын.

Жанарымнан жанның мұңын көрдің бе?
Керегі жоқ алтын тақ пен төр мүлде.
Тағы бір күн басын салды батысқа,
Шыныменен сөндің бе!?

Жапырақтар жармасады ағалап,
Ақ қайың тұр қос бұрымын тарап ап.
Қайран өмір тоз-тоз болған көп үміт,
Бірін-бірі қаралап.

Босағасын боз күндердің аттадық,
Қайталадық, қара өлеңді жаттадық.
Жүрек байғұс адал еді, ақ еді,
Алдық, міне, басқа ғып.

Ақ паракқа ноқат болып сызылдым,
Өшіреді өрт сезімнің ізін кім?!..
Уыз едім уылжыған бір кезде,
У-ға айналып бұзылдым.

У дарыған өлеңімнен татпағын,
Өлесің ғой балапаны қасқаның.
Тарлық етіп бара жатыр соңғы кез,
Қара жер мен аспаным.

Осы екен ғой,
Өмір атты сұр қамал,
Қанып ішпей,
Қаталадық нұрдан ал.
Жанып-күйіп сексеуілдің шоғындай,
Күлім қалды құрғап ал.

Желмен бірге бұрқыраған күл едік,
Күл ішінде күлген болып жүрелік.
Сайғақты сай, моласынан бағзының
Көр қарайды түнеріп.

* * *

Жасыл құрақ жамылып ап жағалы,
Өзен толқып ағады.
Өз бағыты сол баяғы арнасы,
Жақындасаң жанға моншақ тағады.

Сыңғыр-сыңғыр күлкісінде тәттілік,
Мөлдіреді көздеріне бақ тұнып.
Сақтап қалған сара жолдан айнымай,
Ағып жатыр талды тербеп, тасты үгіп.

Толқындардың еріндері үлпілдеп,
Сүйіп алар мұнда қайдан жүрсіз деп.
Өзендерге өз еркімді бере сап,
Құшағына қойып кетем үнсіз кеп.

ЖҮРЕКПЕН САНАСЫҢДАР

Аққумын шалғайдағы,
Шақырған ән майданы.
Ән деген – әлди өмір,
Әжемнің балқаймағы.
Жан-кәусар
Сазым менің,
Рас па сарғайғаны!?
Келеді
Керім күндер,
Кестелі сезім гүлдер,
Гүлімді мақтан қылдым,
Үкілеп аттандырдым,
Үнімді шалғайдағы.
Қауырсын қанатым бар,
Сыншысың,
Сыралғысың,
Сәуегей данасыңдар.

Сен мені
Естисің бе?
Сендейлер көп дейсің бе?
Қалғыған қара шыңдар.
Көкмойын көлден едім,
Орным бар төрде менің,
Әнімді таратыңдар.
Жан білмес жарасым бар.
Жан-ләззат аласыңдар.
Қаңқылдап қаз боп ұшып,
Қай жаққа барасыңдар.
Мен сүйдім
Әр қайсыңды,
Әдемі дарасыңдар.
Әлпештеп жыр өсірген,
Жүрек пен санасыңдар.
...Санасыңдар?!
Аралап өмір гүлін,
Құс болып келіп жүрмін.
Самал боп сайын қырда,
Ән шырқап беріп жүрмін.
Қалғыма қан жүрегім,
Ән сүйген балғын едім.
Шалқыған шарайнасы,
Шаракөз ән айнасы,
Айдыным қалды менің.
Айдыным мөлдіреген,
Аққуы селдіреген.
Аңқасы жыр деп кепкен,
Арманы бүрлеп көктен,
Кірпігін қамастырып,
Кіл ару талас қылып,
Пәк сүйіп
Періштедей,
Кетпеймін өрістемей,
Бәріңді қазақ қылып.
Ақ қанат өлеңдерім,

Параққа көгендедім.
Ән менің – ақ арманым,
Жыр менің – жан ардағым,
Күй менің – шежірем-ді,
Тал бойым сезім енді,
Жаныңмен сезін енді.
Сәулемін жарқыраған,
Сәулесін таң сұраған.
Ел сүйген ермін ерен,
Көк тумын желбіреген!
Байлап көр шамаң жетсе,
Сағасы сонау көкте,
Сарқылмас мен бір өлең!

* * *

Ұша ғой көкке, жаным ұш!
Көк аспан неткен сағыныш.
Не дейін саған жолаушы,
Ақын да сендей дәруіш.

Жанарын қара мұң басқан,
Жанымен кім бар сырласқан!?
Жалғыз-ақ оның сырласы,
Қара жер менен пірлі аспан.

Бұлттармен бірге жөнелдім,
Бумасын шешкен өлеңмін.
Көк аспан көздің құрты едің,
Көп жүріп жерде не көрдім?!

* * *

Қарайсың қалқам қалжырап,
Кім білер оны, ал, бірақ?
Көзіңнің жасы күйдірген,
Жанымда менің қалды дақ.

Күн болып жүзіп көктегі,
Көзден де ғайып шеттеді.
Құлазып қалды бұл ауыл,
Ерке қыз елден кеткелі.

Өртеніп жұлдыз тамған-ды,
Тағдырға аз күн алданды.
Кеткенге қолын бұлғайды,
Кім аяр үнсіз қалғанды?!

* * *

Тұншығып жүріп жырладың,
Тылсымын жырдың тыңдадым.
Бозторғай көңіл теріп жүр,
Шашылған күннің қырманын.

Қайтесің енді жан-жырым,
Жырыңның ашқын сандығын.
Қол созсын маған қанеки,
Өлең бір жетпей қалды кім?!..

* * *

Қартайды қалың ормандар,
Қалтырап дір-дір қарағай.
Сарғайып барып солғандар,
Жалғызын күткен анадай.

Еменнің белі бүгілген,
Қайыңға біткен сән қайда.
Кәрі дің қаусап үгілген,
Жел соқса құлап қалмай ма?!

Опасыз жалған күліп тұр,
Оңтайын тауып құлатпақ.
Көңілім көкке ұлып тұр,
Көп күнім алыс ұзақтап.

Жанымның бұлты жамырап,
Себездеп көзден шық тамды.
Ойласаң тірлік бәрі жат,
Кезегі менен жыққанды.

* * *

Қарағай, қайың, көк талым,
Саяна келіп тоқтадым.
Тірілей күйіп өргендік,
Тірліктің іздеп жоқ мәнін.

Тасым жоқ маңдай соқпаған,
«Досым» көп мылтық оқтаған.
Көз жұмып құзға қол создым,
Жерім жоқ жасып тоқтаған.

* * *

Дүркіреп көшті дүйім көп,
Тарқады той да түйін боп.
Қоңыр жел есті содан соң,
Қоштасқан үнсіз күйім боп.

Аз ғана сәтке алдандым,
Айығып шер мен жаннан мұң.

Сағыныш толы жұпардың,
Самалын жұтып қалғанмын.

Біз татар енді бал қайда,
Атізін ару салмай ма?!
Көңілге мөрлеп дидарын,
Қызғалдақ кетті шалғайға.

* * *

Бір менсіз өмір құнсыз ба?
(Мұң айтып нем бар мұңсызға.)
Қарайсың үнсіз қарағөз,
Қанжылап Сізде тұрсыз ба!?

Күн күліп көктен қарай ма?!
Сен де қал күліп жарай ма!?
Бір жүрмек жоғын білген соң,
Қоштасқан дұрыс алайда.

Көңілдің үнсіз тілі бар,
Өкпешіл, өртшіл міні бар.
Сағыныш деген дерттің де,
Ләззаты барын біліп ал.

* * *

Әлди де – әлди жан жырым,
Көтергін елдің бар жүгін.
Сенен де басқа тірі жоқ,
Өткеннен, сірә, қалды кім?!

Обал-ай жасап бардан жоқ,
Қанша жыр қауыз жарған жоқ.
Өлеңмен бір күн дос болып,
Өлген де жанда арман жоқ.

АСАЛЫ МЕН КӨКЕТАЙ¹

*Ерте көктемде қос гашықтың
моласының арасына қызғалдақтар
жол салып, гүл өседі екен. Бұл да га-
шықтарға деген Алланың мейір-ма-
хаббаты болар.*

Автор

Шығарып ерін күліп тұр,
Етегін заман түріп тұр.
Төбе де сайын бір төбет
Көшкенде елге үріп тұр.

Көшеді ғасыр күймелі,
Ағытып күй мен түймені.
Асылын жалмап жігіттің,
Ажал бір көрге сүйреді.

Қайранда ғапыл ерлердің,
Қайғысын зерлеп тергенмін.
Өлімге қиып өренді,
Өз қолымменен бергенмін.

Қайғысыз зарсыз үн бар ма?
(Ақпаған жұлдыз түн бар ма?)
Қазаққа біткен ұл-қыздың,
Қадірін білер күн бар ма?!..

Жұлдыздай ағып жөнелген,
Көкжұлын қанша көгеннен.
Кебіндеп келем мен соны
Кестелі-жібек өлеңмен.

¹ *Ескерту:* Бұл тарихи оқиғаның ел аузында әртүрлі нұсқасы бар. Біраз уақыт бұрын «Асалы мен Көкетай» атты дастанымды «Егемен Қазақстан» газеті мүмкіндік тауып жариялады. Аталмыш ұжымға алғыс айтамын.

Шыңғырып айттым шырылдап,
Дәуірде бөлек, жырым жат.
Қарақат көзден қан ұрттап,
Қарайды күнім қырындап.

Жер төсек болған көңіл дүр,
Жеткізбей қашқан өмір бұл.
Шұбалаң құйрық уақыттың,
Шаңы да бізді көміп жүр.

Сырғалы бұлақ сынғырап,
Күледі байғұс бір жылап.
Желбегей шапан жамылған,
Жер түбінде мың қырат.

Қыратта сайын қорым-ды,
Кес-кестеп бөгер жолыңды.
Асалы менен Көкетай,
Көресің кімнен сорыңды?!

Аяныш күткен Алладан,
Бакидың жолын таңдаған.
Кемер де белбеу – кер сокпақ,
Ғашықтан қанша қалмаған.

Ажалдан арқан тақтырды,
Айдынды сарқып қақ қылды.
Бәріне куә боз төбе,
Бұрымын серпіп лақтырды.

Айтқызсаң күшті адал-ақ,
Әлсіздің бәрі қара бак.
Ит жағалас қу жалған,
Біреуді біреу таламақ.

Жер тістеп өлген жаман-ақ,
Желкеңе түлен балалап.

Көрге бір түссең көзіңнен
Көр тышқан шұқыр табалап.

Табасы қанар көмгеннің,
Маңдайда шырақ сөнген күн.
Обалын кімдер көтерер,
Ғашықтық дерттен өлгеннің?!

Жел сыбырлар «асық» – деп,
«Не күтіп жүрсің жасық» – деп.
Ел сыбырлар Көкетай,
Жалшыға ойбай ғашық деп.

Жараның қасып жауырын,
Жау болар туған бауырың.
Қос ғашық жайлы сөз кезбек,
Адайдың екі ауылын.

Қыз байғұс сөзге шырмалды,
Құбылып өсек қырланды.
– Көкетай сонда тастай ма,
Атасқан анау бір жанды?..

– Атасқан, әлгі, жан қайда,
Адамын келіп алмай ма?!..
– Батасын аттап әкенің,
Қарғысқа бейбақ қалмай ма?..

Осылай халық шулап жүр,
Шуласып сөзге қунап жүр.
Арудың аршыл жүрегі,
Өрт ішінде тулап жүр.

Түздегің менен үйдегің,
Түсінсін мұндай күйге кім.
Өмірден биік қоя алмас,
Екінің бірі сүйгенін.

Сүйегін сүйреп сұлба ғып,
Бір күлді байғұс бір налып.
Сүйгенің сенің не керек,
Сүрінсең тебер бұл халық.

Өзінше тобыр толғайды.
Өшігіп айтар ол жайды.
Әлсізге, сірә, әу бастан,
Кешірім деген болмайды.

Желіккен жұртың жараулы,
Желкеңнен тістеп талаулы.
Қарадан ақты айырған,
Қайсың бар, қане, санаулы?!

Біріңді бірің торладың,
Түссе де мейлі орға кім.
Бұтаңа қонған торғайды,
Бұтарлап қанша қорладың.

Жағып жүр әркім жаласын,
Қандырып қарау табасын.
Қай жерде қашан қорғадың,
Азамат ердің баласын?!..

Ойқанып шапқан ойрансың,
Мұныңды қашан қойғансың?!
Елім де деген ерлердің,
Талайын өзің жойғансың.

Құл-құтан белін қынаған,
Құтырып жасты сынаған.
Сезімді қайтсін көп тобыр,
Жүректі қайтсін жылаған.

Өмір бір болмас тегіс-ті,
Батыр да құрбан, ер істі.

Асалы менен Көкетай,
Кетпекке шалғай келісті.

Жамылып түнді қос ғашық,
Жаңылып тұрды от басып.
Бірін де бірі аймалап,
Тамғандай болды шоққа шық.

Қайырлып көзін сыққан-ды,
Қайғыдан жүзі шықтанды.
Балғын да көңіл бақ тілеп,
Уәделі күні шыққан-ды.

Жеңгесі қыздың қылықты,
Бауырға басып жылытты.
«Есен жүр, енді, еркем»-деп,
Көзінің жасын сығыпты.

Боздады бота нар қалып,
Қара жел соқты қарғанып.
Жас торлап тұрды даланы,
Жанын бір үзіп зарланып.

Көк төбет үрмей саяқ тұр,
Сезеді... зауал таяп тұр.
Итте бір болса құрығыр,
Жастарды үнсіз аяп тұр.

Тағармын жасқа не мін деп,
Ғашықта ой жоқ шегінбек.
Кер бесті басын шұлғиды,
Амалым бар ма менің деп.

Өлімге жүзін қаратып,
Мініске тұлпар жаратып.
Аттанды, міне, қос ғашық,
Айдарын желге таратып.

«Сүйгенім жалғыз бек, сен» – деп,
Сүйеніш қылып кетсем» – деп.
Сауғалап басын жөнелді,
Сарыарқаға жетсем деп.

Шыңдарға шырқау жетпекші,
Қыңыр да басып, шет кетті.
Қай маңда жердің шеті бар,
Сол жерге сіңіп кетпекші.

Тозақтың сәті басталды,
Құзғындар жайлап аспанды.
Тілекті Құдай бермеді,
Тірсекті кесіп таспа алды.

Қарғалар күлді қарқылдап,
Бұл істің дейді артын бақ.
Қашқынның пірі қуғыншы,
Қылышы қырдан жарқылдап.

Білмессің арттан кім келді,
Әйтеуір қара зіл келді.
Құтылмасын қос мұңдық,
Құба бір таңнан білген-ді.

Аңдыған ауыл қырағы,
Дүркіреп дүрмек шығады.
Үстінде аттың қоштасып,
Қос ғашық үнсіз жылады.

Сезімде алау, жан майдан,
Қан шықты қара таңдайдан.
«Көкетай көкем кеш» – деді,
Асалы сүйіп маңдайдан.

Бозторғай ұшты боз құмнан,
Солқылдап жатқан сор құмнан.

Жанарын тіліп аққан жас,
Жастардың бетін жол қылған.

Топ етті міне тор келіп,
Сорғалап көктен сор келіп.
Көргенін айтып әлі жүр,
Бозторғай деген бор кемік.

Мұндықты кімдер қорғайды,
Мыш қылды екі торғайды.
«Асалы қалсын тимең» – деп,
Көкетай көкке қол жайды.

Қол жайған менен бола ма,
Қыл арқан түсті орама.
Таусылған жері дәмінің,
Тәңірім айдап сол ара.

Жаныңа аспан төр енді,
Жан созып көкте көр енді.
Тұяғын серпіп ақ киік,
Тұп-тура көкке жөнелді.

Қуғыншы шулап қызынған,
Қу тағдыр солай сызылған.
Сыңарын өзі таңдаған,
Аққудың төсі қызыл қан.

Қапыда ғашық ұсталды,
Қайырсыз мекен, тұс қалды.
Асалы жаққа бір қарап,
Көкетай көлден ұшқанды.

Өкіріп бұлттар өксінді,
Найзағай тулап тепсінді.
Ғаламның төсі жаңғырып,
Ғасыр сап маған естілді.

Көкетай өлді сүңгіден,
Желкеден жетіп үңгіген.
Асалы аттан құлады
Таптап та өтті бір күрең.

Бақ тайған күні табаннан,
Басыңды көргін араннан.
Сүйгенде жүрек қан құсты,
Араша таппай адамнан.

Осы да болды жазар дәм,
Сардарды қара сазарған.
Байдың да бағын байғұс кеп,
Қорғауға құмар озалдан.

Сағақтан сынып көмілді,
Өшірді тұяқ өр үнді.
Асалы тартқан домбыра,
Қырықта жерден бөлінді.

Сындырып сүйек санатқан,
Шоқпар да тиді талақтан.
Қауырсын қанат ән ұшты,
Қан жоса болған шанақтан.

Байдың да қызы жайнаған,
Бұрымын белге байлаған.
Асалы кедей ақ сіңір,
«Аһ» ұрып іші қайнаған.

Есіл де жігіт ер еді,
Санасы сандық, зер еді.
Жарлылық жанын кемірген,
Өзегі өксік, шер еді.

Тауысып тағдыр шарасын,
Қан жапты көздің қарасын.

Ажалмен жіктеп айырған,
Бай менен жарлы арасын.

Дидары күннің арайы,
Алтын-ды көңіл сарайы.
Ғашықтық дерті дауасыз –
Кебінсіз өлген талайы.

Не таптың сәйкі, сері боп,
Талабың қайтты кері боп.
Ғашықта болған жандардың,
Армансыз өлген жері жоқ.

Өлген соң әруақ – құс аппақ,
Қайтеміз енді ұсақтап.
Асалы менен Көкетай,
Қойтасты жатыр құшақтап.

Осылай дейді зарлы құм,
Көзіне іркіп бар мұңын.
Кінәлі болса қос жүрек,
Хақ білер оның барлығын.

Жанына ғашық гүл еккен,
Жан салып оны күзеткен.
Өлімнің өзі қорқады –
Сүйе де білген жүректен.

Кемерден асып толасың,
Кемсініп сосын соласың.
Қызғалдақ өсіп жалғап тұр,
Екі де ғашық моласын.

Айтады самал налып жыр,
Өмірге көңіл қалып жүр.
Жұбын да жазбай бозторғай,
Жұбатып әнге салып жүр.

Көңілің жүрсе шын налып,
Қайталық қырға бір барып.
Қос ғашық жайлы бозторғай,
Жыр айтсын үнсіз тыңдалық.

Ғашық та жаннан ту қалған,
Түбінде тудың у қалған.
Әділ де болған жерің жоқ,
Қасқа да болған қу жалған.

Көз жасын сансыз қылғыттың,
Жығылсаң басар жылжып түн.
Жүрегін таптап келесің –
Әділдік пенен шындықтың.

Сағы да сынып сан жылап,
Сығады көзін таң бұлап.
Маңғыстау деген түбектен,
Қос ғашық өткен қан жылап.

Дерттеніп мезгіл тоқтап тұр.
(Серт беріп мылтық оқтап тұр)
Аспантай-Матай, Жем-Сағыз,
Ботасын боздап жоқтап тұр.

Қайғыңа далам қанықпын,
Қаралы қанша табытпын.
Өлтіріп алып жоқтайтын,
Өпірім неткен халықпын.

* * *

Көктем кетті көңілімде жыр қалды,
Сағынышпын бір мәңгі.
Көктеміне көкте құстар кош айтып,
Аспан асты сұрланды.

Көктем өтті көркем екен білмеппін,
Жатып қалды бұлт шекпенін ілгеп түн.
Сұлу еді, сыршыл еді, қылықты,
Өткізіп ап іздеппін.

Көктем өтті, есейіпті төл мүлде,
Бұйырады жаз өткен соң төр күзге.
Қайран көктем, қайран менің жас күнім,
Неге айтпай кетіп қалдың сен бізге!?

* * *

Жасыл жібек жамылған ба орманым,
Сапар шектім, жолдамын.
Бебеу тілі безілдейді құстардың,
Қимасыңыз сонда кім?!

Мені қимай жатырсың ба неткен бақ,
Қабырғамды сөккен жат.
Болашақтан тәж кигізді Тәңірім,
Өксігі мол өткенді ап.

ЖЫР ОТАУҒА ҚОНЫСПЫН

Өңім бе бұл, түсім шығар асқақпын,
Күннен шуақ жастаппын.
Көкірегім алай-дүлей аңызға,
Менің өзім аптаппын.

Басшы менің жан шөлімді желегім,
Жер шетінен келемін.
Жасыл орман жаным құстың мекені,
Менің өзім жел едім.

Қайырлы таң тау біткеннің бабасы,
Таңның мына жаңасы.
Өлең екен өз көзіммен көрдім мен,
Аспан-жердің арасы.

Нөсер болып құйсам дедім, толыстым,
Сосын тағы сор іштім.
Жағам жайлау, жаным жырдың мекені,
Жыр отауға қоныспын!

* * *

Құлдан да өтер серілік,
Құт қонған күні басына.
Кербезде болдық керіліп,
Арудың қонып қасына.

Бүлкілдеп тамақ тамыры,
Ентігіп ерін тосқан-ды.
Құлаққа келіп зар үні,
Жүрекке тінін қосқан-ды.

* * *

Келіп тұр көктем кешігіп,
Бусанды дала шешініп.
Ақ тілек жаңбыр жауғанды,
Бауыры бұлттың тесіліп.

Қария көзін жасқалап,
Кебіні сынды аспан ақ.
Керелеп жұтты сәулені,
Келмеске кетіп тастамақ.

Жабырқау көңіл жасығыш,
Тағдырдан қылмас асып іс.
Тамырын кештеу салған гүл,
Қауызын жармақ асығыс.

АЙДЫ ҰМЫТЫП КЕТКЕНДЕЙ

Жайылған қауыз бүр ме екен,
Көрінбей қалай жүрді екен.
Жұпары гүлдей аңқыған,
Жұмақтан келген Үр ме екен?!

Еріні шоқтан қызыл-ды,
Кірпігі неткен ұзынды.
Көргенге бақыт сұлудың
Көңілі неден бұзылды.

Алтын да нұры ақ таңның,
Аққудай толғап баптандың.
Жамалын сүйіп жүзіңнің
Жар қылып құшып жатқан кім!?

Шәрбаттан тәтті шырыным,
Ести гөр Тәңір құл үнін.
Мезгілсіз мерт қып кетерсің
Қарама маған құлыным.

Шаттанып көңіл тасынды.
Шалығып барып басылды.
Құрмаға жалғыз жіберген,
Кім екен мұндай асылды?!

Көгілдір көлге жеткендей,
Көңілге гүлзар еккендей.
Таңнан қашып қасқа Түн,
Айды ұмытып кеткендей.

АҚ ШАШУ – МЕНІҢ АҚ ЖЫРЫМ

Ақ шашу – менің ақ жырым,
Ақ жырдан үзіп ал бүгін.
Алаштан несін аяйын,
Ал күнім, келде, барлығын!

Ақ сәуле жанда періштем,
Перизат сыйлап, ер ішкен.
Ақ тостаған уыз жыр,
Достарым қайда сеніскен?!

Аламан қайда ақ жүрек?!
Ай құшып бірге қалғып ек.
Ақ шамын жағып ай күліп,
Ақ сезім аппақ балды – деп.

Күміс жаңбыр – күн сын-ды,
Күнім күліп қымсынды.
Шөкім бұлт кеп шөл басты,
Қара жер қаулап құлпырды.

Дала жатты ылжырап,
Айдарын тарап жыр бұлақ,
Айғай салып жөнелді,
Ағайын іздеп құлдырап.

Шаттығын шарлап бөлмекші,
Көңіл сыйса, төр жетті.
Кеудемде жатқан дара жар,
Кезінде солай ер жетті.

* * *

Көп күлістім көктеммен,
Көзіме бұлттар шөккенмен.
Жер құшақтап белімнен,
Көк желкемнен көк төнген.
Хабар алып тұрғын деп,
Өбеген неме өткеннен.
Қызғалдақ қырат бүрлеп тұр,
Қырға бір қалқам жүр деп тұр.
Бейіштен соққан ақ самал
Жанымның шоғын үрлеп тұр.
Баладай көңіл балғын-ды,
Базарын жырлап ән қылды.
Жанын да беріп ата-ана
Жалғанды бізге қалдырды.
Біз жүрміз
Аз күн қызықтап,
Әдіра мына қалғырды.

* * *

Қатқақ мұз жүрісімнен жаңылдырды,
Жел түртіп, желке тұстан бағып жүрді.
Етекке оратылып шөп пен шөңге
Аяққа тұсау салып қағып жүрді.
Қуады құйын тұрып қашқан сайын,
Сүрінді жолдан құнан, тастан тайым.
Ниеті көп жаманның шыңғырады
Өкшемді кара жерге басқан сайын.
Сонда да кешіп келем кеңістікті,
Шақ бойлап шарғамызға өріс бітті.
Толғандай өмір жырға, көңіл құбыла,
Кей жаман көрсеткенмен терістікті.

ҚЫРЫҚ ҚАҚПА
(Халық сарынымен)

Базары біздің жанның хан-салтанат,
Әләйім күй қоңырау, ән салтанат.
Осылай күн еңкейіп батты міне,
Атады ертең тағы таң шалқалап.

Бесігін құмар әннің тербетермін,
Мысалы мыңнан жүйрік ерге теңмін.
Керегі өлең болса кербез елдің,
Керіліп кең аспандай селдетермін.

Қайқының әні мақпал-ды,
Қайырлы таң боп атқан-ды.
Сұлу да төбе, сымбат қыр,
Ай құшақ керіп жатқанды.
Жүректің шара көзіне
Жүзінен көктің бақ тамды.

Сыр айттық сырғалыға салқам күліп,
Күйдірдік көрген жанды аң-таң қылып.
Арудың таңдап сүйдік асылынан,
Оңаша орда тігіп, ән салдырып.

Құпия қыздың сыры қырық қақпа,
Ынтыққан көңіл керек сыр ұқпаққа.
Балқыған біздің жүрек өрттен ыстық,
Жаралған жан телімді жылытпаққа.

КӨРШІ ҚЫЗ
(Халық сарыны)

Есен сау жатырмысың жаным-құрбым,
Сен болдың себепшісі шағын жырдың.
Әдейі бұрымыңа тағып қойып,
Қоңырауын өткен күннің қағып жүрмін.

Қарғамның көзі мұнарлы,
Шыңға бір біткен шынар-ды.
Көрген де көзім сенбеді
Көңілім үнсіз жылар-ды.
Естелік қылып
Тастадым,
Еркеме осы бір әнді.

Бұйрат құм бұл да көшіп өткен керуен,
Сан кетіп, сапар шегіп көктем келген.
Құйдырып әжем байғұс шәй ішетін,
«Көрші қыз періште» – деп, көктен келген».

«Аңғалым, ару жоқ», деп құрақ күлді.
Танымай тар көшеде ұзақ тұрды.
Әжемнің періштесі бір кездегі,
Білмеймін, үнсіз сосын жылап тұрды.

ЕР КҮЛІП СОЛАЙ СЫРЛАСТЫ

Жау кетті жерін жеп болып,
Дау кетті дерін деп болып.
Қол созып көкте «жұлдызға» –
«Тау» кетті қара бет болып.

Кірме де төбет қылшықты,
Тар жерден үріп бұл шықты.
Жүздерін бұрып құбылтып,
Құлатпақ болып ынтықты.

Ниеті жолдас күншілдің,
Қылығын көріп сілкіндім.
Ортаға түсіп несі бар –
Мына бір тексіз шіркіннің.

Хақтан да тілеп келем мен,
Ақтықтан Хаққа сенем мен.
Мысық та табан көп қырттан
Мықты жау артық дегенмен.

Ер күліп солай сырласты,
Еркелеп төбе, қыр қашты.
Бұлт болып келіп кеудемді,
Қорғасын бауыр жыр басты.

САЯ ТАППАЙ

Менменсуден көңіліңіз азат па,
Бодан болсаң қалдым дей бер мазаққа.
Ешқашанда таулар жалғыз болмайды,
Жалғыз тауды төбе дейді қазақта.

Көсем болу қайдағы сол жоқтан бар,
Оны көрген кіл жағымпаз от талмар.
Тауқыметтің тартып жүрген соқасын,
Сорлы елді алдамандар, тоқтаңдар!..

Қанағаттан күрке жасап жылынған,
Күзгі торғай секілденіп тығылған.
Кетіп жатыр қаракөздер бақиға,
Сая таппай сенің салқын ығыңнан.

* * *

Гүлдер қайда қолын жайып ұмтылды,
Күнді сүйді құлпырды.
Менде жаттым сыбағасын сұлудың,
Есіме алып бір түнгі.

Бұр жарыпты кызыл гүлдер, көк гүлдер,
Көп арманға жеттім дер.
Мен де жаттым қош айтысып арумен,
Ол да енді «кеттім» дер.

Бұлттар көшті гүл тұнжырап бүгілді,
Күн кірпігі ілінді.
Менде жаттым сәл құлазып қайтадан,
Жүрегіме ауыр тиді, білінді.

АБЫЛДЫҢ¹ КҮЙІ – «АБЫЛ»

Абылдың күйі – «Абыл». Бұл күйді ұлы сазгер Нұрғиса Тілендиев маңғыстаулық күйші Сержан Шәкіраттың орындауында ерекше ықыласпен тыңдап, аса терең тебіреніспен қабылдайды екен. Осы «Абылдың күйі – «Абыл» атты жыр-толғауымды он екі перне, қос ішекті қара домбыраның пірі – Нұрғиса Тілендиев ағамыздың рухына бағыштаймын.

Автор

Абылдың күйі – «Абыл-ды»,
Жасын боп түскен жалын-ды.
Жеті қат жер мен көк балқып,
Ай менен күн де жаңылды.

Қорғасын бұлттар тамшылап,
Жанарын сүртті таң шылап.

¹ Абыл – күйші Абыл Тарақұлы (1820-1892) Маңғыстау халқының перзенті.

Қаратау жылап солқылдап,
Қара жел соқты қамшылап.

Түбектің бойы жез құм-ды,
Түрленген сазға кез қылды.
Селеу де сақал боз адыр
Күрсініп мұнын сездірді.

Көзгелдек сорға қақ тұнды,
Жақын да түгіл жат тұрды.
Жеті сазбенен тербетті
Антына берік ақ құлды.

Үптеген заман зауалы,
Күтпеген тұстан жаралы.
Жұпары таныс жусан күй
Аңқамды атып барады.

Кеміріп құлақ етімді
Жүрекке барып бекінді.
Ине де қармақ қылтанға
Қадалып қалған секілді.

Басқұрда болып өрілді,
Бас болып жерге көмілді.
Жағада қалған шабақтай
Жаным бір көзге көрінді.

Ай құшақ болып керілді,
Аяғын баспай ерінді.
Сағалық перне шыңғырды,
Саф-саф та көңіл не білді?..

«Абыл» боп аспан күркіреп,
Басып бір қалды бір түнек.
Құйрық та жалын түйінген
Тұлпарлар өтті дүркіреп.

Күдерлі күнім жалданды,
Шідерлі айым алданды.
Айғырсып асау дүние,
Артында мұнар шаң қалды.

Бозбала қарап ай бақса,
Боз інген ерді тайлаққа.
Абылдың күйі – «Абылым»,
Барасың алып қай жаққа!?..

Қабыртқа тұсы сойылған,
Қабағы жарық ойылған.
Құлама күз бен сеңгір тау,
Жабығып жаннан тойынған.

Қыналап көзін сырлайды,
Бозторғай қонып жырлайды.
Түлкі мен қарсақ сарыған
Боз төбе нені ымдайды.

Құрым да киіз тақырдан,
Құрманы көрдім «аһ» ұрған,
Тілегі қабыл Алладан
Бекеттей Пірін шақырған.

Боданда қылды түрікмен,
Нелер күн өтпес жігіттен.
Абылдың қолын күй шешті,
Ағайын солай біріккен.

Найзасы дайын ырғасса,
Түрікмен жайлы сыр басқа.
Сегізде мынау Сейілхан,
Күй десе жөні бір басқа.

Кеудесі – ханның сарайы,
Кербез де сұлу маңайы.

Шідерлі шалыс, кең тұсау,
Күйшінің тағдыр, талайы.

Қияға Абыл өрлесін,
Қиянат жаннан көрмесін.
Ғайыптан келген құс қой бұл,
Ғапыл боп дерттен өлмесін.

Ішінде күйдің мың қайғы,
Сыбызғы көмей сырнайлы.
Тамырын тістеп үзгілеп,
Жүректің басын тырнайды.

Және де көрдім керуенді,
Жайыла көшкен ерлерді.
Беренді сайман бес қару
Сертінен танбай серменді.

Қауырсын жебе тескен-ді,
Қан шашып кездік кескен-ді.
Шиті де мылтық білтелі
От құсып жауға сестенді.

Бірі де жаудың сәлделі,
Ала да шапан кермелі,
Хиуа да менен Ақ Патша
Жан алу болды ермегі.

Бармайды тілің құрғырға,
Көргенім жаудан бір бұл ма?..
Баланың басы жартыдан,
Үлкеннің басы бір ділда.

Атқа да байлап бас теріп,
Басыма жатты бәс беріп.
Жағадан жауым алғанда,
Иттерде жатты қас көріп.

Аққан да жастың кермегін,
Шерленген кеуде шеңберім.
Бек сауыт шейіт ақ сайғақ,
Есіл де менің ерлерім.

Ашайын күйдің қақпағын,
Домбырам сөйле тақтағым.
Егіліп шанақ жылайды,
Ерлердің айтып аттарын.

Санасыз болса қалған жас,
Ерлердің ісі жалғанбас.
Елінің көрген қорлығын
Білмеген ұрпақ арланбас.

Думаншыл сайран тірілер,
Нарқың бір қанша білінер.
Ерліктен аға шегінсе,
Елдіктен қашар інілер.

Сейілер қашан бұл тұман,
Құл шығар құрсау құлпынан.
Ұяттан билік үріксе,
Ұрпақта қашар ұлтынан.

Шайтан да шайнап жұтқызған,
Ас бола қоймас құтсыз дәм.
Қазаққа дұшпан жау туар,
Жең түрген жебір ұлтсыздан.

Тасбауыр әлем асқынған,
Қайырсыз қарау қас қылған.
Бауыры суық тұмсадай,
Ботасын шайнап жатсынған.

Сарқылған білем санасы,
Бітпеді ақыр таласы.

Өзіне-өзі қол салмақ,
Адам да заттың баласы.

Маңғыстау жердің күреңі,
Сарғайған екен түр-өңі.
Өткенді өксіп айтып тұр,
Бәріне куә бір өзі.

Төгілген күйді мен десін,
Білемін екі келмесін.
Жанымның нәзік саусағы,
Даланың басты пернесін.

Айнала сұқты көз еді,
Қан жоса кебін бөз еді.
Манашы, Күйкен-Ноғайлы¹
Өз алдына-ай сөз еді.

Күледі әне шұнақ таң,
Құлағын күйдің бұратқан.
Уәдесіз би мен сұлтандар,
Күйкенді таудан құлатқан.

Күйіктен байғұс сорлады,
Өлім бір болды қорғаны.
Басынан шіріп ел азса,
Бақытсыз халық болғаны.

Қырмызы қытай үрім деп,
Тірлікте пенде жүгірмек.
Қанағат қылмай азына,
Халықтан ұрлап қазына,
Қақалған иттей инеге,
Би-мансап өлер күбірлеп.

Маңғыстау деген мұра бар,
Сарқылмас қайнар бұла бар.
Үш жүз де алпыс әулие
Білымның кілтін сұрап ал.

Хақтан да бұйрық мекен-ді,
Қол жайып көкке кет енді.
Имансыз болсаң, көңіл тар,
Көз алдар дұғаң бекер-ді.

Абылдың күйі – «Абыл-ды»,
Тербетті білем жаныңды.
Киелі перне қос ішек,
Боздап бір кімді сағынды?..

Сағынған көңіл сарсаң-ды,
Сүйерсің кімге арқанды?
Азамат ерге күнде сын –
Елдің де жүгін тартар-ды.

Тарыққан ерлер мұңдасын,
Шердің де шайқап тұнбасын.
Күйге де жерік көңілмен
Көтерсін көкке ұл басын.

Сазсыз да жырсыз үй жетім,
Жүрегің жылар сүйгесін.
Естір де құлақ бомаса,
Жұмақтан келген күй жетім.

Бұрқырап көшкен шағыл бар,
Шағылды кешкен шағым бар.
Маңғыстау деген – ақ боз үй,
Ақ боз да үйде Абыл бар.

Самаурын сары бұрқылдап,
Бәйбіше күйді жүр тыңдап.

¹ Күйкен, Манашы – Ноғайлы жырлары, аңыздар, тарихи тұлғалар өрісі мен желісі.

Маздаған шоқтан бір жалын
Езуін жалар жылтылдап.

Алшыдан түсіп көк асық,
Басынан дәурен көп асып.
Садақты алып бір тентек
Мойынға жатыр оқ асып.

Ойнаған ұлды жаным деп,
Базарым, менің, бағым деп.
Үйелмен елді сүйіп жүр,
Үй бас та сайын Абыл кеп.

Кербездер отыр сүйініп,
Келіндер жатыр иіліп.
Сәулелі шуақ секілді
Күй жатыр, шіркін, құйылып.

Әлдилі күйден жөргегім,
Қаталап, қақсып шөлдедім.
Әдіптеп әсем зерлеген,
Бағзыдан қалған өрнегім.

Әулие қолдап жетер-ді,
Әлдиім тәтті шекер-ді.
«Батыр да аңқау, ер көдек»,
Әзәзіл ісі мекер-ді.

Күй зарық көңіл тулайды,
Тіс жарып мойын бұрмайды.
Айнасы жанның шықтанса,
Ернімен күйдің ұрлайды.

Қара да шанақ жан дала,
Тиегі күміс, паң дала.
Үстіңгі ішек – боз бота,
Астыңғы ішек – Аруана.

Желіні сыздап исінді,
Аққа да кие күй сінді.
Осы бір сазда сиқыр бар,
Аллаға аян сүйкімді.

Ақбөкен сынды маңырап,
Ақ киік сынды жамырап,
Жүрекке жүрек үн қатпақ,
Періште күйдің табы қап.

Қызғалдақ дір-дір қағады,
Қызарып күннің тамағы.
Шанаққа сыйып шаршы көк,
Астасып әлем барады.

Жабығып сырын тау жайды,
Жанығып жасын лаулайды.
Танаудан шаңы бұрқырып,
Көсіліп нарлар аунайды.

Құлжасы құзда күзетте,
Айдаһар жатыр үдекте.
Мергендер іздеп атқанмен,
Құланның көзі Түбекте.

Періште қанат керіп жүр,
Пернеден ләззат теріп жүр.
Көгендеулі көп төбе,
Маңыстап күйге еріп жүр.

Аяғын алшаң кең салған,
Айшықтап айқын ен салған.
Атамыз Әнес Сахаба¹
Дәл осы күйге дем салған.

Сахара байтақ тылсым-ды,
Жасырып жатыр бір сырды.

¹ Әнес сахаба – Шежіре бастауы.

Жең ішінде қол сынып,
Жетім бір тарих шырпынды.

Тізілген жұлдыз андыздап,
Тілейді күйден жалғыз бақ.
Күте де күте бақытын,
Ағып бір түсті жалғыздап.

Біздің де тарих ығынған,
Ықтасын іздеп тығылған.
Кім білген, мүмкін, батыстан
Алтайға барып жығылған.

Жел-жеңгем айтты естідім,
Кері бір тартсам, кеш, күнім.
Атам да Заман¹ басында,
Ізі де жатыр ескінің.

Шаң басқан мынау шартарап,
Әркімде күйбең бар талап.
Баянын шындық таппаса,
Базары елдің тарқамақ.

Күйбең де күйбең күпірлік,
Жартылар жалтаң, бүтін нық.
Шындықтың кілтін жоғалтып,
Уақыттан қанша ұтылдық.

Отпанды² бойлап от қалды,
Манаты³ бойлап шоқ қалды.
«Тентіреп жүрген кімсің» дер,
Тентегі сүйреп шоқпарды.

¹ Атам-Заман – Тәжікстанда Атам-Заман атты әулие бар көрінеді. Дәл осы атаулар біздің халықтың сөз тіркесінде де бар. Мыс: «Атам-заманнан келе жатқан халықпыз» деген секілді, т.с.с.

² Отпан – Маңғыстаудағы киелі жерлер, тасқа мөрленген тарихтың парақтары.

³ Маната – Маңғыстаудағы киелі жерлер, тасқа мөрленген тарихтың парақтары.

Данасы қанша халық бұл,
Нұр шашып, әне, жанып тұр.
Босаға бойлап төрге озсаң,
Әдептің туын алып кір.

Айқаса кетсең, алып-ты,
Достаса кетсең, халық-ты.
Тас ішінде-ай жүрек бар,
Жаныма сыры қанық-ты.

Ала да құйын шаңдақпын,
Пернеге бассаң, бармақпын.
Кермеге салсаң, дүлдүлмін,
Тал бойым талау қан жапқын.

Жұлдызын қара шырақтай,
Ұл-қызын қара құрақтай.
Қиялы ұшқыр ...қияным,
Пайғамбар мінген пырақтай.

Астыңғы ішек мақтанды,
Үстіңгі ішек дағтанды.
Абылдың күйі – «Абылым»,
Бір жылап, бірде шаттанды.

Сарайшық¹ болып шағылған,
Сап түзеп көшкен нарыннан.
Абыздар өріп барады
Абылдың күйі – «Абылдан».

Мың қыстау – менің тұрағым,
Маңғыстау – майлы бұлағым.
Құдыққа түскен құланның
Күйменен толтыр құлағым.

Құланда тұрар қасқиып,
Тұяғы турап тас қиып.

¹ Сарайшық – ескі Сарайшық қаласы.

Аллаға қылар мінәжат,
Екі де көзден жас сиіп.

Көңілден көшіп мұнар жүр,
Абылдың күйін сұрап жүр.
Жанардан жас пен қан сауған –
Жансебіл тарих, құлан жыр.

Әркім-ақ төсін керіп жүр,
Ез неме соған еріп жүр.
Кесіртке құйрық кез табан
Әр жерден қылаң беріп жүр.

Сырлы аяқты кемірсең,
Сымпылдап сөзге семірсең,
Атажұрт саған не дейін,
Естігің келмей елірсең.

Керенау бойлы кегілжім,
Кеңесті жерден шегіндің.
Бал ішіп бармақ жалатқан
Ит пенен құсқа желіндің.

Айыртпай дос пен қасыңды,
Сүрткізбей көзден жасыңды.
Көлденең суыт көк атты,
Даң қылар даумен басыңды.

Күштінің басы өрде жүр,
Әлсіздің басы көрде жүр.
Жамылып «жаһан достығын»,
Қаншама шайтан төрде жүр.

Әлем ғой қарсақ, түлкілі,
Бақ пенен сордың бір тілі.
Достыққа қойды шақырған
Қорқаудың ісі күлкілі.

Айласыз аппақ шын бар ма?...
(Қылышсыз, сірә, қын бар ма?!)
Әлсіздің күні құрысын,
«Ит алған куда сын бар ма!?!»

Терісін іреп шыдамның,
Алдыңнан орап шығар жын.
Қанатын саған қидырар
Өзіңнен туған қыранның.

Адасып өзің тұрарсың,
Қамасып көзің құларсың.
Бәрінде сосын кеш біліп,
Басынды тасқа ұрарсың.

Орама шиді сығалап,
Төріме шықты туа жат.
«Кім үшін ерлер өлді» дер,
Үш ауыз бенен Ұланақ¹.

Әділдік өлмес Хақ барда,
Алласыз, сірә, бақ бар ма?!
Шүкірлік қылған ел едік,
Құдайдың өзі сақтар да.

Күбінбе, көңіл, күбінбе,
Ел барда ерен түңілме.
Құдай бір берген бақ болса,
Құлына келер түбінде.

Маңғыстау мынау қызық тым,
Түтілген жамау үзіктім.
Шанақтан күй боп шашылдың,
Қасындай ғана жүзіктің.

¹ Үш ауыз, Ұланақ – Маңғыстаудағы киелі жерлер, тасқа мөрленген тарихтың парактары.

Қызыр да көрдім оңынан,
Қырмызы көрдім солынан.
Шашылған мөлдір моншағым,
Сұлудың сусып қолынан.

Самның да сәні сағым-ды,
Салдырмай қамшы қағынды.
Арқалап қашып барады,
Абылдың күйі – «Абылды».

Күй менен сағым астасты,
Күйінген дұшпан тас қапты.
Өрт шалған кәрі сексеуіл
Тағы да бүрлей бастапты.

Баянын берсін бүрінің,
Ашпайды жағын ұлы құм.
Шың басында бір шындық,
Шыңырау толы тұнығым.

Қоғалы қолат әндетті,
Әндеме қырда сән көп-ті.
Күйменен жаңа оянған
Аймалап жатыр таң көкті.

Саусағы таңның дірілдеп,
Шанаққа күйшіл үңілмек.
Жеті саз бенен жан енген
Күйсізде менің күнім жоқ.

Қойынға кірген жылан көп,
Жыланды жерде лаң көп.
Періштем жатыр сыбырлап,
Айтылмай жүрген бір ән деп.

Ғасырлар үзді қарасын,
Жасырып жанның жарасын.

Текемет басып, сырмақ сап,
Жалғап жүр әжем арасын.

Қонақжай елдің жылысын,
Ысырып тастар мың ісін.
Келседе жылан ақ құйған,
Қыдырлы қазан ырысым.

Халалға салған қармағын
Қара бет дұшпан жан-жағым.
Аққулар жүзген көл сынды,
Ақ шағыл қылаң нарларым.

Абылдың күйі – «Абыл» ма,
Бал бармағым, жаңылма,
Он екі перне, қос ішек –
Басыңда дәурен барында!..

Көлбеген елдің күйісің,
Көлденең жатқан сыйысың.
Алпыс та екі тамырым
Зәмзәм да саздан ұйысын.

Иманнан асыл мән көріп,
Нұрлы да дидар, жан көрік.
Уыздан жарып өскен ел
Салтанат пенен сән көріп.

Қайқы мен сәйкі сері көп,
Сақи мен мырза ері көп.
Тобылғы торы теңбіл көк,
Келелі мая кер үлек.

Жұлынған жүрек шоқ байлап,
Жұлынға кірген оқ бойлап.
Жаралы ерді күзеткен
Белдеуде тұрған көкмойнақ.

Атажұрт қамы, ар қамы,
Ерлерге Тәңір жар-дағы.
Бұрынғыдан сөз қозғар,
Бұлт болып көшкен сардары.

Желкені жібек қайықтай,
Толқыны торғын Жайықтай.
Ай менен күнін қарашы,
Ақбөбек пенен Қайыптай¹.

Сәулелі жарық тарап тұр,
Жарасын ердің жалап тұр.
Ақшора менен Белтұран²,
Асалы менен Көкөтай³,
Үркерде болып қарап тұр.

Күй шанақ дәурен шертер сыр,
Үзілмес үміт ертеңшіл.
Ынтыққан көңіл көп арман,
Жетпеген қиял желкеншіл.

Қайран да өмір тамшыдай,
Өзектің өртшіл зарпын-ай.
Күмістен сірке сабы бар,
Жыланша бауыр қамшыдай.

Жебелі таңба ұраны
Желменен боздап тұрады.
Абылдың күйі – шыңырау,
Шындықтың кәусар бұлағы.

Саланың бойы көкжал-ды,
Бөлтірік өсті көз қалды.
Қасқырды бақсаң, ит болмас,
Шалдардан солай сөз қалды.

¹ Ақбөбек-Қайып,

² Ақшора-Белтұран,

³ Асалы-Көкөтай – қосыла алмай, арманда кеткен ғашықтар.

Атасы жорық даңғыл-ды,
Көргенді көкжал таң қылды.
Азуға салып кектеніп,
Қара бір тасты қан қылды.

Атасы тексіз толдым дер,
Қаптаған қалың қолмын дер.
Шұбалшаң құртқа шүрегей
Шүйлігіп, қыран болдым дер.

Өзін де өзі алдайды,
Тапқанын талмап жалмайды.
Құрттан да құрбан шалғанмен,
Шүрегей аты қалмайды.

«Ерлердің шейіт аты бар,
Ертеңге жазған хаты бар».
Бабамның жауы дос болмас,
Көңілде кірбің таты бар.
Маңғыстау болмақ қайда дүр:
«Қаздың да салып жүрісін
Қарғаның шаты шатынар»

Өлісі жанға ес еді,
Тірісі жел боп еседі.
Қарасын үзген жүйріктің
Қарашы соры бес елі.

Сазы да сары жезден-ді,
Заманға зауал кез келді.
Құлан да өріс тарпанды
Құлатып орға езген-ді.

Күйге де толы заман бар,
Заманға қандай амал бар.
Жусаннан елім аласа,
Бетеге бойлы шамам бар.

Соғысқа салды майырды,
Сорлатып белін қайырды.
Әуелі Қызыл үкімет
Қазанын төртке айырды.

Бәлшебик¹ бәлсіп бәлденді,
Қызыл ту менен сәнденді.
Таңдайыма да у қатып –
Діліме дінсіз нәр берді.

Бұзылған байтақ сел көрдім,
Буынған бұлтты тел көрдім.
Кебіндік бөзге таласып,
Жалаңаш көшкен ел көрдім.

Тап болдық қарғыс қаһарға,
Көр қымбат тыныш жатарға.
Үзікті ашар жан қалмай,
Тәңірдің таңы атарда.

Көргенбіз солай қанды көп,
Есінен елім танды көп.
Адайға біткен бір қатын
Ұл туса атты «Банды» деп.

Сықырлап қара шанағы,
Құрғады күйдің тамағы.
Қызыл да шақа бір дәуір
Шыңғырып кетіп барады.

Желкендеп желге кемесін,
Ертеңнің қуды елесін.
Сенгенбіз «антшыл» мінберге,
Бостандық алдық дегесін.

Тәуелсіз болмақ елден-ді,
Заң бар деп әділ желденді.

¹ Бәлшебик – большевик.

Құрсаудан шыққан ұрпақтың
Жиырмаға жасы келген-ді.

Көрдім бе деп ем көктемді,
Арыным асау өктем-ді.
Өкпелік тұстан қанжар сап,
Қапыда қанды төккен-ді.

Мұз құрсап бойды қар алды,
Запыран құсып, зар алды.
Жаңаөзен¹ – жаным оқ құшқан,
Қозғама менің жарамды.

Сырт жаудан тұяқ кетілді,
Сырқырап жүріп жетілді.
Оқ атқан маған «көп туыс»,
Ол қалай көрмек бетімді?..

Бүйірде мұздап жатқан оқ,
Бірлігін елдің сатқан оқ.
Маңғыстауға-ай кезеніп,
Пір Бекетке-ай атқан оқ.

Кім атты, содан надан жоқ!
Қайырсыз бұдан қадам жоқ.
Бекетке қарай оқ атып,
Опа бір тапқан адам жоқ.

Есті жан елін жасытпас,
Менменсіп көңіл тасытпас.
Харамға қарғыс айтуға
Әулие-Пірлер асықпас.

Жастардың көрдік қазасын,
Жазықсыз шектік азасын.
Құдайдың өзі тартқызар,
Қанды да қолдың жазасын!..

¹ Жаңаөзен – Маңғыстаудағы қала.

Мұндай боп жебе қадалмас,
Ақтанда күйді адал жас.
«Қалғанда көңіл, шыққан жан»,
Сынғанда шөлмек жамалмас.

Бұл да бір бүкпе мың дерек,
Халық бір айтса шын демек.
Жарасын елдің жазарға
Сүттен де аппақ сын керек.

Бақиға кетті бақсыз жас,
Іздесең қайта таптырмас.
Киіктің өзі өлгенмен,
Киесі сені жатқызбас.

Шерліге шемен қатады,
Қазақ ек бауыр, баталы.
Аранға қарай ақ киік
Ағып бір бара жатады.

Артылып терек, талға мін,
Тістеулі қалды бармағым.
Аранға айдап жыққан кім
Бұл елдің аңғал балдарын?..

Құдайыменен сақтаған,
Мұнайыменен баптаған,
Тыныштық тілеп қазаққа
Қол созып көкке қақсаған,
Елімді кімдер тірілей
Шыңғыртып отқа тастаған?..

Қарадан ақты айырған,
Ел едік өсіп жайылған.
Тыныштық тілеп Құдайдан –
Дұғасын шексіз қайырған.
Алланың аппақ
Нұрына –
Жүрегін жуып шайынған.

Аллалап күні батарда,
Ақ бата қылған атарда.
Мазасыз болса Маңғыстау,
Үш жүз де алпыс әулие
Төріне келіп жатар ма?..

Төзімді төсеп тырыстық,
Кетпесін дедік ырыс-құт.
Қай жерде заң мен іс әділ, –
Сол жерде болар – Тыныштық!

Әкімдер қорқып зірледі,
«Ақсақал» жасты тілдеді.
«Елім» деп жүрген көп бұлбұл –
Есігін әрең ілгеді.
Серкелер сертсіз сенделіп,
Қайтерін әркім білмеді.

Үйездеп үркіп ықтады,
Қара бас қамын мықтады.
Билікті тастап, бір жігіт
Әділдік іздеп шықпады.

Шыққан да шығар, білдік пе!?!..
(Күмәнға қояр кім нүкте?)
Азамат ерлер көп болсын
Ел үшін жүрген тірлікте.

Аяқтан шалып көр ілді,
Арлан да менен бөрімді.
Бұқара халық ішінен
Бұрқанған ерлер көрінді.

Саралай білер сана бар,
Ер менен батыр, дана бар.
Алтын да құрсақ көп екен,
Аршыл да келін, аналар.

Бұл да бір сынақ әрәйна.
Ұмытпа, ұлым, жарай ма?..
Алаштың асыл ұл-қызы
Үндес те болды Адайға.

Шындыққа қалам жаныды,
Маңғыстау болды зарығы.
Нұрлансын,
Алғыс Алладан,
Тілектес елдің әр ұлы.

Ақ жүзін бізге бұрғаны,
Ақ сөйлеп төрден тұрғаны,
Есімің естен кетер ме,
Қазақтың қайсар ұлдары?..

Саздың да қара сарынын,
Сарнаған саздың бәрі мұн.
Қорқыт боп кетті бір сәтке
Абылдың күйі – «Абылым».
Сөндіру қиын Хақ барда
Нұр текті елдің жарығын.

Үзіліп қайыс шығыршық,
Үздігіп бота ыңырсып,
Шанаққа келіп үңілді,
Көзінің жасы жылымсып.

Боздашы, бозда боз күнім,
Ішегін күйдің соз бүгін.
Көсіп те көсіп қағайын,
Шаң басқан жанның тозғынын.
Пернеде сайын
Періште –
Бұл күйден, сірә, озды кім!?

Намысшыл, аршыл, шамшыл-ды,
Ақтарды «Абыл» бар шынды.

Ботаның боздау кірпігі
Найзадай көкке шаншылды.

Желіде құлын желпінді,
Желігіп барып жел тынды.
Араша, ойбай, араша,
Күй алып кетпек еркімді.

Абылдың күйі шербет-ті,
Шерленіп түбек ер жетті.
Мамық та төсек салдырып,
Жетімді «Абыл» тербетті.

Жүректің басын шымшыды,
Көзімнің жасы ыршыды.
Қоштасқан ел мен қыз сынды
Қос бұрым ішек сыңсыды.
Қадалып, әне, қарап тұр
Қараша үйдің жыртығы.

Кеңдігі күйдің аспандай,
Тарлығы таумен басқандай.
Түсінген жанға бұл күйді
Тыңдау да қиын жасқанбай.

Мүмкін бе босап жыламау,
Жылжыған ғасыр, жыл анау.
Осының бәрін күй «Абыл»,
Қайдан да білген, шырақ-ау.
Жүректі жанға сын шығар
Естен де танып құламау.

Мекенім еді сағынған.
Моншақтап маржан тағынған.
Күй менен жырдан желіні
Үрпісін тартсаң, ағылған.
Арыстан тектес жалды еді,

Жолбарыс тектес жонды еді,
Қайтейін сені, жан бабам,
Айға да шапшып шабынған.
Жақ ішінде қызыл тіл
Айтпасты айтып қағынған.

Тектінің тегі нұрдан-ды,
Атанбас текті құрдан-ды.
Асылы ұлдың – атадан
Атаға мерей ұлдан-ды.

Қомында берген атанның
Бағы да жансын батаңның.
Атамнан қалған жұртым бар,
Бұйырған бақтан татармын.

Бұрқанып шөкті атаны,
Бозбала қайсар баталы.
«Алаш та түгіл арабқа»
Атамның жетті атағы.

Қаптың да суын қапсырып,
Қарагөз ұлға тапсырып,
Маңғыстауды тастапты-ай,
Әулие Пірді бас қылып.

Ұлдан да қайыр кекілді,
Қыздан да зайыр жетілді.
Мама ағашқа тізіліп,
Қарлығаш қонған секілді.

Періште тербеп бесігін,
Перизат қойды есімін.
Жылатпас дейді жамағат,
Жесір де менен жетімін.

Күй жетім болса, ел жетім,
Қатар да құрбы, теңге сын.

Құдайға қандай өкпең бар,
Жұмақтың сазын бергесін?!

Сарнаған шанақ ыңғай түн,
Асырып таңды жырлайтын,
Нұрғиса керек бұл күйге
Нұрланып жүзі тыңдайтын.

* * *

Қап-қара байпақ
Аппақ қар,
Ізінді үнсіз тастап қал.
Кез келді бұғып бас сақтар.
Қазақы ойды тастап бар.
Жаңа жыл келді жаңадан,
Даңғыры кетпес санадан.
Аспан да түтін,
Жер түтін,
Таң ата бәрі тараған.
Той көптік етпес
Дегенмен,
Ерсілеу көріп қарағам.
Қайтеді мынау
Атылып,
Өзінен-өзі жанама.
Шыңғырған топқа қарама.
Біреудің күні –
Бізге той,
Осының өзі жаңа ма?!

ЖЫЛ ЕМЕС, БІЗ ҒОЙ ӨЗГЕРГЕН

(от шалық жыр)

Көбелек отпен ойнап жүр,
Айналып отты тойлап жүр.
Жанынан безген байғұсым
Тек жүрмей нені ойлап жүр?..

Сәулесі күннің жетпеді,
Сәл тұрып отқа беттеді.
Жалынның қызыл тіліне
Жұтылып міне кеткені.

Заялап гүлзар ғұмырды,
Көз жұмып отқа бұрылды.
Құмардың шөлін баспақ боп
Құрсаулы шокқа ұрынды.

Қанаты күйді қасқаның,
Қайғырды оған басқа кім?!..
Тірілей түсіп тозаққа
Тастады жер мен аспанын.

Бақшасы қалды бал шырын,
Айналды күлге тамшы мұң.
Ақырғы осы ісімен
Ақымақ айтты бар шынын.

Мұнайып гүлдер талықты,
Мұңданған мұны жан ұқты.
Көбелек тағдыр би-төре,
Билеп жүр қанша халықты.

Бал-шырын жалап татқандар,
Бәсеке байлық, мақтандар!
Бергенін білмей Құдайдың
Көргенге көзін сатқандар.

Бірін де бірі қайталап,
Бір тістеп уды байқамақ.
Жылжыған жылда жазық жоқ,
Көбелек – көңіл сайқал-ақ!

Құбылған ындын қанатын,
Жанған бір отқа салатын.
Көбелек – көңіл жетелеп
Күл болып заман барасың.

Тәңірден тәлім алмадық,
Тәңірсіп бәрін жалмадық.
Қоғамың от пен ойнап жүр
Санамыз тозды сандалып.

Шыршалы қаңтар келіпті,
Шырғалдап төрге еніпті.
Жылымның басы – Өз Наурыз,
Жылытып бойды ерітті.

Наурызын күткен көктембіз,
Наз айтпас жанбыз тектен біз.
Жыл емес біз ғой өзгерген
Көбелек болып кеткенбіз.

Өртеніп жатқан мың жігіт,
Дерт еміп жатқан шыңғырып.
Арасын ақ пен қараның
Айтады бізге кім біліп?!

ЖАҢАӨЗЕННІҢ ЖАҢҒЫРЫҒЫ

Қияннан келген бір үміт,
Қиялдан өлді сүрініп.
Қабырға бойлап бұлқынған
Жүрегі құрғыр тұр ұлып.

Өткеннен қалды із ғана,
Өксідік, өлдік біз ғана.
Омыртқа бойы он жара,
Жұлынның бойы жүз жара.

Баяғы сүрлеу, бір арна,
Жар болсын жанға бір АЛЛА!
Пейіштің аппақ құстары
Қонақ боп жүрген шығар да.

АРУАНА ТЕКТЕС АДАЛДЫҚ

Шағадамнан¹ тараған,
Жемді жайлап жараған.
Кемелге келген кер бура,
Тұмсаға болды бараған.
Келелі мая
Күміс құм,
Алтын қазған ана маң.
Бір атасы
Бураның,
Самның құмын қалаған.
Төс табанын түрініп,
Суырлып шықты арадан.
Пышаққа түсіп қалар деп,
Кеткен-ді алып жан ағам.
Сол кеткеннен
Кер бура,
Келмеді елге бұрылып.
Қай жерде тентек жүр екен,
Көрінгенге ұрынып.
Түйе боп алды
Кер тұмса,
Жыл өткен сайын құбылып.
Бураны іздеп жол қарап,

¹ Шағадам – жер атауы.

Көзінен тұрар түн ұлып.
Аруана тектес
Адалдық,
Тек саған біткен ұлылық.

ШАҒАДАМ МЕН ЖАҢҒАҚТЫ¹

Батыры берен байрақты,
Ерлігі оның айғақ-ты.
Ерлері мінген арғымақ,
Аққу да мойын, сайғақ-ты.
Шағадам бойы-шар төбе,
Шаршыдан қалған нар төбе.
Шалдардың несін айтайын,
Бізден де қалған бар төбе.
Саратан, Сары тамыздан,
Сам жамырап іңірде,
Көзінің жасын ағызған,
Самсаған сардар зар төбе.
Солай да-солай бар төбе,
Атасы намыс – ар төбе.
Шағадам менен Жаңғақты,
Жан ішінде ән жатты,
Енді есен бол қос мұндық,
Өзекті кесіп қан қатты.
Ұлыған көздің қарасын,
Шудалы құйын шаң қапты.
Екі де көзде –
Бір бұлау,
Қалдырдық қанша Әруақты!
Қоштасу да – бір ерлік,
Қош, аман бол, ал жақсы!

¹ Шағадам, Жаңғақты – қазақтар ауызекі атап кеткен, туысқан Түрік-мен еліндегі жер атаулары. Кеңес үкіметі салған бұлағай мен қуғын-сүргін жылдары ол жерлерге біздің қандас бауырларымыз босып барып, ұзақ уақыт паналап, аман-есен елге оралды.

Аруана тектес бір бота,
Таң ата тағы сарнапты.
Жаңғақты да жайланған,
Шағадамды айналған,
Кер Бурадай керілген,
Езді көрсе жерінген,
Егеулі найза шал жатты.
Тәтті сөйлеп сұм ажал,
Оны да сосын жалмапты.
Кеткендерден қалмапты.
Қоштасу да – бір ерлік,
Ол да кетті, ал жақсы!
Дұға қылды көз көрген,
Қайран Шағадам мен Жаңғақты.

* * *

Жыр шашуым оқырманға бір-бір дәм,
Апта өтті, ай садақа, жыл құрбан.
Шыңғырамыз шындық деген шың-құздан,
Зындан жасап, зар ішеміз шын жырдан.
Көп дұшпаным
Көлеңкемді баптап жүр,
Кеше ғана кекшиісіп қыр қылған.
Жауларыңнан дос жасауға ғұмыр аз,
Ал досыңнан дұшпан шығар жып-жылдам.
Дегенменен бастырмадық көңілді,
Сүрдік солай өрттен ыстық өмірді.
Жақсы келсе босағадан сөз тындап,
Жаман келсе бергенім жоқ төрімді.
Оңнан шаттық, келер қанша солдан мұң,
Жасаған мен жарқырамас қолдан күн.
Көрмей-білмей
Жау санама ешкімді,
Шын тілекшің өзі шығар сол жанның.

БАЛҚАРАҒАЙ

Балқарағай жылады бәрін біліп,
Қарай бердім шерленіп, әлім құрып.
Жел-жеңешем жанымды жанарымнан
Сығып алып жөнелді сағым қылып.

Қайың құлап барады, солай ғұмыр.
Аман болсын, аламан, арайлы қыр.
Көп арманның көзінен моншақ теріп,
Мұнар басқан, мұң басқан тарайды іңір.

Қайың құлап, қаралы жыр жылады.
Қаратаудың сарқылды бір бұлағы.
Бесігінен безінген шаранадай,
Менің есіл жүрегім шыңғырады.

* * *

Мылтығым жоқ қарға көрсем оқтарға,
Қарамайды құзғын, сірә, жоқ, барға.
Керуендетіп кеңістіктің бойымен,
Базар шығып бара жатыр көп қарға.
Қарқылдайды ұша беріп саңғытып,
Орманым тұр саңғырықтан зар жұтып.
Сауысқандар саяқ ұшып күледі,
Қарлығашпен, қарындаспен аңдысып.
Құзғындардың топ жазбайды дүрмегі,
Қандай жаман тас төбеңнен күлгені.
Осы менің көріп келе жатқаным,
Қара жерде тәй-тәй басып жүргелі.

* * *

Желісінен құлын кетпей шұрқырап,
Жер төледе қымыз тұрар бұрқырап.

Ботасының көздерінде тұнық түн,
Аруанадан ақ сүт емген жігітпін.

Төрт түлігі жамыраған шаттығым,
Қоңыр қозы секілденген пәк күнім.

Шыңыраудан шырқай созып құлашын,
Ақ бураны атам тіздеп тұратын.

Сыңғыр-сыңғыр шыңыраудың көмейі,
Көңілі бай жоқ даланың кедейі.

Қайда барсаң дәм ұсынып күлімдеп,
Қараша үйге қонақ бол деп жүгірмек.

Неге ішіп сол көңілден қанбадым,
Неге жатып сол ауылда қалмадым.

Боз төбеде бордай болып езілген,
Бауырмал ел айналайын көзіңнен.

Сенің жаның жәннаттан да көркем-ді,
Таныдың ба, өлең-шалық еркенді?!

Неге кеттім нар қомынан құмдағы,
Өткен күннің өксігі ғой бұл дағы.

Сендік көңіл таза бұлақ, нұрдан-ды,
Еркелейтін енді ауылда кім қалды?!

Қара көрсек жүгіретін күн қайда,
Тап болдық-ау қара суық бір жайға.

Қабағын-ай тыжырынған қаланың,
Дуылдайды ұясындай араның.

Сатып кетіп, атып кетіп жатқаны,
Жек көреді тек өзінен басқаны.

Қалалықпыз, ал жүрегім ауылда,
Бізден сәлем уыз-көңіл бауырға!

Ауыл-көктем көңілінде бақшасы!
Ал қаланың жалғыз досы – ақшасы.

* * *

Өмір өтті жанға салып жара сан,
Өксік қысар өткен күнге қарасам.

Бауырыңа паналаған балапан,
Барсың ба сен, ақ қауырсын ала таң!?

Барсың ба сен, шоқтай ыстық мамығым,
Сенсіз өткен күндерімнің бәрі мұң.

Анау менің көп аунаған белесім,
Қалай айтсам қарғам маған сенесің?

Ақ боз үйдің шұрық тесік түндігін,
Көп аңсау мен келді, міне, мұңдығың.

Шаңырақтан жұлдыз қарап күлетін,
Шам жақпай-ақ әжем қымтап жүретін.

Ай жарығын шырақ қылып іңірге,
Ақ боз үйдің жатушы едім түбінде.

Жаным Әжем, маңдайымнан сүйетін,
Атап айтып ен даланың киесін.

Әжем кетті, Әкем кетті, Анам жоқ,
Панасыз жан саған қылар шарам жоқ.

Бір дің ағаш қалған екен көзкөрген,
Көзден таса қайран ауыл өзгерген.

Таныс ағаш, гүжім талдың етегі,
Көз ілейін көлеңке де жетеді.

Әлдилерсің бесігім боп, анам боп,
Тек өзіңе еркелеймін амал жоқ.

* * *

Жолаушының жолы болсын, жалғыздың,
Қарайлайсың қай ауылда қалды ізгің?!

Құлып салған жүрегіңнің сандығын,
Маған айтшы, ей жолаушы, жалғызым!?

Көп қарадың әлдекімді іздедің,
Төздің бірақ айтпай кеттің бізге мұң.

Бар, бара ғой, базаршыдан қалмағын,
Жел айдаған жер түбіне қаңбағым.

Қарашығын жасқа бөлеп көзіңнің,
Көңіліңнен бір құпия сезіндім.

Балапандай боз қанатын көп қаққан,
Көзіңе кім арман бөлеп, от жаққан?!

Сиыр тілін сумаңдатып жол жатыр,
Жолға түсті бір жолаушы, ол пақыр.

Кетті елес көзден ғайып жұтылды,
Мен білмедім нені ұтты, ұтылды.

Мұңы қалды туған елдің көгінде,
Жолаушы жоқ, өмір-сапар тегінде.

Жолаушыға жолың болсын деп жүргін,
Не боларын білер дейсің ердің кім!?

* * *

Осы менің жыр тағдырым мұңды аспан,
Мың жұлдыз бен мұнар жастап сырласқан.

Жеті қат жер, жеті бояу көк зеңгір,
Көктен шабыт, алдым аппақ жерден жыр.

Томағасын жаңа алған қырандай,
Шалқар шабыт берген бізге бір Алла-ай.

Көк найзағай іліп алып жөнелер,
Жасын жырды шоқтай бүркіп төге бер.

Базар барса әркім алар құмарын,
Жырдан басқа аларым жоқ шырағым.

Домбырамды дауыл соқсын тастаман,
Өнер-өмір, таппай қойдым басқа мән.

Құбылады саз тербеген көңілім,
Жырдан қашып құтылады тегі кім!?

Өлсең өлең, тірі күнде тірегің,
Тас болсаңда өлең іздер жүрегің.

Жеті саз бен жан салыпты Тәңірім,
Саз бен емде жүрегіңнің тамырын.

Өлеңді көр, өзінді көр танып бақ,
Өз-өзіңнен қаша көрме алыстап.

Қайран өлең – жүрегімнің қанысың,
Жүрек айтса – ол ақиқат, бәрі шын.

* * *

Алма ағашы гүлдеп-ақ тұр ертерек,
Көкте күнге, жерде кімге еркелеп.

Сары гүлдер, аппақ гүлер, шықтанды,
Таң көзінен тамаша нұр құт тамды.

Бүлкілдеген жүрек сынды көп гүлдер,
Күн сәулесін құшақ ашып өптіндер.

Жарық таңның қымбатын-ай тіріге,
Жарық сөнсе жоқ гүлдердің бірі де.

Сымбатын-ай, қымбатын-ай, құндысын,
Жарық сүйген менде сенің бір құсың.

Гүл төгілді жел базарлап бақшаны,
Алай-дүлей кетті бұлт боп аспаны.

Алма ағашы басын ұстап қайғырды,
Үзілген гүл жауып жатты айдынды.

Бәрі зая, сонау күнгі шаттықтың,
Жанарынан жарықты алды тас қып түн.

Гүлді кешіп, түн етегін түрінді,
Алма ағашы дір-дір етіп бүгілді.

Қобыз сарын тартылмаған күй еді,
Қарағайға қайың басын сүйеді.

Аяғаннан алма ағашын аймалап,
Қара түннен жылап тұрды ай қарап.

* * *

Гүлзар халық,
Ділмар халық,
Дана туған, көсем туған, ақыл-ман,
Сөз қалыпты тақ-тұқ пенен тақылдан.
Нұр іздейміз
Қабағынан өзгенің,
Кір іздейміз туыс пенен жақыннан.
Біздің шалдар,
Біздің дастан, біздің жыр,
Әр біреуі қол жетпейтін шың, құз бір.
Қаңсығына
Таңсық болып басқаның,
Ұл-қыз жүр.
Білім ізде
Дүниені арала,
Жан бабаңды жаттан төмен санама.
Сен өзгеден
Жоғыңды іздеп тауып ал,
Ал барыңа жат көзімен қарама!

* * *

Жан қалқаның жаны қалмай күлімдеп,
Жанған күндей жанарымен үңілмек.

Сол бір жүрек діріл қаққан лүпіл-ді
Бөле жарып кеткен кімдер бүтінді.

Енді есен бол қарашығы жанардың,
Таға алмаспын тіршілікте саған мін.

Көше бойлап жарық шамдар қарады,
Екі тағдыр түнге сіңіп барады.

Анау жатқан шағын қала бұйығы,
Мынау шатқал жаңбыр жеген иығы.

Көздерінде көк аспанның отты мұң,
Сен тоңдың ба, Мен де жылу жоқ күнім?!

Өз отыңа өзің жылын өшпегін,
Жанып біткен жүрегімді кеш менің!?

ҚОНАҚ БОЛДЫҚ..

(әзіл)

Ер жігіттің мұнайғаны
Қасірет,
Күлегешін көрсетпесін Құдайым!
...Шыдайын!
Жеңіл-желпі
Жалпылдаған
Жарқанат,
Ұшып-қонған ерсі екен сыңайың.
Қайран ерлер,
Қорғасындай ауыр-ды,
Жан сорасы білдірмейтін жауырды.
Еріндері
Қанатындай торғайдың,
Бұдан анау келіншегі тәуір-ді.
Қонақ болдық,
Қойдан жуас отырдық,
Аз төзімді тоқым қып.
Аты-жөнін
Жазып алды құрдасым:
«Алыс жолға алам», дейді, шопыр қып».

* * *

Әр әкенің өзіне сай ұлы бар,
Әрбір ұлттың өзіне сай мұңы бар.
Өзін-өзі менсінбейтін халықтың,
Өзгелерге қаншалықты құны бар.

Әркім болып етегіне жабысқан,
Жәреукені көре қалсаң намыстан.
Өзін сыйлап өзгелермен тең жүріп,
Шын достарға не жетеді табысқан.

Құл байғұстың құлдық қана өнері,
Құл болудың нағыз олар шебері.
Құл біткенге керек емес бостандық,
Бір қожайын жалғыз оған керегі.

* * *

Көз түсті қара сан мен мойындыға,
Қан сусар қанжар қанға тойынды ма!?
Жайраған қызыл ет боп шыға келді,
Көк бұқа сойылды да.

Терісін жинап алып таспа қылмақ,
Жасамақ мүйізінен басқа бір зат.
Бар еді көп сиырдың көз ғашығы,
Жоқ болды қас қағымда-ақ.

Семірді көзге түсіп батпансынып,
Көзіне жер көрінбей, аспансынып.
Бас салды бір семізге қыс келді деп,
Көп арық көк сіңірі жатқан шығып.

Жас бұқа соның бәрін көрген еді,
Көрсетпей семіздігін дөңгеледі.
«Арық», деп енді, міне, түрткілеп жүр,
Шамасы мұны да ажал өңгереді.

* * *

Құласаң нардан құла жаным інім,
Ақыл айтпақ жаманның бәрі бүгін.

Айтылмай сөз қалдыма бабамыздан,
Елді ойлар ер шықтыма арамыздан.

Арманы көп бейбақтың адым жерде,
Қараймын қамыққаннан сағым белге.

Дәурені өткен жанның аққан бұлақ,
Қайнаған қалың елден жатқан жырақ.

Жан інім, нардан құла жығылғанда,
Қайырын Хақтан тіле шыбын жанға.

Кім білген не боларын таң атқасын,
Жүрміз де Құдай өзі жаратқасын.

Бәрі де бір Алланың бермегінен,
Ажалдың кім құтылған ермегінен.

Рухың биік болсын заманыңнан.
Таспа алып тілсе дағы табаныңнан.

БАҒАСЫН БІЛМЕЙ УАҚЫТТЫҢ

Есен-сау келді ерке күз,
Төрлеткін енді келсеңіз.
Сары да көрпе, жез жиек,
Жатыңыз жаным сенсеңіз.

Жапырақ ғұмыр жаншылды,
Алыстан салған ән сынды.
Еміс те еміс естіліп,
Күз кетті сары алтын-ды.

Қыс келді сосын сұғынды,
Көрінген жанға ұрынды.
Күз де болса жақсы екен,
Өткен де күнім бұрынғы.

Дір қағып жүріп таң астық,
Ділгірге үнсіз қарастық.
Бағасын білмей уақыттың,
Бақыттан қанша адастық.

* * *

Қара жер жатыр теңселіп,
Қап-қара дауыл еңсеріп.
Шыққан да жанға көк аспан,
Қайғылы жанға жер серік.

Ұяттан ұлың жаралсын,
Әдептен қызың нәр алсын.
Құдайсыз істе мән бар ма?!
Дәстүрсіз елде сән бар ма?!
Шалдардың жолы сары алтын.

Күнге бар, мейлі, айға бар,
Күмпіген мақтан, сайран ал.
Көңілге-көңіл шомылар
Көрікті өмір қайда бар?!

Ықылас-ниет халалдан,
Қайда бар халал-адал жан.
Сыртыңнан қамдар дос қайда,
Туғандай бірге анаңнан.

ҚАРАША АЙЫ

Қарашада сені көрдім сенделдің,
Қарай-қарай қарғам саған мен келдім.
Қара көзің жасқа толып мөлтілдеп,
Оған дедің сенгенмін!..

Кешір дедің...Кештім сені жыладың,
Мойынымды жас пен жуып шыладың.
Екеумізге айтып жатты қос жүрек,
Ескі күннің бір әнін.

Үнсіз қалды қайың менен кара тал,
Мың жапырақ сыпсың қағып, бал ашар.
Жабыққанда жаным маған келерсің,
Бар ендеше, бара сал!?..

Тосып кетші ыстық деммен бір ерін,
Тоңазып тұр жүрегім.
Айдыныңнан қанат қағып тағы ұш,
Аққулармен бірге менің тілегім.

* * *

Көзінде көптің тұр қайғы,
Көп айтып қайтем бұл жайды.
Сар табақтан ас ішкен,
Сасқанда сатпай тұрмайды.

Мәңгүрттігін мән қылған,
Көсемнің атын сән қылған.
Қой бағып құмда жүрседе,
Тақырбас шалды ән қылған.

Тізесін бүгіп құшқан-ды,
Тілеуін тілеп ұшқан-ды.
Талайдың тілі шығып жүр,
Тамырын бассаң дұшпан-ды.

* * *

Сен келдің де ауыл іші нұрланды,
Қызды сүйо ұлдан-ды.
Талай ару көлеңкеңде көрінбей,
Көкте күннен құр қалды.

Сен келдің де мұнар шалды қыздарды,
Көздерінде сыз бар-ды.
Енді, әрине, өмір ғой, бұл, бақ талас,
Ай арулар өз күндерін қызғанды.

Сен келдің де бой түзеді боз бала,
Сендік есім болып жатты сөз ғана.
Бізді қойшы батар күннің жамалы,
Жүрегімді қозғама.

САРҒАЙҒАН САРАЙШЫҚ¹

Сарайшық – ұлттық тарихымыздың темірқазығы, киесі, кестелі дастаны, өнеге мен өрнекке толы мұрасы. Елдігіміздің күре тамыры – ұлдарының махаббатына, ұлтының қамқорлығына шөлдемеуі керек. Сарайшық – ұлттық рухымыздың айбары мен айбыны, серпін берер мақтанышы.

Автор

Сор дәурен, құлаған күн, жылаған құм,
Қол жайып көктен медет сұраған кім?!
Орданың ойраны бар, сайраны жоқ,
Құлағын кер қобыздың бұраған кім?!

Қай дауыс, мына дауыс, жеті көктен,
Жем болып, жерден ада, есі кеткен.

¹ Сарайшық – ортағасырлық қала. Атырау қаласының солтүстігінен 55 шақырым жерде Жайық өзенінің оң жағалауында орналасқан.

Сарқамыс, сақау құдық, шашылған күл,
Бір сұмдық, Сарайшықты жетім еткен.

Бұлт көшті бұлағайлап қан-қан күрен,
Қасқаның іші толған арман білем.
Көмусіз көп сүйекке торғай қонып,
Зарлайды дұға қылып таңнан кілең.

Есіл жыр, ерке құлан дүбірлеген,
Есеңді алып өлші бүгін менен.
Қазақы қара өлең хан шатырлы,
Қанша жау шапсадағы бүгілмеген.

Басынан әр төбенің шырақ жағып,
Қанатын қанға бөгіп сыңар қағып.
Нұр шашып тіріге де, өліге де,
Таң атып келе жатыр қылаңданып.

Жан едім, жанып-күйген өлең едім,
Шыбын жан, не сұрайсың, көбелегім!?
Шырылдап өтіп барам жалғаншыдан
Өз қайғым – тілеп алған бөгелегім.

Су сеуіп қанатыңмен жүрегіме,
Бес қару кеттің іліп білегіме.
Сарайшық, Алтын Орда, кемиек құм,
Кемсеңдеп не демексің қыр еліне!?

Қызғыш құс, қиғаш қайда ұлы құмда,
Кімдер жүр, кіл лашынның тұғырында.
Күймелі дәурен сыңсып бара жатыр,
Жез қоңырау Ақ Жайықтың бұрымында.

Сарайшық, сансыз мола шегінеді,
Көңілім көк жаңбыр боп егіледі.
Жайықтың ақ төсінде ойнақ салып,
Шағала шартық жемсау не біледі?!

Ақ Орда, Алтын Орда – жатқан жалын,
Ашылмай ауған дәурен тақтан бағың.
Желкелеп жеңген құзғын басып жатыр,
Қараойдың қансыраған қасқалдағын.

Құны жоқ жеңілгеннің қара бақыр,
Әлсізге күнде келмек заманақыр.
Бұрқырап төс етінен қасқалдақтың
«Өлдім» деп өлең ұшып бара жатыр.

Көрерміз көрмегенді елмен бірге,
Айтармыз жанның сырын теңнен кімге?!
Мысалы: Сынық күзе – Сарайшығым,
Аңылжып азынайды желмен бірге.

Жау жыртып гүл етегін паршалаған,
Қарайды хан-салтанат қанша заман.
Сан мұңдық шағыл бойлап көшіп жатыр,
Кірпігін толған айдың қалқалаған.

Абыз құм,
Аталық бел, аналық көл.
Айналып ата құзға баралық кел.
Кең Құдай кеңес қылсаң айтарым сол,
Даламның тілін білер даналық бер.

Сыр толғап қара тастың өзегінен,
Сүйсем бір маңдайынан кезегімен.
Сарайшық саған келіп үнсіз тұрмын,
Сайраған қызыл тілмен безеніп ем.

Көңілім алай-дүлей мұңданады,
Түрулі заманымның бір балағы.
Тағыда құмай қуып, қоян қашса,
Артында сол сүргіннің кім қалады?!

Ел еді Алтын Орда алшаңдаған,
Бұл күнде бұқпа болдық жалтаңдаған.

Қоянға құмай құдай,
Қойға – қасқыр
Әлсіздің күні қараң қалтаңдаған.

Ұл зарлық, қыз қалқаның қор жүрегі,
Бағытын бақ пен сордың жол біледі.
Тамшы жас шым түбінде шыңыраудың
Шындығын тарихымның сол біледі.

Қош енді,
Қоңыр төбе, сырлы мекен.
Мен байғұс мекенімді жыр ғып өтем.
Жылға сай, жылым біткен,
Ұлын күткен,
Сарғайған Сарайшық та мұңдық екен!

Қара түн сондағыдай бәрі, міне,
Бозғыл тау, сабан қора, кәрі күде.
Аттандым жалғыз түнеп Сарайшыққа,
Қол жайып аманаттап Тәңіріме!

Өз ұлын ұлы дала аңдап жатыр,
Тігіп жүр өңкей әруақ таңнан шатыр.
Шашылған бас сүйек пен төс сүйектің,
Ішінде көп тістеулі бармақ жатыр.

Жөнелдім мен де шайнап бармағымды,
Тапсырып жанға жырды, таңға мұңды.
Тар жерге тағы келдік, жаным Алла,
Қор етпей, зор етпексің алда кімді?!

Күн шықты күлім қағып, түнім кетіп,
Жыртығым жамалғандай, тінім бекіп.
Сарайшық саған қайта келем әлі,
Сардарын сан арманның дүбірлетіп.

Желегін желмен жайқап гүл-баһардың,
Ай сауып, ақ сүтімен сырлатармын.

Алтын зер, күміс күмбез мұнараңнан,
Әлемге ұран салып, үн қатармын!

Өткеннің өрнек алып елесінен,
Үміттің жүзіп келем кемесімен.
Біз де бір құралайдың лағымыз
Адасып маңыраған енесінен.

БАҚЫТТЫ ҚҰЛДАР

Жарқыра көңіл, жарқыра,
Жан берер күнің бар сірә.
Көзіңде қанша мұң жатыр
Айналып кеткен тамшыға.

Жарқыра жанның шуағы,
Жан кетсе кеуде құлады.
Аз ғана күннің бақытын
Алақан жайып сұрады.

Жарқыра менің жан құсым,
Сыбызғы сарын таңбысың.
Тұрдың ба өлі төсектен –
Бармысың Сабыр, бармысың?!

Ажалы қолтық демеген,
Адамдар түсті кемеден.
Оянған жандар аман-сау,
Бақытты құлдар не деген!

ЕР ӨЛГЕН ЖЕРДЕ САЙҒАҚ БАР

(Маңғыстау, саған арнадым!..)

Тасөкпе қырдың шұбары,
Шұбалаң құйрық мұнары.
Шұрық та-тесік көк аспан
Тірліктен қанған құмары.

Көзінен жасы мөлтілдеп,
Көк аспан жылар селкілдеп.
Қасқа да бұлақ күміс жал
Барасың қайда еңкілдеп?!

Қарлықты қарғам тамағың,
Даланың көзі нала-мұң.
Ебелек пенен сүртеді
Еліктің қанды жанарын.

Дүбір де дүбір дүркін-ді,
Дүбірлі дәурен бір түрлі.
Бекеттің¹ арқар-ғауынан,
Беймезгіл құлжа үркінді.

Күреңде қасқа ұлы жыр,
Сөзінде көптің мұңы жүр.
Жатпай ма екен қызыл тіл,
Жақ ішінде құрығыр?!

Жаси да көрме асқақ жыр,
Жаралы жаның қақсап жүр.
Сорға да шөгіп кер үлек,
Сормандай нені бастап жүр?!

Келені көзге ілмейді,
Кезеніп ерді тілдейді.
Боталы келе

¹ Бекет – Пір Бекет – киелі мекен.

Бор құмда,
Барарын қайда білмейді.

Аспанға шапшып оқталған,
Өмірін өртеп от шалған.
Көкірек тұсын паршалар,
Көкбөрі ұлып Отпаннан¹.

Бауыр да болсаң құлақ тұр,
Бауырын ұстап құлап тұр.
Таңдайында құланның,
Маңдайында құлынның,
Біздің де тарих жылап тұр.

Қайнарлы бұлақ Қаратау,
Қанды өзегі жара тау.
Көз ұшында бір ноқат,
Құтырған құйын, нар асау.

Боздаған көңіл талмайды,
Көктен бір көзін алмайды.
Ойран да болған молалар,
Сен қашсаңда қалмайды.

Сағана тамдар сарығып,
Құлпытастары қарығып,
Жолап та кетсең сыр шертер
Таңдайдан теріс жарылып.

Самал да желді бұлатар,
Сары атанды құлатар.
Қыналы тастан аққан жас,
Қырық ру елді жылатар.

Сырық бойлар сына бар,
Сыналы таста мұра бар.

¹ Отпан – киелі мекен.

Сұқты көзі сұрланып,
Сұғанақ иттей ұрланып,
Ат кекілін кесіскен
Ата бір дұшпан сығалар.

Әулие тербеп талған жер,
Алладан медет алған жер.
Қылышын қанға малған жер.
Боздақтан небір қалған жер.

Ер Төлеп пен Шабай бар¹,
Тойнағы бөлек талай бар.
Балуанияз, Ер Қармыс²,
Ерлерді туған адай бар.

Жан беріп, сосын, жан алған,
Жансауыт киген ажалдан.
Көкте бір жасын ойнаса
Көзіне келіп қадалған.

Шемені қоздап шерленген,
Шерленген көңіл езгеннен.
Қағынан жеріп қасқиған,
Құланға мерген кез келген.

Беглердің бегі мерген-ді,
Беглерге берен ерген-ді.
Аманат жанды тапсырар,
Қайран да ерге жер келді.

Қаралап аспан тұр әлі,
Тарқады елдің құралы.
Ереуіл аттан еңкейіп,
Есіл де ерлер құлады.

¹ Төлеп, Шабай – бәрі де ел үшін басын берген, қанын төккен батырлар.

² Балуанияз, Қармыс – бәрі де ел үшін басын берген, қанын төккен батырлар.

Қайнарлы бұлақ сарқылды,
Қайғының көзі аршылды.
Дүлдүлдің жасы моншақтап,
Аспанға шапшып тарпынды.

Көкмойнақ мінген ауыл-ды,
Күмістен тұрман салулы.
Ер өлген жерде сайғақ бар,
Сайғаққа тұлпар таңулы.

Ерлерді ажал қылғытып,
Иесін тұлпар тұр күтіп.
Құлан да тағдыр көкмойнақ,
Мың жылдық жасын жүр жұтып.

Ер өлген жерде сайғақ бар,
Бәйгіге басты байлап бар.
Адайы жылқы шаппаққа,
Ай бетінде айлақ бар.

Күн бетінде-ай күміс бар,
Күмістен таза ырыс бар.
Тегін де шаппас текті еді,
Көкмойнақ шапса бір іс бар.

Қанға да бөккен бұрым тұр,
Бұл ғасырдан бұрын тұр.
Әр жусанның басында –
Әләйда жалған жырым тұр.

Төгілмес төрден бекер жыр,
Абылдан¹ қалған шекер жыр.
Атамыз Адай² айғақтап,
Қазығын қаққан мекен бұл.

¹ Абыл – атакты Абыл жырау.

² Адай – Ата кесенесінің орналасқан жері.

Әркім де елге ғашық дер,
Әлдилеп әнге басып көр.
Қайтейін сені Маңғыстау,
Кеудеме сыйсаң жатып көр.

Жаралған нұрдан Адай-ды,
Жанынан шуақ тарайды.
Сайғақ та сайын бір тұлпар,
Сәріден таңға қарайды.

Ер өлген жерде сайғақ бар,
Сайғақты жерде айғақ бар.
Шейіттер жатқан мекенге,
Сайланып белді байлап бар.

Шар тарап майдан жол алда,
Шаршыға түскен оңарма.
Ұлан да байтақ Маңғыстау –
Ұрпаққа қоныс болар ма?!

Боз жусан бұйра шаңдағым,
Заманның зарпын аңдадым.
Кеудемде сертшіл жүрек бар,
Маңғыстау саған арнадым!

Қайралып жырым жетілді,
Дауылға бұрдым бетімді.
Қаңтарда жарап тарпыған
Қарашыл бура секілді.
Қара өлеңменен
Тураған,
Ұсындым жүрек етімді.

Мұндастық сырмен жандағы,
Кеудеде күмән бар-дағы.
Алтын да арқау Маңғыстау,
Алаштың қара шаңырағы.

Баса да көрме жаңылып,
Қол жайдым Хаққа жалынып.
Сен сарқылсаң Маңғыстау,
Жалғанда жүрмін нағылып?!
Салт-дәстүрдің
Сандығы,
Маңғыстау сенде бар үміт!

ҚАНДАСТАРҒА

Ежелден туыс тінің бар,
Ағаң бар, аппақ інің бар.
Қаралы күні бас сүйер
Қандастан басқа кімің бар!?

Олар да жалғыз ол жерде,
Біздер де жалғыз бұл жерде.
Жалғыздың құны көк тиын,
Жауларың жатса іргеңде.

Итерген бізді орға кім!?
Батырған басып сорға кім!?
Қазақтың қара баласы,
Құдайдан соңғы қорғаның!

ӨЗІҢНЕН ШЫҚСЫН JAҚCЫЛАР

(Бір жолаушы жігіт ғылыммен айналысып жүргенін, мүмкін болса өркениетті елдердің біріне кеткісі келетінін айтты. Әрине, өзге елде жүріп-ақ өз халқыңның арын қорғап, мәртебесін көтеруге болар, дегенмен білімді ұлтың үшін алып, ұл-қыздарыңды өз тамырынан айырмағанға не жетсін.)

«Бірің де шекер, бірің бал.»
Халыққа тисін қайырың.
Ұлтың үшін білім ал,
Ұлдың көрсін зайырын.

Нұрлы жүрек, ақыл-ой,
Аз халықтың қорғаны.
Білімді перзент жаның ғой,
Сүймесе ұлтын сор-дағы.

Құлқыны құрдым құл тусаң,
Көн қатқан соң тулақсың.
Қаршыға қанат ұл тусаң,
Қайырма көкті шулатсын.

Созғанмен қолың жетпейтін,
Жат кінәмшыл, баққұмар.
Өзекке тепсең кетпейтін,
Өзіңнен шықсын жақсылар!

ГҮЛ МЕН ҚЫЗ

Ұзагтым
Бүгін айды тағы міне,
Суалды сұлу айдың жағы міне,
Қош айтып бірте-бірте жұлдыздарда,
Бастады түн ауғанын бәрі біле.
Бір тамшы жас секілді
Ай дегенін,
Болып жүр ай-көңілім қай дегенің.
Тағы да күт ақыным дейді мені,
Ескертіп бүгінгіден жай келерін.
Күтеміз,
Айдан басқа кіміміз бар,
Ай құшақ ару болса жырымыз бар.
Ай ауды,
Ақын қалғып,
Маужырады,
Осындай оңаша бір сырымыз бар.
...Арулар, тұрыңыздар, тұрыңыздар!..
Ақынбыз: біріміз – тал, біріміз – бал,
Ай тектес аруларға жырымыз бар!
Таң атты, тұрыңыздар!..
Тұрыңыздар!..
Күн сүйіп жүздеріңнен
Күлімдесін,
Бас исін шынарлы шың, ұлы құздар!
Жасасын гүл менен қыз,
Ай менен күн,
Тұрыңыздар!..Тұрыңыздар!..
Бас иген ұлы құздар, ұлы қыздар!..

ҚЫРЫМНАН ҰШҚАН ҚЫЗҒЫШ ҚҰС

I

Жаралы қанат көгершін,
Зауалды қалай бөгерсің.
Зар күніне тап келдік,
Жараулы бура не көрсін.

Айтарға тілім тосылды,
Айналып дауыл қосымды.
Қылша мойын Қызғыш құс,
Қырымнан ұшып шошынды.

Қанатын қанға бөктірген,
Қайратын көрдім көптің мен.
Тоқымын жайып тоз күннің,
Бармақты тістеп өттім мен.

II

Ер кеудесін дерт үккен,
Шерімді тарттым шертіп мен.
Әлсіздің күні құрысын
Әудем жер жүрсе еңтіккен.

Көрсетті күшті бағасын,
Көңілін қалай табасың!?.
Үркердей ғана Қазақтың,
Сақтар да Құдай баласын.

III

Ал, не бітті, сөз берді,
Айныды сөзден көз көрді.
Күштінің демі көк дауыл,
Құрсаңған қыстай өзгерді.

Төркінін сөздің ойлап жүр,
Төріңде кімдер тойлап жүр.
Тамағында Әлсіздің,
Күштінің тісі ойнап жүр.

Алтынды орда дерегім,
Шалқыған шалқар ел едің.
Бар ма қазақ бұл күнде,
Құдайдан басқа сенерің!?

Білмеген жаман шамасын,
Айырмас ақ пен қарасын.
Қырымнан ұшқан қызғыш құс,
Қиқулап қайда барасың!?.

ЖАЛҒЫЗ МОЛА

I

Кеш гүлдеп шегіршін тал шегінеді,
Кигені қарлы қыстың кебін еді.
Құнан нар құм жайлаған елден шалғай,
Аяғын бір басуға ерінеді.

Тобылғы ырғай шыбық қара сіңір,
Жанымның тобылғымен жарасы бір.
Көлбеу қыр, көрнеу сокпақ, жалғыз мола,
Алаштың арды ойлаған баласы бір.

Ақ қырғын, қызыл қырғын, қанды бүлік,
Кеткен кез құл мен құтан, нарды жығып.
Басынан шырақ жағып құлпытастың,
Қарайды қара шәлі жалғыз үміт.

II

Құлдық бар санамызда үргектеген,
Ел едім ерлігіме тіл жетпеген.
Белгісіз батыр дейді жалғыз мола,
Жалғанға кімдер келіп, кім кетпеген.

Жалғыз тұр жалғыз мола шалғай барып,
Сайрайды сары торғай таңдай қағып.
Өзгеше бір дауыстан жаным сергіп,
Барады құлағыма балдай жағып.

Тартады көл жасаурап, теңіз демін,
Менде сол көшкен бұлттай сезімдемін.
Көрсетпе бақ сыйласаң мырза Құдай,
Қазақтың қалғып-мүлгіп езілгенін.

МАҢДАЙЫНА ДӨП ТИДІ

Атамекен жүзің моншақ төгілген,
Қабырғаң бар қан-қан болып сөгілген.

Адуын бұлт, аппақ нөсер сел едім.
Толқындармен жағаласқан ел едім.

Нар қамыстай кескілеген бір-бірін,
Кім айырар кіл міскіннің кіндігін.

Шың басында шыңғырады шындығым,
Ішіп алып бейбақ көлдің қыр мұңын.

Мұң ішінде қу тірліктің зәрі бар,
Өргеу жанның енді қанша әлі бар.

Өртеніп тұр батар күннің өзегі,
Дертті жанның өлең тыныс, сөз емі.

Батты күні айдың тәнін түн мүжіп,
Тас көшеде мас болып жүр бір жігіт.

«Қазақстан кімдікі!?!» – деп, жылап тұр,
Мұның өзі тарих енді ұзақ бір.

Көше бойлап кетті дауыс түн жарып,
Түрлі қазақ түп атасы бір халық.

Түрлі қазақ – нокталы бас, көп жетек,
Көреміз ғой істің соңын өлмесек.

Мас жігіттің қан шекесі жылтылдап,
Бір сұрақты мың қояды қылқылдап.

«Жынды ғой» – деп күлді біреу тырқылдап,
Біреу масты көтеріп жүр «тұр-тұрлап»

Жат жымыып аттап өтті ақырын,
Жылап жатыр, әлгі, менің пақырым.

«Атамекен – арым ғой» – деп егілді,
Алға басты, сосын артқа шегінді.

Тас көшенің таңдай тұсы тақылдап,
Мас жігітке ұрсып жатыр қақылдап.

Бәрі ақылды мас жігіттен басқаның,
Жанында мұң жарық мандай қасқаның.

Көрінген тас маңдайына дөп тиді,
«Атамекен кімдікі !?» – деп өксиді.

Үндемейтін момын едік сыр ашып,
Бір мас жігіт кетті бізді жылатып.

* * *

Жолаушының періштесі қасында,
Періштеңнен жан сырыңды жасырма.

Дұға қылғын бел-белесте молаға,
Дұғаңызға жалғыз зәру сол ара.

Сауабынан жолға тіле амандық,
Сауаптыға бола қоймас жамандық.

Періштеңнің ақ қанаты нұрлансын,
Әр төбеге бір періште жыр қалсын.

Періште жыр қызғалдақ боп ырғалсын,
Қауызында сыр қалсын.

Төңкеріліп төбе біткен ереді,
Құбылаға құлдан дұға керегі.

Жолың болсын періштелі жандарым,
Сапар алды дұғаңызды арнағын.

Хаққа мәлім жолаушының дұғасы,
Дұға қыл да жолыңа бақ сұрашы!?

Жол мұраты қалауында Алланың,
Қолды жайдым, жалбарындым, зарладым.

ЖЕЛІ ТАРТТЫМ САРЫМНАН

Кеңес те берген кебінмен,
Емінген дұшпан, елің жем.
Қасқа айғырдың баласы,
Шапқаннан басқа не білген!?

Көл бір біткен көгілдір,
Көпке де таныс өмір бұл.
Мамырлаған ел-жұртың,
Мамығын қайда төгіп жүр.

Ел асып қайда бармақпыз!?
Жантайып шөкті жарғақ құз.
Үйірге салып жабыны,
Қасқаның елін алдаппыз!

Жел-құздан бойым қабынған,
Желі де тарттым сарымнан.
Ер Махамбет¹ түсімде,
Жырлап тұр солай Нарыннан.

КҮШТІНІҢ АУЗЫ ҚИСЫҚ, СӨЗІ ДҰРЫС

Анау кім!?.
Аю сынды талтақтаған.
Табаны тас үгітіп, тал таптаған.
Күштінің аузы қисық, сөзі дұрыс,
Әлсіздің күні құрсын жалтақтаған.

Ел тонап ежендейді ұры-қары.
Ел отыр етек басып, құрып әлі.
Көзінен жас тамшылап көк бас таудың,
Көкжалдың қандай жаман ұлығаны.

¹ Ер Махамбет – Махамбет бағыр.

Не қаласа бәрін де тендеп бергем,
Туысым, туғанымда: «Сен!..» – деп келгем.
Жел айдаса қаңбақтың халі мүшкіл,
Алашты сақта құдай жендеттерден.

Алып жүр бізге қарап жат тынысын,
Сен байғұс не істедің сақтық үшін?!
Көршіге жарымаған ел болдық қой,
Көтерген күнде ақырып ақ қылышын.

* * *

Қар жамыла қалған екен мына қыр,
Жер ырысы бұ да бір.
Қалқам, кәне, қарға аунайық ақ төсек,
Өп-өтірік құла жүр.

Мен де келіп сәл сүрінген болмақпын,
Сәні қандай ақ торғынмен, сол бақтың.
Қыз бағасын ерте сездік дегенмен,
Қар бағасын кеш түсініп қорлаппын.

Қалтырайды қар жамылған қыр үсіп,
Қара боран келер сосын ұрысып.
Қолың тисе дәл осылай жет елге,
Қар үстінде ерініңмен жылытып.

* * *

Жанарыңнан жан сырыңды тамызып,
Үмітінді қал үзіп.
Ең соңғы рет таңдайыма қатайын,
Ерініңнен бал үзіп.

Жанарыңның жасымен жу жүзімді,
Үміт солай үзілді.

Қаңқылдаған қаз барады төбеде,
Қайдан ғана сағыныш боп тізілді.

Қанатынан сорғалады сор жасы,
Өмір сол ғой болмашы.
Ал, ендеше жол ақысы жүрген-ді,
Қош, қалқатай, ондашы!..

СЕН, ҚОШТАСТЫҢ БА?!

Сен, қоштастың ба,
Сен, қоштастың ба,
Ойнаған өлкеңменен.
Арманның ақ кемесін ақ сәуле желкендеген.
Сұрама ертең менен, еркем менен,
Барамын көре алмай, жерімді көрсем деген.

Сен, қоштастың ба,
Сен, қоштастың ба,
Ақ бесік – ауылыңмен.
Бұрымың бұлғақтаған, періште дәуіріңмен.
Әуремін дауылыммен, күн санап сауығым кем,
Қоштасқын ауылыңмен, бір туған бауырыңмен.

Сен, қоштастың ба,
Сен, қоштастың ба,
Гүл-бақша орманыңмен.
Орның бар жан едің ғой, бір тал гүл болғаныңмен.
Көл жылап жасаурайды, көрмесін ол да білген,
Көргенін олжа білген.
Өксіме, жүр қалқатай, жүрек жоқ өртенбеген?!
...Өртенбеген!
Өзге күн, ертең деген.
Өткен күн – бір тамшы жас мөлтендеген.
...Басқа күн ертең деген.

ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ ЖӘНЕ ЖАН ТАЗАЛЫҒЫ

«...Кішкентай қыз теледидар экранынан Африканың аш балаларын көрген кезде, олар жесін деп нан қоқымдарын теледидардың арт жағындағы саңылауларына үнемі тастап тұрған екен... Біз мейрімділікті кішкентайлардан үйренейікші, ағайын!»
«ҚАЗАҚСТАН-ZAMAN» газеті (авт. М.К.)
27 ақпан 2014 жылан жылы

Құла жирен, құлаша таң, құла таң,
Айыр бура, шудалы бұлт , бұла таң.

Өркешінде өркениет жылап тұр,
Өмір деген Тәңір-алды сынақ бір.

Нардай шөгіп тау біткеннің қарасы,
Боздап жатыр нар қоспақтың баласы.

Желбұйдасы жібектен-ді ғасырдың
Шырмап алды шырғал шыңның басын мұң.

Қайыс тартпа, күміс доға, айыл-дүр,
Ер құлауға, ат тулауға дайын жүр.

Астан-кестен ер-тұрманы бауырда,
Жыланбауыр қамшы ойнайды сауырда.

Төбінгісі терге малшып жыртылған.
Әлем сенің әлем-жәлем түр-тұлғаң!

Бір сұмдыққа бет түзеген кекілдім,
Қайырады бұл сұмдықтың бетін кім!?

Маңдайдан қан, көзден жасы кетпеген,
Жұмыр жерде жүріп келем еппенен.

Жетім көген, жесір желі, қыл шідер,
Көңіл босап, көзіңе жас іркілер.

Бота боздап, құлын жүрек шұрқырап,
Көрінгеннен көңілге бақ тұр сұрап.

Қара тастай ниет біткен күмілжі,
Ауыз ашсаң көмейіңе үңілді.

Маңыраған қошақандай түртіншек,
Қу тірліктен қалар пенде бір күн шет.

Бәрі жалған, өткінші бұлт күркілдек,
Ақ жаңбыр боп жылап алар бір күн кеп.

Көз жасыңнан өмір-дастан тамшылап,
Ажал келіп айыл-төстен жаншымақ.

Сол бір сәтте иманнан гүл іздерсің,
Тән қалауын Тәңір тұсап, тіздерсің.

Жан сарайың гүл тағынсын иманнан,
Хақтан мейір, халалдан дәм жиған жан.

Болашақтың жарқын күні – жан нәрі,
Нұрлы талап, таза рух бар мәні.

Сәби тілек – мөлдір бұлақ нұрдан-ды,
Жан кірлесе жаһанды Хақ ұрған-ды.

Бүлдіршіндер жұмыр жердің қорғаны,
Жүректерім бұлбұл құстай тордағы.

Жан тазармай жарқырамас күніміз,
Өңкей дүрміз, өзімізшілміз, ұлымыз!..

Кісіліктің келбетінде барлық бақ,
Алтын берсе ауыстырма сандықтап.

Иман-ұят, ар мен намыс, әділдік,
Соқыр әлем сол даңғылдан жаңылдық.

Сәби көрсең: «Періште!» – деп мақтап тұр,
Солар үшін Құдай жерді сақтап тұр.

Тазалыққа тәуелдіміз кіл мұңдық,
Әр бүлдіршін бір-бір бақыт, бір-бір құт!

Жолдас болмас атақ-мансап, жиған да,
Жарқын күннің жалғыз кілті иманда.

«Мәңгілік ел» болмақ болсаң зайырлы,
Ұл өсіргін қанағатшыл, қайырлы.

Ханың болсын құдай сүйген ұлықты,
Қызың болсын ұлыңа сай қылықты.

Халқың болсын иман шамын күзеткен,
Бірін-бірі үнсіз сүйген ізетпен.

Құдай сүйген ғалым менен ғылымды,
Бала сұра ұятты һәм ұғымды.

Көкірегін мұнар басқан, шаң басқан,
Біздің ғасыр қан тілеген алдаспан.

Жатсақтағы арам пиғыл, жастап кір,
Дүниені СӘБИ-ТІЛЕК сақтап тұр!

Сәби күлді, күлкісінен бақ таптым,
Бала тілек, шырын шындық, аппақ күн.

Тазалықтан ажырамас жүрегі,
Сәбилер ғой тыныштықтың тірегі.

Бай – патшасы, би – төресі заманның
Сәбилерге кілтін берің ғаламның!

КҮНІНДЕ АРУ ЕДІ...

Бәрі де қалжыраған қарайғанның
Өзі жоқ, қазығы бар талай нардың.
Сиреген,
Селдіреген торғын сынды
Іріп тұр бет пердесі сарайлардың.

Ойылған терезесі, босағасы,
Қасқаның қайда кеткен отағасы.
Осы ма көрген шындық
Білген сұмдық
Көңілім көрінгенге босамашы.

Ауыл тұр
Түлігі жоқ, түндігі жоқ.
Мысалы, бір күні су, бір күні от.
Қай зарын
Қарашаның жеткіземін
Күнінде ару еді бір міні жоқ.

* * *

Бәрі өсек оңға қара, сол да сын.
Жаназана ерітіп жүр молдасын.
Өзгереді Адам түгіл дүние
Айдың күні, күннің жылы толғасын.

Көктем шуақ шашатын-ды көк гүлдеп,
Көп күледі гүлін таптап өттім деп.
Сосын мен де бура сынды бұрқырап,
Боздап жүріп жырдан нөсер төктім кеп.

Шалғай барып шаршы топтан құладым,
«Құлады!..» – деп салып жатыр құл әнін.
Ешкімді де көргім келіп жүргем жоқ,
Тек тезірек өтсе екен бұла күн.

АЙДАР ИШАН¹

Орынжан²
Олда біздің ініміз-ді,
Оларсыз көрсетерміз кімімізді.
Қолдасын
Айдар Ишан бәрімізді,
Тарқатпай аз халықтан тінімізді.
Қол жайып
Сонадайдан тілек қылдық,
Тілейді тілек тірлік, жүрек құлдық.
Бір Алла өліге де, тіріге де,
Қайырын Хақтан сұрап күзет қылдық.
Ұйқысыз таң атырдық шаттанысып,
Барады ақ қауырсын ақ таң ұшып.
Шалдардың шапанына оранып ап,
Жатқанбыз «Маңғыстау!..» – деп мақтанысып.

ТАС ЖҮРЕК

Шағын ауыл бір шенеунік күжілдек.
Қорқытады менің қолым ұзын деп.
Қатқан нан мен қара суға тойғызды,
Халық отыр аққан тердің тұзын жеп.

Шаңы шыққан шағын мекен шалғаймыз,
(Таңдай болса татып көрер балдаймыз)
Өткен күнге сынық ине сабақтап,
Өзімізді сырмақ тоқып алдаймыз.

Күжілдектің екі көзі шенде жүр.
Дәл осылай дәмелі жұрт, кенде өмір.
Соның бәрін көрмей-білмей жүрсің бе,
Тасжүрек жан екенсің ғой, Сен де, – бір!

¹ Айдар Ишан – Айдар ишан әулие.

² Орынжан – сол әулиенің ұрпағы, қорым басындағы шырақшы.

ЖАТ ҚОЛЫНДА ЖАНЫМНЫҢ БӨЛШЕГІ ЖҮР

Қазақтың қаракөз балаларын шет құрлық, жат елдерге алып кетіп жатыр. Қазақ халқы бауырмал еді, мұның да пейілінің азғаны ма!?!.. Аласапыран дүниенің өткені өксік, жетпегі не сонда!?!.. Жетімдердің дауысы жер түбінен жетіп тұр.

Автор

I

Бек сайлап берген жұрт, алаған қол,
Мынау жол елді ессіз талаған жол.
Қазақтың ен байлығын судай шашып,
Тұр, әне, жең ішінде санаған қол.

Надан тұр соқыр сана, көзі ғаріп.
Отан тұр көздерінен төзім ағып.
Елінен жетім ұшты құрлық асып,
Елінде: «Неге!?!..» – деген сөзі қалып.

II

Бал жедің, бала саттың басқа құрып.
Өлсеңші маңдайыңды тасқа ұрып.
Біздерді кімдер қайта жасап алды,
Безбүйрек берекетсіз қасқа қылып?!

Өлеңім – бесік болсын құлындарға!
Ен, алаш, сенен басқа мұным бар ма!?
Бақытты бола алмайды қалың қазақ,
Жат жерде жылап жүрген бір ұл барда!

* * *

Сайран бел
Сары шегір самның құмы.
Ақбөбек – зардың жыры, жардың мұңы.
Боз төбе
Жалды қара, жалпақ қырат,
Мысалы жолда қалған нардың жүгі.

Бебеулеп
Сай-қолатта сары қамыс.
Сарыны, салған зары бәрі қалыс.
Ауыл-үй
Аңғал тірлік, бейбіт мекен,
Ер көдек, жасы жалын, кәрі шалыс.

Қанша таң
Қайта туып басталмады.
Кіжініп көз шығарып бас жарғалы.
Сұлу көл, суда қалған ақ сазандай,
Ай жүзіп бара жатыр аспандағы.

* * *

Шахзада шахтың ұлы мінгендей ме,
Айтарға мұнан артық тіл келмей ме.
Қыл құйрық,
Қылаң жүйрік, құлан шатыс,
Боларын бір сұмдықтың білгендей ме?!

Елеңдеп қайшылайды қос құлағын
Еркелеп ен жайлаған жоқ бұла күн.
Қоқаңдап қойшы бала мініп алды,
Ауылдың бағып жүрген тоқты-ылағын.

Қой мен қой, ешкі менен ешкі болды.
Елпеңдеп еріп жүріп бесті болды.
Ақыры ала құнан қайран тұлпар,
Жалғанға жаны қажып кекті болды.

МҰҢСЫЗ КҮННІҢ СӘУЛЕСІ

Отырсың ба ойға батып мұңайып,
Қой, қалқатай, қолыңды бер, тұрайық.
Жасыл терек,
Балғын бақша өміршең,
Бізде солай күнге мойын бұрайық.

Күлкің қайда –
Күннен алған шуағын?!
Сен болмасаң су қараңғы мына күн.
Мұңаймашы
Мұңсыз күннің сәулесі,
Жүрегіме жағып алған шырағым.

Жанып тұршы
Шалықтасын жалының!
Жалыныңнан жанған күнді таныдым.
Сәулем менің
Сәл жымишы қарайын,
Жарық сөнсе жан-кеудемнің бәрі мұн.

ЖАНҒАН ОТҚА ҚҰМАРСЫҢ

Отқа түскен көбелектей қалбақтап,
Тірлік құнын кімдер жатыр салмақтап.
Көр ішінде саудырайды көп сүйек
Езуінде бір тістеулі бармақ қап.

Өңкей солғын
Өңі қашқан сүреңсіз
Көзбен көріп, сөзден жеріп жүдерсіз.
Серке күннің сақалынан ұстап ап
Сүңкін көріп, бір түн келіп күлерсіз.

Күліп-күліп
Сілең қатып құларсың.

Таң оятса тағы жылап тұрарсың.
Ей адамзат өз-өзіңе қастанды
Көбелексің, жанған отқа құмарсың.

* * *

Қу жалғанның бар тәттісі сенімде.
Жанға медет жатсаң да сол кебінде.
Бірін Құдай артық берген бақ деп ұқ,
Жақсы жігіт болса екеу елінде.

Жақсы жан да алтын сынды қымбат тым.
Құнын білер Құдай ғана бұл бақтың.
Жаман менен күнде жолдас болғанша
Жақсы менен жалғыз рет сырласқын.

Жақсы жанның лебі қандай жып-жылы.
Жанарында жалғаншының шындығы.
Жақсы жанның жан құрғатпас маңайын –
Бар бақыттың сол секілді кіндігі.

* * *

Сасыққурай ол да қурай дегенмен,
Сапқа тұрып көппен бірге көгерген.
Өзін-өзі гүлден артық көреді,
Дәл осыған бәс тігіп-ақ сенем мен.

Сасықтығын білсе-білер басқалар.
Сасыққурай сенен қашып, сақтанар.
Өзін-өзі өзгелерден көп сүйіп,
Аз өмірде айтса сенбес бақ табар.

Жігер керек, көкірекке от керек.
Отсыз болсаң саған өмір жоқ демек.
Сасыққурай сасып-ақ тұр қайтесің
Өз-өзіне патша көңіл тоқ демек.

Ғазиз басың сенен тапсын құрмет.
Жер бесігің, ортақ анау ұлы көк.
Қой болғанша еріккеннің ермегі,
Көкбөрі бол, көкке қарап ұлып өт!

ОЙЛАҒАНҒА ОЙРАН-ДЫ (Үзінді)

Әр төбеде жалғыз өскен теректей.
Тәңір бізді аз қылыпты көп етпей.
Көп бабамның қорымы тұр қырылған
Өрттен соңғы өңі қашқан желектей

Күштілердің азу тісі ақсимақ,
Басқан ізін бас шұлғиды жат сыйлап.
Әлсіз байғұс
Көрінгенді дос қылып,
Жампаңдайды шапан жауып, ат сыйлап.

Ел намысы,
Еркіндік пен мұратым!
Елін сүйіп, көпке жайсын ұл атын.
Орман көрсем селдіреген жылаймын,
Белінді бу, бекем бол деп қуатым.

Мен ескімін сазы сарнау жетіген¹.
Жеді уақыт жүрегімнің етінен.
Атамекен – Ар-намысым, Иманым!..
Иманымның жыртып алмақ шетінен.

¹ Жетіген – саз аспабы.

* * *

Өмірді сүй,
Алла сыйын ардақта!
Балынан тат, гүл-бәйшешек бар баққа.
Бала – бауыр, баба – бастау бұлағың
Міне, ғажап, ақ төсекте жар жатса.

Елің қорған,
Әлем, әлди ақ бесік.
Сүйе білсең бастан кетпес бақ көшіп.
Дос – айбының,
Туыс – жүрек,
Ту – мерей,
Адал еңбек, білім-бірлік, ақ несіп.

Күлкі қымбат
Пәк сезімді тербеген,
Жастық жалын және қуат кернеген.
Кезеңімен
Кемел ойлап, кең пішіп
Халал сөйлер, Хақтың құлы – ер деген.

* * *

Мезгілімен, салтанатты сәнімен,
Өзгертеді тіршіліктің бәрі де өң.
Жастар жайнап өсе берсін жаңарып
Байрақ ұстап, бата алып кәріден.

Түн – тынысың, күн – ырысың шаттығың.
Шаттана біл, сезіне біл бақ құнын.
Жарық күннің жаның мен сүй сәулесін
Бақыт құсын тапқандай-ақ нақ бүгін.
...Сүйе білу – Пәктігің!

* * *

Өмірді сүй,
Жарық таңнан жалықпа.
Құстай самғап, қанат байлап қалықта.
Әр жүректе
Бір-бір қыран арманшыл,
Көкке жібер томағасын ағыт та.

Әрбір қыран өз биігін таңдасын.
Ғашық жанның қиялына бар ма сын.
Өрттей лаулап
Сүйсін мынау өмірді –
Дәстүр-салтын, серт пен антын жалғасын!

Өтер бастан сәске, сәрі, бесіні,
Жұмыр бастан өтпес Хақтың не сыны.
Жарық күнді сүйе алмаған жандарға,
Жәннаттың да ашылмайды есігі.

САРЫ АЛТЫНДАЙ САЛМАҚТАДЫМ

Шырқырап
Шырақ жағып дұға қылдым.
Көп тілеп берекетін бұла күннің.
Елесі аруақтардың
Ен жайлаған
Тінім бір тірліктегі сыңарыңмын.

Ханы дүр,
Қарасы көп, жарасы мың.
Қазақтың қанағатшыл баласымын.
Ұлыңмын
Ұлы көштің бесігінде
Үміттің үкілеген бар асылын.

Бүр жарған
Шыбық сынды қыр басында.
Иілдім ізгілікпен сырласуға.
Көп таулар көз алдымнан
Өтіп жатты
Әрқайсы тірек болған бір ғасырға.

Тау емес
Тау тұлғалы бабаларым.
Алдыңда перзенттік пен адал арым.
Қайғы ойлап Қаратауды жағаладым
Сені іздеп Отпан тауды сараладым.

Сан керуен
Сәулелі нұр, саңлақтарым.
Дұға қып, шырақ жағып ардақтадым.
Бейнесін берекетті Шалдарымның
Санамда сары алтындай салмақтадым!

Хақ қалап кіндігіңнен тарағанмын.
Кеудемнен жаным зият қалаған күн.
Жанымда, жүрегімде,
Тілегімде –
Үні бар аналардың, бабалардың!

АЛА ҚАП ПЕН ҚАРА БАҚ

Жігітім құлысың ғой ала қаптың.
Маңдайын қан мен жуған қанағаттың.
Қара жер – қара ноқат шексіз көкте,
Сасыған сандығындай жаманаттың.
Қарғадан неңіз артық қара бақ күн.
Қанатын қарқылдайды сабалап түн.
Құдайға қарайтындай бетің бар ма!?!..
Ындынның кер төбетін абалаттың.
Ібілістің ізінен еріп жүріп,
Шайтанның алақанын жаламақсың.

ҮМІТКЕ ҮРДІҢ ҚЫЗЫН ТЕЛІГЕНДЕЙ

Ай көрдім,
Анау жүзден күн де көрдім,
Ай қалқам сендей жанды іздегенмін.
Бір күні қош айтысқан
Қимас жаннан
Көп артық батпаған дерт, білмеген мұң.

Нұрланып балбұл жанып ерігендей.
Ерісе күннің өзі шегінердей.
Ән созып ақ тамақтан
Қақтың қанат
Үмітке үрдің қызын телігендей

Жем-Сағыз,
Ойыл қайда сағынышым.
Мысалы өзегім өрт, жалын ішім.
Аман жүр бейтаныс бақ,
Көзтаныс жат,
Сарғайған сағыныш пен сабыр үшін.

Есен-сау жүрген болар елігіміз,
Құрғайды сені ойласақ ерініміз.
Елуді ерттеп мініп жүрсек дағы
Ай құшақ арулардың серігіміз.
Көңілге көктем сыйлап
Өмір берген
Көркем қыз ортаймасын көрігіңіз.

ЖЫЛДАҒЫ ЖАҢАЛЫҚ

(құрдасқа)

Бұл ауылда жалғыз ғана жаңалық,
Жаңалаған сан алып.
Құрдасжанның тағы өзгерді төсегі,
Айырғанша жасамайды қаралық.
Күн ерініп атып-ақ жүр таң арып
Қалдық, міне, жаңарып.
Құрдасыма алғыс айттық жылда бір
Біздер үшін келіп жүрген бал алып.
Құрдасым тұр
Тұмса туған түйедей,
Екі көзі аларып.
Алып соққан бір аққуды айдыннан,
Жан берісіп, жан алып.
Тұрақтайтын түрі бар,
Қарап отыр қадалып.
Кірсе-шықса шам алып.

* * *

Елді іздесең, ерді іздесең шынымен,
Тілдес анау даласы мен шыңымен.
Ағайынның сөзін тыңда, ғұрпын ал,
Ақынының жырымен.

Қанып ішкін, жан шөлінді жасырма,
Жетер сыры ғасырға.
Қойыныңды тазарт өзің, ниетпен,
Қолыңызды созар болсаң асылға.

Көп алданған, көңілінде күйік бар,
Тізерле де ғазиз басты иіп бар.
Шыны менен ұлы болсаң даланың,
Жылап тұрған көздерінен сүйіп қал.

Дәуір сыздап, бауыр мұздап қатаймақ,
Көкаттылар көп күлгесін атойлап.
Кім сенеді бауырға да, басқаға,
Төбесіне шыға берсе жат ойнап.

* * *

Сәлем саған, атқан таңның ақ жүзі,
Өткен түннің жүрегімде қалды ізі.
Сұлу кетті кеше түнде қош айтып,
Бір әулеттің жалғызы.

Қос бұрымы қосарланған даңғыл-ды,
Оны қанша бозбалалар ән қылды.
Сәнін алып, тәнін алып жөнелді,
Әнін бізге қалдырды.

Әттеген-ай, әттеген-ай, әй білгем,
Жат көріп ем... жан емес-ті жәй жүрген.
Жалғыз аққу ұшты кетті, жөнелді,
Қоңыр түнде қош айтысып айдынмен.

Таң күледі сенікі не, ақын деп,
Басу айтып әулетіне жатыр көп.
Мандайымнан сүйді үнсіз жеңешем,
Ақын біткен аққуларға жақын деп.

* * *

Сүйген жанда жазық бар ма, зар қылдың,
Деп жылайсың жалғызбын.
Сүйе білдің жүрегіңмен екеусің,
Қанша елесті қарашыққа қалдырдың.

Сүйген жанның жан қалыбы өзгерек,
Өзгелігін айта білер сөз керек.

Сүйе білген адал жансың сен деген,
Бақыттысың, төз демек.

Сүйе білдің,
қорланбағын, тік тұрғын,
Сүйе білер жүрек барын ұқтырдың.
Сүйе білу, шыдай білу шынымен,
Білген жанға құт құрбым!..

Сүйе білсең сен асылы пенденің,
Тең келеді текті жанға жерде кім?!
Сүйген жанды қорлай көрме қарағым,
Хақтың құлын қыла көрме ермегің!

* * *

Кебеже қарын кең қыр-ды,
Кемелдеп бабам ел қылды.
Қаптаған жау кеп содан соң,
Қап-қара жер мен тең қылды.

Бұрқырап шаңы ғасырдың,
Сүйек боп қанша шашылдым.
Ізімді аңдып көп дұшпан,
Жүзімді құммен жасырдым.

Түбектен кетіп түн кештім,
Қабарған бұлт пен күлмес түн.
Бітеулі көз бен құлағым,
Сөз айтпай үнсіз тіл кестім.

Қаралы көшті қалқалап,
Жасады шалдар әр талап.
Маңғыстау саған мен келдім,
Соның да бәрін арқалап.

НЕСІ БАР МАҚТАНАТЫН

Жалғанның бізде білдік ақ-қарасын.
Білген соң көлеңкеңнен сақтанасың.
Бесікке бес қонақтап
Дәурен сүрдік
Несі бар мақтанатын, ақталатын.

Біз кеше сәби едік іңгалаған.
Сүт берген, уыз қатып жырдан анам.
Үзіліп бет моншағы
Өткен күннің,
Қыздай боп қылымсиды сырғалаған.

Анашым олда кетті бұл ғаламнан.
Елесі енді, міне, жырда қалған.
Сен емес
Мына жолы мен сөйлейін
Жүдеген жүрегімді тыңда жалған.

Мінеки, өтті өмір бұраң қағып.
Көңілім көп күбінді тұманданып.
Шырағын шындығымның
Өксік қылып
Басына өткен күннің тұрам жағып.

БАУЫРЫ ҚАТТЫ ДҮНИЕ

Өртенген оттай арманбыз
Өртеніп, өксіп жанғанбыз
Қиғаштың бойы қызғыштай қиқулап әнге салғанбыз.

Ер көңілі елжіреп
Қыз жанары мөлдіреп
Тай-құлындай тебіскен барады жандар селдіреп.

Саркып айтпай сырымды
Сағынған көңіл бұзылды
Кімдер қайта жасартпақ кірелеп тартқан ғұмырды.

Желіде бота желденді
Босанған күні сенделді
Бұйдасын түрген көп тағдыр көр аузына келді енді.

Боздаған көңіл тынар ма
Боздамаса шыдарма
Кетсем бе екен ілесіп қайыртпай көшкен мұнарға.

Аққан да жұлдыз құлады
Ай ақырын жылады
Өлу үшін атқан таң қайырын түннің сұрады.

Тәй-гәй басқан бөбек күн
Көкорай балғын желексің
Сүрінген күні дұшпан көп, көкем-ай кімге керексің?!

Бауыры қатты дүние
Күйіне берме, күйіне.
...Өз жараңды жалап жаз, иіле көрме, иіле!

ЕНДІ ҚАЛАЙ ОҢАСЫҢ?!

Бәз баяғы сорлы тірлік сол ара,
Көнбегендер көрге кетті, молада.
Алдануға арланбайтын халыққа
Шындық айтып шырылдауға бола ма?!

Сойып жесін, іреп жесін, тонасын,
Ішсін қанын, көз жасының сорасын.
Жемқорлар жүр жең ұшынан байласқан
Әкесінің сатып жемек моласын.
(Қайран елім енді қалай оңасың?!..)

ҚАМШЫ БЕРДІ

Көкжелек мал түледі мамырлады,
Көк тасқа көктал шығып тамырлады.
Шеттеп жүр ауыл-үйден көктем шыға
Көк өгіз, кер бұканың табындары.

Кірпігі көк сүңгідей қазан аттың
Жанарын жарқыратты тазалап күн
Жүйрік ат, сұлу қатын, іңқар көңіл
Жалғанда жан сусары азаматтың

Ал қара, шымқай қара, ал қара көк.
Таңдап мін, қалауыңды бар бала деп.
Күміс жал, күлгін тұяқ, үйір жылқы
Мін дағы бұлағайды сал бала деп.

Ағамыз камшы берді, жүген берді,
Жөнелдім күмбірлетіп күрең белді.
Қыз емес бір ауылдан қызыр көрдім,
Содан соң сүргін келді, сүрең келді.

ТӨРТ ТҮЛІК

Қайтесің ақын барда құлан қағын,
Болмайды ауыл көрген ұланда мін.
Төрт түлік жібек желі, уыз қарын
Ақ жайнақ боталы қыр, құнан нарым.

Құлын тұр жанарыңды тілсіз бағып,
Ал, қане, беріңіз деп бір Сіз бағыт.
Еркелеп тойған тоқты, еділбай қой,
Ен жайлап жатып алды ырсыл қағып.

Көк өгіз қайтарады күйіс кері,
Көк әтеш көп тауыққа тиіспеді.
Ай мүйіз қарыс сақал, қара теке,
Шыбыштың маңдайынан иіскеді.

БЕЙБІТ КҮННІҢ БЕСІГІ

Атпақсың!..
Мылтығыңды оқтап алып.
Ойланшы?.. Жазығы не, тоқта, Халық!?
Майқурай,
Марқа шүйгін,
Бүрлен-бүршік,
Кетпесін майқарағай отқа жанып.

Ішіне тартып алып ғалам демін,
Сарғайған сары уәйім самал белім.
Құба тал, қоғалы көл, қырмызы қыр,
Аман бол, алтын бесік – далам менің!

Желкілдеп жасыл тоғай ер жетіп жүр.
Ерлерді елдің жайы шерлі етіп жүр.
Түбінде әр жусанның бір бозторғай
Бесігін бейбіт күннің тербетіп жүр!

* * *

Тау гүлдеп, талшын бүрлеп танығандай.
Тірліктің жүрген сәтте мәні қалмай.
Аман ба ат-көлігі алты қырдың
Алашты бізде сүйсін жаны қалмай!

Көңілдің не тілейді зары мына.
Көз қанбас, күннің нұрлы жарығына.
Сарқылған сая таппай тағдыр болса
Жылынсын мендік жырдың жалынына.

Жан қалқам жаныңдамын, тілегіммен.
Жүр жаным жетелейін білегіңнен.
Әлемде қанша тағдыр жылап жүрсе,
Көз жасын сүртсін менің жүрегіммен.

* * *

Еншісі жәутендеген елік кімнің!?
Елжіреп ай мен күнге теліп тұрмын.
Сені іздеп келдім Жем мен Ойылыма,
Талшын тал желіктірдің, еліктірдің.

Көкте қу, көресін бе ойда қарға.
Дүние солай жаным ойлағанға.
Мысалы еспелі жыр, кестелі қыр,
Жетпейме екеу ара ойнағанға.

Жаныңа не тілейсің сұра құрбым!?
Мен де бір көкжалымын құба қырдың.
Берейін көрімдігін, көңіл нұрын,
Біледі талшын талдың тұрағын кім?!..

ҚЫРАУЛЫ ҚЫС ЖӘНЕ ҚАЛА

Қыс келіпті жаз бенен күз жылысып
Қатып қалған мұз мұнайып, құнысып.
Қар құрсаған қала маңы мүлгіп тұр
Ақ қояндай төбе біткен бүрісіп.
Өз дегенін жасап жатыр мезгілің
Тіршілікке салмайды уақыт көз қырын.
Тереземде теңдесі жоқ көп таңба
Сан сиқырдың жаза салған сөздігін.
Көкірегі буға піскен мұржаның
Мұрынында шығар-шықпас тұр жаным.
Кірпігіме мұз ілдіріп күрсініп
Өзек кеуіп, өрттей жанып құрғадым.
Қала қарлы,
Менің жаным ақ жалын
Жырдан таптым тіршіліктің бар мәнін.
Жүрегіме жауған қардың ұлпасын
Қауырсын ғып қадап алып самғадым.

Ақ қанатты періштедей ақ қарым
Көңліме көркінді сап сақтадым.
Қар мен мұз да
Мендік жанның қонағы,
Болмысы сол ақын деген қасқаның.
От пен суға қатар түскен көбелек
Ақын болсаң сен де ізіне ере кет.
Қарлы жолда келем басып сықырлап
Қара жерді өкшемменен шегелеп.
Тал денесі мұзға айналып тұншыққан
Кешегіден кештеу атты қырсық таң.
Қарлы қала ұйықтап жатыр бүк түсіп
Тұмау тиіп тесік пенен жыртықтан.
Маған аян сырқатың да, сыр-мұның
Құрсау қала – осы сенің шындығың.
Тұмау тиіп талқан болған танаудың
Тесігінен көрініп тұр ындының.

ШІДЕРЛІ МЕН БАЙЛАУЛЫ

Бұлт жалғаншы,
Бұлт ішінде жасын-жан.
Өзен – өзім,
Өмірімді сапырған.
Уақыт – қуат,
Кері ағып жапырған.
Бақыт – суат
Алға бізді шақырған.
Жасыл орман
Үміт екен сыңсыған.
Үміт кезсең
Жүрек тыңдар тыншып ән.
Шаттық сәуле
Ұстарадай қылпыған
Қу дүние
Түсініксіз бір тұман.

Адасқандар
Жол тапқанға күліп жүр.
Әлде солар
Бір шындықты біліп жүр.
Кіл өзімшіл
Білектерін түріп жүр.
Тұсаулы мен
Матаулылар жүріп жүр.
Бостандық жоқ
Шідерлі мен байлаулы
Босандың ба
Басқа қылыш сайлаулы.
Тағдыр тәлкек
Көп өткізген айдауды
Жұмбақ майдан
Шешпексіңіз қай дауды?..

ҰЛЫ БАБА ЖӘНЕ ҰЛ ТІЛЕГІ

«Асыра сілтеу, «айда, шап!» асқынып тұрған ана бір жылдары Бекет-Атадан тараған аз тайпа елге қауіп төнеді. Шолтаң мінез шолақ белсенділердің көрсетуімен құрығы ұзын өкіметтің құтақым бірнеше шенеунігі Атаның аса таяғы сақтаулы тұрған қасиетті қара шаңыраққа тіл тигізіп тінту жүргізеді. Өкімет адамдары өңмендеп үйге ене берген сәтте киелі аса өзінен-өзі жоғалып кетеді де, табандарынан таусылып қаниа іздесе де таптырмай қояды. Әбден күдер үзген әлгілер кетіп қалған соң, қасиетті мүлік қара шаңырақтың төрінде қайтадан пайда болады.» (Бекет-Ата кітабынан, Қ.С.)

Пірім Бекет,
Қайда барсам қасымда.
Ерден дұға, елден алғыс асылға.
Тілек тілеп
Түнөп, міне, жатырмын,
Хақтың құлы Пір Атаның басында.

Көп жамағат
Ой үстінде мінәжат,
Тізе бүкті құбылаға тұра ғап.
Мейірімнің дастарқаны көл-көсір
Шөліркеген шіркін көңіл жыламақ.

Біреу отыр
Бітпес сордың құрбаны,
Біреу отыр, әрең, жеткен құр жаны.
Жан Бабасын ортаға сап қол жайған
Бәрі осының бір Құдайдың құлдары.

Сан қайғыдан
Сарсаң болған сананың,
Қайсы бірін айтып болам қарағым.
Үкілеген үмітімнің шырағын
Үзбей жағып менде кетіп барамын.

Сәуле іздеп,
Жарық іздеп жаныққан,
Шүкір еткен, пікір еткен таныс маң.
Қиялымның аспанында бір елес
Бабам болып бата берді алыстан.

Тәңір тілек,
Жақсылықтың даңғылы.
Мойынымнан түскендей бір нар жүгі.
Көз алдымнан өтіп жатты өмір шын
Өткен өксік, көрген қызық барлығы.

Жұпар самал,
Жұлдыз жақын тұнжыр түн.
Сыршыл жүрек үнсіз жүдеп жыр қылсын.
Пір Бекетім – Менің Темірқазығым!
Сәби көңіл сені іздеп шыңғырсын.

Иңгаласын қолтығыңа тығылып,
Бір қарашы Пірім-Бекет бұрылып?!

Елесіңе еріп келем Жан Бабам,
Бірде тұрып, бірде құлап жығылып.

Мұсылманның –
Бір кіндігі мына қыр!
Басында отыр Пір-Атаның жылап ұл.
Қайыры бар қанағат пен төзімнің
Ей, Маңғыстау енді сәл-пәл шыда бір.

Тұрмын, міне, Маңғыстауды қызғанып,
Жат ниеттен жатыр төрде із қалып.
Пірім-Бекет!..Атажұртты қорғай көр,
Келе жатқан кер пиғылдан сызданып.

Бақыт қой сол,
Бізге берген бұл-дағы,
Ұл ұлықты, болсын қызым сырғалы.
Әулие-Пір, Машайыққа мың дұға –
Аз Халықтың Құдай сүйген құлдары!

Нұрлысың Сен,
Ақ сәулелі күнненсің!
Жан жасарып, көңіл жайнап бүрленсін.
Жасырып қал жаудан бізді Жан-Бабам,
Қырсық кетіп, Қыдыр дарып гүлденсін!

ИМАННАН БОЛСЫН ЫРЗЫҒЫҢ!

Қаз-қаз басқан моншағым,
Тұсауын, міне, кестірді.
Қызығы болды ортаның,
Былдырлап жүріп ес білді.

Өрімтал жастың өндірі,
Жайқалған жаңа жан гүлім.
Ал сендік заман ендігі,
Тартарсың балам нар жүгін.

Жаңа да ұрпақ, жаңа жыр,
Қылығы тәтті қырмызым.
Заманың тыныш, заң әділ,
Иманнан болсын ырзығың!

САҚТАНУ МЕН МАҚТАНУ

Сен алданба, дұшпан өзін алдасын.
Жоқты мақтап дұшпан тағар барға сын.
Сақтану мен мақтанудың арасы,
Өлім менен өмір сынды жап-жақын.

Сақтан балам!..
Сол сақтық та жол қамы.
Мақтан құртқан небір сарай, орданы.
Көзіңізше көп мақтаса дұшпаның
Бір көтеріп отқа салмақ болғаны.

Солай айтқан біздің халық көреген.
Дұшпан үшін төр төңкеріс, көр өлең.
Көрде жатып қолын бұлғар саған да
«Па, шіркін-ай, бауырмалдық не деген!?!»

КҮЙЕЛІ ҒАСЫР – КҮЙІКТІ ЖОРЫҚ

*«Алда 16 желтоқсан. Желтоқсан десе,
елеулі екі оқиға еске түседі.*

*Бірі – 1986 жылғы Алматы алаңы.
Екіншісі – 2011 жылғы Жаңаөзен. Екеуі
де – саяси бағасы берілмеген қанды оқиға.
Біріншісі – Кеңестік кезеңде сілтенген со-
йыл, екіншісі – Тәуелсіз Қазақстанда атыл-
ған оқ. Жаңаөзен оқиғасында жәбір көрген-
дердің бүгінгі күйі нешік? Олардың жүре-
гіне түскен жараны жазу мүмкін бе?..»*

*«ЖАС АЛАШ» газеті
№ 98 (15868), 10.11.2013 ж.*

I

«Халық жауы» түрме толы қан майдан,
Батар күн мен ұмытты ел таң қайдан.
Көлеңкеңе көзің түссе шошынып,
Тілсіз өліп, сақау болдық сан жайдан.

Оң мен Сол-ға, бай-жарлыға толған шақ,
Ерге жала, елге нәубет қолдан сап.
Қазақ болып өмір сүру үшінде,
Басқа болып ойлау керек болған шақ.

Өңкей үрей өмір бір сәт күлмеді,
Тек сүйретіп тірлік қылды сүлдені.
«...ИЗМ-дердің» кіріп алып астына
Жер жүзілік сұм мен сұрқай гүлдеді.

Қабақтарға қырау түсіп, қар басып,
Өлім менен өмір жатты арбасып.
Бай мен жарлы, ұлт пен ұлыс, дін мен діл,
Бірін-бірі қырып салды дарға асып.

II

Аз халықтың білім болды іздері,
Оқу!..Оқу!..Жігіт желі, қыз легі.
Тәуелсіздік алыс еді біз үшін
Алып құрсау аяқ-қолды тіздеді.

Сексен алты!.. Босағада бақ тұрды!
Аршыл Алаш, намыс отын жақтырды.
Есін жинап Ер Қазақтың ұл-қызы,
Есі кетіп бес қарулы жат тұрды.

Бұл енді бір болашақтың дастаны,
Бүгүлі тұр мың шындықтың астары.
Күллі әлемнің қызыл шынжыр құрсауын,
Алғаш үзген Алашымның жастары.

III

Ата дәстүр ұлы жеңіс байрақ бұл,
Ұл-қызына құшақ ашты жайнап қыр.
Ал сондағы төгілген қан, шыққан жан,
Әр қазақтың жүрегінде сайрап тұр.

Біздің істі бізден бұрын байқар жат,
Шындық жоқ па!?!..Елден ырыс қайтар бақ.
Сол бір күннің елесіндей қып-қызыл
Көп қызғалдақ сай-салада жайқалмақ.

IV

Бөліп беріп келгенменен кеткенге,
Ұмыт болып иман-аят Меккең де.
Кіл жемітшіл асап-асап жеп алды
Тәуелсіздік өліп-талып жеткенде.

Түсініксіз жерде жоқтау, аспан үн.
Сонда көрдім қойыныңда тас барын.
Қан-қан болған қанатымен сол шындық
Жаңаөзеннің қаусырады жастарын.

Өз ұлынан көз тасалап ыққан кім!?
Өңешімнен нәр өткізбей сыққан кім!?
Ойда жоқта оққа байлап біздерді
Қапияда қан-қан қылып жыққан кім?!..

Қазақ едім қақпай көрген, шет көрген,
Іштен дұшпан, сырттан қанды кек – төнген.
Ағайын ба қара жағып, қақсатқан,
Аға , Сен бе!?!..Әлде, мені жек көрген!?

КӨК СЕРКЕ

Кіл жалпылдақ жапатайы бүріскен,
Ырду-дырду күн өткізді күліспен.
Мақтау іздеп мардияды қожайын
Көз алдаған болар-болмас бір істен.

Мың өзгертіп сатқын сарбаз түр-түсін,
Жалған күліп көрсетіп-ақ тұр тісін.
Жағымпаздар – алтын арқау, күміс тін,
Соның бәрі қызық енді жұрт үшін.

Қалмасын деп ойындары осылып,
Жауда бір сәт би билейді қосылып.
Кейде сосын терезеге телміріп
Ақыл-естен отырады тосылып.

Лауазымдар иелейді төр үйді,
Қошқар мүйіз, өңкей жайсаң, көп игі.
Сақалдары сауыс-сауыс көп серке,
Көк Серкеге жағымталсып мөліді.

ӨЗІН ІЗДЕП ҒАЙЫПТАН

Тыным бермей жүрек деген қасқаға,
Таңырқайсың үнсіз қара тасқа да.
Өзіңді-өзің өзге жаннан тапқан күн
Ғашық болдым деп келесің басқаға.

Пенде байғұс өзін іздеп өзгеден,
Өзін бір сәт мойындауды көздеген.
Ғашықтықта өзіңді іздеу ғайыптан
Сезімменен, төзімменен, сөз бенен.

Таусылмайтын кіл сағыныш, ғұмыр ән.
Сәуле сезім, бір Алланың нұры жан.
Бақыттымын деп айтады ғашықтар
Өзін тауып өмір сүрген жұбынан.

Бұл көңілді қалт жібермей байқаған,
Қанша ару от сезіммен шайқаған.
Дәл өзіне жасап алар ұқсатып
Сүйген жүрек сүйіктісін қайтадан.

ӨТКЕНГЕ БАРАМЫЗ

Болашақтың қолыменен ашармыз, өткен шақтың қақпасын.

Құдай өзі сақтасын.

Қақпа ішінде қарғыс толы дәуір боп

Астан-кестен ақтарылып жатпасын.

Өткен – құлып, болашақ та кілті бар,

Ойлан пендем, іркіл ал.

Қайта ұшып жылдамырақ уақыттан

Құмарынан мынау көңіл бір шығар.

Өткен күннің алтын қақпа есігін,

Ашып көрсек несі мін.

Ал көрейік би-төремен, батырын

Және, тағы жетім менен жесірін.

Болашақта біз өткенге барамыз,
Қайта түлеп жаңғырады санамыз.
Жеңе білсек тартылыс пен уақытты
Өткен күннің бір парағын табамыз.
Кешір Алла!
Сендік сырда шек бар ма!
Не демейді біз секілді көп қарға.
Әлде бізді арбасынан түсіріп
Уақыт кенет тоқтар ма?!..

ЕГІЗ ШУМАҚ, БІР ТІЛЕК

(Т-ға!)

I

Тәңір бермей бір тал ағаш көктерме,
Тамыр салар барлық тірлік өткенге.
Тамырына балта шапса не болмақ,
Жеміс берер, сәтте, ағаш бөктерде.

Азамат та – елге сая тал шыбық,
Артар оған атамекен қанша үміт.
Ақпай жатып көме берсең қайнарды,
Қалар түбі қарғыс атып сарқылып.

II

Қарғыс тиер Хақ бергенін таптасаң,
Өзіңді жау, жауды дос деп ақтасаң.
Ұл туғанмен қажеті не қор тұтып,
Қол-аяғын кісендеулі сақтасаң.

Елі жоқ Ер, Ерде болса тым жасық.
Жатпағасын жан-елімен жымдасып.
Азаматты туа білу бір бақыт,
Қорғай білу, қолдай білу мың бақыт.

III

Білгеннен соң туыс кетіп қалғанын,
Дұшпан салар жат пен сыбай салмағын.
Сақтай жүріп, құлдануды білмесең,
Неге керек алтын тауып алғаның.

Туа білу азаматты шын бақыт,
Өсір оны, өнеге бер, шыңға шық.
«Бәрі тайлақ қолда өскен түйенің»,
Бұл шындықтың құтылады кім қашып?!

IV

Ұл: « ұлым!..» – деп,
Ел: « Ерім!..» – деп зарықсын,
Ұлтқа ылайық ұл тумасаң табытсын.
Баққа ылайық мүмкін емес болуы,
Таққа ылайық ұл тумаған халықтың.

Жат жасампаз!.. Бірақ жат қой түбінде.
Жаттан жақын жасаймын деп бүлінбе.
Өз құрсағың жүрегіңе жақын тұр,
Өзгелердің етегіне үңілме.

V

Ұлың сені ұлы көште ел қылар.
Өрге сүйреп өзгелермен тең қылар.
Өз ұлыңды
Өзгелерден қор тұтсаң,
Шынында да Құдай сені кем қылар.

Жат қабағын жалынышпен бағарсың,
Тұрса кебіс, жатса жастық саларсың.
Әр ұлыңды қорғай білсең көп болып,
Көпке тұлға жылда бір ұл табарсың!..

VI

Хақ береді!..
Білген сайын бергенін.
Алла сүйер сүйгенімен, сенгенін.
Мыңнан тұлпар,
Жүзден жүйрік ұлыңның,
Ұлықтай біл мәңгілікке еңбегін.

Тәрбие бер көзін аш та жарыққа.
Иман-әдеп, ғылым сыйлап жалықпа.
Өзге тіпті
Бұлдап берер күшігін,
Өз ұлының құнын білмес халыққа.

VII

Таусылмайды жат пиғылдың айласы.
Бірлігің сол елдігіңнің айнасы.
Әр ұлыңның болмаса егер сұрауы,
Көптігіңнің бола қоймас пайдасы.

Сен ойлама елсіз еппен жүрмін деп.
Елсіз болсаң жау қорлайды бір күн кеп.
Елдігіңді таптау үшін аяққа,
Ерлеріңді дұшпан құртар бір-бірлеп.

VIII

Өнеге бер өз ұлыңа бесіктен,
Шыңдалады шынды ерте есіткен.
Итіңнің де болсын жаным сұрауы,
Жау именіп кірсін десең есіктен.

Алашымның алыптары – Құрбаным!
Есіңе алып Ер есімін тұр жаным!?
Өзіңді-өзің Хан ұлындай сыйлағын,
Көріктіңнің көлеңкесін бұлдағын.

IX

Рәсуа қыла көрме, Ерлерді!?
Ері сыйсыз елге дәйім шер келді.
Өз ұлынды өзегінен тепкенмен,
Өзге сүйіп хан көтермес Сендерді!

Рәсуа қыла көрме, Ұлынды!?.
Ел болам деп ойлап жүрсең тұғырлы.
Құдай берген байлығы сол – Халықтың,
Қазағымның Ұл мен Қызы бүгінгі!

ӨҢКЕЙ ШЫРЫН, БАЛ ЕДІК

Шат көңілмен нұрландық,
Жібермеді құрдан жұрт.
Үйірімен үш тоғыз
Күйден олжа, жырдан құт.
Шығасыға шырмалмай,
Кіресіге кірленбей,
Қатар-құрбы көп жүрдік
Баянсызын білгендей.
Таранғанда таң едік
Таң-тамаша жан едік.
Ат кекілі секілді
Аз ғана бір тал едік.
Өңкей шырын, бал едік.
Ала таңмен алыстық,
Ай құшақтап табыстық.
Бір зереңнен сүт ішіп
Тай-құлындай шабыстық.
Арман қашып алдап жүр,
Күнді түнге жалғап жүр.
Сүт пісірім дәурен ғой
Сосын бізден қалмақ жыр.
Өлім көктен самғасын

Өмір жерден алдасын
Намаздыгер, намазшам
Арасындай жап-жақын.
Өмір, өлім қос қанат,
Өрттей шалар бопсалап.
Қос дүлеймен алысып
Қайран жүрек тоқтамақ.
Сайран күнге жолықтыр,
Шерден көңіл толып тұр.
Құралайдың салқыны
Қыр төсінен соғып тұр.
Жабырқайды жан-құрсақ,
Жылап алсын ал, бір, сәт!
Айналайын туған жер
Қалды алыс балғын шақ.
Шындық іздеп шырғал мұң
Шың басына мың бардым.
Сахаршамның шәйімен
Түн жамылып жыр жаздым.
Бал берейін тосып ал,
У берейін қосып ал.
Құлқын сәрі-қара түн
Жырдан кетті шошып ал.
Сан кеудеден жан шықты
Сан жанардан қан шықты
Қызыл іңір, ымырттың
Құрсауынан таң шықты.
Таңмен бірге күлімдеп
Талай балғын жүгірмек.
Балаларды сүйдім мен –
Менің жұпар гүлім деп!
Менің өткен күнім деп!

БӘДІК БАҒБАН

Бағбан шал баяғыдан сенгеніміз,
Орман от, осы-ақ еді енгеніміз.
Ит жуа, қарға тұяқ, желбас қамыс,
Күл болды боз тікенек, шеңгеліңіз.

Қалыпты қамыс аман, қайың құлап,
Орманның кім біледі жайын бірақ.
Өрттен соң өрттей лаулап қаптап кетті,
Қарандыз, қарасора, айыр құлак.

Құм басып шөлге айналды қайыңды бел,
Көріп кет көзден таса жайымды кел.
Көк жасыл орман едім көркім қандай,
Бәрінен бәдік бағбан айырды дер.

ҚИЯНАТСЫЗ БІР КҮН ЖОҚ

Сұр жебесін өндірішектен сырғытып,
Үйренген жау нақақ қанды қылғытып.
Көктей талмап жұлынымды
келіп-ақ тұр үзгісі,
Көк желкемнен бір мытып.
Соның бәрін сорлы жүрек сезініп тұр сан ғасыр,
Жүрегім ғой туған елім басқа менде бар ма сыр.
Атамекен аппақ арым, уыз арман, көп үміт,
Ақ жанымның аспанында самғасын.
Қиянатсыз бір күні жоқ тірлік бұл,
Шыт көйлегі шұрық тесік
тыныштық пен шындық тұр.
Азған кеуде,
Тозған ғалам,
Бар білері зұлмат ой мен зұлымдық,
Хақтан тіле, бір Аллаға құлдық қыл!..

ЗАМАННЫҢ ЖҮЗІ САЛҚЫН-ДЫ

Жассың ғой жаным жап-жасыл терек секілді.
Балапан езу кекілді.
Мастана көрме,
Мақтана көрме ұрынып,
Жылата көрме жетімді.
Құдайы бар ғой жыртық үйдің де қарағым,
Қайыра көрме талабын.
Жеңінде жүрер көз жасын сүртіп періште,
Жазықсыз жетім баланың.
Жетімді көрсең жебей жүр балам тастама!..
Мейірім берген тасқа да.
Көзінен сүйіп
Көңілін тауып жұбатқын,
Көңілден көрпе, ниеттен жастық жаста да.
Жылынсын жаны жетімді қыдыр бағады,
Жолыңа шырақ жағады.
Жетімін сатып,
Жесірін жауға берген ел,
Құдайдан бір күн табады.
Бауырмал елміз баяғы салтым антым-ды,
Антына берік халқым-ды.
Жетімді көрсең жебей жүр қалқам не дейін,
...Заманның жүзі салқын-ды.

ЖАСТЫҢ САҒЫН СЫНДЫРМА

Ол, Жастар!..
Бізден не білмек, бір ғибрат алардай.
Кілең ала қиғаш көздерміз, жылан болып шағардай.
Қара шашқа ақ түсті,
Қара түсті ниетке,
Сосын қойды сол бір дақ,
Мың жусақта ағармай.
Бас ұстауға жақын тұрған ұрпақпыз,

«Ақсақалдар» атанбақпыз,
Жан Алла-ай»
Аларған көз,
Шабарман сөз,
Шаптан түрткен мысқылдар,
Бітіспес жау қабарған,
Жылан болып ысқырды ал.
У салмандар бірлігіне жастардың,
Туысынан жау іздеген бадырақ,
Екі көзі шыққырлар.
Бізден шалғай басын қосып болашақ,
Ынтымақтан нұрлансын.
Толастамас жау – жағалас тіршілік,
Кіл емтихан, тұрған сын.
Не заманды: Сен байлайсың тізгіндеп.
Не заманға: Сенің өзің құрбансың.
Жолдан шығып
Жастарға бер даңғылды,
Алаңдамай асқар шыңға аттансын,
Тұлпар көрсең тай күнінен баптарсың.
Қартсыз өмір – қалыбы жоқ кірпіштей,
Қағидалы қарттың сөзін сақтарсың.
Қарттар керек:
Адал жүріп, ой түйіп,
Талаптының шырақ болған түніне.
Жетесіз қарт жетер жастың түбіне.
Күн деп ойла қағидалы қарт көрсең,
Жүрегіңнің құлағын тос үніне.
Жастардың да
Заманға сай жауы бар,
Кедергі боп, сақал бұлдап ірікпе!
Бес қару бер «болам!..» – деген жігітке!
Ер түзелмес сағы сынса жасынан,
Ат түзелмес белең алып үріксе.

ҮНСІЗ МАЙДАН

Бір-бір жүрек мың үмітті құндақтап
Тіршіліктің әліппесін жүр жаттап.
Әсем үйдің
Аққу мойын мұржасы
Жалғаншыны тұр мақтап.
Езілген қарт, еңкіш тартқан кәрі ағаш,
Әсем үйге әдейі сол қарамас.
Біреу тойып,
Біреу тоңып секіріп
Қу дүние үнсіз майдан, жағалас.
Бұрымына мұздан моншақ тағынған,
Тау төлежіп, бұлақ әннен жаңылған.
Қара басын
Қаңбақ алып қашып жүр
Жол-жөнекей ит пен құсқа шағынған.
Жел тығылып үңгір көрсе азынап,
Бұл өлкенің алыс кеткен жазы нақ.
Мен отырмын өкінішті малта ғып,
Өткен күннің көңілімде сазы қап.

* * *

Мінедің ғой,
Сосын тағы сынадың,
Жалған айттың, сендірсем деп жыладың.
Иман атты таразының үстінде
Өз отыңа өзің жандың шырағым.
Мен төзімнің киіп келдім сауытын,
Қалқаным бар жау үшін.
Етек басып жүгіретін жайым жоқ
Ескі жұртта қыңсылаған дау үшін.
Бір көргенсіз қайда да сол жүреді,
Төбесімен көкті тіреп бір өзі.
Уызында жарымаған күшік қой
У ішсең де соны сұрап үреді.

ҚҰДАЙ СҮЙІП ЖАРАТҚАН

Мен білмедім найзағай ма, жасын ба?
Неде болса жанартау жыр басылма!
Аспан жатыр көкіректің ішінде,
Дастан жатыр жүрегімнің басында.

Біздің өлең гүл шырыны балдай ма?
Шырын ішсең сусамыр шөл қанбай ма?
Ақындарды құдай сүйіп жаратқан,
Хақ сүймесе жыр салама таңдайға!?

Көп тілегі – көктегі күн сөнбейді.
Көкке қарап күннен-күнге өрлейді.
Өлең-жыр мен салт-дәстүрден нәр алған,
Халал халық шапсаңдағы өлмейді.

КЕНЖЕ ЖҮРЕК

Мұнайды жан ағам да
Ел кетіп тарағанда.
Әкені жоқтап жүріп
Көз жаздық анадан да.

Шерлінің шертер үнін
Бірі кем келте күнім.
Анамның табытына
Кетті еріп еркелігім.

Қатайды көңіл бүгін
Арта сап өмір жүгін.
Жанымда жарқын бейнең
Көзімде сенің мұңың.

Сөйлетіп бұла күнді
Көп тостым құлағымды.
Қол жайып кенже жүрек
Кемсеңдеп дұға қылды.

ЖҰМАҚТЫҢ САМАЛЫНДАЙ

Сен мені көктем еттің
Көгілдір бақ.
Көзінде тұрушы еді өмір жырлап.
Ай кетті, арман кетті
Күн мұнайды
Қараймын, қалжыраймын көңіл құрғап.

Таппадым сырғалы жан
Күміс маңдай.
Қарға емес, қазға біткен жүріс қандай.
Жұмақтың самалындай
Сен жүрген жақ
Көркіңнен күллі әлем тыныстардай.

От менің оранғаным
Саған мәлім.
Аралап кетсем бе екен ғалам бағын.
Сен, әлде, жүр ме екенсің
Дәл қасымда,
«Аһ» ұрып ай мен күнге алаңдадым.
.....
Қайдасың,
Жан арманым!?!..

ОТТЫҢ ШАЛЫҚТАУЫ

Маңайлап әр пенденің жүрек тұсын,
Адамға ажал қойған күзет құсын.
«Көкеңді танытамын бір күн» – дейді,
Көрсетіп көрінгенге білек күшін.

Сұм тағдыр сұрша күнге байланып жүр,
Сұм ажал сырттан бағып сайланып жүр.
Бұл да бір жанған оттың шалықтауы,
Қарағым қайдағы өлең, қайдағы жыр.

ЖОҚТЫҚ ТУЫС ТАЖАЛМЕН

Ау салып, ескек тартып, қайық мініп,
Жарлының жатыр сырын Жайық біліп.
Басынан балықшының таяқ кетпес
Аз ғана несібесін айып қылып.

Жағаға қайық тоқтап қалжырады,
Қос ескек қос білектей салбырады.
Жоқтықтың тырнағымен көзін ойып,
Талбойын балықшының талдырады.

Көзінен көп пенденің азар көрем,
Жоқтықтың түбі туыс тажалменен.
Ішінде қара тордың жалғыз сазан,
Жарқылдап алысады ажалменен

КӨҢІЛДІҢ ГҮЛСІЗ БАҒЫ

Кең Алла кетпес дәурен жырың қайда,
Қырмызы қырың қайда!?
Маңдайы тасқа тиген сұм тағдырдың
Жүрегі жылынбай ма?

Әр тайып, әл кеткен соң құрсын-дағы,
Көңілдің гүлсіз бағы.
Төбемнен таспа тіліп құнын алған,
Қу жалған тұрсыз ба, әлі?

Телмеңдеп тереземнен бұлт қарады,
Жаман-ды шықтағаны.
Батқан күн түн-түнекке кетті сіңіп
Ажалын ықтағалы.

Әрәйна, алай жалған, әндемелі,
Шешілсін жан көгені.
Құрсанып құрдан шыққан көк найзалы,
Бек сауыт таң келеді.

* * *

Көңілім үйде шідер, түзде көген,
Күй туыс, жанға серік бізбен өлең.
Шақырып әр пернеден бір-бір дәурен,
Бөлініп кетті-ау менің жүзге денем.

Жанымды жылытқан күй жалынымен,
Ұл едім уыз ішкен бал үнінен.
Жүрекке қорғасын күй қонақтайды,
Балқыған оттан ыстық қалыбымен.
(Сен менің көрер қызық жарығым ең)

Желкесі жетпіс жерден кескіленген,
Желден күй, қобыздан саз естігем мен.
Күй емес күннен түскен сәуле сынды
Бұлт-көңіл қырық жамау тескіленген.

* * *

Шерқала¹ деген шерлі екен,
Шер тартып қайдан келді екен?!
Айналып қара бұлт көшті,
«Аһ» ұрған біздің ел ме екен?!

Боталы боздау нар ма екен?
Борайда соққан қар ма екен!?
Бір көштің ізін таппадым,
Көкешім менің бар ма екен?!

Бозторғай сайрап күлісті,
Көңілім мұз да, күн ыссы.
Әріге барып көшкен бұлт,
Найзаласып жұлысты.

¹ Шерқала – тарихи орын, жер атауы

Бауыздау дұшпан жырылып,
Бауырым қалды жығылып.
Бітпейтін дауы ел болдық,
Аспан мен жерде қырылып.

* * *

Ол байғұсқа не демекпіз жүрсін-де,
Ит өмірін сүрсін де.
Құл арманы сүріндіру басқаны,
Білмеген бол, кісімсініп күлсін-де.

Сүріндірсін сонадайдан шырғалап,
Өз бауырын аңдып отыр бір қазақ.
Ту сыртыңнан қаныңды ішпек білдірмей,
Еріндерін кеуіп қалған тұр жалап.

Білмейді деп ойлайсың ба қыртпанды,
Болып көрмек ұлтжанды.
Шын айтқанның бәрін дұшпан көреді,
Дос қылады жәреуке мен бұққанды.

* * *

Тірі жүріп өлудің азабынан сақтағын,
Сүйген құлың айтар ма, сен тұрғанда жатқа мұң.
Алла бір де,
Құран шын,
Пайғамбардан шапағат –
Жаралғанда дүние есіміңді жаттадым!..

Алла!
Алла!
Жан Алла!..
Өлең жаздық өртендік,
Сөз сұлтаны халал ма!?

Төгілген сүт – өткен күн, ал азабы зәр сынды,
Жоқтан бізді жаратқан тек сүйеміз, ЖАР, Сізді!
Жел өтінде
Жүрек бар,
Қайырып-ақ келеді қар аралас бар сызды.

КҮЙІНІҢ БАСЫ НАУАЙЫ

Күйінің басы Науайы, Сағыз да менен Жем ескі,
Үнсіз де қыр мен кеңесті.
Қара да мерген,
Сұр мерген,
Сұқтанған тұсы бір-дағы,
Қаптың суы тентек-ті, азынап тасқын сең есті.
Болар да енді бір мәні,
Жебесін неге сырлады,
Азғантай ауыл қырдағы,
Не болып қалды тағыда, ашулы мұндай емес-ті.
Күйінің басы Науайы, жырының ізі Ноғайлы,
Көргені оның солай-ды.
Орғыл да, орғыл,
Орлы құм,
Оранған отқа сорлы құм,
Жон арқасы мың қабат, жорытқан ерге қолай-ды.
Саланың бойы қоғалы, Сардардан қалған жол әні,
Ол да бір елдің оралы.
Маңғыстау деген – Түбегім!
Түн қақалды жұлдызға,
Шам түбінде көзімнің шарасы жасқа толады.

* * *

Біле тұрып, көре тұрып тоналды.
Ұры-қары жол алды.
Піл тұмсығын қалай ғана жек көрсін,
Ауызына сол ас салып, оңалды.

Пілдің бәсін тұмсығынан сұрағын,
Сансыз дүрмек, бір ағым.
Пілге тұмсық бәрінен де қажет-ақ,
Сен жазғырма көзі менен құлағын.

* * *

Өрт ішіне талай Мен де кіргем-ді.
Өмір деген солай жаным бір дем-ді.
Екі көздің бірі жау боп біріне,
Бес саусақ та, бір артық пен бір кем-ді.
Тегін екен
Көз жасыңыз жаңбырдай,
Мұны саған кім берді?!
Көрмеген бас
Қолға бермес тыныштық,
Бір жаға мен бір жеңді.

ОЛЛА, ШЫН!

Ақын деген қорғасын ғой, қорғасын.
Еріп кетті сор басым,
Өлең сөздің теңселдірдім жорғасын.
Көз-бесікке салып алып бейнеңді,
Мен – тәуелсіз,
Сен – бодансың, тордасың,
Шарасызбын, олла, шын!
Қарап қойып өте шығам тұсыңнан,
Жат бақшаның жалғыз гүлі болғасын.

* * *

Кел, жылап ал,
Көшір қырдың белесін,
Өзің өліп күн кешеді елесің.
Көз жасыңды мен сұртуге дайынмын,
Мүмкін тағы жылау үшін келесің.
Мұның өзі түсінгенге басқа жыр.
Жер – ару да, аспан – ұл.
Қара көзін менен алмай жылайды,
Қара тасты жарып шыққан қасқа гүл.

* * *

Бәрін-бәрін,
Бұл сұңғыла байқар жан,
Байқағанын жыр тілімен айтар жан.
Жүрегіңнен
Айналайын оқырман,
Мен – көбелек, Сен – гүл бақша жайқалған.
Жетім жырдың
Сен қорғаны шын-қазақ,
Өлең мазақ, енді, әрине, жыр мазақ.
«Өлең ғой» – деп
Лақтырды анау дүкенде,
Кітап бетін ашып көріп, бір кәззап.
Тұғыр неме,
Нені сүймек ал басқа,
Сөз Патшасы өлең түсті жамбасқа.
Сол бір есек көз алдымнан кетпейді,
Сол дүкенге бекіндім еш бармасқа.
Аққуларым, аққу-назым өлеңім,
Қазақ сенен алды қанша керегін.
Таңдайына
Уыз қатып, нәр берген,
Әу басында қайран өлең Сен едің!

(...Аппақ сүтке тағасыңыз неге мін?!)
Қол-аяғым дір-дір етіп,
Бұл жолы,
Бір қазақы дүкен іздеп келемін.

БІЗ ЖОЛАУШЫ

Хақтан-құран сен үшін!
Ислам –тылсым, келісім.
Ниет – бүршік,
Амал – гүл,
Иман – піскен жемісің!

Қандай сұлу өмір бұл,
Балдай тәтті төгіл жыр.
Уыз-арман,
Сүт-тілек,
Келсе сәби кезім бір.

Жан Иесі – Тәңірсің!..
Таусылмайтын әнімсің.
Біз жолаушы,
Өмір – Сын,
Сағынышсың, сағымсың!

СЫРЛЫ СУАТ КӨҢЛІМ

Жүрегімнің саусақтары дір қағып,
Жанның сыры,
Тәннің тіні,
Мың қабық.
Есі кетіп әлем маған қарады,
Күбір-күбір,
Жыбыр-жыбыр,
Тыңдалық.

Әлсіз болсаң
Тіреспе де,
Күреспе,
Өлесіңіз жынданып.

Айға сүйеп кірпігімді қалғыдым,
Жанды Кім?
Мезгіл деген – мекерің,
Кетті жалап барлығын,
Ал бүгін.
Қолтығынан
Ажал өріп барады,
Қонышынан тиын аққан малдының.
Көрдің тісі
Кеміреді бұтарлап,
«Ақ» боп жүрген сүйегінің қалдығын.
Жарлы кім?..
Малды кім?..

Тамағыма тұрып алды
Қылқан боп,
Түйір мұң.
Жә, ендеше мені де сол тауып ал,
Құйынмын.
Нөсерлеткін,
Селдет жырым, құйылғын.
Тамырына нәр қылғанша
Жүремін,
Жусан менен бұйырғын.
Сырлы суат – көңлім!
Өлең менің – өмірім!

* * *

Әр жұлдызда бір-бір тамшы нұрым бар,
Ай аруға түнде шығып ұрын бар.
Қара түнде сұлулық бар, сымбат бар
Қарғам, кәне, тұрындар!..
Тылсым түнде жыр базарын қыздырып,
Ай күледі ақ паракты сыздырып.
Іңғалайды менің байғұс жүрегім
Жел мен бірге ызғырық.
Жалғыз шықты іңірде,
Соның бәрін көрші үйдегі қыз біліп.

* * *

Мынау бейне таныс бейне таң қылды,
Өткен күнді өксіп еске салдырды.
Зерең толы у еді ғой дүние,
Тәтті елес соның бәрін бал қылды.

Мына дауыс жүрегімнің кілті еді,
Кірпігіме еріксіз жас іркеді.
Өте шықты дәурен көшіп алдымнан,
Жел мен бірге желбіреген шілтері.

Жас баладай жәутең қағып ұмсындым,
Көңілімнің көшірген сол бұлтын кім?!
Мен соғысқан бұлттай болып шатырлап,
Сен толысқан айдай болып құлпырдың.

АЙ ІЗДЕДІ

Қара түнде айды сүйді жалғыз жан,
Айдан сәуле алғызған.
Ай бетінде қара ноқат бір белгі,
Сірә оны сұлулықтан салғызған.

Жалғыз үміт жағып көрді мың шырақ,
Мұның не деп самал күлді шымшылап.
Айға қарап соқыр болды ақыры,
Екі көзін құртып ап.

Ай іздеді көрінбеді сол кісі,
Ай дөңгелеп өкінішке толды іші.
Есениннің¹ қаншығындай ұлыған,
Зар мен мұң ғой әлеміңнің болмысы.

ӘЛСІЗДЕРДІҢ ТАЯҚ КЕТПЕС БАСЫНАН

Кімнен сұрап білсем екен нарқымды,
Ел тұсаулы, ер шындықтан тартынды.
Көгендеулі төбешікке көп қарап
Қақтың суы
Қарғыс айтып саркылды.

Көк найзағай жер желкесін жентектеп,
Өмір зая көп күнімді өрт етпек.
Қасқа жолда түсініксіз бір дәурен
Көрінгенге кетті еріп сөлтектеп.

Мен де жүрмін жол айрықта адасып,
Адасқанға жатқан кім бар қарасып.
Көже қарын – сары табак, күлшелі,
Бара жатыр ит пенен құс тарасып.

Бодансың ғой!.. Қайдағы сен азатсың?!..
Иман талау құлқыныңа мазақсың.
Табанында жылап жатыр болашақ
Бірін-бірі басқылаған қазақтың.

Біздің жүрек көп қорлықтан жасыған,
Қырсық кетпей қайран елдің қасынан.

¹ Есенин – Сергей Есенин.

Ал, ұлысың!..
Бірақ сақта есіңде,
Әлсіздердің таяқ кетпес басынан.

Сүйгендіктен өргенеді қан жүрек.
Көз жасымды нақақ тамған ал күреп.
Бақ тілейсің басқа қандай амал бар,
Аз халыққа қанша өмір қалды деп.
Сақтанбаса,
Бақ талғаса менменсіп,
Тамшы өлтірер тасты жеп.

ЕЛ МЕН ЖЕРГЕ ТІЛ ТИГІЗГЕН ЕССІЗГЕ

Қансырап жүріп соғысты,
Әлсіреп қайта толысты.
Бабамнан қалған бұл мекен,
Адай да Адай болғалы
Маңғыстау деген қоныс-ты.
Қонақ болсаң қойдай бол,
Өмір сүрсең тыныш жүр,
Жұғыса бермей жол үсті.
Шемен боп қатқан шер кеуде,
Көне қоймас жерлеуге.
Көктеген әрбір жусанның,
Есебі бар кеудемде.
Асқақтасам көкпін мен,
Қайғырсам бұлт боп шөктім мен.
Пірім Бекет бастаған,
Шалдарымды оятсам,
Қытайдан да көппін мен.
Көргенсіз бейбақ не көрсін,
Жанбай да жатып сөнерсің.
Мен бір тұрған сексеуіл,
Тұтанып кетсем намыстан,
Тірілей жанып өлерсің.
Отты қалай бөгерсің.

* * *

Тұманды қырдың толғағы жетті,
Ашылмай тұман қорлады көпті.
Алыстан қарап ағайын күлді,
Қырдағы қазақ сорлады депті.

Осы бір тұман сөз болып көптен,
Сөзіміз сосын бөз болып кеткен.
Сандығы сынды қоқыс біткеннің,
Санамыз біздің өзгеріп кеткен.

Болашақ қайда, өткенім кәне,
Қылады содан текті елім дәме.
Жабағы күзеп жабысады екен,
Еңкейген елге еселеп бәле.
Тұманның ізі жұт емес пе екен,
Тұмаудың түбі құрт болмақ, әне.

БЕСІК ЖАСАП БЕРЕ САЛ

Өлең нәзік
Іңғалайды құндақта,
Жұбата көр қызыл шақа жыр жатса.
Ақын байғұс бір келеді өмірге
Екі гүлдеу қиын енді бір баққа.

Көздерінің жасын сүртіп жұбатқын,
Өмір деген бір таң сосын бір-ақ түн.
Құндақта жыр –
Гүл бақтағы көбелек,
Қолын жайып сенен шуақ сұрап тұр.

Еркелесін жетім көңіл бір күліп,
Қашанғы ол жылай бермек шыңғырып.
Жетім жырға бесік жасап бере сал,
Қасқа ақынның қаламсабын сындырып.

Ақ қағазға кетпей тұрып кір сіңіп,
Жыр жүректің қаны тамсын бұлқынып.
Қан жүрек пен халал жырдан нәр алған
Кетсін сосын кең дүние құлпырып.

Өлең болмай өмір болмас біл мұны,
Он сегіз мың ғаламға тең жыр құны!
Қазағымның қара өлеңін сағынған
Кең Алланың жылап отыр бір құлы.

БҰРЫШТАҒЫ САМАУРЫН

Жез самаурын шоқтан түсіп қамықты,
Анам кетті, жетімегін таныпты.
Жан ұстайтын жері қалмай бұл жолы,
Тұтқасынан жаныпты.

Кім ұстасын иесі жоқ, анашым,
Жаңа дәуір, жаңа сын.
Жез самаурын бір бұрыштан қарсы алды,
Бір кемпірдің жетім қалған баласын.

Сандығыма салып жүрмін қорғалап,
Жез самаурын болма жат.
Жаңа көрсе ескісіне бұрылмас,
Сәл ұмытшақ, шәйға құмар сол қазақ.

Жез самаурын енді сенің иең кім!?
Бұрышқа кеп сүйендім.
Өзегіңе от салып ем шоқ болды,
Жыр арнадым, күй өрдім.

* * *

Шалыққасын өлең дерттен шаршадың,
Жапалақтап жатқызбайды қарша мұң.
Өмір өзі кетіліп-ақ келеді,
Тасқа тиген жүзіндей боп балтаның.

Оның несін жырға қосып қалмақпыз,
Шақырады алдап күз.
Біздің тағдыр бесенеден белгілі,
Шаршысына шығып алып шаңдаппыз.

Керек күні келтесімен ұрады,
Қанша тағдыр құлады.
Жалғаншысын жартыладық тауыстық,
Нағыз өмір басталған жоқ шын әлі.

* * *

Осы жанға бақыт берші Тәңірім,
Лайықты ол соған.
Жолы азап, көргенінің бәрі мұң,
Тек ,сол, адал: шыныменен болса жан.

Осы бір жан тек өзіңнен күтулі,
Әділеттің көктемін.
Құзғын біткен қауырсынын түтулі,
Оған куә көкте күн.

Осы бір жан,
Жан Алласын іздемек,
Жерден сая таппай жүр.
Аяғынан мың бір шырмау тіздемек,
Өзің колда, жаным Алла сақтай жүр!?

ЖОЛ ҮСТІНЕН ШЕТКЕ ШЫҚ

Бір аяғын қақпан шапқан қарысып,
Бір көкбөрі келе жатыр алысып.
Алқымынан аптап буып барады,
Атып еді таң ысып.

Көкбөрім-ай көп жорытқан көсемім,
Шақырымды шарладыңыз неше мың.
Дүниені шыңғыртып ең сан мәрте,
Сақалдатып ешкі менен есегін.

Соның бәрі майдан еді ерлік-ті,
Қанша ерді жер жұтты.
Аяғың жоқ ажал жетті қапыда,
Енді кезек сендік-ті.

Дәуреніңіз дәл басыңнан кетті өтіп,
Болмас оған өкпе түк.
Өлігінді өңкей итке көрсетпе,
Жол үстінен шетке шық.

АҚЫН ДЕГЕН

Ақын өлсе көме салың тас басып,
Керек емес басқа түк.
Өз жүрегін ел ұмытпас ері мен,
Халық өзі тауып алар тап басып.

Дұға қылар құран шығып тәліммен,
Ақын деген бақыттырақ бәріңнен.
Кең дүние тыныстарсың жырымен,
Салтанат пен сәніңмен.

Бас-басыңа жырын арнар самал боп,
Өлең-өмір, өмірден тыс адам жоқ.
Ақындардан бөлек шығып үй тіккен,
Адам менен заман жоқ.

Өлең туыс заманақыр күнімен,
Бірі от та, бірі дем.
Баршаңызды салып алған жаным,
Бар ақынның әлемдегі бірі мен.

* * *

Адам көрсең аялағын, сақтағын.
Таға көрме кара жағып, аққа мін.
Әрбір адам әлдекімнің бақыты
Қиянат жоқ бақытына басқаның.

Сұлу сезім әр кеудеде бір үміт
Сүрінгенге қолыңды сөз бұрылып.
Әр жүректе бір қарашық тағдыр бар,
Жан біткенді қорлай көрме ұрынып.

Әрбір адам әлде кімнің ай-күні,
Ай бетіне сала көрме қайғыны.
Хақтың гүлі кеудедегі шыбын жан
Құдайы құл жаратқанның байлығы.

Тәңір ғана жан біткенге тәлімгер,
Жанға дәру Тәңір-тәлім нәрін бер.
Күллі адамзат – түрлі-түсті бір шөк гүл,
Адамдар мен ардақты ғой кәміл жер.

Кәміл сырым әділеттен аттаман,
Адамдарсыз қалай, қайдан бақ табам?!
Барлық адам мендік жанның бөлшегі,
Әр кеудеге шебер Құдай сақтаған.

ХАҚ ҚАЛАУЫ – ТЫНЫШТЫҚ

Әділ Алла тек бере көр ырыс-құт,
Өлсіздерге берекелі бірлікті.
Хақ қалауы – адамзаттан тыныштық,
Ұлттан жат қыл, рәсуа тірлікті.

Барлық құлға жер бетінде Хақтан нұр,
Бейбіт күннен сәуле түсіп әрленсін.
Бақыт тілеп бар халыққа жатқан жыр
Қанағат пен қайырымнан нәрленсін.

Шақыра біл, қорғай білгін, сыйлай біл,
Сүйе білгін – тұрақ қылсын тыныштық!
Жаның мен құш Жар қалауын жырлай біл,
Иман-сауап, бірлігінді тыныс қып.
Тыныштық!.. Тыныштық!.. Тыныштық!..

* * *

Көрмегенсіп күліп өтпек болдың ба?!
Көзіндегі сол мұң ба!?
Көкке ұшып кеткен менің кеудемнен,
Енді сенің қолың жетпес ол жырға.

Қу тірліктен табар дейсің сая кім?!
Қанатымды қанға малып жаямын.
Аққуларды көп ұшырған айдынмын,
Тек бір сенің жүрегіңді аядым.

Тағы кетіп барам, міне, жорыққа,
Ер жорытпас олжасынан торықса.
Көзіңмен сүй, сөзімнен сүй жырымды ал,
Жалғаншыда бармын әлі, қорықпа?!

ҮМІТ – ХАҚТЫҢ ШЫРАҒЫ

*Құмырсқаның белі үзілсе де,
Үміті үзілмейді.*

Автор

Үміт – Хақтың шырағы
Сәулелі шақ, нұрлы күн.
Үміт – көктің бұлағы,
Біліп жатыр кім құнын.

Үміт – соңғы өмірің
Ең алғашқы талпыныс.
Не тілемес көңілің
Жасампаз ел, жарқын іс.

Зиялының үміті
Қайырлыға тап келсін.
Мыңға ырыс бір ісі
Үміттіге бақ берсін.

Имандының үміті
Адамзаттың қазығы.
Жүрегінің тынысы
Ақыл-ойдың азығы.

Ең соңынан өледі
Ең бірінші туылып.
Ең соңынан сөнеді
Тұғырыңа ту іліп.

Жанарыңды соңғы рет
Сол ашады жарыққа.
Хабарыңды соңғы рет
Сол береді табытқа.

Үміт, үміт, үміт пен
Күн кешеміз мәндірек.
Үміті өлген жігіттен
Құмырсқа да әлдірек.

* * *

Жер бетінде соңғы қазақ өлгенше
Қазақстан сүйенеді біздерге!
Қош, аман бол, көргенше,
Көмек күттік Сізден де.
Қайыры мол, қанағатшыл алашым!
Сен есіңнен тастама.
Жан-жүрекке жарасады жарасым,
Армысыңыз Астана!
Төзім – төрде, еңбек елге бұйырса
Иман гүлдеп, қауыз жарсын бас қала!
Жарыққа ұмтыл жаныңменен жасқанба!
Мен өлеңмін – құрбанмын!
Лапылдап өт, жанартау боп бастал да.
Өз ұлтына ие болған ұлдардың ,
Тәңір алды жүзі жарқын махшарда.
Иесіз ел, киесіз жұрт жоқ болды,
Өлтіргесін санасын.
Жамырасаң – жан сазайың оқ болды,
Бір қыла гөр қазағымның баласын,
Бірлік кетіп басым қанша доп болды.!

ЖАРАТҚАНҒА ЖАНЫ ҒАШЫҚ БОЛҒАНДА

I

Қара түннің қою шашын жастанып,
Қаратау тұр, Хан ұлындай мастанып.
Мен қараймын жұлдызы жоқ аспанға,
Жұдырықтай жүрегіммен жасқанып.

Шамы сөнген бөлме сынды қап-қара,
Жұлдызсыз түн, айсыз аспан маскара.
Ниетінен тапқан шығар адамзат?
Тәңірімнен зауал келіп қасқаға.

Түн қараңғы, ұры-қары сымпыған.
Әр кеудеде жұлдызсыз түн – бір тұман.
Ағып-тамып келе жатыр адамзат
Майшелпегі ұрлап алған ұртынан.

II

Қара түн мен қара ниет астасты.
Дүниені қара тау боп тас басты.
Бірін-бірі көзге түртіп көп соқыр,
Жол үстінде бас жарысып, қаастасты.

Қастық болды, бар білері – дұшпандық.
Жерді жемсеп, көктен жатты құсты аңдып.
Күліп тұрып, біліп тұрып у берген
Әр жүректе – мың айралы мыстандык.

Қайда кетті Темірқазық жұлдызым?
Кірпігіне түн ілдіріп тұр мұзын
Мен де мұзбын, сенің қайда жылуың
Менен кейін қандай болмақ ұл-қызым?!

III

Ей, адамзат, қара ниет, қап-қара
Басың дайын – отқа да һәм оққа да.
Жарық ізде – қанағат пен иманнан,
Бір Аллаға қолыңды жай, тоқтама!

Бар адамзат бір бақшаның гүліміз,
Оған куә – зеңгір аспан, ұлы күз.
Жүрегіннен өз күнінді тауып ап,
Өзгелерге жарық сыйлап тұрыңыз.

Бауырың ғой барлық адам, қаның бір,
Маған солай сыбырлайды – жалын жыр.

Тәңір сыйы – қара жер мен көк аспан,
Қас-қабағын Жаратқанның бағып жүр.

Маған да жат – мәнсіз тірлік, саған жат,
Көз жасыңнан қалай іздеп табам бақ?!
Жаратқанға жаны ғашық болғанда –
Бірін-бірі сүйер еді-ау, адамзат!

* * *

Шаршады, Бапаң жырдан, жан қарағым.
Қақпасы – мендік жүрек бар даланың.
Көзіне бұл тірліктің шырақ жағып,
Сән көріп, сәулесіне таң қаламын.

Құлыным, құлын-тайдай жүгіргенім,
Төрт қызым төрімдегі күнім – Менің!
Үш ұлым – үш құзар шың асқар тауым,
Шүкірмін!.. Жұлдыздардың біріндемін!

НЕ КӨРДІК

Білмеген ит тірлікке таласуды,
Бөрімен бөліп ішкен қара суды,
Ақ шұбат, ақ дастарқан дәмім балдан
Көшкен жұрт, көл дария дәбім қалған.
Ә, жалған, әлай жалған, әнім жалған.
...Сағымды ерттеп мінген
Кер Маңғыстау,
Көреді ендігінің бәрін жалған.
Иманның көз жасы боп тамшыладық,
Ұлтты ойлап, намыс іздеп қамшыладық.
Не көрдік аңқылдаған
Ақ көңілден,
Қаныма кетті қолын малшып алып.
Сатты екен

Қай ағайын құныңды алып?!
Кеудемді кеміреді бір үн қалып.
Әнеки маңырайды
Іздегіге,
Көп киік көр аузына бұрын барып.

ЖЕЛМЕН КЕЛДІ БІР ДАУЫС

*«...Пенде білгенді – Құдай да біледі.
Әділ Құдай егілген жас пен төгілген қан-
ның есесін, әділетсіз жандардың есебі-
нен қайтарар! ...Жаңаөзен-11»*

Автор

*(Жас Алаш №102 (15664)
23 желтоқсан, жұма 2011)*

Шыңғырысқан кімдер бұл, шыңнан ұшқан қылаң ба!?
Көктен келді бір дауыс,
«Ұлтым» деген ұран ба!?
Жерден келді бір дауыс
Қағынан қашқан құлан ба?!
Жар астында бір дауыс, айдаһар тектес жылан ба?!
Желмен келді бір дауыс егізден қалған сыңар ма?!
Құйқам жатыр қоңырсып, қуырған қара табада.
Сағана тамның басында,
Сары шалдың қасында,
Өмір де деген көк толқын, Мен қалдым солай жағада.
Құлпытас қолын жайып тұр,
Құран шығып бозторғай,
Маңғыстау деген мекенде, екі көзі аға да.
Ай сызат түсті-ау араға.
Шырын да шипа қайда бар, жүректе қалған жараға!?
Бозторғай дейді: «Айта бар!..
Ат жүрісін тай салар,
Әділетсіз зорлықтың,
Есесін көктен бір күні – Әділ де Құдай қайтарар!»

ӘР ЖУСАНДЫ СЫРҒАЛАП

Айға талас ақ жұлдыз
Манарланып қарайды.
Жұлдыз тектес ұлдарын
Жұлқып-жұлқып санайды.
Сүйген құлы Алланың Пірім Бекет қуаттан!
Жетім қозы отығар саған біткен шуақтан.
Көк аспанға бара жатыр ай батып
Көмейіме көп самаурын қайнатып,
Аруындай Адайдың салтанатпен ұзатқан.
Жел сыңсиды жеңгемдей
Зер шапанды шағылда
Ауыл-үйді жылатқан.
Қарындастың дауысы қараңғыда белгім-дүр,
Саған ғана сендім жыр!
Жыр құндақта іңгалап,
Әр жусанды сырғалап
Дәуреніне кош айтқан, ей, жалған-ай елмін бір.

ҚАЙТА САТТЫ БЕРГЕНДІ

Алтын арба,
Күміс күйме – Маңғыстау,
Алтын қазсаң белден-ді.
Кестелі қыр
Шархат жаулық мекенім,
Тұяқ серпіп серменді.
Енді қанша шыдайды –
Деп тұрғанда Тәуелсіздік келген-ді,
Ішке тартты, ел демді.
Тәуелсіздік – базар екен ол да бір,
Қайта сатты бергенді.
Барып едім базарлап,
Ұрлап алды теңгемді.
Өзге біреу билеп алған сыртынан,
Өмір деген жеңгемді.

ЕКІ СҮРЛЕУ, БІР ШЫБЫҚ

(Шежіре шалды көмген күн)

Ел жадағай, Ер сыңарсыз тұл шығып,
Күй кештік-ау екі сүрлеу, бір шыбық.
Көпті ойлаған,
Кекті ойлаған
Соңғы шалдың сүйегін
Өзімшіл топ көміп жатты құлшынып.
Құм жылады тобылғы мен жыңғыл-ды,
Жұбатады кім қырды!?
Ал, қырсық шал рухына ұлтымның
Орап алып кетті соңғы мың жылды.
Қарт Маңғыстау
Қайдағыны естиді
Сол жүректе көп сыр барын біліп тұр.
Қаратаудың екі көзі көк тепкі,
Соқыр көзден сонда да жас шығып тұр.

ӘЖЕ-ТӨБЕ, ӘЛДИ-КӨК

Әже-төбе, әлди-көк көктем келді бүр шығып.
Бүрге біткен тамырға бүлкілдейді жыр сіңіп.
Кімді күтіп жүр екен,
Етектері гүл екен,
Әр төбенің басына мұнаралар бір шығып.
Бір арман бар ағайын,
Қыр көзінде, қыратта,
Болашақ пен бір атта.
Біз бәріміз жауаптымыз ертең-ақ,
Ұл мен қыздың көзіндегі сұраққа.

* * *

Жұбатудың қажеті не, өртендім!..
Жылап тағы туар екен ертең кім?
Бір молаға қалақ бола қалыпты
Қой бастаған ай мүйізі серкемнің.

Қолат-сайдан қобыз тартты нар қамыс,
Бұл да енді бұлыңғыр күн, алданыш.
Өмір у-ғой, У ішінде тіршілік,
Уын ішсең тәттісінен таңдап іш.

Жын көбелек жыр қауызын жастанған,
Келді ұшып аспаннан.
Көбелекшіл көңілі бар пенденің,
Тәңір айдап тәтті у-ға бассалған.

* * *

Күзбін жаным, жапырақпын сап-сары,
Көктем өтті, жаз жырымды жаттады.
Тулап тасып, турап басып өкшелер
Жапырақтар жансыздана бастады.

Қар қылаулап қалар сосын тапталып,
Қош айтысар қоңырауын бақ қағып.
Қолды болып ажал атты ұрыға
Айтты-айтпа кетер байғұс аттанып.

Күз де көркем тіл табысып байқармын.
Оңашада ой бөлісіп, айтар мұң.
Жарық күннен жанға шуақ құт сұрап,
Алғанымды жырымменен қайтардым.

МҰЗ ЖАЛАСАМ БАСЫЛМАС

Ен қазақтың қабағы
Қан-қан болып ісіп тұр.
Жарғақ тон мен жабағы
Иығынан түсіп тұр.

Мұз жаласам басылмас
Көңіл дертім асқынды.
Жан жарасын жасырмас
Ит талады қасқырды.

Жарылған бас шекеден
Ақыл сұрап аңырды.
Жусан менен бетегең
Ақылынан жаңылды.

АСЫҒАМЫЗ

Арбакеш аттан көрер зорыққанын
Ат байғұс жолдан көрер сүрінгенін.
Білдірмес екі тағдыр торыққанын,
Көзінің желмен сүртіп іріндерін.

Арбакеш, ат пен арба айдалада
Қорлайды бірін-бірі ендіктіріп.
Аңдысқан дүние ғой қайда қара
Таңдайды құрбандығын шертіп тұрып.

Ат өлді, арба сынды, сүрлеу қалды
Арбакеш қожайынға құлдық қылды.
Әйтеуір бірді-біреу күндеу мәңгі
Еңкілдеп есі кетіп шындық тұрды.

Күнәһармыз, күншілміз,
Жасырамыз.

Жолға шықтық бір шыңға жету үшін.
Болашаққа біз байғұс асығамыз,
Өткен күнге айналып кету үшін.

* * *

Мынаусы иман-зарық молдам еді
Анаусы достық жайлы толғап еді.
Шұбалған шұрық тесік кезбе бұлттар
Келеке қылып өтті ол да мені.

Қылаң боз, шымқай көрік қырдың белі
Кеудемде күміс кемер жырдың легі.
Бір қастық
Бір достық пен күн өтуде
Жалғаннан кімді сүйіп, білдім нені?

* * *

Іңір келді, шydасак болар сәрі,
Пенденің таңға құмар, сол аңсары.
Көз сықты көн етіктің қонышынан
Кесілген кер табанның толарсағы.

Тең-құрбы ол да қонақ аз күн ғана,
Сарнауық сары желмін, сазбын дара.
Ішінен жүрегіңнің мені іздеші
Отырған қара түнде жалғыз ғана?!

* * *

Кеудеме жеті қат көк, жер қонақтап
Ай мен күн дамылдады.
Көңілге аз күн сыйлас ер қонақтап,
Төгілді ән ырғағы.

Жайнаған гүлзар бақша көкірегім,
Жан-қауыз, жасыл желек.
Жыр баптап, елді сүйіп өтіп едім,
Біздің қан асыл демек.

ҚҰЛАМАЙТЫН БИІК ЖОҚ

Сұқтанады сан қарға,
Арлы жүрек алданба!
Түлкі бұлғар құйрығын
Қыран бүркіт самғарда.

Тобылғылы тораңғыл,
Топты жарда боран қыл.
Қамсау болар түлкіге
Қара шеңгел, сораң қыр.

Ымы бірге ындын көп,
Көп қорқытар бір күн кеп.
Көзді жұмып қалғыма
Шың басында тұрмын деп.

Жер бетінде зұлымдық,
Екі зорлық, бір ұрлық.
Өңеш біткен өрлейді
Бас сүйегін тұғыр қып.

Көкті сүйген қыраным,
Көптен қорық шырағым.
Жар түбінде жауың тұр
Көз бен тігіп құлағың.

Жарды ұмытсаң құладың.
Жауды ұмытсаң жыладың.
Қызғаныштың қақпаны
Шыңға біткен тұрағың.

Шыңға ұшып барғанға
Шын мақтанып алданба!
Құламайтын биік жоқ
Құл жағадан алғанда!

* * *

Ат-шапан,
Ат-тон айып бергелісің.
Серт байлап, серке сайлап сенгені үшін.
Төзіммен қанағаттан
Туған халық,
Көп шыдап ту түбінде келгені үшін.
Тереңнен тергеп жидық сөз халал-ды.
Көптен сөз, көктен найза көз қадалды.
Сен маған қарыздарсың хан мен төре –
Білмейді деп жүрсің бе өз бағамды.

МАС КӨҢІЛ

Қосылып ырылдауық, үрегешке,
Жосынып жын мен жырмаш жүр емес пе?!
Қарқара қауырсынын таққанменен
Сұқты көз өтпей тұрмас күлегешке.

Көлдеуік өткел бермес шалқығанда,
Көсем ер, күміс күйме, алтын арба.
Алды жөн, арты соқпақ адасқанның,
Мас көңіл не демейді балқығанда.

Жан дос бар, жамағайын сарай дос бар.
Иіліп итше еркелеп қалай қоштар.
Мақтан ғып май құйрығын базарға сап,
Басынан айырылды талай қошқар.
Әлай жалған!..

Солай болған!..
Жері жоқ тақ пен бақтың оңай болған.
Әлай жалған!..
Солай болған!
Солай болған!..

ДҮНИЕ

Батар күнде – бақ бар ма!?
Атар таңым – ақ қарға!
Сұңқылдаған көп қарға
Сүрінсең содан жат бар ма!?
Сүрдік дәурен сүйіне,
Сосын тойдық күйіне,
Сәлем айт, болашақтарға!
Қанға малған қанатын
Ескі күн мен жаңа түн,
Алдамшысың, ақталма!

* * *

Қылыш тілін мұзға жанып қаңтарым,
Бүрсең қағып тартамын.
Кәрі төбет аяз қысса қыңсылап,
Ауыл-үйдің жақтырмайды тарпаңын.

Тоқал ешкі сауыс-сауыс сақалы,
Сәл суытса кәлимасыз қатады.
Өңкей тоқал өз жанынан садаға,
Кер текенің жоқ онымен шатағы.

Мұз моншақтап кірпігіне тананың,
Кешегіден қыса түсті жаңа күн.
Ауыл бір сәт тұяқ серпіп күрсінді,
Бұлт боп көкке көтерілді қара мұн.
Абайла, Қарағым!?
Жолыңа қарағын!..

ЕРКЕК ТАСТАЙ ЕЗГІЛЕП

Кеудеге қылыш салғандай,
Кеузеп жанды алғандай.
Қарқаралы дуылға
Хан ұлынан қалғандай.

Қожайын күліп, құл қарап,
Ұлт бақытын ұрламақ.
Білтелі мылтық, көк жебе
Көктен дәурен тұр қарап.

Кімнен сорым, қайдан бақ!?
Аз ғана күлдік сайрандап.
Еркек тастай езгілеп,
Күн-диірмен айналмақ.

Жер ортаға жеттік пе?!
Шер тұтатып шектік пе?
Шідерлі жалған, шемен ой
Шеше алмай оны кеттік пе!?

САНАНЫҢ ЕЛІРКЕУІ

Ер түбіне жеткен күн,
Ел бұрылып кеткен күн.
Хан ұлында үн болмас
Қарадан қайғы шеккен күн.

Қара балта жылар ма,
Қарағай сұлап құларда!?
Сабы ағаш болғанмен,
Санасы өзге шығар да.

Ерен байтақ ақ шағыл,
Еліркеген қасқа жыр.

Тағдырың солай көк шеген
Тамыр салдың тасқа бір.

Ақын едік қамданған,
Шарға түсіп шамданған.
Сағымға ерген баладай
Сандалып өттік жалғаннан.

ҚАРАЛЫ ҚАСҚАЛДАҚ

Қасқалдақ көлден қанат сермесін кеп,
Сұр мерген атып салды ерге сын деп.
Көлбақа көл түбіне кетті қашып,
Құдайым мұндай күнді бермесін деп.

Әй, мерген!..Бұл байғұсты бостан аттың!
Құсыңды өзің тіккен қостан аттың.
Бүлкілдеп соғып жатты бүршік жүрек,
Астында қан-қан болған қос қанаттың.

Бұр жарған, бүршік жарған, тектен ғұмыр,
Ілінген нысанаға неткен ғұмыр.
Қапыда қасқалдағым көлден ұшып,
Күлкі боп көлбақаға кеткен ғұмыр.

Сұр мерген жаудан оқты сұрап алды.
Қай атаңнан бұл әдет, мұра қалды!?
Осыныңды Сен қашан қоясың деп,
Көп торғай тізілісіп тұра қалды.

ҚАЗАҚҚА БІТКЕН БІР ТАҒДЫР

(жұт жылдары қуғын-сүргінге ұшыраған ұрпаққа арнаймын)

Халық көшпек жұттан-ды,
Жұтай көшіп құт қалды.
Көктей өртеп күл қылды,
Жау көзінде сұқ қалды.

Басқан да жері аран-ды,
« Ханның басын – хан алды.
Қардың басын – қар алды».
Қазаққа біткен бір тағдыр,
Қан менен зардан жаралды.

Бұлттай көшті жамырап,
Қаралы шаңырақ қаңырап.
Ізінен қалмай ерді сол
Қазақты ажал танып ап.

.....
Тәуба!..Тәуба!..Нұлы күн!
... Бұл күнім!

ДЕЙЛ КАРНЕГИ

Әкесінен артық көріп Дейлді,
Бір пәтшағар сен болмаққа пейілді.
Қатын-қалаш ісмерсінер сені айтып,
Гүл бақшадан құрып келіп сейілді.

Мен іздеймін сахабалар бақшасын,
Иман-байлық!..
Адал еңбек жасқа сын.
Пайда көздеп жалған күлген дүние,
Өтіріктен бақ іздеуді тастасын!.

Адамды алдау ғылым емес жымысқы.
Тек, маңдай тер, ырыс-ты.
«Өркениет» көп күледі өтірік,
Жүрегіне салып алып қылышты.

* * *

Қара жер хабарласар көмгеннен соң,
Жанарың алтынға шөл сөнгеннен соң.
Хандардан қалған алтын жолдас болмас,
Сені де тастап кетер өлгеннен соң.
Айтасың,
Алтыныңды, байлығыңды.
Деміңнен күн күмілжіп, ай жығылды.
Алтынды сен сүйген мен өліп-өшіп,
Ол алтын Сені қашан қайғы қылды!?
Аралап сандықтарды, саналарды,
Тұрағын алтын-пері жаңалар-ды.
Әу бастан алтын-пері жаратпайды,
Иманды құлдар менен даналарды.
Жайлаған
Жын мен пері сол алтынға,
Көп үйір қыла берме балаларды.

БҰРАУЫ ТЕРІС КЕЛІП

Жер жентек,
Аспаны да алжасқан ба?
Ұқсайды сонау шыңды қар басқанға.
Найзағайын суырды қап-қара түн,
Тарғыл бұлт тауға келіп жармасқанда.
Бұрауы теріс келіп
Қатқылданды,
Жел ұлып шақырғандай қасқырларды.
Көк жасын сабау құйрық
Сақылдайды,

Бұл маңнан Мен де безіп астым мәңгі.
Ұрда-жық,
Ұрыс-керіс түңілдірді,
Жайлайын жанға тыныш бір үңгірді.
Дүние шама берші
Мына маған,
Өмірге әкелгенше құлын жырды.

КҮНТІЗБЕ

Күнтізбесі қопырап үстелімнің,
Өңім емес өлшеулі түсте жүрмін.
Шағып-шағып тастаған тіске салып,
Бұрқырайды қабығы пісте күннің.

Аппақ парак, ақ ноқат – ақ таңымдай,
Жүрісіңнен сүрлеу жол жат жаңылмай.
Қайда барсаң күнтізбе жыртық-жыртық,
Өткен күннің аманат хаттарындай.

АТЫРАУ САПАРЫ

Жайықтың бойы – жасыл бақ.
Алтын да сырға асыл бақ.
Ағайын келсе бек сыйлап,
Алтыннан шашу шашылмақ.

Жайықтың бойы – Сарайшық.
Сар желіп барда қарай шық.
Көмілмей қалған сүйек пен,
Шықпай да қалған жан айшық.

Атырау қаласындағы авторлық кешке дайындалған өлең.

(Жыр шашу)

05.04.2013 ж. Махамбет атындағы мәд.сарайы. сағ.19.00.

ХАҚНАЗАР ХАН

(үзінді)

Хабарын қара жер берді,
Қабарып көңіл шерленді.
Көкжалдар жортқан мекеннен,
Көрсем деп келдім Ерлерді.

Бабтардан қалған байрақтым,
Бағыңды кетті айдап кім?!
Хан Ордалы Созақ тұр,
Жағалай төбе, жайдақ құм.

Төрімнен созып асқа қол,
Дейді анау, маған: «Басқа бол!...»
Дертіме шипа қайдасың –
«Қасымнан қалған қасқа жол?!»

Жалқын жамал таң қайда,
«Халқым!...» дейтін жан қайда?!
Алты Алашқа дем берген,
Хакназардай Хан қайда?!

ОҚО облысы төрелер қауымдастығының қолдауымен салынған Хақназар Хан кесенесінің ашылу салтанатының құрметіне орай өткізілген Ас-садақада оқылған өлең.

ОҚО облысы, Созақ ауданы, Созақ елді мекені.

7 қазан, 2012 жыл. Сағат 10-30 – 13-00.

ТІЛЕКШІМІЗ

Ел келді дос пен туыс ән байрағы,
Қырмызы қыз өспесе, сән қайдағы.
Болғайсың,
Ерге сүйеу
Еліңе құт,

Бармақтай бағыңа сен мандайдағы.
Ұша ғой
Ұлық күннің қос сұңқары,
Біз енді тілекшіміз шалғайдағы.

* * *

Сен ішпегін мен ішейін бұл у-ды,
Сен-ақ болшы ғұмырлы.
Естіп қойып өлең деген бақытым,
Есігімнен күліп кейін бұрылды.
Босағаға құшақ ашып жүгірдім,
Бордай босап үгілдім.
Күміс күй мен жасын жырдан жаралғам,
Басқа маған керегі жоқ түгінің.
Мен-өткенмін,
Болашақпын,
Жә, жарайды бүгінмін!
Қауызынан
Шырын ұрттап, балын іш,
Өлең деген – гүлімнің!..

* * *

Елесін есте қалдырып,
Кірпігін жасқа малды үміт.
Сарғайды сансыз жапырақ,
Уәйімнен алқа салдырып.
Адам түгіл
Күн батты,
Тамағын тауға шалдырып.
Ай болсаң да – асқынба,
Күн болсаң да – күбінбе,
Таңғы торғай секілді,
Қарын тойса қалғыдық.
Ой түбінде –
Маржан бар,
Оянып көр, ал жігіт!?

* * *

Халық болдық қамдандық,
Табыт болдық алдандық.
Жағалау алыс, жан пида,
Сағымыз сынып сандалдық.

Түсіндік сосын түңілдік,
Телміріп түнге үңілдік.
Телегей теңіз көңілмен,
Толықсып, толқып бүліндік.

Құлдырап шауып шідерсіз,
Тірліктен бақыт тілерсіз.
Өксіген осы өлеңнің –
Қадірін бір күн білерсіз!

* * *

Сөз айтқан талай шешен суырылып,
Жоғалған сан шындықтың туы құрып.
Байларды байлар қорғап,
Жарлыны алдап,
Келеді ку дүние қуырылып.

Зар айттым зауал кешіп заманыма,
Ар түсті ахиреттің табанына.
Әділетсіз майданның құрбандары,
Нағылеттің құламақ аранына.

* * *

Қоңыр қала,
Қожайыны жас бала,
Туа салып әкім болған тас бала.
Бұл баланы қайта туу керек қой,
Ақыл айтып жүру үшін басқаға.
Бос қойғаның
Жақсы еді үстелді,
Не ойладың, Астана!?
Кім қарайды!?.
Мынауыңды алып кет,
Тастама!

МҰЗ ҚАЛА

Қызуы жоқ, жылуы жоқ мұз қала,
Етекшілдеу ұқсап-ақ тұр қызға ана.
Барлық «БАР»-дан «ЖОҚ» жасаған әулекі,
Дүниеде шығармыз тек, Біз ғана.

Сырғанаған шанасы мен шаңғысы,
Ағайынның астан-кестен алғысы.
Мұз қаланы ертесіне ерітіп,
Ішіп алмақ бар кісі.

* * *

Билікке келіп алғанша,
Халықтан басқа дауы жоқ.
Билікке келіп алған соң,
Халықтан басқа жауы жоқ.
Кер-саясат
Кемеңгер,
Өзінді сенде танытқын.

Тарихта аз ба
Тажалдар –
Көз жасын ішкен халықтың.
Өлеңім қайда,
Өлеңім –
Жасыған жанға жол көрсет,
Қайсысы дұрыс бағыттың?!

ИМАНДЫ ҚҰЛДЫҢ ЖЕҢІСІ

*Әбу Һурайрадан (р.а.) жеткен хадисте:
«Аллаһ елиісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):
«Нағыз мықты – күресте қарсыласын жеңген
емес, қатты ашуланғанда өз-өзін ұстай (же-
ңе) білген адам», – деп айтты» – делінген (Бұ-
хари, әдәб 102; Муслим, бирр 106).*

Хадсинама

Далалықпыз, төбе – тұғыр, қыр – Стан.
Рух – айдын, күй – кеңістік, жыр – Стан.
Түн дегенде қара мысық зымыстан.
Атқан таңға
Айбат шегіп тырысқан.
Иман – төзім
Соған қолды беріп ем,
Күнін бақты, күлім қақты ырыс таң.
Сыным асыл, сыр ұшқан.
Қара мысық
Сүт-ниетке жүгірген,
Шыға қашты,
Көңіл атты ыдыстан.
Төзе білу адал менен аққа сын,
Хақ демесін, жақтасын.
Қанағат пен қайыр келіп қағып тұр,
Болашақтың қақпасын!

НАРЫНДА ЖАҚТА НАР ҚАЛДЫ

Ескі сүрлеу сар қалды,
Етектен басып қар қалды.
Ауылға ақын қара деп,
Нарында жақта нар қалды.

Нарында жақта нар қалды,
Құлама төбе, жар қалды.
Иесі қайда елдің деп,
Сұңқылдап қарға қарғанды.
Нарында жақта нар қалды.

Тозбады дейді, тозбады.
Тозғанда қайтсін боздағы.
Кірпігін шаншып кеудеме,
Көзімен ішіп боздады.

Нарында жақта нар қалды,
Нар ізінде шаң қалды.
Намыс іздеп, ар іздеп,
Нарында жаққа барғам-ды.

ҚАРА ӨЛЕҢНІҢ КИЕСІ

Күй далам, күңіренген дастан далам,
Өмір жоқ өлең тербеп басталмаған.
Қара өлең – Хантәңірі күнге талас,
Ай алқа, жұлдыз жүзік аспандаған.
Па, шіркін, Падишалы бал-бал ерін,
Балқыған қорғасындай арман едім.
Жыртылған қара өлеңнің жөргегіне,
Сыр тұнған үмітімді жалғап едім.
Тап болсын тақ-тақ өлең иесіне,
Алып жүр ардың сөзін жиі есіңе.
Қара өлең – қазағымның бір атасы,
Тік тұрып сәлем бергін киесіне.

БҰЛ ҚАЗАҚТЫҢ КІМІ БАР?!..

Бұл қазақтың кімі бар?!..
Жастары бар – жалынды!
Таланты бар тағдырлы, бастары бар дарынды.

Бұл қазақтың кімі бар?!..
Ерлері бар – қылышты.
Дер кезінде қадірін ердің білген дұрыс-ты.

Бұл қазақтың кімі бар !?..
Аруы бар – ақ бесік!
Ақ бесікте іңгәлап аршыландар жатты өсіп.

Бұл қазақтың кімі бар?!..
Алласы бар – аппақ нұр.
Калимасын қарт айтып, жас дұғасын жаттап тұр.

Бұл қазақтың кімі бар?!..
Тәңір сүйген, құл қалған!
Қыз-қызғалдақ, ұл-балдан!
Қыздан – қыдыр, кетпесін де ұлдан – мән!

ОҚЫРМАНҒА АРНАУ

Оқырман ба?
Оқырман да гүл ғой бір.
Жан-бесікке жата қалар тілдей жыр.
Әр тағдырдың кеудесінде бір мұң бар,
Қалай сеніп, кімге айтарын білмей жүр.

Бар тірлікті салып көріп теңдеуге.
Пенде көңіл кісінейді белдеуге.
Ей, оқырман, сендік жүрек, – менде тұр,
Мендік жүрек бар ма сенің кеудеңде?!

Тұтас Алаш менің жаным кәдімгі,
Жырың – жөргек, күйің – күйме, ән үлгі.
Кірпік қақпай тербетумен келемін,
Жүрегіме салып алып бәріңді.

Ей, оқырман, сені іздеген өлеңмін.
Маңырайды, маңыстайды көбең күн.
Сен мұңайма жүрегінде мен бармын,
Сен мұңайсаң мен қайғыдан өлермін.

МАҢҒЫСТАУҒА ШАҚЫРУ

Кім айтып жүр тағы тектес тарпаң деп,
Мен мертілдім нардың жүгін тартам деп.
Мендік көңіл: ақ дастарқан, ақ шағыл,
Бабам өткен бар қазаққа қалқан боп.

Кім айтып жүр сүймейді деп, сүйгенді,
Жыр сыйлады, ән тербеді, күй берді.
Жетім қозы жылап жүріп отығар,
Енді, міне, үндемеуді үйренді.

Мұнартады мың төбеге мұң тұнып,
Тілегіне нұр тұнып, теңізіне құм тұнып,
Таң атқанда күнді көрсен, бізді көр,
Көкке қарай келе жатқан ұмтылып.

Пірдің соңын өсіргенбіз біз баптап.
Бұлт боп көштің бұрынғыдан із жаттап.
Өлмеу үшін жаратылған – Маңғыстау,
Өрлеу үшін ұл туып жүр, қыз баптап.

Жыл жөргектеп, ай аймалап, тұр апта,
Я, Жаратқан, ақтың туын құлатпа.
Өлгенімді мүмкін менің көруің,
Өшкенімді көре алмайсың бірақ-та.

Біздің тілек боз қауырсын балапан,
Балапанға бақыт тіле, ала таң!
Маңғыстау ма?!..
Шындық қой ол шыңғырған!
Күннің бетін жаба алмайды алақан.

Жүрмеңіздер жат пиғылға теліп тек,
Жаным жайлау жатырқамай еніп кет.
Қазақ үшін жан беруге серт қылған,
Ел издесең Маңғыстауға келіп кет!..

ШАБЫТ

Кірпігін кіл арманға қалқалатып,
Мұны бір мың қайырма салтанат ұқ.
Өлеңнің ерінінен сүйдім талай,
Өртеніп, күйіп-жанып шалқалатып.

Салдырып самал желге қайырмасын,
Жан-телім жалаң төсін қайымдасын.
Жастандым қара өлеңнің қолаң шашын,
Қол беріп қос бұрымын айырғасын.

Атады сыңғыр-сыңғыр сырғасып таң,
Нәр таттық екеуара жыр қасықтан.
Жыр іздеп төсегімнен оянамын,
Қырманшы секілденіп қырға асыққан.

Көрсетті жыр келіп құз, күй келіп із.
Сол өлең бала жастан сүйгеніміз.
Аймалап ақ төсекте өлең құштым –
Ақша бет, алма мойын, күймелі қыз.

Көктемде күміс шашқан таңдай болып,
Немесе Ханшайым мен Хандай болып,
Тояттап ару-жырдан жатам сосын,
Жұмақтан жаңа келген жандай болып.

Білмеймін бұл шабыттың себебін деп,
Еркімді ерке жырға беремін көп.
Ару-жыр ақ төсегін жинатпайды,
Шашылған моншағымды теремін деп.

ШЫН БАҚЫТТЫҢ СӘУЛЕСІ

Көңіл-мешіт көріктенсе, нұрланса,
Сол көңілде сансыз сұрақ тұр қанша.
Іштегі әлем сырттағыдан өзгерек,
Өтті өмірің артқа мойын бұрғанша.

Өкінішпіз, өксік толы ғапылмыз.
Әлсіз әдеп, нәр бітпеген тақырмыз.
Қос жағалау біріне де жете алмай,
Қақ ортада қалып бара жатырмыз.

Жаратқаннан аяушылық іздеген,
Айыбы көп пендеміз ғой біз деген.
Қалыбыңа Хақтан болсын шапағат,
Басқа ештеңе сұрамаңыз сіз менен!

Бұлбұл тілім бір Алла деп сайрасын,
Жансын отқа, ғазиз басты байласын.
Шын бақытты көрсем деп-ем сәтімді,
Жүрегімнің бір тазалап айнасын.

Қанағатсыз тән тілегі қанбай ма?
Алдамшы өмір, У тірлігің балдай ма?!
Қалғып кетсем қашып шығып жүрегім,
Алланы іздеп аттанады шалғайға!

Қайран жүрек қорландың-ау қамалып,
Тал бойыңды барады, әне, зар алып.
Талап жатыр сенің аппақ жүзіңді,
Мысық тырнақ мың бір шайтан қадалып.

Шын ықылас, ниет адал, тілек-күн,
Күннен көрік іздеймін деп жүдеппін.
Қай дегенін жасап жүрміз біз байғұс,
Аманатқа қиянатсыз жүректің.

БІР ЕСТЕЛІК...

Енді, міне, жүрек байғұс қалжырап,
Сәби кезім, сәулелі шақ қалды ұзақ.
Бір естелік – өксігім мен өкініш,
Қалып қойған кеудемдегі жалғыз-ақ.

Тал қалжырап иіледі қар басқан,
Төбе жатыр төңкеріліп жамбастан.
Бала мысық өз құйрығын қызықтап,
Ит көзінде сүйек жайлы бар дастан.

Ай туған-ды кешеді сол шалқалап,
Үркер үркіп, жұлдыз жылжып тарқамақ.
Өлім күткен өгіздердің көзіндей,
Батар күн де қызыл-шақа, қан талақ.

Кешегіден бүгін өзге, зар басқа,
Сақ бола гөр, өз жолыңнан алжаспа.
Ажал отыр жанның жолын күзетіп,
Бір бостандық алып бермек әр басқа.

Мен болмасам деп күледі сорың көп.
Ата-бабаң кеткен дейді қорым боп.
Бұл дүние шындығында тар екен,
Қанағат пен қайырымға орын жоқ.

Ажал соның біліп тұр ғой бар құнын,
Білгеннен соң жеңілдетпек жан мұңын.
Қияметтің дауылы кеп тазартар,
Қайғы басқан қара жердің барлығын.

Жалған өмір жанға болмас жарасым,
Бөз оранып көзден таса қаласың.
Сөз адалын, іс халалын жасай көр –
Шарғаңыздың білген болсаң шамасын.

Күн бетіне күйе жақпа шындықтың,
Жыр жетімек менде сенен сыр күттім.
Кімнен артық ойыңыз бар болмақшы,
Бәрі өтірік бұл алдамшы тірліктің.

Дәріс алған бір қарағай мың жылдан,
Құлап түсті таусылған соң құрғыр дәм.
Бізде , міне, бір естелік қалдырдық,
Ақ қағаздан ақы сұрап шыңғырған.

Айтқан атам беліңді бу бекем деп,
Мен де ертең мезгіл келсе кетем деп.
Өмір болып бір боз мая боздайды,
Кімге нені түсіндірсем екен деп?!

ӨЛЕҢ БОЛСЫН СЕРІГІҢ

Қане, жайғас, өлең болсын серігің,
Удан ішсін дір-дір етіп ерінің.
Таңдайыңа нәр тамғанша басып көр,
Буаз күннің қызыл тамыр желінін.

Мастанғасын мамық төсек керек пе,
Мас жандарға айтып жүр ғой ел өкпе.
Іңгалаған тілегімді орап ал,
Маңдайыңнан мамыражай жел өпсе.

Шалықтасын шағаласы үміттің,
Өтіп жатыр бір саусағын бүгіп күн.
Ұшып кетті құйрық жағын көрсетіп,
Көкек күліп көздеуінен үзіктің.

Көкек күннің артын көріп налыппыз,
Төбет иттей талға жатыр сарып күз.
Кіл шындықтың шаранасын шыңғыртып,
Бесіктерге белден таңып, салыппыз.

Қарай-қарай атар таңға барамын,
Хан қарашыл, ел тобашыл сана мұң.
Көп шындықтың кезек тербеп бесігің,
Мен өзімде жындануға қарадым.

Қане, жайғас, өлең болсын серігің,
Удан ішсін дір-дір етіп ерінің.
Таңдайыңа нәр тамғанша басып көр,
Буаз күннің қызыл тамыр желінін.

ҚОҢЫР ДӘПТЕР

Қойын дәптер, қоңыр дәптер кір басқан,
Кір ішінен мөлдіреді жыр дастан.
Тамшылайды жүрегімнен ақ жаңбыр,
Дәптер кіршіл, өлең өршіл сырлассан.

Қойын дәптер, мойыл қара, қап-қара,
Шықтым қанша өмір атты тақтаға.
Уақыт-ұстаз қойды сосын екілік,
Шындық іздеп шырылдаған қасқаға.

Ей, Маңғыстау, сенде мендей күйікті,
Төрде төре, дей алмаймын би ұқты.
Кімге барып көрсетеміз мұң шағып,
Қан-қан болып қалжыраған иықты.

Дәптер емес ақ арманды кір басты,
Күн қунады, ай аунады, жыл қашты.
Я, тәуекел ту көтеріп шыққанда,
Қайда барып ұрсам екен бұл басты?!

Жол көрсетші, қорлығымнан айығар,
Ер мұнайса, ел өлетін жайы бар.
Қара дәптер қызыл қанға боялсын,
Ат құласа, ізге ерген тайы бар.

Халық едік, хан салтанат шырайлы,
Жерде әулие, көкте сүйген Құдайды.
Қоңыр дәптер жүрегімді құшақтап,
Мені бірге ала кет деп жылайды.

ТӨЛСІЗ ҚАЛДЫ

Жаз шықтыма, күз келді ме бәрі бір,
Ала шандақ сол баяғы кәрі қыр.
Қара бура қарын қамын күйттеген,
Келе ішінде кекірендеп әлі жүр.

Бура кәрі, түйе біткен қысыр-ды,
Құдай сірә, алмай қойды жұтырды.
Жас бураға жол бермейді антұрған:
«Менен өзге кімің бар» – деп құтырды.

Ертең! ..Ертең! ..Келер күнге елеңдеп,
Ауыл едік оңбай таяқ жеген көп.
Түйелерде ақымақ қой шетінен,
Қарт бураға төлсіз қалды сенем деп.

ДІН-ШЫРАҚ, ДӘСТҮР-БҰЛАҚ

Халықпыз, бір Алланың құлдарымыз,
Жол қалған Пайғамбардан нұрланып із.
Тербеткен Әулиесін, Әнбиесін,
Бекетті туған елдің ұлдарымыз!

Жан Алла қайыра көр бұла мұнды,
Ұлтқа серт қайтара көр ұранымды.

Дін – шырақ, дәстүр – бұлақ, Халық – тұрақ,
Сақтай көр шырағыммен, бұлағымды!?

Мұңсызға бөз де кілем, сөз де кілем,
Піседі пенде байғұс өз демінен.
Шалдарым салт-дәстүр мен Дін тастапты,
Адасып қалмасын деп өздерінен.

АМАН ӨРДІК

Таң атты, тағы міне, күлімдеді,
Тербейді тебіrentіп бір үн мені.
Есен-сау елді көрдік,
Жерді көрдік,
Құша түс құралайым енді мені.

Таң атты күн сәулесі мөлдіреді,
Жамырап төрт түлік пен төл жүреді.
Есен-сау көрші-көлем
Аман өрді,
Бұралып бұлақ билеп, көл күледі.

Таң атты қарға да мээ, қарылғаш та,
Толғандай қуаныштан жаным жасқа.
Есен-сау қара жерге
Қадам бастық,
Бекініп жазатайым жаңылмасқа.

* * *

Ертелеу кетіп еді еркемнің көгілдірі,
Есейтті өмір мұны.
Қаңқылдап қазбен бірге,
Көктемнің төгілді үні.

Ертелеу кетіп еді еркемнің сағынғаны,
Жастықтың жаңылғаны.
Қауырсын қанатынан,
Ақ уыз ағылды әні.

Ертелеу кетіп еді еркемнің балапаны,
Атты да жаңа таңы.
Жұлдыздан моншақ тағып,
Жұптасып баратады.

Ертелеу кетіп еді еркемнің ақ арманы,
Еркелеп тағы алдады.
Еркетай жылап тұрды,
Елжіреп саған жаны.

АМАН БОЛСЫН

Өшіп жатыр күн біткеннің бедері,
Жыр күткенмін ішім толы шер еді.
Жанарымда жауар-жаумас мұң-дертті,
Жаза алмадым тірліктемін себебі.

Тірі күнді кеміреді өлі дерт,
Өміріңнің өтті-кетті көбі деп.
Қорымдарды көрсетеді көк аспан,
Сен жататын қара жердің төрі деп.

Құлын едік елбіреген, құлпырған,
Тұлым едік желбіреген нұр тұнған.
Ойнаған тең кетіп жатыр келмеске,
Орман тектес селдіреген жұртымнан.

Қош жапырақ сары күздің құрбаны,
Сары уәйім сарнау өлең бұл дағы.
Аман болсын жасыл майса, көк майса –
Туған елдің қыздары мен ұлдары.

ӘНШІЛ ҚОЛАТ (Балалыққа саяхат)

Көп ойнаған көк тал қолат жасыл бақ,
Көптен көзін, менен сөзін жасырмақ.
Не айтасың бала күннің бағбаны,
Бәрі басқа, ай өзгерді, ғасыр жат.

Ескіліктің көзі болдық біз демде,
Әр тайыпты әншіл қолат сізден де.
Шырқап-шырқап шыннан құлап кетер ем,
Өмір зая деп айтқанда біздерге.

Қап, әттеген, бұлыңғыр таң, бұла күн,
Бітеп алып тыңдамайды құлағын.
Сән кетседе мән кетпесін жұртымнан
Сақтай көрсін қыз қылығын, ұл арын.

Қайтем енді, қайғы-мұнды жолатпа,
Өмір деген өткінші бұлт, сол-ақ па?
Маған қайта оралмайтын күндердің
Сағынышты сазы қалған қолатта.

Мендік тағдыр ақ сағымның сыңары,
Тағатымның таусылғандай шыдамы.
Кәрі ағаштың иіп едім бұтағын,
– Таныдың ба, – деп егіліп жылады.

– Таныдым ғой – балалықтың табынан,
Қайғы ойлап, қартаймашы жалынам?!
Көлеңкеңе саяқ келген құланмын
Көп жерініп өзінің сол қағынан.

Ағаш мені, мен ағашты аймалап,
Түнді түрдік, жұлдыз теріп, ай қарап.
Жел-жеңешем кетіп жатты асығыс
Кәрі ағаштың жапырағын сайлап ап.

Менде сосын жапыраққа айналдым,
Бір бұтаққа бүр жардым да байландым.
Дір-дір етіп төрт құбылаға қараймын
Жұлып алып кетер екен қайдан, кім?!

* * *

Жел азынап
Бұрқыратты боз құмды,
Қабак шытып қариялар сөз қылды.
Дауыл тұрды қара бұлттар жөңкілді,
Бізді солай қорқытпаққа көз қылды.

Көрдемшесі,
Көртышқаны тығылды,
Көзден атты көк бет дауыл бір ұлды.
Көкем бар-ды көбік ауыз сөз білген,
Көтеріп ап өкшелерін шығынды.

Сабау қамшы сары желдің ызғыны,
Жон арқаны тосып сездік біз мұны.
Сойқан жел мен сорға сіңіп жоғалды,
Сорлы ұл мен солқылдаған қыз құны.

Дауыл өтті тасқын тасқа бөгелді,
Қара күлге қара бура шөк енді.
Көрден шыққан көртышқандар содан соң,
Шықылықтап тағы өріп жөнелді.

ӨЗІңДІ-ӨЗІң АЛДАМА!

*«..Елімізде өзіне-өзі қол жұмсайтын
жастар көбейіп барады»
Теле-Ақпарат көзінен*

I

Бес тілінген маңдайы қара бақ түн,
Жанарынан жылайды балалап мұң.
Өзінді-өзің алдама , Қазақстан!..
Ұл-қызыңнан жат болып бара жатсың.

Қара бақ түн қайғысын жастанып тұр,
Жан біткеннің көзінен жас тамып тұр.
Береді жусан жолын, қурай қолын –
Көрінген көкаттыға ақталып қыр.

Қайтемін, қалай ғана басыламын,
Жарамды, жан дертімді жасырамын.
Гүліндей Сарыарқаның сәнді едім,
Күліндей қоламтаның шашыламын.

II

Мінеки, менің жаным, менің үнім,
Мен де бір кер заманның елігімін.
Мың жылдың шаршап қайтқан базарынан,
Кім мұнды болса соның серігімін.

Қаншама ғасырларда қайғым қалды,
Ажалға құшағымды жайдым мәңгі.
Мен деп ұқ аққулары оққа ұшып
Кемері қан жалаған айдындарды.

Айтылмай осы жолы қалма сырым,
Ақ шағыл, ақ сағымның жалғасымын.

Жалпақ ел жанарыңнан дерт көремін,
Қарашы қаракөзді шаң басуын.

Әр жусан өз тағдырын жыр ғып жатыр,
Күн өтіп, жыл жылыстап жылжып жатыр.
Өзіңді-өзің алдама, Қазақстан!..
Астында табаныңның шындық жатыр.

III

Кемесін кербез күннің желкендедім,
«Бір тойым болады» – деп ертең менің».
Әлеміш әр нәрсенің бетін шалып,
Ел болдық кетсең жеңге, келсең келін.

Көрелік көп талқылап кеңесіп ал,
Әләйім әр дәуірдің белесі бар.
«Біздерде Отан бар ма?!..» – дейді ұлым,
«ЖОҚ!..» – деуге: – негесі мен елесі бар.

Көргенім... арбау болды, алдау болды,
Өнбейтін өтірікті талдау болды.
Ақыры сезім өліп, үміт сөніп
Жүрек соқыр, санамыз саңырау болды.

Өзек жоқ шындық іздеп қарлықпаған,
Өртеніп мұң шағады зарлық заман.
Оятпа, енді мені – Қазақстан!..
Шаршадым... қалжырадым... қалғып барам.

IV

Аспаның аласарып жасытты ма?..
Жастарың жан беруге асықты ма?!..
Өзіңді-өзің алдама, Қазақстан!..
Қазақ үнсіз болғанмен бақытты ма?!..

Жан барма жатқан бізді олжаламай,
Ту тұрмақ.. тура бисіз қолда қалай?!
Ұлтының маңдайынан сүйетұғын,
Бір ұлды тумаған ба, сонда қалай?!

Шындық-хақ!..
Хақтан қалай ақталасың?!
Қандырды дұшпан көңіл, жат табасын.
Жалығып кетті халық жалғандықтан
Ләззатын бостандықтың татпағасын.

V

Жан беріп, жан алысқан жарты ғалам,
Ғаламның құлқы құрдым, нарқы жаман.
Дегенмен жастар сүйсін болашақты
Түн басса... таңды күтсін жарқыраған!

Сүйіңдер сүмбіл шашын ару-күннің,
Жылынып шуағына жалын жырдың.
Жастарым: – Ел сенікі, Жер сенікі,
Сәл шыда, құлыншағым, сабыр қылғын!

Баһадүр бар жақсымен баталаспын,
Баталаспын, бауырмын, аталаспын.
Қоғамның барлық мәні: – Сендерсіңдер!
Жасасын, Жас Қыраны Жас Алаштың!

VI

Өмірде жалын да бар, жасық та бар,
Жалғанға жан-тәнімен ғашық та бар.
Кез келген сәтсіздіктің ақырын күт,
Артында адам сенбес бақыт та бар.

Қаншама шоқпар тиді қарақұстан,
Кеудең бар құзғын біткен талап ұшқан.
Тым көптеу жеткеніңнен – жетпегенің,
Өзінді-өзің алдама, Қазақстан!

Бес тілінген маңдайы қара бақ түн,
Жанарынан жылайды балалап мұн.
Өзінді-өзің алдама, Қазақстан!
Ұл-қызыңнан жат болып бара жатсын.

БЕЙБІТ КҮН, ТЫНЫШ ТАҢ – БАР БАҚЫТЫМ

Қара суым қалсада, қара наным,
Жан созамын, гүлденіп жаңарамын.
Бейбіт күннің ақ құсы қолдан ұшса,
Қалай іздеп, мен оны табаламын.

Тыныш болсын, атар таң, күндеріміз,
Берекелі бірлік пен іргеліміз.
Тыныштықтың арқасы біле білсең –
Күліп-ойнап, аман-сау жүргеніміз!

Бейбіт күн мен өлшенер ырыс құны,
Ұққан жақсы ұл-қызым дұрыс мұны.
Қазағымның құдайдан бар тілері –
Ел-жұртының бірлігі, тыныштығы!

ЖАЛБАРЫНЫП ЖЫЛАДЫҚ

Дүбір-дүбір дүрбелең,
Жау табылғыш іргеден.
Жүндей қалмақ түтіліп,
Жүрер жолын білмеген.

Қадау-қадау қарағай,
Құлаққа ұрған танадай.

Бағытынан адасып
Есі кеткен баладай.

Таулар жатыр шыңғырып,
Табалайды қыр күліп.
Сәуегей ит үреді,
Аспан жаққа қылғынып.

Бұлақ шапты демігіп,
Бұжыр тасты кеміріп.
Танауынан от шашты
Тана-бұлттар семіріп.

Айқай-сүрен аспан жақ.
Бір бұлағай басталмақ.
Жерде біздер, көкте олар
Көз шықпаса, бас жармақ.

Өңкей дүрлер күркілдеп,
Өртке ұласты біртіндеп.
Қызыл қаншық – қызғаныш,
«Өлдім –дейді, күлкім кеп»

Қараша үйдің қақпасын,
Қырсық іздеп таппасын.
Көміп әлек көрбақтар
Алып қашқан ақшасын.

Әр көңілде бір күдік,
Келе жатқан кім жүріп?
Жел айдаған құйындай
Кетпесе екен бүлдіріп.

Қарашанақ төбелер,
Қол жайғанмен не берер.
Таңдайдағы шындықты
Маңдайыңа шегелер.

Үнсіз жылап көр күнім,
Құлақ тосар енді кім?
Надан сөйлеп, нар құлар,
Кер ауызды келді күн.

Қайдан білдің, қарағым,
Қандай заман боларын.
Сұңқылдайды бір байғұс
Қақ төрінен моланың.

Құдай әділ бұл анық.
Жалбарынып жыладық.
Жан иесі Алладан –
Бақ-береке сұрадық.

* * *

Елді тыңда
Елде сені тыңдасын,
Елсіз қалай көсем болмақ бір басың.
Баяны жоқ барға шүкір тірлікте
Иман болсын жиғаның мен сырласың.

Шаң қаптырып
Жарты жолда ғапыл қып,
Қанша ердің ұмытқанды атын жұрт.
Көшкен күннің өркешіне жабысып,
Туған айды турап-турап батырдық.

Бозторғайға боз ала таң құндақ боп,
Өткіншіңді шырылдайды жырлап кеп.
Көкек ұшар көптен бойын тасалап,
Бақ пенен тақ баста қанша тұрмақ деп.

Сәскеліктен түске ауғанда ғұмырың,
Өз көлеңкең салар саған құрығын.

Өз-өзіңе дұшпан болып ақыры
Бұзылады бұл тірлікте тұнығың.

Тағдыр салса тар қапасқа шыдарсың,
Қол жеткізбес арман деген шынар-шың.
Құм шағылда қаңбақтарға ілесіп,
Дәруіш боп кеткің келіп жыларсың.

БАҒАР-БАҚТЫҢ САМАЛЫ

Сағындың ба
Баһар-бақтың самалын,
Келді көктем бар, бара ғой, қарағым.
Бүр жарып тұр, гүл жарып тұр көрдің бе,
Көздерінен көңілдегі жараның.

Саған айтып сыбырайды шын сырын,
Жүректердің тыңдап көрші бүршігін.
Қошақандай қоңыр желдің наз демі,
Қойыныңа тығып алған тұмсығын.

Баһар-бақтың хош иісі мас қылып,
Шапқылайды, шаттанады жас түлік.
Ал содан соң шыққа малып өтеді
Өткен күннің өкініші қас қылып.

Бізден бойын аулақ ұстап мына бақ,
Ескен самал көшкен бұлттар жыламақ.
Бозбала күн бой тасалап барады
Жаланааяқ әр төбеден сығалап.

Көктем келді көгершінім көрдің бе,
Елемейді енді мұны ел мүлде.
Неге қалқам қуанбайсың, күлмейсің –
Мәңгі жас боп тұрарыңа сендің бе?

КӨШЕДЕГІ КӨРІНІС

Тар көшеде
Келем жүріп емпеңдеп,
Өмір-бақтан өлең теріп берсем деп.
Ақ жаулығын кебін қылған қарттықтың –
Бір кейуана отыр, әне, кемсеңдеп.

Етегінен гүл шашылған жас келін,
Гүл ішінен іздеп жүріп тапты өзін.
Келіншек пен кейуанаға қарайды
Гүл ұсынған, жыр ұсынған пәк кезім.

Қайдан жүрсің пәк күнімнің елібі,
Күн екенсің, гүл екенсің сен ұлы.
Кейуанадан көзін алмай тұр міне,
Жас келіннің дір-дір етіп еріні.

Бірі қарттық, бірі жастық бір көше,
Жолаушылар келсін бізді іздесе.
Осы жолдан жүріп өтпек сан ұрпақ
Өзі айтар өмір жайлы білмесе.

Тар көшеде таңдайымнан жыр көктеп,
Санаулы сәт, басқан қадам бір мектеп.
Қалтарыста қалғып кетті ал анау
Қос жанарын кірпігімен ілгектеп.

Жанға жұмбақ бұл сапардың тұрағы,
Жолаушының жолда сөнер шырағы.
Бейшараның дәмі бітті-ау шамасы
Бір қарағай тіп-тік тұрып құлады.

Тар көшеде талай тағдыр сыналмақ,
Бір дүр-дүрмек шауып өтті ұрандап.
Көшедегі көзкөргеннің бәріне
Ақын байғұс елжіреді жыр арнап.

* * *

Шаршадың ба,
Қайран көңіл, тәтті жан?!
Өзегінді өртеп жүрме ақтық ән.
Мандайыңды сүйеп ауыр күндерге,
Аумай қалдың қоңыр қобыз бақсыдан.

Күн дегенің күндес екен тым қатты,
Көздерінде қызыл шақа жыр жатты.
Дүниенің бәрі осылай десін деп,
Ала бұлт пен аспан төсін сырлапты.

Қалағаның осы ма деп қарағым,
У тірліктің құйып берді шарабын.
Кесесінен зәрін ішіп тұрмыстың,
Түріп алып көп жүгірдім балағын.

* * *

Қайран уақыт қалай сені ұстармын
Жасаурайды жан біткенге құштар күн.
Енді сенде мендік емес басқасың,
Өз ұртымды өзім шайнап жұтқанмын.

Өткен күннің бәрі өзге еріксіз,
Бастан бақты, қолдан құтты беріппіз.
Міне менің жыр жүрегім ала сал
Ақын ғой деп, жақын ғой деп келіпсіз.

Елді сүйдім, жерді сүйдім дерттендім,
Куә болар аспанда ай, көктен күн.
Жүрегімнің берейін деп жылуын
Әр төбеге алау жағып кеткенмін.

Аяладым тау тағдырын, қыр мұңын,
Көл бетінде көрсең көкем тұр мұңым.
Қаласаңыз қалқам саған тастайын
Жалғаншының жан сезбеген шындығын.

АРНАДЫҚ БАР ҒҰМЫРДЫ

*«Өле берсін күншілдер күйігінде,
Өз ғасырым өзімнің иінімде.
Ақ жаңбырлар тоздырған тау сияқты,
Мен өлемін өзімнің биігімде!»*

Төлеген Айбергенов

Алтыннан қаратауға тұмар салып,
Мұң басып, көкіректі мұнар шалып.
«..Мен де өлемін өзімнің биігімде» –
Отпан таудан Алашқа ұран салып.
Болған жоқ бұра тартқан жолсыз жерім,
Бақ құсы барша жұртқа қонсын дедім.
Қайтеміз итке өкпелеп, битке өкпелеп,
Ел тыныш, халқым аман болсын менің!

АҚ СҰҢҚАР

Мен жерде сен қияда ақ қыраным,
Шарқ ұрып көкке ұшуға шақ тұрамын.

Кетсем-ау көкті бойлап елден жырақ,
Қош айтып таудан бұлақ, көлден құрақ.

Қол созып мың періште аспан жақтан,
Мұңнан бұлт, жырдан жиһаз жастап жатсам.

Түн қатсам найзағайдан шырақ жағып,
Туған жер – туған ұлын тұрар бағып.

Сағынсам ақ жаңбыр боп егілермін,
Таппассың атажұрттың көгінен мін.

Қайран ел қайда барам көгендемін,
Таусылар татар дәмім, сенен демім.

Ақ канат, күміс қияқ сұңқарларым,
Сендерге менің мәңгі іңкәр жаным.

Қараймын қара көзім қарыққанша,
Білмеймін біз көретін жарық қанша.

Тіл қатшы қыз қабақ ай, мұз балақ түн,
Мен сені өліп-өшіп жырламақпын.

АУЫЛЫМДЫ ҚИМАЙ ҚАНША АТТАНДЫМ

Сонау үйдің шамы сөнді дір қағып,
Қайта өшті бір жанып.
Аздан соң-ақ түн құйылды төріне,
Жатты сосын қара түнге шырмалып.

Айға көзін жетім сатып күрсінді,
Қарғыс атсын бұл түнді.
Қараңғыдан жарық іздеп жансебіл,
Қасқа жүрек бұлқынды.

Өңкей жетім сол бір үйдің телмеңі,
Қара түннің қысып жатыр шеңгелі.
Жетім менен ауру-сырқау, жалғыздар,
Түпсіз түннің, құтсыз күннің ермегі.

Тәңірім-ай!..Таң атты ма, күміс күн,
Өмір анау ақ даңғылы жүрістің.
Өңкей жетім ояныпты бүрсендеп,
Шүкір Алла, тынышпын.

Ауыл-үйдің амандығы мың бақыт,
Жетім көңіл дүниеге ұл ғашық.
Шарана да өз тұсауын кесіпті,
Қара жерге табандарын тұр басып.

Аман болсын, аман тұрды төсектен,
Өңкей жетім жалғыз шамды ес еткен.
Ауылымды қимай қанша атандым,
Ертең тағы келем деген есеппен.

БІР СЕРПІЛІС ЖЕТПЕДІ

Көп ірісе көрмен бірдей қазылған,
Сорлы ғұмыр соны ұқтым сазыңнан.
Өзін-өзі сыйламайтын халықтың –
Маңдайына құлдық қана жазылған.

Манаураған, маңыстаған, қалғыған,
Сол баяғы жауыр құлақ, жалғыз ән.
Жамау көрпе, жыртық шекпен ауыл тұр,
Тарғыл мысық, марғау төбет алжыған.

Жасаураған көңілімнің тұнбасын,
Жұбатамын жұрттан таса бір басым.
Айға тақпақ ала құйын ұрлап ап,
Ару қыздың жылтылдаған сырғасын.

Ару қыздың кеудесінде көп күдік,
Мың шындықтың шапалағын жеп тұрып,
Құшақтады қорымдағы қойтасты,
Бір сұмдыққа шашын жайды бет бұрып.

Алақанын көздеріне көлгейлеп,
Өз көзіне бозбала тұр сенбей көп.
Күс-күс қолын ауыл жайып жылады
Жамандыққа Құдай сабыр бергей деп.

Ауыл өңсіз, мен өзімде қатқылмын,
Қара өлеңді қайдан маған тап қылдың?!
Көптің көзін сұртсем бе деп жыр жаздым,
Сосын оны турап-турап лақтырдым.

Бір қуаныш, бір серпіліс жетпеді,
Қоршаған ба қорғасын бұлт тек мені.
Күліп тұрды кетік тісін ырситып
Шаруа шалдың тасқа тиген кетпені.

ДОС ТІЛЕГІ

Қай тілегін айтайын жасын жырдың,
Жасып жүрмін жан қалқам, асыл құрбым.
Бал қасыққа – қарын жау, қанағат дос,
Топты көрсең тойымсыз қашып жүргін.

Қауызынды таптайды, гүлдерінді,
Басынды тарт, базардан біл жөнінді.
Обалыңа қарамай оңашада,
Орай салар сағанда бір кебінді.

Адалдығың, пәктігің олжаң жаным.
Жан екенсің жақсылық толған жаның.
Кебін орап кеткенмен бірдей жаным,
Абайсызда ар төгіп қорланғаның.

ГҮЛДІ КӨРСЕМ

Қош, ендеше, қоңыр кеш, базарлы күн,
Сендік жүрек, мінеки, ғазал-жырым.
Өмір деген осы екен көрдік бәрін,
Жоғалмасын жан құрбым адалдығың.

Көктем келіп жазыпты қыр қабағын,
Елесінді еншілеп сырғаладым.
Гүлді көрсем аулада сені көрем,
Сені көрсем селдетіп жыр жазамын.

БАЗАРШЫЛАП БАРҒАНДА

Қырға шықсаң қызыл алма бақтары,
Ойға түссең қара мейіз, қақтары.
«Аға, алшы, шырын-шекер, балмын» – деп,
Арулардың құрғамайды жақтары.

Таңдап көрдім шырынын да, балын да,
Жиырмаға жаңа шыққан шағымда.
Базаршылап бағбан келді көрдің бе,
Алдынан шық моншағынды тағын да.

Мен бағбаны көп жемістің, шырынның,
Өтеуін бер базаршы қыз жырымның.
Жүзің – жүзім, төсің – алма, бойың – тал,
«Алшы?!..» – дедің, құшақ аштым, жығылдың!

КӨРШІЛЕРМІЗ

Көршілерміз көп сырласып, қабысқан,
Көп сыбаға алысқан.
Көп бақыттың шымылдығын бірге ашып,
Көп қайғыда табысқан.

Көршілерміз ұл-қызымыз ойнаған,
Қуанысып тойлаған.
Бақыт тауып береке мен бірліктен,
Бал ләззатқа бойлаған.

Көршілерміз құдай қосқан несібем,
Тастамаған есінен.
Көршім аман, көңілім шат, жан-жайлау,
Таңы шуақ, кеші дем.

Ақ тілекпін, ақ баталы жүреkpін,
Сыйластықпын, ізетпін.
Көрші ренжіп қалмасын деп жәутеңдеп,
Қас-қабағын күзеттім.

БАТАР КҮННІҢ ЖЕЛІНІ

Қорғасындай еріген қоңыр күнім,
Теміріндей жұқардым тебінгінің.
Бұрынғыдан өзгереді адам біткен,
Тірі қайсы білмедім кебінді кім?..

Бірін-бірі қайшылап ерінімен,
Секем алым келеді серігінен.
У шығатын болып жүр уыз емес,
Батар күннің быртиған желінен.

АҚКЕТІКТЕН КЕЛЕМІН

Көгершін қанат күлгін-ді,
Көк тал бүрлеп, күн күлді.
Көңілім жырдаң мастанып,
Өткіздік өрлеп бұл күнді.
Достарым күтіп дүрлікті,
Дүр жігіттер кіл мықты.
Домбыра алып Ратай¹,
Күй пернесін сырғытты.
Өн бойым менің өлеңді,
Шалқыған шалқар көл енді.
Темірбек² інім тақ сайлап,
Көтеріп төрге жөнелді.
Өрелеп сөзді байладық,
Аймалап тұрды ай бағып.
Тамаша шіркін сәт болды,
Тамшалыны³ айналып.
Дастарқан сыйлы ас болды,
Жамбас пенен бас болды.
Өз кемпірім болмаса,

¹ Ратай – Р. Қарғабаев.

² Темірбек – Т. Асауов.

³ Тамшалы – елді-мекен, саялы бақтар.

Қалғаны түгел жас болды.
(Жүрегі құрғыр мас болды)
Тектілерден тақ қалған,
Ер байрағы сақталған.
Ел екен бір жырқұмар,
Аңқылдап сырын ақтарған.
Жаның нұрлы ақсың деп,
Бал жапырақ, бақсың деп,
Досан мен Иса¹ күзетті,
Алаңсыз ақын жатсын деп.
Шабыт алдым сенен ел!
Ерлігі асқан ерен ел.
Көп алғыс саған көк теңіз,
Көксауыт жебе, берен ел!
Ағыл да тегіл сол арна.
Жөнелдік сосын жол алда.
Жалауды² туған бұл елде,
Жаман жігіт болар ма?!
Ақ киіктей желемін.
Айтармын кейін себебін.
Тоқтатпа мені МАИ бала,
Ақкетіктен³ келемін!

СҮЙЕГІ АЛТЫН НАР КЕРЕК

Беглер менен бегім жоқ,
Елім барда ерім жоқ.
Заман қиын, заң құйын,
Атар таңға сенім жоқ.

Боз ала бұлт нар ма екен,
Боздағаны зарлы екен.
Жел айдаған сорлының
Басы қайда қалды екен?!

¹ Досан мен Иса – Халық батырлары.

² Жалау – Ж. Мыңбаев – аса көрнекті мемлекет қайраткері.

³ Ақкетік – елді-мекен, саялы бақтар.

Дәулет бөлек, ар бөлек,
Дәуір бөлек, зар бөлек.
Қайта оятар намысты
Сүйегі алтын нар керек!..

Шоқ үстінде аттаймын,
От ішінде қақсаймын.
Жүрегім-жаным сенікі –
Ұлтымды қайтсем сақтаймын!..

СЫЙЛАДЫМ БАР ҒҰМЫРДЫ

Отырсың ба оңаша жаның жылап,
Күндей көрме біреудің бағын бірақ.

Даттай берме қайтесің тірлігіңді,
Көре алмаған жандар бар бір күніңді.

Ашу дұшпан, ақыл дос бұрынғыдан,
Бұрынғының әр сөзін ырым қылам.

Бәрін айтқан, бәрінде біліп өткен,
Өткен күннің көп еді сыры неткен.

Жан дауысым шырқырап жұбатамын,
Тербетемін тірліктің құба таңын.

Бесігінде сен жатсың жүрегімнің,
Саған деген сезім гүл, тілегім күн.

Менің сәулем жап-жарық нұрлы ғайып,
Ғапыл күннің сәулесін жыр қылайық.

Жыр қылайық, лапылдап жанып тұрып,
Жаратқаннан жанға нұр алып тұрып.

Сен жылама жан қалқам күле білгін,
Күле білгін бөлшегі жүрегімнің.

Әр жүректе бір жан бар тілегі бір,
Сен білмейтін сезіммен, сыр еді бұл.

Сен жылама қарағым еркелегін,
Сен жыласаң мен онда өртенемін.

Ая менің жайқалған жан гүлімді.
Жан гүліме сыйладым бар ғұмырды.

ДІЛДЕН ДҰҒА

Қайран өмір парактай ақтарылған,
Дос та құрбан, дұшпан да, жат та құрбан.

Келем жүріп көшенде көлденеңдеп,
Көппен бірге ұмтылып өрге дендеп.

Жалғыз байрақ жан біткен таласады,
Берешегі көп жанның, алашағы.

Бірді-біреу тартқылап балағынан,
Ізде ілбісін, ал, алда, ала жылан.

Қайда асығып барады қарғылы күн,
Іздегені не сонда барлығының?..

Түсінбедім, ұқпадым ұға алмадым,
Ділден дұға дертіне шығар жанның.

* * *

Сағынған жан екенсің сезіп тұрмын,
Кездеспес жерде сені кезіктірдім.

Ия, сол,
Сен екенсің,
Обал болды-ау,
Өртеніп өз жанымнан безіп тұрмын.

Сағынған жан екенсің, таныдым бек,
Кештім деп, жылай бердің, сағындым деп.
Ия, сол,
Сен екенсің, обал болды-ау,
Кеш дедім кезіп жүрген сағыммын деп.

Сағынған жан екенсің, сары күздей,
Сарғайған сағыныштың әнін үзбей.
Ия, сол,
Сен екенсің, обал болды-ау,
Татып ем шырынан дәмін үзбей.

Сағынған жан екенсің, жаны ғапыл,
Көзінде көктеміңнің әні жатыр.
Ия, сол,
Сен екенсің, обал болды-ау,
Жырымды моншақ қылып тағына тұр.

КӨКБӨРІНІҢ АПАНЫ

Самға Түрік,
Қыран көкке ұшқандай,
Сүй қазақты – жалғызыңды құшқандай!

Жолым болғай жолай тартып жыр жаздым,
Жүрегімде қанша қайғы, ызғар мұн.

Күдері жал күрен қасқа ат мінген,
Өркениет саған, сірә, жатпын мен.

Жүрегімде тазалық бар ақ күріш,
Пәктігімнен алды қанша жат тыныс.

Көп қымтадым Азияның іргесін,
Шындық зауал, сезімге сор, тілге сын.

Халық едім шоқ жұлдыздай аздаған,
Шоқтай болдым сөнер алды маздаған.

Күлге айналып шашыла да бастадым,
Көкаттыға басыла да бастадым.

Ер Түрікке создым сосын қолымды,
Қандасым ғой менің жалғыз ол ізгі.

Қара түнек қаптасада жау іші,
Қарындастың белгілі ғой дауысы.

Қанша ғасыр дауылдармен алыстық,
Келді Азаттық бауырлармен табыстық.

Қайран туыс сенің орның тым бөлек,
Қолда барда туыстықты біл демек.

Ей, Ер Түрік, Ер Қазақтың сыңары,
Егіз елдің мәңгі бірге ұраны!

Бабалардың көп қиылды ғұмыры,
Аналардың көп жұлынды бұрымы.

Қарындастың қанды жасын ұмытпа,
Ұлықтасаң Ер Түрікті ұлықта.

Түбіміз бір, Түрік едік, ер едік,
Төгілген қан, мандайдағы тер едік.

Жалынбаған жауға тізе бүкпеген,
Біз жанартау қайта жанып бітпеген.

Жана берем жалындаймын өртеніп,
Сертшіл ұлға семсерінді бер сеніп.

Семсерінде сертке берік антың бар,
Маңғыстаумын!..Пір Бекеттей нарқым бар.

Менің тегім көк Тәңірі нұрдан ба?!..
Адаспаймын Отпанда Атам тұрғанда!

Нарқым менің – Халқым менің қымбатпын,
Күн зерлеген күміс моншақ сырмақпын.

Әулиемін қорымдары иманнан,
Иман іздеп кеудесінен қиған жан.

Менің қолым Тәңіріме жайылған,
Көкбөрімді көк аспаннан айырман.

Көкке ұлыған арлан едім, арлы едім,
Атажұртпын!..Айтар сөзім бар менің.

Күлтегіннің ағыны бар қанымда,
Қорқыт күйдің сарыны бар жанымда.

Балқып жатыр баян таудың тал-құзы,
Түркістанда Иассауидің қалды ізі.

Иассауиім бабалардың – бабасы,
Дін Ислам мен Ер Түріктің панасы.

Алтай жатыр ата-тектің тұнбасы,
Тонькөктің торғын самал сырласы.

Хан-Тәңірге аспан жатыр сүйеніп,
Жүрегіме жеті өзеннен күй еніп.

Сарыарқада сақ-сақ күлген ақ бұлақ,
Ақ бақытын іздеп-ақ жүр шапқылап.

Алтын орда, Сарайшығым сары алтын,
Сыр бойынан сансыз бабты қарарсың.

Аманбысың Ер Түріктің ұланы,
Егіз елдің енді айтар бір әні.

Қалың қазақ Ер Түрік пен еншің бір,
Ерге ортақ семсерінде сертің жүр.

Атақоныс, ата жұртпын аппақпын,
Ақ сүтіммен уыз жырды сақтаппын.

Жыр ішінде Ер Түріктің үні бар,
Бізден басқа бауырымның кімі бар?!..

Арқа сүйеп көп қараймыз Түрікке,
Жау ішінде туыс керек жігітке.

Қалың ойға қалың түрік бойласын,
Қалт еткенде біздерді де ойласын.

Алты Алаштың арланымыз біз деген,
Өз бауырын, түп тамырын іздеген.

Өзің-өзің, өзге өзіңдей болмайды,
Жаттан жақын көп іздедік сол қайғы.

Қара теңіз жағасында жасыл бақ,
Сүйіп жатыр Стамбулды ғасырлап.

Шах-Сұлтандар, нақ Сұлтандар – дара шын,
Әр тасынан бекзадалық табасың.

Әмір етіп күллі әлемге мөр басқан,
Ер Түріктің әр жігіті бір дастан.

Барлық Түрік – Ер Алаштың ұл-қызы,
Оған куә Атажұрттың шың-құзы.

Іс бастарда ар жолында бір игі,
Көкбөрілер көкке қарап ұлиды.

Естідің бе дауысымды Ер Түрік,
Сен де сайла күйдің сазын келтіріп.

Алаш үшін Сен өзіңді баптағын,
Мен сүрінсем тартып мінгін ат жалын.

Тілегі бір, жүрегі бір, бір ұлмыз,
Бір тамырдан көктеп шыққан ғұмырмыз.

Самға Түрік – Қыран көкке ұшқандай,
Сүй қазақты – жалғызыңды күшқандай!

Ұландармыз!..Батыр-байрақ, баталы!
Қазақстан – көкбөрінің апаны!

Өр Алтайда өзің шыққан тұғыр бар,
Көкбөрілер көкке қарап ұлыңдар!

АСПАНЫҢ ПІРІ

Торғынменен тоқыған, алтыннан зері көмкерген,
Толықсыған ай көрдім, ажары шоқтай өртенген.

Шолпан жұлдыз шомылды, нұрдан ішіп балқыды,
Бақ торыды жолымды, қиялым көкке қалқыды.

Туған айды көрерге ту байладым ертесі,
Иіле туды ай күліп, шат-шадыман жер төсі.

Аталық аспан ана тұс, аналық далам мерейлі,
Айырмай сүйді бесіктеп бай менен жарлы, кедейді.

Шырағын жағып сәулелі түн дидарын өптірді,
Қол жетер жерде тамшылап жұлдыз біткен көп тұрды.

Жүрекке жазу қалдырды сорғалап аққан моншағы,
Бадана көзді жұлдыздар қорғалап айды қоршады.

Аспанның Пірі – шыққан Күн, бозарып атқан таң-дағы.
Ай жөнелді, түн де жоқ, жұлдыздың бірі қалмады.

МЕЙРАМХАНА МӘЗІРІ

Жұмыр иық үлпілдеген ақ тамақ,
Есімімді қайталайды жаттап ап.
Ақындарға арзу болған жер екен,
Қалай айтсам солай бикеш баптамақ.

Саусағынан сәуле шашып жүзігі,
«Жансыз» – дейді, жаны қалмай, – Сіз, Ұлы»
Манауратып қыз төсіне құлатты,
Мақтау сөздің алтын шынжыр құлыбы.

Жәннатта да қыз жоқ шығар ал мұндай,
Би биледік бірге қамшы салдырмай.
Балқып кетпей аман жеттік қосынға
Он екіден бір мүшені алдырмай.

Алда қанша нұрлы шуақ ақ таң бар,
Мен бір серкең, кел бір еркем, баптаңдар!
Бал шараппен сұлу қызды сүйгендер,
Ақындардың сыбағасын сақтаңдар!

* * *

Күрең тай кісінейсің кемдігіңнен,
Күтесің жанға жылу енді кімнен?
Созарға саған қолды дәрменім жоқ,
Шекесі мың жарылған шерлімін мен.

Дірілдеп кірпігіңнен күміс тамды,
Тал бойың талмау таппай құнысқанды.
Сезесің елден бұрын сен құлыным,
Жетімге жекірініп ұрысқанды.

Жетілер жетімдер де балақ түріп,
От жағар, отау тігіп талап қылып.
Болмайды кімдер жетім құдай салса,
Тіс сынар быламыққа қарап тұрып.

Жылағын, жетімдермен бір егілгін,
Жан болсаң ажарың ай, тілегің күн.
Жетімнің көз жасында ақиқат бар,
Көзімен қарап көрші жүрегіңнің!?

ТҮЙІН ТІЛЕК

Бәрі де бар... Көңіл шіркін жетпейді!
«... Мен бақытты болсам» – дейді, – тек, мейлі»
Жетімдерін көп жұбатқан халықтың
Басынан бақ тепсе-дағы кетпейді!

ЖАЗДЫҢ ЖАМАЛ АПТАБЫ

Жаным жайлау жадыраған алтын қыр,
Ақ күміске көк көбелек малтып жүр.
Күміс сәуле жаздың жамал аптабы,
Сандуғаштар саз сырнайын тартып жүр.

Шалқып аққан шат-шадыман ақ бұлақ,
Жағасында жатыр түлік бас құрап.
Мен сөйлесем жаңғырады қаратау,
Бір айқайлап ән салсам ба қаттырақ.

Мен өткінші өтті-кетті көп күнім,
Өткен күнде есем қалды тек мінім.
Өмір сені жаным қалмай сүйдім мен,
Арпалыстым, таппай кеттім бек тыным!

ЖАҚСЫЛАРДАН АЙЫРМА

Жап-жассың ғой жанның асыл данасы,
Жан телім-ау айдың туған жаңасы.
Дидарыңа қарай берем сәулелі,
Сенде маған ең соңғы рет қарашы?!

Өмір деген жалғыз-ақ ән қайырма,
Жанымыз шөл қайыр менен зайырға.
Көріп жүріп көңіліміз тоғайсын,
Я, Жаратқан жақсылардан айырма?!

* * *

Құт дарыған мекен еді бұл аймақ,
Енді, міне, есі кетіп тұр айлап.
Пенде байғұс басын ұстап күрсінер,
Маңдайына бермегесін құдай бақ!

Қайғылының қанды өзегі құрғайды,
Қаралы жан аққа көңіл бұрмайды.
Дүниенің бар байлығын жинасаң
Бір шаттанып күлгеніңе тұрмайды.

ТАПСЫРАР СӘТ БОЛҒАН КҮН

Қақпайлайды дәуір деген бақташым,
Дәруішпіз ит пен құстан сақтасын.
Жүзден көңіл, мыңнан ниет бұрылды,
Көкірекке иман шамын жаққасын.

Сағым қуған сағынышпын ноқталы,
Ноқталы жан оны қанша соттады.
Аманатқа адалдықтан басқаның
Қанша жыла Хақ алдында жоқ мәні.

Кедергілер кептеседе жолдан мың,
Тәңіріме тәу еттім де толғандым.
Келемеге келтіре гөр тілімді
Аманатты тапсырар сәт болған күн?

КӨКЕК ПЕН ҚЫРҒИ

Білгесін де үндемейді түңіліп,
Көкек отыр көптен өзге бүлініп.
Зеңгір көкке қырғи шықты сәлден соң,
Қан балағын қайымдаған түрініп.

Мен қарадым көкек жайын білгім кеп,
Бізді көкек сендірген-ді «Бірмін» – деп.
Көкек үнсіз басын тықты бұтына,
Көкек емес «Кө-теек..» – деді миңгірлеп.

Көкек сынды көп мақтанған адамда,
Мың асқанға бір тосқан бар табанда.
Көкектердің басын бұтқа тығатын,
Қырғи керек қырттары көп заманда.

ҚАТУ ҚАЛА, ҚАЙЫМ ЖЫР
(Үркек ой, үзік жырлар... Бірінші көрініс)

I

Бесік жасап, көсік жасап жат даудан,
Қайда барсаң қатулы жан қағынған.
Қызыл шеке, жарық маңдай Ақтаудан,
Жолаушымын, Алматыны сағынған.

II

Қырғи самғау, қызыл-жоса бақсыз құс,
«Ақша-ақша» естігенім жалғыз ән.
Алматы ма?!..
Түлкі құйрық, қасқыр тіс,
Қала бопты өп-өтірік қалғыған.

III

Босағасын аттап едім шіркіннің,
Қаракөзде қалмағандай туыстық.
Сенде өткен ауырын-ай бір күннің,
Момындарды мойтап жатыр ұрыс қып.

Қазақ қайда?!.. Қарға тамыр бір құрсақ,
Зәулім үйлер күліп алды қарқылдап.
Деп келіп ем туыстықты жыр қылсақ,
Ішіп отыр жау қолынан сарқынды ап.

IV

Алатаудың ақ жаулығын кір басып,
Бетін бүркеп тығылады мұнарға.
Көше толған кіржік қабақ кіл жасық,
Не болған-ай шеттерінен бұларға?!

V

Өңкей жасық кекшіл және тым қатты,
Өзім ғой деп жөн сұрасаң жекірген.
Әділетсіз бір қарбалас шырмапты,
Көз ақысын сұрап-ақ тұр бетіңнен.

Бірін-бірі жеп барады қазағың,
Болмашыға намысшылын қарашы.
«Тұмсықтағы тұрмысыңның азабын,
Сиыр тілмен сылпылдатып жалашы»

VI

Мүйізінді бауырыңа тыққанда,
Мүмкін емес саған қарау шошынбай.
Көңілің мас бір-біріңді жыққанға
Ақырында ұлт болдың ба осындай?!

VII

Не десем де Алматым ғой – сүйіктім,
Маған ыстық ақ шаңқан тау, мұнар күн.
Сүйген жанда күлкісі бар күйіктің,
Мен уақыттан қалып қойған шығармын.

Бар қазақтың алтын бесік үмігі,
Бір-біріңді көпсінгенің неткенің?!
Қолымыз бос, жоқ жан едік жұмысы
Астанаға дұрыс шығар кеткенім.

VIII

Төбе шашым шыңғырғанда тік тұрып,
Алматыға қол бұлғадым күлдім де.

Ашу менен ызасынан жұқтырып,
Жансебіл жұрт жалықтырды бір күнде.

IX

Түсініксіз мақсат пенен мүддеден,
Шаршап кеткен тамыр-тамыр шекелер.
Арпалыс пен өтіп жатыр күн деген,
Қақ жарылған ақ отау мен некелер.

Алматыны тастап шықтым еріксіз,
Астананы– бас қаланы көрмекке.
Айда-жылда бір келеміз сеніп біз,
Көз қансын деп ұлттық бояу, өрнекке.

X

Өгейсіме мен өзіңмін, өзіңмін,
Сен сұлусың түнің ай да, көгің күн.
Алматы ма!? ..Астана ма?! ..Менікі!
Екі бірдей қарашығы көзімнің!

(ЕКІНШІ КӨРІНІС) (Үркек ой, үзік жырлар)

I

Үкідегі қармаққа күні түскен,
Үнсіз балық секілді ойшылдар да.
Бас шаһар тұр шықырлап шыны-тісі,
Мақтап-мақтап шаршады тойшылдар да.

Жасарған да жақсылық, жаңғырған да,
Халық берген қашанда бата құтты!
Ұлтқа мұра ұлықтап қалдырған да,
Астанамен қоса ойла, атажұртты!

II

Аңызакта ауыл тұр күн қақтаған,
Арпа-бидай бір күндік қамбасында.
Марғау еркек, мәтөк ұл ыржақтаған,
Өгіз жеккен өмірдің арбасында.

Салыстырып қарашы, қабыстырып,
Қан жылайды жүрегін дала мынау.
Ақиқат пен шындықтан алыс тұрып,
Қалай сұлу болмақсың қарағым-ау?

ҮШІНШІ КӨРІНІС (Үркек ой, үзік жырлар)

I

Не демекпін?..
Неткен дәурен... алаңмын!..
Адым сайын жалғандыққа кез болсақ.
Төс түймесі ағытылған заманның,
Өкшесінде жылтылдайды жез моншақ.

Тоқсан тарау, сексен селеу көк жұлын,
Қайран ауыл, қайран қазақ бал жұмақ.
Дәтке қуат қылар қанша сөз буын,
Сал сүйегі саудырайды қалжырап.

II

Ерініңнен сүйіп ем қызыл далап,
Шырын татып тұр екен шырғалаңы.
Өзі берген – өзі алсын жырын қазақ,
От пен суда тағдырдың бір балағы.

Ей, Астана – келбетім боп тұр менің!
Жә, сұлусың!.. Таққым келмес, түк те сын.
Азын-аулақ наз айтқаным бұл менің,
Көп нәрсені өздеріңнен күткесін.

ЖАЛҒАНШЫДАН ЖӘЙ ҒАНА БІР ҰҚҚАНЫМ

Көзден ғайып болсын десең жамандық,
Көзіңді жұм, қолыңды бір сермегін!
Көзден ғайып болсын десең надандық,
Көзіңді аш, наданға жол бермегін.

Көре-көре жамандыққа ересің,
Өзің сезбей жанға кірдің жұққанын.
Көзді жұмсаң наданға жол бересің,
Жалғаншыдан жәй ғана бір ұққаным.

ҰМЫТ БОЛҒАН БІР ӘНІМ

Зағара нан жетім малта сығынды,
Күн кешіпті сонау жылы бұл халық.
«Заман» – дейді, – сосын сәл-пәл жылынды» –
Ер есейді, ел қабағын ұл бағып.

Көпті көрген көз алдында мың әжім,
Күс-күс саусақ бет сипайды шүкір деп.
Маңғыстаумын ұмыт болған бір әнім,
Біздер жайлы шындығында пікір көп.

Боз аршадай мәңгі жасыл тілекпін,
Сидам ағаш ешкі көрсе дірілдер.
Дүниенің қас-қабағын күзеттім,
Екі өмірде бақытыңның бірін бер.

* * *

Аға ашушаң,
Іні, сірә, індігеш,
Бүйткен біздің бірлік еш.
Жаратушым!..
Соның соры қайнап жүр:
Талапайдан қалдырсаңыз кімді кеш.
Көңіліміз жасыған,
Шабыт едік шаршы көрсек тасыған.
Біздің қоғам –
Өзен сынды өпірім,
Теріс аққан басынан.
Бәрі аян,
Өткені мен қалғаны,
Қәне, қандай бар мәні.
Талай ердің
Жолда қалды шашылып,
Үміті мен арманы.
Өмір деген сол-дағы.
Ата көріп,
Әке көріп оқ жонып,
Ер болуға елді сүйіп талпындық,
Азу тісін көрсетті,
Заман түсін салқын қып.
Жанартаудай
Жан-құрсақтан от құсып,
Шоқ боп ағып сарқылдық.

ЖОЛ БАЯН

Жұлдызкұрттай жұтынады пойыздар,
Ақбөкендей ырғып қашып төбелер.
Мен отырмын қиял тәтті, ой ызғар,
Жыланбауыр қысыр соқпақ не берер!?

Нарқоспақ құм, мама бие бал бұлақ,
Күміс шашбау көк жиекте қос бұрым.
Қара ноқат бір жолаушы жалғыз ат,
Тіршілікте біз байғұсқа жоқ тыным.

Көл жағасы жұтпа балық, жылым тор,
Желбас қамыс бұрқырайды түбітсіп.
Жұмбақ сапар бірі бақыт, бірі сор,
Құс-қаңбақпыз жүргенім жоқ біліп түк.

ОҢТАЙЛАНЫП ТҰРАДЫ

Бұт артары бар жанның бәрі мықты,
Жаяу байғұс күледі мінгеспекке.
Малсыз жастан майқарын кәрі мықты,
Оңтайланып тұрады тіл кеспекке.

Ұрынады анаған, мынаған да,
Жайпап тастай жаздайды жамағатты.
Байлық айта береді сұрағанға,
Әңгіме ғып көк дорба, ала қапты.

Қағып-сілкіп шапанын түрегеліп,
Қарпып сөйлеп қалтып тұра қалмақ.
Артына бір қарайды жүре беріп,
Көзбен атып көпті бір бұрап алмақ.

МҮДЕ ХАН

(Тарихқа белгілі әйгілі Сиуңну(гұн) империясының негізін қалаған, шамамен христианиа жыл санауға дейінгі 227 жылы туып, 174 жылы қайтыс болған тарихи тұлға). («Иә, бір кезде Чин патшасы Чин Шы Хуан-дидің қолбасшысы Мың Тиәннен жеңіліп, қашып барып Қаңқай тауын паналаған гұн елін бас-аяғы отыз-отыз бес жылдың ішінде теңдесі жоқ Ұлы Ұлысқа айналдырып, оның шекарасын терістікте Байкалдан түстікте Парсы жеріне дейін, шығыста Хамиден батыста Каспийге дейін кеңейтіп, атақты Хән патшалығын алым-салық төлеуге мәжбүр еткен Шығыстың ұлы жаугер ханы – Тұман ұлы Мүде хан қатардағы қауқарсыз пендедей жер томпайтып қана жатыр. Бар айырмашылығы – төмпешигі өзгелерден гәрі көлемді де биіктеу. Жалған дүние!.. » – Қ.Салғараұлының «МҮДЕ ХАН» кинороманының соңғы көрініс-нүктесі осылай қойылған. Астана-2011 жыл. «Сарыарқа» баспасы.) Автордан: – Қойшығара Салғараұлы ағамыздың «МҮДЕ ХАН» атты кинороманын оқығаннан кейін тұтас жан-тәніммен сол дәуірге көшіп кеткендей күй кештім. Тарихи тұлғалардың тіліне салған жазушының ой-пікірлері санаңды сілкіндіріп, жігеріңді ұшпайды. Ойшылдарымыздың айтқанындай, көшпенділердің арбасына мініп, ӨРКЕНИЕТ ғарыштап дамып барады. Ал, біз болсақ, өзімізді-өзіміз менсінбей, өзгелерге ұқсағымыз келіп өзеуреп жүрміз. Ұлт үшін ұрпаққа ұлағат болатындай не жасадық?!.

Болмысын-ай бұжы қарын таулардың,
Парақтадым әрбір тасын аудардым.

Бурыл шашын тарап алып ақша бұлт,
Тілеп жатыр қартқа қуат, жасқа құт.

Ақбас жусан, ақ баттауық, ақ шілік,
Қолын созды өз тағдырын тапсырып.

Қызылшыдай¹ аңшы көрсе ілескен,
Қызғалдақ тұр жауқазынмен бір өскен.

¹ Қызылшы – аңшылардың қанжыға қосшысы.

Қара тасты жыланқабық мүк басып,
Ғасырларды келеді аттап тік басып.

Көл көзіне итқоғалар тамырлап,
Қазан құйрық қошқар төбе мамырлап.

Кісінейді айғыр шоқы қан жілік,
Оның сырын жатқан жоқ қой жан біліп.

Шыңнан асқан жол бедері армандай,
Қазанатқа айыл-тартпа салғандай.

Аспан анау қара төбел, ақ маңдай,
Мүде Ханды бәрі іздеп жатқандай.

Қарнау саусақ сексеуілдер күрсінді,
Қаракөз түн ыңырсыды бір түрлі.

Бір сағыныш қан жүрегін күйдірген,
Хақтан тілеп, халал елді сүйдім мен.

Қаталаған таңдайлары мың жарық,
Хан Мүдеден халық жатыр сыр бағып.

Құлашаның жез құйрығы желден бе,
Құлағына ат дүбірі келген бе?.

Құба таңнан кісінейді шығысқа,
Ұран керек біздің, сірә, ұлысқа!

Шұбар көктің шашасынан тер тамып,
Келе жатыр жұлдыз қарап, жер танып.

Шырқау шабыт, асау ағын қиялым,
Жалым алтын, күміс менің тұяғым.

Тектіліктен не теперіш көрмедім,
Тебінгіден найза тықты өлмедім.

Мына қылыш қандай қылыш, қай қылыш,
Қыны құндыз, жүзі жұлдыз ай қылыш.

Мына қылыш не тілейді қылпылдап,
Дау күңкілін, жау құлқынын тұр тындап.

Мына найза кімнен қалған көк найза,
Ұлтым дейтін ұл болмаса жоқ пайда!

Мына найза қанды шашақ, көк жасын,
Тіл біткенде неден бастар сөз басын?.

Сұрқай жебе, қара сауыт, ақ садақ,
Ант пен арға қарызы жоқ нақпа-нақ.

Анау қалқан әлі күнге қорғаным,
Қолда барды көзім көрмей сорладым.

Дуылғасы дөңгеленген көк зеңгір,
Соның бәрін өлшеп көрмек безбен-жыр.

Қорамсаққа қолын салып батыр тұр,
Бізден көрі өз халқына жақын тұр.

Біздің мойын – көп тұрмыстың шырғалы,
Ер мойыны – есіл елдің құрбаны.

Кең дүние кемел сөйлеп жандасқан,
Бәрі сендік бұл қара жер, мәңгі аспан.

Тобылғы сай, тоқ жараған тарлан боз,
Хан тәңірі Мүде Ханнан қалған көз.

Сүлік қара түн жанары неткен көз,
Түнге сіңіп Мүде Хандар кеткен кез.

Шақпақ бұлттар шалт жүрістен ұшқындап,
Құс қанатты сары жебе ысқырмақ.

Ұшқын түсті жау жасағын күл қылды,
Көкбөрілер салдырған жоқ шынжырды.

Арландардың азуындай асқар шың,
Оны қалай жау қолына тастарсың.

Тақ-тікенең!..Хандығыңнан сый кетсе!
Тек халқыңа жауың жоқ деп үйретпе.

Жер – қарашық, жау жағалай жалпақ-ты.
Қарашыққа жау шүйілсе ант атты.

Жалтақ патша тірі күнде өлтірмек,
Ел қарғайды жер табалап, жел тілдеп.

Ел мұңайса сен намыстан жылап тұр.
Ар мен басқар ақылыңды шырақ қыл.

Ақыл өлсе арың даумен адасар,
Арың өлсе ақыл жаумен жанасар

Қарау болса ханнан қандай пайда бар!?
Мүде Хандай – мірдің оғы қайда бар!?

Басқыншыдан тартып алды бақ құсын,
Ар мен ақыл талқан қылды жат күшін.

Айдай әлем басқа сауға сұрады,
Айбалдырған гүлін төгіп жылады.

Бесіктастар белін ұстап бұғынды,
Бәйбіше бұлт көзін ұстап шығынды.

Керней керік аламойын сұңқылдақ,
Көлдегі құс ер екпінін тұр тыңдап.

Көсем айғыр, көс-көс түйе, төрт түлік,
Заман келді жер жұмақ та, көк тұнық.

Орама ши, өре киіз, нар кілем,
Сұлу қандай, сұңқар мойын, қанды рең.

Абыз шалдар ақ сақалы күмістен,
Тәңіріне тәубе айтады мың іштен.

Бала-ойын, азан-қазан ақ шаңдақ,
Айдын-шалқар қарабауыр қасқалдақ.

Көл тілегі, ел тілегі тыныштық,
Атажұрттың ақ құшағы тым ыстық.

Жас көңілі – көк найзағай, ақ жаңбыр!
Салып жатыр бозбалалар таңнан жыр.

Үрит соқ-соқ, тоқты қошқар көкжұлын,
Шабандоз ұл, шандоз жылқы, кер құлын.

Кетті астасып аспан мен жер думанға,
Атажұрттан ата жауды қуғанда.

Ер Түріктер керді көкке құлашын,
Ал, содан соң: «БОСТАНДЫҚ!..» – деп жыласын.

Бір күн құлдық – мың күн өлім санаға,
Хан тілегі халал болсын қараға!..

Құз құнжаңдап, шың шырғалдап иілді,
Мүде Ханға мінсіз аспан сүйінді.

Ер туды да ел үмітін ақтады,
Дұшпан таптап, дос күлуге батпады.

Бес қаруын белден шешкен оңбады,
Бес қаруың – бес бақытың қолдағы.

Әлсіз болсаң жүрек тұсың жаудікі,
Сөзің құнсыз, құлақ тұсың даудікі.

Жүре тыңдап, күле тыңдап қорламақ,
Күн кешерсің күнбағыстай жол қарап.

Не жетеді жарау ерге жалғанда,
Достың қолын тең отырып алғанға!

Ей, Мүде Хан!..Мың жылдардың баяны,
Әлсіз болсаң сені кімдер аяды.

Есіміңді естен танып ұлықтап,
Ұрпақ балдан, дұшпан қаннан жүр ұрттап.

Құлақ тосшы ұлы бабам өр үнге,
Сен барсың ғой жүрегімнің төрінде.

Ер ұланын, нар баласын қарпыды,
Түспесін деп түндіктіден ар туы.

Езілген ел етік сынды қонышты,
Ақыр түбі зая болар жол үсті.

Теуіп тастар іздегілер жағаға,
Намыс қоздап, ерлік сіңсін санаға.

Ақ орданың туырлығын кескілеп,
Дабыл қақты жау жағалап жетті деп.

Құлап барып қанша қайта тіктелдім,
Қорлық көрдім, тыр жалаңаш үптелдім.

Ақ бесікті қан жуғанда пәктіктен,
Көлбеу тартқан ақыр заман ақтық дем.

Ай мезірет қара түнді қамсау ғып,
Жүректен кек, жақтан зарлы ән саудық.

Ән аралап ғасырларды оятты,
Тау жаңғырса менің үнім сияқты.

Көк Тәңірі көп тербеттің аялап,
Бесік болды жасыл Тұран саябақ.

Ғасырлардың көз жасынан қан жалап,
Көп тіледім түнге ләззат, таңға бақ.

Өсе бердім қой терісін жамылып,
Қанат бітті болдым бір сәт самұрық.

Қанатымнан дауыл тұрды екпіндеп,
Ұран салдым алынбаған кекпін деп.

Батыс-шығыс бәрі ілдірді кірпігін,
Тек, мен ғана, алмай қойдым бір тыным.

Көкбөріні асырады аяғы,
Жер жастанды жаудың сүргін саяғы.

Үріп көрді, күліп көрді алдады.
Орай қапты Мүде Ханның қармағы.

Атақоныс тиді қолға, намыс ақ,
Сол көштемін таныс арба, таныс ат.

Ат кісінер бел кеткесін жемірліп,
Бақ кісінер ел кеткесін кемірліп.

Бабалардың бір күніне жарамай,
Мен отырмын құлаққа ұрған танадай.

Мың жығылып түлкі құрсақ бір күннен,
Өз тілімде сөйлей алмай жүрмін мен.

Мүде қайда?!..Хан тәртібі құрыштан,
Көктен құзғын, жерден жылан жылысқан.

Жалпақ шеше – көзалдардың мекені,
Жарға жықпақ ешкі мақтап текені.

Мақтан үшін шыққан мүйіз, тұлым да,
Болмақ емес еш абырой ғұмырда.

Сан данышпан заманында толғапты,
Енді, әрине, естір құлақ болмапты.

Мүде ханның бар мүддесі ұлтында,
Өтті-кетті өрттей лаулап бір тұлға!

Көже қарын аш болғаны түк емес,
РУХ өлсе, онда жоқпыз, жүр елес!

Оят менің рухымды жан аға,
Ерлік керек ханмен бірге қараға.

Атажұрт па!?.Темірқазық, жер көген,
Жер көгенде құрбандық қой ер деген.

Білім керек, енді, әрине, ақыл да!
Бақ қонбайды ақыл-ессіз тақырға.

Ұлт намысын қорғамайтын ғылымнан,
Есек артық ту түбінде жығылған.

ХАНДАР!..ХАНДАР!..Көлеңкесі Тәңірдің,
Хан-Шатырда жасай алмас әмір кім!

Ұлтын сүйген Хандардың да –Ханы бар!
Әр ісінде мың батырдың ары бар.

Хандар жоқ па бармақ басты, көз қысты,
Алтын жинап, жібек ұрлап бөз құшты.

Хандар!..Хандар!..Хан бақыты – халықпен!
Ел сүймесе Ер теңесер табытпен.

Көрге кетті көзін жеді қанды құрт,
Құртты көзден құрып кеткен барлық ұлт.

Ұлттар кеткен кемесімен келместің,
Оңайлықпен өз асуын бермес шың.

Құрығаның құл-құтанға тап қылса,
Ұлттың ТАҒЫН – ұл-қызына БАҚ қылса.

Сен өзгесің, ей, Мүде Хан, – көкбөрі!
Көп сөйлетпе, жарар, енді, тек мені.

Көшпендімін!..Көрік қандай, күн-құрсак,
Сондағы бақ сорлы жанды жүр құрсап.

Сен куәсің!..Періште едім ақ қанат!
Жеті қат көк, жеті қат жер қат-қабат.

Сені ойласам көкірегім шалқақ тым,
Мендік мәнмен адамзатқа ортақпын.

Біз көшпедік жел боп естік ақ самал,
Бітті сосын тауға кекіл, тасқа жал.

Кеңістіктен қуат алдық санаға,
Мәдениетке тозаң салды бал ара.

Көшпенділер бал арасы гүл-бақтың,
Тарих тінін тауысады жырлап кім.

Шындығым көп!..Ал, іздеуге енжармын.
Барлық гүлдің тамырында мен бармын.

Менен аулақ кетпек емес ешкімде,
Біздің арба көп шарлаған көш мүлде.

Бар мәдениет тозаңданды, жұптанды,
Мендік ізден мерей қалды, құт қалды.

«... Мүде Ханның арбасына мінгесіп,
Күллі әлем дөңгеленді күн кешіп»

Мен арқалап даңғылдарға бастаған,
Сен ұмытпа ӨРКЕНИЕТ жас табан?!..

Түгел Түркі – Сенің тегің күннен-ді!..
Күнмен күпте, ай мен апта іргенді!

Түркілермен батыс балқып, таң атқан!..
Құдай өзі сүйіп оны жаратқан.

Сүйген құлын тастамайды бір АЛЛА!
Ағайынмен жаным бірге шығарда!

Жан сырымды ен Түркіге хат қылдым!
Көңіл босап, көкіректі шат қылдым.

Бұрынғыдай батар күн мен таң шығып,
Көкбөрілер, шүкір, міне, баршылық!

Арлан-Шалдар аңдап басып сақтанған,
Адам құрған, заман құрған қақпаннан.

Қақпанымды сүйретумен келдім мен,
Көктен Тәңір, берді, әрине, жер бір дем.

Досқа ыстық, ал, дұшпанға ызғармыз!
Көк пен жердің арасында біз бармыз!

Көкбөрілер!..Көк Тәңірі қолдасын!
Халық сүйеу!..ХАҚТЫҢ нұры жолдасың!

Көшпендімін!..Періштемін ақ қанат!
Көшкен құйын, жүрген жолға жат қарап.

Ай дегенің – Мүде ханның қылышы!
Шыңдағы құс – Шыңғыс! ханның ұлысы!

¹ Шыңғыс – Шыңғыс хан.

Жасыл құрлық төрін берген Еділмін!¹
Мен-Қылышпын!..Қылша мойын не білдің?!..

Көшпендімін!..Көктен түскен батырмын!
Көкке қара, ағып бара жатырмын.

От менікі –күйген кірпіш, қыштанмын.
Атын ата мен бармаған ...СТАННЫҢ?!..

Менің ізім бар құрлықты шарлаған,
Бар болыңдар!..Кіл баһадүр – НАР БАБАМ!

Мен бармаған мекенің жоқ, жерің жоқ!
Мен сүймеген гүл қауызды ерін жоқ.

Күн менікі, ай менікі, жер-тұғыр!
Мен даламын!..Құшақтайын келші бір!

Күллі ғарыш біз бен тектес көшіп жүр.
Сенде арала кеңістікті есіл жыр.

Мендік жырда көкбөрінің қаны бар.
Азуына ар-қылышын жанып ал!

Барлық ақын қайрап алсын қаламын.
Тыңда әлем!..Саған айтар бар әнім.

Мүде ханмын!..Қайта оянып келем мен.
Ақбөкенмін ақ қолтығын жел емген.

Тегім Түркі! Сол баяғы көкбөрі!
Ит тепкіге ала берме тек мені!?!..

Мендік тағдыр – Сен ұстаған қасықта!
Қанымды іш! Бірақ мені жасытпа?!

¹ Еділмін – Еділ патша.

Беттен қақпа, жігерімді құм қылып!
Өсірсейші тегіне сай ұл қылып!

АҒА!..АҒА!..МЕНДІК АЗУ сендік қой!
Көкбөрімін, алда, әлі, МЕНДІК той!

Бөрілерміз!..Атамекен қорғаның!
Бөріден Ит жасап алсаң сорладың.

Көкбөрілер шың басынан үңілсін!
Дос қуанып, дұшпан жаннан түңілсін.

Арлан тектес – Алты Алаштың ұл-қызы,
Оған куә Мүде Ханның шың-құзы!
(Ар-тектінің жарқырайды жұлдызы)

«..Бөрі бол!» – деп бөлтіріке талап қой.
ИТТЕР жоқ па айналаңда қарап қой!?

Иттің құны – қос қабыртқа, бір жілік.
Сүйек үшін үріп жатыр шыңғырып.

Арлан байғұс ар жолында өлмек-тін.
Көкке ұлы Патшалығы жер-көктің!

ТАЗАРУ

«Уа, иман еткендер! Дүние-мүліктерің мен бала-шағаларың Алланы еске алуларыңа кедергі болмасын. Осынау нығметтерге алданып, Алланы ұмыт қалдырғандар үлкен зиян шегеді. Қайсыбіріңнің ажалы жетіп: «Уа, Раббым! Ажалымды аз уақытқа болса да кешеуілдетсең, қайыр-садақа беріп, салиқалы құлдарыңнан болар едім!» – деп қапыда қалмай тұрғанда, өздеріңе берген ризығымыздан (Алла жолында) жұмсаңдар. Алла тағала ажалы жеткен ешбір пенденің өлімін әсте кешіктірмейді. Алла тағала не істеп, не қойып жүргендеріңнен толық хабардар»

(«Мунафиқун» сүресі, 9-11-аяттар).

Жел соғып тал тазармас желпінбесе,
Қарт үлгі, жас жаңарып серпінбесе.
Тән деген – жаукөбелек зиянкес-ті,
Көз сатып көрінгенге елпіндесе.

Жабысып жарқанаттай күнә жанға,
Білерсің жаһаннамға құлағанда.
Иманың жем болған соң жауторғайға
Айтамыз қандай жауап сұрағанға.

Кетпейді жын жайласа жалын іштен,
Мауығып мысық ниет мәлін іспен.
Кенедей нәпсі деген қара сүлік
Иманның жүзін торлап қанын ішкен.

Сүттіген, сүт жапырақ, сүттіқұлақ,
Өтерін сүт күнінің ұқты жылап.
Бізде бір балжапырақ, жан қақырап
Көп шылап көз жасымыз бітті бірақ.

Қамшыдай жылан бауыр иі келген,
Өтті өмір таспа тіліп жиі белден.
Тарбиған тамыздағы қарақұрттай
Нәпсің тұр өз уына күйіп өлген.

Қауырсын таңдап алып қарқарадан,
Жан едік шаршы шаңдап, алқалаған.
Барады атақ қуып, шатақ қуып
Дүние өз иманын балталаған.

Желкеге жын ұялап шығып алып,
Ақ туын адалдықтың жығып алып,
Әлем бір ақша іздеген ақбас сиыр,
Сүртеді сілекейін ыңыранып.

Бозторғай боз шағылды мекендейді,
Боз күнім бордан жұмсақ бекер дейді.
Жамылып қырғи құстың көлеңкесін,
Жанығып өмір сүрдім жетер дейді.

Ақ күнді, адал күнді сағым қылды,
Ит-нәпсі сүйек моншақ тағындырды.
Нәпсіге иман көрсе жығып беріп
Әділетсіз майданға бағындырды.

Бес құрлық бес тырнағы қарақұстың,
Қанымнан қан сүрлеуде жалап ұштың.
Қара жер қайда барып тоқтар екен
Илеуі залымдық пен қара күштің?!

Жан Ием, Жаратқаным не дейін көп,
Кең аспан қабағың бұлт, көмейің көк.
Гүлдейді тасбұйырған тауды жарып,
Бір көріп, бір көрініп өлейін деп.

Гүлдендік, қауыз жардық, тебірендік,
Тағындық қайқы жүзік, сері белдік.
Жастықтың жалынымен асаусынып,
Тұмсаның толғағындай кері келдік.

Аруға көңіл бердік, ерін бердік,
Шешпедік сұлу құшып тегін белдік.

Қол жасап мойын байғұс көтеріп жүр,
Бар дейсің сол күндерде не білгендік!?

Жүргенмен құбылаға жиі құлап,
Көңілдің әні шәрбат, күйі бұлақ.
Кең Құдай енді өзін кешірмесең
Жағдайы құлыңыздың қиынырақ.

Ол сұрақ қиын дейді жан алғаннан,
Артық деп кім айтады бағам жаннан.
Азырақ күнә жасап тәуба қылар,
Кешірім сұрау үшін жаралған жан.

Құдай ерге еркіндік берген дейді,
Терсін деп несібесін жерден дейді.
Жасаған біліп-білмей күнәмыздың
Құлағы төбе сайын ербендейді.

Кірлетпек кінәратсыз кім бесігін!?
Қарашы қарау ойдың із кесуін.
Біз байғұс сұрау үшін жаралғанбыз
Алла тұр беру үшін бір кешірім.

Құлынды кешір Алла, ал сұрадым!
Алдыңда аққан жас боп тамшылады.
Хор қызы қолын бұлғап шақырады
Жәннаттың есебінде бар шығармын!

ХАБАРДАР БОЛ

Тыныштықтың білмеген ел қадірін,
Өз қолымен сөндірер күн жарығын.

Сөнеді күн соғыс жайлап өлгесін,
Белгілі ғой, өлсең күнді көрмесің.

Піл сақтайды тыныштығын күшімен,
Арыстан жүр сақтап оны тісімен.

Гүл сақтайды сұлулығын өткізіп,
Бұл дүние сонысымен бек қызық.

Түлкі ұстап ақыл менен айласын,
Кім білмесе сол қорғансыз пайдасын.

Өзгереді қозғалыстың мекені,
Тыныштық тұр қан-қан болған етегі.

Бірге өзгер заманыңнан адаспа,
Қанағатсыз күштілермен жанаспа.

Әлсіз болу бейбіт күнді заялау,
Көп күштінің көлеңкесін саялау.

Ғылым-білім көптігіңмен, бірлігің,
Тыныштығын сақтар басқа кім бүгін?!

Бейбіт күн де нұрлы-ғайып киелі,
Қорғай білер ел мен жерді сүйеді.

Бейбітшілік тілекшісі ерліктің!
Әлсіз болу белгісі емес елдіктің.

Бейбіт күн де ару қыздай шыным ал,
Ер мінезді елге барып тығылар.

Қарулы ер, білікті жан ерікті,
Еріктіге Бейбіт күн де сеніпті.

Бейбіт күнді сүйгің келсе маңдайдан,
Соғыс жайлы хабардар бол бар жайдан!

ЖҰРТЫМДЫ САҚТАЙЫН ДЕП

Көрінбей қырық шілтен, қыдыр бабам,
Қырдан кеп самал болып сыбырлаған.
Ақ құйын орай шауып, борай шөгіп,
Боз төбе ісің мәлім, сырың маған.

Шаңдатып ақ бас құйын күркіреді,
Аспанды төбесімен бір тіреді.
Тарылып қырық шілтен қыдырды іздеп
Көкталды буындырып сілкіледі.

Ауылдан қыдыр кетіп қырсық қалды,
Көк құйын көзге зәрін бүркіп мәңгі.
Ығына жығылсайшы өлесің – деп,
Кәрі ағаш бүйірімнен түртіп қалды.

Салып ап Маңғыстауды жүрегіме,
Ер салдым болат тұяқ күдеріге.
Құйынға қарсы шаптық құтырынған,
Қарамай төрт аяқтың шідеріне.

Қайдасың қырық шілтен-қыдыр бабам!?
Ел едім елесінді ырымдаған.
Төрт тарап түгел көріп отыр менің
Төбемнен аққан қанды шымырлаған.

Буынып қынай тартып белдемесін,
Жаңғыртып бара жатыр жер белесін.
Құлайды-ау осы құрғыр шідерімен
Құтырып құйын тыным бермегесін.

Біз бірақ не көрмедік бұрынғыдан,
Сондықтан қызым – қызғыш, ұлым – қыран!
Ит іркіт, жылан сүтке шомылып жүр,
Жұртымды сақта, Құдай!?!.. Жырындыдан!

ЖҮРЕГІҢ СОҚҚАН ТҰСТАН ТАБЫЛАРМЫН

Көп жыладың, көріктім құрақ ұрдың,
Енді, Сен, есендігін сұра жырдың.
Қайғым менің қара бұлт көресің бе,
Елесім бе?!.. Өшпейтін мұра қылғын.

Алдмасын, аяр күн, алдамағай.
Күн иіліп қарайды талға қарай.
Екі бетін аспанның шымшылады.
Жасыл шәлі, сыңсыған балқарағай

Жағаласып жан берді айыр бұтақ,
Қарағай сап, тізілген қайың құшақ.
Батар күннің көмейі қызыл ірің
Судан шыққан қанды көз жайын құсап.

Саған ғана тығылдым тал-мұнарым,
Тал бесіктен құшақтап ал мұнарым.
Ай білезік, күн алқа, күміс түйме
Өрттен ыстық сезімді қалдырамын.

Сырттан дұшпан, іштен дос сынап бітті.
Әлсіз өлді, әрине, шыдап мықты.
Қаңыраған әлемнің қақпасынан
Аңыраған жетім жыр жылап шықты.

Көзін сүртіп қарашы қарағымның,
Тістелейді тірліктің балағын құм.
Жетім жырдың көзінде – ащы шындық,
Жан айқайын қасқаның жаңа білдім.

Мен сені күнім деп ем, гүлім деп ем,
Қалайша салып алды іңір көген!?
Қос бұрымы төгілген гүлім қайда,
Күнім қайда, білмедім күлімдеген?!

Кірпігіне ілдіріп алтын нұрды,
Таң себездеп жататын жалқын жырды.
Көрмей кеткен бақытың мен едім деп,
Көк жүзінде бір аққу қалқып жүрді.

Көлдей толқып, көп ойдан жатып қалдым,
Ғаламатын кім білер ғашық халдың.
Қауырсыны кетіпті айға айналып
Біз бағасын білмеген бақыттардың.

Жыры қалып, көңілде нұры қалып,
Айға қарап қол создым тұрып алып.
Көшкен самал, ескен жел мендік тағдыр
Өз жарасын жалайды ұлып алып.

Қаңбақ едім көп қашқан бастан қырға,
Қара басып тап болдым жатқан жырға.
Қушық шеке қара бұлт, қауға сақал,
Төбе шашы тік тұрды аспанның да.

Көкке шықты суырлып бір құладың,
Құладыңмын, кеудеміз жыр-бұла, мұң.
Жанған отқа өзім кеп түсіп көрдім,
Жыр құладың мамығын жұлдырамын.
(Қара базар... қан күйде... шыңғырамын)

Обалым жоқ, қыраулы, қар алабым,
Қарлы шыңның басында таранамын.
Көлден ұшқан көкала үйрек сынды,
Қайда кетіп барасың дара бағым.

Адастық па?!.. Жүретін қалмай бағыт!
Жасын түскен барамын талдай жанып.
Сөніп бітті қайтейін жан жарығым,
Таңды күтіп таусылған шамдай жанып.

Өрт едім ғой, шалықтап, шарықтаған,
Өз күліме көміліп қалып барам.

Өгей бала секілді үй сыртында,
Өксіп жылап өз-өзін табыттаған.

Жаратқан тау біткеннің шыңын жырдан,
Шың асқақ болсыншы деп ырым қылған.
Таңмын – Мен!..
Ақ босаға, алтын шатыр,
Шыңмын – Мен!..
Таудың өзін жылындырған.

У– мын мен, не болмаса бал шығармын,
У– дан іш, балдан жала аршылар мұң.
Өлең жоқ жер таппадым, жыршыл ғалам
Мен, сірә, барлық жерде бар шығармын.

Пендемін сүрінермін, жаңылармын,
Жығылсам тұтылар-ды шаңынан күн.
Жан қалқам мені іздесең өзінді көр,
Жүрегің соққан тұстан табылармын.

ШЫРЫЛДАП БІР БОЗТОРҒАЙ

Білмеймін өлең зарлы, неден мұңы.
Бүгінгі біздің қалам –
Біле-білсең:
Кешегі шалдарымның берен жыры.
Қан езу қарсақ күнің –
Алдап күліп.
Шырылдап бір бозторғай
Барады ұшып,
Шындығын дүниенің балдақ қылып.

* * *

Көкті қарға, тауды құзғын иелеп,
Қыран байғұс орын таппай жөнелді.
Қыран құсты жатушы еді кие деп,
Кие болды, содан енді не көрді!?

Тұмсығына киіз қаптап құсбегі,
Бақа-шаян беріп еді асады.
Әзер жүрген бір қоянға түс деді.
Амалы жоқ арзан қылық жасады.

Қоян өлді бұл неткенің қыран деп,
Қыран өлді ит пен құсқа мазақ боп.
Бір тасбақа бұл неғылған шыдам деп,
Ол да өлді арсыздықтан азат боп.

Соның бәрін көрдің, бірақ көрмедің,
Өз бейнеңе орын жоқ.
Көкке қарға, тауға құзғын төрледі,
Әу басында жаратылған сорым боп.

АРАНҒА КИІК ЖАҚСЫ АЙДАҒАНҒА

(Самның самалы)

Қапсырма күміс ілгек көзтаналы,
Өз сәні, өз дәстүрі, өз базары.
Мен сендік,
Сен де мендік туған елім
Ақыннан аппақ уыз сөз қалады.
Серттессең семсерімді сайлап едім,
Шалқыған ақ шабытым қайда менің!?
Қамқа тон, қима шапан, қынама бел,
Көк жайлау, көсем шоқы, айнакөлім!
Ақ желкен айна көлде байрақ едім,
Күнінде күндей күліп жайнап едім.

Барамыз бардан жокқа көшті түзеп,
Мұң басып, мұнар басып қайран елім.
Тартынған қызыл шарқат орамалы,
Олда енді оңтайлы күн жоғалады.
Қанжылап қайдағыны еске салып,
Қара ешкі маңырайды қорадағы.
Сарнау жел, Самнан қашты үдемелі,
Құйынға құмнан басқа кім ереді.
Жандасқан құммен құйын тағдырым-ай
Көңіл шер, көз жасынды кім еледі.
Шырылдап торғай төбе жолай белден,
Сонда да құммен құйын борай берген.
Аранға киік жақсы айдағанға,
Бізді де би мен төре қолай көрген.
Жылама Самның құмы сары белден,
Құлаққа қу заманның әні келген.
Талайдың беті ашылар, жүзі күйіп
Шалдардың шығып кетсе бәрі көрден.
Қыр жатыр аламойын, қара қарын,
Сүйретіп бұлт барады ала қабын.
Іркітке иттің басы күнде кірер,
Бөріні неге халқым қараладың!?
Сүйреткен ала қапта қара мұңым,
Қансырап жалалыдан адал ұлың.
Сағынтып атамекен, аламан жұрт,
Зарлаған Самның мен де самалымын!

ЖЫР ЖАЗҒАН ҚАЗАҚ ӨЛМЕЙДІ

(И.Ф. ағаға!)

Ақынға барлық дұға ғып,
Ерлерді еске тұр алып.
Әр ақын – өзге бір әлем,
Тұмайды қайта бұл анық!

Ақындар кетті ғапыл боп,
Ұмытпас оның атын көп.
Жыр жазған қазақ өлмейді
Жалғанда жаман ақын жоқ!

ЖАЛҒАН ДҮНИЕ

(Тамара Асар қарындасымның
өтінішімен жазылған өлең)

Жырымды тыңда мұнарлы ғалам,
Мұнарлы ғалам – тұмарлы далам.
Ән салып анам, тамсанып бабам
Айтады заман бұл әнді маған.

Өлеңім өрттей өмірім жырлы,
Еліміз ерен, тегіміз нұрлы.
Көгіміз күннен, жеріміз гүлден,
Сағынсам сені көңілім мұңды.

*Жалған!...Жалған!.. жалған Дүние!
Жаныммен сүйдім – арман дүние.
Қайырып әнге салған дүние!
Қаншама жаннан қалған дүние.*

Көмейім күміс, сарайым балдан,
Әнімді тыңда әләйім жалған.
Тұнжырап бағым, гүл-құрақтарым,
Жыр құрап жаным салайын таңнан.

Сырластым жалған бір өзің менен,
Жүрегім – құлын, тілегім – көген.
Жалғанның өзі жаным деп күлсін,
Жарығын сүйдім жүрегімменен.

*Жалған!...Жалған!.. жалған Дүние!
Жаныммен сүйдім – арман дүние.
Қайырып әнге салған дүние!
Қаншама жаннан қалған дүние.*

Ардағым елім, арманым менің,
Сәулелі ғұмыр таңдарым менің.
Дүние жалған әніммен тербеп,
Көгіңде сенің самғадым елім.

Шыңдарым менің, шынарым менің,
Шыңыңда қалар бір әнім менің.
Көгала қаздай көліңнен ұшқан,
Көзайым жалған – сынарым менің.
Сырғалы сұлу бұл әнім менің.

*Жалған!...Жалған!.. жалған Дүние!
Жаныммен сүйдім – арман дүние.
Қайырып әнге салған дүние!
Қаншама жаннан қалған дүние.*

* * *

Махаббат жанның дастаны,
Мамырлап тағы бастады.
Болмашы жанға бодан боп
Қайтесің сүйіп басқаны!?

Сүймеген жақсы жан құрбым,
Сезімі таза жалғыздың.
Жарылған жаңғақ секілді
Жанымыз жара, ал, біздің.
Қаншама нала салдырдым.

Өртеніп, күйіп жанасың!
Білер ме соның бағасын.
Қайғысын жаттың құшақтап,
Қай жерде жаным қаласың!?
Кімге еріп қалқам барасың!?

Махаббат жанның дастаны,
Мамырлап тағы бастады.
Болмашы жанға бодан боп
Қайтесің сүйіп басқаны!?

Сүрініп көңіл асықты,
Сүйрелеп жүріп жасытты.
Серілік жолы бір басқа,
Сүймеген жандар бақытты.
Аяймын көрсем ғашықты.

Жалғыздар алар таңнан нәр,
Жар құшып көрмей қалғандар.
Сүймеген жанның көзінде
Алданбай кеткен арман бар.
...Ғашықтар – күл боп жанғандар!

Махаббат жанның дастаны,
Мамырлап тағы бастады.
Болмашы жанға бодан боп
Қайтесің сүйіп басқаны!?

ДЕ-МО... АҒАМ-САҢЫРАУ

(мен – соқырмын, демократия – саңырау!..)

Осы екеуі тілдесе ме ал, қалай?
Түсінбедім, ақын едік балғадай.
Бас изейді саңырау,
Соқыр жан да қалбағай.
Соқыр жылап,

Ия, саңырау қарады.
Бітістірмек кімдер келіп араны.
Соқыр соқты ашумен,
Саңырау қашып барады.
Солай міне,
Менің өзім соқырмын,
Соқыр жанның жағар енді отын кім?
Де-мо.. ағам – саңырау,
Қайдан тауып қосылдым?!
Осы екеуі тілдесе ме ал, қалай!?
Түсінбедім!..
Ақын едік балғадай.
Бұрын бәрі: «баласы еді» – Лениннің,
Кетті өзгеріп... Сонау... Сонау... Сосын,
Со-о-ноо-оу Шал қалай!?!..

АҚЫНДАРДЫҢ АУЫЛЫ

*(Ұлт үшін ұран салып өткен берен-ұлдар мен ақиқаттың
ақ жолында ғұмыр кешкен зар төбедегі ақындар ауылына
арнаймын)*

Бозторғай шырылдайсың боз көдеде,
Торғайға топтан қарға сөз береме.
Сайраған қызыл тілім-қызғыш құсым,
Құлақпен естігенді көз көреме!

Жан телім – жаның жалын от секілді,
Көмейің күннен ыстық шоқ секілді.
Барасың бауырыңды желмен тарап
Атылған нысанаға оқ секілді.

Қасқаның балапаны қарлығады,
Қайысып тарқағандай бар құмары.
Шешкен жоқ Тәуелсіздік ит көйлегін
Заманның кім біліпті зарпын әлі.

Өткеннің өксік толы хаты қалды.
Кек кетті, кездігінде таты қалды.
Бозторғай боз төбеден әрі аспады
Сұқты көз, сұр мергендер атып алды.

Ән қайда?... Әлай жалған сол қалады.
Көзден жас, көңілден жыр сорғалады.
Бозторғай өлгеннен соң бір қысым ет
Қуанып түлкі-қарсақ олжалады.

Көрген жоқ әлсіз байғұс азат болып,
Көмілді көнтекіден мазақ болып.
Ән жұққан, қанда жұққан боз қауырсын
Барады желмен ұшып қазақ болып.

Зынданға салды қанша күштеп тұрып,
Шынжырмен шындығымды түптеп тұрып.
Халық ем қан– қауырсын, торғай-тағдыр
Күлемін бармағымды тістеп тұрып.

Бұл жолды бабам талай басып өткен,
Жауыпты жау біткеннің тасы көктен.
Таусылды он саусағым шайнай-шайнай
Ел қайда періштені ғашық еткен.

Желкелеп жерден алып жекіп ұрып,
Тойлайды тойған құзғын секірініп.
Зәулім үй алтын азу, күміс ерін,
Төбемнен түкіреді кекірініп.

Күледі күрек тісі алмастанып,
Жатады жалғандықтан таң басталып.
Ауылда құмға сіңіп жоғалады
Анау бір Ақ Ордадан заң басталып.

Некесіз туған ұлдай заң біткенің,
«Қалаулым» отырады қалғып керім.

Қан құсты боз төбенің бозторғайы
Айтатын шындығымды ән ғып менің.

Құстарым!..Құстарым-ай құлағаным.
Көлі де көн беттілеу бұл араның.
Құшақтап қауырсынын бозторғайдың
Есімнен кетпес менің жылағаным.

Кетпеген халық болдық дау қасынан,
Өмірдің өзек талды саудасынан.
Қанаты қан-қан болған көп бозторғай
Қорлықтың сығалайды ауласынан.

Ауылы ақындардың зар төбеде,
Білмесе ақын байғұс зар төгеме.
Қашаннан қанды қолға жемтік болған
Қалыпты бір-бір торғай әр төбеде.

Қиылған қылша мойын жыр-қылышқа,
Бозторғай бозаңда өлер жыр ғып ұшса.
Сайраған көп торғаймен әнім бірге
Жатырмын менің өзім бір бұрышта.

Көзін аш жүрегіңнің бал жағамын,
Қанатын қасқа жырдың қандамағын.
Көңілім айдан сұлу, күннен көркем
Жыр төксем естисің бе жан қарағым!?

ҮШ БИДІҢ ШӘКІРТТЕРІНЕ АМАНАТ

Төле би жоқ,
Қазыбек би,
Әйтеке,
Мәжілісте қалаулыдан кімдер бар?!
Ойдан құнар, тілден нәр.
Ежелгі жау екі бүйір қабырғам,

Ит сарыған іргем бар.
Сылдыр-сылдыр, сылдырлаған сыңғырлақ,
ҚР жайлы берер екен кім жырлап?!
Ойбай анау шәкірттері
Үш Бидің,
Ақыл емес, алтын дейді бір-бір қап.
Қалаулысы ән салып тұр: «Көкем» – деп,
Жараулысы тас пен тауды көтермек.
Көше толған жарнаманың жыртығы:
«Қазақстан сені сүйіп өтем» – деп.
Төле би жоқ,
Қазыбек би,
Әйтеке,
Сайлаушыдан сұраңыз!?
Сосын тағы біліп қалар Құдаңыз!..
Шыдаңыз!..
Өңкей мықты, өңкей дүрлер атақты.
Көмейден жыр, көзімізден жас ақты.
Өтті өмір: Тураған ет-туған ай,
Атау-заман, кересінен асатты.
Қолда барды қошқар қылдық дұрыс па?!
Күңкілдеме, жат, өзіңе, ұрыс та!
«КАПИТАЛ»-дың жүрген жері осы» – деп,
Маркс пенен Ленин шал тұр бұрышта.
Ал содан соң
Қалғып кеттім тағыда,
Бір бітпейтін ұйқы бар ғой, ұлыста!
Неде болса,
Шәкірттері Үш Бидің:
Адал болсын ісіне!
Қалғығанда халық кірсін түсіне.
Хақтан сұрау болады
Аманаттың күшіне!
Аманаттан аттаған қарыз болмақ кісіге.
Халық кірсін түсіңе!?!..

АЛТЫН КӨШ

«Халық – алтын!.. Алтынның сынығы да – алтын! Біз үшін қазақ халқы-сом алтын. Жат елдер мен аймақтарда жүрген қандас-қазақтарымызда сол сом алтынның сынықтары. Алтынға алтын қосылса кенге, қазаққа қазақ қосылса елге айналмай ма!?! Сондықтан ОРАЛМАН – деген сөзді «АЛТЫН КӨШ» – деген атаумен ауыстыру керек. Себебі, «АЛТЫН КӨШ» – ұлттық бауырластық пен тұтастықтың, тарихи тұрғыдан мәні мен маңызын, өзгермейтін өміршеңдігін бейнелеп тұрар еді. Елдің қайта бас құрап, дәуірлеп, сындарлы кезеңді бастан кешіп жатқанынан да хабар беріп, айтылуға да, көшіп келуші мен күтіп алушы қандас бауырладың ортақ мүддесі мен уыз-ниетіне де, тарихи танымына да бірегей атау мен айғақ болар еді. Бұл атау ұлтымызды тұтастыққа бастаған ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДА алтын дәуірі болып, ұлттың да, ұрпақтың да көңілін шуақтандырып, өзгеше сипатқа ие боларына сенімдімін. Күллі Қазақтың рухани жан дүниесі бір тұтас алтын тұғызға айналар еді. «Алтын орда», «Алтын гасыр», т.с.с. кезеңдер мен киелі ұғымдар ел басындағы осындай тарихи сәттер мен себептердің, өнегелі өрістер мен жеңістердің уақыт сараптаған бағасы мен өлшемі және атаулары емес пе?! «Алтын көш» дәуірі болып аталар еді»

Автор

«ҚАЗАҚСТАН-ZAMAN» газеті,
№13 (986) 3 сәуір 2014 жыл.

Жайылған жан саусағым көкте күнге,
Көп күнім өтті-кетті, өкпе кімге!?
Қарындас қанға тартып қарамай ма
Ар туыс, аламанның бөктерінде?!

Байланған қазығына қанды-құлын,
Қансырап тұлым күйіп, жанды бұрым.
Басында балқан таудың біздің мола
Бұлт көшіп, жел жоқтайды жалғыз ұлын.

Бұл елді ажал сүйіп, оқ таныған,
Дұға қыл мола көрсең тоқтап ұлан!

Кесілген кер маңдайда бақ тұрама
Заманның жарылған соң шокпарынан.

Қаралы көш келеді, кара құрым,
Атажұрт айтар сөзі жаралының.
Қаңкылдап қаз бен бірге көктем шықты
Қан жібіп, қаралыға таралып үн.

Сол үнде сорым жатыр кара сандық,
Қан кештік, ғазиз жанға жара салдық.
Айдаған Ақ Патша мен Қызыл-Кенес
Желкелеп жер түбіне қарасан¹ ғып.

Күй едім құлағым зар, тиегім бал,
Бұл күнде боз жұртыма иемін бе, ал?!
Шашылған төрт құбылаға тағдыр едім
Түбінде әр жусанның сүйегім бар.

Бір бүтін екі жарты – жарлы халық!
Жан нәрін мұңдық тербеп, зарлық алып.
Өрт тиген орман едік қан жапырақ
Шығарды жоқтан Құдай бар ғып алып.

Көш келді қан жапырақ, нарқы қымбат,
Көз жасын көптен таса сарқып, ымдап.
Қосылса алтынға алтын кен болмай ма!?
Әркімнің ұлты-ұран, халқы қымбат.

Жаным де, жан туысты жарқыным де,
Жүгіңді бір көтерер нар түбінде.
Сандығын көңіліңнің ашып қойып –
«Келе ғой, кел бауырым, алтыным» – де!

Айналып жүрме қазақ бақтан басың,
Жаттан төр, жаннан зият тақ қалғасын.
Қазаққа қазақ туыс, Тәңір қорған!
Шығады достан дұшпан, жаттан қасың!

¹ Қарасан – малда болатын ауру.

Көш келді, нар қомынан ұл қарап тұр,
Күміс тақ көңіліне сырғалап бір.
«Көкеңді» жау танытар көп болмасаң
Елге қос бір қазақты, мың қазақ қыл!

Жау көріп: «Ызғары көп, салқын!..» – десін.
Дос көріп: «Сүйген ел ғой, халқын!..» – десін.
Күтіп ал күннен ыстық жүрегіңмен –
Қазақтың қайта келген – АЛТЫН КӨШІН!

* * *

Жолдас қылма ақыл-есі жарымды.
Жол-жөнекей жоқ қылады барыңды.
Мың наданға
Бір жауымды бермедім,
Себебі Ол: Жау да болса дарынды.

Надан өлсе: Жердің үсті жеңілдер.
Дарын өлсе: Кім қалады «Елім!» – дер?!
Ақылды жау
Надан достан көп артық,
Бұл сөзіме бұрмаламай сеніңдер?!

Осы надан: Жауға сатқан ұрпағын.
Осы надан: Қоймай жүрген бұлтағын.
Осы надан: Көзін ойған Алаштың,
Әлі қанша азаматты құртарын?!...

Жел боп соғып, сағым болып ағады,
Қайда барсаң ізіңізді бағады.
Бұлар өзі
Шегіртке боп көшеді,
От боп жанып, су боп сосын ағады.
...Табады!

* * *

Кеңеспейтін бір үкімет болған-ды,
Аты бірақ «Кеңес-ті»
Ол да енді елес-ті.
Біздің ұрпақ солай балам,
Кезінде:
– Сол Советтің сарқытынан жеп өсті.

Өзі айтып, өзі соны ұрандап,
Ақырында құлатты.
Бұл әңгіме ұзақ-ты.
«Демо-крат»-деген мырза бар екен,
Әмеңгерге: Түгел Елді ұзатты.

Әмеңгерлер өз төсегін жайдырды,
Заман буаз есептемек ай-күнді.
Айтуға рұқсат,
Не десенде өзің біл,
Бірақ ешкім естімейді қайғыңды.

Төсек жаңа, түгел жаңа, жаңаша,
Енді жан жоқ түсетұғын араша.
«Тастай батып, судай сің» деп бұйырды:
«Ия, Мырза!..» – деп жүгірді балаша!
...Мырзасынан
«Алтын Алқа» тақпақшы,
Тән саулығы жараса.
Қоғам түрмек етегін, Мырза жігіт қараса.

* * *

Арман құдым, араладым сөз бағын,
Ойды оймен қозғадым.
Өз Отаның,
Өз ұлтыңмен,
Өз жерің, –
Өз бауырың, өз жүрегің, өз жаның.

Өз еліңе
Жүрегіңді бөліп бер,
Жан нұрың мен Жан-Отанға көрік бер.
Жүрек болмас
Атажұртын сүймейтін,
Жүрегіңе, тілегіңе ерік бер!..

Сүйсін жаның,
Қайран Отан, жұртыңды,
Отан десе көзіңе жас іркілді.
Отан деген –
Жүрегің ғой кеудеңде,
Ал, жүрексіз өткізіп көр, бір күнді.

АРУ КӨРСЕҢ..

Ару көрсен сүйген жақсы, сағынған,
Тоты құсқа кез келгендей бағыңнан.
Ер жігіттің бір аңсары сол сұлу,
Кірпігіне жұлдыздарды тағынған.

Ару көрсен жан шипасы деп білгін,
Аялай біл тек құрбым.
Сұлу деген – бұл ғаламның тірегі,
Бұл жырымды жер-жаһанға жеткізгін.

Ару көрсен көңіліңмен жөргекте,
Қамқор болған, ер көпке.
Ер жігіттің жан сусары, жан шөлі,
Тек сұлулық жайнап тұрсын, жер-көкте.

Ер жігітке содан артық жоқ қызық.
Ару көрсен алма тұстан өткізіп.
Айды таңға, Ал аруды үйіне,
Түн асырып сала көргін жеткізіп.
(Бола көрме тек бұзық?!)

АСАУ ТАҢ МЕН АСАУ КҮН!

Ассалаумағалейкум,
Асау таң мен асау күн!
Қайда асықтың жасаулым?!
Шідерімді
Шеше кетші менің де,
Мен де өзіңдей асаумын.

Ассалаумағалейкум,
Асау таң мен асық күн!
Неге сонша асықтың?!
Шеше кетші
Шідерімді менің де,
Бостандыққа ғашықпын!

Ассалаумағалейкум,
Асау таң мен отты күн!
Отсыз сенің жоқ күнің.
Босат Мені!?!
Бостандықтың отына,
Күйіп өлсем, жоқ мұңым.

Ассалаумағалейкум,
Асау таң мен елес күн!
Қара түн мен тел өстің.
Мойынымды
Созуменен өттім Мен,
Арғы жағын көре алмай,
Белестің.
Мен: Елес те емеспін!..

ШАРАНА ҮМІТ

I

Самайы таңның ағарған,
Ұсынды нұрдан маған дәм.
Көк аспанға күн шықты
Өзгерген түк жоқ, жаңарған.

Жәдігөй бұлттар жөңкілді,
Жәрмеңке іздеп ел тұрды.
Ілді де ажал жөнелді
Жетімді баққан кемпірді.

Бостандық алды бұла жан,
Дұға ғып кемпір сұраған.
Селдіреп қарттар жиналды
Сексеуіл сынды құлаған.

Кеудеден жылу от қашты,
Тең-құрбы жылап тоқтасты.
Ақ жаулық бұлт кеп бір шөкім
Көз жасын сығып қоштасты.

Тозған да мекен ұлы жыр,
Торсық та шеке ұлы жүр.
Қорлығы батпан ауылдың
Қорымы жақын құрығыр.

II

Тарады хабар желменен.
Өлімнің сәні елменен.
Жетім қозы маңырады,
Қасқаны кемпір жемдеген.

Әңгірлеп қанын қақыртты,
Әжесін өлген шақыртты.
Ай мүйіз теке түнімен,
Жетімді сүзіп бақыртты.

Жыртылды түннің қолтығы,
Көңілім мұннан толқыды.
Жетімге ара түсетін
Жан болмай қалды сол түні.

Би менен төре алдап жүр,
Шартарап елді шаңдап жүр.
Түн менен күннің арасын
Жетімдер жылап жалғап жүр.

Тағы бір күнді батырдық,
Тағы бір таңды атырдық.
Шарана үміт, кер бесік
Шайнаулы бармақ, ғапыл жұрт.

* * *

Күміс пен күптеп даланы,
Көрген жан естен танады.
Тамылжып тұрған тарихтың
Тастан да ойған шанағы.
Алтыннан перне тағынған,
Тиекке тілсіз бағынған.
Қорымды кезіп сыр айтып
Қорлансам барып шағынған,
Айырма мені шағылдан!?!..

АЛМАТЫ САҒАН НЕ БОЛҒАН?!

Жолықтым қанша зарлық пен,
Өзгерген сауық, ән біткен.
Алматы саған не болған?!
Жаралы жүрек, жан біткен.

Сағаттың тілі жетектеп,
Еңкейген пенде, есеп көп.
Етегін түрген көшеде
Жарнама шамдар секектеп.

Көктөбе қайда көгілдір,
Көзден де ұшқан өмір бір.
Әркімнен сұрап мың жоғын
Көз жасын бұлттар төгіп жүр.

Аға да болдық күрсінген
Қыран құс едік сілкінген.
Еліктей қызға ен салған
Арыстан едік дүрсінген.
(Бақшасы солып
Бақ қурап
Біз жүрген жолдар сүртілген.)

Алматы мынау өзің бе!?
Аңқасы кепкен төзім бе!?
Азда бір болса қазақтың
От болған аршыл көзінде.

Қажыған жандар жауыр боп,
Бағынан соры ауыр боп.
Сауданың тілі сұрқылтай
Жауменен жатыр бауыр боп.

Байларың жатыр тасынып,
Байғұсың жатыр асылып.

Күлген де болдым амалсыз
Жарасын жанның жасырып.

Жайқалған бақша құрақ кіл,
Жан айтпас сырды сұрап тұр.
Көйлегің жылтыр, көркің гүл
Көңілің неге жылап тұр.

Басқаға айтпас бар мінің!
(Көзіңнен көрдім барлығын.)
Сұлу қыз сынды от басқан
Алматы сенің тағдырың!

Шулатып сауық құрасың,
Шудан соң үнсіз тұрасың.
Жоғалтып алған жандайсың
Байқаусыз барлық мұрасың.

Кеңсайға кеткен данасы,
Кеңпейіл қайда баласы?!
Қазақы бейнең қай жақта
Бұл өзі кімнің қаласы?!

Артыңнан ерді Алашың,
Салтыңнан неге танасың?!
Арыңның күміс түймесін
Ағытып қайда барасың!?

Ырдумен ырғап таң асып,
Талғамай жатпен жанасып.
Сен соқыр болсаң біз кімбіз
Көзге де біткен қарашық!?

Сертіңнен тайма, серпінгін!
(Ерлердің алар еркін кім?..)
Не болмаса қазақты –
Өз қолыңменен өлтіргін!..

* * *

Таулар мұнартады, мұң артады,
Жырымның бір арқауы.
Асқар тау,
Бөлек шыңым,
Білмеймін неге өксітім,
Мұнарға құмартады.
Таулардың жылағанын,
Көп көрдім білесің бе!?
Бәрі де жүр есімде.
Қазаққа біткен
Таудың,
Талайы күресінде.
...Білесің бе?!

АЛЫПТЫҢ СОҢҒЫ СӨЗІ¹

*«...Ақиқат ...Менің сүйетінім көп ...солар секілді...»
Бұл – Лев Толстойдың соңғы сөзі екен*

Жан кеудені тастарында бұлқынып,
Шығамын деп ең соңғы сөз тұр тұнып.
Өз бауыры Сережаны шақырып,
Толстой да көрді бір сәт ұмтылып.

Тау тұлғасы жерлік екен түсінді,
Алып дене алақанын ұсынды.
Бауырына жүрек тұсын көрсетті,
Ұшырғалы жатырмын деп құсымды.

Адамзаттың алыбы ғой қарашы,
Көңілінің көзінде тұр жарасы.
Тіршіліктің тамыршысы еді ол,
Ақиқатты... тапқан шығар шамасы.

¹ Соңғы сөз – «Жаз-ш» кіт-н (Қ.М.)

Сүйетін-ді... жүректердің бүлкілін,
Дүниенің жамап өтті жыртығын.
Сахабалар... ия,.. солар секілді,
Хақтан іздеп қалжырады сыр түбін.

ЖҰЛДЫЗДАР АҒЫП ТҮСКЕНДЕ

Сәулесі айдың нұрланған,
Сәлден соң үркер бүр жарған.
Барады ағып бір жұлдыз
Соншама сұлу гүлзардан.

Сапарын отқа ораған,
Қалмайды енді ол аман.
Талай бір жұлдыз сөнген-ді
Тағдырын уақыт тонаған.

Қара бір түнді қақ жарды,
Тауысты сорлы бар мәнді.
Тасқа бір кетті айналып
Тастаған жұлдыз жалғанды.

Ажалдың түсті торына,
Ақ жалын тастап соңына.
Көзден де таса, көңіл жат
Ұмытты сосын оны да.

Таң бозарып шықтанды
Оятып торғай құтпанды.
Елеген ешкім болмады
Жұлдызды ажал жұтқан-ды.

Ақынның бұл да жан мұны,
Жалғыз-ақ сәуле бар құны.
Жайнаған көкте жұлдыздың
Қайғылы екен тағдыры.

Жан бар ма мұны аңғарған,
Жұлдыздай аз күн самғар жан.
Жұлдыздар ағып түскенде
Көңілің мұздар жалғаннан.

Мұздаған көңіл жылынбас,
Аққанда жұлдыз бұрылмас.
Көрдiң бе әне қонақсың
Бiрiң де кәрi, бiрiң жас.

БЕТЕГЕНІ ЖАСТАНДЫМ

Топан судай селденмін,
Толастамас желденмін.
Ұртыма салдым өлең ғып,
Боз тікенін шеңгелдің.

Ай құшақ керген аспанмын,
Қайғы сап берген дастанмын.
Боз жусанды саялап,
Бетегені жастандым.

Біз де жоқ, өш, кек деген,
Сүрмедім өмір текке мен.
Өз ұлыңмын – Маңғыстау,
Өзекке тепсе кетпеген.

ҒАЛАМШАР КӨКЖИЕГІНДЕГІ ЕЛЕСТЕР

(Немесе Үш тал шыбық)

Ғаламшар тұңғыықтан карамақ-ты,
Қамасып күн кірпігі жаңа жатты.
Ай аппақ, жер көгілдір ала дақ-ты.
Тәңірім мың жұлдызға мекен қылған,
Ай жатты, аспан жатты, дала жатты.

Тұп-тұнық, тылсым ғалам, шексіз ғалам,
Бір Алла өмір берген тек, Сіз, маған.
Жырыңды жеті қаттан жеткіз маған.
Төрт мұхит, алты құрлық, ырыс пен құт,
Құтыңа қол салып жүр епсіз надан.
...Ессіз заман.

Күн-Ата жер құлыны қара да тұр.
Көк аспан көзге сыйып, сана да тұр.
Жарықсыз жан тірлігің қара бақыр.
Айналып Күн-Атасын тоғыз бота¹,
Толассыз ғұмыр кешіп бара жатыр.

Тағынып таулар жатыр бар атауды,
Мен тұрмын қалқан қылып Қаратауды.²
Жанар тау жарылыстар сан атаулы.
Бір-бірін қос шалғайдан мәңгі іздеп,
Анд³ сүйіп қалған дейді Алатауды⁴.

Тау біткен бөлінбейді құрлықпенен,
Асқар шың ай аптаған, күн күптеген.
Адам ғой дау-дамайы бір бітпеген.
Өмір тұр соның бәрін жіпке тізіп,
Өлең тұр жүрегіне жыр жүктеген.

Боздадым бодандықта «Мазакпын!..» – деп,
Таусылдым, тамыр солып, аз-ақ пын» – деп.
Қолыма Ту ұстатты азат күн кеп.
Сыңсыған көп орманның арасынан,
Шақырды үш тал шыбық «Қазақпын!..» – деп.

Әлпеште, әлем мені аспан ана,
Жырымның көзіндегі жасқа қара.

¹ Тоғыз бота – Күн шеңберіндегі тоғыз жұлдыз.

² Қаратау – тау атауы.

³ Анд (Оңт.Америка) – тау атауы.

⁴ Алатау – тау атауы.

Мен саған қалай берем басқа баға.
Жүрегі дүниенің бүлкілдеп тұр,
Сенбесең тауға қара, тасқа қара.

Тұран боп тұнжырайды мұнарымыз
Ел болдық мұнар-мұннан құралып із.
Ақ қанат ақ сағымның сыңарымыз.
Айналған сексеуілге сертті күні,
Қызыл шок, қыңыр шалдың ұланымыз!

Қыранбыз қыр жайлаған арманы құз,
Ерлердің көп шайналған бармағымыз.
Біз деген кешкі жалын, таңдағы мұз.
Өртеніп, жанып-күйіп, шоқтай қоздап,
Кетіпті аспан жаққа шалдарымыз.

Көш кетіп бара жатыр көк жүзінде,
Көтеріп көкке байрақ сездіңіз бе!?
Көнбейді көкбөрілер езгіңізге.
Мағанда қол созады аспан жақтан,
Барармыз кеткендерге мезгілінде.

Па, шіркін!..Көш салтанат, ел бедерлі,
Болмайды бұлт тосқауыл, жел кедергі.
Қол жайып ақ батанды бер дегем-ді.
Ақ сәуле әруақ біткен періштелі,
Көк аспан-алтын астау зер кемерлі.
(Серпіндім!..Жүрегімді шер жеген-ді)

Ой жетпес, сөзде жетпес Сыр мен Нұрға.
Өтеді бұл сағыныш жырдан-жырға.
Егіпті иман құлға, бір дән қырға,
Жан салып қос ішектің сазыменен,
Бұл өмір жалғасыпты ұлдан-ұлға.

Аппақ нұр ақ жанымды сол баптады,
Өмір бір аз күн кепіл қол хат-тағы.
Не болмақ мәңгі ғұмыр ол жақтағы.

Әйелге оң қабырғам олжа болды,
Жүрек пен сүю үшін сол жақтағы.

Келеді содан бері өлең мен жыр,
Босамай көк желкесі көгеннен бір.
Ақынның сүйегіне кенелген қыр.
Қарасаң көкжиекке көз талдырып,
Кешегі кеткен Шалдар елеңдеп жүр.

Хақтан нұр, халал жүріс ұл-қыздан-ды,
Деменіз қара жерде жүрміз мәңгі.
Талайға хан-салтанат құрғызған-ды.
Бәрі жоқ соның енді қарап тұрсаң,
Сахаба мекен етті жұлдыздарды.

Құлына Хақтан күзет, ақтан тілек,
Тәңіршіл тамыр бойлап жатқан жүрек.
Сыналап Нұр-дан шырақ жаққан біз ек.
Әулие – Әнбие мен Пірім Бекет¹,
Жаздырды Халал жырды Хақтан тілеп!

Ай өтті, тағы жеттік жаңасына!
Қарайлап әркім шарға-шамасына.
Дұшпанның қалдырмасын табасына.
Қайырлы болғай дағы Атамекен,
Азғантай Алашымның баласына!

Қарайды көкжиектен баба шағым,
Шертеді баба шағым – балаша мұң.
Тамаша ләззатпенен таң асамын.
Тоныкөк, Күлтегін мен Қарлұқ Үлге²,
Иассауи, Қорқыт Ата, Баласағұн³.

¹ Пір Бекет.

² Тоныкөк, Күлтегін, Қарлұқ Үлге – Әлемге, Түркі және Қазақ халқына белгілі Әулие-Пір, ақын-жырау, сал-сері, қағидалы даналар, Ерлер, тарихи тұлғалар.

³ Иассауи, Қорқыт Ата, Баласағұн – Әлемге, Түркі және Қазақ халқына белгілі Әулие-Пір, ақын-жырау, сал-сері, қағидалы даналар, тарихи тұлғалар.

Тіл қатып сыршыл аспан, жаныма түн,
Жанарым елес кезіп жаңылатын.
Жұлдыздан жүзік салып тағынатын.
Кетбұға, Асан қайғы, Қазтуған¹ мен,
Тербейтін бесігімді Абыл² ақын.

Бақ берді, бағыт берді, жүргізгелі,
Ен байтақ, ерен ел мен біріміз деді.
Бұл өмір көк тайғанақ, кіл мұз деді.
Шалкиіз, Ақтамберді, Бұқар жырау³,
Доспамбет, Махамбет⁴ пен тұрмыз деді.

Қорқыт тұр қобыз болып зар иленіп,
Қайғырып бура шөкті, нар именіп.
Ән салды Әсет пенен Мәди⁵ келіп.
Селдетті Сегіз Сері, Жеті Қайқы⁶,
Солардан қалған мынау фәни делік.

Күннен-күн озып жатыр кермек болып,
Жатырмыз жан біткенді жерлеп болып.
Өлімнің өзі кетті ермек болып.
Абай⁷ тұр ғапыл көктің биігінде,
Батасын бар қазаққа бермек болып.

Қан талақ қара көзден сор тамызған.
Жау жастап, талай ішкен сорпамыздан.

¹ Кетбұға, Асан қайғы, Қазтуған – Түркі және Қазақ халқына белгілі Әулие-Пір, ақын-жырау, сал-сері, қағидалы даналар, Ерлер, тарихи тұлғалар.

² Абыл ақын.

³ Шалкиіз, Ақтамберді, Бұқар жырау – Түркі және Қазақ халқына белгілі ақын-жырау, сал-сері, қағидалы даналар, тарихи тұлғалар.

⁴ Доспамбет, Махамбет – Түркі және Қазақ халқына белгілі ақын-жырау, сал-сері, қағидалы даналар, Ерлер, тарихи тұлғалар.

⁵ Әсет, Мәди – Түркі және Қазақ халқына белгілі ақын-жырау, сал-сері, қағидалы даналар, тарихи тұлғалар.

⁶ Сегіз Сері, Жеті Қайқы – Түркі және Қазақ халқына белгілі ақын-жырау, сал-сері, қағидалы даналар, тарихи тұлғалар.

⁷ Абай – Абай Құнанбаев.

Суырып кіл жақсыны қолқамыздан.
Әнеки Әлихан мен Мұхтар¹ жатыр,
Әбіш² те кетті ме деп ортаңыздан!?

Болған-ды күн келбетім, ай-тұғырым!
Айтамын көп жақсының қайсы бірін.
Кеткен-ді халфе, ишан, шайһы, Пірім!
Ақ Құдай-адамзатқа қанағат бер,
Қолыңды шүкірлік қыл, жайшы күнім?!..

Жаралған кеш кеңестен, таң арманнан!
Жөн сұра жақсылық пен жаңарғаннан.
Еңбек ет –мандайдан тер, табаннан қан.
Қазақтың қаракөзін сақта Құдай,
Тәңірісіз, тәлім қонбас надандардан!?!..

Жыр жауһар, алтын күмбез, сарай ғалам,
Бұл күнде көңілім күй, ән айналам.
Дүние құбылады қалай баған?!
Тартайын Отпан тауға – Қарашаңырақ³,
Сонда жүр Қалнияз бен Адай бабам⁴!

ТІРШІЛІКТІҢ МӘНІ МЕН СӘНІ

Бәрі туыс адамзаттың қаны бір,
Бәрі ақын азаматтың жаны жыр.
Менің жаным,
Сенің жаның бір туыс,
Жан біткеннің зары бір.
Бір бесіктен өсіп өнген жандармыз,
Бір Аллаға қолды жайған арманбыз!

¹ Әлихан (Әлихан Бөкейханов), Мұхтар (Мұхтар Әуезов) – Түркі және Қазақ халқына белгілі тарихи тұлғалар.

² Әбіш – Әбіш (Әбіш Кекілбаев).

³ Отпан тау Қарашаңырақ – (Маңғыстау өлкесіндегі Отпан тау баурайында Қазақтың Қарашаңырағы орналасқан).

⁴ Қалнияз Жырау, Адай (Адай-Ата) – Түркі және Қазақ халқына белгілі Әулие-Пір, ақын-жырау, сал-сері, қағидалы даналар, тарихи тұлғалар.

Иманды құл
Бәрімізде бір жан бар,
Бөліп-бөліп кеудемізге салғанбыз!..
Барлық адам –
Бір-ақ туыс , бір-ақ құл,
Құлдан Құдай сол бірлікті сұрап тұр.
Он сегіз мың ғалам туыс, бір тұтас,
Қайдан түскен ұрыс-керіс сызат кіл!?
Дүниені
Қайта тату қылмақ боп,
Жер бесігім, аспан анам жылап тұр.

ОН СЕГІЗ МЫҢ ҒАЛАМ ЖӘНЕ КСЕНОФОБИЯ¹ ДЕРТІ

(... Шағын ақпарат көздеріне жарияланды.
Оқырман пікір айтуда ...)

(САНА МЕН ЕЛЕС,ҮРЕЙ МЕН ҮМІТ... ЖҮРЕК ПЕН ЖЫР...
ЖЕТИ ҚАТ ЖЕР, ЖЕТИ ҚАТ КӨК... ЖЕТИ САЗ... ЖӘНЕ
ЖЕТИ БӨЛІМНЕН ТҰРАТЫН ӨМІРЗАЯ-ТОЛҒАУ.)

Теледидардан халықаралық хабар беріп жатты. Алып елдердің айға қала салмақшы болғаны да естір құлаққа екіұшты әсер қалдырды. Әлемнің Қалта-Мандары мен Қалталылары және саясаткерлері мен өндіріс иелері Жұмыр жер мен Көк аспанды әлдеде игере түсу керек екендігін айтып, үлкен құлшыныс танытып жатыр деп хабарлады. Сәлден соң, әңгіме табиғат жайына ойысып,қызық-қызық оқиғалар мен оқиша көріністерге ұласты. Журналистердің жеке пікірімен де әрленіп жатты. Бір ғалым: қарақұрттар жайында ой толғады. Олардың уын алып, пайдалану керек деді. Енді бірі қарақұрттардың амал-әрекеттерін баян етті.

¹ Ксенофобия – бейтаныс, өзге заттарға, адамдарға қатысты қорқыныш немесе жек көрушілік, өзгені түсініксіз, қауіпті және жау ретінде қабылдау (Дип.терм. Авт. А.Б. / Р.Ж.)

ТЕЛЕДИДАРДАН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ХАБАР:

– Аса улы жәндіктің бірі – Қарақұрт. Ол ыстық құрлықтарда ежелден бар көрінеді. Бірақ, бүгінгі қарақұрттардан айырмашылығы дандайсып, ұя-торларынан алыстап, өзгелерге ұрынып, ажал уын шашып өрескелдікке бармайтында ұқсайды. Себебі, ежелгі дәуірде: сол қарақұрттарды іздеп жүріп, тірілей денесіне жұмыртқа салатын қызыл қоңыз болған көрінеді. Әлгі, жұмыртқа: қызыл қоңыздың баласына айналып, қарақұртты тірілей ішінен жеп, жетіліп, оның уына пысқырып та қарамайтын жсау болып шығады екен. Қарақұрт өліп тынады. Сол қызыл қоңызға тап боламын деп қорқып, қарақұрттар ұя-торынан аттап шықпай, бұйырған несібесін ін түбінен күтіп, ешкіммен жсауласпауды ойлайтын дәрежеге жеткен. Азға қанағат шүкір еткен. Біздің дәуірімізде де қарақұрттар бар, бірақ, қызыл қоңыз жоқ. Соны білетін қарақұрттар аяғын алашаң басып, көрінгенді шағып, білгенін жасап жүр... Халықтық қағидалар жойылып, ұлттық үрдістер бұзылып, заңсыздық орнаған жердің көрінісі бұл. Ұлттық сананың жазылмаса да, мүддесінен жаңылмайтын қасиеттері, тәлім-тәртіптері қайда!?! Қызыл қоңыздар жойылды. Адамзаттың қолымен жасалған лас-әрекеттердің салдарынан жоқ болған. Тәңірім тепе-теңдік қалыптастырды. Біз, Адамдар, соның барлығын да бұзып-жарып «Өркениеттіміз!..» – деп бетпақтанып жүрміз. Міне, осылай, бір ғалым күйіп-жанып теледидардан сөйлеп жатты. Бірақ, оны тыңдаған жас пен жаса-мыстар тым аз еді.

ҚАРАҚҰРТ-САНА

Қарақұрттай қара сенің қылығың,
Бетін басып, белден қашты ұлы күн.

Сен шайқадың тіршіліктің тұнбасын,
Болмас енді қызға тыйым, ұлға сын.

Ниеттердің қарақұрты талтандап,
Бір-біріңе сақтап жүрсің балтанды ап.

Сенен азды мынау әлем жылады,
Өз ұлынан жер араша сұрады.

Сенің торың кара ниет, кара бау,
Сендік мақсат: обалына қарамау.

Көзіңнен құрт, сөзіңнен құрт тарбандап,
Тек торлауды жүрсің, әне, армандап.

Сен адамсың, жан бойыңда қарақұрт,
Шыңғырады шырмауыңда баба жұрт.

Шырмап алған мендік сана байлаулы,
Сендік зәрден миым судай қайнаулы.

Аспан анау қарақұрт боп төнуде,
Адалдықты жер түбіне көмуде.

Сенің аяр кара құрсау шырғалың,
Торға түскен шыбын менен бір жаным.

Қорқыт Атам қыл қобызын сайлады,
Тығылды кеп туған жер мен айлағы.

Жұлдыздардың бар жарығын сөндірген,
Қарақұрттай – кара ниет көрдім мен.

Жұмыр жерді орап алған, менмендік,
Қашып бара жатыр, әне, елден құт.

Мақтаныш пен көрсеқызар, пиғылдар,
Қалай ғана сұлулықты қидыңдар.

Қарақұрт боп у мен зәрден жаралған,
Ғалам қорқып кетпек алыс адамнан.

Тоқта!..Тоқта!.. Ай мен күнім асылым,
Тау жылайды, тас жылайды жасырын.

Сұлулықтың көзін ойып қарақұрт,
Пайда болды жер бетінде жаңа жұт.

Жанасының түрі мынау жын-ойнақ,
Бір жазасын тарттырады Құдай-Хақ!

Ей, дүние, ару едің аппақ нұр,
Мың қарақұрт саған торын сақтап тұр.

Менің мөлдір жаным қайда, қазағым,
Қылды оның ақ ниетін қаза кім?!

Қарақұрттың шырмауында ұлттығым,
Ұлттың жанын, ұлттың қанын жұтты кім?!

Жыр шырмауда, саз шырмауда, ел егес,
Таң атпай ма!?!..Неге түн мен неге кеш!?

Түн-қарақұрт, күн-қарақұрт, көп шалыс,
Құтылам ба кетсем сонау көкке алыс!?!..

Кірпігінен жас сорғалап ай тұрды,
Сосын оның жаназасы айтылды.

Он сегіз мың ғалам жатыр торыңда,
Бір қарақұрт ұлт санасын соруа.

Сендік байлық – сендік емес құрттікі,
Дүниені тәркі қылған ұрттікі.

Қарақұрттың араны бар, қанды көл,
Өз қолыңмен апардағы жанды бер.

Өз ниетің қарайды да тор болды,
Өз пиғылың өз басыңа сор болды.

Өзін-өзі кеміреді адамзат,
Қарақұртсың!..Қайыр-сауап саған жат.

Ындындар тұр ала қоржын, пайдашыл,
Аңға айналған мынау сонда қай ғасыр!?

Біздің құрттар, біздің «бектер» бүлікшіл,
«Қой» – дейтұғын қожасы жоқ, дұрыс жүр!»

Білгендерін жасап жатыр жеріне,
Әй дейтұғын Әжесіздің керіме!?

Жауды көрсе жампаңдаған жарбақы,
Кімге қандай бар бәсі.

Қарттарымның қағидасы жаңылған,
Заман болды қағынған.

Опырылды ойсыз бастан кәрі күз,
Асау болдық ер салдырмас бәріміз.

Өз халқына қыр көрсетіп зілденген,
Бұл далада кімдеріне кімдер жем.

Аңдысамыз бір кемеңіз үстінде,
Ал бұрқыра, өз деміңіз пістің бе!

Төгіп көрші, төске салып қаһарды,
Төңкер нар мен атанды.

Сенің халқың кімге керек өзің біл,
Ойсын мейлі, етін күң мен көзін құл.

Арашалап не жыны бар басқаның,
Жер сенікі, ел сенікі, аспаның.

Шағып өлтір, балтырынан жабыс та,
Жүрген ерді қорған болып намысқа.

Тек өзің қал, текті біткен жоғалсын,
Адал өлсін, айтсын бәрі соған сын.

Шөп басында шіреніп тұр бір-бір құрт,
Үндемейді құрғыр жұрт.

Табан етін шөңге жеген, шөп жеген,
Көзін алмай емпеңдейді өзгеден.

Етегіне оратылып, жығылмақ,
Біліп алған сырын жат.

Мүнәйім боп, мүлгігенді жөн көрмек,
Құрт пенен сырт дәм татып жүр төрден кеп.

Біздің құрттар қалай-қалай талтандар,
Жүгір Сен де қосылып ал, қалқам бар!?

ТЕЛЕДИДАРДАН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ХАБАР:

– Оңтүстік Америкадағы елді мекенге жақын орналасқан алып жыландардың өмір сүру айлағына адамдар қоныстанып, шаруашылық көздерін ұйымдастырған. Көп ұзамай аталық жыландар жыныстық қатынастан соң, жұмыртқалауға сапар шеккен аналықтарын тауып алып өздері өлтіре бастаған. Дағдылы мекенін, тиесілі жерін адамзаттың баласы асқан қанағатсыздықпен жсаулап, тартып алғаннан соң, әлгі, киелі-кербездер (жыландар) дүниеге ұрпақ әкелудің мән-мағынасын жоғалтқан. Солай, табиғаттағы жанды-жансыздың барлығы адамның зұлымдығынан жеңіліп, өз өмірлеріне қол сала бастағанының дәлелі шығар, осы шарасыздық?!.. Қоғамдық қарым-қатынастағы әділетсіз майдан – ұлтты осы шарасыздыққа әкеліп жүрмесін!.. Жыландар өзін-өзі жсұтуда. Жалпы күллі Әлем дағдарысқа ұшырауда. Тепе-теңдік бұзылды деп, әлгі, галым жігіт тағы да ой-пікірлерін айтып жатты. Бірақ, оған селт еткен «Өркениет» болған жоқ.

ЖЫЛАНДАР ПАТШАЛЫҒЫНЫҢ ЫДЫРАУЫ

Кестеленген, өрнектелген, өр кілең,
Бір патшалық жайлап жатқан төрді кең.

Сұлусынған кара моншақ көздері,
Өңкей асқақ, өңкей асыл өздері.

Мынау мекен тек соларға тән еді,
Қоғалы көл, сары самал ән еді.

Ордасымен көшіп қонған, ел бүтін,
Адам келді, зауал келді, шерлісің.

Шығып алып бір-бір қоға басына,
Жер тұншықты көзден аққан жасына.

Сұлу еді, биші еді бұралған,
Енді оны ажал күтіп тұр алдан.

Сол ажалдың жендеттері адам-ды,
Ту дүние тыр жалаңаш таланды.

Қара орманның тамырынан қан алды,
Қара жердің жүрегiнен жан алды.

Жан біткеннен жан алатын адам-ды,
Қасарысқан қайтпайтұғын надан-ды.

Бірін-бірі адам жұтып өлтірген,
Жасап алған күннен кебін, көр түннен.

Енді, міне, патшалығы жыланның,
Қайырмасын айтып көрмек бұл әннің.

Адам айтты өзін-өзі ұтуды,
Жыландарға бірін-бірі жұтуды.

Қу дүние кіл өңешке айналды,
Кімдер кімді, жұта салмақ, қай маңды.

Ойбай, әне, өңеш қаптап келеді,
Ол тойымсыз, жұтудың қас шебері.

Бастары жоқ, өңкей өңеш күлісті,
Жұта салды ұлтың менен ұлысты.

Жер дірілдеп табанымнан үн қатты,
Көк дірілдеп бізден қашып, зыр қақты.

Соғыс тілеп, сойқан тілеп, тапсынған,
Келе жатыр кара ниет асқынған.

Адамдарды адам жұтты, талмады,
Жыландарды жылан жұтты жалмады.

Тау мен тасты бәрін жұтты езгілеп,
Сұлу әлем қызыл қан боп безді кеп.

Жұтқан жылан жұтылғанын толғады,
Адамнан да аяушылық болмады.

Патшалықтың суса болды сүйегі,
Сұлу еді, әлем ән мен күй еді.

Бірін-бірі бәрі шайнап тастады,
Тері төсеп, сүйектерін жастады.

Ту байлады жеңген болды, жеңілді,
Өңкей өңеш өз туысын кемірді.

Өңештердің іші айқай, зар-мұнды,
Дәл сол мұңнан өңеш шөлін қандырды.

Адам жатты адам болып қас жауы,
Жылан жатты жылан болып қас жауы.

Өзін-өзі жек көретін кіл өңеш,
Өңештерге жұта салу түк емес.

Орман өлді, гүл тақырға айналды,
Жүзі сұп-сұр көрсеңізде қай жанды.

Кештіңіз бе әділетсіз майданды,
Қатер содан, қауіп болса қайдан-ды.

Бұл дүние – ішек-қарын, ірің-жын,
Ібіліс боп келіп сен де сіміргін.

Адам болсаң сұлулыққа ара түс,
Ақ жоғалып, басты жерді қара түс.

Көкірегі қара сонау пенденің,
Қалды аппақ, халал сөйлер ер де кім!?

Жылан алдап жұбын жеді бассалды,
Адам алдап жер мен жемек аспанды.

Адам – жылан, жылан – адам боп кетті,
Қос өңешке бір қанағат жоқ депті.

Сұлулықтың қанды көзі көгеріп,
Басын шаппақ қойды ортаға шөгеріп.

Сұлу әлем өлтір деді шыдамай,
Өлді ару, өлді ақсу, құралай.

Көл жылады көздеріне құм құйды,
Ел жылады жанарына у құйды.

Тау жылады, ормандарым сыңсыды,
Көздерінен қан сиектеп ыршыды.

Сұлу әлем аяқ асты тапталды,
Ал өңештер тағы қайда аттанды!?

Суық жылан сұлу қыз боп көрінген,
Ақ сүт құйып шығарып ем төрімнен.

Киесі боп кең даланың үскірдің,
Күшті көрсең қаһарландың, ысқырдың.

Айбатыңмен аламанға сұстандың,
Иесі едің, киесі едің ...Станның.

Сен де енді азайдың ба, жеңіліп,
Өзінді-өзің кеміріп.

Біздің пиғыл қорқытты ма даланы,
Адамзаттың ашылып тұр, араны.

Жел мен сарнап ордабасы жыланым,
Жер түбінен сәлем айтып жыладың.

Саған қолды соза білмес елденмін,
Мен жерімді баяғыда бергенмін.

Хан салтанат қара жылан, ақ жылан,
Не көрдіңіз ал бұдан.

Өрнектеген кер жыланым, керімім,
Ордаңыздан қуып шықты сені кім!?

Бүйіріңе күміс тағып күн құшып,
Жауларыңды жапырғансың бір қысып.

Ата жылан қалқан қабық, жебе тіл,
Өз ұрпағын жалмап алып неге тұр!?

Алты құлаш қарағайдай дің еді,
Орда тікті... Оны да жұрт біледі.

Не болғаны, кім болғаны түк те емес,
Осы менен ту құлады, бітті егес.

Жылан жылап, адам күліп ақсиды,
Ата жылан жанарынан жас сиді.

Өзін-өзі тістеледі, шайнады,
Ғалам жылап, бітті ердің сайраны.

Киік өлді анау жылы киелі,
Жылан өлді мынау жылы ұялы.

Киесі жоқ қу медиен жұмыр жер,
Қайғысына қамсау болар бір ұл бер!?

Сұлу жылан, ханшайыммен, ханзада,
Ордалы ел ғұмыр кешті аз ғана.

Жер астынан шықты жылан анасы,
Аталықпен арыздаспақ шамасы.

– Қош мекенім, жарық күнім, Ордалым,
Берен қару, бел шешпеген қамалым.

Біз жүргенде бақа-шаян күлмеген,
Атабасы ер мен егіз жүрген ем.

Хан шатырым анау тастың жақпары,
Қанша жаудан сардарларым сақтады.

Есіл ерлер алтын орда, ақ орда,
Баяғыда болған бізге бақ орда.

Атабасы Ерім еді сыңарым,
Құдай салды, қоштасалық шырағым.

Деп сыңсыды ана жылан ару-ды,
Ордасына ит пенен құс сарулы.

Алтын балдақ хан тұғыры қаралы,
Ханзада мен Ханшайым да жаралы.

Сабау қамшы секілденіп өрілген,
Тірі адастым деп жылады төлімнен.

Жылап тұрды жыландардың ордасы,
Орда еді, енді, міне, қор басы.

Қорлық деген шарасыздық, жеңілу,
Көз жасыңды жең мен сүртіп егілу.

Хан төрінің қағанаты бүлінді,
Адам боп кеп ажал пері үңілді.

Жайрап жатты құм астында Патшалық,
Құрт-құмырсқа мәре-сәре бассалып.

Екі жылан еңкілдеді бауырлап,
Енді қайтсін кешегіден дәуір жат.

Жыландарым ен даланы жылатты,
Қырсық құшып қарап тұрды қыратты.

Аналықтың ақ тамағы құрғады,
Атабасы бойын толғап ырғады.

Түспей тұрып өлейін деп қармаққа,
Екі жылан кетті айналып Әруаққа.

Ей, Адамзат жыланды да жылаттың,
Өрең тұрған болар көкте шыдап күн.

Орман өлді, дала өлді қаңырап,
Атпай қойды ертесіне таң ұзақ.

Содан соң ба?!.. Жыландарды көрмедім,
Өлгенің ғой, көнгенің.

Жылан білді адамды да, заманын,
Іздеп жатты кек алудың амалын.

ТЕЛЕДИДАРДАН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ХАБАР:

– Бір орманда шағын мемлекеттік мекеме тұрғызылып, үйлер салып, аста-төк тегін тамақпен қамтамасыз етіліпті. Артық тамақтың қоқысы орман ішін шірітіпті. Қасқырлардың мекені болса керек. Дайын азық, мол қоқыстан тамақтанып өскен бөлтіріктер өсе келе, қасқырлардың ата салтын бұзыпты. Ұжымдық, қауымдық ғұмыр-тәртібін жоққа шығарып, ата-енелерін талап, көсемдерін өлтіріп, бауырларынан безіп, жеке-жеке одағайсып, барлық тәртіп пен жүйеден аттапты. Адамдарға шабуыл жасап, көрінгенге шауып, ақыр соңында сұр мергендердің қанды қақпан, оңтайлы мылтығынан қырғынға ұшырапты. Біздің рухани ұлттық санамыздың көк жайлауына да өзгелер өз қоқыстарын аяусыз төкті. Саясаттың қоқысынан ұлттық руханияттың орманы шіріді. Ұлттық құндылықтарға ұрпақ есіней қарап, тарихқа үстем пиғылмен көз жүгірмеді. Міне, осы үзік-үзік көріністер адамзаттың да және біздің қоғамның да түр мен сыр-сипатын елестетеді. Тепе-теңдік бұзылған... Әлем, өркеніет: өзі мен өзі әлек. Біз кімді күтіп жағалауда қалғып отырмыз?!.. Оған жауап беретін қайсың бар?!..Бізге біткен ұлттық сананы қоқыстан айыратын амал бар ма!? Сананы дерттен айықтыратын халық емиілері болады, – дейді. Халық болсаң, емиің қайда!?...Әлде, құл сиіп кеткен құрсағыңды тазалау үшін уақыт керек пе!?...Өлеңім, ақ періштем: Сен не дейсің!?... Жо-жоқ, мұның бәрі кейбір ақпарат көздерінің көбік сөз, көпіртпесі болар!?.. – деп, – Менің ішкі түйсігім шыңғырады. Ғалым жегіт болса күннен-күнге сұмдық хабарларды жеткізіп түңілдірулі... Сенбейін десең бәрі де көз алдыңда болып жатыр – өрескелдіктер мен өзімшілдіктер.

ҚАҒИДАЛЫ САЛТЫНАН АДАСҚАН ҚАСҚЫРЛАР

Әділ заңға ғұмыр берген Тәңірім!
Заң өзгерді, жасың қайсы, кәрі кім!?

Құлақ тұстан болат тіспен шайнады,
Перзент қылған, ұя ұстар айбары.

Өз Атасын жарып салды азғының,
Жалғыз барып қоқыс сайдан қазды інін.

Ұлыс кетті ыдырасып, ырылдап,
Қаншық қасқыр қансырады шырылдап.

Ата-бөрі жатыр әне өлмекші,
Бөлтірігі өз қанына шөл депті.

Қаптап келіп бөлтіріктер қараған,
Ата-ескі, ағып жатыр жаңа қан.

Шын қасқырды енді қайдан табасың,
Кіл бөлтірік қоқыс жеген санасын.

Ұясынан кетті солай жарасым,
Қаншық жылап, деді, қайда барасың!?

Буындырды атасын да, анасын,
Қоқыс-сана бір көрсетпек шамасын.

Өлді атасы, ыңырсыды аналық,
Қылдыңдар деп балалық.

Жалғыз-жалғыз өлесіндер құрып деп,
Көп жылады қанға басын ұрып кеп.

Аққан қанын кешіп ойнап бөлтірік,
Анасында жарып салды өлтіріп.

Ата жау мен ит-құстарға тастады,
Жалғыз-жалғыз өмір сүре бастады.

Ата салттан көр-саналар жатсынды,
Жеп үйренді атты менен атсынды.

Біліксіздер білгендерін жасады,
Ата-анасын өлтіргенге мас әлі.

Түлкі-қарсақ айдап салып ауылға,
Өз олжасын қыстырғанды сауырға.

Бірлігі жоқ, қалай қасқыр атанбақ,
Жалғыз-жалғыз өлтірді оны бақандап.

Ит ұйықты қаншығына мінгілеп,
Еркегінің енін алды тілгілеп.

Ит те емес қасқыр да емес ыздиды,
Тұқымына тоз-тоз қылып тұз құйды.

Ата салтын аяқ асты қылғасын,
Кім сыйлайды азғындардың бір басын.

Әркімдерге тосып өлді жырмасын,
Қарсақ алды, қасқыр мекен, қыр басын.

Адам атты, есек тепті, түлкі жеп,
Адасқандар өлді ақыры күлкі боп.

Шашау шықпас көкбөрілер қатал-ды,
Ұлы арманның патшалығы аталды.

Талай дәурен сүріп еді желпініп,
Тәубасына атажауды келтіріп.

Көкжалдардың бұл құпия заңы дүр,
Батса күні, атса, сірә, таңы бір.

Бөлінбеген, бөлтірігі, бөрісі,
Үлгі болған, ұя басы ер ісі.

Көптің күші, көктің туы – жеңісі,
Әріден сол баба-салттың келісі.

Баба тегі, ана көрік атанған,
Қасқыр қылды ұлы тәртіп, қатаң заң.

Күллі әлем мойынсынып таныды,
Азуларын намысына жаныды.

Бірлік қана қасқыр етті, қасқырды,
Бірлік кетті екі көзді жас қылды.

Орман іші куә болды сұмдыққа,
«Бірлік» атты бөрі сарып тұр құтқа.

Қарын қамын қоқыс шешті, жуынды,
Тойған қарын іздемес ар, туынды.

Неге керек ортақ намыс, бөрілік,
Өз кеудесін өршеленді төр ұғып.

Қарап жүріп қандасымен тіресті,
Табылмады «Тәк!» – дейтұғын бір есті.

Қоқыс жеді, майдансыз-ақ ас тапты,
Азды ұрпақ, араздаса бастапты.

Ата қалды, анасын да талады,
Туыстан жат, жалғыздықты қалады.

Жалғыз-жалғыз жау іздеді тойынды,
Адамдарға салып көрді ойынды.

Адам деген: қасқырлардың қасқыры,
Жаһандағы жауыздардың бастығы.

Бөлтірік пен қырып салды көкжалды,
Қасқыр жайлы сосын жалғыз сөз қалды.

Міне, солай, оққа ұшып көмілді,
Өзі барып таңдап алды өлімді.

Мың асқанға, бір тосқанды тап қылды,
Терісін ап, етін итке лақтырды.

Апан құлап, арландарым жеңілді,
Ет-сүйегін көрінген ит кемірді.

Тойған қарын, сана менен дұшпан-ды,
Жүрекке жау қарын тұрған тұстан-ды.

Жүрек сөзін ұлтым тыңдап бағынсын,
Қандас көрсе, көріп тұрып сағынсын.

Қаракұртым... өз балағым... өз жауым.
Ой-тасқын да, ашу-дауыл, сөз-жауын.

Отан-қазық әркім келіп ырғайды,
Әр кеудеде әлмисақтан бір қайғы.

Бірін-бірі ішіп алмақ, ұрттамақ,
Сарсаң пиғыл, сана шірік құрттамақ.

Құрт білмейді тойғанын һәм жегенін,
Ненің бүгін, кімнің ертең керегін.

Құрт-санамен қайда кетіп барасың,
Азған әлем кімнің жазбақ жарасын.

Анау тұрған қазекем бе қалғулы,
Болды өткізіп ызы-қиқу, бар дуды.

Адамзаттан жыландар да түңіліп,
Бірін-бірі жұтып жатыр, құрыдық!..

Сен қайдасың Алашымның ұлдары,
Мынау дертке нелер шипа, кім дәрі?!

Рухыңды қоқыс қаптап алғасын,
Қолбаладай саған енді бар ма сын.

Арзан азық ұлт рухын улады,
Бірін-бірі итше шайнап тулады.

У құтыртып, ұраны да өзгерді,
Соның бәрін мынау қара көз көрді.

Өз көйлегін шешіп тастап жалаңаш,
Өз-өзіне қарап күлді шала мас.

Бәрі қалды ата дәстүр, антыңның,
Көшесінде жырқыл менен жарқылдың.

Әке сүйел, ана безгек атанды,
Жанға бермес асылымды жат алды.

Ит аралап, доңыз бұзды некемді,
Адал ұрпақ қайдан шықпақ, бекер-ді.

Көкжалдардың бөлтірігі азды ма,
Жүрегіме сарсу болған саз бұ да.

Санамыздың құрсағына мола сап,
Жау қолында іңғалайды болашақ.

Оят мені, түртіп жібер санамды.
Соқыр сана жолдас қылар наданды.

Бар зұлымдық сүйеніп жүр наданға,
Сақта Құдай, сана берші мағанда!?!..

Көгереің өз тамырым нәрлесін,
Ая мені, шығар-шықпас қалды есім.

Әділсің Сен, Жаратқаным, Жан-Ием,
Соған шүкір, бір Тәуелсіз бар Ием!

Ием менің – Жаным Алла, жан тұрақ,
Қауызыма тамсын нұрың тамшылап.

Бүр жарайын саған созып мойынды,
Көрдім қанша көрге түсіп ойынды.

Жарық сәуле – ұлтымызды бастасын,
Оян ,Сабыр, ұйқықұмар қасқасың!?

Өлең маған: Түңілмегін, Тұр – деді,
Сенен ниет, Тәңірімнен нұр – деді.

IV

(ЖҮРЕК ПЕН ЖЫРДЫҢ УЛАНҒАН САНАНЫ, АДАМЗАТТЫ ЕСІРКЕУІ)

*Жұтыла бастаған жұмыр жер мен өзін-өзі жұта бастаған
он сегіз мың галамды құтқармақ боп, сананы оятып, иман мен
әдепке, әсем өмірге жол бастағысы келіп, ЖҮРЕК ПЕН ЖЫР
шырылдап көрді. Бірақ, нәтиже берер емес!.. Енді, не істемек ке-
рек!?!..*

Бүлкілдеген жүрек тамыр, жыр тамыр,
Сен ұйқыңнан оян, – дейді – Тұр, Сабыр!

Өлең мені аялады күлімдеп,
Жанарыма жан көзімен үңілмек.

Жан көзінде тамшылаған жас бар-ды,
Үн қатты ол әсем саз бен астарлы.

Иман-әдеп іңгалаған бесік-ті,
Жан-бесіктен жансебіл саз есіпті.

Адамзатқа жалбарынды жүрек-жыр,
Ұлға ұят, ерге намыс тілеп жүр.

Оны таптап бара жатыр табандар,
Өз жолына қарамайды адамдар.

Кіл көкірек астамсыған, ақырып,
Жыр-жүрекке түкіреді қақырып.

Жүрек жылап зайыр сұрап қол жайды,
Өңкей мақтан онда зайыр болмайды.

Бар білері байлығы мен мансабы,
Алдап кету, жалмап кету аңсары.

Жүрек жылап ұлт дәстүрін сұрады,
Қала түгел басын шайқап тұр әні.

Жүрек жылап бейбіт күнді іздеді,
Қай ғасырдың қалдығысыз Сіз деді.

Жүрек байғұс махаббатқа тығылмақ,
Қайтесіңіз деді уақыт шығындап.

Жүрек сосын кешпек әділ бір майдан,
Жүрек өлсе шықпақ енді жыр қайдан.

Жүрек пен жыр ақиқаттан нұр ішпек,
Бәрі қашты: «Мына жолың бұрыс» – деп.

Кетті уақыт, кетті дәуір сырт беріп,
Ішін ұстап күлді оны қырт көріп.

Бәрі күлді, қара түн мен қара жым,
Өзегінен қан құстырып сананың.

Жүрек пен жыр құшақтасып жыласты,
Жалбарынды Жаратқанға сыр ашты.

Кетті іздеп бір Алласын, Тәңірін,
Хақ қаласа төгер иман жарығын.

Дүниенің бәрі гүлге айналар,
Жыр-жүрегім сайра бар.

Ей, адамзат, жүрегінді тыңдап көр,
Білгеніңді бізше сосын жырлап бер.

Жүрек пен жыр, тілек пен нұр қабысқан,
Бәрі өзінде, бақ іздеме алыстан!

Өз жүрегің – бар бақыттың пернесі,
Жүрек айтпай түзелмейді ер көші.

Өзіңді-өзің енді таптай бермеші,
Адамзаттың ақыл-сана, зердесі!?

Көкірегің қаракұртқа айналды,
Қалыбыңнан жылан үркіп, қайғы алды.

Көкбөрілер үрдісінен жаңылды,
Ат есекке, арлан итке таңылды.
(Өлі сана өлексеге табынды)

Өңештерде құлақ та жоқ, көз де жоқ,
Оған айтар сөз де жоқ!

Өлген сана өңеш болып қағынды,
Кім қуантар жаныңды!?

Адамзаттың жүрек көзі – бір дағы,
Бірге аштырмай сол бір көзді шырмады.
(Ғалам азбақ сүйектердің қырманы)

Бұл қара жер – көк зеңгірдің жүрегі,
Қан-қан болып бүлкілдейді бір өзі.

Кетті білем оның кербез көрігі,
Жер-жүректің қалды қанша өмірі!?

Өңеш болдық, сезім өлді, бұл бір де!..
Жүрек пен жыр жылап отыр үңгірде.

Күңіренді жыр жүректі азалап,
Қалаңыздан сол үңгірі тазарақ.

Сен қозғама!..
Жүрек пен жыр жыласын!
Кімді қайда жығар екен, мына сын!?

Не істейді?!..Қандай амал бар бұған!?!..
Кім шығады болашақтың алдынан!?!..

V

ТЕЛЕДИДАРДАН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ХАБАР:

(Үштік одақ)

Бірін-бірі жұтып Адамзаттың екпіні мен тепкінінен қорлық көрген табиғат атаулы, Жыландар Патшалығы өз-өзін жұтып жатты. Осы көріністен шошынған он сегіз мың ғалам Жылан Патшалығының қол астына көшіп, ерікті түрде бұл майданға кіруді жөн көрді. Адамзаттан кек алудың амалын іздеуге көшті. Адамзатты тәубасына түсірмесе болмайтынын білді. Барлығы бірдей құритынын көк аспан, қара жер түгел түсінді. Жыландар асқан ашу мен ызаға берілді. Әрі, болашақ ұрпағының қамын ойлап, адам деген жауыздардан сақтанбаса болмайды деп үрейленді. Адам деген зиянкестің қара жер-көк аспанның шеңберінде бірде-біреуін қалдыруға болмайды – деп, жар салды. Адамзаттың барлығын бірдей кінәлағандары дұрыс емес еді. Бірақ, оны қалай түсіндіресің. Ксенофобия дертіне шалдыққандар ештеңені естімейді. ҮРЕЙ!.. ҮРЕЙ!.. ҮРЕЙ!.. Дүниені ксенофобия дерті жалмай бастады. Ғалым жігіт кезекті хабарын осылай бастады. «Өркениет» бұл хабарды ессіз ғалымның, Езбе пікірі деп, мазақ қылды. Қарқылдап күліп, жындыханаға қамап тастау керек деп шешті. Ғалым жігітті жындыханаға қамап қолына жер шарының ойыншық-көшірмесін беріп қойды. Ғалым жігіт шындығында жалғыз өзі жер шарының тағдырын ойлап, ойыншықпен сөйлесіп жындана бастады. Ксенофобия дерті бұған да жетті.

Күллі әлемде жылан құрған Патшалық,
Адамзатқа қастанып,
Ұран салды аттанып –
Деп, – ұрпақты сақталық!!!

– Адамдардың бейнесіне көшің – деп,
Ішке кіріп кеміріңдер төсін – деп,
Қарақұрт пен қасқырды,
Сөзбен арбап тас қылды.
Өттері ісіп асқынды.
Қарақұрт пен қасқырлар,
Жыланменен бірікті,
Дүние тік тұрыпты.
Аяушылық дегенді
Шеттерінен ұмытты.
Адамзатты жоқ қылуға келісті,
Ажал құшпақ жер үсті.
Жазықсыздар қақсады,
Жанын ала бастады.
Құтылмады қашқаны.
Адамзатқа бар табиғат
Жау болды!
БҰҰ-ның да,
Басы қара дау болды!..

Қарақұрт, Жылан, Қасқыр бірігіп адам бейнесіне көшіп алды. Адамдармен адам сұлбасында соғысып, ішіне еніп алу ең тиімді жол еді. Кер Жылан осының барлығын ұйымдастырды. Үшеуі бірігіп адам бейнесіне еніп, адамзаттың арасына сіңіп, араласып кетпекші. Бұл бір табылған ақыл болды. Жыландар адам тұлғасының омыртқа бойы жұлын мен бас қуысындағы жайлауға орналасты. Себебі, адамзаттан кегін алу үшін оның ақыл-парасатын улау керек болды. Қарақұрттар адамдарға шексіз әмір етудің даңғыл жолы – жүректен бастау алатынын түсінді. Сондықтан, олар: талтаңдап, емін-еркін келіп, жүрек деген мекеннің жайлауына орналасты.

Ал, қасқырлар ата-дәстүр салтынан адасып, санасы қоқысқа семіргендіктен, қайда барарын білмей есіріктеніп, сергелдеңге түсіп тұрды. Аздан соң көпті көрген Кер Жылан қасқырларды адамдардың құрсақ тұсындағы жайлауға орналастырды. Адамзаттың құрсағына ұрнақ бітетін болса, оларды жатырда жатқанда қасқырларға шайнатып өлтіруді мақсат тұтты. Сөйтіп, олар, өзара Үштік Одақ құрып, адамзаттан кек алуды бастап кетті.

Бұл кекшіл Одақтың кесірі Әлемге тие бастағанына да біраз уақыт болды. Үдеп, үлкен күшке айналып барады.

Ксенофобия патшалығы құрылды!
Үрей қаптап қырылды.
Жаналғыштар жанықты,
Жер: қап-қара табытты.
Қара табыт көтеріп,
Көксау ниет жөтеліп,
Жүрек біткен былғанды.
Аяқ асты жыр қалды.
Ақымақтар семірді,
Ақыл күтті өлімді.
Қарап тұрсаң:
Бәрі адам!..
Адамы жоқ бірақ та,
Өртенді орман, құрақ та.
Жер бетіне:
Тозақ шықты шоқтанып.
Масайрады
Жын-перілер:
Көздерінен от тамып.
«Өркениет»
Ада болды:
Жалған күлкі,
Сып-сыпайы тұрқынан.
Қайдан қарғыс,
Неден келді,
Не үшін!?
Деп жылады боқтанып.
Сосын оның
Сұрамақ боп,
Себебін:
Зындандағы ғалымды,
Іздеп-қайта сабылды,
Мән берген де жоқ халық.
Ксенофобия –
Теңселдірді халықты,

Орман ұқты, тал ұқты.
 Ғалым жігіт
 Шыныменен жынданып,
 Жер-ойыншығын құшақтап,
 Жылап-жылап көздің жасын ағытты.
 Адамзаттың
 Төбе шашы тік тұрды,
 Ал, көрінбейтін,
 Патшалығы жыланның,
 Адамдарды адамдарға жұттырды.
 Өңешіне,
 Өзі өртеген
 Әлемнің,
 Күл-қоқысын тықтырды.
 Қала біткен
 Молаларға айналды,
 Ойып алды
 Көшеде:
 Қанағатсыз,
 Тойымсыз –
 Екі көзі шыққырды.
 Көрінбейтін
 Патшалығы
 Жыланның –
 Ксенофобия дертіменен ауырды.
 Көрінгенді
 Сүйетұғын:
 «Өркениет-Адамзат» –
 Таптап қашты дәуірді.
 Ксенофобия –
 Адамзатты
 Санасынан шектеді.
 ҮРЕЙ!..ҮРЕЙ!..ҮРЕЙ торлап кетпеді.
 Ойдан құрап,
 Күш пен бұрап жасаған–
 Саясатшыл, сандырақтың талқан болды мектебі.

Ксенофобия!.. Ксенофобия!.. Ксенофобия!..

Ия, сонымен көрінбейтін Одақтың, жыландар патшалығының қырғыны адамзаттың ақыл-Мандарын зындандағы жынды галымның ауызына телміртті.

Бірақ, бұл Одақтың, жыландар патшалығының қолынан келмейтін бір іс бар еді. Олар: Өнер атаулыны өлтіре алмайтын. Талбойларын аралап кететін, бір құдіретті күштен өлердей қорықты. Оның аты – САЗ ӨНЕРІ болатын! Иман мен Қайыр-Қанағат, Зайыр мен Білім, Өнер мен Талап, Сүйіспеншілік пен Махаббат, Парасат пен Сенім және Тәңір сыйлаған шексіз Таланттан жаралған шынайы өнерді жеңу мүмкін емес екендігін де түсініп үлгерді. Себебі, саз өнеріне тосқауыл қоятын, Құдайдан басқа күш жоқ. Саз толқыны Одақтастардың кез бойын еріктен тыс аралап шығатын қасиетке ие. Ал, сырыңды біліп, еркіңнен тыс ішіңді аралаған жаудан асқан қауіпті дұшпан жоқ екенін, Үштік Одақ сезді, білді. Сиқырлы саз-жылан патшалығының сардарларын тәтті сезімге шақырып, бойларындағы аяушылық қасиетті оята беретін еді.

Сондықтан, Олар: ҚОРҚЫТАТАНЫ, ҚҰРМАНҒАЗЫНЫ, АБЫЛДЫ, ҚАЗАНҒАПТЫ, ТӘТТІМБЕТТІ, МОЦАРТТЫ, ПАГАНИНИДІ, БЕТХОВЕНДІ және бәрін-бәрін жек көреді. Дәстүрлі өнерді аздырумен айналысып жатырған да, сол, Үштік Одақ! Адамзатты Ксенофобия дертінен сақтайтын ұлы күш – Иман мен Әдепке суарылған ӨНЕР! Әу басында Жаратқан Ием Адамның кеудесіне жан салғанда жеті түрлі сазбен салыпты деген де сөз бар. Саз өнерінің құпиясы мен қуаты – тылсым дүниеге тең. Алла өз қалауымен туындатқан саз өнерінде – болмысқа күш, санаға сұлулық пен серпін беретін нұр бар. Адамзат бақытты өзінің жанынан емес, өзгенің қанынан іздеуді дағдыға айналдырды. Өзімшіл алпауыттардың өрескел тәкаппарлығы – өздерін де, өзгені де Ксенофобия дертіне ұшыратты. Барлық бақыттың бастау-сағасы, Бір АЛЛА! Алланы сүйіп, достарын қадірле! Ұлттық салт-дәстүріңді, бабаларыңнан қалған киелі ұғым, қастерлі қасиет, даналық-дағдыларды көзіңнің қарасындай сақта! Топырағынан көктеген ағаштың жемісі мен саясы – барша жолаушыға ортақ. Ұлт бесігінен нәр алып, адамзаттың асыл перзентіне айналған Тұлғалар қаниама!.. Ұлы сазгерлердің Тәңірлік туындыларында сол нұрлы шуақтың Иман-сәулесі бар. Көкірегінде Иман-сәулесі жоқ қараңғы қоғамда, ксенофобия дерті белең алып, өрши түседі.

Ксенофобия жалмады.
Барлық сана ұшынды,
Дәл қарақұрт пішінді.
Ішім-сыртым,
Түгел жау боп өзіме,
Қайрап алдым тісімді.
Үрей қаптап сұрланды,
Шашты қарға қырданды,
Шашты адам иманды,
Ар-ұяттың
Терісінен,
Жасап алды шиланды.
Он сегіз мың ғалам тұр,
Бір-бірінен дір қағып.
Жүрегінде жылан тұр,
Бойын толғап ырғалып.
Құрсақ тұста
Қорқаулар,
Болашақты жүр бағып.
Ксенофобия дертіне –
Саясат та шалықты.
Бәрін-бәрін жау көріп,
Оған тағы сендіреді халықты.
Бесік қылды дүниеге,
Санаға:
Үрей деген табытты!..
Барлық жүрек –
Барлық жерде үрейлі,
Бір-бірінің жоқ болғанын тілейді.
Ой қанжарын
Оңашада жанып ап,
Қиялы мен құрлықтарды ірейді.
Енді, міне,
Он сегіз мың ғаламға,
Жұқты дерті адамның,
Түрін қара заманның!?
Айырып көр,
Ал, қане,

Арам қайсы, адал кім?!
Барлық табан астында,
Бір-бір ор бар қазылған.
Құтылмайсың жазымнан.
Сендік ғұмыр
Өзге жанға көп арзан,
Бір шайнайтын сағыздан.
Ксенофобия дертіне –
Сана қорқып берілді.
Кірпігіне кек ілді.
Көлеңкесін көріп қалса
Қару ала жүгіріп,
Атып, шауып,
Өлтірмек боп тебінді.
Есірік боп елірді.
Аспан мен жер,
От пен су,
Күллі ғалам дерттенді,
Барлығы да бірін-бірі жеп көрді.
Сүйіп жүрме
Адам ғой деп
Құр тері,
Жылтыраған беттерді.
Төрт құбыла –
Түгел үрей,
Қорқыныш,
Бірін-бірі аңдымақ.
Ксенофобия – бүгінге тән, жалғыз ат.
Құрлық біткен,
Ел біткен!
Сені де сол бір қорқыныш өкшелер,
Күнге дейін дем біткен.
Ей, дүние, үрей баққан таңға ұзақ.
Ксенофобия – бүгінге тән, жалғыз ат.
Иманды жан
Аманатын аялап,
Алласына күлім қағып жолығар.
Аш жүректер торығар.

Қанағат пен қайырдан,
Махаббат пен мейірден,
Алшақтаған жандардың,
Маңдайының соры бар.
Ксенофобия
Қақпанына түсіп ап,
Өзін-өзі дарға асып қорынар.
Адам азды ақылдан,
Ақыл азды талаптан,
Сана өшіп, ой кеміп,
Иман кетті табыстан,
Ер өлмеді намыстан.
Қанағат өлді,
Мінез-от,
Қалғыған халық көз жұмды.
Сөз қылмасты сөз қылды.
Алтыннан кесек жасады,
Жібекті жыртып бөз қылды.
Жеті шәріп,
Әулием,
Жеті бірдей қазынам,
Асылымнан адастым.
Қарақұрт боп таң астым,
Кер жылан боп кеңестім,
Қасқыр болып қалжастым,
Ақыл-естен алжастым,
Көлеңкеммен егестім.
Адам боп келіп санамды,
Аждаһа жылан сан алды.
Қарақұрт ниет елірді,
Жүректің тұсын кемірді.
Құрсақтан алды қасқырың,
Сәби де – обал, жас-мұңым.
Өзін де өзі жалмады,
Адам боп келіп алдады.
Санасы бар
Ұл болса,
Бірінші соны таңдады.

Жағалап жүріп аздырды,
Өзіне көрін қаздырды.
Үрейге байлап
Пендені,
Үмітін жанның аз қылды.
Шыны қайсы адамның,
Шырғалы қайсы заманның!?
Өз қолыммен
Кеудемнен,
Мен солай, міне, жан алдым.
Елес келіп ендеді,
Сананы у мен жемдеді.
Жүрек тұста –
Қарақұрт,
Құрсақ тұста қасқырың,
Сен қылғанды –
Мен қылдым,
Адамның жауы Мен деді.
Кер жылан боп керленді,
Адам етін азық қылмақ жер де енді.
Қарақұрт тәксіз қашанда,
Сазайын жанның берді енді.
Құрсақтың ішін ойрандап,
Қанды қасқыр желденді.
Бітімге келер
Түрі жоқ,
Айырды солай елді енді.
Қарақұртқа қайырсыз,
Қағанат-сенім артқан кім?!
Қасқырға беріп қоқысты,
Қарғысын сырттан таққан кім?!
Жөніне жатқан жыланның,
Құйрығынан тартқан кім?!
Жау жасаған өзіңсің!..
Адамның іші ала дүр,
Өзіңе-өзің қара бір!?
Иман-әдеп, салт-дәстүр,
Қуғын көріп сана жүр.

Төгілді саз кеп, төгілді.
 Қорқыт боп сосын егілді.
 Құрманғазы
 Жан Бабам,
 Сәулелі нұр боп өрілді.
 Моцарт шығып мұң басты,
 Үрейдің отын кім басты!?
 Патшалық құрып
 Шалғайдан,
 Паганини сырласты.
 Саз тербеді, көлбеді,
 Жарыққа жаным шөлдеді.
 Тірілтті қайта ұлы саз,
 Жатыр еді көмгелі.
 Жүректің басы қаракұрт,
 Саздан қорқып бұғынды.
 Жұлынның бойы кер жылан,
 О да қашып тығылды.
 Құрсақтың іші
 Қорқау-ды,
 Есінен танып жығылды.
 Тамырдың бойын саз алды,
 Айдынды аққу-қаз алды.
 Өзім боп келіп
 Бұл ғалам,
 Бермекші Менің жазамды.
 Саз тоқтаса өлермін,
 Сәулелі саз бен көгердім.
 Кешір мені
 Табиғат,
 Зиянсыз зәре өлеңмін!..

Адамзаттың жан бойы мен тән бойын, он сегіз мың ғаламды сазбен тербеп, жырмен аластап, қанатымен қаусырып, қарлығаш-бауырымен құшқысы келетін, алып жүректі ақ періштенің аты – ДӘСТҮРЛІ, ҰЛТТЫҚ ӨНЕР! Адамзат, ақыл-есінен адасты. Өлердей қорқып, үрейден қалтырап, дірілдеп жынданды. Жы-

ландар патшалығы күннен-күнге жақындай түскенін сезінді. Аллаға жалбарынып жан сақтап, пенде байғұс күн кешіп жатты. Ата-бабалардың әруақтарына дұға бағыштап, садақа берді. ТӘУБӘ!.. ТӘУБӘ!.. ШҮКІР!.. ШҮКІР!.. – деп жалбарынып, зар иледі. Біреулер: Он сегіз мың ғаламды, жер мен көкті САЗӨНЕРІ мен аластап бақсыға айналды. Егер жылан патшалығына он сегіз мың ғалам, мұхиттар мен таулар, дүлей дауылдар мен тасқындар, өрт пен зілалалар,көк пен жер қосылса адамзаттың күні не болмақ!?!.. Онда, әп-сәтте күлі көкке ұшады. Жандарын қоярға жер таппады. Азуын айға білеген мақтан-көкіректер бір сәтте-ақ мыш болды. Түкке де тұрмайтындығын ұқты.

Мейірім мен махаббаттың шексіз иесі, кешірімшіл Бір АЛЛА ғана, Қорғаушы! Әлде де, адамзатты, өзінің сүйіп жаратқан құлдарын арашалап, қорғап тұрғанына, Аллаға Шүкірлік қылсын, ПЕНДЕЛЕР!.. Басқа, не келеді қолдарынан, ПЕНДЕЛЕРДІҢ!?!.. Тозаңдай да салмағы жоқ пенделер, әншейінде, мықтымсып мақтануға шебер. Осындайда тышқанның ініне тыр жалаңаш кіріп кетуге дайын тұрады! ...Алла өзінің Құлдарын топырақтан жан салып жаратқалы кешірумен келеді. ...Алла кең және кешірімді. Аллаға шүкірлік қыламыз! САҚТА-САҚТА, САҚТАЙ ГӨР, АЛЛА!.. АЛЛА ТАҒАЛА АДАМНЫҢ КЕУДЕСІНЕ ЖЕТІ САЗ БЕН ЖАН САЛҒАН. ҰЛЫ САЗДА – АЛЛАНЫҢ НҰРЫ БАР. АНАНЫҢ ӘЛДИ-ӘУЕЗІНДЕ-АЛЛАНЫҢ УЫЗ-НӘРІ БАР. АЯТ-ДҰҒАЛАРДЫ ҚЫРАҒАТТАП, ӘСЕМ ДАУЫСПЕН ОҚЫҒАНДА, ЖАНДЫ-ЖАНСЫЗДЫҢ БАЛҚИТЫНЫ СОНДЫҚТАН. Ұлы Саз Өнерінің қуатымен тауларды көтеріп, жердің тартылыс күшін азайтуға болады. Алла тағала дәстүрлі саз өнеріне, міне, сондай құдірет пен қуат берген. (АЛЛА ҚАЛАСА БАРЛЫҚ КҮШ-ҚУАТ АДАМЗАТТЫҢ ИГІЛІГІНЕ ЖҰМЫС ЖАСАЙДЫ) ҰЛТТАРДЫҢ САНАСЫНДА ҚАЛЫПТАСҚАН САЛТ-ДӘСТҮР – ХАҚТЫҢ ҚАЛАУЫМЕН, БАБАЛАРДЫҢ БАТАСЫ СІҢГЕН ЖӘНЕ ЖҮРЕК ПЕН ЖАДЫҒА ОРНЫҚҚАН, РАХМАНИ ҚАҒИДАЛАР!.. ОНЫҢ ОЗЫҒЫНА АЛЛА ӨМІР БЕРЕДІ, ТОЗЫҒЫН ШЕКТЕЙДІ. Адамзат Алладан кешірім сұрап: Кешір, Кешіре гөр, Алла!? ...Біз, бәрінде өзіміздікпен, өркөкіректікпен ұмытыппыз, теріс жасаппыз деп жылап-еңіреп жалбарынып жатты.

Кешір Алла!?!...Кешіре гөр, Жан Алла!?
 Сенен басқа мен қамқоршы табам ба!?

Кешіре гөр, жан Алла?!..
Жаным Алла, жалбарындым, жыладым,
Бәрі сендік: анау аспан, мына күн!
Сен болмасаң – соқыр болып құладым.
Сен қаласаң – жанды көз боп шырағым!
Жаным Алла, кешіре гөр, адамды!
Қолды жайып дұға қылдым, таң алды.
Кешір Алла, кешіре гөр, құлдарды,
Сенен басқа арашалар кім бар-ды!?
Қайтара гөр патшалығын жыланның,
Қан жылатты, қан жүректі мұнар күн.
Бір ашуын қисын бізге табиғат,
Сәжде қылып жылап отыр жамиғат.
Кешіре алса, кешсін бізді табиғат!?!..

Ал, жылан патшалығы он сегіз мың ғаламның тілін адамдарға қарағанда түсінгіш те, тапқыш еді. Он сегіз мың ғаламға жыландар патшалығы адамдарға қарағанда сыйлы да, мүдделес еді. Себебі, адамзаттың баласы шексіз үстемдікке ұмтылып, табиғат пен болмыстың алдында барлық қадыр-қасиеттен жүрдай болған, қанағатсыз, тойымсыз ӨҢЕШ бейнесінде елестейтін. Тәңірімнен тін тартқан, Алланың нұр-тамшысынан жаралған дәстүрлі САЗ ӨНЕРІ ғана жылан патшалығының ашуын қайтарып, адамзатты апаттан құтқаруы мүмкін еді. Себебі, Саз құдіреті сонда, ешбір кедергісіз жүрек пен санаға ене беретін еді. Нұрлы Саз – Алланың руханиятқа салған шексіз, сан мың сара жолы мен кілтінің, құпия шипасы мен нәрінің бірі еді.

Адамзаттың баласының үрейленіп қорыққаны соншалықты, жүрек пен жүйкеге кіріп алып ашу мен ызаны қоздыратын Ібілістің ұрпақтарын, жын-шайтандарды саз өнерінің қуатымен аластап, жұмыр жерден қуу үшін барлығы бірдей ӨНЕР мен ӨНЕРПАЗ атаулыны іздеп кетті. Жыландар патшалығының жүрегіне де осы саз өнері арқылы жол тауып, түсіністік пен сенімге шақырудың амалын қарастырды, Адамзат!.. Байлығы мен мансабы бұл жолы пайдасына, қадеге жарамды. Мүжәлсіз, мүсәпір күй кешіп, адамзаттың қорқынышы мен үрейі көзінен сора болып ағып тұрды... Үштік Одақ адам бейнесіне еніп алып дүниені кедергісіз аралай бастаған кез еді, бұл!.. Адамзаттың баласы: Өнер мен Өнерпазды іздеп ауыл мен қаланы, сай мен саланы кезіп

босып жүрді. Жан тәтті, жылан патшалығына жұтылып кетудің қаупі бар болатын. Хақтың нұры дәстүрлі саз бен жүрекке жететінін, бәле-жәледен қорғап тұратынын енді мойындады. Адамзат ақылға келе бастады. Дәстүрлі Өнер мен өнерпаз төрге шығып, құрмет көре бастады. Міне, Алланың құдіреті! Алла өзінің нұрлы өнер, өміршең жаратылысын қорлатпайды.

АЛАСТАУ

Алас!..Алас!..
Күй ағылсын жырменен,
Алас!..Алас!..
Саз ағылсын сырменен.
Алас!..Алас!..
У ішеді білмеген.
Кәміл Иман
Болашаққа жол баста,
Жолдас болам Сенен басқа,
Кімменен?!..
Әлди-әлди,
Әй, бөбегім, жұмыр жер,
Көк аспан мен жұмыр жерге ғұмыр бер.
Алас!..Алас!..
Жан бойына мың алас!
Алас!..Алас!..
Тән бойына мың алас!
Иман келсін,
Игілік пен ар келсін,
Жын-перілер жан мен тәннен тұра қаш.
Алас!..Алас!..
Үйлесім бер, ғаламға!
Қанағат бер, қайыр менен заманға.
Достық пенен туыстық бер,
Ақыл бер,
Даналық бер, адал еңбек адамға!
Алас!..Алас!..

Бәле кетсін, дертпенен,
Біндын кетсін не берсеңде жетпеген.
Құрдым кетсін
Құл біткенді аздырып,
Мансап көрсе, байлық көрсе беттеген.
Алас!..Алас!..
Ұлтын, халқын сатқандар!
Елін езіп, ерен байлық тапқандар.
Алас!..Алас!..
Надандық пен соқырлық,
Ділін-дінін,
Өз салты мен дәстүрін,
Жоққа балап, жатқа қарап жатқандар.
Алас!..Алас!..
Жын-перілер, бар енді,
Адастырған, соғыстарған Әлемді!
Алас!..Алас!..
Түсінбестік,
Түңілу,
Алас!..Алас!..
Үрей менен қорқыныш,
Кет ендеше, адамзаттан, қал , енді!..
Жаным Алла!..
Жаратқаным,
Жан-Нұрым!
Қорға енді, құлдарыңның барлығын.
Кешер енді,
Құлдарыңды кеше гөр,
Саған айтар сахар таңнан зар-мұңым!?!..
Өз құлым деп,
Мөрінді бас маңдайға!
Саған аян, иман-әдіп жан қайда.
Пайғамбарым,
Әулие-Пір,
Сахаба,
Бекетімнің уызы бар таңдайда!
Тылсым сазды
Мен естідім Отпаннан,

Ескен самал Қобыз болып сарнай ма!?
Алас!..Алас!..
Қырсық кетсін!..
Қыдыр жетсін!..
Атамекен, Атажұрт,
Бостандығым, Тәуелсіздік Тұғырым!
Бодан қылмақ кім ұлын!?
Көзі ашық Ел:
Тапталпайды тарихын,
Тауып алар күзесінің сынығын.
Қанағат бер,
Көңіліме жетеді,
Хан тағынан қадірлі,
Туған елдің, туған жердің етегі.
Үш жүз алпыс
Әулиелі – Маңғыстау,
Сағыныш пен ұлы саздың мекені.
Абыл қайда,
Қазанғап пен Тәттімбет!?
Бетховенге көргенім жоқ жатсың деп.
Сазбен бірге
Санам менің оянсын,
Сағыныш пен сары ала таң, атсын көк.
Алла берген
Махаббат бар жанымда!
Сен де келіп мені құшқын, сағын да.
Он сегіз мың ғалам бізбен бір туыс,
Айды сүйіп, күнді құш,
Иман емген жүрегіңе бағын да!
Қазақстан:
Хақтан ізде бақ құсын,
Бірлік, білім, еңбегіңе табын да!

Осы кезде: Мәңгі бақи бастары бірікпеген, екеуі қатар ұшып көрмеген, саяқ сауысқандар жинала қалып Адамзатты келеке-күлкі қылды. Өздерінің жалғыз-жалғыз секемшіл гұмырын әлемге үлгі еткісі келді. Ащы шындық – адамзаттың жүрегін айғыздап, қаны мен іріңін ағыза түсті.

(САУЫСҚАННЫҢ КҮЛКІСІ)

Саяқ ұшқан сауысқан,
күлді, міне, сақ-сақ!
Таңдайлары тақ-тақ.
Ала қанат
Секемшіл,
Бірлігі жоқ құс еді,
Күлкі қылды ақыры төбемізден аттап.
Сауысқан:
– Ей, Адамдар!..
Дейсіңіз бе: «Бірлік Құт!»,
Берекесіз тірлік қып,
Сен емес пе ең,
Жұмақтан да қуылған,
Ұрлық қып!..ХА-ХА-ХА!
Ей, Адамдар!..
Сенің қолың босаған жоқ жағаңнан.
...Өлермен мен шабарман.
Бір-бірінді
Алдап-арбап қан ішіп,
Көздеріңе қара, әне, ағарған. ХА-ХА-ХА.
Күлкім келді!..
Жүрсің жерді ластап.
Жер бетінен тастасам ба сыпырып,
Қанатыммен құлаштап.
Ей, Адамдар!..
Зұлымдыққа келгенде,
Сенен, сірә, кім аспақ!?..
Өзінді-өзің
Алдауменен келесің,
Қанағатсыз атау менен кересің.
Көкірегің
Күрке болып
Шайтанға,
Жын-періге ересің.
Мынау сорлы
Он сегіз мың ғаламның,

Мандайына қағылған бір шегесің.
Көкірексің,
Алпауытсың,
Құрлықтарды кемірген.
Құрсағыңа алтын, күміс, темір жем.
Сен тағыда:
Қатігезсің,
Соғысқұмар сойқаншыл,
Ақша-қорсың арын сатып елірген.
Сен Құдайды ұмытып:
Әмір етіп,
Дүниені күл қылдың.
Сенің сөзің құбылды
Терісіндей құндыздың.
Бір-біріңе
Тозақ жасап
Тірлікте,
Ібілістің саясатын жүргіздің.
ХА-ХА-ХА!..
Сатып кету,
Атып кету,
Буындыру жоқтықпен,
Сенен қорқып су үркеді, от біткен.
Сертің де жоқ,
Уәдең де жоқ,
Антың да,
Дүниені бағалайсың қарын қамы тоқтықпен.
Сен сенбейсің:
Жұмаққа да, тозаққа!
Жаның үйір жаншып таптау, мазаққа!
Құрық салғың
Келіп тұрар қашанда,
Ар-Иманы азатқа!
Сен түлкіге күлесің:
Ал, ниетің мың түлкіден алдамшы.
Батар күнді
Өткінші деп
Қарғайсың,

Сенен қашып бара жатыр жалғаншы.
Қанағатсыз
Қалтырауын секілді,
Қорқынышты жаныңыз,
Ал, осыған таңданшы!?!
Таңданбайсың!..
Себебі, Сен, сондайсың.
Жасап алып жауыздықты,
Жалбарынып сорлайсың.
Ындыныңның
Бәрі тесік
Жамаусыз,
Тоймайсың да, толмайсың!
...Сен сондайсың!
Жан берерде жағаласып,
Айтпақ болып шыныңды,
Бір білесің құныңды.
Қу сүйекке
Итше жүріп
Таласып,
Адам болып сүрдім дейсің ғұмырды.
ХА-ХА-ХА!
...Үйретесің тағы соған ұлыңды.
...Қызыңды да бұрымды!
Менсінбегің келеді,
Бәрін-бәрін басқаның,
Тауды таптап, тағасыңыз тасқа мін.
Ой-мерезің
Құтыртып,
Мұхиттарды кешіп өткің келеді,
Орман көрсең қырқып алып бастарын.
Бәрін таптап,
Отырғың кеп тұрады,
Құдай бірақ қырағы.
Адам біткен
Аздырды,
Он сегіз мың ғаламды,

Тас төбеңнен Тәңір бір күн ұрады!
(Сол сауысқан:
Көп ұрысты, кек қылды.
Жұқа жанның жүрегіне жеткізді)
Мен сосын да,
Саяқ ұшам білдің бе?!..
Білмесең сол, деп күлді!..
Ха-Ха-Ха-лап,
Кетті сосын: «Адам деген Құрдым» – деп.
Біліп қойсын, бұл бір деп.
Жиналып ап: «Достық»
Жайлы Хаттаған,
Қаулыңыз бен қарарыңды ұрдым деп.
...Кешіріңіз Сауысқан!?
Өкпеңіз көп құс екенсіз адамға!
Бірлік керек маған да!
Хақ нұрынан
Жаратылған шын құлдар,
Оянады санасы,
Бірігеді бауыр боп,
Әйтеуір бір заманда!

VI

Жә, сонымен біз адамдар табиғатты ызаландырып өшіктірген соң, олар да қорғанысқа көшті. Жылан, қарақұрт, қасқыралар адам бейнесіне айналып өзімізбен соғыса бастады. Осы тұста ҰЛЫ САЗҒА тығылған Жер мен Көк адамнан көрген қорлығын айтып, Жаратқан– Иеге, бір Аллага жалбарынды.

Жеті ғалам-жермін Мен,
Күнді сүйіп ердім Мен.
Жұлдыз көрсем
Тербетіп,
Айға қонақ бердім Мен.
Сұлусындым шығыспен,

Балқып жаттым батыспен,
Солтүстігім ақ қар-ды,
Оңтүстігім бақтан-ды.
Жер астында бір қала,
Заманның күтпек ақырын,
Жүр үстінде мың қала,
Улап та жатыр ақылын.
Жоғарыда көк зеңгір,
Жол тартып жолай кезген жыр.
Періштеге
Қол беріп,
Пендеңізден безген жыр.
Ақиқат түбі
Хақтан-ды,
Хақ бұйрығын сезген жыр.
Мен – Жер едім, Анамын!
Сокпайды сары самалым.
Адамның тісі – жегі құрт,
Жан Алла семіп барамын!
Адамзат қайда бұрынғы!?
Иманға байла құлыңды!?
Жаһанға Ие –
Жан Аллам,
Он сегіз мың
Бұл ғалам,
Қанағат кетіп, бүлінді.
Азуын білеп
Айды жеп,
Көзімен түртіп
Күнді жеп,
Күнде кеңес күбінді.
Сыңсыған анау
Орманды,
Сындырған қол кімдікі!?
Қопарып анау тауларды
Құм қылған қол кімдікі!?
Қоғасын өртеп
Айдынды,

Күл қылған қол кімдікі?!
Көкті былғап шапшыған,
Қу такыр боп қақсыған,
Бір арамза без шықты,
Адамға біткен жүректің,
Айықпас дерт боп, астынан!..
Жан Алла өзің сақтай көр!?
Нұрың мен сылап баптай көр.
Жан Аллам Бізді сақтай көр!?

VII

Осылай адамзаттың баласы жанталасып өздері қолдан қиратқан дүниені қалай қалпына келтірерін білмей ақылдары айрандай төгіліп, даң болды. Жыландар да табиғаттың киелі жаратылысы. Олар: Өздері құрған қағанаттың күш-қуатын арттыра түсті. Түсініксіз жойқын зауалдар мансап-масы, байлық-масы шірінді – ниет, шіркеулі жүздерді қой тоғытқандай жұтып жатты. Астан-кестен болған ақыл мен сананың құрбандарына қол ұшын бермек болып, бабалар рухының елестері сахараны кезіп жүрді.

БАБАЛАР РУХЫ ЖӘНЕ АҚ БАТА

Қан тамыры
Халалдан,
Жүректің басын саз алған.
Ет пен сүйек
Тал бойым,
Саз бенен жырдан жаралған.
Тілек ашты пердесін,
Жүрек ашты іргесін.
Жүрек пен
Сырлас қайран жыр,
Айнымайтын дос болды,
Иманның дәмін білгесін.

Құлың едім Жан Алла,
Құлыңды өзің сақтай көр!?
Ұлың едім Жан Баба,
Батаңды бабам шаппай бер?!
Жүрек пен жыр
Қосылды,
Ел сенімін ақтай көр?!..
Ақ нұрыңнан
Жан Алла,
Ақырдың таңы атпай бер!?!..
Адамзатты аздырған
Шайтандарды таптай сал!
Құлдарыңның жүрегін,
Иман-әдеп,
Салт-дәстүр,
Нұрлы талап, ғылыммен,
Қанағат беріп, қаптай сал.
Дақ түсірмей жүрекке,
Қараңғы көрге ақтай сал!?
Әулиелі Маңғыстау,
«Әумин!» – десін Пір Бекет.
Өткендерге
Өреуіл,
Кеткендерге салауат,
Таптырмас енді іздесек.
Иманның сөзі жүректе,
Жүректің сөзі – тілге сеп!..
Әруақтар сонда сөйледі:
– Құлыным менің, құлыным!
Қирады ма шыны-күн?!
Қиындысы қол кесіп,
Қиырдан қарап жол кесіп,
Дүбірлі
Жалған қым-қиғаш,
Жатыр ма жаным сор кешіп!?
Қоштасар тұсың – кара жер!..
От басар тұсың – тозақ-ты!

Нұрланар тұсың – жұмақ-ты!
Үмітің болып – таң атты.
Өмірің болып – күн ақты.
Күн болып көктен күлдірді,
Түн болып сосын жылатты.
Айдамай желіп
Аранға,
Ақ киік тағдыр келеді,
Солай да – солай құлатты.
Өзіңнен көр, күнәнді,
Хақ сүйген құл шыдамды.
Сендік пиғыл
Туғызған,
Патшалық құрған жыланды.
Ақ батамды берейін:
Хақтан болсын, кешірім!
Халалдан болсын, өсімің!
Иманның шамы жол бастап,
Жұмақтан болсын, есігің!
Табиғат беріп
Ашуын,
Алла берсін кешірім!
Бабам болып келіп үн қатқан:
Есімнен кетпес есіл үн!..

ТЕЛЕДИДАРДАН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ХАБАР:

Ақылынан адасқан адамзаттың бар білері – БҰҰ-ның қаулы, қарары еді. Тағы да улап, шулап жиналды. Көрінбейтін ЖЫЛАН-ДАР ПАТШАЛЫҒЫ ҮШ КҮН БОЙЫ СӨЗ БОЛДЫ. Ақыл таппады. Бір білсе осы біледі – деп, зынданда жатып, жер-ойыншықпен гуре болып отырған ғалымды алып келіп емдеуге, онымен қалай да тілдесуге талап жасады. Құдайдың құдіреті мен ғалым жігіттің беті бері қарады. Кенет есі кірді. Есі кірген бойдан, БҰҰ-ның мінберіне шығып адамзатқа аманат айтқысы келетінін білдірді. Тыңдамауға болмайтын еді, басқа амал таусылған. Көрінбей қиратып бара жатырған Жыландар Патшалығының зауалы – ғалым

жгітті БҰҰ-ның мінберіне шығаруға мәжбүрледі. Тағы да жиын!..
Тағы да Әлем, үміт пен күдіктің арасында құлақ тосып отыр-
ды. Ғалым жгіт: «Алладан кешірім сұраңыздар!? ...Әруақтарға
садақа беріңіздер!?... Ұлттық салт-дәстүр мен дәстүрлі өнерді,
иман мен әдептен жаңылмаңыздар!?... Жылан Патшалығының
жүрегі мен санасына әсер етіп және райынан қайтарып ашуын
басатын бір-ақ күш бар, оның аты – Алланың ақ нұрынан жара-
лып, жүректің қалыбына құйылып, өмірге келген – дәстүрлі САЗ
ӨНЕРІ!... Мұны менің құлағымға періштелер сыбырлап тұр!..» – деп
айтты да, қайта құлап, бақиға аттанды. Аманатына, ғылымға
адал жан екен, әлемнің көз алдында жан тапсырды.

Ғалым өлді, ойы қалды, орнықты,
Ақ сөз үшін, көрді қанша қорлықты.
Адамзаттың білетіні – зорлық-ты!..
Ғалым өлді, аманат жан жөнелді,
Жаны нұр боп, тәні шөп боп көгерді.
Ғалым өлді – қорғамақ боп заманды!..
Ғылым-Хақтан, сана қайта жаңарды.

– БҰҰ-ның көшбасшылары көп ойланды. Ғалым жгіттің сөз-
дері көңілдерінен кетпеді. Мойындамайын десе басқа жол жоқ,
тығырыққа тіреліп келеді. Содан саяқ сауысқандардың сын-сөзі
өтті ме, әлемнің ойшыл тұлғалары қайта-қайта жиналып, ақыл-
ға келді. БҰҰ-ның жанынан дәстүрлі САЗ өнеріне негізделген, әлемдік
ұлт-аспаптар ОРКЕСТРІ құрылды. Ол: дүниені аралап, адамзат-
ты бейбітшілік пен бірлікке, Иман мен Әдепке шақырмақ. ХАҚТАН
КЕШІРІМ сұрап, Халықтарды қанағат пен сүйіспеншілікке үнде-
мек. Адал еңбек пен білімге, теңдікке сүйенбек. Әрбір ұлт Алланың
алдында бірдей дәрежеге ие екендігін түсіндірмекші. Сұлу бола-
шақтың сырғалы үміті еді, бұл.

СҰЛУҒА МАДАҚ – ЖЫР

Қайран өнер, ұлттық өнер, Тәңірлік!
Сеніменен тірлік тәтті, жаным құт.
Сен қайдасың?..
Сағындық!

Нұрлы сазға, елжіредік, табындық.
Ұлттық өнер – ұлттың жаны, арманы.
Ұлтың өлсе: тірліктің бар не мәні?!..
Нұрыма-нұр қосылсыншы қандағы.
Қия қанат жыр-жүрегім самғады.
Сұлу Әлем!..
Қандай ару, қара жер!
Анау қырат, мынау қолат, анау өр!
Сен Сұлусың!..
Менің асыл мекенім!
Жырлы жұмақ, гүлге толған етегің.
Адам сұлу, он сегіз мың ғалам да,
Жылан-патша өкпеміз жоқ сағанда!
Ашуыңды бас табиғат, кешіргін!..
Босқа өтіпті, Хақ сыйлығы есіл күн.
Кешір Мені!?..
Сен сұлусың дүние!
Жырым менен салып алдым күйіме!..

Оркестрдің баянды орны, бастау сағасы – АСТАНА қаласы бо-
лып бекіді. АСТАНА ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫ өзінің ақ жүрек кеңді-
гімен, осы құрметке лайық деп шешілді. БҰҰ-ның әлемдік өкілетті
және ұлттық өкілдіктер алқасы бұл ұсынысты бірауыздан қол-
дады. Әрине, Ақ жүректік пен ақ пейілділік – өзін-өзі қадірлей
білетін ұлттың саналы, сұлу, мәдениетті амал-әрекетінің
жемісі болсын, деп тілейміз! Оркестрдің аты: «ОТ-МАН»
деп аталатын болды. Себебі, Адамзаттың бірлік пен мәдени
өмірге, саналы тірлікке аяқ басуы – осы таудан, отты игеруден
басталған еді. ОТ-МАН – Қазақтың қарашаңырағы Маңғыстау
өлкесіндегі киелі орын. ОТ-ҚУАТ ПЕН КҮШТІҢ КӨЗІ. Оны:
ИМАН мен Қанағат қана басқаруы тиіс. Ежелгі аңыздар осылай
сыр шертеді. Сөйтіп, ұлы сазгерлер қайта тіріліп жұмыр жер
мен көк аспанды, адамзатты үмітпен семіртті. Адамзаттың
жүрегіне орналасып алған жауыздықтан өздерін арашалауға
кірісіп кетті. Әрине, барлық он сегіз мың ғаламның жанды-жан-
сыз жаратылысы – Бір Аллаға тәуелді. Мейірімді Алла бұл жолы
да адамзатқа кешіріммен қарап, Тәубәшіл құлдарына мейірімін
төге бастағанын сезген соң, жыландар патшалығының ашу-

ызасы да сабасына түсе бастады. Сөйтіп, АСТАНА ҚАЛАСЫ – СҰЛУЛЫҚ ПЕН МЕЙІРІМНІҢ ЖАҒАНДЫҚ ОРТАЛЫҒЫНА АЙНАЛДЫ. ӨНЕР ҚАЙРАТКЕРЛЕРІ БҰЛ АЙТУЛЫ МӘДЕНИ ШАРА ЖӨНІНДЕ ӘЛЕМГЕ АҚПАРАТ БЕРУГЕ БҰҰ-НЫҢ КЕЗЕКТІ ЖИНАЛЫСЫНА АТТАНЫП КЕТТІ. Бір қызығы: Осы ұлы қадам Қазақ Елінің Тәуелсіздігіне жиырма бес жыл толуына сайма-сай келді. Жан шуақ арманымды, шығармашылық еңбегімді – Тәуелсіз Қазақ елінің ұлы мерекесіне шашу қылмақпын!

(СЕРПІН-САЗ)

ТЕЛЕДИДАРДАН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ХАБАР:

«От-Ман» – бүкіл әлемдік этно-мәдени фольклорлық ұлт-аспаптар оркестрінің ашылу салтанаты өтті. Бүкіл Әлем: АСТАНА қаласындағы осы рух тазалығы мен сұлулық патшалығының мерекесіне көз тікті. ЖАРАТҚАН ИЕМНІҢ махаббаты мен нұрынан жаралған үнін, он сегіз мың ғаламмен үйлесім тапқан ҰЛЫ САЗЫН өз құлақтарымен естіді. Күллі Әлем халықтары бақыттан басы айналып жылап отырып, теледидардан көріп, тыңдады. Әлемдік ұлт-аспаптарының арасынан домбыра мен қобыздың үні ерекше естіліп жатты. Қайран менің домбырам мен қобызым, үнің қандай, үнің балдай, шырын зой!.. Ендеше, біз де бірге тыңдайық!.. ҰЛЫ САЗ – КҮЛЛІ ӘЛЕМДІ АЛЛАНЫҢ ҚҰДІРЕТІМЕН БІР ТАЛ ГҮЛДІҢ ҚАУЫЗЫНА СЫЙҒЫЗЫП ЖІБЕРГЕНДЕЙ ӘСЕРДЕ БОЛДЫҚ.

Құлақ түрді,
Сол бір сәтке адамзат!
Астана тұр ақ жүрегін көрсетіп,
Сарыарқа да самалдап.
Он сегіз мың ғалам тылсым күйге енді,
Жүрегінен ән арнап.
Алты құрлық,
Жеті қат көк,
Жер-жаһан,
Болмақ емес маған жат.

Гүл боп кетті,
Саз төгілді, нұрланды,
Бұлбұл алып бара жатыр қырға әнді.
Иман-әдеп,
Сенім менен серт келді,
Бата беріп барлық Әруақ тұрған-ды.
Жасыл орман,
Жасыл желек сыңсыды,
Қанағаттан күллі әлем тыншыды.
Қыран ұшты,
Аққу қонды айдынга,
Сайрап отыр сары таңның шымшығы.
Адам біткен
Досқа айналды күлімдеп,
Бірін-бірі сүйіп жатыр: «Күнім!..» – деп.
Әр жүректің
Құрмет қып ұлтына,
Шырақ жағып періштелер жүр үрлеп.
Жарық күннің
Тәттісін-ай, тәттісін!
Кел, келе ғой, сенші маған ақ құсым!?
Көрсетпейді,
Жауыз да жоқ,
Жау да жоқ,
Тек болғаны ниет құбыла, ақпысың?!
Мынау саздың әсемін-ай,
Әуезін,
Жан бойымды жасартып-ақ барады.
Бойдан дертім,
Ойдан үрей тарады.
Мейіріммен,
Махаббаттан нәр беріп,
Құдай өзі құлдарына қарады.
Дүниені
Сұлу саз бен өрнектеп,
Келе жатыр бақша гүлдеп, жер көктеп.
Өтіп жатыр

Барлық ұлт пен барлық жан,
Бірін-бірі сүйіп, құшып төрге ептеп.
Барлық адам
Сағыныштан сімірді,
Бейбіт аспан, аппақ тілек бір үлгі.
Бірін-бірі
Бір қуантып қалсам деп,
Адамға адам жүрегін ап жүгірді.
Ойнап жатыр
Бал бұлақтар балаша,
Өмір қандай тамаша еді, тамаша!
Кіп-кішкентай ниет еді
Жетпесі,
Енді, міне, бәрі қалды жараса.
Адамдарға –
Адам қонақ, аз ғана.
Жалғап жатыр жүректерді саз ғана.
Гүлге қонған
Көбелектей шалықтап,
Аруларға ғашық боп тұр, боз бала.
Бәрі сұлу,
Сұлулықтан басқа жоқ,
Жанарларда қайғы да жоқ, жас та жоқ.
Ол да саған тіл қатады:
«Жаным!..» – деп,
Күні кеше бедірейген тас та көк.
Дүниені құшқым келіп барады,
Әлем маған
Әлди айтып қарады.
Ұлы Саз бен
Ұрандасып, сертгесіп,
Күллі адамзат бауыр болып тарады.
...Сарыарқаның есіп тұрды самалы.
Шексіз ләззат, жеті қат жер, аспан ӘН!..
Ұлттық саздан қауыз жарды – Астанам!!!

Бұл бір ертегіге бергісіз ғажайып түс еді. Түс..., кәдімгі түс көріп ояндым! Әсем сазды тыңдай бергім келіп қайта көз жұмдым. Алайда, күйбең тірліктің қамы төсектен еріксіз тұрғызды. Айнала сұп-сұр өмір, өзгерген ештеңе де жоқ. Сұңқылдаған сауысқандар да көрінбейді. Біреу-біреуге ызаланып қарайды. Тілдесе қалсаң төлей алмай жүрген қарызын айтады. Оркестрдің үні деп жүргенім – Қазақтың әнұраны екен, Шәмшінің әндері екен. Оған да шүкір! Адамдар шынайы өмірден гәрі, түс көргенді ұнататын болып жүр. Дегенмен, сол түсті жақында қайта көрдім, әсем саз жанымды тербеді.

Тағы көрдім, осы түсті сағындым!
«Мен-Қазақпын!» – Жүзі жарқын, ақ ұлмын!..

Тағы көрдім осы түсті – бір ғажап!
Күллі әлемге құшақ ашып тұр қазақ!

Түсім менің – мың шындыққа айналды!
Туыс болып: Барлық жүрек жайланды.

Тәуелсізбін: Жиырма бесте жасым бар!
Мәңгі бізге қорған болсын, асыл, ЖАР!

Сарыарқаның сары самалы есіп, оркестрдің асқақ үніне ұласып, сұлулық шаһарына айналған Астананың салтанат сарайында: «Қазақ халқының Тәуелсіз ел болғанына жиырма бес жыл болды», – деп, «Тәуелсіздік толғауын» оқып, әлем халықтарын мерекелік шеруге шақырып жатып ояндым. Өң мен түстің арасындағы осы бір салтанатты сәтті кірпік қақпай көре бергім келеді. Қазақ деген халықтың ұлы екендігімді айта бергім келеді. Бірақ, түстің де иесі бар. Мен ынтығып, ынтызар болған сайын: ол да көрінбей сиреп, мұнарлы мұңға ұласып барады. Жиырма бесте көз қуанышымызға, көңіл жұбанышымызға айналмаған Тәуелсіздік, бізді, қашан қуантады? Ұран салып, Ұлт болып бір қуанайықшы, ағайын!.. Осы күнді аңсап өткен барлық бабалардың құрметі үшін, қуанайық!?!... Қуана білген елдің бақ-берекесін, ырыс-несібесін Құдай мольнан қылады. Қазаққа Алла жар болсын! Оркестрдің әсем сазының аясында еселеп жыр төгіп, елжіреп шаттанып тұр екенмін. Бұл да түсім бе, білмеймін!? Өңім шығар!?... Саз өнері – ешбір тілмашты талап етпейтін адамзатқа ортақ, он сегіз мың ғаламға ортақ, түсіністік пен сырласудың құралы.

ТӘУЕЛСІЗДІК ТОЛҒАУЫ
(ҚР Тәуелсіздігіне жиырма бес жыл)

Тәуелсіздік Сен құндақта жатқанда, Мен отызға келіп-ем!
Қуанғанбыз құлын қунап, бота боздап желіден.
Қорқыт Атам қобызына ту байлап,
Көтеріп ек Күлтегінің елінен.
...Дүниені құшақтап бір кеңіп ем.
Алашқа Орда тіккен қырдың белінен.
Қарашығы көзімнің – сүйемін ғой, Сені, Мен!
Жиырма беске келгенсің бе, беу, күнім!?
Астыңызға ат жүйрігін берейін, күміспенен оқалайын
терлігін.
Бабалардың қайталап көр, ерлігін!
Қылшылдаған қылыш болсаң жарадың, ел біледі, ер құнын.
Жырға айналып жаңғырады Мендік үн!
Жаңғырықтар!...Мәңгі ұлық қар, шың басы.
Ер жеттің ғой, енді мені тыңдашы?!
Тәуелсіздік!..
Сен семсерсің тасқа шауып алмайын,
Кетілмеші, сынбашы!?
Наркескенім – қайғы жұқты, қан жұқты,
Өтті тарих еселеп.
Көз жасымды ішті уақыт кеселеп.
Қаған құрған
Қағанатшыл көкбөрім,
Неше кеттің, неше кеп!?
Саған жетті Үш Арысым-Үш жетім,
Бірін-бірі жетелеп.
Қанша ғасыр жарылды оның маңдайы, табан еті жалбырап,
Саған жету болды арманы жалғыз-ақ.
Хандар көшті,
Жан зар кешті,
Ғасырлардың кешіп жүріп бағпағын,
Жол үстінде кеудеден бас қалды ұзақ.
Кенесары кескіленді, Махамбеттер жұлынынан қиылды,
Кескен бастың қызыл қаны, әр қазақтың көзіне кеп
құйылды.

Біз содан соң
Бір көруге зар болдық,
Алтай, Нарын,
Маңғыстау,
Қайран Қиғаш, Қиыл менен Иірді.
Іреп сойып салт-дәстүрдің терісін, дарға асты жырым ме-
нен күйімді.
Тәуелсіздік!..
Жиырма бес жас, соның бәрін танып-біліп алар жас.
Жүрегіне жанып-күйіп салар жас.
Ұлт бақытын ойлау менен
Өледі,
Ардан уыз еміп өскен адал бас!
Бар байлығым – Өзіңсің !..
Жетпес , сірә , саған бәс!
...Алға! Алға! Қадам бас!?!..
Тәуелсіздік!..
Тал бойында арманым бар, үміт пен,
Оянамын күннен бұрын, саған мойын бұрып Мен!!!
Бесігіңе қоңырау тағып
Тербедім,
Шексіз шыдам, қанағатшыл ғұрыппен.
Тәуелсіздік!..
Жатқан болсаң, түрегел!?
Сен сыбансаң, ақ білегін түрер Ел!
Қазақ Сені – көп іздеді,
Көп сүйіп,
Ер жеттің ғой, ел қадірін біле гөр!?
Сенсіз өмір жоқ бізге,
Аттай көрме антыңнан,
Міне, құшақ, міне, Қол!!!
Тәуелсіздік!..Тәуелсіздік-ұлығым!
Жүрегімнің түбіндегі тұнығым.
Атамекен:
Өте бермек жалғаннан,
Сені жырлап Үш Қиянда бір ұлың.
Тәуелсіздік, мәңгі болсын, ғұмырың!

АМАЛ – ҰЛТ БІРЛІГІНІҢ ҰЛЫ ТОЙЫ!

Амал келді, айта келді бар әнді,
Тоты құстай таранды.
Көктем келіп көктен сәуле шашып тұр,
Қыс қытымыр сараң-ды.

Тоң жібіді күннің нұры қадалды,
Ел ниеті адал-ды.
Есіл халық еркелейді балаша,
Еркелеткен қандай жақсы адамды.

Сәби күлді сәулесінен нұр ішті.
Ақын қалғып маужырады жыр үсті.
Аспан жақта қыстан қалған шөкім бұлт,
Қызғаныштан тырысты.

Ауыл-үйдің көгенінде козы-лақ,
Дәулеті тұр озып-ақ.
Боз маяның бозжайнағы боздаулы,
Әнге салды созып-ақ.

Шапқан құлын жалын желге түйдірді,
Көңіл соны күй қылды.
Қап теңізі аққуларды қонақ қып,
Ғашықтарды сүйдірді.

Отпан тауға Адай бабам шақырды,
Ел қорғаған батыр-ды.
Ұлы шыңға ұран отты жағып тұр,
Ер Қалнияз: «Әруақ!..» – деп ақырды.

Күнге қылыш жанып алды кіл батыр,
Ту көтерді бір ғасыр.
Қара түннен жұлдыз моншақ төгілді,
Мен де айттым жырға сыр.

Ай менен Күн, жас пен кәрі көрісті,
Ұлттық сана – ұлы дәстүр, жеңіс-ті!
Ерен жігіт, өнерлі жас, жүйрікке,
Бата қылып байрақтарын берісті.

Бұл Маңғыстау – Пір Бекеттің даласы,
Уыз шұбат, бал асы.
Қарашаңырақ – Үш Арыстың қазығы,
Көңілдің жоқ аласы.

Әр Қазаққа біздің көңіл гүл бермек,
Жасыл жайлау, іргем көк.
Алты алаштың басын қоспақ – Түбегім,
Атақ қуып жүрген жоқ.

Амал келді ақтарылды «Ақжарма»,
Қыдыр дарып бар маңға.
Бар қазақтың басын жиып, бақ тіле,
Армандасаң, ел бірлігін арманда!

Көне тарих өз ұлтының құрбаны,
Көз алдымда тұр бәрі.
Ер Қазаққа елді сүйген орын бар,
Өлең шипа, тіл дәрі.

Ұлт бірлігін ұран қылып кет енді.
Отпанға кел, жет енді.
Қарашаңырақ – қағидалы Маңғыстау,
Ман-аталы мекен-ді.

АДАЙ АТАНЫҢ АМАНАТ ҮНІ¹

Адай да болдың, ел болдың,
Есіміммен тел болдың.
Өр мен Кеуде, Қаройда,
Бұрқасын бұла жел болдың,
Тасыған таудай сел болдың.
Келінберді, Құдайке
Қос ұлымнан тараған,
Шудалы бұлттай жараған,
Сегіз бірдей немерем,
Үркердей болып қараған.
Сүйегің нұрдан асыл-ды,
Намысың оттай жасын-ды.
Сегіз Арыс ұрпағым,
Көңілің неден басылды!?
Көз түрткілер жасынды,
Сөз түрткілер асылды.
Кеудеңіз Қаптың теңізі,
Ер көңілі тасынды.
Бөрілі сүрлеу бөктерім,
Көп іркілген көкте күн
Отпан тау менің – Ордам-ды.
Қаратау менің шекпенім.
Шекпеніме орайын,
Толысайын, толайын,
Амалдың күні – Ақ уыз,
Той болмақшы толайым!
Сегіз Арлан ерген-ді,
Алланың өзі берген-ді.
Ер Қосайым Ерден-ді,
Пір Бекетім кенжем-ді.
Құдай да берген құлындар,

¹ Адай Ата – «Өмірде болған адам. Шамамен XV ғ-дың аяқ кезінде өмір сүрген» – (Маңғыстау энц-сынан.) (Адай-Ата – ел қорғаған ер, батыр, бүгінгі сегіз арыс Адайдың ата-тегі, атасы. Авт-н) («Амал» мерекесіне шақыру үшін жазылған толғау).

Құлын да менен бұлым бар.
Әрқайсыңның бойыңда,
Белімнен тамған нұрым бар.
Ұлдарым менің – Ұраным!
Тербеткен бесік – Тұраным.
Халықтың қамын ойларда,
Қасқайып шапқан шұбарым!
Тәңірден алған тәлімін,
Тәубәсі қабыл Кәрімін.
Алты Алашқа қол жайдым,
Тілегін тілеп бәрінің!
Сүйіндім көктен өбектеп,
Өзімнен өнген желек деп.
Отпанға тіктім Ақ орда:
«Қазаққа бірлік керек» – деп.
Жаралы күні қаным бір,
Жорықты күні арым бір.
«... Әр Қазақ – Менің Жалғызым!»
Жалғыз да менен жаным бір.
Амал таңның жаңасы.
Арысым – елдің панасы.
Ақарыс та, Жанарыс,
Беренді қылыш – Бекарыс,
Арыстың бәрі ағасы.
Ұмытпаңдар көз барын,
Ұялы дұшпан сөз барын.
Қарашаңырақ, көк байрақ,
Сегіз де Бөрі, Көкжалым.
Мен, Ұлы Бабаң-Адаймын.
Ел үшін қылдық талай мұң.
Амалдың күні ақ таңда,
Ұрпағым келер Отпанға,
Аққа Құдай жақ-ты деп,
Бабасын балдар тапты деп,
Бас-басыңа бақ тілеп,
Жолдарыңа қараймын.
Қанағат-қайыр сарайлым.

Жан тербетер саздай-ды,
Жан далам көзін жазбайды.
Жанымның құйттай бөлшегі,
Өлеңді жердің өртеңі,
Ерлігі болған ертегі,
Келісер жері –кең Алаш,
Өлісер жері серт еді.
Менен туған ұл болса,
Аллаға адал құл болса,
Қазақтың қамын ойлаған,
Өзегі талған мұң болса,
Өлтірсеңде азбайды.
Көсеген сайын маздайды.
Көңілімнің тынысы,
Көргенді елдің ырысы,
Иманды сөздің дұрысы,
Қалауын тапса қар жағар,
Қаһарлы дұшпан зар қағар,
Сегіз бірдей Семсерім –
Алаштың алтын қалышы!

30.01.2016 ж.

ЕР ҚОСАЙ¹

Ай, Ер Қосай, Ер Қосай!
Алтын-ды жаға ағамыз,
Күмістен құнды бағаңыз,
Сөз бастаған данамыз,
Жол бастаған дарамыз,
Жеті бірдей інің тұр,
Жер қайысқан қараңыз!

¹ Ер Қосай – Ел қорғаған батыр. Адай Атаның немересі. Сегіз Арыс Адай Ата ұрпақтарының үлкені, бата беретін ағасы, атасы. Қосай Ата ұрпақтары Отпан таудағы «Амал» мерекесін жасайтын кезеңге орай жазылған толғау.

Іні – төбе, аға – құз,
Құз бөлініп құласа,
Көзіміз болар бұлаша,
Біздің қандай шамамыз.
Аға қылдық Арысты,
Бермейді деп намысты,
Алты Қосай – Ардағым,
Қаратаудай салмағың.
Әлім Ата, Байұлы,
Желкедегі Жетіру,
Асқа келмек Шалдарым.
Ақарысым – ақ тілек,
Жанарысым – жан тілек,
Бекарысым – беренім,
Туыстық та бар ма мін!?.
Қайрасам қылыш шарларым.
Сен болмасаң кім бастар
Кіршіксіз таза-бірлікке,
Адам қонақ тірлікте,
Алты Қосай-Ардағым,
Қаратаудай салмағың.
Қашаған мен Қалнияз,
Нұрымды туған тарланым.
Саялар тұста тал-бағым,
Сүйенер тұста балдағым,
Бата сыйлап, бақ берген,
Сәулелі тілек ақ таң-ды,
Халал болмақ – Хақтан-ды,
Хақ сүйген халал – Саңлағым.
Азулы да – Арланым.
Баталы ел – арымас,
Батасыз ел – жарымас,
Алты Қосай келгенде,
Қол жайып бата бергенде,
Келмеген жан құр қалар,
Күн күлімдеп нұрланар.
Ырыс алды – ынтымақ,
Шашулы болар жан-жағың!

Осы емес пе
Бабам-ау,
Ұрпақтан күткен арманың!?.
Ерен де Қосай,
Ер Қосай,
Елді баста бірлікке!
Адам қонақ тірлікте.
Ағаны алда бақ біліп,
Жең сыбанып, ат мініп,
Ағаның үйі-Ақ Орда,
Көңілді жүрміз шат қылып.
Өнеге – өріс ағадан,
Атасы бірге – жан ағам,
Батасына бақ тұнып,
Хақтан мейір тараған.
Қазаққа салып сүйінші,
Жеті бірдей інің тұр,
Қабағыңа қараған.
Ордалы мекен-Отпаным!
Адай боп барып тоқтадың,
Алаш боп барып жоқтадың,
Қара дұшпан бүктелді,
Қарашаңырақ тіктелді,
Ұранот жақтың ұлықтап,
Күншілдің жағын құлыптап,
Отпаннан тұрды күліп бақ!
Текіден туған тентектер,
Атасын қалай ұмытпақ.
Береке-бірлік, дос-айбын,
Езіліп бауыр, босаймын.
Батасын алмақ Алты Алаш,
Әруақты Атам-Қосайдың!
Сөйлесем сөзім жетпейді,
Ығысып дұшпан шеттейді.
Баталы байрақ – Ер Қосай,
Батасында нұр барда,
Алты Қосай тұрғанда,
Атасы бірге – Адайдан,

Батасы бірге – Алаштан,
Қусаң да бірлік кетпейді.
Баталы елді бақ іздеп,
Төрт құбыладан беттейді.
Шартараптың шебері,
Алланың көп-ті берері,
Асылыққа жазбасын,
Антынан ұрпақ азбасын.
Амалды тойлап қайталық,
Ертегі қылып айталық,
Ағадан асыл жақын жоқ,
Еркеледік жайқалып.
Әруақты Бабам Ер Қосай,
Әруағың сенің жасар-ды,
Жеті қат көктен асар-ды.
Нарға салмақ түк болмас,
Нар жолында жүк қалмас.
Асығы алшы ауыл ең,
Бұл жолы да бүк болмас.
Қалың Қосай бар болсын!
Бәріне Алла жар болсын!
Қағидалы қарты бар,
Жалындаған жасы бар,
Ауыл еді Адайға –
Алтыннан қымбат бәсі бар.
Аға бар да – бірлік бар!
Бірліксіз қандай тірлік бар!?
Той болары қызық-ты,
Сайраған тілім жыр ғып қал!
Қызыл да тілдің ол мұңы,
Кеуденің кербез мол жыры.
Ер Қосай мен Пір Бекет,
Отпанға ерте келісіп,
Адай да ұлы-бабамыз,
Бабамызға көрісіп,
Елімен болар сол күні.

28.01.2016 ж.

ҚОЛЫҢНАН КЕЛСЕ ҚАМҚОР БОЛ

Өлтірме жастың үмітін,
Үмітің болса, жігітім!
Қолыңнан келсе қамқор бол,
Бітіргін жастың бір ісін.

Сауабын алғын құлынның,
Жібектей желбір тұлымның.
Сен қайдан білдің ертең-ақ,
Не боларын ұлыңның.

Қайтарма жастың тілегін,
Сөндірме отты жүрегін.
Өткенді бір сәт есіне ал,
Сен өзің кеше кім едің!?

Жастарды қамда, жастарды,
Бәрі де жастан басталды.
Қоғамың қалай гүлдемек,
Жастарың болса тастанды?!

Жұмыс бер, оған, жұмыс бер!
Бағыт бер байтақ, ырыс бер.
Ұлтыңды ұлдан кем көрме,
Ұлыңдай сүйіп тыныс бер!
Жұмыс бер, оған, жұмыс бер!..

Жұмыссыз жастар жаралы,
Жоқтықтың жаман араны.
Отаны орға итерсе,
Ол байғұс қайда барады?!

Жылатпа жасты, жылатпа!
От тастай көрме құраққа.
Еңбектен қашпас жастарым,
Білімді болсын бірақ та!

ҚАРАТАУДАН КӨШ БҰРЫЛЫП ҚАРАЙДЫ

(Анам Ұмсынайға)

Уыз қатқан таңдайыма, Ақ Мамам,
Сені іздеп таппаған,
Боздау айтқан – бір тайлаққа бос жүрген,
Мендік сезім – шұбырынды ақ табан!
...Ақ Мамам!
Аппақ еді сенің екі бұрымың,
Жетер бәлкім бұл үнім?!
Отырардай ойран болған көңілмен,
Тұр ұлың, Құлының!
Аппақ шағыл ақ кебінің – ақ жібек,
Жан жүдеп,
Қаратаудан көш бұрылып қарайды –
Сонау кімнің ботасы еді, қалды деп.
Сені іздеген
Сәттерімнің бәрінде,
Қарашыққа қамсау болды мәңгі көк.
Өзің болып
Маңдайымнан сүйіп тұр,
Таңғы леп.
Менің ботам – Менің кенжем бар-ды деп.

МҰНАР МҰҢНЫҢ ЖАЛҒАСЫ

(Ата-аналарымның, туыстарымның рухына)

Теңіздің теріс толқын аралымын,
Аралға жалғыз қонған, жаралы мұң.
Әкенің әлпештеген ұланы едім,
Анамның ақ сүт берген қарағымын.

Тай-құлын бауырларым балдан еді,
Бір тамыр, егіз бұтақ талдан еді.
Сегізін сертке байлап тастап кетті,
Бесеуін берген Құдай алған еді.

Түнерген түрі жаман екіндінің,
Неде болса қияға бекінді күн.
Басына ата-анамның келіп тұрып,
Жанымның сездім алғаш жетімдігін.

Құлын ем, жібек баулы желіден ем,
Мұз болып мың қайтара еріген ем.
Еңкілдеп ерке ғалам көзін сығып,
Езіліп жылап тұрды меніменен.

ҚОНАҚ БОЛ, ЖАНЫМ ЕЛДЕСІП

Шуағын шашты күн-нұрлы,
Күнге арнадым бұл жырды.
Төбемнен менің аударма,
Төрт құбыла нұрлымды.

Жанымның жайлап еңісін,
Өңкей сырлы келісім.
Кербездеп мінген тұлпардай,
Бұл да бір менің жеңісім!

Шашылған шашу күлкіміз,
Шарайна көңіл жұртымыз.
Ән салып алай гүл терген,
Ат басын бізге іркіңіз!

Қонақ бол, жаным елдесіп,
Терезем бірге тең десіп.
Дөдегелі-ай ақ орда,
Дөңгелеп ашар ерге есік.

Күмістей көркем жан-күнім,
Әр тамшы сәулең ән бүгін.
Жүрегім менің – жыр сандық,
Сандығымда бар жырым!

Жарық күн жанның бал-нәрі,
Жан Аллаам бізге жалғады.
Атқан таң менен ақ сәуле,
Жүректің бар ма арманы.

Шашылғын сәуле, шашылғын!
Ақ күнім гүл боп ашылғын.
Тәуелсіз елдің ұлымын!
Тәңірім сүйген асылмын!

ЖАҢБЫРЛЫ БҰЛТТАЙ ЖАНЫМ БАР

Өлшеулі өлең – өмір бұл,
Қабырға бойын сөгіп жүр.
Жаңбырлы бұлттай жаным бар,
Жасанып жырды төгіп жүр.

Кестелі өрнек кезім бұл,
Кер құлан жырым кезіп жүр.
Кірпігіме ықтаған,
Сіркелеген,
Шықтаған –
Ақ жауын аппақ сезім бір.

Тоқсан да түйін сыр едік,
Толғағы жеткен жыр едік.
Қорымды-қойтас, мың мешіт,
Боздаған боздақ қыр едік.

Ботасы едім мұңдының
Сүйреткен шідер, шынжырын.
Жұлдыз боп жырым бітейді,
Тесілген көктің ындынын.

Өртенген өлең, жалын-ды,
Өртемей қоймас Сабырды.

Жырменен Алла аларсың,
Сазбенен салған жаныңды.

Найзағай тектес жасын жыр,
Жасынның жаным бәсін біл.
Ақынды көргің келмесе,
Жанған да оттан қашып жүр.

Сөзді үрлесей шоқ шығар,
Атылған ажал оқ шығар.
Хақтан да бізге несібе
Өртенген өлең от шығар.

Дүлдүлде жырым ақ табан,
Бір күніме-ай сақтаған.
Бізде бір соқыр көбелек,
Қанатын отқа қақтаған.

Гүлденген бақша жаным дүр,
Жанымда жазғы сағым жүр.
Сағыныш толы кеудемнен,
Қайнарлы бұлақ ағып жүр.

Бұл көңіл қанша шаттанды,
Сырғалы күміс бақ қалды.
Шашбауын қағып сылдырлап
Сұлу жыр қайда аттанды.

Ару да өлең нұрланған,
Ажалсыз сендік бұл жалған.
Сөз атасы Майқы би,
Соларда сені құлданған.

Таудан да ауыр жыр жүгі,
Таулар да құлар бір күні.
Өлеңі өлсе қазақтың,
Кімге де керек тірлігі.

Сайрағын тілім сен бүгін,
Тірлікте мынау кемді күн.
«Өлең – сөздің Патшасы» –
Патшаңа сәлем бер бүгін.

Хан тағында өлең бар,
Алтын да желі көген бар.
Шідерлі шалыс, тұсаулым,
Болыпта жүрсің неден зар?!..

Кеудеме келіп бекін жыр,
Бекерге есең кетіп жүр.
Қазақтың жаны қатайды,
Не дейсің маған жетім жыр?!.

ҚАЗАҚ ДЕГЕН ХАЛЫҚ БАР

Алысып жүр, адамзат, алысып жүр.
Қансыраған қаралы жан ұшып жүр.
Өлімменен ойнаған өңкей мықты
Тыныштыққа тас атып жарысып жүр.

Жан ұшып жүр, жаралы, қан ішіп жүр.
Ажалымен ақырын танысып жүр.
Бейбіт күнді көпсінген бейбақтардың
Бесігінен іңгалап бақ ұшып жүр.

Дүние тыныш емес, қансырап тұр,
Жан-үрей жанарынан тамшылап тұр.
Безбені бейбіт күннің безілдейді
Алдында ақиқаттың бар сынақ бір.

Бар сынақ, ұлт біткенге, ұлысына.
Көнгенбіз көкаттының мұнысына.
Барады көз үйреніп, сөз иленіп
Қанды қол қарақшының тұрысына.

Көл-дария көңілдің мың бұлағы,
Мың бұралып заманын жыр қылады.
Жұдырығы зіл-батпан құрлықтардың
Табанында тағдырлар шыңғырады.

Анау менің ақ шашақ күнім еді,
Күн астында көлеңкем жүгіреді.
Күміс кірпік найзағай бұлтты жарып
Менің аппақ еліме үңіледі.

Көктемі гүл, қыс қырау, өлесі дем.
Ағып кетпек ажалдың кемесімен.
Жанға қуат жарық күн тәнге суат
Есім кетіп сүйдім мен елесінен.

Жарық сүйген ел едік, ырыстымын!
Шырақ қылған шындыққа жыр ұшқынын.
Менің сәби көңілім айға матау
Ақ түнімнің бұзбашы тыныштығын.

Құлындарым құлдырап ер жетеді,
Ерен-байтақ, кең құшақ жер жетеді.
Көк серкеге байлаған жез қоңырау
Ақ ниетін ауылдың тербетеді.

Ақ ниеттен жаралған халық едік,
Хақтан халал уыз-нәр алып едік.
Өткен күннің өксігі өзекте тұр
Өрт ішінде бейкүнә жанып едік.

Халық едім маңдайын күн қақтаған,
Күн сәулелі жүрекпен гүл баптаған.
Шешілмеген шідер мен кісендердің
Кілтін бермей келеді жұмбақ ғалам.

Мендік тарих өлмепті құдай бағып,
Күміс моншақ күн менен тұр айналып.

Маған біткен шындықтың кер төбелі,
Кісенімен шауып жүр шырайналып.

Бекер ғана, жыр жазып ән арнаппын,
Бақыт қайда, кетпейді табандап мұң?!
Бір-біріне оқ атқан көздерімен
Жүрегінде ашу бар адамзаттын.

Қансыраған қаралы түн жамылғы,
Түндей қара ниетті кім жамылды?!
Іңір ауып барады ізім-қайым,
Бір құмалақ шірітіп бір қарынды.

Қара қарын көк еті жалбыраған,
Қан-қан болып қаншама қалды заман.
Азу тісі ақсиып күштілер тұр,
Кіндігінен аспанның салбыраған.

Қыл үстінде дүние қылпылдайды,
Өткен өтті, өтпеген бір күн қайғы.
Кемпір ауыз ошақтың көмейінен
Көп соғыстың ұшқыны жылтылдайды.

Кеңірдегі сорайып қалтылдаған,
Кем дүние белгілі нарқын маған.
Ит жағалас бармысың өзімшілдер
Өлім кешіп, табытын алтындаған?!

Өргеніп тұр, дүние мазданып тұр,
Жел өтінде жалаңаш аз халық тұр.
Жұмыртқасын шайқаған жүрегімен
Сыңар қанат айдында қаз қалып тұр.

Қаз қалып тұр айдында қара мойын,
Қанды тырнақ қырғи кеп салар ойын.
Ізгіліктің жаулары іздеп жатыр
Қан шығармай ұратын жаңа ойын.

Сыңар қанат айдында қазым қалды
Қаз қауырсын, халал жыр сазым қалды.
Балапан ем, сары уыз сағаныш ем,
Саған айтар дүние назым бар-ды.

Төбе көрсең тентекке төбелеттің,
Отқа орай ойнайды көбелек күн.
Досты күтсең, мерейлен, Менше қуан,
Мазасыз Сен бірақ та бөгелексің.
(Соғысқың кеп тұрады, өле кеткің)

Ай мазданар, күн қоздап келбетінде,
Ақтың Құдай тілегін бермесін бе!?
Атасы – махаббат пен мейірімнің,
Халық бар, Қазақ – деген, жер бетінде!

* * *

Шекер де қандай бал қандай,
Шертіп таңдап алғандай.
Жайықтан балық ауларға
Жылымдап торды салғандай.
Оздырып бойды мыңнан біз,
Шырқадық биік шыңнан біз.
Сөзге де келген арудың,
Жүрегін бесік қылғанбыз.
Әлдилеп күтіп сағынған,
Елжіреп естен жаңылған.
Көгенге түскен лақтай
Көзін бір сүзіп таңылған.
Күн көрмесе асығып,
Жанарын сүртіп жасырып.
Алтын да сандық кеудемнің
Қақпасын сүйген бас ұрып.
Өрден де сөйлер баталым,
Өнермен шықты атағым.
Осы бір өлең періштем –
Ат тон да айып шапаным.

ЖЫЛАҒАН ҚАЗАҚ КӨРГЕН ҚАНДАЙ ЖАМАН

(Мешітбайқызы Сәуле апаймен сырласу)

Өмірдің әділетсіз майданында тұрмыстың ауыртпалығынан жылап-еңіреген бір топ қазақтың қаракөз әйелдері мен қыздарының шағымын теледидардан естідім. Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламадан бастап біз білетін бергі дәуірлерде: қазақты біресе құрсағына салып, енді бірде жүрегімен қаусырып, тілегімен нәр беріп, қайсар ерлігімен, ақ уыз намысымен осы күнге жеткізген Арулар емес пе еді!?!... Неге олар жылайды. Осы даланың барлық байлығы мен құрметі соларға тиіс емес пе!? Ендігі жерде қазақтың әйелдерін жылатқан қоғам: – Періштелерді табаға қуырып, табан асты еткен қоғам. Сұлулар қашан сән мен салтанат көреді!?

АВТОР

I

Сәуле апа-ау!..Сарсаң кесек сана қайғы.
Сансыз сұрақ санамда балалайды.
Жабағысы ұйысқан көңілімнің,
Көзін шұқып қара түн табалайды.

Емешегі үзілген баба-күлік,
Жан ботасын боздайды жаңа біліп.
Ет желіні суалған Есениннің –
Қаншығындай қара бұлт алар ұлып.

Қара талақ қара бұлт жағал-сары,
Жылап алу егіліп бар аңсары.
Жарқылдаған найзағай жан тәсілім,
Ақындардың секілді қаламсабы.

II

Дөнежін дөң, қаймалша қылаң қырым,
Айта-айта алжасты шыдам жырын.

Шөккен нарға қоғасы қорған болған
Сай қолатта бар еді бір ән бұрын.

Қолат қурап қолаң шаш бұлақ өлді,
Қорған болар қазаққа сұрап ерді.
Өлген өлді тірінің тілі қысқа –
Кімге керек өлгендер бірақ енді.

Бабам берген анау қыр, мына белді,
Саудагер сарт салт жүріп сұрар енді.
Сұқты көздің ішінде қара жылан,
Қарайғанға зәр шашып тұрар енді.

III

Сексеуілдер үзіліп тамырынан,
Сыршыл тарих сығалар қабығынан.
Телмеңдейді туған ай үмітім боп,
Жаным қалмай сімірдім жарығынан.

Берен сайлап, бел буып бекін күнім.
Батар күні байлаусыз екіндінің.
Дүниені орап ап жыр-жөргекке,
Мен тербетіп отырған секілдімін.

Атамекен іңгалап тығылады,
Бір сұрауы болады мұның әлі.
Топ-тобымен тозаққа барар сосын,
Адамзаттың арамза ұрылары.

Адалдық па?!..Адалдық зарлы құлын!
Отан менің құлыным, жалғыз ұлым!
Қанағатсыз ындынның жемсауында –
Жылап жатыр Жер-Ана қанды бұрым.

IV

Сәуле апа-ау,
Сен шалғайда, мен Түбекте.
Не болмақ ен даланың еркі кетсе.
Мысалы: Ойда жоқ та теріс толғап,
Ханнан ант, қалаулының серті кетсе.

Жан апа!... Жанның сыры сендік өлең.
Көзіңнен кемел ой мен шерді көрем.
Бауыр боп бар тілекпен сүйші мені,
Самал боп Сарыарқаның ерніменен.

Құлар ма, құл-тірліктен нардай балаң!?.
Түңіліп түс көргендей тандай қағам.
Осынша ұлан-байтақ байлығы бар,
Жылаған қазақ көрген қандай жаман.

Билік жүр, сан қайталап мың бір әнін,
Келмеске кетіп жатыр кіл бұла күн.
Жылап жүр қанша қазақ өз елінде,
Көргенде көз ұялып шыңғырамын.

Кешкен соң күн өткізіп ғұмыр хаттап,
Жоқтықтың жолым үйден жырын жаттап.
Еңсесін бір көтеріп көрмеген ел,
Ер туып жарытпайды ұлын баптап.

Кеудемді кер құландай үн керіп жүр,
Түрімнен күн күмілжіп, түн жеріп жүр.
Атасы айыр бура бал қоспақтың,
Баласы көкаттыдан күн көріп жүр.

V

Арда емген асау көңіл басылмайды,
Бұл күнде құным-мұңым, бәсім қайғы.

Керіліп кеңістікті дүбірлетпей,
Көңілі көшкен елдің ашылмайды.

От қарып, мендік жанда жара жатыр.
Бостандық!..Онсыз бағам – кара бақыр.
Қомында қобыз тартып нар-маяның,
Қош айтып Қорқыт-дәурен бара жатыр.

Би-төре билігіңді кім көрген жоқ.
Қызғышты кім атпады сұр мерген боп.
Қазақтың жүрегімен байқап ойна,
Ол әлі аттан түсіп үлгерген жоқ.

Уақыттың кім түспейді сөресінен,
Ер өлмес елін сүйген өресі кең.
Еркесі ен даланың киікпіз-Біз,
Құлдырап құс өткізбес төбесінен.

БІЗДЕЙ-АҚ БОЛСЫН БІР ҚАЗАҚ

*(Қашаған ақынның ескерткішіне келіп айтылған сыр,
оқылған жыр.)*

Төс табаны тілінген
Дүбірі көпке білінген
Біздің дүлдүл шалдарды
Көресің осал кіміңнен?
Қарлы шыңдай Қашаған
Халалдан Тәңір жасаған
Қайыртпай кеткен жүйрігім
Қуынған жауға тасадан.
Адай деген елден-ді
Маңғыстау деген жерден-ді
Уыздан жарып, марқа емген
Сары жебе,
Ақ сауыт
Сөзі оқтай мерген-ді

Сол секілді асылдар ойласаң кара жерге енді.
Қырықкез деген қауымда
Қылтанақ өспес бауырда
Кестелі күмбез қарап тұр
Отпаннан соққан дауылға.
Отпанға шықтым шырғалдым
Шырғалап жүріп жыр жаздым
Дегелек құстың
Дауысын,
Дертіме шипа қылғанмын.
Ердің ісі шын болса
Елдің іші мұң болса
Есепсіз айтпас сыр болса
Жұмақтан келген жыр болса
Абыл, Ақтан, Нұрыммен, Қашағаннан тыңдармын.
Адайдан қалған ұран бар
Талайдан қалған Тұран бар
«Қаққа жерік құлан бар
Баққа жерік ұлан бар»
Қаратаудың желіне жүзімді кептеп шыңдармын.
Боз жусанға қол жетпей
Бетегеге бой жетпей
Бармағын шайнап
Ер кетер,
Еңкейген ерге жер жетер
Баянсыз мынау дәуренің балдағынан сынған күн.
Қардың тауып қалауын
Жанымның жағып жалауын
Тағдырдың көріп талауын
Қашаған сенің жырыңнан қаталап ішіп нұрландым.
Ескерткішке айналып
Тас көшеге байланып
Оймақтай мынау тұғырда отырсың ба жайланып.
Адайдың арын арлаған
Аруанадай зарлаған
Алтын-ды күйме парлаған
Нардай көлбеп шаңдаған

Сертті де күнгі семсерім шыға да келген сайланып.
Елібіңе нұр сіңген
Ет-жүрекке жыр сіңген
Жаным бір пида бір Сізден
Қанатыммен қаусырып ұшсам бір екен қайда алып!?
Адырнасы аңыраған
Ақтылы қойы маңыраған
Самұрықтай самғаған
Жері бар ма шалдардың
Желік айдап, бел асып бес қарумен бармаған.
Мың дұшпанды қандаған
Мың жылдығын қамдаған
Жер жәннаты – Маңғыстау
Атамекен ақ бесік Атамыз Адай таңдаған.
Аяқты создым нарынға
Қарсы жүздім ағынға
Үш жүз алпыс әулие
Салтанат, сәнім барында.
Тіл қайрадым, сөз саптап, өзіңнен қалған арынға.
Антқа тұрып айқастым
Атажаумен шайқастым
Мырзағұлдың баласы Піріміз Бекет бабында.
Қауырсынын қандайды
Қашсамда іздеп қалмайды
Шайнаулы бармақ, бір өксік Қалнияздың зарында.
Көкмойнақтың үйірі көбік қанға жығылмақ,
Татып көріп дұшпан тұр тар қапасты ырымдап.
Халықтан олжа
Хақтан ән,
Жеті қайқы, бес жүйрік,
Аранға түскен ақ киік, ажалдан қайда тығылмақ.
Солай да –
Солай күн өткен,
Бөз жасаған жібектен
Түрме жасап Түбектен
Түрініп дұшпан күзеткен
Ер адасқан дұғадан

Ел адасқан мұрадан
Еңкейіп жүріп шыдаған
Шалқайып жүріп жылаған
Қабыртқадан қан үгіп
Шеміршектен шер үгіп
Желкеден ұрып желігіп
Он екі мүше
Кез бойын
Кез келген қарсақ кеміріп,
Торай шатыс томар бас бір басуға ерініп,
Топтан озып көп қарға сөз сөйлеген демігіп.
Халалдан болған мекенді
Өңгіден болған әлділер ойранда қылған еліріп.
Әй, Қашаған, Қашаған!..
Қашаған сені қайтейін, Құдай бір сүйіп жасаған.
Жаныңа келіп жылайма атасы басқа жат адам.
Шіріген көлде шіркей бар
Заман өзге,
Заң қатқыл
Адайдың арын сұрар ма кіл үргедек жатаған.
...Әй-да-а-ай...Әй-да-а-ай, Әй-дай-ай
Адайдың қайда әй-дайы, әрайна көңіл, жалған-ай.
– Маңғыстау саған аманат!
Аманатқа адал бол,
Атадан туған жан бала-ай!
Асыра сілтеп тағыда әдіра бәрі қалмағай.
– Ей, кара жер, аспаным
Көркінді сүйіп көзіммен, көңілге зерлеп сақтадым.
Қашаған сені қайтейін
Көк пен жердің арасы
Тәңірден тәлім ақпарым!
Жырыңнан іштім жылғалап
Жыр баптадым сырғалап.
Арманы асқақ ұл болса аңқасы кеуіп тындамақ.
Ақ қағазға шер төгіп
Өлең жазған өртеніп
Біздей-ақ болсын бір қазақ!..

КҮЙШІ МЕН КҮЙ АЛЫСПАҚ

Сексеуілдерге қан бітіп,
Сеңгір тауларға жан бітіп,
Таң алқымдап, түн қашып,
Қаралы бұлтты мұң басып,
Хабар салып жел тұрды,
Халалдан болған ел тұрды,
Ұл семсерге серт ілді,
Қыз кірпікке дерт ілді,
Манаурады маңыстап,
Маң-маң нарлар алыстап,
Саз самғады ғарыштап,
Күйші мен күй алыспақ,
Ындын кепті ырғалды,
Мың қыстауда сыр қалды,
Қылаңытып қыр қалды,
Шыңғырысып шың қалды,
Шыңнан қыран үркінді,
Тау талықсып сілкінді,
Үрей билеп бір түрлі,
Жүрек жылап, бір күлді.
Қарашанақ күркілдеп,
Еркімді алды біртіндеп.
Сен нағылып жүрсін деп,
Көк желкемнен ұрсын кеп.
Шөлмін дедім қаталап,
Жалбарыным ата-лап.
Атам ұрды шапалақ,
Алғыс айттым жата ғап.
Жылап жүріп тыңдадым,
Дүниенің бір мәнін
Шырылдатып ұр жаным.
Ғапыл күйдің құлымын,
Сырыңды аш ұлы мұң.
Шайқалмасын тұнығың,
Жат салмасын құрығын.

Жалын күйін Адайдың,
Жанған отқа балаймын.
Жан құбыла сараймын
Жанға нұр боп тараймын.
Маңғыстауда ұлылық,
Күй мен күйші жүр ұғып.
Күйлеріме құнығып
Күн қарайды бұрылып.
Ай жылады ақырын,
Түннен тігіп шатырын.
Таулар қысып тақымын,
Көзін сықты жасырын.
Ырғап тартқан, ыңымен,
Ықылымнан – сырым ең.
Тылсым тағдыр ғұмыр ең,
Кімге айтамын мұны мен?!..
Күс-күс болған саусағы,
Қайран шалдар дәу сары,
Күйге ауғанда аңсары,
Қара шанақ қаусады.
Жанға араша сұрайтын,
Егіз ішек жылайтын.
Өңкей шындық, кіл айқын,
Шөлің қанып құлайтын.
Дәурен еді мөп-мөлдір,
Қалай өтіп кеткен бұл?
Суын айғыр секілді
Жал-құйрығы төгіліп,
Мың жылда бір көрініп
Біздің күйлер шеттеп жүр.
Құлын дауыс неткен жыр.
Шідері мен
Шер айтып
Көкмойнағым ептеп жүр.

ОТПАН ТАУДА АДАЙ АТА

Отпан тауда Адай Атам нағып тұр,
Ұран салып ұл-қыздарын бағып тұр.
Көк зеңгірге қолын созып Ер Бабам
Болашақтың босағасын қағып тұр.

Ұлан-байтақ ұлы көшті бастаған,
Көкірегі көктен нұрлы асқақ ән.
Нұрдан болған халық едік әу баста
Ерге қылыш, елге ырыс тастаған.

Құдай өзі құлай сүйген бабамды,
Пірім Бекет Хақтан жарық шам алды.
Үш жүз алпыс Әулиесі қол жайған
Бұл Маңғыстау жаралғаннан халал-ды!

Жан дауылын жел көтеріп басылды,
Дауыл жыр кеп көзіме шық жасырды.
Таңдайына тамырлаған боз жусан
Атамекен – аруанадай асыл-ды!

Отпан-Отпан!..
Ордалы жұрт көкбөрі.
Көкбөріге ит пенен құс өкпелі.
Адай Ата темірқазық білгенге
Алаш үшін алтын жұлдыз көктегі.

Ұран от пен намысыңды шыңдап ал,
Тірлік күрес, жүз тосқауыл, мың қамал.
Адай Ата мәңгі тірі біз үшін
Болашаққа баба-салт пен бірге бар!

Қарашаңырақ ен қазақтың дiңгегі,
Қалың Адай ел едік қой iргелі.
Дәмнен аттап баба салтты ұмытсаң
Қарақазан киесімен тілдеді.

Тегінді ізде, оян елім, сілкін де!
Амал келді басынды қос бір күнге.
Өз Атасын сүйе алмаған Адайдың
Алты Алашты сүйе алуы мүмкін бе?!

Шын ықылас шырақ болып жанып тұр!
Алтын күмбез күннен моншақ тағып тұр.
Бір Алланың сүйген құлы Ер Адай –
Ұл-қыздарын ниетінен танып тұр.

Дұшпан күлген жанған оты сөнді деп,
Көрген елміз тажал тартыс көрді көп.
Баба рухы – ұрпағының қанында,
Кім айтып жүр, Ер Адайды өлді деп!?

Адай тірі, мына біз де тіріміз!
Тіріміз біз, бірлік пенен ұлымыз.
Бар қазаққа баба салтын паш етпек,
Қаратауда Отпан атты ұлы құз!

Амал келді сүйіншілеп самалым.
Жасай берсін жасампаз ел, жаңа күн!
Қолыңды жай, ордалы жұрт Отпанда
Баба рухы бата берсін, қарағым!

ОРАЛҒАН КӨШ

(Ақ Жыр, Пәк Сыр)

Ақшагүл апа, ақ қанат!
Бірің ай, міне, бірің күн.
Сен – сырғалы Маңғыстау, Мен тізерлеп жүгіндім.
Лә-Иллаһа ил-Алла, тілегім қабыл қашаннан,
Сары алтын құмға Самдағы
Сағым боп келген ініңмін.
Шаршыны көрсе қаршыға
Қаларма бір сәт сілкінбей,

Сілкінсін сенгір таулардай толассыз шабыт іркілмей.
Жоғалтпай жеткен жан апам
Жорықты күннің дүбірін
Адайы-алтын сандықтың шашбауға таққан кілтіндей.
Қақыралы жаулыққа
Хан төрткүлді қарар тау.
Әр сөзіңе ән бесік, шырын, шекер, бал арқау.
Сар-самаурын, жез құман
Сексеуілдің шоғындай
Тал бойында сағыныш, жан бойында жанар тау.
Мамырлаған көктемсің
Мақтан қылсақ айып па ал.
Көтеріліп көліңнен көкке қанат жайып қал.
Ауған таудың өрінен
Алып келген ебімен
Сенің анау кеудеңде Қалнияз бен Қайып¹ бар.
Қалнияздан қалған жыр
Қаралы көштің сөзінде.
Қайыптан қалған арман жүр
Ақбөбек күннің көзінде.
Тесік таудан телмендеп
Теңдік көрмей өлген көп
Есесі жатыр Ерлердің
Еңіреген біздің төзімде.
Қан сасыған қаратау,
Көл борсыған жат дала.
Тәнге қуат, жанға азық
Бір жаратқан Хақ қана.
Көтеріп бұлттар жөнелді
Көгендеп өңшең бейбақты
Дәтке дәрмен болатын кім бар дейсің қасқаға.
Әр бұтаның басында
Жаулығы қалды әжемнің.
Шерлі кеуде шемненнен шекердей татып нәр емдім.
Хиуа терді басымды,
Патша ішті жасымды,

¹ Қалнияз – Қалнияз Жырау, Қайып – Қайып Қорабайұлы. (Бұл кісілер Тәжік жеріне ауып көшкен).

Мен дегенде мерезшіл шелденген көзі әлемнің.
Ел адасты ағадан, ер адасты ініден,
Салтанат кетті, саз кетті,
Сайдағы-қаңбақ тіріден.
Өрден құлап нар қалды, шерден құлап жар қалды,
Жәрдем сұрап жалынды Әулие-Бекет Пірінен.
Тағдыры қайыс шідерлі,
Таспа алдырған тілім бар.
Басыңды сүйер бақ тайса, Бекеттен басқа кімің бар.
Терлігімнен зар багты, тебіңгіге қан қатты,
Тепкіге салып жығардай тегімде қандай мінім бар.
Сүйегім нұрдан текті едім,
Тілегім жырдан епті едім,
Алашқа қорған күнімде ата жауға кекті едім.
Ноғайлы кетті шығынып, Түрікпен кетті түрініп,
Жеті жұрт пен жеті жұт –
Олда көрген үңіліп,
Майлы қиян Маңғыстау мекенім еді, тек, Менің!
Шеңгел жеді уыстап
Шерден қатқан етімді.
Құл жұмарлап ойнады құйрық жал мен кекілді.
Қолдан келер қайран жоқ
Біз көрмеген ойран жоқ
Қоғалы көлден шошынған қаралы үйрек секілді.
Көл жайладың тұнық деп, ел жайладың ұлық деп,
Төлеген¹ кеткен мекен бұл қаралы, мойнын бұрып көп.
Ақшагүл² деген ақын бар,
Жүрекпен сезіп ұқ мұны!
Тілегі – қыдыр, құт – жыры.
Памирден³ шыққан лапылдап
Падиша жырдың ұшқыны!

¹ Төлеген – Төлеген Айбергенов.

² Ақшагүл – Ақшагүл Рамазанова, жат жерде дүниеге келді. Тәжік-станда бой жетіп, кейін Қазақ еліне, Атақонысына, Маңғыстауына қоныс тепті.

³ Памир – Тесік тау – Тәжік еліндегі жер атаулары. Ақшагүл апамыздың мерекелік, өлең кешінде оқу үшін жазылды.

АЛҚАРАКӨК¹

(құрдасқа)

Бармысың жан құрдасым ал қара көк,
Жанына жан біткеннің шам жаға кет.
Кеудеңде күміс сарай күмбірлейді
Мамырлап ән салғандай маң дала кеп.

Ұлымды уыз нәрден айырмасын,
Нар шөгер заман белден майырғасын.
Әні бар бұл даланың айтылмаған
Тек, қана, біз саламыз қайырмасын.

Кең тұсау кемел елді шынжырлаған,
Білгенге жүзден зият бір-бір балаң.
Көмейің көп бұлбұлдың ұясындай
Тоқсан саз, мың иірім, сыңғырлаған.

Тағдырын тарлан боздың ұршық қылған,
Маңғыстау – көздің жасы бір шық тұнған.
Адайдың жанын алып, әнін тонап
Бір кезде бұл даланы тұншықтырған.

Жан досым,
Ал қара көк қылаңытқан
Жан едім жанның мұңын жылап ұққан.
Іздеген қайқыларын қайран дала
Қасқадан төбел туса шырамытқан.

Базарға жібек түссе бөз қорынған,
Айдан көз, ақиқаттан сөз қорынған.
Танып тұр,
Өз құлынын, өз дауысын
Адаспа Ал қара көк өз жолыңнан.

¹ Алқаракөк – М. Ордабаев. Марат Ордабайдың (сазгер) авторлық кешінде оқылған өлең, Жыр Шашу!

Бейнең тұр арулардың сырғасында,
Төбесі тіреу болған бір ғасырға.
Баласы Ордабайдың Марат салған
Ән қалар, әндеме қыр шың басында.

Ән керек әлай жалған қалықтарға,
Атқан таң, өткен күнде бағыт бар ма!?
Аялы алақаны ел-жұртыңның
Қаусырып қанат болсын тарыққанда.

Ән өлмес кейінгіге жаршы болар,
Сусындар ақтың сырын аршып олар.
Ән керек көңіліңнің көзін сүртіп
Кезерген еріңіңе тамшы болар.

Ән керек күннен көркем, айдан айқын,
Жан бар ма, жан жылынса жайнамайтын?!
Ән керек қызылшақа дүниені
Қып-қызыл жүрегімен аймалайтын.

Құлдырап қуаладым жыр сағымды,
Жамылып жатыр шалдар құм шағылды.
Салдырған саздан жөргек, әннен өрнек
Маңғыстау кір шалмасын құрсағыңды.

Бәрін де мұнар шалар күн өткесін,
Ұл тумалу алтын айдар Түбекке сын.
Талғаттың¹ «Сағынышын» арқалаған
Аман жүр, Ал қара көк жүректесім.

03.09.2014 ж. Ақтау қаласы

¹ Талғат – Талғат Атшыбаев. «Сағыныш» – Талғаттың әнінің аты. Мар-құм, дүниеден өтті. Өте талантты сазгер еді.

ЗАМАНҒА ЗАРЫН ҚОСҚАН ЕЛ

Балқан тауға босқан ел
Заманға зарын қосқан ел
Құдайдан басқа пана жоқ,
Құлағын желге тосқан ел.

Ел жаңылып бағынан,
Ер жаңылып жағынан.
Құладын құлап шаршыға
Құландар кетті қағынан.

Құлагер құлап шыңғырды,
Шындықты торғай жыр қылды.
Күлге шөгіп көрт үлек,
Күллі әлемге қыр қылды.

Нарларым боздап, қалжырап,
Қанжылап қалды, бал-құрақ.
Қалнияз болып егілді,
Сүгір болып төгілді.
Маңғыстау деп зар жылап.

Балқан да, Балқан, Балқан-ды,
Берен қылыш қалқан-ды.
Сегіз арыс Сейілхан,
Сенің де көрдік алқанды.

Көкбөрі келмей жорықтан,
Көкмойнақ өлді қодықтан.
Жығылды Ерлер шалқалап,
Тепкенде заман тобықтан.

Аңқасы кепкен ұлы құм.
Алпысқа келді бір Ұлың.
Қара өлеңмен жуды ма,
Қаратаудың бұрымын?!

Қаршығадай қағыстық,
Қарт бурадай шабыстық.
Құнысып жүріп қуғында,
Ұлысып жүріп табыстық.

Есепсіз естен таныппыз,
Ел болып бірақ қалыппыз.
Нарқымды білер жан болса,
Бекетті туған алыпмыз.

Сенің де жырың бұл дала,
Менің де жырым бұл дала.
Айнымай сүйер өз жұртын,
Атадан туған ұл ғана.

Ақынсың аға, зерлісің,
Күтеді талай Ерді сын.
Сүйеу болған Адайға,
Күйеу болған Шабайға.
Апамның «Аппақ-Темірі»
Мынжастың ұлы сенбісің?!

Қатепті қара нармысың,
Арты – аңыз, алды – шын.
Айшықтап орын берді ме
Алпыс деген қарлы шың?!

Анау – орман, мынау – бақ,
Шық жамылды қылаулап.
Ақ тамшы боп сіңіп кет,
Ақ шағылға бір аунап.

Өлең, сөзді жарлық қыл,
Өртке айналсын зарлық кіл.
Темір қайда деп тұрсын,
Телмен қағып барлық гүл.

Гүл ішінде апам бар,
Сөз ішінде батам бар.
Сырымды айттым, сырмақтап,
Жақын білмес, жат аңдар.

Бізден де өтер ауып көк,
Сөз асылын тауып кет.
Қауырсынын жаныңның
Жамағатқа жауып кет.

Хақтан мейірім төрлесін,
Халқың мәңгі өлмесін.
«Ақын болу – от кешу»,
Тірлік те сын, көр де сын.

Хан көтерген тегің бар,
Жездемде менің не мін бар?
Сөз қылыш та, жыр майдан,
Ту түбінде Темір¹ бар.

2012 жыл, 29 қыркүйек

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

*(Балқұрақ-Жиендерім: Керімбек пен Назеркеге
және Қарақатқа естелік!)*

Тағысын тағы айтармыз,
Тағынтып тұмар байқармыз.
«Жиеннің қолы ашық» – деп,
Жиренді мініп қайтармыз.

Біздегі көңіл дос көңіл,
Өткен-ді өмір қо-о-ш небір.
Той жасап жатыр толықсып,
Қосайдан шыққан Қос Қоңыр.

¹ Темір – Темір Мыңжас. Ақын, Темір Мыңжастың 60 жасқа толуына арналған өлең. (Жезделігі де бар).

Батаға көңіл бөлген-ді,
Тілегі көптің көлденді.
Қарындас қамшыл, Ер мінсіз,
Қос Қошақан төрге енді.

Ұғады жиен бір ұқса,
Ұл сүйіп, қызды ұлықта!
Берен қылыш, ақ найза,
Нағашың Шабай, ұмытпа!

Туыс та керек, дос керек,
Көп болсаң қайғың жоқ демек.
Береке-ырыс, құт қонып;
Жайқалып өссін қос терек!

Шашулы болсын ғұмыр-бақ,
Жыр жаздым жиен ырымдап.
Тілегі бірге Бапаңның,
Жақсыға болмас жырым жат.

Өмір ме-өмір бір нүкте,
Бақыттың мәні – бірлікте.
Сыр айтып, сырбаз той жасап,
Сыйласқан жақсы тірлікте.

Қыз болып өссін бұрымды,
Ұл болып өссін ұғымды.
Бабасы Қосай қолдасын,
Құлдырап жүрген құлынды!

Қыз жайқалсын, ұл түлеп,
Бір шалдан қалған бүршік ек.
Қарақат ақын тұр міне,
Көшкен бұлттай дүркіреп.

Кеудеде қанша арман жүр,
Сәулелі жарық, таңнан нұр.

Біреуге біреу қонақ боп,
Кететін аз күн жалған бұл.

Қалықта қалқам, шыңға шық.
Шынарлы шыңға тіл қатып.
Бергенін біліп Алланың,
Той жасау деген шын бақыт.

21.10.2012 жыл
«Шаңырақ» мейрамханасы
Бейнеу кенті

ОТПАН ТАУДА ҰРАНОТ

Ар іздеген Алаштың баласы Амал мерекесінде Отпан тауға келіп көрісіп, қарашаңырақтың қарақазанынан дәм татып, қазақ халқын тұтастық пен бірлікке және ұлттық ар мен намысқа, имандылыққа, салт-дәстүрге, бірлік пен берекеге шақырып – Ұран Отты жақсын! «Мен Қазақтың!» – дейтін қаракөз бауырларымызды Қаратаудың басында, Адай Атаның қасында құшақ жая қарсы алуға дайынбыз!

Автор

Маңғыстауда мың төбе
Күнде кеңес күл төбе.
Ар қозғаған жүректі
Азғантай топ іркеме.
Уыз қандай, бал қандай,
Ұран салып талғандай.
Уыз-балдай ұлтымнан,
Ұрандаған жұртымнан
Отпанда ошақ қалғандай.
Беренді күні жайнаған,
Бес қаруын сайлаған,
Ошақ емес тілек бұл,
Бабамнан қалған жүрек бұл,
Жанартау болып қайнаған.

Жаннан өзге жамалым,
Қара шалдар қамалым.
Қолаптаңнан шоқ тауып,
Қолыммен жағып барамын.
Бұлт бұрқанып кектенді,
Бура боздап шөккенді.
Өрттей лаулап еске алдық –
Өткен менен кеткенді.
Хиуаның ізі қырғын-ды,
Қызыл¹ келіп шын қырды.
Таңнан тұрып кешке айттым
Таусылмайтын бұл жырды.
Әсіре қызыл жайлан ба,
Сауық пенен сайранға!
Қалмады қайда біздің бас
Әділетсіз майданда.
Қоша мылтық оқтатпай,
Қолаң шашты жоқтатпай,
Тегімде жоқ тек өлген
Ұран салып, от жақпай.
Тексіз жауды кектей ме?
Тектіге халқы кет-дейме?!
Мен өртеніп жанбасам,
Қаратау қалғып кетпей ме!?
Қоң етінді кеміріп,
Қорқау-құзғын еліріп
Тірілей көміп теппей ме?!
Дәуірім дабыл қағып тұр,
Қас пен көзді бағып тұр.
Әдіра қалғыр Отпан тау –
От жақпасам нағып тұр.
Отты көрсем бұрылдым,
Шоққа күйген тұлыммын!
Намыс іздеп, дерт ембей,
Лапылдамай, өртенбей,
Ез жиналып ел болмас,
Өзгелермен тең болмас!

¹ Қызыл – қызыл Армия.

Бір тауынды маған қи,
Өзіңнен туған ұлыңмын!?
Өрге шапқан құлынмын!
Жаудың қолы желкемде,
Есесі кеткен жұлынмын!
(Жалғаны бар ма мұнымның?..)
Жақынды балап қасыңа,
Жау жағалап тасыма.
Жүрген жоқ па жат сарып
Әр тауыңның басына.
Ханнан зият қара өлең,
Жаннан зият – Жаңаөзен,
Отпан тауда Ер Адай,
Оғыландыда Пір Бекет,
Бар екен, шүкір, бар екен!
Бар екен шіркін, адайым!
Барымды кімге балайын?
Адайы жылқы сайлап қой,
Босағама байлап қой,
Батасы бірге бауыр деп,
Атасы бірге ауыл деп,
Алты Алашқа барайын.
Ұран салып, от жағып
Әр жүрекке салайын!
Үш Арыстың баласы –
Көзімнің ақ пен қарасы!
Қара түнді қақ жарып,
Шырақ жағып табайын.
Мен қайтейін сақтанып,
Жыр айтайын ақтарып.
Қауырсын қанат жебеге –
Шалдарым кетті хат жазып.
Хатқа қатқан қаным бар,
Қатпар-қатпар жаным бар.
Арамның қолы тимесін
Ұран отта арым бар.
Ар ішінде – зарым бар.

Ер жыласа – ел десін,
Езге ерік бермесін.
Атасы сатқын арсызға
Абайсызда сенбесін.
Құрсағынан құл болған,
Құмалақ санап тұл болған.
Ерді ұстатып төрінен –
Аңдығаны пұл болған.
Қырын үйрек қырындап,
Түлкі қашар жылымдап.
Отпанға кел-шырақ жақ,
Шындық ізде шырылдап.
Қайда сенің нар ұлың?
Сөздің білер парығын.
Алтынды Орда, Ақ Орда –
Сағана там, сары құм.
Ашу мен түсті шаршыға,
Заманның күйіп зарпына,
Пенденің көріп залымын.
Залымның көрдік қарымын.
Өшпейді Отпан-жалыным!
Керегелі кеудемде
Күлтелі үміт, қалы-мұң.
Қалы-мұңда зерім бар,
Қанға бөккен жерім бар.
Өзегімнен тебердей,
Тегімде менің не мін бар?!
Атасы нұрдан
Жаралған –
Адай деген елім бар!
Тіл мен көзден қаққан от,
Торыққаннан тапқан от.
Отпан тауда Ұран-От,
Олда біздің жаққан От!
Қазанат өлер қазадан,
Халық жылар азадан.
Не демей жүр, сыртымнан –

Жазғыш пенен жазаған.
Әділ Құдай
Бар болса,
Жан құтылмас жазадан.
Хақтан болған халал бар,
Халалдан қымбат бағаң бар.
Отпан тауда ұран от,
Одан асқан мұра жоқ.
Көрсетпе көпке қайғыңды,
Өшпесін отың айбынды.
Алда қандай заман бар!..
Ер біріксе деп едік,
Ел біріксе деп едік,
Басқа қандай амал бар!?..

ЕҢСЕНДІ КӨТЕР, ҚАРАТАУ!
(Әбіш Кекілбаевқа көңіл айту)

Қара бұлт Қаратауға шығып алды,
Қаранар көзбен боздап тұрып алды.
Қайысып қаптың суы қақ жарылып,
Жар таста жан ағамның мұңы қалды.

Жел жоқтап жез бұйдалы қия басты,
Бақ тайып бал пернеден күй адасты.
Баласы ақ сұңқардың мезгілсіз кеп,
Мекендеп Қамысбайды¹ ұя басты.

Кімдердің жұтпай жатыр жолын ғайып,
Мысалы: өмір – өксік, көңіл – майып.
Бір Алла артын қайыр қылсыншы – деп,
Күрсінді қарт Маңғыстау қолын жайып.

Келмесін Ақтұнжырдың² біліп енді,
«Аһ» ұрды айдан қалақ іліп енді.

¹ Қамысбай – әулиелі қорымның аты. Әбіштің ұлы Әулет марқұм сол қорымда жатыр.

² Ақтұнжыр – қаршыға құстың бір түрі.

Басында әр төбенің бір әулие –
Мың мешіт дұға жасап күңіренді .

Бөз шағыл, аппақ торғын жатыр далам,
Әр тағдыр – бір-бір жебе атылмаған.
Аңырап адырнасы қалар бір күн,
Ғайыптан қол созғанда ғапыл ғалам.

Бел байлап, берен қайрап бекін қырға,
Ен жайлап ел жусайды есіл жырға.
Еңсенді көтер енді, – Қаратауым!
Етекте ел-жұртыңды жетім қылма.

Өткен күн өрттен ыстық от шырайлы,
Ажал мен жерге тойым жоқ сыңайлы.
Алтынды тістеп сынар адам байғұс,
Алла да сүйген құлын көп сынайды.

Бір ноқат Қамысбайда қалды нүкте,
Толтырып қаратаудай жанды жүкке.
Қамықпа, Әбіш аға, балапанын
Маңғыстау әлдилейді мәңгілікке.

Көз шылап, көңіл жылап таң жүдеді,
Мұң басып, мұнарланып жан жүреді.
Қайта соқ қалыбыңнан нұрыңды шаш
Халқымның дүрсілдеген қан жүрегі.

АЗА ЖЫР – АҚБОТА БОЗДАУ
(Адамзаттың асыл перзенті –
Әбіш Кекілбайұлының рухына)

Бота көрдім мен түсімде боздаған,
Қан жүрегі жанған шоқтай қоздаған.
Боздай-боздай айналды да дастанға,
Сол ақ бота сіңіп кетті аспанға.

Күз басынан суық хабар үрледі,
Оянып ем жылап тұр ел, іргелі.
Маңғыстау тұр Ай-Сәулелі, Үр-қабак,
Ақ жаулығын ботасына бұлғалап.
Бір нар мая исінеді тұлыпқа,
Уыз тамыр Ана болған ұлысқа.
«Ботам қайда?!..Ботам қайда?!.. Құлын» – деп,
Сол Кейуана қолын жайды «Ұ-лы-ы-м!» – деп.
Қаратауым көкке көшті сенбек кім?!
Әр жусанға көңіл айтып Мен кеттім.
Жүрегінің тұсын ұстап Түбегім,
Жұбатып тұр үнсіз ғана қыр елін.
Мың жыл бірге толғатсада мың қазақ,
Туылмайтын кетті өмірден бір қазақ!
...Шын ғажап!!!
Жыламаймын!..Дұшпандары жыласын.
«Тастады – деп – адамзатқа мұрасын»
Жаратқанның жаратылған нұрынан,
Өлмейді Ол, – қалғып кетті Ұлы Жан!
Оянады, сәл, тыныстап алғасын,
Ақиқаттың айту үшін жалғасын.
Көмейінде бұлбұлы бар жан еді,
Көңілінде шын мұңы бар жан еді.
Жоқтың бәрін өзі іздеп табатын,
Бар нәрсеге сәби сынды таң еді.
Жүрегіне салып алған әлемді,
Үнсіз қара нар еді.
Көкірегі күміс сандық,
Алтын сыр –
Әбіш деген менің ағам бар еді.
Дана десем өштеседі данаға,
Бала десем қарамайды балаға.
Енді кім деп айтып өтем жалғаннан,
Сені Әбем, Жан Аға!?...
Сөз таппасам өзімді-өзім кешем бе?!
Темірқазық – атар таңы кеш елге.
Хан мен қара бұл сөзіме тоқтар ма,
Парасаттың патшалығы десем бе!?

Қалай айтсам жарасады қалпыңа,
Қазиналы іс тастадың артыңа.
Сен – Қазақсың, Қазақ – Сенің болмысың,
Жалпы – Саған, Сен айналдың – Жалпыға!

*ДАНЫШПАНДАР ӨЛМЕЙДІ, ТЕК, МЕКЕНІН АУЫСТЫРАДЫ.
ЖЕРДЕН КӨККЕ, КӨЗДЕН КӨҢІЛГЕ КӨШЕДІ. Елесі алыстап,
есімі мен еңбегі жақындайды. Әбекең де халқына бұрынғыдан
жақындай түседі. Әбіш Кекілбайұлы – Тарихқа адал қызмет жа-
сады. Енді, Тарихтың – Әбіш Кекілбайұлына қызмет жасайтын
кезі келді. Тарих – жанды да, арлы құбылыс. Ол, өзіне адал да, құр-
метпен қатынас жасаған таным иелерін жерге тастамайды.
Баба тарих Әбіштің Әлеміне өз қолымен шырақ жағатын болады.
Әбіш Кекілбайұлы – Адамзаттың асыл перзенті. Алаштың қор-
ғаны. Қазақтың асқар тауы, тірегі. Естір құлақтың, көрер көздің,
сезінер жүректің, парасат пен пайымның қайнар бұлағы. Киелі
сөздің жүрегі. Кешірім мен кеңдіктің, кемеңгерлерге тән шы-
дам мен төзімнің үлгісі мен өнегесі. Ұлт пен ұлдың ұстазы. Адал
еңбек, шексіз білімнің, арлы гұмыр, айқын бағыттың, ақ тілек,
рухани сұлулықтың, Тәңірден тін тартқан ұлы таланттың иесі,
шырағданы. Әбіш ағаның рухы риза болсын десек – оның еңбек-
теріне ұлт болып ден қойып, санамызбен саралап, арымызбен
аялауға кірісуіміз керек. Болмаса, айтылған сөздің бәрі бос. Әбіш
аға өмір бойы асқақ арманға, күнге қолын созып өтті. Әрине,
күн бар жерде көлеңке де болады. Көлеңкелерге көңіл аудармады.
Кешіріммен қарады. Сол үшінде Жаратқан Иемнің Әбекеңдей
сүйген құлына деген сыйлығы ол дүниеде де молынан болар.*

*Алтын қолыңда тұрсада – алтын, жерге көмсеңде – алтын.
Әбіш аға да сол тозбайтын алтынның бірі. Енді оның құны
артпаса, кемімейді. Әбіш дегеніміз – Қазақ деген сөздің ба-
ламасы. Ал, Қазақ деген сөз – Әбіш деген сөздің баламасы.
Қазақтың осындай алып тұлғалары, тұтас ұлттың болмысы-
нан жаралған. Сондықтан тарихи тұлғалардың болмысы –
тұтас ұлттың болмысына тең. Әбіш Кекілбай ағаны да өзінен
бұрынғы Қазақтың алыптары секілді ұлтынан тыс елес-
тету мүмкін емес. Демек: ӘБІШ ДЕГЕНІМІЗ – ҚАЗАҚ!
ҚАЗАҚ ДЕГЕНІМІЗ – ӘБІШ! Қазақ халқы жер бетінде қанша
өмір сүрсе – Әбіш ағаның рухы, есімі сонша өмір сүретін болады.*

ҚАЛНИЯЗ ЖЫРАУДЫҢ КӨШІ¹

Құлаған құздан құлжасын,
Жаһанға сыймай бір басың.
Қан кешіп жүріп толғаған,
Сендей болмақ ұлға сын.
Жараңды ұлып жаладың,
Қайғысын көрдің қараның.
Патшаның көрдің ойранын,
Қан құсып жатты алабың.
Қан-қан да болды терлігің,
Терлігін сұртпей келді ұлың.
Алдынан шығып
Әруақтың,
Жыладым үнсіз мен бүгін.
Ерлерде намыс от барда,
Көш түзелді тоқтар ма?
Дәуірмен қайта қауышты,
Ордалы халық От-Манда!
Алтын-ды күйме жыр көші,
Сөгілмей келген іргесі.
Жұмаққа болды бергісіз,
Маңғыстаудың бір кеші.
Неше бір ұлыс, ұлты жүр.
Тіктелді қайта бір тұғыр.
Қаратауда Қалнияз,
Қарашы көкте бұлты жүр.
Күмбір-күмбір күймелі,
Айтып жатыр күй нені?!
Қобыз сарнап қолтықта,
Жүректі өксік түйреді.
Дегелек ұшты делбендеп,
Қаз-үйрек ұшты қалбаңдап.
Шүйілді қыран көктен кеп,
Жапалақ ұшты жалбаңдап.
Жамалы күннің жамырап,

¹ Қалнияз – Қалнияз Шопықұлы.

Құм шағылдар аңырап,
Бекеттің Пірлі тауынан,
Келеді құлжа маңырап.
Өз ұлы – енді, өз бағы,
Көрерге керек көз-дағы.
Маңғыстауда Қаройдың,
Желіні иіп боздады.
Кеудесін Ерлер керіп жүр,
Әруақтар самсап еріп жүр.
Көтеріп басын Ер Досан,
Исаға хабар беріп жүр.
Наркескен қылыш сынбаған,
Қалнияз келді Жыр-Бабам!
Неше бір Ердің сойы тұр,
Қылышын қанға сырлаған.
Қаройда қалың қол жатты.
Өреуіл-өткен жол жатты.
Бестөбеден Ер Қосай,
Батасын беріп Ол жатты.
Неше бір сұлу салқам-ай,
Халалдан болған қалқам-ай!
Ел біріксе көңіл шат,
Айтылар әлі ән талай.
Жаудың құтын қашырған,
Бесқаруын асынған,
Анау бір тұстан көрінді,
Атағозы, Ер Лабак,
Есен-Сүгір, Ер Шабай!
От-Манға келді Қалнияз –
Ол да бақыт білгенге!
Баталы-байрақ іргеңде.
Шүкірлік ет те
Дұға қыл,
Аздырған жау мен тілге ерме?!
Жан жетпейді жақынға.
Салып көр халқым ақылға.
Ер Адай мен,
Пір Бекет,

Үш жүз алпыс Әулие,
Ерулік берді Ақынға,
Қалнияздай Батырға!
Жақсыға келмес сенгісі,
Жігері қара жер кісі.
«Жақсының ісі жария» –
Елдігіңнің белгісі!
Құтты болсын құрмалың,
Құралып басты бұрғаның.
Құдайдан тілеп Қалнияз –
Жатар да жебеп ұлдарын!..
Күндей шалқып ұл жүрді,
Күңкілдесіп тұл жүрді.
Отпанда жағар отыңа,
Тамызық қылдым бұл жырды!

– Орыс Патшасының отаршылдық саясатына қарсы шыққан атақты Иса Тіленбайұлы мен Досан Тәжіұлы бастаған халық көтерілісінің көрнекті өкілі, ұлт-азаттық жорығының жаршысы, жауынгер ақын, ел қорғаған ер, тарихи тұлға Қалнияз Шопықұлының (1816 – 1902) сүйегі Тәжік елінде қалғандығын білетінбіз. Жауынгер ақынның сүйегін Отпан тауға әкелуді Батырдың жақын туыс-ұрпағы даланың данагөй ақсақалы Өмірзақ Қалбай (Марқұм болды) балаларына, азаматтарға аманаттапты. Маған да бір сөздің ретінде Өмірзақ Қалбай ағамыз бұл мәселені ескерткен... (Менің денсаулығым да, мүмкіндігім де болмады. Бірақ шын жүрегіммен тілектес болдым. Себебі, батыр бабаның рухы елге, соның ішінде Отпанға келсе: жастардың, жалпы халықтың кеудесіне жорық жырларының шоғы түсіп, намысы лапылдап, рухы оянады. Қалнияз жыраумен бірге оның жырларындағы ел қорғаған батыр бабалардың да есімдері, өнегесі мен өр келбеті ере келеді. Ол ұлттық рухымызды оятады. Мұндай ұлы бабалардың кесенесі – ұлттық елдігіміз бен ерлігіміздің, серт пен сенімнің темірқазығы болады. Басына келіп дұға бағыштап, балаларымызға баян етіп, жырларын тыңдатып, әртүрлі мәдени шараларды өткізуге, жанды қуат береді. Тірілер үшін керек осындай амалдарға түсінікпен қарап, оны дәріптеп, қолдап отыру үлкен тәрбиелік қадам мен қағида екенінде аңғару керек. Бүгінгі Қазақ елінің, киелі Тәуелсіздігінің: тарихи тәлім және тылсым

мен тіндестірудің де нәтижесі өте зор болмақ. Өмірзақ Қалбай ағамыз осыны ойлаған болар, көпті көрген адам зой. Қарақалпақ еліндегі Қосай Ата қорымы да сол кісінің еңбегі. Мен, әйтеуір, осылай ойлап армандадым. Елін қорғаған ерлердің ешқашан ұмыт болмайтынын ұрпаққа көрсетсек қой, шіркін, дедік. Көктем тілеген қиялға бергісіз осы аманатты, Қалнияз жыраудың ұрпақтары орындап шықты. Қалнияз жыраудың сүйегі – ұрпағына тән. Ұрпағынан жақын бола алмаймыз. Ұрпағы – сүйектің иесі. Сүйегін Отпанға қойды. Қалнияз жырау оған лайық тұлға, ай мүйізін аспанға жаныған құздың құлжасы, қазақтың – Серкесі! Отпан тауға батыр бабаның рухы бұрынғыдан асқақ айбын, өміршең өріс берді. Енді, Отпан тау: ерлік пен ерлікке толы ұлттық рухтың бесқаруымен жаратқанды. Қазақстан, Ұлы Қазақ халқы – осындай асқақ рух пен армандардан, бірліктен рухани күй-қуат алатын болады. Қалнияз жыраудың кесенесінің жанына ақынның жырына арқау болған батырлар мен жорықтардың мүсін-бейнелерін жасап, қазіргісінен де күрделендіріп, әрлендіріп, тәлімгер-тарихтың өшпес мәдени мұраларын жасау керек. Ал, Қалнияз жыраудың ерлігі мен жыры – халықтыкі. Қалнияз жыраудың ұрпақтары аманатқа қиянат жасамады. Қ. Шопықұлының сүйегін Отпан тауға әкеліп жерледі. Марқұм, Өмірзақ Қалбайұлының да ұрпақтарына рухы риза болған болар. Тұтас ел болып қаһарман ақын Қалнияз жыраудың сүйегін, рухын, алдынан шығып, Бейнеу, Шетпе елді мекендерінен күтіп алып, Отпан тауға бірге жерлестік. Бұл бір зор бақыт, қуанышты сәт болды. Ел-елдігін көрсетті. Ұрпақтарына осы ерлігі үшін, өнегесі үшін шексіз алғыс айтамыз! Бізге бұдан артық қандай қуаныш керек. Себебі: Ақын, Қалнияз жырау барша қазаққа ортақ – тарихи Тұлға! Қалнияз жыраудың рухы елге келісімен-ақ Республикалық дәрежеде әдеби, мәдени, тарихи танымдық тұрғыдан жедел шаралар легі өткізіліп, ғылыми, ақпараттық айналымға түсе бастады. Осының өзі – жасалған шаруаның жанды да, оң көрінісі. Ұлттың рухын ояту үшін керек амал мен әрекет, тарихи ұрандарға ұштасқаны дұрыс. Қалнияз қайта тірілді!

БОЗДАҒАН АРУАНАМЫЗ БІЗДЕР ДЕГЕН

*(Қазақ даласын қан кешіп жүріп қорғаған
Ұлы Бабалардың рухына)*

Құмаршық, құмбетеге, құралайгүл,
Жан қалқам жан жарамды сұрамай жүр.
Қайыпқа ән салдырған біздің Адай,
«Аһ» ұрып ат жалынан құламай жүр.

Оймауыт ойдым-ойдым, атжал қырым,
Қаратау хан-салтанат жатқан жырым.
Пыр-пырлап алқаракөк көлден кетті
Күйдірме шалғай қонып ақтан күнім.

Мен байғұс ақтан күйген ебелекпін,
Көз жасын көп жасырған көбелек күн.
Тобылғы, ырғай бұта ырымшыл ел
Ой матау, ойсылқара бөгелек түн.

Маталып қалың ойға шырғалданып,
Қайғымды қаймана көп жүр малданып.
Бас бөрік, қолы сынса жең ішінде
Сын айтып үндемейді сырғал халық.

Аспа шам, ай көрік түн барқадарым!
Көркіне көзім тоймай шалқаладым.
Бабамнан қалған мұра Маңғыстау – деп,
Түбекті түгел құшып жарсаламын.

Көзайым көк пенен жер құлпырады.
Жұмақпен бұл өлкенің бір тұрағы.
Маңырап айыр тұяқ ақ табан жол,
Ақжолтай сүйіншілеп ұмтылады.

Ойламай олжа тауып қалта қамын,
Тыңдадым ұлттың мұңын, зар талабын.
Көрінген көкаттыға шашу шашып,
Жауды да жалғызымдай арқаладым.

Сеніммен ар-иманды құндақ кылған,
Бағзыдан бал-бал таспын жырлап тұрған.
Бәрібір бір омыртқам артық менің
Бойымды қол созамын ырғап шыңнан.

Дұға қыл, қолыңды жай молда құмға,
Айдай боп он төртінші толғаныңда.
Жатпайды үш жүз алпыс Әулие кеп,
Жер жайсыз, Ел киесіз болғаныңда.

Қаратау атасы күн, анасы құз,
Шынымен нұр-тектіміз шамасы біз.
Тін тартқан сіңір созып тарамыстан
Шыдаммен, қанағаттың баласымыз.

Бара ма адастырып із бағыттан?
Атады бар қызығын қызғанып таң.
Қырғиға өз жемсауын жарып беріп,
Сайрайды біздің торғай мырзалықтан.

Қайтемін шет шешімін, жат кесімін,
Нарқым сол – нартаулардың нақ төсімін.
Отпан тау!..Адай ата-Қарашаңырақ,
Алаштың тербетіп тұр ақ бесігін.

Толғатып Пір Бекетті тапқан елміз,
Мың шырақ мұнараға таққан елміз!
Ұлықтап Алты Алаштың ар-намысын
Адаймыз!..Ұранотты жаққан елміз!

Құшақтап ен Қазақты от жүрекпен,
Көңілге көк көгершін жетті көктен.
Ардамыз!..Алаңсызбыз!..Жаным жайсаң,
Жау келсе жалаң қылыш кескілескен.

Көкбөрім көкке ұлып сілкінеді,
От құшақ Отпан таудан жыр түледі.

Киесі Алты Алаштың – Адай Ата,
Қазақтың қайысқанда бір тірегі.

Қашанда ел бірлігі ырыс басы,
Отпан тау, ордалы жұрт ұлыс басы.
Мысалы: Алты алаш – алтын жүзік,
Жүзіктің Адай Ата – күміс қасы.

Туыспын тура сөйлеп келгендерге.
Ақ сөйлеп, адал жүріп сенгендерге.
Мен оған жүрегімді жастық қылам
Бауырын төсеп жүрсе ел мен жерге.

Ұл қандай, ұяң басқан қызың қандай,
Қызғалдақ қызға айналып сызылғандай.
Мастанып Маңғыстауға қарай берем,
Түнемел қымыз ішіп қызынғандай.

Еселеп епіршігін бал шұбаттың,
Үзіктен жұлдыз болып тамшылап түн.
Телміріп темірқазық көктен қарап,
Қойкөз оқ қорғасындай балқымақпын.

Отпан тұр талшын талдай көктен күліп,
От жағып ошақ сайлап кеткен біліп.
Қорқыт күй, қобыз ішек сарнама жел
Тағдыры біздің елдің неткен қызық.

Құм шағыл, түлкі бөрік, бөкен жарғақ,
Жанымды жанған отқа жетем жалдап.
Бір көрмей Маңғыстауды өмір сүру,
Ес білген ен Қазаққа бекер болмақ.

Қалнияз, Қашағанмын¹ жырмын бөтен!
(Болады енді саған кіммін десем?..)

¹ Қалнияз, Қашаған – Маңғыстаудан шыққан қалың қазақтың қаһарман ұлдары, дүлдүл ақындар.

Жарысып көкмойнағы құландармен,
Дүркіреп бара жатыр дүлдүл мекен.

Көшкен бұлт, ескен самал, жасын жігер,
(..Бұлттансам бұл бір сырын жасырды – дер.)
Басыма мұнаралар шырақ жаққан,
Айбергенов¹ айтқандай бәсімді бер.

Мен болсаң, Мен де онда Сенмін аға!
Антқа-ант, сертке семсер бергін аға!
Күзеткен қарашаңырақ, ұлы ошақты,
Қазақтың нағыз ұлы Менмін аға!

Мінеки, төгіп салдық ақтан жыр ғып,
Үнімді сай сімірді, шатқал қылғып.
Алаштың бір баласы Адаймыз – деп,
Есімін Ер Бабаның мақтан қылдық!

Әке ме!? – Хақтан үкім, жарлық дара!
Ұмытпа әке атын қалғып бала!
Ұлт қылған ұран салып мына бізді,
Жасасын барлық ата, барлық баба!

Өзің біл Маңғыстауды қалай ата,
Ақ шейіт, жатыр, әне, талай ата!
Ақ Бекет, сан сахаба, мың әулие,
Отпанда жер иесі – Адай Ата!

Тіз-көген тізеліктен шідерлеген,
Жанымды жарау едім жыр емдеген.
Есімін Ер Адайдың тауға апардық,
Ақ киіз, Теке-Жәуміт кілемменен.

Көшпедім ән сандықтап, теңдемей жыр,
Бұл күнде кім қайысып «Ел» – демей жүр.
Қарайды қайып тігіп ақ көйлегін,
Тік жаға, жібек шапан, желбегей қыр.

¹ Айбергенов – ақын, Т. Айбергенов.

Тұрады қыдыр дарып, ырыс қарап!
Кең орда керегелі тыныс ғажап.
Алтын құм, жез жебелі, боз көделі,
Ақбоз үй, жез босаға, күміс шабақ.

Тылсым қыр, төрткүл төбе дөдегелі,
Құдайдың қолы қандай шебер еді.
Асынып бес қаруын біздің шалдар
Сар желіп, сағым кешіп жөнеледі.

Сай қолат, қайнар бұлақ неткен желек.
Тамағын су сұрайды бөктер кенеп.
Қойтасы, құлпы тасы құран жастап,
Тілейді Хақтан қайыр, көктен көмек.

Жан сырын жақпар тасқа берген келіп,
Ақ бұйда Асан қайғы желмен желіп.
Тарихтың шындығынан тату үшін,
Кетіпті жүз милеттен керуен келіп

Көңілім күннен жарық кірлемейді,
Туған жоқ тура биде тіл не дейді.
Астында Қаратаудың қалың тарих,
Келемін Ман-Атадан¹ бірге дейді.

Салулы үй, салқам төре сарай деген,
Хан-халық қақпасына қарай берем.
Тарихқа күйме жегіп келіп тұрмын,
Қазаққа өз шындығын қалай берем!?

Жагады бастау алып іздер менен,
Із кессе табысармыз сіздерменен.
Нәр алған боз жусанның тамырынан,
Боздаған Аруанамыз біздер деген.

¹ Ман-Ата – Маңғыстауда Маната атты жер атауы бар.

КӨРІСЕЙІК, ҚҰШАҚ АШ!

Халық-дана!..
Сосын бір топ надан бар.
Не десеңде кері тартып табандар.
Есімдерге күйе жағып құлатқан,
Ессіздердің көмейінде бар аңғар.
Алашымның көп талаған дарасын,
Ай, қу надан!..
Тағы кімді қабасың?..
Арамдайды сүтке тиген мысықтай,
Аспан менен қара жердің арасын.
Отпан тауға
Амал келді, ақ келді!
Туыс-тума, алыс-жақын, жат келді.
Итке сүйек,
Адамдарға жыр шашу,
Жүгіріндер «Бірлік» атты бақ келді!
Ұрпағыма,
Ұл-қызыма аманат!
Ерлер менен құрдық жүріп қағанат.
Намыс түгел,
Арым биік, тілек ақ,
Іні тірек, болды тәлім, аға –хат!
Әрбір таңнан іздеп өттік жаңа бақ,
Әр Қазақты сүйіп өттік бағалап.
Періштемен пейілім бір,
Жүзім нұр,
Ей, надандар ұнамадық саған-ақ!
Ту сыртымнан
Оқтап жүрсің мылтықты,
Алдымнан кел, адал ат!?!..
Саған қандай кінәміз бар білмедім,
Санаңызға алған шайтан балалап.
Отпанға кел,
Көрісейік, құшақ аш,
Кетсейші бір пейіліңді жаңалап!?

АЙНАСЫ СЫНҒАН КӨҢІЛМІН

«Қол кісенсіз байлаулы,
Іш қазандай қайнайды».

«Көкмойнақтың үйірі» – халық жыры

Орыстың Ақ Патшасы да қара қазақты аямағаны тарихтан белгілі. Қазақты қанжап қылып қырған кешегі Қызыл Үкіметтің (Кеңес Империясының) қансонар әрекеті де қалың елді тоз-тоз қылды. Көмусіз қалған көп мұңдық пен ашусыз қалған көп шындықтың құлыбы бар да, кілті жоқ. Есесі кеткен халықпыз, ендігі күніміздің не болмағы бір Құдайға аян... Зар заманның зарынан жат жерде сүйектері қалса да, ақ тілектерін Атамекенге жалғап кеткен әруақтарға, шет елдерде жүрген бүгінгі қандас бауырларымызға арнаймын.

Автор

Жал-жал да құмдар, жал құмдар,
Жан бабамды-ай алдыңдар.
Жанын бір көзге көрсетіп,
Жаныштап көрге салдыңдар.

Жау семірді-ай зәріне,
Өзәзіл мінді кәріне.
Уәзипа, уәжіп, ұлағат
Әдіра қалды бәріде.

Таусылып ердің амалы,
Тар жолдың көші қаралы.
Жетім де күшік жер бауыр
Жылымшы қаннан жалады.

Түлік те безіп төлден кіл,
Төбеңді ойып төнген жыл.
Атасы қасқыр бөлтірік
Айға бір ұлып өлген жыл.

Сайға да тұлып толған жыл,
Сайланып құзғын қонған жыл.

Көмусіз қалған көп сүйек
Қорқытқа қобыз болған жыл.

Аяуда білмес неткен жын,
Аяғы келген көктен кім?!..
Аруана шайнап ботасын
Көрт үлек күлге шөккен күн.

Ақ болып басты оң жақты.
Қызыл боп басты сол жақты.
Ақ Патшаны да аударып
Тек жатқан бізді сорлатты.

Орыс та ойлап тапты ма?!
Жөйтке, әлде, жақты ма!?
Ажалдың ашты қақпасын
Тапсыздар¹ менен таптыға.

Тасыған теңіз күшіндей,
Ел жұтылды-ай бүтіндей.
Патшалы байтақ орыстың
Өзі де жатты түсінбей.

Байлар да өлді жансыздан,
Кедей бір өлді малсыздан.
Ұтылып жатты күллі әлем
Имансыз бенен арсыздан.

Адалдан нәсіп ас қалды,
Адамға адам қастан-ды.
Қызыл ту ұстап өршіген
Қып-қызыл жалын басталды.

Ту алған жанда тұрыс жоқ,
Өзінен басқа дұрыс жоқ.
Жетпіс жыл илеп санамды
Қатып бір қалдым құрыш боп.

¹ Тап – Үстем тап және бұқара халық деген мағынада.

Етектен басып елірді.
Төріңнен қазып көріңді.
Тамырдан шауып талмады
Бір тұтам болған өмірді.
(Табытшыл тажал ойқастап,
Көзі бар жанға көрінді.)

Бітпеген зарлы ән сынды,
Болмаған атып таң сынды.
Тағдырдан солай зауал боп
Қабаққа біздің қан сіңді.
(Таксірет тақта тәмсіл-ді.)

Келімсек құлдың әнтегін,
Келеке қылды нар тегін.
Құранға қолы жетпеді
Халифа, хакім, халфенің.

Жөн айтып қылар қайда наз,
Жөнелді көпті айдап аз.
Үкімет қызыл қолы қан
Қолсұрткі болды жайнамаз.

Тебініп тексіз тулаған,
Ақ ішіп, жүзін жумаған.
Мешітке келіп сарыды
«Кеңесшіл» кербез қу надан.

Бұғынып бұлттан шың қашты,
Сырлы аяқтан сын қашты.
Бәлшевик деген зұлматтан
Адам да түгіл жын қашты.

Иман да-шарттан жаңылды,
Зымыстан заңға таңылды.
..Сұлтандар мініп жүр әлі,
Суға бір кеткен салымды.

Құлаштап салып шынжырды,
Құлдардың жайын жыр қылды.
Теріп те атып текесін,
Алаштың белін сындырды.

Түрі де қашқан түзді көр,
Көрінген жанға үздігер.
Айдамай түскен аранға,
Ақбөкен көрсең, бізді көр.

Кеудемді самал жел үксің,
Шідерді шешер келіп кім!?
Көзінде қанша тарих бар,
Талауға түскен еліктің.

Таң менен тұрып таластым,
Жан бермеу үшін жанастым.
Көтеріп басын сүйер кім,
Ақбөкен тағдыр-Алаштың!?

Үкімет келді қызылдан,
Тағдыр да солай сызылған.
Жеті ағайын жұт жалмап,
Халық бір сендей бұзылған.

Жан болмады-ау жаласыз,
Жапанда өлді панасыз.
Тігерге сайғақ табылмай,
Сан әулет қалды қарасыз.

Үрейден бітті тасқа түк,
Үйелмен жұрт та бас қатып.
Мал менен жанын бір алды,
Қасқаның елін қақсатып.

Қара да нардың белінде,
Қаралы жұрттың елінде.

Өлімге болмас салтанат,
Момынға жау көп тегінде.

Жұтылды қазақ жоқтыққа,
Жарылар маңдай соқтықса.
Сағана там мен көк күмбез,
Бейбіт те күн мен тоқтықта.

Қазулы тұрған ор-жыра,
Қазаққа қамсыз толды ма?!
Өз малының да сүйегін
Жасырып жеген сорлыға.

Қайда бір қалды хан орда,
Күлтелі күміс сан орда.
Ала да басқұр, терме ши,
Жегені жая, бал орда.

Кемерінен де көп астау,
Төрт түлік жайлап төл астау.
Көз жасын сығып ол қалды,
Қима да құдық, көк астау.

Күмбір де күмбір елім жоқ,
Күрең ат мінген бегім жоқ.
Аққудай келіп тізіліп
Ақ бата алар келін жоқ.

Жұлдыз да ағып, ай қалып,
Соғады самал жай налып.
Абыздар берген ақ бата
Ақ бұлтқа кеткен айналып.

Адал да сезім, шын ғашық,
Ерінген еркем бір басып.
Ашулы қалған жез сандық,
Шашулы төр, сырлы асық.

Торғай да ұшып күнімен,
Ұзатқан қыздың жүгінен.
Қиылған ішек домбыра
Қыл сағақтың да түбінен.

Боз үйді көрсең құлақ түр!
Боз қасқа айтып жылап тұр.
Табаға салып қуырып,
Хақтан да келді сынақ бір.

Көруге мұны жүрек бер,
Кебінсіз аппақ тілектер.
Лағыл да маржан, құбылтас,
Білезік киген білектер.

Азасыз қалған пақыр жан,
Дұға да қыл деп шақырған.
Орама күміс ақ білек
Бұлғайды қолын тақырдан.

Кең жайлаған-ай кермелі,
Керегемді-ай шер жеді.
Жұлынған бұрым, жұққан қан,
Ата бір жаудың ермегі.

Тектіні теуіп кем қылды,
Тезекке басын тең қылды.
Ханзада туар қатынның,
Құрсағын құртқа жем қылды.

Құлады нарлар бүктеліп,
Тұрмады қайта тіктеліп.
Үптеп жатты-ау қазақты
Үй бас сайын-ай жұт келіп.

Кәуірдің демі басады,
Қаулаған қамыс жасағы.

Әдеп те ғұрып, салт-дәстүр
Иманнан шұлғау жасады.

Тамырсыз тастан көгердік,
Тарихты теріс өлең ғып.
Құдайсыз өңкей «Көсемге»
Құдайдай көріп көп ердік.

Кешірет дағы Тәңірім,
Күнәсын жас пен кәрінің.
Адасып өскен бейбақтан
Жол сұрай берме, жарығым.

Жаны да сірі неткен ел,
Жарылып өлген кектен ел.
Сүйретіп ішек-бауырын
Қайта айналып жеткен ел.

Жат жайлаған да жерім-ау!
Көрдің бе сонда мені жау?!
Күшіктеген-ай ит-құсқа
Қалжа бір болған елім-ау!

Босаға қалды бор құмда,
Кереге қалды кер құмда.
Көшкен де елді қарсақ жеп,
Таландың итке сен мұнда.

Буынып өстім, бұлқындым,
Бұғауда жүріп жұлқындым.
Қазақты қазақ жат көрсе,
Кімі бар басқа жұртымның!?
(Қашанда елге құлқы жау,
Қанағатсыз да құлқынның...)

Ордалы сарай тақ қалған,
Дорбашыл билер сатқаннан.

Көкпарға түскен серкедей
Біздің де халық тапталған.

Жәннаттан болсын базары,
Нұрдан да болсын ажары.
Жанбабам құтқа балаған
Жаудан да келген қазаны.

Бір Аллаға-ай жеткендер,
Жазықсыз жапа шеккендер.
Ата бір қоныс бұйырмай,
Айдауда жүріп кеткендер.

Естілер ғасыр, жылдан зар,
Иесін күткен бір дәм бар.
Атажұрттың-ай киесін
Аманат-дұға қылғандар.

Тілеуі ердің кесілген,
Жетім бір жылап жесірмен.
Табанның қанын тас ұрттап,
Етегі желмен есілген.

Үйірді бастар ала жоқ,
Бұданда асқан нала жоқ.
Құзғынсыз сай мен сала жоқ.
Ауғанда елде ес бар ма,
Бесігі бар да, – бала жоқ
(Баланы іздер шама жоқ).

Есепсіз қара түн болған,
Көзіңді ашсаң мін болған.
Ел тербейтін де бесікті
Жел тербейтін-ай күн болған.

Кеткендей суға серменді,
Шеміршек бойлап шер келді.

Шайырлар жоқтап тұншықты
Шайхы-пір, шаһбаз ерлерді.

Атанның белі сынған жыл,
Қазақты қанжап қырған жыл.
Сауысқан саяқ жол бастап,
Адасып өліп тынған жыл.
(Ажалсыз қалды мыңнан бір.)

Ақ сүтін сауып жылады,
Ақтан бір күйіп құлады.
Періште тектес есіл ел
Пейіштен шығар тұрағы.

Заманы құрғыр құйындай,
Базарға түскен бұйымдай.
Бөліп алды-ау ит пен құс
Өлгенге мола бұйырмай.

Он екі мүше бөлінді,
Ол жайлы ұрпақ не білді?!
Сүйегін термей атаның
Сүйісіп жат пен тебінді.

Қаралап қайтем бәрінді,
Халалдар қайда тәлімді?!
Желкеннен қылыш кеткен жоқ,
Жүрсің бе біліп әлінді?!

Ажалға Алаш асылып,
Аяққа түсті бас ұрып.
Әр жусанның-ай түбінде
Қазақ бір жатты шашылып.

Көңілде қара тас қалды.
Тас ішінде-ай жас қалды.
Шірігіп шіркей көзін жеп,
Кеуде бір лас, бас қалды.

Еріккен жауға доп болды,
Есесі қайтпас оқ болды.
Еңіреген қыз, келінге
Ежелгі дұшпан тоқ болды.

Жаңылды халық сөзінен,
Жау шыққан соң-ай өзінен.
Шолақ та иттер көп үрді
Ерлерді тізіп көзінен.

Жанкешті ерлер намысты,
Жан беріп жүріп табысты.
Қазақтың отын сөндірмей,
Кісен мен жүріп алысты.

Ерлер ғой көрген қиянат,
Кеудеге қайғы ұялап.
Зияпат зият көңілмен,
Қылып жүр қалқам зиярат.

Ұмытып ұлдар ұранды,
Содан соң құлдар құралды.
Кәнизак қыздың беліндей,
Еріксіз заман бұралды.

Қолым бір жетпей бой талды,
Содырлар салды сойқанды.
Сазы да бөлек, би өзге,
Ордалы сарай ойқанды.

Сайланған ерді сан алды,
Сары да жебе қадалды.
Ақ қағазға-ай мөрленген
Жарлықтар жалмап жан алды.

Болсын деп ізде ұл аман,
Жақ ашпай ерлер сұлаған.

Құлынға беріп ық жағын
Құлагер шалдар құлаған.

«Бірі де – шекер, бірі бал,
Біздерден басқа кімі бар?..»
Атадан туған ұл болсаң,
Алаштың зарын біліп ал.

Ызалы жерді басқан жоқ,
Ындыннан пейіл асқан жоқ.
Қақпағын қанды шындықтың
Біздің де ұрпақ ашқан жоқ.

Боздаған самал жыр қылмақ,
Боз жусан түбі бір-бір жат.
Құлагер шалдар құлаған,
Құрдымнан шындық шыңғырмақ.

Қара да қалай ақ болмақ,
Ақты да жүрер Хақ қолдап!
Ашылмаған-ай шындықтың
Үстінде қалай бақ болмақ!?

«Төбемнен бұлт боп өт» деп тұр,
«Жырынды, балам төк» деп тұр.
Сүйегі суса шалдардың
Тілегі гүл боп көктеп тұр.

Гүл қауызы-ай бал-шырын,
Жаралған нұрдан тамшымын.
Қызғалдақ тектес Қазақпын
Қауызға біткен бар шыным.

Қызғалдақ тағдыр гүл едім,
Гүлден де нәзік жүрегім.
Үркердей ғана ұлт едік,
Нәр алған күннен бүр едім.

Жаным да жара, сол денем,
Табанын тіліп сор жеген.
Алыстан толғап лақтырған
Келемін жүріп торменен.

Көрмеген елдің көрі жоқ,
Шықпаған жаудың өрі жоқ.
Бостандық деген ауылдың
Төбесі барда, төрі жоқ.

Таусылған, әлде шарамын.
Азалы перне, қара мұң.
Босаға бойлап шаршадым,
Жаттың да бағып қабағын.

Өткен бір тарих – өлім кіл,
Етегі қан-қан кегім жүр.
Толғап та жұтқан кер жылан
Кереге бойлап неғып жүр?..
(Есің бір барда шегін, жүр!)

Тектім де қалмай тірімнен,
Тілімнен қармақ ілінген.
Қызылда жаға қыл бұрау
Қанымды судай сімірген.

Кетпейді сосын жырдан зар,
Зар түбінде-ай зындан бар.
Жете алмаған ел-жұртқа
Қазақтың зарын тыңдаңдар.

Неше бір боздақ тыс қалған,
Неше бір ғұмыр қысқарған.
Жылы сөз күтіп жүр қазақ
Сөйткенде Қазақ-Станнан!..

Ата бір шыңға құс қонған,
Атаның жолын ұстанған.

Атылған маған оқ көрдім
Жаныммен сүйген ...Станнан.

Аумасын бастан азат күн,
Азды да қылмас мазақ кім?!
Қан жүрегі-ай мен едім
Қарға да тамыр қазақтың!

Туғанды туған ұнатар,
Ту сыртыңнан да құл атар.
«Қалған да көңіл – шыққан жан»,
Кім келіп жанды жұбатар?!

Өртенген өрттей өңірмін,
Өзектен теуіп неге ұрдың?!
Жүрекке түскен сызаттан
Айнасы сынған көңілмін.

Өлке де кенже, өмір кеш,
Өрт шалған байғұс шегінбес.
Айнасы сынған көңілден
Заманың түзу көрінбес.

Түзелер түмен сауығың,
Оралар сосын дәуірің.
«Битке өкпелеп тон жағып»,
Еліңнен безбе, бауырым!

Жаттағы қоныс жазым-ды.
Кім тыңдайды-ай сазыңды,
Ақтан күйіп «аһ» ұрып,
Сүйегің болар қазынды.
(Ту тіккен елің болмаса,
Айтар ең кімге назыңды.)

Сөзден де маржан терейін,
Сүйген де елге не дейін?!...

Атажұрт туған ел барда,
Жат жерде үстем мерейің!..

Ағарса көңіл кір болмас,
Күнінде пенде кім болмас?!
Ту көтерген де ағайын,
Ата бір жұртта мін болмас.

Келмеген жан жоқ, кетпеген,
Ботадай боздап шеттеген.
Үмбеті үшін, Дін үшін –
Пайғамбар кеткен Меккеден.

Мәдинаға да барған-ды,
Пайғамбар жаққан шам қалды.
Жаныңмен сүйіп құшақта,
Жаралы жүрек жандарды.
(Айдаса зауал жөнелмек
Алтын да мөрлі Хандарды.)

Кеткенді тілдеп зілденбе,
Келгенді түртіп іргенде.
Басының қайда қаларын,
Пендесі құрғыр білген бе?!

Басылмас жанның арманы
Тістеулі кетсе бармағы.
Қара да жердің бетінде
Қара бір дауыл өтінде
Талайлар талып зарлады.
Құдайдың пенде қаңбағы.
Қай жерде қашан белгісіз –
Кеудеден жанды алмағы.
Бәрімізде-ай босқынбыз,
Адам бір Ата-Һауана –
Жұмақтан шығып қалғалы.
(Аллаға шүкір етпесе –
Құлдың да қапас жан-жағы.)

Жығылып жылап, жұт көрген,
Айырып құдай құт белден.
Шет елде жүріп елсіреп,
Қаралы хаттай бүктелген.

Қайғың бір ортақ қаның бір,
Ата бір дұшпан бағып жүр.
Қаны да бірге қазақтың,
Жолына шырақ жағып жүр.

Дауыл бір соқса қос қалмас,
Аңдыған жауың бос қалмас.
Ел басына да күн туса,
Қазақтан басқа дос қалмас.

Кеткен де жанда арман бар,
Сағыныш болып жанғандар.
Жан беріп жүріп ар сақтап –
Қазақ боп мәңгі қалғандар.

Қазаққа ортақ мына жер,
Құдайым қолдап тұра гөр!
Аңсап бір келген туысқа,
Ағайын мойын бұра гөр?!

Қаншама тарих – қан дерек,
Ұйқысыз қанша таң керек.
Үргедек елдің көңілін
Үмітпен баптар жан керек.

Наданға жолың шалықса,
Басыңды сүйрер табытқа.
Елінің басын қосатын,
Ер керек біздің халыққа!

Жаксылар елге асық-ты,
Жаманның сөзі сасық-ты.

Алашқа көсем қыла гөр,
Аллаға іңқар ғашықты!

Ұлтсыз да болса ұл жаман,
Ұятсыз болса-ай тұл ғалам.
Өлшеусіз өртпен ойнап жүр,
Бөксесі қызған бұл заман.

Әр дәуірге де бір сынақ,
Әуреге салар шымшылап.
Заманның төсін жалайды,
Зауалдың иті қыңсылап.

3-ҒА!

Бір жігіттің жетілмегі елден-ді,
Өз бабына ер келді.
Күллі әлемнің кешіп жүріп айлағын,
Жан жылуын жан ұлтына берген-ді.

Ер жігітте – шыршасындай орманның,
Болар оған қорған кім?!
Орман сынды қайран ауыл жайқалар,
Ел-жұртына ерлер қорған болған күн.

«Аманатын арқалаған жылдардың»¹,
Шың басында шыр-шыр етіп тұрған кім!?
Азаматың рәсуа болмасын,
Тудың екен сақтай біліп, құлданғын.

Зәке², мынау кітабыңды оқыдым!
Жанға келді тосын үн.
Шәкірт сайла, енді кім бар ізіңде,
Бар жүректе осы мұң?!

¹ «Аманат арқалаған жылдар» – халық қалаулысы, өлкеміздің айтулы азаматы, қазақтың қамқор ұлдарының бірі – Зейнолла Алшымбаевтың естелік, дерекнама кітабы.

² Зәке – Зейнолла Алшымбаев.

МЕНІКІ БАЙТАҚ ДАЛА, ҚАЛЫҢ ҚАЗАҚ
(Баба Тілім – Бал Тілім! Ана Тілім – Алтыным!)

Аспаным кең жайып тұр керегесін.
Күн шылап күміспенен кенересін.
Мен қақтым қанатымды көк зеңгірге
Қалдырып көптен неге шегересің!?

Қай бабам кемшін еді өз күнінде?!
(Жібектен асыл боп жүр бөз бүгінде.)
Жалындап жатыр менің жан қазынам
Қазақтың том-том болған сөздігінде.

Ақ маржан, алтын моншақ түр-бедері,
Талшыбық талмау тамыр бүрленеді.
Жем болған гүл жемірге¹ боз жапырақ,
Қауызын қашан ашып түрленеді.

Боз жусан бой көтеріп қына белден,
Бұрымын бұлақ көрдім жылап өрген.
Қаншама жайылған қол жанымда тұр,
Теңдігін қазағының сұрап өлген.

Қоз-қайғы қоламтада залым күшік,
Жатады от пен орап бәрін құшып.
Қорғалап көз жасымды кірпігіммен,
Көрсетпей жылап келем жалын құсып.

Өрті бар өзегімде сан ғасырдың,
Жан бабам жанған оттың жалғасымын.
Жұлдыздар ағып өткен қара түннің,
Қанды жол, қақпанды бел арнасымын.

Аспаннан жұлдыз болып түстім налып,
Қалжырап, қанатымды ұштым қағып.
Қойларда өз тілінде маңырап жүр,
Бұл неткен бір ұмытшақ міскін халық?!

¹ Гүл жемір – құрттың атауы.

Бір күні,
Бір күн бар ма!?! Сүрінесің!
(Хан талапай береді кім үлесін.)
Есесін ел-жұртыңның алып беріп
Сен қашан ақ білекті түрінесің!?

Не таптың шыңғырғанда, жаныққанда!?
Мұз жүрек тағдырыңнан талыққанда.
Қарыққанда көзіңнен жас шығады,
Тарыққанда жөн сілтер бағыт барма!?

Алақанмен ақырын тұншықтырып,
Балапан ең ойнады ұршық қылып.
Ала таңмен қол создың жарық күнге
Жанарыңа жатасың бір шық тұнып.

Өз ұлдарың өзіңді жаныштады,
Өгейсінді, жатсынды, алыстады.
Төзім бағын аралап жол қарайсың
Тастап кеткен жан сынды таныстары.

Мойыныңа ілдіріп қара шәлі,
Қара бұлттар күңкілдеп тарасады.
Тұмса туған түйенің ботасындай
Уызыңнан ұл мен қыз адасады.

Жарымаған уызға, бал ішпеген,
Бастан ноқта, ділі жат таныс көген.
Көген-желке көп құлды босатпайды
Құл тектінің барлығы алыс менен.

Көп желкені кемірген көген жегі,
Жетім қозы жел құрсақ көгендегі.
Маңыраса көзінің отын алып,
Қабырғасын қасқаның сөгем деді.

Сол-сол екен сорына көмілді де,
Үндемейді бейшара өмір міне.

Өз дауысын ақыры қалды ұмытып,
Жанарынан жас парлап төгілді де.

Содан бері тілім жат, түрім мендік,
Қандай жаман әркім боп жүгіргендік.
Қорлық-ай бет-бейнеңе айнадағы,
Өзгенің көзіменен үңілгендік.

Өз-өзін өзеурейді кемсінеді,
Сол аспан, болсадағы жер тірегі.
Жалауы бар,
Жаңаша ел десек те,
Жазылмайтын жандағы дертім еді.

Кінәлі кім!?. Кінәлі дәуір дейді.
Кешегіден сәл бүгін тәуір дейді.
Теке мүйіз қалалар, ешкі сақал,
Мекіреніп болған соң шәуілдейді.

Үріп жаққан заман-ай мықтыларға,
Көк сауысқан секемшіл, сұқты қарға.
Аю-ағам үстіме мініп жатыр –
Аш бүйірден Айдаһар ысқырар ма?!

Жер бауырлап жақындап жылыстады,
Деп жүрген кім делбеңдеп тыныш бәрі.
Қол салғалы көп болды,
Жол салғалы –
Жер жүзінің айыр тіл зымыстаны.

Өкпеліктен сығып жүр баяу ғана.
(...Енді бізді қалыпты аяу ғана.)
Күні құрсын әлсіздің жолға шыққан –
Атты менен секілді жаяу бала.

Жапатайым жалпылдап еріп келем,
Жарғақ тонды жастанса беріп келем.

Қойыныңа жылан боп түнейді екен,
Қолдан кетіп қалған соң ерік деген.

Қайда, әлгі, бостандық ерігіміз?!
Бастаңғы жоқ, басылды желігіміз.
Көрінген –
Көкәттыға сәлем еткен:
Түгел жұрт төрт құбыланың келініміз!

Ойнап жүр етегімді ермек қылып,
Кетіп жүр езу тартып кермек күліп.
Қолқама қолын салып суырады –
Жаһанда жалғыз досым «СЕН!» – деп тұрып.

Тіл қайда тілерсегі мың қиылған,
Шыңғырып шырқырайды бір қиырдан.
Қара түн күрсінеді қабырғам боп,
Көзіне ай қонақтап, жыр құйылған.

Естіліп қарындастың қамыққаны,
Өргеніп өлең жаздым жанып тағы.
Барады құқыл тартып, құнсыз әлем,
Жүзіндей өлген жанның табыттағы.

Оқытып жаназамен, дұғалығын.
Батты, әне, басын ұстап бұла күнім.
Некесін Бақ пен Сордың өзім кестім
Қалдырып болашаққа « Құдалығын!..»

Алыстап бірі жақын, бірі менен,
Заманның жан бүлінді кіріменен.
Ұлтымның ақ бесігін іңгалаған
Анамның тербетіп бер тіліменен.

Анашым, анам қайда, ақ киелім!
Ағытқан аппақ күйдің нақ тиегін.
Сорлы күй содан бері тартылмапты
Маған бер, домбырамның тап, тиегін?!

Анашым, ана-тілім, ақ қаймағым!
Әкеліп қазығыңа бақ байладым.
Тұлпар ем!..Тұсауымды шешпей шауып,
Тігіп жүр тас төбеке жат байрағын!

Тірліктің қазығында қанжыладым,
Ар – құндақ, иман – туыс жалғыз әнім.
Өлейін тұяқ серпіп, жылап шертіп,
Бұрашы домбырамның ал құлағын.

Анашым, ана тілім, ақ мамығым,
Қарады қалт еткеннен жатқа күнің.
Мұнар мен мұңнан қоғам құрып алдық,
Жарасы жанды жеген, сананы мұң.

Тұрама сенсіз дәурен бір күнгіге,
Кесілген кеңірдектен тілмін, міне!
Анашым сені іздеп сергелден боп
Қазақтың арасында жүрмін, міне!

Адасқан ақ ылақтай енесінен,
Көңілім көп сөгілді көбесінен.
Жетімнің естілеме зар дауысы
Өр Алтай, Шыңғыстаудың¹ төбесінен.

Туыпты ай қоралап, білезіктеп,
Жұлдыздар түннің тілін жүр ежіктеп.
Шым-боздақ түн қолтығын түрткілейді,
Қызығы тарқамаған қыр едік деп.

Жоғалтып қыр қылығын, түн бұрымын,
Сары су сарнатады ұл жілігін.
Жіліктен жігіт азып, біліктен қыз,
Баяндап балбал тастар тұр ғұмырын.

¹ Өр Алтай, Шыңғыстау – ежелгі ерен-байтақ ұлттық мәдениетіміздің алтын тұғыр, жан-құбыла Темірқазығы.

Айтады арда күнің, ертегісін,
Адамның азынатып өртеп ішін.
Анашым, ана-тілім еміз мені,
Жанымда қатып қалған дерт ерісін.

Ақ жаулық анам берді бар талапты,
Жанымен жанған оттан қалқалапты.
Ойнақтап етегіңнен қайта түлеп,
Шабайын шаң қаптырып шартарапты.

Шұрқырап кісінейін, кекілденіп,
Қаптаған қара желдің өтін керіп.
Менікі байтақ дала, қалың қазақ,
Қашанғы күн кешемін жетімденіп.

Бал тілім, баба тілім, ана-тілім,
Жан сарай, жан ұшқыным, жанашырым.
Сен жыласаң..,
Мен өксіп күн кешермін,
Тілдесермін, қайғыңмен қарашығым!

Шүкірана – тәубашыл, қанағатпын!
Көк жиектен көрінді жағалап күн.
Ай тұяқ-арғымақ түн, жұлдыз төбел,
Төбемнен қайда ауып бара жатсың?!

Түн мен күн ауысады қақпақылдап,
Тіктіріп көлге көрпе, баққа сырмақ.
Ну тоғай, түмен торғай сәншіл көктем,
Ән айтып беріп жатыр Хакқа шырлап.

Бәріде өз тілінде базарымен,
Бақ қонған, Тәңір тілек ажарымен.
Ішінде он сегіз мың ғалам-шайыр:
Жан құрсау, көңіл күрмеу жаралы, – Мен!

Көмейде күміс сыңғыр тіл-бөбешік,
Жатыр сол көмейіңмен кім кеңесіп!?

Барады қара қарын, дөкір маңдай,
Жат пенен жарнақтасып, іргелесіп.

Жел-көмей, жеркүп-қарын, сұм-жырынды,
Ұлт азып сонау жылы ұл бүлінді.
Ісің ірмек, сөзіңнің тұздығы жоқ,
Қу шеке жасырғанмен құлдығыңды.

Жатырмыз мұңнан налып, жырдан қалып.
От-галау ойымыз бар тынған жанып.
Әркімге жалтақ болған ырғал мойын,
Әрнеден шошынады жылмаң қағып.

Жаһанның бедеу бөксе, күйлеп кеші,
Көп жатты көкаттының илеп төсі.
Ит екеш – Итте үрмек өз тілінде,
Біздің Тіл –Дау мен Жаудың сүйретпесі.

Ар өлер алғаулықтан күйіктеніп,
Білместі білдірмекпіз жиып келіп.
Жат келіп мазақ қылып, қазақ құрып,
Мақтайды ару-тілді сүйіп көріп.

Сен қашан сертке тұрып сөз аласың,
Білесің жау ниетін, көз аласын!
Өз ұлдарын оятпақ аңқау Халық!
Өзгелерге мақтатып өз анасын.

Жау жымысқы: «Бауырым!» – деп келгенмен.
(Қайта ұрып талдырар тепкен жерден.)
Құлдың ісін қожайын құптамайды
Аз ғана күн алдайды жек көргеннен.

Құлмыз ба!?! Жілік майы ағармаған!
Бой түзеп тоты құстай таранбаған!
Сұраймыз сүйрегеннен арқан-ақы,
Қадалып қарақойдай табандаған.

Өлседе қорлатпайды қасқыр басын,
Сүйек те итке тиер лақтырғасын.
Пышаққа қой түседі елден бұрын,
Қор тұтып өзін-өзі жатсынғасын.

Бағзыдан бақ пен дәурен қырын кетіп,
Сырлы аяқ сызаттандың сырың кетіп.
Шешіп көр шідерімді,
Ноқтамды алып,
Қосайын көк пен жерді дүбірлетіп.

АЛҒЫС АЙТАМЫН!

Барлық шығармашылық жұмыстарыма (Үш томдық кітабымды дайындау үстіндемін) жанашырлықпен қарап, жарыққа шығуына көмектесіп жүрген жергілікті кәсіпкерлерге, азаматтарға, кейбір жекелеген билік иелеріне ризашылық білдіремін! Ал, қолдарыңыздағы «Алтынзер» атты жыр-жиснақтың баспадан шығуына демеушілік көрсеткен, ұйымдастырған – өлкеміздің белгілі азаматы, өнер мен мәдениеттің көшбасында ұзақ жылдар басшылық қызметте болған, қоғам қайраткері Нұрғияз Мұқанов ағамыз!

Қадірлі, Нұрғияз аға! Қай кезде де ағалық қамқорлығыңыз бен келелі кеңесіңіз дайын азаматсыз! Сізге, өлең патшалығының атынан алғыс айтқым келеді! Деніңіз сау, аман жүріңіз! «Алтынзер» жыр-жиснағы аз ғана тиражбен шығып отыр. Бұл, менің өз қалауым. Қажетіне қарай, көбейтіп шығаруға қашан да мүмкіндік бар.

Автор

МАЗМҰНЫ

Алтынзер	4
Ақ киіз, алтын тақтан-ды	—
Енді жар бол, бір Аллам!	5
Хақ берді	6
«Өленсіз тірлік болар ма!?»	7
«Аранға түспей жүрмісің»	—
Жүректі жұлып бергенбіз	8
Ұлытау	—
Белгі бер	9
Аңдатпа	10
«Танауынды қуырған»	—
«Көгенді жырды көп шештім»	11
«Жетімді көрсе жемдейді»	—
«Көңілі пәсік езі кімнің»	12
Күміс те бедер жыр еді	—
«Ақкөз құм шідер шешіп бұрқанады»	13
Қасқажол	14
Түн басты	—
«Түйе жүн шекпен екен жамылғаны»	15
Қорқыныштан шулап тұр	16
«Қалы да басқұр...»	—
Алма ағашы	17
«Маңғыстау-шалқыған жыр»	—
Қағидалы кара шал	18
«Алтын-ды сарай...»	—
«Желтоқсан боп...»	19
Әкемнің сөзі	—
Анамның үні	20
«Ұл өсірді, қыз өсірді...»	21
«Ақ самалым, ағып өткен...»	—
Ай мен көл	22
«Шыңыраудан шыңғырды»	23
«Елгезегім, елігім-ау...»	24
«Сол ауылда баба тірлік...»	—
Қара бие	25
«Қанағатсыз ынды көрдім...»	26
«Жеп біткен-ді жүйке менен...»	—
«Алтын әдіп, қызыл барқыт...»	—
Адамзаттың ақыры	27
«Біздің жанның босағасы...»	—
«Аққу кетті...»	28
«Күй шанақтың бөбешігі...»	—

Киелі түс	29
«Күндерді кара, күндерді»	30
«Гүл берейін, атқан таңға...»	–
«Ерді көрдім»	31
«Ақ сәулесі ай көзінен...»	–
«Осы күшік оқсатады...»	–
«Арғымақтың шабысын-ай...»	32
«Сөйледің аға, сөз бердік»	33
«Оранып ап көк бүлдірген...»	34
Арқа жақта апта жаттық	–
«Кер үлек»	35
Ақындардан көретін болды енді	36
Ұл үшін	–
«Жыр тамып тұр сенің...»	37
«Сағы сынған сөз көрдің бе...»	–
«Сенің үнің күміс сынды...»	38
«Дәл осылай өте бергін...»	–
Казанғаптың күйі – «Кұс қайтару»	39
«Білесіз бе қыдыр баққан...»	40
«Қозы құйрық қоңыр төбе...»	41
«Ат-көлігің аман екен...»	–
Үш ырыс	42
«Қалы кілем қара нарға...»	43
«Жалғыз ердің аты шықпас...»	–
Қоғам және өнер	44
«Сен өзіңнің жүрегіңді...»	45
Иман күзет болмаса	46
Алтықұлаш	47
«Жүрек – гүлім»	48
«Адамзаттың санасында...»	–
Үш мұзғалдақ	49
Қаракөз жыр	–
Ажалмен аңдысқандар	50
Ұмытты ұлты	51
Ақырдан жеткен бір үн бар	52
Аспанға сауған ғұмыр сүт	–
Атасы мұның алтын дүр	53
Ел ауғанда	–
Жолым үй	54
«Отпан тауым есіңе алып...»	55
Ұлы жоқтау	56
«Кұйын шауып барады...»	–
«Ен Түлей, Есен-қазақ...»	57
«Жұтынтып жұлдыз шамын...»	–

«Қайнаған тірлік...»	58
«Қырғидың кату қабағы»	–
«Қардың басын бұрыннан да...»	59
«Сенің жаның, ақ ниетің...»	–
Алаш	60
Ақ келіншек және қаз жүрісті қарт	61
Сырт көз	62
«Ақ қанат жырым...»	63
«Кінәліні іздеушіміз...»	–
«Ақтылы қойдай төбешік»	64
Бізге біткен боз жусан	65
«Бодан болдым, сен айырдың...»	–
Ескі қазық	66
«Ғапыл көрдім айтарының...»	67
Қазан қаласын көргенде	–
Кәрі құрлықтың мұнарасы	68
Мың алғыс дәм-тұзына	–
Ии мен кие	70
Тамшылы	–
Қолыңа кара!	71
Адаммын дейсің	–
««Елміз» дедің...»	72
«Жетектей бер...»	73
«Қара шалдың бір қайғысы»	–
Дұрысын біл	74
Кім екен!?!	75
Уақыт пен бақыт кімдікі!?!	–
Қансонардың қаңтары	76
Ер Гөкленді аңсадың	77
Оған қолы жетпеді	78
Піл мен тебентұмсық	79
«Ұяң сәуле – ұяң жүндей...»	81
«Желбегей қыр күміс түйме...»	–
«Қарабарқын сорға біткен бұтадай»	82
«Шая болды, ежегейлеп...»	–
«Шырша торғай жаңғақ көрсе...»	83
«Ұзақ сапар ереуіл ат ентіккен»	–
Қасқырдың соры	84
«Өмір сол өткен күнді...»	85
«Қайда анау қазақы жыр...»	86
«Өңіржиек өзге қыр...»	–
«Құнан қымыз сапырған...»	87
«Қызарып батар күннің...»	88
«Шығыршық сырға салдырған...»	–

«Сен енді, бұл қазаққа қара да тұр...»	89
«Бұлтты емген қошақаным»	—
«Жақын жанға, бауыр көңіл...»	90
«Саз келеді, сағыныш боп»	—
«Алақаны анашым боп үлгілдеп...»	91
Бірін де көрмей осының... ..	—
«Тал мүсінін жасырғансып...»	92
Жыр-тұлпар	93
«Ұстаттым қылыш ұстадан...»	94
«Қазбауыр бұлт боз төбеге...»	95
«Таң нөсерлеп ақ сәулесін ақтарды»	—
«Мұражайда мұралар тұр...»	96
Алтын ұям	96
«Жол ақысы жүрген екен...»	98
«Ескі керек білу үшін жаңаны»	—
Қайда жүрсең	99
«Екі әйелдің әңгімесі тым...»	100
«Шеменін шермен қозғап нар...»	—
«Қайран менің есіл елім...»	101
«Ақша қардай аппақ жырды...»	—
«Ақ төсін шағыл...»	102
«Тау мен тасқа қазекеміз...»	—
«Қара шекпен жамылып ап...»	103
«Шаранасы шырылдаған...»	104
«Жабағысын тастамаған...»	—
«Сен басқаның етегіне...»	105
«Көңіліңнен көктем көрдім...»	—
«Жерде қазақ Шыңғыс ханға таласты»	—
«Сенің көзің маған айтып тұр...»	106
Қос қабырғам бірге сынып кетердей	107
«Ақ шағылға, аппақ сағым...»	108
«Тастап келген киіксіңіз қай белді»	—
«Аққу іздеп «аһ» ұрады сыңарын»	109
«Періште емес пендеңізде...»	110
Жазасын жаман алар тірісінде	—
«Бауырмын оттай қызынған»	111
Өз төрінді қадірле	112
«Кеудені кербез жыр қысып»	—
«Түн бесіктеп...»	113
«Айтылмасын өкпе-сын»	—
«Жапырақ жасыл, күн...»	114
«Қауызын жарып тірліктің»	—
Тығыларда тау түседі есіне	115
Менің елім – мендік ойдың асылы	—

Кірпігі оның боз қырау	116
Заманы бұлтаң, Заңы жат	117
Заманыңа тік қара	118
«Ай көрінбес, күн көрінбес...»	—
«Таныс көше, тар көшелер...»	119
«Өмір сенің қойыңыңда...»	—
«Мың жыл өтер, сосын тағы...»	120
«Тау екенсің, биік екен...»	—
«Әлем сенің жүзің неткен...»	121
«Ой-хой, шіркін...»	—
Достар	122
Елеусіз ұлда арман көп... ..	123
«Нұрлы кітап, жырлы кітап...»	—
Құрманғазы	124
Құйылмақ солай көзге құм	126
Жолаушының ойы	127
«Жастар қайда!?!»	128
Гүл қураса	129
Іздерсіңдер	130
Жыр білер сенің жайыңды	—
«Сонау бір жылғы...»	131
Мен түсіндім	—
Теңіз көшіп барады	132
Тойлы түннің сүргіні	133
Ер ғұмыры	134
Айғырдың ажалы	135
«Жәудіреп отыр...»	—
Жолаушыға қырын қарап	136
«Қаройдың сайы...»	—
Бірліктің бұлағы	137
Еске алып жатыр... ..	138
Екі парақ, бір қалам	139
«Жәутендеп жамағаттың...»	—
Ұл болса... ..	140
Жел жорық	—
Бүлгін	141
«Ақ сойыл болған жол екен...»	—
«Тобылғы күрен торы ат тұр...»	142
«Қағанатсыз қаған бұл»	143
«Күз жасырып сарғаяды»	—
«Құлан қашса...»	144
Көгершін көктің құрбаны	—
«Жол жаңылып, табан естен...»	145
«Алладан сұрап жыр жаздық»	—

«Көл түбіне ай жатты»	146
«Қошақанын қоңыр тоқты жалады»	147
Еңселі Отан – еркін күн	148
Көрші қария	149
«Бір шамы сөнді міне...»	–
Әз жаным – әсем гүл бақша	150
Бәрі таныс	151
Қазақпын ғой	–
«Сұлу екен»	154
«Шалқыдың, шарықтадың...»	–
Күн	155
«Қалдың ба қоғалы көл...»	–
Ақыннан ақыл сұрама	156
Бабамды көрген теңіз дүр	–
Қалам	157
«Ақ сәуле күннен...»	158
«Қақ жарылған қақпа көрдім...»	159
Ұйқысыз таң	–
«Рақым қыл жан Алла...»	160
«Жарасынан қан бүркіп»	–
Көз жасыңыз қалды ма!?	161
«Өз елесің өз санаңды...»	162
«Қайда барсаң ер көңілі...»	–
«Ыпыны кеткен жұрттанмын»	163
«Тұрмыстың қамын»	–
«Саудыраған сақал-мұртын...»	164
Сүрінбе	165
Күн кешсін ерлер бітіммен	166
«Өлеңнен қашқын сақтан да»	167
«Толмайды көңіл...»	168
Отымның уыз анасы	169
Сауран мен Самның арасы	–
«Қажет пе сөздің балдайы»	170
Білгенге айттық көп баян	171
«Сәлем айт, сән түзеген...»	173
«Іріксе тәңір бармассың»	–
«Біреудің біреу білмес...»	174
«А, шіркін, жалған...»	–
«Табанның еті күлбіреп»	175
Арандағы заман	–
Құс базарындағы ой	176
Бабадан қалған жалғаншы	–
Қандасым...	177
«Маужыраған күзгі талдың...»	–

Көрсет маған Нарқоспақтың баласын	178
Бір көрініс	181
Неге керек тілін ұғып ғаламның	182
«Көзіңнен көктем бүр жарған»	183
Біткені ме осыменен ер ісі	184
«Билік айту несін алған...»	185
«Кеуде қуыс, шығар-шықпас...»	–
Жалғыз ауыз сөз	–
Ұмытты олар...	186
«Шаншылып көк найзағай...»	187
«Ер көңілі езіркеу»	–
Сәулелі Шығыс	188
Білмейтін жалғыз біз ғана	189
«Мамыр мен келді маусымы...»	–
Есірдің күйі – «Ақжарма»	190
«Жайнаған жарық күннің...»	191
Көш тізгінін ұл алды	192
Майлыбай ағаға	–
Ер Хафиздің ермегіміз	193
Алтай тауына барғанда	–
Кім қатарға алады!?..	195
Неге керек өлең сөздің күйігі	196
«Көп қиындық тартып жүрсің...»	197
Дұшпан дайын...	–
Білерсің қалқам сол күні	198
«Не болып кеткен...»	199
Тұлпарлар ұмыт, тұғыр шат	–
«Сүйіншілеп таңның алтын нұрлысын»	200
«Сағыныштың көзін...»	201
Ту көтеріп келеміз	–
Үмітсіз қылма	–
«Қадірінді ел білмеген...»	202
«Кімдер шындық, кімдер өлі...»	–
Пышақ алды тоқтыдай	203
Бір жұмбақ	–
«Шұбалаң күйрық...»	–
«Адам да аңыз...»	204
«Гүл бақшаның жұпарындай...»	–
«Гүлдер жатыр бал арасын...»	205
«Ер жүрген жерде...»	–
«Жан ақысын...»	206
«Туыстығын бұлдаған»	–
«Еркесің көңіл...»	207
«Береке-ырыс...»	208

«Қайда барсаң қаңку тірлік...»	—
Ер Шабай	209
«Пайдасы не»	—
Қос үрейдің қаңбағы	210
«Дамылдап дауылдан соң...»	211
«Күйікті жан көзін сығар...»	—
«Бас мұңымыз өлең болды...»	213
Дәруіштей көз ілген	—
«Қар жамылған гүл екенсің...»	214
«Уәделі сөзін бақ қылар»	—
«Көш келді ме!?»	215
Нияз Тобышқа	—
«Арымен сөйлеп...»	216
«Болар енді өлең жаздым...»	217
Иманды көңіл – атқан таң	—
Өлшеулі өмір	218
«Жанып түсті көктен ғайып...»	219
Кеш	220
Сүлік түннің суреті	221
Халқыңды сүй, құлыншақ!	—
Қаныш	223
Ақ төр	225
«Сен тұрған жер күннің...»	226
«Шөггермесін киіп алған...»	—
«Көк аспанның айтары бар...»	227
«Ақылдырақ болшы дейсің»	—
«Не табасың ақ парақтан...»	228
«Есігімнен қыдыр қарап...»	—
Құлын мен құла бие	229
«Ұл өсірдік, қыз ұзаттық...»	—
«Қоңыр үн, қоңыр кобыз...»	230
«Қабағында мұз жатты...»	—
Арам ниет айрмасын құрлықты	231
«Орман өлді өрт ішінде...»	232
Көлеңкенің көрден суық пиғылы	—
«Ұл туған екен...»	234
«Тамыры шіріп тал құлап»	—
«Ақ қанатым, ақ періштем...»	235
«Шағаласы қаркылдап»	—
«Жүрегіңе сыбырласа періште»	236
«Кеше солай, бүгін, міне...»	237
Болашақтың есесінен тойлама	—
«Бурыл шашым самайымнан...»	—
«Әй, кара жер, теңселдің бе...»	238

«Сүт бетіне қаймақ бітті»	—
«Көк найзағай – дойыр қамшы...»	239
«Түн серісі едік біздер...»	240
«Қырау қатқан тереземнің»	—
«Біздің мекен құла түзде...»	241
«Жерге сап бал жанарын...»	—
«Киік көрдім кірпігінде...»	242
«Аққулар қайда кетті...»	—
«Өз елімді қызғанды да...»	—
«Көз аласын көңілінен...»	243
«Жел бастанған ырық бермес...»	—
Сократ	244
«Сен күлесің...»	245
«Еркем менің күлгенің-ай...»	—
«Жүрегіне көп қорқыныш...»	246
«Аман атты»	—
«Мен жыр-жұмақ...»	247
Шекшек ата	—
«Тегене құйрық ақтылы қойдың»	248
Өз даланың жұпары	249
«Кежегесі кертіп қойған...»	250
«Кәрі де түйе...»	—
«Атаның жолы ақ мұра»	251
«Дәм ауыз тидік...»	—
«Көрікті еді бұл...»	252
Күс-күс алақан	253
Арды қорғап, ажал іздеп барғандар	254
«Тауды көрсең...»	255
Сәлем беру	256
«Көзін тіктеп, сосын қайта...»	—
«Шал-шауқанның әңгімесі...»	257
Жетер деп...	—
Шаруа	258
Төс пен балға	—
Босаға – бақ, есік – құт	260
«Сахарара мұндық бар»	—
«Қандай жақсы талаптыға...»	261
«Кемерін қара кетілген»	—
«Еңку де еңку төбе қыр»	—
«Мертілді тұлпар шабыстан»	262
«Жүйрікті Тәңіріміз жылатпасын»	263
Періштенің тілегі	—
«Алдымнан күлім қағып...»	264
«Ұйқышыл көңіл қалғып жүр»	—

«Қосынды сайлап қол бастап»	265
«Тобылғы торы төбел күн»	—
«Айдарын тарап жел ескен»	266
«Бірлікті ойлап дұға қылса...»	—
«Не тілемес жамандардың...»	—
«Сайратса деймін тіл беріп»	267
«Ай қайда мына түннің...»	—
Алғаусыз сүйдік Отанды	268
Еселеп маған нұр құйды	—
«Көк үйрек ұшты...»	269
Тойлы ауыл	—
«Бір жүрген пәкті қолда...»	270
«Жүрегінді сазбен тербеп...»	—
«Жер сырына жел жеңешем...»	271
«Менің жұртым»	—
«Ақ қағазға өлең қонды...»	272
«Қарлығаш бауыр ақ тілек»	273
«Жүректің тіліп таңдайын»	—
«Сары да жібек салқам қыр»	—
«Бейбіт күн деген балапан»	274
«Сыңғырайды өз жанымның...»	—
«Жүрегімнің кара бұлау...»	275
«Жаз өтті деп жаны қалмай...»	—
«Көрген түстей көңілімнің...»	276
«Саған тілеп сәттіліктің сапарын»	—
Бір сәттік қынжылыс	277
Іздегім келмей тұрғаным	278
«Сіміріп айдың сәулесін»	—
Ақ киіз	—
«Көзіңнің мөлдір қарасын»	279
«Момақан ғана мойыл-ды»	—
Қазекене	280
Даналық	—
Жағымпазға өмір жоқ	283
«Мен болып сүйсін...»	—
«Болады күйші деп күліп...»	284
«Ел керек бізге»	—
Кетуім сол азап бір	285
«Есалаң күз жапырағын...»	—
«Дарияның өткел бермес...»	286
«Жауыр болды жаным аға...»	287
«Құлайсың қанатыңды...»	—
«Іңгәлап жылағаны...»	288
«Сенің жерің – сенің атаң, анаңмен»	—

«Көктемің қайда көздегі»	—
Сөнген шам	289
«Бозторғай не деп отыр...»	—
«Елінді сүйдің...»	290
«Уақыт өлді көз алдымда қадірсіз»	—
Ана мен шыдам	291
Тумалас	292
Шақпақты	—
«Пышақтарын қайрап алған күншілдер»	293
«Ер көңілін жабырқатып, жасытқан»	—
«Жырым менің қорған болды...»	—
Ақ тал	294
Біз болмақ боп	—
«Ертеңімді еліркедім...»	295
«Жебесін өлең сөздің...»	—
Сарғалдақ	296
Сезімнің сауысқаны	297
Бабаңнан қалған жол көрсенц	—
Елесімді тастайын...	298
«Әкенің көзі балада»	299
«Ындын ызғын, ызылдай ма...»	—
Неге жылап бара жатыр?!	300
Қабырғамды қаусатты	—
«Аға көрдім кеттім оған...»	301
Адасу	—
Бауырымен ойлайды	302
Алғыс хат	—
«Бір бозторғай сайрап отыр...»	303
«Кім күтпейді»	304
Табыт көтергендер	305
«Шапағат Пайғамбардан...»	—
«Қамығып қараша ауыл...»	306
«Ақ орда таңдап жатқанбыз»	—
«О, тірлік қандай ғажап...»	307
Шүкірлік қылсаң нең кетті	—
«Жан еді жарық күндей бір»	308
Алданып өлген көп артық	309
«Көктей жұлып алып...»	—
«Жауың жоқ болса...»	310
«Кеудеме қанша сыр құйдым»	311
Доп пен допшы	—
«Қарайды теңіз телмендеп»	312
Мойындама	—
««Елім» деп бәрі емпілдер»	313

«Аймалап таңды...»	—
Ай салып берсін сырғасын	314
«Өмірді жатыр күзеп күн»	315
«Ай ару күледі...»	—
Дәурен-ай	316
Сәулелі жанға басты қос	317
«Жанымның жарқын алауы»	—
«Қыран қайда сары балақ...»	318
«Дала да бар, мына бізде қала бар»	—
«Кенезесі кепкен жерден...»	319
«Өкшелесіп аға ғұмыр...»	—
«Гүл болып жырым...»	320
«Көктем келді бақ құрсап»	—
«Сардар қайың көл жағалай...»	321
«Қайран көңіл қоштасарда...»	—
«Көктем деген»	322
Зая дүр	—
«Омпы түсіп ойран болған...»	323
Көштің сәні	324
«Бабыр керуен»	325
Қансонар тірлік	326
«Немере сүйдім сүйіне»	327
Жиендеріме	—
Алаш	328
Нартай	—
Енді, әрине, қазақпыз!	330
«Сен осынша...»	—
«Ақыл сұра көпті көріп жүргеннен»	331
«Хан жылайды...»	—
«Дауылпазын даңғыратып...»	—
«Өмір сүрдім...»	332
«Ел сінгесін санаға»	—
«Шөлдедім саған...»	333
«Көпті жұтқан бұл...»	—
«Алтын-ды дәндей»	334
«Тұңғыыққа кірпік қадап...»	—
«Кім береді өткен күнді...»	335
«Бір жақсылық күтіп...»	—
«Көшіп жүрміз»	336
«Әлсіздерге атқан жоқ-ты...»	337
Жарасым	338
Жалғыз жампоз	—
«Алғау қоғам»	339
Сексеуіл тектес ұлт едік	—

Жаудың малы секілді	340
«Мамығын бұрқыратып...»	341
Көбелектер шам түбінен тарайды	342
Ұлынды көрсет	343
«Өлеңім үлбіреген...»	343
«Қара дүрсін»	344
«Не бітірдік!?! Ұят қысты...»	—
«Көкектердің көмейінде...»	345
«Күннің іздеп бұр жарады...»	—
«Жасап алдың шоктан...»	346
«Өлең іздер»	—
«Өте арзан өргеу пенде...»	347
«Ару елдің деп ем шашын...»	348
«Дәл осылай талай акын...»	—
Қақпа менің қолымды	—
Соттаймын	349
«Тау жамылды қара бұлтты қалқалап»	—
«Алда мені, тағы аз...»	350
«Есенбісің ерке бұлақ...»	—
«Қай халықтың Құдай сүйсе...»	—
Қанжар дайын дұшпанға	351
«Аттанайын өлең менен...»	352
«Дидарымнан самал өпті...»	—
Іздер	353
Ойнап жүр...	—
«Жан Алласын жаным тапсын...»	354
Киіктер	355
Біздің құстар	—
Қонақпыз	356
«Қарғам-ау неге жыладың»	357
Тау болу деген	358
«Ауыл қайда ақ көңілі нұрланған»	—
«Шағыл кешіп бара жатыр...»	359
Өлесің ғой балапаны қасқаның	—
«Жасыл құрақ жамылып ап...»	361
Жүрекпен санасыңдар	—
«Ұша ғой көкке...»	363
«Қарайсың қалқам...»	364
«Тұншығып жүріп жырладың»	—
«Қартайды қалың ормандар»	—
«Қарағай, қайың...»	365
«Дүркіреп көшті...»	—
«Бір менсіз өмір...»	366
«Әлди де – әлди...»	—

Асалы мен Көкөтай	367
«Көктем кетті көңлімде...»	377
«Жасыл жібек жамылған ба...»	—
Жыр отауға қоныспын	—
«Күлдан да өтер...»	378
«Келіп тұр көктем...»	—
Айды ұмытып кеткендей	379
Ақ шашу – менің ақ жырым	380
«Көп күлістім...»	381
«Қатқак мұз жүрісімнен...»	—
Қырық қақпа	382
Көрші қыз	383
Ер күліп солай сырласты	—
Сая таппай	384
«Гүлдер қайда қолын жайып...»	385
Абылдың күйі – «Абыл»	—
Жыл емес, біз ғой өзгерген	410
Жаңаөзеннің жаңғырығы	411
Аруана тектес адалдық	412
Шағадам мен жаңғақты	413
«Жыр шашуым оқырманға...»	414
Балқарағай	415
«Мылтығым жоқ...»	—
«Желісінен құлын кетпей...»	416
«Өмір өтті жанға салып...»	417
«Жолаушының жолы болсын...»	418
«Осы менің жыр тағдырым...»	419
«Алма ағашы гүлдеп-ақ тұр...»	420
«Гүлзар халық»	421
«Жан қалқаның жаны қалмай...»	—
Қонақ болдық	422
«Әр әкенің өзіне сай...»	423
«Көз түсті қара сан мен...»	—
«Кұласаң нардан құла...»	424
Бағасын білмей уақыттың	—
«Қара жер жатыр...»	425
Қараша айы	426
«Көзінде көптің тұр...»	—
«Сен келдің де ауыл іші...»	427
Сарғайған Сарайшық	—
Бақытты құлдар	431
Ер өлген жерде сайғақ бар	432
Қандастарға	437
Өзіңнен шықсын жақсылар	438

Гүл мен қыз	439
Қырымнан ұшқан қызғыш құс	440
Жалғыз мола	441
Маңдайына дөп тиді	442
«Жолаушының періштесі қасында»	444
Желі тарттым Сарымнан	445
Күштінің аузы қисық, сөзі дұрыс	—
«Қар жамыла қалған екен...»	446
«Жанарыңнан жан сырынды...»	—
Сен, қоштастың ба?!	447
Жарқын болашақ және жан тазалығы	448
Күнінде ару еді... ..	451
«Бәрі өсек оңға қара...»	—
Айдар ишан	452
Тас жүрек	—
Жат қолында жанымның бөлшегі жүр	453
«Сайран бел»	454
«Шахзада шахтың ұлы...»	—
Мұңсыз күннің сәулесі	455
Жанған отқа құмарсын	—
«Қу жалғанның бар тәттісі...»	456
«Сасыққурай ол да қурай»	—
Ойлағанға ойран-ды	457
«Өмірді сүй»	458
«Мезгілімен, салтанатты сәнімен»	—
«Өмірді сүй»	459
Сары алтындай салмақтадым	—
Ала қап пен қара бақ	460
Үмітке үрдің қызын телігендей	461
Жылдағы жаңалық	462
«Елді іздесең, ерді іздесең...»	—
«Сәлем саған, атқан таңның...»	463
«Сүйген жанда жазық бар ма...»	—
«Кебеже қарын кең қыр-ды»	464
Несі бар мақтанатын	465
Бауыры қатты дүние	—
Енді қалай оңасың?!	466
Қамшы берді	467
Төрт түлік	—
Бейбіт күннің бесігі	468
«Тау гүлдеп, талшын бүрлеп...»	—
«Еншісі жәутеңдеген елік...»	469
Қыраулы қыс және қала	—
Шідерлі мен байлаулы	470

Ұлы баба және ұл тілегі	471
Иманнан болсын ырзығың!	473
Сақтану мен мақтану	474
Күйелі ғасыр – күйікті жорық	475
Көк серке	477
Өзін іздеп ғайыптан	478
Өткенге барамыз	–
Егіз шумақ, бір тілек	479
Өңкей шырын, бал едік	482
Бәдік бағбан	484
Қиянатсыз бір күн жоқ	–
Заманның жүзі салқын-ды	485
Жастың сағын сындырма	–
Үнсіз майдан	487
«Мінедің ғой...»	–
Құдай сүйіп жаратқан	488
Кенже жүрек	–
Жұмақтың самалындай	489
Оттың шалықтауы	–
Жоқтық туыс тажалмен	490
Көңілдің гүлсіз бағы	–
«Көңілім үйде шідер, түзде...»	491
«Шерқала деген...»	–
«Ол байғұсқа не демекпіз...»	492
«Тірі жүріп өлудің азабынан...»	–
Күйінің басы Науайы	493
«Біле тұрып, көре тұрып...»	–
«Өрг ішіне талай Мен де...»	494
Олла, шын!	–
«Кел, жылап ал»	495
«Бәрін-бәрін»	–
Біз жолаушы	496
Сырлы суат көңілім	–
«Әр жұлдызда бір-бір тамшы...»	498
«Мынау бейне таныс бейне...»	–
Ай іздеді	–
Әлсіздердің таяқ кетпес басынан	499
Ел мен жерге тіл тигізген ессізге	500
«Тұманды қырдың...»	501
Бесік жасап бере сал	–
Бұрыштағы самаурын	502
«Шалыққасын өлең дерттен...»	503
«Осы жанға бақыт берші...»	–
Жол үстінен шетке шық	504

Ақын деген	–
«Адам көрсең аялағын...»	505
Хақ қалауы – тыныштық	506
«Көрмегенсіп күліп...»	–
Үміт – Хақтың шырағы	507
«Жер бетінде соңғы қазақ өлгенше»	508
Жаратқанға жаны ғашық болғанда	–
«Шаршады, Бапаң жырдан...»	510
Не көрдік	–
Желмен келді бір дауыс	511
Әр жусанды сырғалап	512
Қайта сатты бергенді	–
Екі сұрлеу, бір шыбық	513
Әже-төбе, әлди-көк	–
«Жұбатудың қажеті не...»	514
«Күзбін жаным, жапырақпын...»	–
Мұз жаласам басылмас	515
Асығамыз	–
«Мынаусы иман-зарық...»	516
«Іңір келді, шыдасақ...»	–
«Кеудеме жеті қат көк...»	–
Құламайтын биік жоқ	517
«Ат-шапан»	518
Мас көңіл	–
Дүние	519
«Қылыш тілін мұзға жанып...»	–
Еркек тастай езгілеп	520
Сананың еліркеуі	–
Қаралы қасқалдақ	521
Қазаққа біткен бір тағдыр	522
Дейл Карнеги	–
«Қара жер хабарласар...»	523
Бұрауы теріс келіп	–
Күңтізбе	524
Атырау сапары	–
Хақназар хан	525
Тілекшіміз	–
«Сен ішпегін мен ішейін бұл...»	526
«Елесін есте қалдырып»	–
«Халық болдық қамдандық»	527
«Сөз айтқан талай шешен...»	–
«Қоңыр қала»	528
Мұз қала	–
«Билікке келіп алғанша»	–

Иманды құлдың жеңісі	529
Нарында жакта нар қалды	530
Кара өлеңнің киесі	—
Бұл қазақтың кімі бар?!	531
Оқырманға арнау	—
Маңғыстауға шақыру	532
Шабыт	533
Шын бақыттың сәулесі	534
Бір естелік	535
Өлең болсын серігің	536
Қоңыр дәптер	537
Төлсіз қалды	538
Дін-шырақ, дәстүр-бұлақ	—
Аман өрдік	539
«Ертелеу кетіп еді»	—
Аман болсын	540
Әншіл қолат	541
«Жел азынап»	542
Өзіңді-өзің алдама!	543
Бейбіт күн, тыныш таң – бар бақытым	546
Жалбарынып жыладық	—
«Елді тыңда»	548
Баһар-бақтың самалы	549
Көшедегі көрініс	550
«Шаршаның ба»	551
«Қайран уақыт қалай сені...»	—
Арнадық бар ғұмырды	552
Ақ сұңқар	—
Ауылымды қимай қанша аттандым	553
Бір серпіліс жетпеді	554
Дос тілегі	555
Гүлді көрсем	—
Базаршылап барғанда	556
Көршілерміз	—
Батар күннің желіні	557
Ақкетіктен келемін	—
Сүйегі алтын нар керек	558
Сыйладым бар ғұмырды	559
Ділден дұға	560
«Сағынған жан екенсің...»	561
Көкбөрінің апаны	—
Аспанның пірі	565
Мейрамхана мәзірі	566
«Күрең тай кісінейсің...»	567

Түйін тілек	—
Жаздың жамал аптабы	—
Жақсылардан айырма	568
«Құт дарыған мекен еді...»	—
Тапсырар сәт болған күн	569
Көкек пен қырғи	—
Қату қала, қайым жыр	570
Жалғаншыдан жәй ғана бір ұққаным	574
Ұмыт болған бір әнім	—
«Аға ашушаң»	575
Жол баян	576
Оңтайланып тұрады	—
Мүде хан	577
Тазару	589
Хабардар бол	591
Жұртымды сақтайын деп	593
Жүрегің соққан тұстан табылармын	594
Шырылдап бір бозторғай	596
«Көкті қарға, тауды құзғын...»	597
Аранға киік жақсы айдағанға	—
Жыр жазған қазақ өлмейді	599
Жалған дүние	—
«Махаббат жанның...»	600
Де-мо... Ағам-саңырау	601
Ақындардың ауылы	602
Үш бидің шәкірттеріне аманат	604
Алтын көш	606
«Жолдас қылма ақыл-есі жарымды»	608
«Кеңеспейтін бір үкімет...»	609
«Арман кудым, араладым...»	610
Ару көрсең	—
Асау таң мен асау күн!	611
Шарана үміт	612
«Күміс пен күптеп...»	613
Алматы саған не болған?!	614
«Таулар мұнартады...»	616
Алыптың соңғы сөзі	—
Жұлдыздар ағып түскенде	617
Бетегені жастандым	618
Ғаламшар көкжиегіндегі елестер	—
Тіршіліктің мәні мен сәні	623
Он сегіз мың ғалам және ксенофобия дерті	624
Тәуелсіздік толғауы	674
Амал – ұлт бірлігінің ұлы тойы!	676

Адай атаның аманат үні	678
Ер Қосай	680
Қолыңнан келсе қамқор бол	684
Қаратаудан көш бұрылып қарайды	685
Мұнар мұнның жалғасы	—
Қонақ бол, жаным елдесіп	686
Жаңбырлы бұлттай жаным бар	687
Қазақ деген халық бар	689
«Шекер де қандай...»	692
Жылаған қазақ көрген қандай жаман	693
Біздей-ақ болсын бір қазақ	696
Күйші мен күй алыспақ	700
Отпан тауда Адай ата	702
Оралған көш	703
Алқаракөк	706
Заманға зарын қосқан ел	708
Құттықтаймыз!	710
Отпан тауда ұранот	712
Еңсеңді көтер, Қаратау!	716
Аза жыр – ақбота боздау	717
Қалнияз жыраудың көші	720
Боздаған аруанамыз біздер деген	724
Көрісейік, құшақ аш!	729
Айнасы сынған көңілмін	730
3-ға!	745
Менікі байтақ дала, қалың қазақ	746
Алғыс айтамын!	754

«Арыс» баспасының директоры
филология ғылымдарының докторы
Ғарифолла Әнес

Сабыр АДАЙ

АЛТЫНЗЕР

(өлеңдер)

Редакторы **Төлеубек АЛПЫСБАЕВ**
Беттеуші **Ниязбай ОРАЗЫМБЕТОВ**
Суретші **Орынбек АНЕСОВ**

Басуға 20.05.2016 ж. қол қойылды.
Пішімі 84x108 ¹/₃₂. Офсеттік қағаз.
Көлемі 48,5 б.т. Таралымы 2000 дана.

Ардақты Алаш азаматтары!

*Репрессияға ұшыраған Қазақстан зиялыларының
мұрасын зерттейтін «АРЫС» қоры
жиырма төрт жылдан бері жазықсыз жазаланып,
аттары аталмай, көпшілік жадынан өше бастаған
біртуар азаматтарымыздың мұрасын жинап,
еңбектерін жарыққа шығарады;
ескерткіш, мүсіндерін жасап,
музейлерін жабдықтайды;
арыстарымыздың өмірі мен шығармашылығын
насихаттаушыларға жәрдем беріп,
мерейтойларын өткізуге атсалысады;
ардақтыларынан ажырап қалған шаңырақтарға
қайырымдылық көмек көрсетеді.*

*Қор жанындағы «АРЫС» баспасы
Сіздің түрлі мәдени тапсырыстарыңызды
тез әрі сапалы орындап береді*

050009, Алматы қ.
Абай даңғылы, 143
4-қабат.
425-бөлме
тел./факс: 394 38 32,
385 74 67



е/ш.: 001700102
30070492 (валюта)
Алматы қ-сы
Казкоммерцбанк
МФО 190501724
РНН 600400010767

E-mail: arys-kz@mail.ru
anes_gk@mail.ru